



ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

(ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК ЖАЙЫНДА
ЕСТЕЛІКТЕР ЖИНАҒЫ)

ӘОЖ 902/904

КБЖ 63.4

Е 16

Ергөбек Құлбек

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

ISBN 978-601-7059-95-8

Е 16 Ергөбек Құлбек «ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ»: Алматы қ.,
«Алтын Кітап баспасы» ЖШС, 2021 ж. – 376 бет.

ӘОЖ 902/904

КБЖ 63.4

Баспаға Қазақстан Республикасы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының» ғылыми кеңесі ұсынған.

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР:

«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейінің
директоры Тажібаев Е.Б.

Редакция алқасы: Тастанбеков М., Тұяқбаев М., Әшірбекова Н., Байболов Б.

Баспаның бас редакторы: Титенев В.

Шығарушы редактор: Барабанова Т.

Компьютерлік дизайн, макет, кітап беттеуі: Кушнарева П.

ISBN 978-601-7059-95-8

Басуға 13.12.2021 қол қойылды.

Қалпы 60x90 1/8.

Қағаз борлы. Шартты 23 баспа табақ.

Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №6487.

© «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК

© «Алтын Кітап баспасы», баспа компаниясы

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

*(Соңғы сөзін жазып, жинап, саралап құрастырған
жазушы, профессор Құлбек ЕРГӨБЕК)*

Замандастарының, кейінгі толқын інілері мен шәкірттерінің естеліктерінен, естеме өлеңдерінен бас құраған бұл кітап жастарды жетекші көсем бола жүріп көркем тәрбиелеген, қазақ идеологиясында реформаторлықтан танбаған мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ ұлтының ұйытқысы бола жүріп әлденеше буын руханият сарбаздарын жаңа бағытта қалыптап, қанаттандырған рух сардары – Өзбекәлі Жәнібек жайында. Естелік – рухани ескерткіш. Естеліктер жинағында қайраткерлігін халқына арнап, бар ақыл-парасатын жұртының өркениет жолына жұмсап, өмірде ақ жүріп өткен Ө.Жәнібек (1931–1997) аты аңызға айналған қайраткер, тамаша этнолог ғалым, қоғамшыл, отаншыл ойшыл азамат, досқа адал таза рухты жан райында тұлғаланады.



ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫ



ТАРИХТЫ ТҰЛҒАЛАР ЖАСАЙДЫ

Көпшіліктің көзінен кетсе де, көңіл төрінен көшпейтін біртуар көшелі тұлғалар болады. Қазақтың қабырғалы перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков осындай тұғыры биік тұлғалардың қатарынан еді. Қайраткердің ұлт құндылықтарын түгендеп, зейінмен зерделеп, ұмытыла бастаған рухани қазынамызды қазаққа қайтарудағы ұшан-теңіз қызметін еске алғанда шын мәнінде тарихты тұлғалар жасайтынына тағы да көз жеткізгендей боласың.

Өзбекәлі ағамен алғаш кездескен сәтім әлі күнге дейін көз алдымда. Ол кісі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болатын. Мен Орталық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарамын. Қызметтік қажеттіліктерге байланысты біз Орталық комсомол комитетінің хатшысы Серік Дәрменбаев екеуіміз жеке қабылдауында болдық. Партиялық басшымыз болған соң бастапқыда әңгіме жұмыс бабындағы тапсырмалардың орындалуы барысымен шектелетін шығар деп ойлағанбыз. Өзекең жайдары қалыппен қарсы алып, әңгіменің тиегін ә дегеннен салт-дәстүр, тарих, тіл төңірегінде ағытты. Жасыратыны жоқ, солтүстік өңірде өскендіктен де әріптесім Серік қазақ тіліне шорқақтау болғандықтан ұлттық тақырыптағы әңгімеге дендеп араласуға онша ұмтыла қоймады. Сондықтан басшымыздың халықтық қазынаға қатысты барлық ой-пікірі мен байламдары маған қарата айтылып отырған сияқты. Үлкен хатшының өзі ақтарыла айтып отырғандықтан мен де көкейде көптен жүрген, «шіркін, іске асыра алсақ қой» деген ішкі ойларымды бүкпей, ашық жеткіздім. Дәлірек айтсам, тарихтың тереңінен

тамырын үзбей келе жатқан рухани жауһарларымызды сақтап қалу, Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Ясауи мұраларын жас ұрпаққа жеткізуге байланысты ұсыныстарымды ортаға салып, ой бөлістім. Дәулескер күйші Қазанғаптың кіндік қаны тамған Құланды ауылым екенін, Сыр дүлдүлдері Нұртуған, Тұрмағамбет, Дүр Оңғарлардың шығармаларынан хабардар екенімді естігенде Өзекеңнің өңінде көктемнің шуағындай жылылық пайда болды. Әсіресе, осынау орасан зор құндылықтарымызды шашпай-төкпей болашаққа жеткізуде маңдай терін төккен ұлт қайраткерлері Ілияс Омаров пен Темірбек Жүргеновтің ерлікке пара-пар еңбектерін еске алып, тарихи тұлға Темірбек Жүргенов менің нағашым болып келетінін айтқанымда ол кісінің ерекше ризашылық кейіп танытқаны әлі есімде. Қоштасарда қолымды қысып: «Хабарласып тұр», - деді. Бір жылдан кейін мен Орталық партия комитетінің ұсынуымен Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға қабылдандым да, Өзбекәлі ағаға кіріп, мән-жайды баяндап, батасын алып, сол кездегі Кеңестер Одағының астанасына аттанып кеттім.

Кейіннен елге келген соң Тәуелсіздіктің елең-алаң кезеңінде әлеуметтік салалардың басын қосқан Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі лауазымын атқаруға кірістім. Елбасының шешімімен Алатаудан Арқаға бет түзеген ұлы көштің алдыңғы легі Ақмолаға жайғасып үлгерген кез. Біздің министрлік жұртшылықпен тікелей жұмыс істейтіндіктен ел басшылығы бізден бұрын көшкен мемлекеттік органдар толық орнығып болғанша Алматыда қала тұруымыз қажет деген ұйғарым жасады. Сол уақыттарда Алматыда тұратын Өзбекәлі ағамен өзара байланысымыз бұрынғыдан да беки түсті. Екі-үш рет шаңырағында болып Қалихан апайдың қолынан дәм таттық, Өзекеңмен ұлт мәдениетінің келешегі туралы кеңестік. Осындай бір кездесуде анықтап білсем, Өзбекәлі ағамыздың зейнетақысы болмашы ғана екен. Бұндай қаражат елдің төрі Алматыдай үлкен қалада аздық ететіні белгілі, әрі ел таныған азамат болғандықтан ағамыздың үйіне келімді-кетімді кісілері бас сұғып тұратыны да шындық. Сондықтан ағамызға тілегімді жеткізіп, өзіме кеңесші болуды сұрадым. Соның арқасында ол кісінің руханият саласындағы мол тәжірибесі отандық мәдениет саласын одан әрі ілгерілетуге ықпалын тигізсе, маңдай терімен тапқан еңбекақысы аз уақыт болса да отбасын материалдық жағынан қолдауға септескен еді.

Бір күні жұмыс телефоныма Өзбекәлі ағаның үйіндегі Қалихан апай хабарласты.

— Ағаң ауруханада жатыр. Өзіңмен жеке кездесіп, айтқысы келетін ой-тілегі бар сияқты, - деді.

Шұғыл жиналып, ауруханаға жеттім. Ағамыздың өңі солыңқырап, біраз азып қалған екен. Даусы бәсең шығады. Ақырын ғана әңгімесін бастады.

— Байқаймын, менің уақытым да таяп қалған сияқты. Жөн-жосықты жақсы білетін, ел басқарып жүрген азаматтардың бірі ретінде өзіңе айтар аманатым бар еді, — деп бастады әңгімесін ағамыз, — Ертең олай-бұлай боп кетсем мені ақтық сапарға аттандыру жайын Президент сенімен ақылдасады деп ойлаймын. Менің саған айтарым, оңтүстіктегі әйгілі Арыстанбаб кесенесі тұрған жерде үлкен қорым бар. Сол қорымға менің ата-бабаларым қойылған. Өмірден озған соң мені сол бейітке жерлеулеріңді сұраймын, — деді.

Бір кезде сырқаттың себебінен күш-қуаты азая бастаған қолын маған ұсынып тұрып, өтініш айтқан кейіппен, «Аманатымды орындайсың ба?», деді сұраулы жүзбен. Мен қазақтың қазыналы қайраткерін мәңгілік сапарға қимай тұрсам да, ойымды жинақтап: «Міндетті түрде орындаймын, аға» дедім уәдемді беріп.

Талқаны таусыларын өзі сезгендей-ақ бір жетіден кейін ұлтымыздың рухани тіректерінің бірі, зияткер тұлға Өзбекәлі Жәнібеков бақилық болды. Қаралы хабар жеткен бойда Елбасына Өзағаның ауруханада жатып айтқан ақтық аманатын жеткіздім. Елбасы мемлекет, руханият қайраткерінің соңғы аманатын орындау қажеттігін айтып, әуелі Алматыда қаралы жиын өткізіп, зиялы қауыммен бірге шығарып салуды тапсырды. Ертеңінде Алматыда Мұхтар Әуезов атындағы қазақ драма театрының алдында қаралы жиынды өткіздік. Сөйтіп, саналы ғұмырын ұлт рухын, мәдениетін өркендетуге арнаған өрелі қайраткерді аяулы Алматыдан соңғы рет шығарып салу міндеті пешенеме бұйырыпты.

Ұлтымыздың өткені мен бүгінін өзектестіре қарайтын болсақ, Кеңестер Одағының қылышынан қан тамып тұрған қытымыр кезеңінде ұлт руханияты үшін қыруар іс атқарған дара тұлғалар Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібековтің өмірлері бүгінгі өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге болуы тиіс. Аталған біртуар тұлғалар қазақ халқының дүние дидарында сақталып қалуы жолында қалтқысыз қызмет етті, қолдарынан келген бар қажыр-қайратын аяған жоқ. Осы асыл тұлғалардың асқақ мұраттарын Тәуелсіздік жылдарында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалғастырып келе жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы лайықты іске асырылып жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Тіпті, бүгінгі таңда рухани жаңғырудың сатылап ұлттық жаңғыруға ұласып жатқаны өршіл тұлға Өзбекәлі Жәнібеков аңсаған арманның шын мәнінде жүзеге асқаны деп бағалауымыз керек.



АҚТОТЫ РАЙЫМҚҰЛОВА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЫ



ЕЛДІ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАРАП ТАНИДЫ...

Қандай елді де мәдениетіне қарап танитыны баршаға мәлім. Мәдениет министрлігіне сынның көп айтылатыны міне, осыдан. Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров сынды министр сирек қазақта. Қазақта қаншама мәдениет министрі келді, отырды, жұмыс істеп кетті. Бірақ, әлгі екі дара тұлғаны жаңа уақытқа қарай жаңалап, қазақ мәдениетін әлемге кең танытып, әйгілі қатарға тұра қалғаны жоқ дерлік. Министр атаулының баршасын бірдей жерге ұрудан аулақпын. Дегенде, жұрттың пікірімен санасқанда әлгі қайталанбас екі қайраткерді өзінің тынымсыз еңбегі, мол білімімен жаңа дәуірге лайықты дамыта алған аяулы азамат, мәдениет қайраткері ретінде жалпақ жәмиғат Өзбекәлі Жәнібековті мойындағалы бірсыпыра уақыт.

Біздің алдымыздағы бірнеше толқын бірінің аузынан бірі қағып алып, КИМ-нің жалынды жеткшісі Ғани Мұратбаевтан кейінгі жастарға көсем болған жалғыз тұлға – Өзбекәлі Жәнібеков жайында әуезе етіп айтудан танар емес. Жалындаған жиырма жас пен қылшылдаған қырыққа жетер-жетпес жаста жастарға көсем болыпты Өзбекәлі Жәнібеков. Екінің бірінің пешенесіне жазылмаған бақыт. Осының өзі көп жәйтті аңғартса керек.

Қазақстан комсомол жетекшісі бола жүріп те республика мәдениетіне өлшесіз үлес қосқан адам. Ақын-жазушылар Олжас Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов, Мұхтар Шаханов, әнші композиторлар Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Нұрғали Нүсіпжанов, Ескендір Хасанғалиев, Анатолий Молодовтағдырытікелей Өзбекәлі Жәнібеков арқылы сабақталғаны мәлім. Мәдениет министрлігінде орынбасар болып он жылдан астам уақыт қызмет еткен кезінде Республика тұтас музейленіп кетті десе болады. Тарихи ескерткіштер тізімге алынып, мемлекет тарапынан қамқорлық жасалды.

Ол жылдардан министр аты емес, орынбасар аты аңызға айналғаны да қызық.

Жекелеген ансамбльден тұтас филармония, тіпті театр жасақтауға дейін, жеке экспозициядан бүтін болмысты музей құруға шейін Өзбекәлі Жәнібеков атқарған іс қыруар.

Кейін министр болып қызмет етті. ЮНЕСКО арқылы қорғалатын Қ.А.Ясауи мавзолейінің сақталуы, кейін қорық-музейге айналуы да тікелей Өзбекәлі Жәнібеков есімімен байланысты. Министр кезінде 1935 жылы киелі Түркістаннан Иран қолөнері көрмесіне байланысты Эрмитажға алып кетіп, сонда қалып қойған Тайқазан жәдігерін өз жұртына қайтаруы қандай ғажап ерлік.

Айта берсе, Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ мәдениетіне сіңірген еңбегі өлшеусіз. Сырт жұрт қандай елді де мәдениетіне қарап таниды, мәдениет қайраткеріне қарап бағалайды. Өзбекәлі Жәнібеков еліміздің ішінде де, сыртында да мейлінше танымал тұлға, қайталанбас мәдениет қайраткері болып өтті.

Биыл туғанына 90 жыл толуына орай Мәдениет министрлігі бірсыпыра іс-шараға мұрындық болып отыр. Жер-жерде конференция өтеді. Өзбекәлі Жәнібеков жайында еңбектер жарық көреді. Ұлт мәдениеті деп жаны жай таппаған қайраткер, ұстаз рухына тағзым!



ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Өзбекәлі Жәнібеков – ұйтқы.
Шерхан Мұртаза

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Ұлтымыздың ұйытқысы – Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келіп, артында мәңгі мұра, өшпес із қалдырған көрнекті тарихшы, этнограф-ғалым мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков халықтық дәстүрден қуат алып, ұлтының ұлы махаббатын арқалаған рух сардары. Өзбекәлі ағамыздың елге белгілі, белгісіз азаматтық, қайраткерлік қасиеттерін, ұлтжандылығын, даналығын, көрегендігін үлгі-өнеге ету – ортақ борышымыз, азаматтық парызымыз.

Өзбекәлі Жәнібеков жайында бізге дейін де талай ғұламалар мен ғалымдар сөз сөйлеп, небір даналар мен кемеңгерлер бағасын беріп, ойларын айтқан.

«Өзекең өзіндік ізі бар, өзіндік ісі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомданып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталды» деп жазған екен академик Манаш Қозыбаев.

«Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтірілуіне, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өзағаңның сіңірген еңбегі ерекше» – деп жазушы Әбіш Кекілбаев та тебіреніпті.

Оның халыққа сіңірген ерекше еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек. Ол киелі адам», - деп бағалапты Шерхан Мұртаза.

Десе дегендей-ақ, Отырардай қасиетті өңірде дүниеге келіп, Әл-Фарабидей бабасын рухани ұстаз тұтып, ата-баба дәстүрімен сусындап өскен Өзекең өсе келе қазақтану ғылымының қара нарына, ұлт мақтанышына айналды. Ол қазақ халқының мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып дамуына өзінің орасан зор үлесін қосты. XX ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйтқы болды. Ө. Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды. Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтап, қалпына келтіру мақсатын көздеген фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. Наурыз мейрамының, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов есімдерінің халқына қайта оралуына белсене атсалысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты. Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Кешегі кеңестік дәуірдің түрлі зобалаң-зорлықтарынан арыстарымызды арашалап алып шыққан азаматтардың бірі болды. Әдебиетімізге «Қазақтың ұлттық қол өнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» сияқты кесек бітімді дүниелер берді. Автордың шығармалары кешегі комсомол, партия, кеңес қызметінде жүріп өзінің бастан кешкен, көріп білген жәйттерімен қоса, айналадағы әлеуметтік ортаға, ел тағдырына қатысты тарихпен, мұратанумен, елтанумен, сайып келгенде қазақтанумен, ұлттық мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғаумен, әділет пен келешек қамы үшін күреспен ұштасып жататын.

Ол кісінің замандастарын тыңдаған сайын, тәуелсіз еліміздің тамырын тереңге тартқан тарихына үңілген сайын мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, этнограф – ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің адамдық қасиетпен астасқан азаматтық тұлғасы айбарлана асқақтай түседі.

Ия, дарияның суын қанша ішсең де тауыса алмайтынымыз сияқты ұлт мақтанышына айналған Өзбекәлі Жәнібековтің елге еткен өлшеусіз еңбегін сарқа тауысып айта алмайсыз.

Мемлекеттік және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібеков жайлы әлі де көп жазылар. Ол – уақыт еншісіндегі шаруа. Халқы үшін еңбек етіп, өнегелі ғұмыр кешкен даңқты тұлға туралы қолдарыңызға тиіп отырған, соны пікір, тұжырымды ойға тұнған осы кітаптан оқырман қауым алатын тағылым-тәлім аз болмаса керек.



ТӘЖІБАЕВ ЕРСІН
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ» РМҚК
ДИРЕКТОРЫ



ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ!

Кітап – қазақтың біртуар азаматы, ұлтын жанынан артық сүйген, ұлтының салтын ұстанып, дәстүрін аялай құрметтеумен, зерттеп зерделеумен өткен қайраткер, ғалым Өзбекәлі Жәнібек туралы. Алпыс жеті жыл жасап, артына адами ізгілік, қайраткерлік өнеге, ғасырлардан арып-ашып жеткен тарихи ескерткіштеріміз жайында ғылыми мол мұра қалдырып өткен тұлға жайында алдындағы ағалары, қанаттас замандастары, шәкірт болып ізінен ілесіп шыққан шәкірттері жазған қимас сөздер, қаяулы ойлар. Олар Өзекең аталып өткен азаматты сағынып еске алады, халқымыздың қимас жәдігерлері аяқасты болған Кеңестік тар кезеңде ғасырлардан жеткен асыл дүниені, рух оятар рухани ізгіліктерге қалай араша түскенін жыр қылып айтады, жансебілденіп жүріп жасаған еңбегіне алғыс алу орнына биліктен қарғыс алып, тіпті қызметі төмендетілгенін езіліп жазады.

ЮНЕСКО тізімі бойынша қорғалатын Қ.А. Ясауи мавзолейінің талайлы тағдыры да Өзбекәлі Жәнібек есімі арқылы сабақталады. Ескерусіз қағажу қалған ғажайып ескерткіштің алдымен өзіміздің республикада есепке алынып сақталатын, жаңғырта жөнделетін, сөйтіп халықаралық өреде мерейімізді үстем етіп ЮНЕСКО бойынша қорғау тізіміне енуі бәрі, бәрісі Өзбекәлі Жәнібек есімімен тығыз байланысты. Мавзолейдің ортағасырлық ғажайып архитектуралық ескерткіш ретінде танылуы, мойындалуы оңай болмаған. Құлаған, сынған, жарылған жерлері жамалып қайыра қалпына келуі тіпті қиындыққа тірелген бұрын. Санда бар да санатта жоқ ғажап ескерткіштің санатқа енуі, бойын жаңа жаңғырту технологиясы арқылы тіктеп қатарға қосылуы үшін Өзбекәлі Жәнібек 1952–62 жылдары облыстық Жастар ұйымының жетекшісі ретінде, 1975–76 жылдары Орталық Комитеттің Сыртқы байланыс Бөлімін басқара жүріп, 1976–86 жылдары Мәдениет министрінің орынбасары райында, Орталық Комитеттің хатшысы, ынталы ғалым, зейнеткер бола жүріп те Мавзолейдің абыройы – ұлтымыздың абыройы екенін жете танып, бір сәт те тыным таппай тарихи ескерткішке бүкіл қайраткерлік жігерін жұмсаумен болды, туа зияткер Өзекең.

Тарихи ескерткіш дегенде тарихи танымы терең, ұстанымы ерекше азамат Мавзолейді талай тарихи қыспақтан аман алып шығып отырғаны бүгін мәлім болып отыр. Өзге шенділер секілді Алматыда отырып «өйте салыңдар, бүйте салыңдар», - дейтін әкімшілік Өзбекәлі Жәнібек емес. Ол Алматыда мавзолейді сақтау, қалпына келтірудің концепциялық жобасын жасап, қаржысын шешіп алып, Түркістанға тура тартып жетеді екен. Жетеді екен де қатарға тұра қалып күрекпен жер қазып, кетпенмен қыртыс аударып, зембілмен топырақ тасып жергілікті жұмысшылармен бірге мидай араласып еңбек ететінін біздің музейдің көне көздері көзіне жас ала отырып еске алады. Бүгін көне жәдігерлік дегенде жансебілдене еңбек еткен осындай тұлға жайында көнекөздер ғана емес, ғажайып мавзолейдің қараусыздан қажып, мүжіліп түсіп, Өзекең рахымы арқасында қайта жаңғырып, қатарға қосылған әрбір тасы, әрбір кірпіші, әрбір мозайкасы сөйлеп қоя берердей. Ол үшін көзі тірі адамдармен әңгімелесу аз, Өзекең абайлап басып жүрген топыраққа құлақ түріп, Өзекең абайлап ұстаған, аялап сипаған әрбір қыш, кірпіш, тастың үніне құлақ түріп тыңдай білу керек секілді. Біз бір ғана тарихи ескерткіш жайында айтып отырмыз. Шындығында «Қазақ жерінде Өзекеңнің аялы алақаны тимеген тарихи тас жоқ» (Ә.Кекілбайұлы). Бір тарихи ескерткішке сіңірген еңбегінің өзі сан ұрпаққа сабақ болғандай.

Өзге замандастары секілді біздің музей қызметкерлері де Өзбекәлі Жәнібектей тұлғаны қимай-қимай сағынышпен еске алады. Оның рухына тағзым етеді. Тұлғаға тағзым!



Фариза Оңғарсынқызы

ӘУЛИЕДЕЙ ҰЛЫН ЕЛЕЙДІ ЕЛ
(Өзбекәлі аға дүние салғанда...)

Маңдайына біткен халқымның
Дара тұлға едің, жан аға.
Сөнгендей көкте алтын Күн,
Түнерді бүгін дала да.

Жайсаңдар кетті. Кім қалды?
Сәуле себуші ең санаға.
Сұңқардай сұлу тұлғаңды
Сұм ажал алып бара ма?

Сүйсінсең жүзің нұрланып,
Жалғандық сезсең, шарт сындың.
Өнерлі болса, тұлға ғып,
Жас балаға да бас бұрдың.

Жарамсақтарды жасқадың,
Шындықты айтудан қашпадың.
Қандай сайларда жүрсең де,
Биіктерге елді бастадың.

Қарттардың көзі бұлдырап,
Бауырлар қалды тұнжырап.
Өлімге Сізді қия алмай,
Қарындастарың тұр жылап.

Мекен ғып мәңгі сыз жерді
Қаласыз ба мынау далада?
Қара жерге беріп Сізді, енді
Қалай кетеміз, жан аға?

Әулиедей ұлын елейді ел,
Нұр төксін Алла Тағала.
Рухыңмен елді жебей гөр,
Қош деймін... қайтем, жан аға!



ҮЛКЕН АЗАМАТ

Еңбек жолымды комсомол жолынан бастағанымнан ба екен, қашан да жүрегімнің бір түкпірінде жастар жетекшілеріне деген ерекше ілтипат жүреді. Қазақстан комсомолының шын мәніндегі көсемі болған Ғани Мұратбаев пен Садық Нұрпейісов, Әшір Бүркітбаев пен Зарап Темірбеков жұртты өнер-білімге, жаңаша өмір сүруге үндеп, бәрімізді жігер-жалынымен, қабілет-қарымымен, ұйымдастырушылық дарынымен баураған кесек те ірі тұлғалар еді ғой. Өз кезінде сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз болған жас ұлттық мәдениетіміздің өркенін өсіруге тікелей ат салысып, білек сыбанып, белсене кіріскенінің куәсі болдық. Әсіресе, Зарап пен Садық жүрген жерінде көркемөнерпаздарға көмек көрсетіп, олардың ойын-сауығына қатысып, ән салып, рөл ойнап та кетеді екен. Жастар бойынан жылтыраған бір ұшқынды көзі шалса-ақ, табан аузында оқуға жолдама беріп, өнерін шыңдауына жәрдем жасап отырған. Бәрі де ақын-жазушылармен сырлас, сыйлас болып, театрмен, әртістер қауымымен тығыз қарым-қатынас жасаған. Бертінгі мен білетін комсомол жетекшілерінің ішінде сол асыл ағаларымыздың өнегесін еншілеп, өмірлік мұрат тұтып, мәдениетіміздің марқаюына зор үлес қосқан қайраткер Өзбекәлі Жәнібеков болды десем, шындықтан сірә шалғай кетпеспін.

Өз басым Өзбекәліні бертін, ол Мәдениет министрлігіне басшы қызметіне келгенше жете танып, жақын білдім деп айта алмаймын. Бірақ жұрт жақтаған, көп мақтаған батыл да азаматтық іс-қимылына бұрын да құлақ түре жүретінмін. Алпысыншы жылдары ол Республика комсомол ұйымын басқаруға кіріскен кезде мектеп түлектерін тың байлығын үстей түссін деген желеумен жаппай ауылшаруашылығына жолдамамен жіберу бір дәстүр болатын. Жасыратыны жоқ, қайсымыз болсын, жүрегіміздің қалаған қаламағанына қарамастан, оны бағалы бастама деп мойындауға мәжбүр едік. Ал Өзбекәлі болса: «Іс тетігін техника шешетін атом дәуірінде қазақ баласы қашанғы қой соңында салпақтай береді, одан да алып құрылыстарға аттанып, өндіріс ошақтарына барып, жұмысшы мамандығын меңгерсін», – деп мәселені бүйірден қойды. Сөйтіп, мектеп бітірушілердің комсомолдық жолдамамен лек-лек болып өнеркәсіп алыптарының қабырғасын қалауға аттануына мұрындық болып, ұлттық жұмысшы табының тың толқынымен толығына қомақты үлес қосты. Орталықтың астам көзқарасы өзгермей тұрған тұста бұл өте-мөте батыл байлам еді.

Нартәуекелге пара-пар осындай батыл қадамынан ол кейін партия жұмысына ауысып, Торғай обкомының хатшысы болып барғанда да танған жоқ. Бұрын шалғай шет аудандар болып, жете көңіл бөлінбей, мәдени жағынан кенжелеп мешеу қалып келген аймақта ол бас идеолог ретінде жұмысын ауыл мәдениетін көтеруден бастады. Ең алдымен, мәдениет ошақтарының жұмысын жолға қойып, көркемөнерпаздықты жандандырды. Халықтың қолданбалы өнеріне кең арна ашып, оның ел ішінде елеусіз жүрген небір шеберлерін тауып, бағын жандырды. Жаңадан құрылған облысқа сырттан келгендердің тезірек жерсініп, сіңісіп кетуі үшін керек деп институт пен театр ашқызып, мұражайлар ұйымдастырады. Он алтыншы жылғы ұлт азаттық көтерілістің үш арысы – Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин мен Әділбек Майкөтовтің мемориалдық музейлерінің алғашқы қадасын өз қолымен қағысып, жәдігерлерін ел арасынан тірнектеп өзі жинасқанын жұрт аңыз ғып айтады.

Жалпы, ол музейлер мен ескерткіштерге, халық өнеріне зор ықыласпен қарады. Мәдениет министрінің орынбасары болып жүргенде ол Алматының өзінен саз аспаптарының музейін ұйымдастырып, оның жанынан фольклорлық ансамбль құрды. Мәдени ескерткіштер ордасы сынды Түркістан қаласын қайта жаңғыртып, онда Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруге, Қорқыт ата кешені мен Арыстанбаб мазары маңын халықтың жиі келіп тәу етер жеріне айналдыруға көмектесті. Халқымыздың қасиетті, қастерлі мерекесі – Наурыз мейрамының өмірге қайта оралуына зор еңбек сіңірді. Осының бәрін жасағанда Өзбекәлі қазақ деген қиян дала, қиыр сахарада жел айдаған қаңбақтай оңды-солды әшейін көшіп жүрген жұрт емес, көшпелі өмір салтына сай өзіндік өркениеті болған ел екенін әлем алдында дәлелдеп беруді мақсат тұтқан тәрізді.

Кейде ол Мәдениет министрі, Орталық патия комитетінің хатшысы қызметіне кешірек келіп, көкейіндегі көп арманын жүзеге асыра алмай кетті ме екен деген де ой мазалайды. Біз өзі «тар жол, тайғақ кешулердің» небір түрлерін бастан кешіріп, қилы заманның теперішін көп көріп, өткеніміз бен өркенімізден көз жазып, діліміз бен тілімізден айырылып қала жаздаған халықпыз ғой. Сондықтан тарихымыздың «ақтаңдақ» беттері көп-ақ. Сол «ақтаңдақтардың» орнын толтырып, тарихымызды тұлғаландыруға Өзбекәлі үлкен үлес қосты. Кешегі қызыл империяның құламай тұрған кезінде өздері атылып, еңбектерін оқуға, есімдерін атауға тыйым салынған халқымыздың арыс перзенттері Ахмет пен Мағжанды, Міржақып пен Әлиханды, Жүсіпбек пен Шәкәрімді жұртына қайта оралтып, бұрынғы батырлар мен ақындарға, ел тізгінін ұстаған билерге жаңаша көзқарас қалыптастыруға мұрындық болды. Бұны ұлтжанды азаматтың өз жұртына жасап кеткен ерен жақсылығы деу орынды. Өзбекәлі қазақ халқының дарынды екенін, оның бай өнері, ғасырлар тереңінен бастау алатын салт-дәртүрі бар екенін дәлелдеуге қызмет етті, оның ұмытыла бастаған беттерін қалпына келтіруге тырысты, өзіндік пайымдаулар айтты. Сондықтан оны қазақ деген қабырғалы ұлттың, алаш деген аталы жұрттың қамын жеп, бар білімін, бар ғұмырын соның іргелі елдер қатарына қосылуы үшін сарп еткен үлкен Азамат деп айтуға болады.

Шерхан МҰРТАЗА

АҚ ЖОЛМЕН ӨТКЕН АЗАМАТ

«Лениншіл жас» газетінің (қазіргі «Жас алаш») Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі едім. Теміртаудағы металлургия алыбының іргетасы қаланғанын өз көзіммен көрдім. Талай-талай шахталардың астына түстім.

Осының бәрін газетке үздіксіз жазып тұрдым. Бір күні редакциядан телефон соғылды.

«Сені ЦК шақырып жатыр, тез жет», - деді.

Жеттім. Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы өзі қабылдады. Мақтады. Жағдайымды сұрады. Жағдайым жақсы. Қарағандының қақ ортасында үйім бар.

— Бара бер, кейін сөйлесеміз, – деді бірінші хатшы.

Кейіні – 1959 жылдың аяғы екен. Тағы да шақырып алып, мені «Лениншіл жас»

газетінің бас редакторы Саттар Бөлдекбаевтың орынбасары етіп отырғызып қойды. Өңім тұрмақ, түсіме кірмеген тіршілік. Пендеміз ғой, қуандым. Ар жағында не күтіп тұрғанын қайдан білейін.

Менің Қарағандыдағы тілшілік қызметімді, тұратын үйімді Рахымберлин дейтін біреу алатын болды. Мейлі. Оны өзім қолынан жетектеп жүріп пәтер бюросына барып, үйдің ордерін соның атына жаздырып бердім.

Алматыдан пәтер беретін шығар деп дәмелімін.

Сонымен жаңа, 1960 жылдың дәл басында емшектегі баламды көтеріп, екіқабат әйелімді жетектеп, Алматыға жетейін. Үй жоқ. Сейдахмет Бердіқұловтың бір жарым бөлмелі үйіне барып тығылды. Үй беретін шығар. Шақырып алған өздері ғой деп қоямын.

Бір күні ЦК-ның бюросы шақырады деді. Бардым. Барсам, бірінші хатшы бюро үстінде «Пионер»: журналы жабылсын. Оның бас редакторы «Лениншіл жас» газеті бас редакторы орынбасары болып бекітілсін. Ал Шерхан Мұртаза осы газеттің бөлім меңгерушісі болып бекітілсін, - деп соғы-ы-ып отыр.

Бәсе, батпан құйрық кенеттен қайдан бұйыра қалды деп-ақ едім-ау. Үлкен адамның сөзіне құдайдай сенгендік қой. Әйтпесе орынбасар бюрода ғана бекітіледі. Алматыдан үй алуға кепілдік беріледі. Менде оның бірі де жоқ. Айдалада қалдым.

Бәрінен де әлгі Қарағандыда менің орныма келген қасқаға жып-жылы үйімді, тәп-тәуір қызметімді өз қолымнан бергенімді айтсаңшы. Сөйтсем ол қасқа шоң бірінші хатшының туған жиені екен ғой.

Бюродан шығып бара жатып біріншіге: «Адамды мұнша қорлағаныңыз қалай!», – деппін.

Сонда барып бұл өмірде неше түрлі әділетсіздік, зұлымдық болатынын жан-тәніммен сездім.

Жастар газетіндегі бөлім меңгерушісі қызметіне бармай, сол күні «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына барып жай, әдеби қызметкер болып орналастым.

Мұнда бас редактор – Қасым Шәріпов. Бірінші орынбасары Абай Бейсенбаев – «Лениншіл жастың» бұрынғы бас редакторы. Мені кезінде жұмысқа алған өзі. Сол Абай мені енді Қасым Шәріповке ертіп апарып қызметке алдырды.

Сөйтіп, «Социалистік Қазақстанда» екі жылдан астам уақыт жүріп қалғанымда, баяғы комсомол Орталық комитеті мені шақырады. Бұл кездегі бірінші хатшы Өзбекәлі Жәнібеков, идеология хатшысы Камал Смайылов. Өзбекәліні танымаймын. Көрген кісім емес. Камал таныс. «Лениншіл жастан» өскен.

Не керек, мені «Лениншіл жасқа» бас редактор етіп бекітті. Сонда деймін-ау, мені осы үлкен қызметке қоюға Жәнібеков қалай келісті? Әрине, Камал айтқан шығар. Сөйтсе де өзі көз жеткізу керек қой. Мені оған жақсы таныстырған газетте ылғи да жарияланып тұрған менің жазған очерк, мақалаларым болар.

Сонда бұл Жәнібеков адамның түсіне емес, ісіне қарайтын болғаны ғой.

Содан табаны күректей сегіз жылым «Лениншіл жаста» бас редактор болумен өтті. ЦК-да бірінші хатшы болып Өзбекәлі де осы шамалас отырды.

Жұмыс бабында неше алуан жағдайлар болды. Бұл тұстағы «Лениншіл жас» мейлінше халықшыл еді. Соның сөзін сөйледі, жоғын жоқтады, барын баптады. Соның арқасында тиражи жылдан-жылға еселеп өсті. Тіпті ширек миллионға жетті-ау.

Әдебиет туралы «Қазақ әдебиеті» газетімен айтыс та өрши түсті. Сол тұста әдебиет газетінде «формализм», «абстракционизм» деген жағымсыз терминдер

көріне бастады. Ол кезде бұл сөздер «национализм», «троцкизм» деген сияқты суық естілетін. Мұндай айыпқа сол тұста талантты жас ақын жазушылар қатты ұшырады.

Ал «Лениншіл жас» оларды шырылдап қорғады, шығармаларын жариялады. Үлкен ЦК қабағын шытты. Үлкен ЦК жастар газетінің бас редакторымен сөйлесе бермейді. Сөйлесе сол газеттің бас иесі кіші ЦК-нің бірінші хатшысымен сөйлеседі. «Газетіңді бейбастық етпей, түзу ұста», - дейді.

Комсомолдың басшысы басқа біреу болса: «Үлкен ЦК айтты, давай кет», - деп, мені әлде қашан босатып жіберер еді. Өзбекәлі Жәнібеков оған бармады. Өйткені, жастар газетінің ақ жолда, әділет жолында екенін бек түсінген, осы жолды өзі де қалайтын, оны мейлінше қорғау керек екеніне көзі жеткен адал азамат еді. Мені құрбандыққа шалдырмады. Үлкен ЦК-нің талап етуімен кіші ЦК өз бюросында «Лениншіл жас» мәселесін талай рет талқылады. Жәнібеков бізге ұрысқан болды, бірақ, қан шығармай, шыбыртқылайды. Бір ретте Лениннің туған күні еді-ау деймін. Ильичтің портреті бірінші бетте басылған. Жарықтықтың басы дәу ғой. Маңдайы, жүйдесі шығыңқы. Ол кездегі баспахана қазіргідей емес, сурет клишеге түседі. Сол клише кейде колонкаға сыймай қалады. Оны метронпаж қайшымен қырқып сыйдырады. Мына Лекемнің басы да сыймай қалған екен. Шүйдесін қырқып тастапты. Былай қарағанда бүлініп кеткен ештеңе жоқ.

Бірақ үлкен ЦК мұны үлкен саяси қате деп бағалады.

Бюроға тағы түстік.

Бюро мүшелерінің бір сыпырасы бұдан «оргвывод» жасау керек деп құлқын қақты. «Оргвывод» дегені – бас редакторды құрту керек дегені.

Өзбекәлі Жәнібеков қарсы болды.

Келесі жолы газетімізде «Қазақконцерт, хәлің қалай?» деген үлкен мақала жарияланды. «Қазақконцерт» – артистердің ордасы. Оны билеп тұрған Чернышов (байы), Чернышова (қатыны) дегендер еді. Артистердің ауызындағыны жырып алып жеп қою, ұлттық кадрларды құдалау, таланттыларға жол бермеу-секілді былықшылықтары толып жатыр.

Бұлар сол кездегі КСРО-ның көсемі Брежневтің қанатының астында жүрген еркетотайлар деп еститінбіз. Бірақ көсемнің жүрегінің төрінен орын алғандар деп ойламап едік.

Газеттің «сигнальный экземпляр» әуелі үлкен ЦК-ға түседі ғой. Таңертең жұмыс басталмай жатып үйдегі телефон әдеттегіден бөлекше безілдеп қоя берді. Идеология хатшысының көмекшісі екен. Маған зілдене:

– Тез жет! – деді.

Идеология хатшысы тапал ғана, басы үлкендеу, бұйра шашты, беті тым шұбар кісі еді, жарықтық. Үлкен-үлкен жиындарда: «Домбыраның заманы өткен, киіз үй феодолизмнің, жабайылықтың қалдығы, «бешбармақты» қолмен жеуді қою керек», – деп талай уағыз айтқан.

Осының алдында ғана жас ақын Қадыр Мырза Әлидің өлеңдерін біз басқанда оны «Социалистік Қазақстан» қатты сынап, біз оған келіспей, осы хатшы «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы Үсебаевті және мені шақырып алып, маған: «Үлкен ағаның бетінен неге аласың?» – деп бір қаһарланған.

Енді міне тағы... Мен кірген бойда, сәлеміме жауабы: «... Твоею мать!» – деп орысшалап тұрып мықтап боқтады. Қазақша боқтаудан гөрі орысшасы өтімді, өткір болады деп ойласа керек.

– Сен өзің өлгеніңмен қоймай, бізді де құртайын дедің ғой!

— Не боп қалды?

— Мүләйімси қалуын. Әй, Чернышовтарда нең бар-ей сенің! Басқа мәселе табылмады ма?! Брежневтің көмекшісі телефон соқты.

Қонаевтың өзімен сөйлесіпті.

— Комиссия тексерсін. Бәрі шындық.

Идеология көсемі терезе жаққа қарап, үндемей қалды.

Содан соң:

— Шындық екенін мен білмейді дейсің бе? Неге абайламайсың? Өлетін бала молаға қарай жүгіреді деуші еді, рас екен ғой,-деді.

Ақ телефонның трубкасын алды.

— Әй, мыналарың тағы бүлдірді ғой. Бірдеңе қылсаңдаршы, не қарап отырсыңдар? – деді.

Байқаймын сірә, Жәнібековпен сөйлесті.

Ендігі әңгіме кіші ЦК-да.

Бірақ Жәнібеков тұра келген ажалдан тағы арашалап алып қалды. Бұл

ЦК-да жұрт сыртынан «Бонапарт» деп атайтын бір хатшы болушы еді. Әсіресе сол құлшынып, мұндайлардың тамырына балта шабу керек деді.

Мені айтқаны.

Сонда Өзекем:

— Слушай, займись своим делом,-деп әлгінің арынын басты.

«Бонапарт» өнеркәсіп, өндіріс жастары жағының хатшысы ғой.

Кейін ойлаймын ғой. Туғаным емес, туысқаным емес, тіпті рулас та емес. Нағашы-жиенді де емес. Бұл Жәнібеков неге мені қайта-қайта оқтан алып қалады?

Сөйтсем, сол әміршілік заманында да әділет жолынан таймаған адамдар болған екен. Бірақ олардың жолы жіңішке болады екен. Сол Жәнібеков әйтпесе сол кезде-ақ үлкен ЦК-ның дайын тұрған идеология хатшысы еді ғой. Жолатпады. «Ұлтшыл» деген таңба тағылды.

Мен оған екі рет арыз апарып бердім. «Лениншіл жасты» сегіз жыл басқардым. Жас болса ұлғайды. Ұдайы жастар арасында сақалды басыммен жүре бергенім жараспас,-дедім. Екеуінде де қайтарып жіберді.

Үшінші рет:

— «Жалын» деген альманах ашылды. Кейін журнал болады. Соны жолға қоюға күш сал, – деді.

Мен «Жалынға» кеттім. Бұл 1970 жылдың аяғы еді.

Көп ұзамай, жаңадан Торғай облысы ашылып, Өзбекәлі Жәнібеков сондағы обкомның қатардағы бір хатшысы болып, «құрметпен жер аударылды».

Ал, Өзбекәлінің жаңа құрылған облысқа орасан еңбек сіңіргенін торғайлықтар әлі күнге дейін жыр қылып айтады. Ондаған жылдар бойы өмір сүріп келе жатса да кейбір облыстардың қолы жетпеген мәдениет ошақтары: театр, музей, филармония т.б. игіліктер тікелей осы Жәнібековтің ақыл-ойы, күш-жігері, қайсарлығы, өзіне кінә ретінде тағылған «ұлтшылдығы» арқасында тез арада дүниеге келді.

«Елім» деп туған қайсар жан. Институттан алған мамандығы бойынша ол тарих пәнінің мұғалімі еді. Ал, құдай берген құдыретті күштің арқасында ол энциклопедиялық білімнің иегері еді. Ол – бірегей ұйымдастырушы, бірегей ұйытқы. Ұлттың ұйытқысы. Ол музыканы керемет білетін. Ол – этнограф. Ол – философ.

Бәрінен де қорлығы: сол кездегі жүйе оның ғаламат талантын облисполкомның жай орынбасарлығына ғана пайдаланды-ау. Соның өзінде ол Мәдениет министрлігі істей алмаған тамаша табыстарға жетті.

Тізе берсе көп. Ақыры жүйе оны Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология саласындағы хатшы етіп сайлауға мәжбүр болды. Міне, сонда осы уақытқа дейін жұрт атын атауға қорқатын қазақ марқасқаларын мүлдем ақтау процесі басталды. Бұл Ө.Жәнібековтің қайсарлығымен қолға алынған тарихи зор іс еді. Біз қазір Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтарды қолымызға ту етіп ұстап жүрсек, оның қайнар көзі-бастауында Өзбекәлі Жәнібеков тұрды.

Оның халыққа сіңірген ересен еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек.

Туған еліне, жеріне, халқына шексіз беріле қызмет еткен қайсар қайраткердің өмірі қысқа болғаны өте-мөте өкінішті.

Осы күні көзі тірі көптеген атқамінерлер, өнер, әдебиет қайраткерлері Өзбекәлі Жәнібековтің оты мол жүрегінен жылу алғандар.

Бізді, тірілерді, келер ұрпақты рухы қолдасын деп дұға еткен жан жаман болмайды.

Ол – киелі адам.

Ал, дұғадан басқа қолымыздан не келеді? Өзекемнің көзін көрген, шарапатын сезген тірі пенделер Өзбекәлі Жәнібеков есімін келер ұрпаққа жеткізу үшін не істей алады? Парыз ғой.

Біріншіден, Алматы, Шымкент, Арқалық қалаларында Өзбекәлі Жәнібеков атында бір-бір көшелер болғаны дұрыс.

Екіншіден, Алматыдағы тұрған үйінің қабырғасына мәрмәр тақта ілінгені жөн.

Үшіншіден, өзі оқыған және басқа бірнеше мектептерге Өзбекәлі есімі берілсе.

Төртіншіден, Алматыдағы республикалық Мәдениет және өнер ғылыми-зерттеу институтын Өзбекәлі Жәнібеков атындағы институт деп атау имандылық болады.

Бесіншіден, ол жазған құнды еңбектердің басын қосып, қайта бастырып шығару мәселесі.

Елі үшін еткен зор еңбегін осылай бағаласақ артығы жоқ.

Георгий Алексеевич РУДОВ

НЕ СТАЛО ДРУГА

Давай попробуем жить так,
чтобы в час нашей смерти
даже гробовщик пожалел о ней.

Марк Твен

Пришла весть: не стало друга. Он, Узбекали Джанибеков, – прекрасный казах, умница, был мне истинным другом. И сердце мое сжалось. И память начала высекать дни, проведенные с ним, снова меня увела в Казахстан, братский и родной. Ведь там до сих пор живет моя мама, а на улицах нет-нет да и мелькнет моя юность... Я о нем, моем Узбекали, всегда буду помнить с особой благодарностью. Он жил по совести, а потому живет в людях и после смерти, – говорит Георгий Алексеевич Рудов. И обрывается речь. Замолкает, задумывается.... Мы сидим у камина. А его

огонь всегда располагает к тишине в душе, или к тихой беседе. Глядим в глаза огня. И по-человечески грустим. Георгий Алексеевич говорит о том, что первый секретарь ЦК комсомола Казахстана был редким руководителем, у которого еще в те годы личное мнение дорастало до народного. Он, страстный шестидесятник и вожак казахской молодежи, бесстрашно высказывал свои личные взгляды и тем самым давал пример другим.

Я тоже не раз встречался с этим человеком. Встречался на казахстанской целине... перед тем, как первому секретарю ЦК комсомола приехать в Целиноград, тогда еще так именовали нынешнюю столицу Астану, мне звонили из ЦК или из моей комсомольской редакции и говорили, чтобы я не уезжал из города: «Возможно тебе позвонит Узбекали Джанибеков». Авторитет у него был огромный, и не только среди молодежи. И я не редко сопровождал его в поездках по целине. А бывали мы тогда и на заводах «Казахсельмаш» и «Целиноградсельмаш», где создавались первые орудия для безотвальной обработки земли, в совхозах, у строителей Аркалыка.

Вот вы, Георгий Алексеевич, сказали хорошо: «Я о нем, о моем Узбекали...». Так может о другом близком человеке говорит тот, кто имеет на это право, в чьей памяти «мой Узбекали» занял особое место, сыграл особую роль в судьбе, с кем пройдены дороги...

Меня всегда в Узбекали подкупала простота. Он просто и со вкусом одевался. А в командировке на стройки, заводы, в совхозы приезжал в своей походной и знаменитой кепке.

Но вернусь в Казахстан, в пору, когда я был вторым секретарем Чимкентского обкома комсомола... Меня всегда тянуло к простоте общения. Я очень быстро сближался по духу с близкими мне простыми людьми. Может, оттого, что я и сам был из простых. Ведь отец – шофер, мать – кассир кинотеатра. Хотя к тому времени ее уже выдвинули в систему кинофикации. И она уже стала директором летнего кинотеатра в парке Победы в Чимкенте на Пятой Кривой.

Вот как раз в то время мы как-то незаметно сблизились с дорогим мне Узбекали Джанибековым. Он тогда был уже большой величиной – первый секретарь ЦК комсомола Казахстана, кандидат в члены бюро ЦК компартии республики, член бюро ЦК ВЛКСМ, депутат Верховного Совета СКРСР и Казахской КСР. Титулов у него было очень много. Да и уважение к нему было огромное. Он был строг, требователен к себе, к нам, руководителям казахского комсомола. Скромен в быту. Все это позволяло ему строго спрашивать со своих подчиненных и требовать безупречной работы. И мне порой здорово перепало от него. Но на каком-то этапе я почувствовал, что Узбекали как бы взял надо мной шефство и начал лепить из меня, молодого человека и секретаря обкома, что-то, так сказать для будущего.

Узбекали тогда часто у нас бывал в командировках. Ведь надо было формировать крайком комсомола, подбивать кадры.

Как я позже узнал, судьба Узбекали была очень непростой. Родился он в 1932 году в Отраре (где теперь им похоронен), в бедной семье. Когда ему было пять лет, умерла его мама. А через год ушел от болезни и тоски в мир иной и отец. Они похоронены в Туркестане. Я бывал на их могиле.

В жизни у Узеке не было ни брата, ни сестры, так же, как и у меня. Его приютили дальние родственники, и ему довелось сполна хлебнуть из горестной чаши сироты.

У нас мама возделывала во дворе огород. На нем в изобилии росли огурцы, помидоры, баклажаны, болгарский перец, лук, петрушка. Помнится, возьмет

Узбекали ведро, наберет до половины маленьких пупырчатых огурчиков, помоеет из под колонкой и входе разговора «щелкает» без хлеба, без соли, получая при этом огромное наслаждение. Несмотря на трудное, голодное босоное детство, жизнь без родителей, Узбекали успешно окончил школу, педагогический институт. И свой трудовой путь начал учителем сельской школы. Был замечен и выдвинут на комсомольскую работу сначала в Туркестане, а затем и в Чимкенте. Был заведующим отделом, секретарем по школам, первым секретарем обкома комсомола. Он очень тепло, по-братски всегда отзывался о Володе Байжанове, который смог увидеть в нем вожака. *Володя тогда был первым секретарем обкома комсомола, я его тоже хорошо помню как человека удивительной красоты души.* Узбекали, когда приезжал в свою родную Чимкентскую область, обязательно ехал в районы, на самые отдаленные отгонные пастбища Муюн-Кумов, Кызыл-Кумов. Знал жизнь овцеводов Сузакского и Кызылкумского районов. Все годы держал руку на пульсе дел молодых хлобкоробов.

И я, находясь рядом с многоопытным старшим товарищем Узбекали, учился манерам общения, ведения разговора, познавал тонкости быта казахов. Очень даже непростой оказалась практика поведения за дастарханом: надо знать свое место, уметь сидеть на кошме, сложив ноги калачиком, пить чай, есть мясо, уметь разделывать голову барана, если тебе ее дали, как почетному гостю. Поначалу бывали всякие случаи, в том числе и курьезные.

Как-то меня. Молодого секретаря обкома, взял Узбекали с собой в поездку по Кызыл-Кумам, где были созданы две укрупненные чабанские бригады Айтбека Мусаева и Нурахмата Атаева. Ехали мы на трех автомашинах «Газ 69» (к слову сказать, проехал я на таких трудягах тысячи километров в Казахстане, Узбекистане, амурской области влюблен в эту машину и до сих пор ценю за ее легкость в управлении, мягкость хода, высокую проходимость), с нами была заведующий отделом обкома партии, первые секретари райкомов партии и комсомола, директор совхоза. Всего человек семь. Стояла чудесная весна. Джайлау искрились зеленой травой, ранними яркими цветами. Ехали довольно долго. Время перевалило за полдень. И вдруг слева от полевой дороги мы увидели две юрты. Секретарь райкома сказал, что это отгон одного из аксакалов и если мы проедем мимо, обидим старшего. Подъехав к юртам и выйдя из машин, мы увидели крепкого старика с редкой седой бородой. Поприветствовав гостей, хозяин дал оказание, и нам молодые женщины подали чайник с тазиком для мытья рук. Тут же кем-то из местных мужчин подтянут баран, чтобы зарезать его в честь знатных гостей. Затем нас пригласили в белую юрту. После 40 градусов в степи здесь был простой рай. И мы все стали рассаживаться на курпачи – узкие одеяла вокруг центральной части юрты, где размещается дастархан. А он – обычно скатерть с баурсаками, лепешками, сладостями. Аксакал все сетовал: как он буде принимать таких важных гостей, когда у него в запасе только ящик водки да пять бутылок коньяка и шампанского. Я удивился: разве этого мало? Но хозяин юрты дал указание одному из сыновей оседлать лошадь. Жигит ускакал в неизвестном направлении. Оказывается, он направился к железной дороге, чтобы сделать закупку «зелья» из вагона-ресторана. Машинист на условленном месте сбавлял ход, директор ресторана получал в открытую дверь хурджун и деньги, загружал необходимый продукт и передавал скачущему рядом наезднику. Красиво, быстро и выгодно обеим сторонам! Оказывается рыночные отношения зарождались в песках Кызыл-Кумов! Или это были традиции, заложенные еще на Великово Шелковом пути?

Когда запылал огонь над котлами с мясом, к юртам стали подъезжать на машинах

и лошадях мужчины разных возрастов и положения. Как потом прояснилось, это были старшие чабаны, бригадиры и даже руководители близлежащих совхозов.

Через три часа в юрте сидело уже около 40 человек, а в котлах подходил к своей кондиции куырдак, варилось мясо под бешбармак, готовились головы баранов для почетных гостей. И мне понятно стало, зачем нужно много напитков. Ибо только теперь начнется серьезная политическая работа среди масс. Она, забегая вперед, скажу, продолжалась далеко за полночь. Кто-то из гостей взял домбру и начал играть. И я осмелел и попросил подыграть мне песню Шамши Калдаякова «Анама». И я запел ее на своем неплохом казахском языке. Все в юрте замерли.

После исполнения этой прекрасной песни наступила пауза. А затем – гром аплодисментов, возгласы, восклицания. И я увидел полные слез умиления глаза Узбекали, смотрящие на меня. Никогда мне не забыть этого вечера и этого взгляда. Потому что именно с него и начал расти мой авторитет среди братьев-казахов, узун кулак разносил его. Сначала в одном районе, потом в другом, третьем, и так по всей области и всему краю. Когда кто-нибудь спрашивал обо мне, собеседник отвечал: «Знаю, знаю. Это тот молодой секретарь обкома комсомола, который поет нашу «Анама» на нашем языке».

Я набирал, что называется, обороты: учился писать справки, доклады, постановления, выступления, отчеты и многое-многое другое. Бюрократии в комсомоле было более чем предостаточно. Ведь комсомол в то время во всем копировал партию, был ее резервом.

Еще мне хочется рассказать об Узбекали как о хорошем семьянине. У него добрая и прекрасная супруга Халихан (тоже учитель), родила и воспитала двух сыновей и дочь. Все они вместе с мамой и сегодня живут в Алматы, воспитывают уже своих детей.

Когда я приезжаю в командировку в столицу, обязательно навещаю в эту семью. Любил и люблю бешбармак, сам его хорошо готовлю, научил свою жену и дочерей, он стал нашим семейным блюдом. Особенно любит бешбармак моя младшая Танюша. Приучились к этому блюду и два моих зятя – Володя и Олег, а внучка Настюша всегда ест его только с бульоном.

Многое из воспитательных методов Узбекали Джанибекова я взял в свою семейную жизнь. Горжусь тем, что мои дочери выросли скромными, ответственными, сопреживающими отцу и матери, любящими нас.

— А как ушел из жизни этот замечательный человек, Узбекали Джанибеков?

Болел он сильно. Мужественно сражался за жизнь с жестоко мучившим его недугом. В последний раз мы встретились с моим братом в Москве, у нас дома, еще до развала Союза и до моего отъезда на работу послом СКСР в Лаос... И вот, будучи уже здесь, узнаю: не стало друга. И я подумал: когда умирает друг и прекрасный человек, то мир для меня тускнеет на одно благородство, на одно мужество, на многие добрые поступки и на одну жизнь, без остатка отданную людям, своему народу...

И я еще раз всем существом своим ощущал гениальный смысл слов одного из моих любимых писателей Андрея Платонова: «Без меня – народ не полный». Это сказано прежде всего о таких людях, каким был и остается в нашей памяти Узбекали Джанибеков.

Москва 2011 г.

ӨМІРЛІ ӨНЕГЕ

– Өз-ағаң!

Мен ол кісіні осылай атағанды жөн көретінмін. «Өз ағам» деу тым өзімшілдік сияқты сезілетін.

Ия, ол кім де болса «Өз-ағаң!» деп өнеге тұтқыза айтуға әбден лайық азамат еді.

Рас, сырт қарағанда – құз басындағы құлжадай айбынды көрінетін. Қаралай айбынтып тұратын. Қас-қабағында, өңінде кісі қаймықтырар сұс болатын. Бәлкім, ол мұғалім болғандықтан, үлкен қызметке мектептен келгендігінен шығар. Сырт көзге сыр шаша қоймайтын сырбаз еді. Мейірімін де тым тереңге бүгіп ұстайтын. Содан да ма екен, мұғалімдердің жолын кеспей өскен біздер алғашқы кезде алдына барғанымызда бөркімізді қолымызға алғымыз келіп, иба етіп тұратынбыз. Шиыршық атып жататын тып-тығыз жатаған бұйра шаштардың арасындағы шашылып жатқан майса шуақты, шүйліге қарайтын тікенек кірпік өткір көздің бір қиығындағы жұмсақ нұрды, мүсіншінің қолынан шыққандай анық бедерімен айқын көзге ұрып тұратын түріңкі еріннің бір миығындағы жұмбақ күлкіні біраздан соң барып аңғаратынсың. Тіл қатыстың-ақ – арқаң кеңіп сала беретін.

Несін айтасыз, жапан ғасырда қазаққа талай-талай мүйізі қарағайдай ұл сыйлаған жомарт құдайдың бір бердім деп берген перен перзенті еді.

Расында да, талай рет топалаңға ұшыратып, талай рет қу толағай бастандырып баққан озбыр ғасыр әуелі әр он жыл сайын түп-тамырымызды түгел қопарып, түк қалдырмай түгел отап кету үшін кетпенін әбден сайлап, шалғысын әбден қайрап келмеп пе еді? Он алтыншы... Отызыншы... Қырқыншы жылдар... Тіпті бел ортасынан ауған соң да тажал тарих біз дегенде талай ретісін шақырлатпап па еді... Елуінші, алпысыншы, тіпті кешегі сексенінші жылда баяғы қасапшы мінезін ұмытпағанын сездіріп, теңселіп тұрған миуамыз бен тербеліп тұрған масағымызды қырыққысы келіп талай рет ұстара жылтылдатпап па еді?!

Қанша дегенмен, құдай қарасып бақты ғой... Қанша рет өртеңге ұшырағанымызбен, артынан бәрі бір алшындап қаулап өніп-өстік қой... Әлгі топалаңдар «жоқ», «жоқ» деуге аузымызды үйретіп тастаған. Әйтпесе, құдай көпсінбесін, тап ауызды қу шөппен сүртердей халде емеспіз ғой.

Жиырманшы ғасырда әлемдік сахнаға қазақ өнері аз шықты ма? Оның қай саласының да дүниеге мәшһүр тұлғасы жоқ па?!

Қазақ ғылымының талай саласында әлемдік бәсекеге төтеп бере алар талай саңлақ жетілмеді ме?!

Қазақ спорты бұл ғасырға дейін әлемдік сайыста түйдек-түйдегімен додаға түсіп, түйдек-түйдегімен жүлде алып көріп пе еді?!

Қазақ кітабының бәрі-бәрі ауыл айналып, үй күшік боп қалып па?!

Қазақ саясаты қазіргідей екі талай кезеңде күн сайын жауырынымен топырақ қауып жатыр ма?

Әлде, бұның бәрі өрге басқаныңнан гөрі өмірем қапқаныңа пейіл екенін талай рет ашық көрсеткен озбырлық жүйенің жомарттығы ма?

Жоқ, жиырманшы ғасырда қытымыр дүниенің пейілі кеңіп, бәрі оңайлап кетті ме? Бәлкім, бұл жиырма ғасырда қара тасты жарып шыққандай қайсар қазақ рухының қай кездегіден де тереңірек суарылып, кемелірек шыңдалып, кеңірек танылғандығының

арқасы шығар. Біздің топырағымызды сонау Қорқыт, Фараби, Ясауи заманынан рухани ұстаздық дәстүрінің үзілмей келе жатқандығының арқасы шығар.

Расында да, тіпті ең бір түнек кезеңдердің өзінде де ұстаздық шырағданы өшпепті ғой...

Тығырыққа тірелген халыққа рухани шыңдалудан басқа жол жоқ екенін ұқтыруға тырысқан Ыбырай, Шоқан, Абайлар болмаса ғасыр басындағы өз бетімен омбылап сүрлеу салуға тырысқан Алаш сардарлары шығар ма?!

Олардың өнегесі өздерімен бірге өлсе, көз көрмеске әкеткен көр топырақтары жасырылмай жатып, қазақ баласын Ғани Мұратбаев сынды мектепке, Ахмет Жұбанов пен Илияс Омаров сынды сахнаға, Қаныш Сәтпаев сынды ғылымға жетелеп шығарып, тәй басқызып жүрген тәлімгерлер туар ма еді?!

Мен Өзбекәлі Жәнібековтің тарихтағы орнын сол санаттан іздеймін. Маған біздің дәл күні бүгінгі ғылымдағы, мәдениеттегі, спорттағы, саясаттағы, басқару ісіндегі қай қайраткерлеріміздің де тұсауын сол қиғандай боп көрінеді де тұрады.

Алпысыншы жылдардағы рухани жандану жастардан басталды дейтін болсақ, сол кездегі жастар ұйымын Өзбекәлі Жәнібеков басқарды. Жаңа есімдердің көрінуі жастар сыйлығын алудан басталатын. Музыкадағы Еркеғали, Ғазиза, Шәмшілер, әдебиеттегі Әнуар, Олжас, Қадыр, Жүмекен, Тұманбай, Мұхтар, Оралхан, Сайындар, спорттағы Әбдісалан, Әбілсейіт, Темірлер қоғамдық сахнаға тап осылай аттанған-ды. Ол дәстүр кейін жемісті жалғасып, күні бүгінге дейін елең еткізерлік елеулі дарындардың бәріне ортақ тағдырға айналды. Хрущевтің «Жылымық кезеңі» бітерде, әдебиет пен өнердің қайтадан үсікке іліге бастаған жас өскіндерін жастар ұйымы қанатына алды. Тап сол жылдары жастар газетінің әдебиет пен өнер бөлімінде істегендіктен оның қыр-сырын көре қалдық. Өзбекәлі Жәнібеков, Михаил Есеналиев, Кәркен Ахметов, Санжар Жандосов, Камал Смайылов, Шерхан Мұртаза сынды жастар жетекшілері панасына алмағанда масақты орғанды қойып, балаусаның өзін қырқып тастауға құлықты пиғылдар ол жылдары да ап-айқын көрінген-ді.

Қазақстан экономикасының жаңа салаларында да ұлттық жасақ қалыптастыру сол жылдардағы жастар ұйымынан басталды. Әсіресе, индустриялық еңбекпен ауыздануымызға да сол жылдардағы жастар жетекшілерінің бастамашылдығының атқарған қызметі айрықша.

Ұлттық мемлекеттігіміздің қайтадан қалпына келтірілуіне, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өз-ағаңның сіңірген еңбегі ерекше.

Күні бүгін мемлекеттік билігіміздің ең шырқау биігінен бастап барлық деңгейінде де сол жылдардағы жастық ізденістер мектебінің түлектері отыр.

Оны былай қойғанда, қайта құру жылдарындағы дүмпүлі, ең талма кезеңде Өзағаңдай көреген саясатшы әлеуметтік құштарлықтар арнасын ақтаңдақтарды толтыру, тарихи зердені қалпына келтіру, мәдени мұраларды қорғау, тіл мәртебесін көтеру, отаншылдық тәрбиені жолға қою, жас ұрпақты заманға лайық кәсіптерге баулу сынды өрелі істерге уақтылы бұра білді. Бұның қай-қайсысы да бүгінгі таңда егемендігімізді нығайтудың ең басты бағыттарына айналып отыр.

Ол өзі көре салған, ести қалған азамат ағалары жайында әрдайым тебірене әңгімелеп отыратын.

Бәлкім, сондай құймалақ әрі жұқа жүрек шәкірт бола білгендігінен де соншама өнегесі мол кісілікті ұстаз бола алған шығар. Өзі де, міне, енді сол жұрт тамсанатын ұлағатты ұстазға айналды.

Қазақ даласының оның қолы тимеген киелі тасы жоқ. Талайлардың маңдайында оның аялы алақанының табы жатыр.
Елі мен жері туралы жүрекжарды сырлары мен ойларының көпшілігі көкірегінде кетті. Бір парасы ғана қағазға түсіп, кітап боп қаланып қалды.
Ортамызда жүрмесе де, мерейі үстем, өнегесі өмірлі бола бергей.

Михаил ЕСЕНӘЛИЕВ

ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАУМЕН ӨТКЕН АЗАМАТ

Жылдар өтер, ел де осы дағдарыстан шығар. Тек қомағайлар мен шенеуніктердің аз ғана шоғыры емес, халық терең тыныс алып, ертеңгі күніне сеніммен қарай бастары анық. Жас ұрпақ кемелдікке жетіп, өтпелі кезең деген уақытты – оның материалдық, моральдық, психологиялық тұрпатын қорқынышты түс көргендей есіне алатын шығар.

Қатардағы қарапайым адам бұлдыр болашақты емес, құдай берген аз ғұмырында, шіркін, солай болса-ау деген игі өзгерістерді аңсайды, өйткені біз бұл өмірге уақытша ғана қонақ емеспіз бе? Бұл жағдайда баршаның, әсіресе, саясатшылардың, үлкенді-кішілі билік басындағылардың әрдайым есінде ұстағаны жөн болар еді.

Осыны қарапайым анық түсіне білген және өзіне бұйырған ғұмырды түгелімен қоғамның, ұлттың өміріндегі игі істерге арнаған реалист қайраткерлердің бірі – біздің замандасымыз, әрі жақын досымыз Өзбекәлі Жәнібеков болды. Өзгелерге ұқсамайтын тұлға, ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Өзбекәлі нақты істерімен ел тарихында із қалдырды.

Өкінішке қарай, соңғы кездері ол жиі ауырды. Демікпе сырқаты оны титықтатып, ұйқысыздық пен жөтел бойындағы қуатын әлсіретті. Алматыда, Бішкекте, шет елдерде емделді. Аздаған уақытқа ғана жаны жай тауып, көп кешікпей бәрі қайтадан басталатын. Бұл жылдары оның халін сұрап барып тұрғандар көп болған жоқ. Туыстарынан өзге Өмірзақ Айтбаев, Шерхан Мұртаза, Ғайнекен Бибатырова, Дина Әбдірахимова, тағы да сондай екі-үш жолдастары болатын.

Ауруханада кездесіп, көңілін сұрап, сөзін тындап, ой бөлісіп кететінбіз. Алпыс жасқа келгенше оның шашы антрацит көмірі сияқты қап-қара еді. Соңғы кезде шаштары қатты ағарып, асықпай, әлсіз дауыспен сөйлейтін ақсақалға айналып еді. Ауру ешкімді де аямайды ғой. Ол күш-қуатты тауысады, алайда рухы күштілердің сағын сындыра алмайды. Біздің досымыз өмірінің соңына дейін осындай, тіршілікке деген ынтық сезімін сақтаған оптимист болды. Оған келген сайын жазуға толы парақтарын көретінмін. Ол тіпті тән азабын тарта отырып, жұмыс істеу қабілетін бір сәтке әлсіреткен жоқ. Соңында қалатындарға ойындағысын айтып, жазып кетуге асықты. Жаратқанның пешенесіне қанша уақыт жазғанын ешкім білмейді, сондықтан да болар, ол саналы өмірінде пайдалы бір іс тындыруға тырысты. Біздердің әрқайсымыздың әр нәрсеге өз сыни көзқарасымыз бар, сол себепті де біреулерді құрметтеп, енді біреуге ұстамдылықпен қараймыз. Өз басым лауазымына қарамастан, өмірде қиын да болса өз жолымен жүрген, мықты сүйеніші, қоңды күмәнжігі, не ықпалды туыстары мен жерлестері сияқты тіректеріне арқа сүйемейтін, ешкімге

жағынбай, ешкімнің алдында жорғаламай, қателесе жүріп, талай төмпештерді көре жүріп, өз деміне піспей, көкірек кермей, шырт етпе шамшыл болмай, тұтас тұлғаға айналған адамды сыйлаймын. Өзбекәлі Қазақстанның осындай қайраткерлерінің қатарында болатын. Қазақстанның комсомол ұйымының ғана емес, сондай-ақ Кеңес одағына танымал жастар жетекшісі ретінде жемісті еңбек етті, БЛКЖО-ның Орталық комитетінің бюро мүшесі болды.

Сымбатты да көркем жас жігітті мен алғаш рет алпысыншы жылдары Шымкентке барған іссапарымда кездестірдім. Ол кезде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы екен, мамандығы бойынша тарих мұғалімі. Бірер жыл өткеннен кейін облыстық комитетінің бірінші хатшысы Володя Байжановты басқа жұмысқа ауыстырған кезде ол өз орнына Өзбекәліні ұсынды. Мен 1961 жылы Мәскеуге аспирантураға оқуға кетіп бара жатып комсомолдың ОК-не үгіт-насихат жөніндегі хатшылық қызметке Өзбекәліні ұсындым, тағы бір жылдан кейін менің жақын досым Қосай Егізбаев Гурьев облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып тағайындалғанда, ол да Қазақстан комсомолындағы өз орнына Өзбекәлі Жәнібековтің есімін атаған. Қазақстан комсомолы орталық комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Сағындық Кенжебаев, Володя Байжанов, Қосай Егізбаев және мен өз жолдасымыз жайында қателеспеспіз.

Білімді, қос тілді меңгерген, салиқалы, жұмысқа деген қабілеті ерекше жігіт өз ісін шырқ үйіре жүріп, басқаларға да сондай талап қойды. Сырттай қарағанда сәл дөрекілеу көрінетін, кейде бірдемені дүңк етіп, селсоқ қолын бір сілтейтін, бірақ ортақ істің мүддесі үшін жанын салып, тыпырлап жүрген жігітке бәрі кешірімді еді.

Сол жастар ұйымында жұмыс жасаған жылдары-ақ оның терең білімі мен туған халқының тарихына, ұлттың мәдениетіне, қайталанбас салт-дәстүрлері мен ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігі ерекше көзгеұрып тұратын. Ол қазақтың ұлттық рухының символындай еді. Қазақстанды көп ұлтты мемлекетке айналдыруға тырысып, белсенділік көрсетіп жүрген кейбіреулер өз ұлтынан гөрі өзге ұлттың мүддесін қолдап, сойылын соғып жатқан кезде Өзбекәлі Жәнібеков байыппен, еш күйбеңсіз, табанды, жүйелі түрде ұлттық сана-сезімі жылдам өсе бастаған республика шығармашылық интеллигенциясының жаңа толқынын қуаттап, қолпаштап жүрді.

Сол кезде Алматылық қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, кейініректе партияның Орталық комитеті Мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет жасап жүрген маған бұның бәрі жақсы таныс жәйттер еді. Табиғатындағы бастамашылдық қасиеті мен ұйымдастырушылдық талантына үстемелеп қосыла түскен интеллектуалдық қасиеттері кейіннен Торғай облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі, Мәдениет министрінің орынбасары және Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жұмыс істеп жүрген кездерінде айырықша көрінді. Өзбекәлі үшін бұл қиыншылығы мол жылдар болды. Жүктелген жауапкершілік пен міндет салмағынан емес, әрине, өйткені ол бұлардан сескенбейтін, жұмыс та істей алатын, жауапкершілікті де жақсы түсінетін. Сол кезеңдегі басшылықтың әділетсіз көзқарасынан оны бір қызметтен екінші қызметке оңды-солды ауыстырып, басына ызғырық жел үйірілген сол жылдар моральдық-психологиялық жағынан күрделі болған-ды. Басшылық тарапынан оның өз ойын ашық бөлісе алатын рухани достары аз болды. Табиғатынан ұстамды ол өзін нақты істерге ғана арнап, ерік пен мінез таныта білді.

Осы күн өткенді де, сол кездің кадрларын да, жоғарыдан берілген нұсқаулар мен бұйрықтар шеңберінде ғана жұмыс жасай алатын немесе қызмет істейтін «функционер», «шенеунік», «партократ» т.с.с жағымсыз реңктегі айдар таға отырып сынау әдетке айналған.

Қайраткер адамның жоғарыда аталған қызметкерден айырмашылығы сол: ол мемлекеттік деңгейде, кең ауқымда ойлайды әрі соған сай қызмет етеді. Өзбекәлі нақ сондай қайраткер еді. Жұмысты бар ынта-жігерімен беріле істейтін. Күнделікті істерді сол саланың аз зерттелген тұстарын іздестіре, жаңалықтармен байытып әрі болашаққа бағдар жасай отырып ұқыпты атқаратын. Бірнеше ғана мысал келтірейін. Жетпісінші жылдары Торғай облысы құрылды. 26 мың тұрғыны бар, кеншілердің мәдениет сарайы, жергілікті педагогикалық училище мен екі орта мектептен өзге ештеңесі жоқ Арқалық қаласын облыс орталығы етіп белгіледі. Нақ осы тұста облыстың идеология жөніндегі ойлы да жігерлі хатшысы күнделікті тән азығынан басқа, жан азығы да ауадай қажет екеніне өз әріптестері – облыс және аудан басшыларының көзін жеткізе білді. Сөйтіп шын мәнісінде, мекиен түзде педагогикалық институт ашылды, жаңа облыстық өлкетану мұражайы, тағы да екі ауданда мұражайлар құрылады. Өзі облыстық мәдениет басқармасының бастығымен бірге елді мекендерді аралап, азаматтардан облыстық мұражай үшін керекті экспонаттар жинастырады.

Ал облыстық музыкалық-драма театрын ашу өз алдына бір үлкен оқиға болды. Торғай облысын құрардыңаз-ақ алдында партияның Орталық комитеті мен үкіметтің Талдықорған облысын қайтадан құру туралы шешімі қабылданды. Облыс орталығы – 75 мың тұрғыны бар Талдықорғанда болашақта музыкалық-драма театрын ашу көзделген болатын. Театрға артистер тобы алдын ала дайындала бастады. Театрдың болашақ актерлері Мәскеудегі Щепкин атындағы театр училищесінде оқитын. Ал қалған актерлер қосымша Алматыдан шақырылатын болды, бір жақсысы екі ара да онша қашық емес.

Сөйтіп іс театрды ашудың нақты мәселелерін шешуге келіп тірелгенде, жаңадан сайланған Талдықорған облысының басшылары ғимарат пен актерлерге үй-жайдың жоқтығынан өнер ордасын ашу мүмкіндігіне сенімсіздікпен қарай бастады. Бұл жайында естіген Өзбекәлі Жәнібеков Орталық комитетке телефон шалып (мен ол кезде партияның Орталық комитетінде бөлім басқаратынмын), музыкалық-драма театрын Торғай облысынан ашуға рұқсат беруді өтінді. Облыстық комитет пен облыстық атқару комитетінің атынан Орталық комитетке және үкіметке ресми хат жазамыз, ал сен Жексенбек Еркінбекұлы (мәдениет министрі) екеуің бізді қолдаңдар деп өтінді.

Талдықорғанмен болған жәйттен аузым күйген мен оған: «Хат жазбас бұрын өздеріңнің облыстық және қалалық әкімдеріңмен, әсіресе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Құсайыновпен және облыстық атқару комитетінің төрағасы М.Сағадиевпен кеңесіп, ненің негізінде театр ашасыңдар және актерлерді үй-жаймен қалай қамтамасыз етпексіңдер, соны анықтап алыңдар, содан соң ғана сіздердің өтініштеріңді қарай аламыз», - деп жауап бердім. Бірер күннен кейін ол маған тағы да телефон шалып, бұл мәселені қалай шешіп жатқандықтары туралы хабарлады. Сөйтіп Жәнібековтың бастамасы мен табандылығының арқасында жаңа облыс театры да, Мәскеуден арнаулы оқу орнын бітіріп келген тамаша актерлер тобын да алды. Облыс басшылары Щепкин училищесінің түлектерін вокзалда шолақ тондармен, байпақтармен қарсы алып, оларды облыс басшылары үшін салынған үйге орналастырды.

Театр ашылар алдында Павлодар облысында іссапарда жүрген мені ол телефон арқылы бір ауданнан тауып алып, театрдың ашылу күнін хабарлады және ашылуға міндетті түрде келуімді өтінді.

Алғашқыда мен:

— Иә, театрды сүйемін, оған қуана-қуана барып тұрамын, кейде кешігіп барып жатсам машинамен де бара саламын. Бірақ әлі бір рет те театрға ұшақпен келген емеспін, пойызбен де барған емеспін, оның үстіне Павлодардан Арқалыққа ұшақ ұшпайды, тіке пойыз да жүрмейді ғой, – деп әзілдедім. Бірақ ол менің әзілімді қабыл алмады және бар шынымен:

– Егер келмесең мен ренжимін және біздің достығымыз арасында қара мысық жүгіріп өтті деп сана, – деді.

Бұл маған моральдық тұрғыдан қолдау қажет болған кез болатын.

Сондықтан да мен Павлодардан Есіл темір жол бекетіне дейін пойызбен барып, сол жерден аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Рысбек Мырзашев екеуіміз машинамен борандатып Арқалыққа аттандық. Театрдың ашылуына жарты сағат қалғанда келіп жеттік. Осылайша досымның табандылығының арқасында мен «Айман-Шолпан» атты тамаша спектакльге пойызбен келген едім.

Торғай өлкесі Өзбекәліні сүйіспеншілікпен, сағынышпен еске алады. Торғай даласында ол даңқты тұлға еді. Торғайда істеген бірнеше жылдан соң оны Алматыға қызметке ауыстырды. Орталық комитетте жаңадан құрылған халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл жерде ол жаңа іске шын ықыласпен кірісті. Республика басшылығының алдында шетелдік туристерге қызмет ететін «Отырар» қонақ үйін және Медеудегі шетел туристерінің демалыс аймағын салудың қажеттігін мәселе етіп көтерді, шетелдік туризмді дамыту, Қазақстанның халықаралық байланыстарын ұлғайту жөнінде жаңа идеяларды ойластырып жүрді. Бірақ, өкінішке қарай, оны тағы да шетқақпайға салып, Мәдениет министрінің орынбасары етіп жіберді. Әрине, Мәдениет министрлігі үшін тәжірибесі мол, кемел ойлы, қайраткер олжа еді. Кәсіптік өнер саласында тәжірибелі, адамгершілік қасиеті жоғары, кісілігін кір шалмаған, көп жыл Мәдениет министрі болған Жексенбек Еркінбеков Ө. Жәнібековке іс-қимылдар еркіндігін бере отырып, оның білімін, тәжірибесін, ұйымдастыру қабілетін ұтымды пайдалана білді. Нәтижесі болмай қалған жоқ. Өзбекәлі өзінің сүйікті ісін тауып, Түркістандағы Ахмет Ясауи мавзолейінен бастап, Мәдениет министрлігі орналасқан әкімшілік үй-жайларын күрделі жөндеуден өткізумен бірге, мәдениет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жұмысына барынша беріліп кетті. Болашақ жағдайын алдын-ала жан-жақты ойластырып, маңдай терін төгіп жүріп тындырған тағы бір үлкен жұмысы – бұл күнде республика мақтанышы болып отырған ұлттық музыка аспаптарының мұражайы еді. Бұл мұражайға оны құрған адамның есімін берсе де болар еді.

Алматы консерваториясының профессоры Болат Сарыбаев халық аспаптарының әуесқой жинаушысы еді. Оның шағын үш бөлмелі пәтері музыкалық аспаптарға толы болатын. Бір күні Жәнібеков екеуіміз пәтеріне бардық. Б. Сарыбаевқа Мәдениет министрлігіне қарайтын, өзі басқара алатын халық аспаптарының мұражайын құру идеясын ұсындық. Экспонаттарын, тиісті ақысына, келешек мұражайға берсе деген тілек білдірдік. Біздің ойымыз іске аспады, Сарыбаев ұсыныстан бас тартып, профессор өз пәтерін кеңейтуді өтінді және жеке мұражайы болуын қалайтындығын айтты.

Мүмкін қазіргі жағдайда бұл идея іске асар ма еді, ол кезде заман басқаша болды ғой. Біз түк бітірмей қайттық және талқылауды министрлікте жалғастырдық.

Жәнібеков: «Мұражайды бәрібір құрамыз, аспаптардың бірқатарын облыстық, мұражайлардан аламыз да, бір бөлігіне консерваторияның шеберханасына тапсырыс береміз, біразын бәрібір Б. Сарыбеавтан сатып аламыз», – деді. Қаланың орталығынан үй-жай керек. Ол кезде жаңа Офицерлер үйін салуға байланысты оның революцияға дейінгі ағаштан тұрғызылған үйін қуыршақ театрына беру туралы шешім қабылданған. Министр Еркінбеков пен оның орынбасары Жәнібеков келісе отырып қуыршақ театры үшін басқа үйді іздестіруге, ал бұл ескі үйді қайта жөндеп, ұлттық музыка аспаптарының мұражайына пайдалану туралы шешім қабылдайды. Осы үйді жөндеуден бастап мұражай ашылғанға дейін Өзбекәлі бірқатар шеберлерді шақырып, мамандарды тарта отырып, объектіге «бас прораб» болды.

Шығармашылыққа, ізденіске толы жасампаз жұмысын Жәнібеков бірнеше жыл қатарынан Алматы облатком төрағасының орынбасары болған кезінде де жалғастырды. Облыстық филармонияның «Алтынай», «Адырна» шығармашылық ұжымдарын құрып, нығайту Жамбылдың мұражай-үйін қайта салу және көптеген игі істер оның тікелей араласуының арқасында жүзеге асқан болатын.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып көп жыл қызмет атқарған маған онымен бірге жұмыс істеу қызықты еді, әрі Өзбекәлі Жәнібеков тәрізді қайраткерлерді қолдаудан жаным рахат табатын. Өкінішке қарай, рухани дамудың келешектегі проблемасына аландайтын, түсінетін және ұлттың өзіндік ерекшеліктерін білетін мұндай адамдар көп емес еді.

Сол кезде Қарағанды партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеп жатқан Дина Ерғазықызы Әбдірахимова: «Сіз Өзбекәліні қолдайсыз, мақтайсыз, бізді сынайсыз. Біз бұрын бәріміз комсомол жұмысында әріптестер едік, біздің арамыздағы қарым-қатынастар сенімге, риясыз достыққа құрылатын», – деп наз айтқандай болатын. Сонда мен: «Дина, сіз ағымдағы істерге, бүгінгі күнге зор үлес қосып жүрсіз, ал Жәнібеков болса келешекке де жұмыс істеп жатыр. Міне, сондықтан да мен оны мақтаймын әрі қолдаймын», – деуші едім.

Зейнет демалысына кетер алдында оған тағы да ауыр салмақ түсті. Өзбекәліні өкіметке «қолайсыз» адам ретінде он жыл бойы анда-мұнда, бір жақтан екінші жаққа қуған болса, енді 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін, Колбиннің кезінде бір жылдың ішінде екі рет көтерді. Алдымен Мәдениет министрі, сосын Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы етіп қойды. Бұл Орталық комитеттің «аппараттық» құлығы еді. Бұрын кім жақпаған болса соны жоғарылату және оны өзіне шын берілген жақтаушыға айналдыру дейтін де тәсіл болатын.

Әйтсе де Ө. Жәнібеков қалыптасқан тұлға болатын және ол уақытша «көсемдерге» емес, өзінің – Отанына, өз халқына адал қызмет етті. Сондықтан да сол кезде Желтоқсан оқиғалары жөнінде Орталық комитет қаулыларының және Колбиннің қысымының астында жүріп ол өз мүмкіндігінше, біріншіден, әлгі оқиғадан кейінгі соққыларды жұмсартуға талпынды. Екіншіден, Колбиннің басталып келе жатқан «қайта идеяландыруын», жалған «демократтығы», оның «екі жылда қазақ тілін, мәдениетін зерттеу» ниетін Өзбекәлі Жәнібеков ұтымды пайдалана білді. Орталық комитет хатшысы бола жүріп Ғылым академиясының ғалымдарымен бірге жиырмасыншы жылдардағы саяси және творчество қайраткерлері – «Алаш» партиясы лидерлерінің даңқты есімдері мен еңбектерін халыққа қайтару жөнінде зор жұмыс жасады.

Өзбекәлі Жәнібековтың тұлға ретіндегі тағы бір қырын ерекше айтып өту керек. Оның жүрегінде туған Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік сезімі ерекше еді. Ол осы перзенттік парызын нақты істермен ақтауға тырысты. Өзбекәлі ұлт тағдырына қатысты арғы-бергі тарихты, тілді, халықтың дәстүр-салтын терең білетін, сол себепті де ол этнография, мәдениет мәселелеріне байланысты зерттеу жұмыстарымен айналысып, соңына мол мұра қалдырып кетті. Халықтың рухани қажетіне жарайтын бірнеше құнды кітаптар жазды, диссертация қорғады. Алқымға жармасқан аурумен жағаласып жүріп, екі кітаптан тұратын естеліктер кітабын жазып шығарды. Ол осындай жеңілуді, шегінуді білмейтін ер еді.

Ол халқы үшін өмір сүрді. Жанына қылаудай кіршік түсірмей қайырымы жоқ, қиянат-құқайы көп өмірден еңкеймей, кеудесін шалқақ ұстап өтті. Ол өмірін туған халқының болашағына арнаған ағаларымен бір сапта тұрады.

Зақаш КАМАЛИДЕНОВ

ЖАСТАРҒА КӨСЕМ БОЛҒАН ӨЗЕКЕҢ

1998 жылдың 29 қазанында Бүкілодақтық комсомол ұйымына 80 жыл толды. Бұл күн бұрынғы Одақ көлемінде әр түрлі деңгейде атап өтілді. Әрбір қоғамның болашағы – жастар. Олармен жұмыс жасау, оларды тәрбиелеу үлкен мәселе. Сексен жылдық уақытты ала отырып, қазіргі ойландыратын нәрсе – Қазақстан жастарының болашағы қандай болады, олармен қандай ұйымдар жұмыс жасауы керек?

Біздің республиканың бірқатар қалаларында да бұл күн атап өтілді. Осы күні Алматыда Ғалымдар үйінде бұрынғы комсомол қызметкерлерінің біразы жиналып, өздерінің жастар ұйымында қызметте болған уақыттарын және кімдермен істес болғандарын еске алып, әңгімелесті. Бұлар – қызметте қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші жылдары бірге болғандар еді. Ең алдымен соңғы жылдары арамыздан кеткен комсомолдық азаматтар еске алынды. Соның бірі – кеше ғана өмірден кеткен ағамыз Өзбекәлі Жәнібеков. Бәріміз орнымыздан тұрып, марқұм ағаларды еске түсірдік. Қатысқан адамдардың көпшілігі Өзекеңмен бірге жасаған, Өзекеңнің тәрбиесін көрген азаматтар, қазіргі абыройлы аталар мен әжелер. Сөйлегендер Өзекең туралы жақсы естеліктер айтты. Қазақстан комсомолының тарихында бірінші хатшылық қызметті ең көп жасаған азамат Өзекең еді, ол тоғыз жылға жуық еңбек етті.

Мен бірінші хатшы болып Өзекеңнен кейін, 1970 жылдың желтоқсан айында сайландым. Өзекең тәрбиелеп өсірген Орталық комсомол комитетінің аппаратын қабылдадым. Ол уақытта мұнда жүзге жақын қызметкер болатын. Сол кезде менің өзім де біраз өмір саласынан өтіп келген едім. Мәскеудің академик И.Губкин атындағы институтынан кейін Атырау облысында мұнай өндірісінде, аудандық, облыстық комсомол ұйымдарында, Ақтау қалалық партия комитетінің хатшысы, облыстық кәсіподақтар ұйымының төрағасы ретінде еңбек еттім. Азды-көпті тәжірибе жинақтаған мен орталық комитет қызметкерлері өмір көрмеген, жап-жас адамдар шығар деп ойлайтынмын. Бұл ойымның үстірттігін аппаратпен танысқанда бірден түсіндім.

Сол уақытта Өзекеңмен бірге қызмет жасаған Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бюро мүшелері Кәркен Ахметов, Қалаубек Тұрсынқұлов, Шерхан

Мұртаза, Никара Абаева, Валерий Энголи үлкен беделді, білімді қызметкерлер болатын.

Сол сияқты бөлім басшылары Аманша Ақпаев, Светлана Шалахметова, Болат Ыдырысов, Владимир Братт өздерінің жұмыстарына ұқыпты қарайтын азаматтар екен. Тіпті, қарапайым нұсқаушылардың өздері аудандарда, облыстарда жастармен қызмет істеп келген тәжірибелі жігіттер мен қыздар. Солардың біразы кейінірек республикаға белгілі министрліктердің, облыс әкімшіліктерінің қызметкерлері болды, бірқатары қазірдің өзінде басшылық орындарда істеп жатыр. Менің айтайын дегенім, Өзекеңнің, өзі басқарған Орталық комитеттің кадрларын дұрыс іріктеп, оларды тәрбиелеп, лайықты орындарына қоя білуі. Мен кейінгі сегіз жылда Өзекеңнің өсірген бірде-бір қызметкерін тәртіп бұзды, қолынан іс келмеді деп жұмыстан босатқан жоқпын, ондай адамдар болған да жоқ. Кейбір басшылар келе сала өзінің айналасына туысқандарын, жолдастарын, таныстарын жинай бастайды; өзі қай облыстан болса, сол облыстан адамдар келе бастайды. Кадр іріктеудегі негізгі тәртіп – саяси білімділігі, өз мамандығын жақсы білуі мен моральдық жағдайына қатысты болуға тиіс. Өзекеңнің кадрлары – осы талаптың бәріне сай болатын. Бір сөзбен айтқанда, Орталық комитет – бүкіл Қазақстан жастарының штабы-тұғын, ол штапта республиканың түкпір-түкпірінен келген жастар істейтін.

Сол уақыттағы штабтың орналасқан жері – Орталық комитеттің тамаша ғимараты да Өзекеңнің есімімен байланысты. Бұл – комсомолдың ақшасына салынған алты қабатты жаңа, әсем үй, тұрған жері де атына сай – Комсомол көшесі. Үйдің жобасын Алматыдағы «Казгинпрониитбыт» жобалау институты жасап, үйдің архитектуралық сәніне мән беріп, көп еңбек етті.

Өзекең Орталық комитеттің үйін уақытында бітіру үшін құрылысшыларға үлкен талап қойды. Мен қызметке кіріскен кезде бұл үй түгел бітуге жақын екен. Аппараттың қызмет жасауына барлық жағдай жасалған. Жердің рельефіне қарай, астыңғы қабатта 450 орындық зал, кең фойе, кітапхана, асхана орналасқан. Үш-төрт айдың ішінде барлық құрылыс жұмыстарын бітіріп, ішкі жабдықтау істерін де ойдағыдай аяқтадық. Бұл ғимарат сол кездегі бүкіл Одақтағы Жастар үйлерінің ең жақсысы деген бағаға ие болды.

Орталық комитет үйінің өзі біздің елде жастарға қандай мән берілетінін, комсомолдың қандай күшті ұйым болғандығын көрсетіп тұратын. Осы үйдің маңдайына ескертпе тақта қадаған дұрыс болар еді деп ойлаймын. Оған былай деп жазса: **«Бұл ғимаратта 1970 жылдан 1991 жылға дейін Қазақстан Орталық комсомол комитеті жұмыс жасады. Ғимараттың салынуына басшылық еткен Өзбекәлі Жәнібеков».** Бұл – біздің еліміздің тарихы. Тарихымызды ұмыту, ештеңе білмеушілік осындайдан басталады.

Өзекеңнің бұл тәжірибесі біздерге жақсы үлгі болды. Үш-төрт жылдың ішінде жастар тұратын «Молодежная» атты екі жүз орындық қонақ үйін, Талғар ауданында таудың етегінен жастар демалатын сексен орындық алты коттедж салдық. Алматының Неке қию сарайының артындағы ғани Мұратбаев көшесінде республикалық жастар орталығын да салмақ болдық...

Өзекеңнің болашақ үшін жинап, қалдырып кеткен мұраларының бірі – Қазақстан комсомолының мұражайы болатын. Оны 1971 жылдың басында салтанатты түрде аштық. Мұражайда Қазақстан комсомолының алғаш құрылуына (1921 жыл, 7-шілде) қатысты жинақталған тарихи материалдардан бастап, Ю.Гагариннің космостағы электрондық сағатына дейін болған еді. Жылма-жыл мұражайдың экспонаттары

көбейіп, жаңа орын іздеуге тура келді. Оны Орталық комитетінің қасынан, Чайковский көшесіндегі үйдің бірінші қабатынан салдырдық. (Автомобиль жолдары құрылыс министрі Леонид Борисович Гончаров көмектесті). Бірнеше залы бар, көптеген мұра жинақталған бұл мұражай да кейіннен жабылды, экспонаттары шашырап кетті.

Өзекеңнің тамаша қасиеттерінің бірі – халқымыздың тарихына үлкен мән беретін және жақсы білетін. Жастардың тарихты жақсы білуі үшін мұражайлар ұйымдастыруға көп көңіл бөлді. Өзекеңнің еңбегімен Қазақстан жастарының көсемі Ғани есімі қайта көтерілді. Бар-жоғы 23 жыл өмір сүрген Ғани Мұратбаев Қазақстан мен Орта Азия елдерінің, соның ішінде Өзбекстан жастарының басшысы болды. 1975 жылы Ташкентте Өзбекстан Орталық комсомол комитетінің үйінде Ғани Мұратбаевқа арналған мұражайдың ашылғанына қатысқанмын.

Өзекеңнің қолға алуымен Қызылорда облысының Қазалы қаласында Ғани Мұратбаевтың өмірі мен еңбегіне арналған мұражай ашылды. Ол мұражай қазір де жұмыс жасап тұр. Ғаниға ескерткіштер орнату жөнінде Өзекең біраз еңбек етті. Калинин (қазіргі Қабанбай) көшесі мен Сейфуллин көшесінің бұрышындағы Ғани Мұратбаев атындағы пионерлер сарайының алдына тас қойылған екен. Онда «Бұл жерге Ғани Мұратбаевқа ескерткіш қойылады» деп жазылған. Бірақ әртүрлі себептермен бұл мәселе шешілмеді. Ескерткішті Орталық комсомол комитетінің алдына қоямыз деп біраз ойландық. Сол жылдары республикалық пионерлер сарайы салына бастады. Бұл ғимарат Ленин даңғылы мен Сәтбаев көшесі қиылысында тамаша архитектуралық құрылыс болып бітті, қазір «Оқушылар сарайы» деп аталады. Соның алдына Ғани Мұратбаевтың ескерткіші қойылды. Авторлары – скульптор Төлеген Досмағанбетов пен архитектор Шота Уәлиханов. Қазір ескерткіш жетімдеу болып тұрған сияқты. Оқушылар сарайының қасына қойылғанмен, оған барып гүлшоқтарын қойып жатқан жасөспірімдер көрінбейді.

Өзекең Шымкент облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып істеген уақытында үлкен қиындықтарды жеңіп, Ғани Мұратбаевқа қаланың ортасынан ескерткіш орнаттырған. Ол ескерткіштің қалай жасалғандығын, кімдер қарсы болғандығын Өзекеңнен кейінгі бірінші хатшы болған Дүйсенкүл Бопова жақсы біледі.

Өзекеңнің Ғани жөнінде жасаған үлкен еңбегінің тағы біреуі – оның зиратының басына ескерткіш орнату болды. Ғани Мұратбаев Мәскеуде 1925 жылы қайтыс болып, үлкен құрметпен (қаралы митингіде үкімет басшыларының бірі Подвойский сөйлеген) Ваганьков бейітіне қойылған. Ғанидың қайда жерленгенін жұртшылық біле бермейтін, 45 жылдың ішінде ешкім бармаған. Өзекең Сейілхан Асқаров деген журналистпен танысып (ол кісінің көп жылдар Ғани жөнінде жазып жүргенін біледі), оны Мәскеуге жіберіп, Ғанидың жерленген жерін таптырып алады. Содан кейін Мәскеудің бір зауытына заказ бергізіп, ескерткіш құйдыра бастайды. Бірақ, оны бітіре алмай, басқа жұмысқа ауысады. Бұл жұмысты мен қолға алып, бірнеше рет Асқаровты Мәскеуге жіберіп, зауытта жасалып жатқан ескерткішті бірер жылдың ішінде бітірткіздім. Алып келіп орналастыру кезінде ескерткіш Ғанидың жатқан жеріне сыймады. Оны қайтадан зауытқа жіберіп дұрыстатып, сонан соң апарып орнаттық. Ескерткіш өте әдемі. Ғанидың мраморға қашалған үлкен рельефті мүсіні, адамға ерекше әсер қалдырады.

Көп ойланып, бүкілодақтық комсомол ұйымдарының бірінші хатшыларының бір айлық курсы жүріп жатқан уақытта салтанатты түрде ашатын болып келістік. Ғанидың зайыбы Бақыт апайды және оның немере қызын Мәскеуге шақырдық.

Сөйтіп, ескерткіш 1972 жылы жазда ашылды. Бұл митингке Орталық комитеттің хатшылары Борис Пастухов, Леонид Матвеев, Зоя Новожиловалар, Совет Одағының барлық комсомол ұйымдарының бірінші хатшылары қатысты. ВЛКСМ Орталық комитетінің бірінші хатшысы Е. Тяжельников Ғани Мұратбаевқа Қазақстан мен Орта Азия жастарының ұйымдастырушы-көсемі ретінде жоғары баға беріп сөйледі. Бір сағатқа созылған митингі уақытында жылы жаңбыр жауып тұрса да, оған ешкім мән бермеді. 200-ге тарта комсомол қызметкерлері қол шатырлары астында тұрып, қазақ халқының тамаша ұлы, «Шығыстың жұлдызы» Ғани Мұратбаевты еске алды, оның кім екенін білді. Ертеңгі күні «Комсомольская правда» газеті бұл митингіден суреттерімен үлкен репортаж берді. Осылайша Өзекеңнің бастамасымен жалынды Ғани бүкіл совет еліне белгілі қайраткер ретінде танылды. Біздерге мұны да ұмытуға болмайды. Бұл – біздің тарихымыз.

Мәскеудегі елшілігіміздің азаматтары, қазақстандық жерлестер жылына бір рет Ваганьков мәйітіне барып, Ғаниды еске алып, гүлшоқтарын қойып тұрса дұрыс болар еді. Сондай-ақ, мұны Мәскеуге Қазақстаннан барған туристік топтардың бағдарламасына кіргізсе де артық болмайды деп ойлаймыз.

Өзекең қызмет істеген жерінде із қалдыра білген азамат. Комсомол жұмысынан кейін Өзекеңді Қазақстан орталық партия комитеті Торғай облысын ұйымдастыруға жіберді. Бұл облыс – орталықтан алшақ жатқан, экономикасы өте артта қалған Ақмола, Қостанай облыстарының аудандарынан құрылды. Облыстың орталығы, меніңше, дұрыс таңдалмаған. Есіл, Державинка сияқты теміржол бойында орналасқан поселкелер облыс орталығы бола алатын еді.

Облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө. Жәнібеков оқу, мәдениет, тұрмыстық мәселелерге қызу кірісті. Ең алдымен, облыс орталығын тездетіп салу үшін, СКСР комсомол басшысы Е.Тяжельниковке барып, Арқалық қаласын салу ісін бүкілодақтық комсомол құрылысы ретінде жариялауға келісім алды. Комсомолдық штаб құрылып, оған өзі тікелей көмек жасады.

Облыстық комсомол ұйымы құрылғанда оның бірінші конференциясына ВЛКСМ Орталық комитетінің екінші хатшысы Б.Н.Пастухов, Мәскеу облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы В. Сухорадо, космонавт В.Горбатко қатысты. Мен облыстық комсомол ұйымының туын тапсырдым. Бірінші хатшы болып Б.Бырбаев сайланды. Конференция өткізетін орын болмай, бір ескі саманнан салған үйде (сол поселкенің клубы) өткізілді. Жұмыс уақытында жарық сөніп қалып, 30–35 градус суық ауада есіктерді ашып қойып, конференцияны күн жарығымен өткізуге тура келді. Ол уақытта Арқалықта қонақ үйі де болмайтын. Біз Б.Пастухов екеуміз қалалық партия комитетінің бірінші хатшысының кабинетінде түнеген едік. Партия ұйымдарының басшылығымен, комсомолдық жолдамалармен Мәскеуден, Алматыдан, басқа қалалардан келген мыңдаған жастардың, студенттік отрядтардың күшімен Арқалық 3–4 жылдың ішінде облыстық орталыққа айнала бастады. Тез арада үлкен самолеттер қонатын жол салынып, астаналарға әуе қатынасы ашылды.

Өзекең аудандардағы оқу, мәдениет орындарын аралап, олардың жұмыстарына біраз жаңалықтар енгізді. Облыста теледидар каналдарын ашқызып, хабар жүргізе бастады. Алматыға да келіп, «Біз – Торғайданбыз» атты хабарды өзі жүргізді.

Өзекеңнің Торғайда қалдырған үлкен ізі – ол Арқалықтағы музыкалық-драма театры. Бұл театрға Өзекең жер-жерден әртістер жинады. Мәскеуге Щепкин атындағы актерлер дайындайтын училищеге жастар жібертті. Олар оқуларын бітірген соң, қайта Арқалыққа театрға келді. Орталық партия комитетінде хатшы болып

істеп жүргенде Торғайда болып, сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Оразбек Қуанышовпен театрға бардық. Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасы жүріп жатыр екен. Әртістердің ойыны, музыкалық сүйемелдеу, декорация бәрі үлкен әсер қалдырды. Әртістермен сөйлескенде олар Өзекеңнің театрды қалай ұйымдастырғанын жыр ғып айтып берді. Өзекең дегенде әртістер ерекше құрметпен, үлкен сүйіспеншілікпен сөйледі. Сол уақытта маған бір ой келді: «Неге Өзекеңдей кісі мәдениетті басқармайды?» Әрбір саланы басқару үшін қызметкер сол саланы терең біліп, оны өте жақсы көруге тиіс. Өзекең мәдениет үшін жаралған жан еді.

Торғайдан Алматыға келген соң, ол Орталық комитетте шетелдермен қатынас жөніндегі бөлімді басқарды. Мұндай бөлім бірінші рет құрылып еді. Өзекең бұл жерде де көрнекті із қалдырып кетті. Қазіргі Алматы әкімшілігі оңтүстік астананы туристік орталыққа айналдырамыз деп жүр. Бұл бағытты Өзекең жетпіс бірінші жылдарда бастап еді. Сол уақытта салынған Медеудегі «Ауыл» туристік комплексі, «Медеу» мен «Отырар» қонақ үйлері, халық музыкалық аспаптар мұражайы, мың орындық «Қазақстан» қонақ үйі, аэровокзал, бірінші темір жол вокзалы, т.б. объектілер біздің Алматыны жер жүзіндегі ең әдемі қалалардың қатарына енгізді.

Бірде жаздыкүні «Ауылға» барғанымызда басшысы мынадай жайды айтты: Германиядан келген туристер ылғи да киіз үйге орналасуды өтінеді екен. Өйткені, олар үшін киіз үйге бір түнеп шығу – өмірде мүмкін бір-ақ қайталанатын сәт болуы мүмкін. Ал осы идея үшін, сол жерге киіз үйлерді апарғызғанда Өзекеңе қарсы болғандар да аз болмап еді.

Көреалмаушылық деген жаман қасиетіміздің арқасында, Өзекеңе шетелдермен қатынастар бөлімінде шындап қызмет істеуге, барлық ойға алған істерін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Сол уақытта Өзекеңе аздап билік беріп, барынша қызмет істеткенде Алматы қазірдің өзінде туристерге толы қала болар еді деп ойлаймын...

Өзекең бірде Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы совхозының бітіп жатқан мәдениет сарайын көрсетті. Ондай сарай көптеген аудан орталықтарында жоқ. Таң қалатын нәрсе, Өзекең сарайдың орындықтарына дейін өзі тандап алып (басқа республикалардан әкелдіріп), қалай орналастыруына дейін айтып жатты. Өзекең алыстан басқармай, қызметке тіке араласатын кісі еді. Ұнамаған нәрсені тікелей, бетің бар-жүзің бар демей, айтып салатын. Бірақ, ешкімге кек тұтпайтын.

1987 жылы беделді Мәдениет министрі Жексембек Еркімбеков денсаулығына байланысты қызметтен босатуды сұрады. Жаңа министр тағайындау керек болды. Көп ойландым, бұндай жерде қате жіберуге болмайды. Арқалықта әртістермен кездескенім, олардың Өзекеңе мәдениет жөнінен жоғары баға бергендері есіме түсті. Өзекеңді Мәдениет министрі болуға шақыруға шешім қабылдадым, Орталық комитеттің бюро мүшелерімен келістім. Өзекеңді Орталық комитетке шақырып сөйлескенім әлі есімде. Оған ұсыныс жасағанымда: «Менен жас адам таба алмадың ба?» –деп күлімдеді. Мен: «Өзеке, қазіргі уақытта мәдениет саласын сізден артық білетін кісі жоқ. Бірге жасайық», – дедім. Ол кісі жылы шыраймен келісімін берді. Келесі күні Мәскеуге КПСС Орталық комитетіне, одақтық Мәдениет министрлігіне жүріп кетті. Ол жақтан біз қолдау таптық. Сөйтіп, Өзекең Мәдениет министрі болды. Бұл Өзекеңнің екінші рет республикалық жоғары аренаға шығуы еді.

Өміржолында Өзекеңе кеуіміздің кездескен жолдарымыз біраз болды. Жастармен жұмыс жасағанда, эстафета тапсыру деген мәнді ұғымды жиі пайдаланатын едік. Өзекең комсомолдың эстафетасын маған тапсырған. Мен де қолымнан келгенінше, аянбай сегіз жылға жуық бірінші хатшы болып, Қазақстан жастарына еңбек еттім.

Партия қызметіндегі эстафетаны Өзекеңе 1988 жылдың ақпан айында тапсырдым. Өзекең Орталық партия комитетіне идеология хатшысы болып сайланды. Өзекеңнің Орталық комитетте жасаған жұмыстарын көрген, білген, бірге істескен азаматтар жазар. Ол кісі алпысқа келер-келместе зейнеткерлікке шығып кетті.

Былтырғы 24 ақпан күні барлық газеттер Өзекеңнің суретімен некрологтар берді. Бүкіл қазақ халқы үлкен қайғыға душар болды. 23 ақпан күні кеште «Казахстанская правда» газетіне берілген Қазақстан комсомолы Орталық комитеттің бес бірінші хатшысы қол қойған «Ол нағыз патриот еді» деген азанамадан менің фамилиямды «біреулер» сыздырып тастапты... Сол тұста бүгінгі демократия, жариялылық дегеніміз осы ма деп ойланып қалдым?!

25 ақпан күні Өзекеңнің денесі қойылған пойызбен ел азаматтары – 180 шамалы адам – Алматыдан Отырарға жүріп кеттік. 26 ақпан күні таңертең Отырарда бүкіл халық жиналған үлкен митинг болды. Қатысқандар, кәрі-жас түгел жылап тұрды. Ақпанның жарық күні жерленді. Арыстанбаб әулие мазары төл перзенті Өзбекәлісін қабыл алды.

Сонда: «Өз еліңнің азаматы болсаң – Өзекеңдей бол! Хош, қайран ағам!» деген ой көкіректі кернеп тұрды.

Камал СМАЙЫЛОВ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨЗЕКЕҢ ЕДІ ҒОЙ

Алғаш рет Өзекеңмен ол Орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ал мен «Білім және еңбек» журналының бас редакторы болып жүргенде таныстым. «Жас жазушылардың кеңесін өткізейін деп едік. Қазіргі жастардың шығармашылық жағдайы, деңгейі жөнінде ой-пікірлеріңді жазып берші», – деді ол маған. Мен өзімнің байқаған, түйгендерімді жиыстырып, орысша жазып шықтым. Оның алдында «Лениншіл жас» газетінде істеген кезде біз Тельман Жанұзақов, Бек Тоғысбаев бәріміз жас ақын-жазушыларды жақтап, қорғап «Қазақ әдебиетімен» дауласып айтысқа түскенбіз. Осының бәрін Өзекең байқап жүрген екен.

Сол жиналыс өткен соң, баяндама дұрыс шыққан соң Өзекең мені редакторлықтан Орталық комсомол комитетінің хатшысы етіп шақырды. Әлі есімде, Орталық комитет пленумында мен хатшы болып сайланғаннан кейін асханада тамақ ішіп отырғанда Тұманбай: «Бір жазатын журналист кетіп, сөйлейтін бастық келді ғой», – деген.

Сол жылдары (алпысыншы жылдардың басы) Қазақстан комсомолы жастарды шопан болып қой бағындар, сауыншы болып сиыр сауындар деп қана шақырған жоқ (содан басталған), ол сонымен бірге ауыл жастарын Теміртауға келіп металлург болындар, Қарағандыға келіп шахтер болындар деп жұмысшы қатарына қосылуға шақырған, одан кейін химияға үндеп, күрделі техниканы игеруге үгіттеген.

1988 жылы 8-маусым күні Астана мен Алматы арасында тікелей телекөпір ұйымдастырылды. Тура сағат 20.00-де Астанадағы жаңа ашылған баспасөз орталығына Нұрсұлтан Назарбаев келді, бәрін көрді. Сосын стол басына отырып, (біз Алматының «Нұрсат» атты спутникпен байланыс жасау орталығының шағын бөлмесінде отырмыз) жаңа астананың ашылуына байланысты алдын ала түскен өзі оқып, оларға жауап беріп отырды.

Бір кезде біз жаққа қарап: «Мына Кәмекең (мені көрсетті) комсомолда басқарып жүргенде бізді Теміртауға металлург боласыңдар деп шақырып алған. Кейін өзі кетіп қалды», – деді күліп. Сол жерде интернет жүйесінде отырып түсінік беріп жату қиын болды. Шынында да сол істердің бәрін басқарған, атқарған бірінші хатшы Өзекең болған еді. Көмейімде ол шақыруды жасаған Өзбекәлі Жәнібеков еді ғой деген сөз тұрды. Кейін «Егемен Қазақстанда» жариялаған мақаламда соны айтыппын.

Өзекең мамандығы тарихшы болса да, табиғаты әдебиет-мәдениетке жақын тұратын. Оны терең түсінетін еді. Комсомол айналасына жас әдебиетшілер мен өнер қайраткерлері үйіріле бастады. Қазақстан комсомолының сыйлықтары алғаш рет белгіленді. Оның тұңғыш лауреаттары Әнуар Әлімжанов пен Олжас Сүлейменов болды. Сол кезде «Простор» журналы Жазушылар одағы мен Орталық комсомол комитетінің басылымы болды. «Лениншіл жастың» редакторы Әбдісаттар Бөлдекбаев Қарағанды облыстық газетіне редактор болып ауысты да, орнына адам іздедік. Бір кезде Москва университетін бітіріп келгеннен кейін «Лениншіл жаста» бірге істеген, кейін Қарағандыда тілші болған Шерханды (ол кезде «Социалистік Қазақстанда» жүрген) редакторлыққа ұсындық. Өзінің Жәнібековпен қалай кездескенін, қалай сөйлескенін, жолдама қағазды алып Мәскеуге жөнелгенін Шерхан «Лениншіл жасқа» жазған. Шерхан мен Тельман басқарған «Лениншіл жас» әдебиетшілерді қорғап «Қазақ әдебиетімен» айтысады. Соның бәрінде Өзекеңе арқа сүйегенбіз.

Орталық комитет жанынан әдеби үйірме-кеңес ұйымдастырылып, онда жастардың жаңа шығармаларын талқылап, ұнаса «Лениншіл жасқа» бастыратынбыз. Әлі есімде, бірде Сәбит Мұқанов өзі келіп «Жұпархан» деген жаңа дастанын осы үйірмеде талқылатқан. Асқар Сүлейменов аузында шылымы, есік жақтауына сүйеніп тұрып біраз сынағаны көз алдымда.

Алпысыншы-жетпісші жылдардағы жаңа көрінген, кейін ел көзіне түсіп, халық алдына шыққан қызметкер-қайраткерлердің бәрі де Өзекең басқарған комсомолдың қазанынан қайнап шыққан. Ол жұмыс десе өзін де аямайтын, өзгені де аямайтын, қатты-қатаң талап қойып, пісіретін, ширататын.

Бір қажет құжатты қызметкер өзінің білген-түсінгенінше дайындап алып келеді. Ол, әрине, Өзекеңе бірден ұнай қоймайды. «Мынауың дұрыс емес, қайта жазып алып кел!», – деп кері итеріп тастамайды. Қалсет қағаз, қалай да болса тез дайындап жөнелту керек. Әрі сол қызметкердің көзінше қағазды боршалап, қатесі қайда екенін көрсету дұрыс.

Солай етеді де. Қатені ғана айтып қоймайды, қалай жазу керек екенін үйретіп, кейде өзі отыра қалып жазып шығады. Мүмкін, бұл оның шыдамсыздығынан шығар. Бірақ, сол қолма-қол түзетілген, көзінше қайта жазылған қағазды көрген қызметкерлер нақты сабақ-ғибрат алатын.

Мен комсомолдан киноға шақырылдым. Кино комитетінің басшылары менің киноға ықылас-ынтам бар екенін сезіп жаңа ұйымдастырылған Кинематография комитеті төрағасының бірінші орынбасары етіп ұсынды. Өзекең бірге істеген адамдарды қимаса да жас кездерінде болашақ бағдарларын айқындасын деп өсулеріне кедергі жасамай, жәрдем көрсететін.

Содан мен біраз уақыт кинода жүріп, кейін Министрлер кеңесінде істеп жүрген кезде Өзекеңмен қайта ұшырастым. Ол кісі мәдениет министрінің орынбасары, мен осы аппаратта мәдениет бөлімінің меңгерушісі болатынмын. Сонда есімде қалғаны, ылғи келіп, «Түркістанға кетіп бара жатырмын», деп айтып отыратыны. Ол Түркістанға ерекше зер салып, көңіл аударған. Оны тек ықылас-ниеттен ғана емес, өзі маман

тарихшы ретінде, сол өңірде туып-өскен адам ретінде терең түсініп, нақты – біліп жаны ашитын, жаны ауыратын. Өзінің мәңгілік орнын сол қасиетті жерден тапқаны да тегін емес-ау!

Ол кесененің қорғау аймағын қозғамау, іргетасына тиіспеу керек екенін дәлелдеп, оның іргесінен туристік қалашық салсақ дегендерге үзілді-кесілді қарсы шыққан. Сол ғажайып ғимаратты жер астындағы судан қорғау, қайтадан жаңғырту, жаңарту қам-қаракеттері осы Өзекеңнің еңбегімен, қажырымен қолға алынған.

Ахмет Ясауидің қасиетті қазанын Петербургтағы Эрмитаждан алып келуге бірден-бір күш салып, ақыры орындаған да сол кездегі Орталық комитеттің хатшысы осы Өзбекәлі еді. А.Устинов екеумізге тапсырма беріп, содан біз Эрмитажға барып, бір кішкене бөлмеде тұрған қазанды көріп келгенбіз. Оны елге қайтару жолдарын Эрмижаждың директоры академик Б.Пиотровский айтып берген. Көп кешікпей ол іс те орындалды.

Сосын мен Өзекеңмен Орталық партия комитетінің мәдениет бөлімінде меңгеруші болып жүргенде қайта табыстым. Ол кісіні мәдениет министрі етіп тағайындаған бюро мәжілісінде бөлім атынан ұсынысты мен жасадым. Таныстырдым. «Өзбекәлі Жәнібекұлы жалпы басшылықты да, нақтылы істерді де қатар жүргізетін адам. Терең білімі мен мол тәжірибесі бар басшы» дедім. Қысқа, нақ айтқым келген.

Сол кезде біз бірге қызмет атқардық.

Ол кісі қайта құру кезеңінің соңын ғана көріп қалды. Ол заман сол кісінің еркін ойына, батыл ісіне кең жол ашқан, барынша мүмкіндік берген заман еді ғой. Кезінде нақақтан ұсталып жазаланған арыстарды ақтау, қайтару жөнінде шұғыл істер атқарылды. Біз бұл жұмысқа көршілерден бұрын да бірден кірісіп кеттік. Соның нағыз басында, қайнаған ортасында Өзбекәлі жүрген.

Оның идеясы, ойы деген шексіз де шетсіз болатын. Және бір идеяны, ұсынысты айтып қана қоймайды, соны ақырына жеткізіп іске асырғанша, өзі бір тыным таппайтын, өзгеге де тыныштық бермейтін. Өмір бойы маған жаны ашып, жақын тартатынын сезетінмін. Орталық комитетте бөлімдер қысқарған кезде мен Өзекеңе келіп, «баяғы журналистік жұмыстан суырып алған сіз едіңіз, енді сол журналистикама қайтарсаңыз» деп тілек айттым. Ақыры «Мәдениет және тұрмыс» журналына бас редактор болып бардым. Бір жыл істедім, әуелі затын, мазмұнын, сосын атын өзгертіп, «Парасат» деген ат ұсындым. Оны Өзекең қостады. Содан «Қазақстан коммунистіне» бас редактор болдым. Оның да атын кейін өзгертуге тура келді. Оған «Ақиқат» деген ат ұсындым. Оны да Орталық комитет хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков мақұлдады. Өзекең қайтыс болардан біраз бұрын біздің үйде бір топ адам – сол Өзекең және ол жақсы сыйлайтын Шериаздан Елеукенов, Сапар Байжанов, Төрегелді Шарманов, Шерхан Мұртаза алтаумыз отырып, біраз сұхбаттасқан едік... Өзекеңмен соңғы кездесу екенін кім білген.

Ол кісі қайтыс болғанда «Егемен Қазақстанда» мен «Халқының асыл перзенті еді» деп қайғы сөз жазғам. Сонда комсомолда, Торғай облысында, Мәдениет министрлігінде, Алматы облысында атқарған өлмес істері мен қалдырған іздері туралы айтқан едім.

Қайда жүрсе де, қай қызметте болса да Өзекең нақтылы істерімен көрінетін, артында нақтылы із қалдыратын. Жаңа ашылған Торғай облысында облыстық театрды, өлкелік мұражайды, педагогикалық институтты, атақты «Шертер» фольклорлық ансамблін, ал Алматы облысының атқару комитетінде істегенде Жамбыл мен Сүйінбай кесенелерін, Үмбетәлі мұражайын, «Адырна» мен «Алтынай»

ұжымдарын өзінің ойымен, қолымен ұйымдастырған. Алматыда музыка аспаптары мұражайын құрған, Түркістан қаласы мен осындағы Арыстанбаб пен Қожа Ахмет Ясауи кесенелерін қалпына келтіру, жаңарту, оны ұрпақтар үшін сақтау жолдарын ойластырып, нақты ұйымдастырушы осы Өзекең еді. Медеу шатқалындағы қазақ ауылын жасақтаған да Өзекең.

Орталық партия комитетінің хатшысы болған уақытында, кейін де ол кісі талай жаңалықтар мен игі істерді өмірге әкелді.

Наурыз мейрамын жаңғыртуда, оның атын қорғауда, «Алматы ақшамы» газетіне ат беруде өзінің биік билігін ғана емес, терең білімін де көрсетті. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, оның алдында Шәкәрім есімдері мен еңбектерін жарыққа шығарып, халқымен қайта қауыштыру ісіне де ол тікелей ұйытқы болды. Шәкәрім туралы қаулының жобасын сол кісінің жұмыс кабинетінде отырып жазғанбыз.

Өзекеңнің тыңғылықты зерттеушілік, ғылыми еңбектер жазу шеберлігі ерекше болатын. Ол қазақтың мәдени мұралары мен тарихи ескерткіштері, ұлттық киім, ою-өрнек, би және сәулет өнері жайында жеке-жеке монографиялар жазып бастырды. Екі томдық естеліктерінде оның бүкіл өмір жолы айрықша ғибратты баяндалған. Оны соңғы рет ауруханада көргенімізде де қолында қаламы, алдында қағазы жататын... Ол реанимация бөлмесінде жатқан бір күні біз Шерхан екеуіміз барғанда тек қолын қысып қана қоштасып, бір ауыз тілдесе алмай кеткен едік. Мұндай қасиетті, қадірлі адамдар әрқашан көз алдында тұрады. Әрдайым ойымызда жүреді...

**Қуаныш СҰЛТАНОВ,
қоғам қайраткері**

ТАРЛАН

2011 жылдың көктемінің бір күні өнердің, әдебиет, мәдениеттің шырақшысындай ізденгіш Құлбек Ергөбек хабарласып, Өзбекәлі Жәнібековтің 80 жылдығы туралы әңгіме қозғады. Біраз пікір алыстық. Сол әңгіме менің Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовке арнайы сауал жолдауыма түрткі болды.

Сауалыма Үкімет басшысынан төмендегідей жауап келді.

«Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың туғанына 80 жыл толуына байланысты 2011 жылы бірқатар іс-шаралар ұйымдастыру туралы сауалыңызға орай төмендегіні хабарлаймын.

Өзбекәлі Жәнібековтың ұлт мәдениеті мен өнеріне қосқан сүбелі үлесін ескере отырып, мерейтойлық іс-шаралар ұйымдастыру жөніндегі ұсынысыңызға қолдау білдіремін.

Республикалық деңгейде биылғы жылы оның қаламынан туған екі томдық «Таңдамалы шығармалар» жинағы мен Ө. Жәнібеков туралы «Рух сарбазы» атты естеліктер жинағы жарыққа шығады.

Сонымен қатар, Өзекеңнің өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм түсіріліп, ағымдағы жылы республикалық телеарналардың эфирінде көрсетілуі жоспарланып отыр.

Биылғы жылы Астана қаласында еліміздің белгілі тарихшылары, этнограф мамандарының бас қосуымен Ө.Жәнібековке арналған ғылыми-тәжірибелік конференция, «дөңгелек үстел» және «Ұлт руханиятының» тақырыбында еске алу кеші өткізіледі.

Сондай-ақ, Астанада кезінде Ө.Жәнібеков өзі бас болып ұйымдастырған «Отырар сазы» оркестрі, «Адырна», «Сазген» фольклорлық-этнографиялық оркестрі және «Алтынай» би ансамблінің концерті өткізіледі.

Мәдениет министрлігіне қарасты республикалық мекемелерде де Өзекеңнің мерейтойына байланысты біраз іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы мен Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында Ө.Жәнібековке арналған кітап көрмелері мен оқырмандар конференциялары өтеді. Алматыдағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық мұражайында Ө.Жәнібековке арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция мен көрме ұйымдастырылады.

Ал, Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайында «Өзбекәлі Жәнібеков – мемлекет және қоғам қайраткері» деген тақырыпта көрме ашылса, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы аудандық кітапханалар мен мұражайлармен бірлесіп «Ө.Жәнібеков – мемлекеттік қайраткер» атты дөңгелек үстел, көрме ұйымдастыруды, мектептерде Өзекеңнің өмірі мен шығармашылығына арналған лекциялар оқуды жоспарлап отыр.

Сонымен бірге, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі тарапынан биылғы жылдың наурыз айында мерейгерге арналған республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылғанын хабарлаймын.

Премьер-Министр К.Мәсімов»

26 мамыр, 2011 жыл

....Біздің жасөспірім шағымызда комсомол деген жастар ұйымының қоғамдағы беделі дүрілдеп, абыройы өсіп тұрды. Комсомолдың талабы – жақсы оқу, адал еңбек ету, құлық, ұрлық, сұмдық, өтірікшілік сияқты жаман қылықтардан аулақ жүру болатын. 14 жасқа толған өскелең ұрпақ осы талаптарды таза қабылдап, соған ұмтылатын....Өзбекәлі Жәнібеков ауданнан Орталыққа дейінгі комсомол ұйымдарының жетекшілік қызметтерінде 15 жылдан астам уақыт еңбек етті. Әсіресе, 1962–1970 жылдары Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып, жастар ұйымындағы қоғамдық қайраткерлігімен бүкіл елге танылды. Ұлттың, Республиканың мүддесін қорғай білуде де Өзекеңнің тұлғасы Орталық комсомол комитетін басқарған жылдары айрықша көрінді.

Өзекеңмен тұңғыш кездесуіміз 1970 жылдың қаңтарында Қазақстан комсомолы Орталық комитетінде болды. Әрине, Өзекең үшін ондай кездесулер қызметіне байланысты әдеттегі ондаған, жүздеген кездесулер болатын. Ол кісінің алдынан мен сияқты қарапайым қазақтың жігіттері лек-легімен, топ-тобымен өтіп жататын. Сондықтан ондай кездесулер Өзекеңнің есінде қала бермеуі де мүмкін. Ал мен үшін сол кездесу естен кетпес ерекше оқиға. Өйткені, ондай дәрежеде менің тұңғыш кездесуім. Екіншіден, сыртынан атына қанық тұлғамен кездесу. Үшіншіден, бұл тұңғыш кездесу – болашақ өмірдің әр қырында кездесіп, түсінісіп, сырласып, қызметтес те болып жүрудің бастамасы болған шығар.

Жастар ұйымында қызмет жасаған жылдарымызда, ол кісі Орталық, біз аудан деңгейінде жүріп, жастармен тілдесіп, араласып, оларды қоғамның игілігіне, жақсылығына, дамуына, оң бағытына жұмылдыру жұмыстарын үйрендік. Комсомол қоғам тіршілігінің сан салалы бағыттарының барлығына, мектептегі оқудан бастап,

спорт, көркемөнерпаз, әскери-патриоттық, еңбек тәрбиесіне тікелей араласатын. Көбіне бастамашылдық көрсететін. Ол кезде комсомолдан өскен аға ұрпақ жастық шағында комсомол қатарында болғанын мақтанышпен айтатын.

Сол жылдары жастардың жалпы біліммен қатар әртүрлі кәсіптік, техникалық білім алуына айрықша мән берілді. Осы бағытта қоғамды басқарушы болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Үкіметінің арнайы қаулы-қарарларының қабылданып, жергілікті жерлерде жастардың оқуын қамтамасыз ететін жағдай жасалуына Өзекең Республика жастар жетекшісі ретінде тікелей бастамашы бола алды. Қазақстанда металлургия, тау-кен, энергетика, құрылыс, мұнай, тағы басқа өнеркәсіп кешендері бой көтере бастады. Комсомолдың Орталық Комитеті солардың көпшілігін екпінді комсомол құрылысы санатына қосып, қазақ жастарының өнеркәсіп саласына мамандануына қамқорлық жасауға тырысты. Болашақта олардың қатарынан мыңдаған еңбек ардагерлері, ондаған, жүздеген өндіріс басқарушылары өсіп шығып, қоғамға пайдалы еңбек етті.

XX ғасырдың басындағы жастар қозғалысының көрнекті қайраткерлері Ғани Мұратбаев, Саттар Ерубаетардың есімін кейінгі ұрпақ санасына жеткізіп, тарихи тұлғалар өмірі мен еңбегін сыйлау дәстүрін қалыптастыруда Өзекеңнің еңбегі мол.

Комсомолдың өнер, ғылым, мәдениет саласына да батылараласып, жасталанттардың өсуіне тікелей қамқорлық жасау үрдісі де осы Өзекеңнің тұсында қалыптасып, жақсы дәстүр болып, кейінгі кезеңдерге дейін де сәтті жалғасын тауып жатты.

Әдебиет, өнер саласында Қазақстан Комсомолы сыйлығының лауреаты деген құрметті атақ туралы шешім қабылданып, оның алғашқы лауреаты етіп небәрі 23 жыл өмір сүріп, «Менің құрдастарым» романын жазып кеткен Саттар Ерубаеты жариялады. Мөлдіреген жас шағында сол атаққа ие болған Олжас Сүлейменов, Ғазиза Жұбанова, Әнуар Әлімжанов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Шәмші Қалдаяқов, Нұрғали Нүсіпжанов, Анатолий Молодов сынды дарынды тұлғалар Қазақстан әдебиетінің, өнерінің көрнекті қайраткерлері болып өсті. Өнер саңлақтарының өсуі де, еңбегі де жас ұрпақ тәрбиесіне айрықша өнеге екенін айтқанымыз орынды. Өнер, мәдениет салаларын дамытуға бағытталған әртүрлі конкурстар мен фестивальдарға да комсомол бастамашы болып, олардың халық арасында танылып, мазмұнды әрі тартымды өткізілуіне мән беріліп, кеңінен қанат жайды. Өзекең қазақ жастарының, әсіресе қоғамдық өміріміздің сан алуан саласының талантты өкілдерінің Одақ көлемінде танылып, насихатталуына айрықша көңіл бөлді. Сол үшін аянған жоқ. Қажет жерінде ұсынысын беріп, сөзін айтудан тартынған емес.

Өзекеңмен сол кездегі Бүкілодақтық комсомол комитетінің бірінші, екінші хатшылары қызметтерін атқарған Сергей Павлов, Евгений Тяжельников, Борис Пастухов тиянақты санасатын, сыйлайтын. Әрине, оның бәрі оңайлықпен өздігінен бола бермейтіні анық. Ондай дәрежеге жету үшін толассыз еңбек, оның көрнекті нәтижесі, қажетпен көтерілген мәселе, орнымен айтылған ұтымды сөз, бұлтартпас дәлел жинақталып барып, адамның қабілет, қарымын көрсетері де хақ. Өзекең республика жастар одағының жетекшісі ретінде осынау биік талап тұрғысынан көріне білді.

Өзекеңнің қоғам үшін жасаған еңбегі, жеке басының қайраткерлік, адамдармен қарым-қатынастық қасиеттері мыңдаған адамдардың жадында сақталып, көкірегінде, көңілінде, көкейінде өшпес із қалдырды.

Өзекеңнің ғажабы – жоғары лауазымды қызметте болғанда да, одан кеткенде де адами мінезінің бірқалыпты болуы. Өзекеңе деген ел-жұрттың, Өзекеңді білетін

адамдардың, қоғамның да қатынасы бірқалыпты «Өзеке» деген сыйласымдылық жағдайда болды.

Дүниеден озғанына он жылдан асса да Өзекеңнің есімі мен тұлғасына сол баяғы халықтық, ұлттық құрмет сезімі өсе түспесе, бір мысқал да кемімеді. Өзекең ұлтымыздың қайраткері бейнесінде ол кісіні көрген, білетін адамдардың санасында сөнбес жарық сәуле болып қалды.

Өзекеңнің өмір жолы, өсу жолдары оңай болған жоқ. Бала кезіндегі басынан өткізген жетімдігі, бозбаладан есейіп жігіт шағында оқуға, білімге, еңбекке деген ізденісі, талпынысы, одан кейінгі үлкен өмірге араласуы туралы Өзекең өзінің «Тағдыр тағылымы» кітабында тартымды баяндаған.

Комсомол қызметінен кейін Өзекең партия қызметіне тартылып, жаңадан құрылған Торғай облысына облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы қызметіне жіберілді.

Өзекеңнің Торғай өңіріндегі еңбегі аңызға бергісіз. Содан бері қырық жылдан астам уақыт өтсе де, сол кездері Торғай облысында тұрған азаматтар ерекше тебіреніспен еске алады.

Торғай өлкесіндегі бес жылғы еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жаңадан құрылған Сыртқы байланыстар бөліміне меңгеруші қызметіне тағайындалды.

Ол заманда партияға мүше адамдар, әсіресе, басшы қызметшілер өз беттерімен, тек өз қалауымен қызмет таңдай алмайтын. Әрине, шешім қабылдайтын құзырлы партия орны адамның мамандығын, тәжірибесін, қабілетін, мүмкіндігін, мінез, құлқын, сөз жоқ, есептей отырып, ұсынылатын адаммен алдын-ала әңгіме жүргізіп, оның да пікірі ескеріліп, жан-жақты тиянақталады. Кейбір ұсыныстардан бас тартатын да адамдар болуы заңды. Ал Өзекең сияқты қоғам, Отан ісін өзінің жеке басының мүддесінен жоғары қоятын адамдар қандай қиын жер, жұмыс болса да партия сенімі деп қабылдайтын. Ол нашарлық емес, ерекше тектілік еді.

Кейбір шынайы қайраткерлердің өмірі де қайшылыққа толы, күрделі болады. Оның себептерін әлдекімдер долбарлап, болжамдап өз пайымдауынша айтып жатады. Өзекең қандай құбылысқа да, әртүрлі жағдай, мәселелерге өз пікірі бар, шыншыл, турашыл, батыл, ірі, қайраткер тұлға.

Өзекең өмірінің бір ерекшелігі – ол кісінің комсомолдан кейін ылғи жаңа құрылымға жіберіліп, келген жұмысын түбірінен бастап өзінің құрып шығуы. Торғайға барғандағы қызметі түгелдей «алғашқы рет», «тұңғыш» деген анықтауыш, айқындауышпен байланысты болды. Одан кейін Орталық партия комитетіне келгенде де Сыртқы байланыстар бөлімі жаңадан құрылып, оның жұмысын бір жүйеге түсіру Жәнібековке тапсырылды. Өзекең қысқа мерзімде бұл тапсырманы да ұршықша иіріп, жаңа бағыттың мәртебесін көтерді.

Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне келгенде де құрылымы, ұйымдастыруы жағынан жаңа, қажеті мен мазмұны жағынан ертеден көп зиялы адамның көңілінде жүрген маңызды саланы қолға алып, оның нақты, жүйелі, жоспарлы түрде жүргізілуін негіздеді. Ол – қазақ халқының тарихы мен мәдениетіміздің тарихи ескерткіштері, этнография, ұлттық дәстүріміз бен мәдени өркендеу жолдары еді. Әрине, лауазым дәрежесі тұрғысынан Өзекеңнің білімі, мүмкіндігі, қайраткерлігі орынбасардан гөрі әлдеқайда жоғары екенін ел, қоғам білетін. Алайда, жоғарыда айтылған рухани өміріміздің маңызды қазынасы үшін Өзекеңнің сол салаға келіп, 6–7 жыл еңбек етуі – қазақ этнографиясы, тарихи ескерткіштері, салт, дәстүрі үшін

көзі ашылып, көгеріп, көктеп, бағы жанған жылдар болды десем, ешқандай артық айтқандық емес.

Өзекең тұңғыш рет еліміздегі тарихи ескерткіштердің ерте дәуірден бастап бүгінге дейінгі толық жинағын жүйелеп, тізімге түсіртіп, оларды оңалдырып, қайта жөндеуден өткізіліп, қалпына келтіру қажеттігін мемлекеттік мәдени-рухани құндылықтар дәрежесіне көтерді. Сол жылдары Өзекеңнің бастамашылдығымен Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жинағының 10 томдығы шыға бастады. Бұл жерде – Кеңес Одағы билігінде «біздің тарихымыз 1917 жылы қазан төңкерісінен басталады» деген уағыз идеологияның меңдеп тұрған шағында ұлттық мәдениетіміздің ерте замандағы қайнар көздерін танып, мойындауға үлкен бетбұрыс болғанын еске сала кеткен де жөн.

Мәдениет министрлігі жанынан Өзекеңнің тікелей ұсынысымен, жобасымен тарихи-мәдени ескерткіштерді жөндеп, әуелгі қалпына келтіру, оларды елдің рухани құндылығына айналдыру мақсатында «Казреставрация» ғылыми-зерттеу институты, арнайы басқарма құрылып, жаңа жүйелі істерге қамқор болды. Сол жылдар аралығында осы бағытта атқарылған қыруар игілікті жұмыстарды Өзекеңнің есімінсіз айту да, көз алдымызға келтіру де мүмкін емес.

Қазақ халқының этнографиялық бай әлемін қалпына келтіріп, ұлттық салт-дәстүр, сананы жаңғыртып, оның жүздеген білгірлері мен іздеушілерін игілікті жұмысқа жұмылдыра алған да Өзекең. Соның айғағы – Өзекең өзі бас болып, ұзақ жылдар тірнектеп жүріп, жинақтап ашқан Алматы қаласындағы республикалық музыкалық ұлт аспаптар мұражайы еді. Кезінде ол мұражайдың ашылуы үлкен оқиға болған. Мұражай жұмысымен қатар құрылған этнографиялық «Сазген» және Нұрғиса Тілендиевтің атақты «Отырар сазы» ансамбльдері де өз нақыштарымен, өз үндерімен дүниеге келді. Аталмыш мұражайдың жұмысын жолға қою айтуға жеңіл, шын мәнінде тауқыметі көп, әлеуметтік жағдайы жоқ жұмыс еді. Сондай-ақ, «Отырар сазы» ұжымы тарихының өзі бөлек әңгіме. Бұл жерде айтудың реті келіп тұрғаны – Нұрғиса Тілендиев пен Өзбекәлі Жәнібековтің бірлесіп, сол мұражайдағы ұлттық аспаптарды үлкен ансамбльде «сөйлетуі» еді. Анау-мынау бастық, шенеуніктерге тарпаң мінез көрсетіп жүретін Нұрекең (Нұрғиса Тілендиев) Өзекеңмен үндесіп, шүйіркелесіп кететін.

Мұражай туралы Үкімет қаулысы болғанымен оның көп мәселесі – атап айтқанда – ғимараты, қызметкерлердің пәтері, штат кестесі, жалақы мөлшері, жалпы қаржысы толық шешілмей жатты. Осының бәрі тиянақталып, Орталық комитеттің бірінші хатшысына баяндалды. Дінмұхамед Ахметұлы сол кезде Орталық партия комитетінің өнеркәсіп істері жөнінде хатшысы Нұрсұлтан Әбішұлымен бірге мұражай жағдайымен мұқият танысып, соңынан екеуі бірлесіп, барлық мұқтаждарын шешіп, нақты қамқорлық жасады.

Нұрсұлтан Әбішұлы мен Өзбекәлі Жәнібекұлының рухани жақындықтарын комсомолдан еститінбіз. Кейін Нұрсұлтан Әбішұлы республика Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы болғанда да, Президент болғанда да Өзекеңе зор құрметпен қарап, оның еңбегі мен қоғамдық қайраткерлігін жоғары бағалап, денсаулығы сыр бере бастағанда қамқорлық, көмегін де мейлінше шын ықыласымен жасағанының да күәсі болдым.

Өзекең қызметте де, адамдармен қарым-қатынаста да талғампаз, талапшыл, кірпияз. Әсіресе «қағаз», әртүрлі саяси құжаттар, баяндамалар, сөз, саяси мақала

жазуға өте шұқанақ. Ол кісінің ойын табу қызметкерлерге оңай болмайтын. Өзекеңнің ой-өрісі кең, білімі терең. Қандай да жұмысқа асқан жауапкершілікпен әрі тың көзбен қарайтын.

Өзбекәлі Жәнібекұлының ғибратты істері көп-ақ. Соның ең абыройлысы да, ең ардақтысы да халқымыздың жады мен тұрмысында сақталып қалған салт, дәстүрлерінің өмірге қайта оралып, ұлт салтанатына айналуы. Өзекең Мәдениет министрі, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болған жылдары Наурыз мерекесінің қайта туып, жанданып, жаңарып, мемлекет өмірі дәрежесінде бүкілхалықтық мейрам болуына тікелей бастамашы болды.

«Қазақ тілі» қоғамын құрып, оның мемлекеттік тіл болу идеясын қалыптастырды.

Өткен ғасырдың 20–30 жылдары жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ халқының ұлт болашағы үшін құрбан болған ардақты арыстарымызды ақтау туралы саяси шешім қабылдау қажеттігін алғашқы болып, өзімізде, әлі Одақтың шаңырағы шайқалмай тұрғанда Мәскеуде, Орталық билік дәрежесінде көтерген де Өзекең. Кезінде Петербордағы Эрмитажға алынып кеткен қазақтың киелі Тайқазанының елге оралуы да Өзекеңнің еңбегімен байланысты.

Сондай-ақ әртүрлі саяси толқындардың шарпуымен қиратылған, сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру ісі де Өзекеңнің бастамашылдығымен жүйелі сипатқа бет түзеді.

Олардың қатарында Арыстанбаб, Қожа Ахмет Ясауи, Айша бибі, Жошы кесенелері, Жаркенттегі мұсылман мешіті, Қарқаралыдағы Құнанбай мешіті, Ұлытаудағы, Ордадағы, Сырымбеттегі, тағы басқа тарихи құндылықтарымызды айтуға болары хақ.

Осы мақаланың басында келтірілген Үкімет басшысының хатына сәйкес – ұлтымыздың ардақты ұлдарының бірі Өзбекәлі Жәнібековтың есімін есте сақтап, оны құрметтеуге де мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықты айтуымыз әділдік болар еді. Биыл Өзекеңнің 80 жылдығына орай көптеген шаралар ұйымдастырылды. Өмірден өткеннен кейінгі жылдары БАҚ-да Өзекеңнің өмірі мен еңбегі туралы көптеген естеліктер мен мақалалар жариялануда. Өзекеңнің еңбектері, кітаптары жарық көріп жатыр. Солардың ішінде Еркінбай Әкімқұлұлының «Ғибратты ғұмыр» сериясымен шыққан «Өзбекәлі Жәнібеков» атты еңбегінің ерекше құндылығын айтқан жөн. Қарашаның басында қайраткердің туған топырағы Шәуілдірде Өзекеңнің ескерткіші ашылмақ...

Өзекеңді еске алғанда, алдымен ол кісінің қажымас қайраткерлігі, қатаң болса да әділдігі мен адалдығы, елжіреп тұрмаса да шынайы жанашырлығы мен сенімді бауырмалдығы көңіліңді шуаққа бөлейді.

Өзекең ұлтжанды қоғамшыл, патриот еді. Қоғамдық қызметтің, адал еңбектің, мемлекетке, ұлтқа сарқыла қызмет етудің тарланы еді.

*«Егемен Қазақстан» газеті,
сенбі, 29 қазан, 2011 жыл.*

ДАРА ТҰЛҒА

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Өзбекәлі Жәнібековтің өмірден өткеніне де бір жыл болды. Өзекті жанға бір өлім екені рас. Бірақ өз басым жүзі нұрлы, қоңыр үнді, жұмысқа қатал, бір сөзді, ұлт мәдениетінің білімпазы, этнограф-тарихшы ғұламаны о дүниелік болды деуге қимаймын. Оның асыл бейнесі біздің жүрегімізде, шәкірттерінің көңілінде сақтаулы. Өзбекәлімен қызметтес болған жылдарым, оның қыр-сырын терең түсінуге, одан көп нәрсе үйренуіме себеп болды. Арада ширек ғасыр өтседе сол жылдар көз алдымда, сол баяғы қаз-қалпында.

1974 жылдың сәуір айы. Алматыдан ұшқанда көктем еді, ұшақ Арқалыққа қонғанда бет қарыған қара суық екен. Орталық партия комитетінің ұсынуымен Торғай обкомның хатшылығына келіп тұрған бетім. Көңіл өрекулі. Жаңа қызмет, жаңа орта. Пленумда бірауыздан сайланған соң обкомның сол кездегі бірінші хатшысы С.Құсайынов бюро мүшелерімен жеке-жеке таныстырды. Бәріде сырттан таныс, ел жүрегін, халық аманатын арқалап жүрген азаматтар. Көбімен Орталық комитеттің инспекторы қызметінде жүрген кезімде, жұмыс бабында кездескен де екенмін. Облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө. Жәнібековпен кездесуім де, қызметтес болуым да алғаш рет. Оның Оңтүстікте, кейінен Қазақстан Комсомолы Орталық комитетіндегі ауызға аларлық сан-қилы жұмыстарынан хабардар болатынмын. Кешке жұмыстан кейін облыс өнеркәсіп өндірісінің жайын баяндайтын құжаттарға шұқшиып, оны өрге бастырудың жолын қарастырып, ұсыныс пікірлер әзірлеу, оларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін ұқыптау күнделікті әдет болатын. Бүгін де солай. Кабинеттегі тыныштықты телефон шылдыры бұзды. Өзбекәлі екен:

— Отырсың ба? – деді.

— Ия, отырмын, – дедім.

— Қазір келемін, – деді де трубканы қоя салды. Күлімсіреп, маңдайы жарқырап кіріп келді. Құрақ ұшып қарсы алып, жайлы орындыққа жайғасуын өтіндім.

Асықпай, салмақпен, байыппен бағдарлап отырып сөйлейтін кісі екен.

— Қаратай сыртыңнан қанықпын.

Мәскеуде оқып, кен іздеп Арқа даласын шарлағаныңды білем. Сен туралы мұндағы жігіттер жақсы пікірде. Әсіресе, Қарағанды, Жезқазған өңірінің атқамінер азаматтары арасында беделің биік. Білім жетсе, тәжірибе жұмыста жинақталады. Жазуға жақсы көрінесің. О да үлкен жетістік. Тілектес ағаңмын ғой, – деп жымыды.

— Рахмет, аға, өстіп қалқиып, қызметке араласып жүргеніміз өзіңіз сияқты иық тірер ағалардың арқасы шығар. Кадрды дер кезінде танып, тәрбиелеп өсіре білу де кез-келгеннің қолынан келе бермейді. Қазақта «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» демей ме? Біреуге жаға, біреуге тыныс бола білсек, одан артық...-дей беріп едім, сөзімді ілмелей жөнелді.

— Қаратай, халық айтса, қалып айтпайды. Ол дұрыс. Үлкеннен ақыл қосу сыйлау, кішіден ізет күту қанымызға сіңген әдет. Бірақ, сол қағида ылғи да сақталып жүр ме? Осы маңда өмір сүрген Байдалы шешен өзің айтқан мақалды өзгеше түрлендірген екен. «Ағасы бардың жақсы болса жағасы бар, жаман болса, інісіне жабар жаласы бар. Інісі бардың, жақсы болса тынысы бар, жаман болса ағасына берер жұмысы бар» деген екен ол.

— Түсіндім, мен жақсы іні болуға тырысармын. Сізге берер жұмысым болмайды, – деп қалжыңға айналдырдым.

– Рахмет. Ал менің саған артар жүгім мол. Өйткені сен облыс экономикасына, өндіріс, өнеркәсіп саласына басшылық жасайсың.

Біздер бипаздап, мәнерлеп айтып санасына саңылау түсіргенше сенің өндіріс орындарыңның кейбір керенау басшыларына: «Обормот» осыны істейсің» деп айтқаның әлдеқайда қуатты. Солай ма?

Екеуміз де күлдік. Сөзін әрі қарай сабақтай берді:

– Мұны неге айтып отырмын? Шынын айтсам, жүрекке жүк, көңілге түйткіл түсіретін жәйлар көп.

Ұлттық сананың қайнаркөзі – тіліміз жұтаң тартып, тарихымыз ұмыт қалып, дәстүр, салт-сана, өнер көмескіленіп барады. Ұлттық рух деп аталатын қадірлі қасиетті жоғалтсақ, ұрпақ тағдыры не болмақ? Осы сұрақтар үнемі жадымда, жанымды жегідей жейді. Ол үшін әрбір азамат халқымыздың рухани зердесіне үңіліп, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты қайта жаңғыртуды борышым деп білуі керек. Қызметке, қарын тоқтыққа мәз болып, болдым, толдым деп шектелсек не болғанымыз. Мұндайларды кезінде Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Өгіздей ең маяда шөпке тойған», – деп мінеген ғой. Торғай – жаңа облыс. Халық үшін мұражай, театр, филармония, ансамбль қажет. Бәрі де қажет. Осы есіңде болса екен. Әңгіме ұзаққа созылды. Біраз нәрсеге көңіл қойғандаймын. Көп ұзамай Мәскеуден бүкілодақтық театр-өнер институтын тәмамдаған бір топ актерлерді – Өзағаң облыстық музыкалық-драма театрына жұмысқа алып келді. Оларға пәтер керек. Қалалық партия комитетінің ғимаратын өлкетану мұражайына лайықтау жұмысы жүріп жатыр. Оның дер кезінде дайын болуын қадағалау, облыстық ән-би ансамбліне киім тіктіру, музыкалық аспаптар, жатын орын, пәтер, автобус қажет. Мұражайға экспонаттар жинақтау керек. Бір сөзбен айтқанда қыруар шаруа мойнымызға артылды. «Бұл қалай?» деп қабақ шытқан ешкім болған жоқ, керісінше, бәріміз Өзағаң басында жүрген, бастама көтерген шаруаларды тыңғылықты орындауға кірістік.

Марқұм Өзағаң айтқанын аяғына жеткізбей тынбайтын, уәдені өмірі ұмытпайтын жан еді. Бұған мысал ретінде мына бір көріністі айта кеткен жөн. Жұмыс ретімен облыстық атқару комитетінің төрағасы Ю.Н. Трофимовтың кабинетіне кірсем, Өзбекәлі отыр екен, ал төраға түрегеліп, қолын сермеп тұр. Кірген сәтімде:

– Қаратай мына Өзбекәліден арашалап алшы, түбі жынды боп кететін шығармын, – деп күлді.

– Неге?

– Неге деуің бар ма? Бір шопанның үйінен ағаш төсек тауыпты, соны мұражайға алып, оның құнына 7–9 мың сом тұратын гарнитур сатып алып беруіміз керек, – деп отыр.

Сөзге Өзбекәлі араласты.

– Көненің көзі, сирек кездесетін бұйым. Ағаштан түйін түйген ісмер шебер жасаған екен. Үйінде үш күн жаттым. Ата-бабаның көзі деп жолатпады, мен үшін емес ұрпақ үшін деп әрең көндірдім. Орнына гарнитур сұрады, – деп маған қарады.

– Юрий Николаевич, депутаттар да, бюро да қарсы болмас, шопанның талабын қанағаттандырыңыз, – деп уәж айттым.

Ортақ келісімге келдік. Бұл бір мысал ғана. Тағдырдың бұйрығымен мен Ресей халықшаруашылығы академиясына, Өзағаң орталық комитетіне бөлім меңгерушілігіне ауысты. Ол кейіннен Қазақстанның Мәдениет министрі болды. Қай қызметте болмасын Өзағаң аса ірі ұйымдастырушы еді. Әсіресе, оның Орталық комитетінің хатшысы болып істеген жылдары халық игілігі тәлім-тәрбие беру, ұлттық

индустриялық жұмысшыларды қалыптастыру, мәдениет, өнер, дәстүр, салт-санаға жаңаша көзқарас мәселелеріне ерекше ден қойған еді.

Өзбекәлінің ерекше зерделеп, баптаған ұлттық сана деп аталатын мәуе ағашы кәзір бұтағын кеңге жайып жемісін беруде. Рухани еңсесін көтере бастаған елдің ұрпақтары оның есімін ұмытпақ емес.

*Мақтай САҒДИЕВ,
Қазақстанның құрметті зейнеткері*

ТОРҒАЙДА ТАБЫСҚАН ТҰЛҒА

Қызмет бабымен, тағдыр-тіршіліктің соқпағымен қай қиырда болмадық. Әр жер, әр өңір өздерінің қайталанбас әрбөлек қасиетімен есте қалды, әрқайсысына жан-жүрегімнің бір титімдей бөлшегін қалдырып кетіп отырдым, әрқайсысынан да жадымда мәңгіге сақталып, жатталып қалған қымбат естеліктерім бар. Бірақ солардың ішінде мен үшін ең ыстығы Торғай топырағы болып көрінеді де тұрады. Торғайда өткізген тоғыз жылым қиын да жанкешті еңбек жылдары болды. Ол жылдар маған нақ сонысымен қызық-қуаныш сыйлады. Нағыз адал достар мен ақберен азаматтарды да мен осы Торғайдан таптым. Алғаш облыстың шаңырағын көтеріп, уығын шанышқан сонау алыс уақытта Торғай мен үшін, сондағы тізе қосып бірге еңбек еткен жолдас азаматтар үшін өзіміз ашқан жаңа ғажайып арал, өзіміз ашқан Америка сияқты еді. Сол кездегі шаттығым болған Торғай қазір менің мұңыма айналып барады.

1970 жылдың аяғында республикада жаңадан Торғай облысын құруға қаулы қабылданған болатын. Келесі жылы жаздың ортасына таман мені Димаш Ахметұлы Қонаев қабылдауына шақырып алып, «Сақан Құсайынов, сені Торғайға сұрап отыр» деп мән-жайды түсіндіріп, өз ұйғарымдарын айта келіп, қазақшалап айтқанда, менің Торғай облыстық Кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып баруыма батасын беріп, оң жол тіледі. Ол кезде қай-қай облыста да бірінші орынбасарлар негізінен ауыл шаруашылығы мәселелерімен шұғылданушы еді. Жаңа жауапты жұмыста менің де міндетіме осы мәселелер кірді. Басты міндеттер – жаңадан құрылған облыстағы егіншілікті нығайту, мал басын өсіру, халықтың тұрмысын жақсарту.

Өзімнің пайымдауымша, осы арада атап көрсететін бір нәрсе, облысты қаз басқан алғашқы қадамынан бастап жедел көтеріп, жұмысты қыбын тауып, қарқынды жүргізу үшін Орталық Комитет неғұрлым ысылған, бойында жалыны бар, білікті де жігерлі адамдарды таңдап жіберді.

Бірінші басшымыз Сақан Құсайыновтың өзін айтпағанда, облыстық атқару комитетінің төрағасы Юрий Николаевич Трофимов, обком хатшылары Евгений Башмаков, Өзбекәлі Жәнібеков, Қаратай Тұрысов, Василий Курбатов, облатком төрағасының менен басқа орынбасарлары Владимир Устинов, Павел Шишига, Бекболат Бірбаевтардың бәрі үлкен қайраткерлер болды, жұмыста жандарын аямады, әрқайсысы Торғай облысының қалыптасу, өркендеу тарихында өз ізін, қолтаңбасын, еңбегінің өрнегін қалдырды. Тарихтың үнсіз шежіресінен ғана емес,

бұл адамдар мыңдаған торғайлықтардың жүрегінен де берік орын алғанына мен кепілмін. Осылардың бәрі кейін республика көлемінде жауапты жұмыстар атқарып, ірі мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. Мысалы, Трофимов, Башмаков, Жәнібековтер Орталық Комитеттің хатшылары, Тұрысов Қазақ кәсіподақтары Кеңесінің төрағасы, кейін Мәскеуде ВЦСПС-тің хатшысы болды.

Бүкіл өмірі асқақ мұратқа, рухани ерліктерге толы болған, Торғай елінің тарихына да есімі алтын әріптермен жазылуы тиісті маздақтардың бірі нәм бірегейі облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков еді. Өзбекәлі өзінің бұрынғы комсомолдық жалынымен Торғайдың мәдениетін, өнерін, руханиятын көтеруге бар жанын салды. Ізденгіш болғанда ізденгіш, қиялшыл болғанда жер-жаһанда жоқ қиялшыл еді, жылт еткен жақсы ойды түбірлеп соңынан қалмай жүретін қайсарлықпен қалайда жүзеге асырғыш, жаңалыққа құштар еді. Осы тұрғыдан келгенде мен өз басым Торғай толғауын бірге бастап, талай жыл тату-тәтті бірге жұмыс жасасқан Өзбекәлі бауырымды атақты Ілияс Омаров ағамыздың үрдісіндегі қайраткерге балаймын. Бір жылы, қандай қайрат-жігер жұмсап, қандай сірескен тоң мұздарды қалай жібітіп бұзып жол салғанын бір құдайдың өзі білсін, Москвадағы Щепкин атындағы театр институтының бір жолғы түлектерін түгел Торғайға әкеліп дүрілдетіп театр ашты. Одан соң жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп астанадан да, ауылдан да өнерпаздарды, әншілер мен күйшілерді, ұлттық саз аспаптарының орындаушыларын жинап, республикада алғашқылардың бірі болып «Шертер» ансамблін құрды. Бұлар жасампаз күймен толысып келе жатқан Торғайдың ғана емес, сол тұстағы бүткіл Қазақстанның мәдени өміріндегі қуанышты ірі оқиғалардың, шадыман жарқын жаңалықтардың санатына қосылды.

Өзбекәлінің өлкетану музейін ашуы өз алдына бір қызық тарих, ұлағатты үлгі. Алғашқы жылдардың бірінде Бірінші Май мерекесі шеруінің артынан Өзбекәліні таба алмай іздеп жүрсек, ол жұнттай болып киінген сол қалпымен әлі бітпеген мұражай ғимаратына барып шешініп тастап, балақты түрініп, жалаңаяқтанып алып, жалғыз өзі сәкі сырлап жүр екен. Марқұм Өзбекәлі сондай еді, ойға алып, ықыласы бұрылып көңілі құлай сүйген ісін осылай барлық ынты-шынтымен жанын беріп істеуші еді, сондағы Торғайдың драма театры, «Шертер» ансамблі, өлкетану мұражайы Өзбекәлінің даусыз өз перзенттері еді. Ол маған өмірге іңгәлап келген сәбидей Торғай облысының рухани іргесін қалағандай, өнер-мәдениет бұлағының көзін ашқандай әсер қалдырды. Мұражайды қалай жинақтап құрастырды десеңізші. Облыстың шалғай түкпірлерін, қияндағы қағаберіс ауылдарын аралап, іздестіріп, қай жерде қандай қымбат жәдігер барын талмай сұрастырып, қазақтың көне тұрмыс бұйымдарын, этнографиялық заттарды, ескілікті ұлттық киім үлгілерін, алаша, сырмақ, кілемдердің неше алуан түрін, ертоқым, самауыр, үзеңгі, қаптырма, сырға, сақина, білезік – әйтеуір халық мұрасы атты қазынаға жататынның бәрін асқан ыждаһатпен, шексіз сүйіспеншілікпен жинады. Оның өмірге келтірген музейінің баға жетпес үлкен бір құндылығы, мінеки, осында жатыр. Бір айтарлығы, осы тақылеттес өнегелі мұражайлар қаймағы бұзылмай отырған қазақтың ен ортасы – Аманкелді, Жанкелдин аудандарында да жинақталып ұйымдастырылды. Мұнда да Өзбекәлінің ықпалы болғаны даусыз.

Торғай – аңыздар елі. Торғай – нешеме ғажайып тылсым сырларды ішіне бүккен тағылымды тарихтың елі. Торғай – қол бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендер елі. Торғай – Алаштың асылтек ардагерлерінің елі. Қазақ халқының қай-қай дәуірдегі де тарихының қыртысы қалың қатпарлары нақ осы Торғай топырағынан әрқашан

молынан табылмақ. Міне, осыны табиғатынан зерделі тарихшы, әдебиетші, этнограф, өнер зерттеушісі ғалым Өзбекәлі Жәнібеков жақсы түсінді. Осынау ерлік пен елдіктің Отанында Шақшақұлы тархан Жәнібек батыр сонау он сегізінші ғасырда Абылай ханмен қолдасып, данагөй Бұқар жырау айтпақшы, ормандай көп Орта жүзден шыққан төрт тіректің бірі болып жоңғар шапқыншылығына қарсы ту көтеріп күрескен. Осы өңірде «Кел, балалар, оқылық» деп алғашқы әліппесіне, білімнің ілкі тұмасына бас қойғызып Ыбырай Алтынсарин атамыз дала қоңырауын күмбірлетті. Осы киелі топырақта Алаштың ұлы ардагерлері, халқымыздың рухани көсемдері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтар «Оян, қазағым!» деп дабыстап, тәуелсіздік пен бостандықтың жаңа көкжиегін, кең өрісін нұсқады. Торғай сахарасының қаһармандық рухындай болған сардар Аманкелді, Кейкі батыр, Әбдіғалпар хандар тұлпарларының да дүсірлеткен болат тұяқтарының дүбірі құлаққа шалынғандай болар еді. Осында халықтың төл ақындары Омар Шипин, Ығылман Шөреков, Нұрқан Ахметбековтер жыр нөсерін ағыл-тегіл селдетіп өтті. Сол әулие дәстүрді жалғаған кешегі қайран Сырбайлар мен Ғафулар бүгінгі қазақ әдебиетінің маңдайы жарқыраған, аруақ қонған арқалы дүлдүлдеріне айналған жоқ па, жалпы ел сыйлаған аузы дуалы мәшһүр азаматтар болған жоқ па. Сырбай мен Ғафу атамекендеріне жиі айналып соғып жүрді, талай әдемі арнау жырларының куәсі болдық, елге еркеледі. Міне, жұмыс барысында жүре-бара Торғай жерінің осындай қасиет-киесін, азаматтарының тектілігін Өзбекәлі ерекше сезінді. Сол кездің өзінде олардың дүниеден өтіп кеткен арыстары рухымен сырласты. Көзі тірі Сырбай, Ғафумен дос болып оларды Торғайды түлетуге қосты. Өзбекәлімен бірге мен де Торғай қадір-қасиетін тереңдеп ұғына бастадым, Торғайдың ішкі сырлы әлеміне кіре бастадым. Кейін Өзбекәлі республиканың Мәдениет министрі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология хатшысы қызметтерін атқарған уақтысында ұлттық салт-дәстүрлерімізді, әсіресе әйгілі Наурыз мейрамын қайта жаңғыртуды қолға алуы, пайғамбар тектес Ахаңдар мен Жақаңдар ақталған кезде алдыға түсіп, шешуші пікірлердің, беделді сөздердің басын айтуы тегін еместін. Елдік мүддені, халықтық мұраны қолдайтын, қызғыш құсша қорғайтын азаматтық қасиеттің бір парасы да оның бойына дәл осы ежелгі Торғай топырағынан дарығанына күмәнім жоқ. Торғайда ол Алаш арыстары рухымен табысқандай еді. Алаш рухымен табысып қазақ елінің алғы күнін болжай білетін, қапысыз сезетін, сөйтіп бүгінгіне емес ертеңіне, ойлай да бойлай қызмет ететін қайраткер болып қалыптасты. Қысқасы, ол – Торғайды түлетіп, өзі де түлеген Өзбекәлі Жәнібеков қашан көз жұмғанша қазақ еліне, күллі руханиятына қызмет етуден бір танбай, рухани самғаумен өтті. Қазақ елінің осы бір ғажайып азаматы, сөзі мен ісі қашанда бір жерден шығып отыратын қайраткер тұлғасымен Торғай топырағында дос болып табысқан едім. Өзбекәлінің өзі айтқандай, еліміздің ұлттық арнаға бұрған қайта құруды біз сол шынайы азаматпен бірге жетпісінші жылдары-ақ Торғайда бастап, жүзеге асырған едік.

АҒАНЫҢ АСЫЛ БЕЙНЕСІ

Қадірлі ағайын!

Құрметті қауым!

Біз бүгін Оңтүстік аспаны астында Алаштың ардақты азаматы, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері – Өзбекәлі Жәнібековті еске алуға жиналып отырмыз.

Өзекең табиғатында өтірік көлгірсуге жаны қас, шындықты бетке айтқанды ұнатушы еді. Өмірдің соқтықпалы, соқпақты, не қилы еңісі мен қырынан өтті. Қиналды, шаршады, басына бұлт үйірілді, әйтсе де ешқашан жалған сөйлеп, жұртқа жалтақтаған адам емес. Бұл оның жастайынан қалыптасқан мінезі еді. Отырар қаласының түбінде, Арыстанбаб әулие жастанып жатқан топырақта туыпты. Әкесі ерте қайтыс болған, шешесі ес біліп, үй шаруасына жарап қалған кезде дүние салған көрінеді. Анасы жайлы тебіреніп отырып сыр толғайтын.

«Анамның алақаны жұмсақ, жылы еді,» – дейтін Өзекем, – ойын баласы емеспіз бе, көбіне көршінің балаларымен ойнап, үйге қарауды ұмытып кететінмін. Кеш түсе, күн бата үйге келгенімде төсек тартып жатқан анам байғұс кейімеуші еді. Тек қана терең күрсініп: «Ой, Алла-ай, шөлдедім ғой, су әперші құлыным», – дейтін. Жанары кіреукеленіп шөмішпен алып берген суды аз-аздап жұтатын да, жүдеу қолымен төгіп-шашып қайырып беретін. Кейін ойласам: «Көп ұзамай бақилық болайын деп жатып, ұрсып-жекіп неғыламын, оның жолын тосып жекітіндер, ренжітетіндер әлі талай табылар», – деп әріден ойлайтын болуы керек. Көп ұзамай дүниеден өтті. Нағашымның қолында өстім.

Қатал тағдыр Өзекемнің арқасына ауыртпалықты артса да ол өрге қарай жүзген қайсар қайықшыдай еш мойымады, өзін-өзі ылғи қайрап, қажырландыра түсті. Шаршауды білмейтін еді. Ол кезде Абай атындағы педагогикалық институт республикадағы маңдайалды оқу орны саналатын, соны үздік бітіріп, елге оралды. Комсомолдың аудандық, облыстық ұйымына жетекшілік етті. Жастар ортасының жалын секілді ұйытқысы бола білді.

Жастар десе-жанып түсетін әдеті. Олардың ыстығы мен суығы, қуанышы мен жұбанышы, үлкен өмір жолына жасаған тәуекел қадамы – бәрі-бәрі оны қызықтыратын. Ол кезде өзім аспирантурада оқып жүрген кезім. Елге барған сайын ұшырасып қаламыз.

— Қалай, қолынан пышағы түспейтін хирургім, – деп шуақтана жымыып хал сұрайтын. – Артыңнан дәм-тұзын артып салып жетіп барып тұратын туысқаның жоқ, өзің секілді жалғызіліктілеу Жетісудің сұлу қызына үйленіпті деп естідім, құтты болсын!

– Рахмет, Өзеке, ағалық қамқорлығыңызға, – деймін. – Сіздің алды-артыңыздан тіреп тұрған мықтыларды көрмеймін, өзіңізге ұқсап қажырым мен қайратыма сенемін де!

Ол кісі қабағын түйіп суықтана қалады. Бәлкім, тағдырын өз қолымен жасайтын адамдардың қатты мінезі солай ма, әлде соңынан құлшына ілесіп келе жатқан мен секілді інісіне қол ұшын бере алмағанына іштей қысыла ма, кім білген.

— Мықты бол! – дейтін қоштасарда.

– Саушылығыңызды сақтаңыз! – дейтінмін.

Қазақстан комсомолының бірінші хатшылығына дейін өсті. Отыздан жаңа асқан жігіт үшін бұл аса үлкен лауазым еді. Ол кезде партияның тоқпағы мықты. Жоғарыда отырған партия хатшыларының қабағы сәл тырысса, талай сен тұр, мен атайын деген мықты жігіттер оңбай омақасып, қызметтен қуылып жататын. Пленум, конференцияларда кімнің қалай сөйлегені қатты есепке алынып, таразы басына түсетін. Бірде докторлық диссертациямды табысты қорғағанымды естіп, күн шықпай телефон соғып, қуанышын білдіріп, құттықтады.

– Қолың босаса, соғып шықшы,– деп тілек білдірді.

Бардым. Кісі қабылдамай, үстіне жан баласын кіргізбей, кезекті съезге баяндама жазып отыр екен. Менің келгенімді біліп: – Кірсін, – деп, орнынан тұрып, құшағын жайып қарсы алды. Республикада, денсаулық сақтау саласында болып жатқан жаңалықтарды сұрады. Ғылымдағы үздік ілгерілеудің мәнісіне қанықты. Шай іштік. Біраздан соң рұқсат сұрап кетуге бет алдым да:

– Баяндаманы қол астыңыздағы қаптап жүрген журналистерге жазғызбайсыз ба, үйіліп отырған мамандар қаншама? – дедім.

– Олардың жазғаны өз ойымдағыдай шықпайды. Үстінен жөндеп әлектеніп жатқаным. Содан басымды босқа ауыртпайын деп өзім жазып жатырмын, – деді.

Жасырып керегі не, Өзекең мынау жақын деп ағайынды жанына тартатын, мынау алыс деп кеудесінен итеретін кісі емес-ті. Алаш баласын алаламай құшағына қысты, бөлмей бауырына тартты. Өзіне де, өзгеге де әділ болды. Ол да, мен де жетімсіздеу тағдыр кештік қой. Соның әсері ме, әйтеуір, Өмірзақ Айтбайұлы екеумізді қызығынан қалдырмай қасына жақын ұстады. Кейбір қуаныштарын бөлісті, кейбір реніштерін айтты. Өмірзақ екеуміздің араласар ортамызды кеңейте жүруді ұмытпады асыл аға!

Перзентінің ырымалдысы – Ниетжан үйленгенде ақ жарылып қуанды. Қуанышын бөлісіп, қасынан табылды. Кімдерді шақыру, кімді қайда отырғызу бәр-бәрін түп-түгел ақылдастық. Ол кісінің қонақ қабылдауы, оларға орын белгілеуі – өте мәдениетті шығатын. Той-томалағын ұлттық нақышта өткізер еді. Ұлды қалай киіндіру, келінді қалай киіндіруге дейін зер салатын. Олар киетін киімнің үлгісін қағазға түсіріп, ұлттық нақышты ісмер іздегенімізді қайтерсің.

Бауыржан үйленгенде Өмірзақ екеумізді құдалыққа алып барды. Гаухар келінімізді ұлттық тәрбие көрген бала екен деп тәуір көрді. Шетелдерге шыққанда зер тастарын ала келіп, ешкімге айтпай сақтап жүреді екен. Ырым еткені ғой. Басына үкілі қасаба, үстіне асыл тастармен зерленген ұлттық киім тіктіріп, кигізді.

Кейін ұлымды үйлендіргенде Өзекең ағалық жасаудан танбай, қуанып, жүзі бал-бұл жанып жүрді. Тойдың жөн-жосығын айтып, жоралғыларға дейін қадағалай кеңес беріп отырды.

Кісі қуанышына қуана білу – ағамыздың асыл қасиеті еді.

Біз – Өзекеңнен ұлттық білім алдық.

Біз ғана ма екен ұлттық білім алған. Мен кейде ойлаймын: ұлтты қадірлеу, ата дәстүрімізді ардақтау, салтымызды сақтау жөнінен Өзекең ұлт ұстазы бола білді, – деп.

Қол қалт еткенде, уақыт тауып Өзбекәлі ағамыздың жазып қалдырған еңбектерін оқимын. Тұнып тұрған тарих, этнографиялық оқулық дерлік. Қапылған қызметте жүріп қай уақытта білім жиған, уақыт тауып қалай жазған деп таңқаламын.

Иә, ол ұлттың ұстазы!

Өзекеңнің бір мінезі – жұртты жұмсап, анда шап, мұнда шап деп жатпайтын. Шаруаны көбіне өзі тындыруға күш салатын. Уақыты болмай бара жатса ғана: –

Қол ұшын беріп жіберші, – деп өтініш жасайтын. Аса еңбекқор еді. Қай жұмысқа болмасын білегін сыбанып жіберіп өзі кіріскенді қалайтын. Маңдайынан тері бұршақтап жүріп студенттік құрылыстарды аралады, сол кезде етек алған кешенді жастар бригадаларын салысты.

Мен бір нәрсеге таңқаламын.

Өзекең мінезі жібектей кісі емес-ті. Ол ашуланғанда күн күркіреп, түн түнергендей болатын. Алыс, жақын демей зіркілдеп ұрысқанда кісі істеп отырған кәсібін тастап кетіп қалғысы келетіндей еді. Соған қарамастан оны жора-жолдастары да, ағайындары – біз де жек көрмейтінбіз. Қайта жақсы көре түсетінбіз. Тіпті, сол мінезімен соңында үлгі тұтар, өзін ұстаз санар шынайы шәкірттері өте көп болды. Мұның сыры неде деп ойлаймын бас қатырып.

Сөйтсем, бар гәп – Өзекеңнің әділдігінде, адалдығында, азаматтығында екен.

Ол – ұрсып отырып та жақсы көріп отырар еді.

Ол – зекіп отырып та істің көзін табуды көрсетіп, өнегеге бастап отырар еді. Ол – қату қабақпен де тату-тәтті іс бітіруге жұмылдыратын.

Бұған қарап, Өзекең үнемі түнеріңкі жүреді екен деп ойламау керек.

Ісіңе риза болғанда, ондай кішік адам болмас. Жаны жадырап жайылып сала беретін. Тындырымды іске өзі істегендей қуана білетін. Ал әңгімешілдігі ала бөтен еді. Ол әңгіме шерткенде тарих тіріліп кеткендей әсерге бөленесің. Бейне шежіре қарияға кездескендей болатынбыз.

Ол – кісілік мектебі еді.

Әсіресе, қазақтың тарихи ескерткіштеріне зор көңіл бөлді. Тарихи ескерткіштерді сақтау, қорғау жөнінде сол кездегі республикалық партия комитетінің екінші хатшысы Титов дегенмен сөзге келіп қалғаны бар. Осы қақтығысты желеу етіп, Өзекеңді қиыр түкпірде жаңадан құрылып жатқан Торғай облысының идеология жөніндегі хатшысы етіп жібереді. Оған Өзекеңнің жігері мұқалмады. Тарихы бай қазақ елінің ең ортасына бара салып, тынбай жұмыс істеп, Арқалықта ғажайып этнографиялық музей ашты. Ол музейді көрген кісілер әлі күнге жақсы әсерлерін аңыз ғып айтып жүреді.

Торғай елінің, содан кейін Жетісу жерінің ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрін қайта жаңғыртып, фольклорлық ұлт аспаптар ансамблін құрғаны алабөтен шаруа еді. Партияның тоталитарлық тәртібі иықтан басып, кеудені қысып тұрған кезде ұлттық дәстүрді өлтірмейік, ұмытылғанын қайта тірілтейік деп ұран көтерудің өзі үлкен ерлікке пара-пар еді.

Мұндайға аса қайсар мінез қажет. Сол мінез өзгеден емес, Өзекеңнен табылды.

Ылғи жоғары лауазымның қазанында қайнап, соның отымен пісіп, буымен суып тіршілік кешкесін бе, Өзекең өмірде өзін салқын ұстайтын. Іштей толғанып жүріп-жүріп сексенінші жылдардан бастап қазақтың ұлттық би өнері, киім үлгілері, ұмытылып бара жатқан тарихи ескерткіштері туралы қыртысты қалың кітаптар шығара бастағанда бәріміз риза болыстық. Әлгі кітаптары халық арасында тез-ақ тарап кетті. Солардың ізі суымай жатып екі томдық естеліктер жинағы жарық көрді.

Әдетте естелік жазушылардың көбі әуелі өз тұлғасын дабырайтып, асқақтатып көрсетуге күш салады, сосын барып «ана шаруаны тындырдым», «мына шаруаға күш салдым» деп баяндай жөнеледі. Өзекең естеліктері еш уақытта ауытқымайды, тура жолдың жолаушысын, я болмаса өмір кітабын көп оқыған ақылгөй кісіні көргендей әсер аласыз. Мәліметке бай. Адам бойынан жылт еткен жақсылық қасиеттерді тұмардай ғып асылдап көрсетуге күш салады.

Менің таң қалатыным: ұлтымыздың бойындағы ең жақсы қасиеттерді, ұмытылып бара жатқан дәстүрлерді асыл көмбе ашқандай жарқыратып ашып беруші еді. Көп

көзден тасаны жіті шалатын. Ұлтшыл емес, нағыз ұлтжанды азамат ретінде қазақтың көне ескерткіштерін өзінше оқитын, өзінше өрнектеп әңгімелеп беретін, ізденуден еш жалықпайтын. Қазақ зиялыларына, әсіресе ел қамын ойлайтын азаматтарға 1986–1990 жылдар аса қиын болғаны баршаға мәлім. Желтоқсан көтерілісі ел түндігін қатты желпілдетті. Кеңестер одағының іргесі шытынап, керегесі шайқала бастады. Партия лидері болып республикаға Колбин келді. Біраз кісілер ерікті, еріксіз қызметтерінен босанып жатты. Осынауын сағатта Өзекең морт сынбай, қайта қатая түсіп, лауазымды орында отырып еліне мол пайдасын тигізді. Желтоқсан оқиғасынан кейін көптеген мәдени ошақтарды жабылып қалудан сақтады. Сталиндік зұлмат кезінде абақтыға жабылып, ұлтшыл деген айып тағылып, атылып, айдалып кеткен арыстарымызды ақтауға комиссия құрып, сол сарапшылардың жұмысына тікелей басшылық жасады. Шындығына келсек, бұл кезең қазақ зиялыларының басына түскен, тоталитарлық, зорлықшыл жүйенің әбден асқынған кезеңі болатын. Сексенінші жылдардың аяғы республика қайраткерлеріне үлкен сын өткел сыңайлы, әрі күңгірт, әрі ызғарлы болып бүрістіріп әкетті. Өзекең осы сын өткелден мүдірмей, сүрінбей өткен ақиық, арқалы азаматымыз еді. Тарих – естелігімен қызықты. Арғы-бергі заманда қазақ мәдениетіне елеулі үлес қосқан Сәкен Сейфуллин, Темірбек Жүргенов, Смағұл Сәдуақасов, Илияс Омаров біртуар ұлдары болған. Міне, осынау мәртебелі тізімге Өзбекәлі Жәнібеков есімі де енетіні ақиқат. Әсіресе, ұлттық этнография, қолөнер, ұлттық сазды аспаптар мен киім үлгілерінің ғасырлар шаңының астында қалған ғажайып нұсқаларын іздеп тауып, екінші өмір берді, жарқыратып жария етті.

Өнерді қайта қалпына келтіру, яғни реставратор деген аса ізгі кәсіп бар. Өзекең өзі бас болып қазақ қобызының тамаша үлгілерін тірілтті, киім үлгілерін қалпына келтіртті. Қырым Алтынбеков есімді реставратор шеберді баулып шығарды. Бұл шебер тікелей Өзекеңнің арқасында тұңғыш рет Есіктен табылған Алтын адамның киім үлгісін, нобайын келтіріп, көшірмесін жасап шықты. Омбы түбінен табылған Ер түрік қағанатының бөрі басты байрағын қалпына келтірді. Сазды ішекті аспаптардан ешбір кемдігі жоқ, қайта баз бір бояу, ырғағы, қалыбы, әуені қанды қозғап, жүрек тебіренерліктей фольклорлық ансамбльдер дүниеге келді.

Әрине бастаушысы, қостаушысы табылмаған қай-қай өнер болмасын бықсып жанып, ақырында өшіп тынады. Өзекең өнердің нағыз бапкері еді. Оның маңайында ылғи топырлап саусағы күміс күйшілері, буыны болмайтын бишілері, аспап жасаушы ұсталар, зергерлер, бапкерлер, атбегілер, құсбегілер жүретін. Бәріне кеңес бере білетін. Тіпті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи музей қорығын құмнан аршыған асылдай етіп, қайта қалпына келтіруі, шығыс моншасы дейсіз бе, қылуат мешіті дейсіз бе, ғимарат ішіндегі зәмзам құдығы дейсіз бе, бес саусағындай біліп, тексеріп, ерінбей жүріп қайта қалпына келтіргені мына өзіміздің көз алдымызда.

Баяғының алыптары секілді энциклопедист, әмбебап, бесаспап білгіш ағамыз еді. Соңында сөзін, ісін жалғастырушы зергерлері, құймақұлақ іскерлері көп болатын.

Ең ғанибеті:

Көзіндей болып ғажайып музейлері,
Шындықты жазған естелік кітаптары,
Құбыла үн салған сазды ансамбльдері,
Құлпыра көзжауын алған ұлттық киім үлгілері,
Ұлттың рухын биіктеткен өнер ошақтары отын өшірмей қалды.

Өзекемді сағынсақ: әрдайым сол өнер ошақтарына барып, тәу етіп, бойымызға ғажайып жылу дарытып қайтатынымыз ақиқат.

ҚАЛЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗБЕКӘЛІСІ

Баяғыда Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) әкесі Ақсақ Филипптің тұсында Аристотель деген дана, Диоген деген ақылды өткен ғой. Сол Диоген шаңқай тал түсте қолына шырақ алып қаланы кезіп жүреді екен. Мұныңыз не деп сұрағандарға:

– Адам іздеп жүрмін, – дейді екен жарықтық.

Диоген әулие айтқандай, адам іздейтін, адамның адамын іздейтін заман туды. Ойыңды түсініп, көкейіндегіні таба қоятын кісі аз бүгінде.

Соның бірі – Өзбекәлі Жәнібеков еді.

1988–90 жылдары Өзекең Орталық партия комитетінің хатшысы, мен Идеология бөлімінің меңгерушісі болып бірге қызмет істедік. Кейінірек қызметбасты болдық, шетелге кеттім, сөйтіп көп уақыт кездесудің сәті түспеген еді. Елге қайтып оралған соң, көптен ауырып жүргенін естіп, хал-жағдайын білейін деп телефон соқтым. Дипломатия академиясына ректор болып тағайындалғанымды, биыл оқу жылын бастайтындығымызды баяндап, мүмкін болса біздің Академияның тыңдаушыларына қазақ тарихынан бірнеше лекция оқып беруін өтіндім.

– Денсаулығым жараса аянбаспын, абструктивный бронхит деген пәледен құтыла алмай жүрмін, демікпе де жоқ емес, – деп Түркістан тағдыры, қазақ тарихына қатысты біраз әңгімелер айтып, бірнеше мақала да жазғанын, оған ешкімнің мән бермейтініне реніш білдірді. Ағамызға да, ешкімді толғандырмай отырған Түркістан мәселесіне де жаным ашып, қабырғам қайысты.

Өзекең Дипломатия академиясына мейлінше қазақ жастарын қабылдап, оларға қазақ тілі мен тарихын үйретудің жөн екенін басыңқырап айтты.

Мен бұрын партия орындарында қызмет істеген адам емеспін. Соған қарамастан, қайта құру дейтін заманда Орталық комитеттің бөлімін басқарған тұста көп нәрсеге үйреткен осы Өзбекәлі ағам еді. Жұмысқа, әсіресе жазуға шебер кісі болатын. Күндіз жүйкеңді, түнде көзмайыңды тауысып жазып келген материалдарымды қайшымен аяусыз қаршылдатып тұрап сала беретін. Осындай қырыққыш, турағыш Өзбекәлімен бірге жасасып келе жатқан өзінің атақты жарты метрге жуық қашысы болатын. Алдына материалыңды әкелгенде көзілдірігін киіп, бір көзін қысып отырып сыза бастағанда, қағазды қышырлатып қия бастағанда маңдайдан шып-шып тер шығатын. Бір емес, екі емес, істейтіні ылғи да осы болатын, ешқандай ерінбейтін. Бірде маңызды бір құжатты әбден иін қандырып, пісіріп әкелдім, енді сызып турамайтын шығар дегенімде, ағам тағы да баяғы әдетіне басты.

– Енді мен қағаз әзірлемеймін, өзіңіз дайындаңыз! – деп, алдындағы қағазды шаштым да кеттім. Өзекең аң-таң болды да қалды. Мен төртінші, ол кісі алтыншы қабатта отырады. Кабинетіме келіп, ызасына темекі тартып, орынбасарым Игорь Романовқа айтып отырған кезімде кремлевка телефоным шыр ете қалды. Көтерсем, Өзекең екен:

– Чего ты горячишься, зайди, поговорим, – деді.

Мінезі қиын адам еді, барсам ба екен, бармасам ба екен, деп ойландым да бардым.

Келсем, Өзекең жібектен де жұмсақ, жайдары күліп отыр.

– Сен де бір мойын, қырсық екенсің ғой, жұмыста ондай-мұндай бола береді, – деп көңілімді жұбатты.

Ашуым басылмаған мен де:

– Не, Сізден бөтен адам қалам ұстап көрмеп пе екен? Алдыңызға қағаз әкелсек, қасапшының пышағындай әне бір жарты метр қайшыңыз жалаңдайды да тұрады, – дедім.

Күліп жіберді. Осыған дейін бізге қатал, дөң мінез, түсі сүп-суық боп көрінетін Өзбекәлі ағам жібектей жұмсарды.

Апыр-ай, бұл кісі де күледі екен-ау, жұмсақ сөйлесе алады екен-ау деп ойладым ішімнен. Менікі де ашу ғой, қайда барады дейсің, жадырап сала бердім.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ тарихын, салт-дәстүрді, байырғы ескерткіштерімізді терең білген адам. Беті бір қисайса көнбейтін, дегенінен қайтпайтын, тұрашыл, әділ, бейнеткеш, ғажап әңгімеші кісі еді. Өнерге көп мән беретін. Екеуміз «Алтынай» ансамблінің репетициясына да барып жүрдік. Маған партия жұмысын көп үйретті. Сондықтан да қатарға сол нәрсе атқардық: даналар ақталды, олардың кітабын шығардық. Тіл туралы заңға белсене араластық, Наурызды қалыптастырдық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, айтысты қайта жаңғырттық, тарихымызды, мәдениетіміздің тарихын қайта жаздыра бастадық. Бұл аз жұмыс емес еді.

Азаматтық ойдың қалыптасуы, ұлттық тарихымыздың қайта тірілуі, қазақ театрының дәуірлеуі, бейнелеу, сәулет өнерінің өрлеуі, шеберлер ауылы – бәрі-бәрі Өзағаңның есімімен байланысты.

Ол кісі өте-мөте қазақ сәулет өнеріне ғашық еді. Ежелгі ескерткіштердің көбінің қирап, қаусап тұрғанына жаны күйзелуші еді. Жошы ханның мавзолейінде шілдеде шыбындап тұрған жылқыларды көргенде түсі құбылып, маңдай терін сүртіп тұрып:

– Біздің қолымыздан осы ғана келеді, – деп қынжылғаны есімде.

Сол күні екеуміз Ұлытауға шықтық. Машина жеткен жерде қалды. Мен шыңға жете алмай етекте қалдым. Өзекең қара дауылмен жағаласып шыңына шығып келіп, кешкісін Едіге, Тоқтамыс, етектегі хан ордасы жөнінде байтақ әңгіме айтты. Қазақтың ою-өрнегі, архитектурасы, тарихи ескерткіші, Алматының кешегісі туралы қолмен қойғандай қылып айтушы еді. Сонда біз сәулет бағын, ежелгі ертегі елін аралағандай болатындаймыз, Задында мен мұндай шебер әңгімешіні әлі кездестірген емеспін. Сол әңгіменің біразын бейне таспаға жаздырып қойғым да келеді, бірақ ағамыз әні-міні деп, өкінішке орай, соған уақыт таппай-ақ қойды. Жастарды инабаттылыққа, әсемділікке, кісілікке тәрбиелеуге үлкен мән беретін ол кісі. Бір күні:

– Жастарға эстетикалық тәрбие берудің концепциясын жасасақ қайтеді? – деді.

Көп ұзамай комиссия құрып, жұмылып кірісіп кеттік. Қолына алған істі аяқтамай қоймайтын әдеті емес пе, бір айдың ішінде балабақша бүлдіршіндеріне, мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған эстетикалық тәрбие берудің концепциясы жеке-жеке кітапша болып қатталып, Орталық комитеттің пленумында бекітілді. Әттең, Өзекеңнің арманы орындалмады, бүкіл республика болып жұмылып жасалған маңызды құжат партияның тарауына байланысты әжетке жарамай далада қалды.

Маңғыстаудағы, Ұлытаудағы тарихи ескерткіштерді сақтау керек, қазақтың сан мың жылдар бойы жасаған мұралары, оларды аспан астындағы ашық мұражайларға айналдыру керек деп шыр-пыр болып жүруші еді, ол ойлары да жүзеге аспады.

Қазақ тілінің күні қайта туа бастаған шақта оның биік мәртебесі үшін Өзбекәлі Жәнібековтің жанталаса күрескені қалың қазақтың жадында. Ол шын мәнінде қазақ мәдениетінің алып тұлғасы, білгірі, жанашыры, қара нары еді. Ойындағысы

бола қалса – қанатын қомдаған қырандай, сағы сынса – қанаты қайырылған құстай бола қалатын. Келбетінде халқымыздың айбары бар еді, әділдіктің, адамгершіліктің жығылмайтын ақ туы еді.

Көзден кетсе, көңілден кетеді дегендей, тақтан тайған соң, өкінішке орай, Өзекең құбатөбел күн кешті.

Күні кеше алдына жұрт кіре алмай, кіргені қалтырап, дірілдеп тұратын Өзекең де:

— Ойымдағыны, тарихқа қатысты пікірлерімді жазып жатырмын, бірақ жұрт оқымай ма, ешкім мән бермей ме деп қорқамын, – деді бір күні.

— Шіркін, заман-ай, осы күндері тақта отырған, ат үстінде жүрген жігіттер тақтан тайып, аттан түспеймін деп жүр-ау, бәрің де күні ертең қалпыңа келесің-ау, соны ертең емес, бүгін ойлансаң қайтеді, қазақта «аға» деген ғажап сөз бар ғой, сол ағаға қолдан келген жақсылықты тіршілігінде істетсек қайтеді, – деген ой келді.

Бір күні Өзекең маған телефон соғып, Мәдина деген немересінің біздің Академияға түсіп оқығысы келетіндігін айтты.

— Оқығанның бәрі данышпан болады дейміз, Жәнібековтің бір баласын оқытпасақ мұнда неғып отырмыз, – дедім.

Мәдина бізде оқығалы Өзекең маған бұрынғыдан да жиі телефон соғып тұрды. Әңгіме – ел тарихы, халық тағдыры, келешек жайында болатын. Ойының теріңдігіне, халқын жанындай сүйетініне қайран қалушы ем.

Мен алпысқа толғанда баспасөз бетінде мақалалар жарияланып жатты. Тойға шақырдым.

— Келемін, сөз сөйлеймін, салтанатты жиынды басқаратындарға айт, маған сөз берсін, – деді.

— Сіз келіп қатыссаңыз ініңіздің төбесі көкке жетпей ме, алдымен сөзді Сізге береді, – дедім.

Айтқандай-ақ, Өзбекәлі ағам бар күш-қуатын жинап, М. Әуезов атындағы драма театрында қыркүйектің он екісінде өткен салтанатқа қатысып, таяққа таянып, тұрып сөз сөйледі. Бір қолтығынан мен демеп тұрдым.

Сондағы асыл ағаның сөзіне ел тебіренгендей болды. Бұл аяулы Өзбекәлінің ел алдында сөйлеген соңғы сөзі еді.

Мың тоғыз жүз тоқсан сегіздің басында мен емханаға түстім. Өзекең осында жатыр екен, тездеп палатасына кіріп көңілін сұрадым. Екі танауына да кислородты түтікшені тығып қойыпты, әрең демалып отыр екен, жүрегім зу ете қалды:

— Әжептеуір тыңайып-ақ келе жатыр едіңіз, не боп қалды, қалайсыз? – дедім.

— Бір жақыны қайтыс болып жеңгең Өзбекстанға қыстың көзі қырауда жалғыз кетіп, бірнеше күн хабарсыз, уайымдап осындай халге түсіп қалдым, – деді.

Өзекеңнің жеңгемізді жанындай сыйлайтынын бұрын да жақсы білуші ем, ендігі жерде жеңгеміздің ағамызға таяныш, сүйенішке айналғанын әбден сезгендей болдым.

Не керек, бір аптадай ағамыздың жанында болдым. Көзіне сәл көрінбесем, өзі кісі жіберіп шақыртып алып отырды. Тұла бойында өлім мен өмір арпалысып жатқан ағаның мынадай халін көру өте ауыр еді.

Бір күні маған емханаға Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Халық Абдуллаев телефон соқты:

— Емханаға түсті дегенді естіп, хал-жағдайыңызды білейін деп едім, қалайсыз, деді.

— Шүкір, мен бір аптаның беделінде шығып қалармын. Ал осында Өзбекәлі Жәнібеков жатыр. Ол кісі тек бір оңтүстіктің ғана перзенті емес, халқымыздың ірі

тұлғасы. Жағдайы нашар, сендер Түркістанның мың беріп, Түркістанды ол кісіден артық білетін кісі жоқ, бар білгенін сөйлетіп бейнетаспаға түсіріп алыңдар. Құр қол келмей, сыбағасын ала келіңдер,— дедім.

Әкім өзі келмеді, орынбасарын жіберді. Теледидардағы, «Қазақфильмдегі» жігіттерге де Өзекеңді түсіріп ала беріңдер деп сұрадым, өкінішке орай ешқайсысы қозғала қойған жоқ. Тақта отырғанның табанын жалар еді. Өлейін деп жатқан Өзбекәлінің кей бауырларға керегі болмағанына көзім жетті.

Халқымыздың үлкен қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков, сөйтіп, ақпан айының жиырма екісі күні дүние салды. Күні кеше ғана емханада өмір үшін арпалысып жатыр еді, міне, енді жаны жай тапты. Талай жоспарлары бар еді, бәрі де қалды. Көп білуші еді, халқын, оның тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы білуші еді, әттең, білгенінің көбін алып кетті.

Екі күндей кешкісін үйде күзеттік. Ол кісінің істеген істерін, жақсы мінез-қылықтарын әңгіме қылдық.

«Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Уалихан Қалижан ол кісі туралы бір-екі сөз айтуымды сұрады. Мен жазып бердім.

«Егемен Қазақстанның» жиырма төрт күнгі бір беті тұтас Өзбекәліге арналды. Менің де «Қош, асыл аға!» деген сөзім жарияланды.

Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драматеатрында ақпанның жиырма бесінде қоштасу өтті. Сол күні түстен кейін табытын пойызға салып Отырарға алып кетті. Үш вагон тіркелді.

Біз Білім, мәдениет және денсаулық министрі Қырымбек Көшербаев бәріміз кешкісін самолетпен жеттік.

Ақпанның жиырма алтысында Отырардағы мұражай алдында қаралы жиын өтті. Сол жиында мен де мына төмендегі сөзді айттым:

«Нұрлы жүзді, әдемі қоңыр үнді, жаратылысы бөлек Өзбекәлі ел тарихы мен мәдениетінің білгірі, қасиеттің тұнып тұрған тұнбасы, ойдың тереңі, халқымыздың кескіні менен келбеті, қайраты менен айбаты еді, арысы еді, дара тұлғасы еді, елінің асылы, баршаның жақыны еді, қайыспайтын қара нары, шалыс баспайтын кержорғасы еді, бойын жасырған тұлпар еді. Заманымыздың Бұқар жырауы, Төле биі еді.

Жарық дүниеде жаны жай таппады, тіршілікте көрген рахаты да көп болмағанын біз жақсы білеміз.

Біз Өзекең дүниеден өтті деп жылап жатырмыз. Меніңше, аз ағаның мәңгі өлмейтін өзгеше жаңа өмірі жаңа басталды. Ылғи әулие мен қасиеттің тұнып тұрған өлкесінде туған, бұл фәниден дүние жимаған, иман жиған, өле-өлгенше халқына адал еңбек еткен ағамыз енді бірте-бірте Фараби, Арыстанбаб, Әзірет Сұлтан секілді әулиеге, сыйынатын пірге, табынатын құдыретке айнала берді. Табиғаттың тылсым сыры сияқты Өзбекәлінің де тайниктері бірте-бірте ашылатын болады. Осы киелі топырақта ағамыздың мәңгі бағы қайта жанатын болады. Тәнін жерге берерміз, бірақ елінде оның рухы қалады. Ендігі жерде баршамыз көңілге осыны медет тұтамыз».

Арыстанбабтың маңына, Құрбан атасының жанына жерленді. Күн ашық, жылы болды.

Ия, Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың сағынышқа айналған жаңа әлемі басталды. Жылдар асқан сайын, Алатаудың шыңдарындай биікке, әрбір қазақтың қимас жақынына, тазалықтың, имандылықтың символына, қазақ халқының ұзақ

тарихындағы ұлы тұлғалардың біріне айнала береді. Рухы елімен бірге мәңгі жасайтын болады.

Ерекше маңыздылығын ескере отырып, Өзекеңнің 1992 жылы маған жазған хатын да жариялауды жөн көріп отырмын.

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҚОРЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

Тарих қойнауына жүгінсек, X-XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстанның халқы көне тілінің қыпшақ-оғыз диалектісінде сөйлегені хақ. Ахмет Иссауи де өзінің «Хикметін» сол көне түркі тілінде, оның қыпшақ-оғыз диалектісінде жазған, әзербайжандық зерттеушілер 1978 жылы дәлелдеген. Ал ол еңбекті шағатай тілімен жұрттың шатастырып жүргені – алғашқы нұсқасының жоғалып кеткенімен байланысты. Ол нұсқасы өте қысқа болған дегенді айтады. Шамасы әр тілге, әсіресе шағатай тіліне аударғанда тәржімалаушылар қосқан қағидалар да болуы мүмкін. Дегенмен Стамбул кітапханасында оның 18 нұсқасының ең алғашқысы сақталған дегенді айтады. Оны тексеру қажет. Егер осы факт анықталса оны көне өзбек тілінде жазған деу қисынсыз. Шағатай тіліне жабыстырудың да ыңғайы жоқ. Өйткені, біздің ғалымдарымыздың қолында бары – тек шағатай тілінде шыққаны ғана. Ол Ташкентте басылған. Бізбен туыстас өзбек халқының оның өзбек поэзиясының классигі деп қарап жүргені де осымен байланысты. «Хикметті» белгісіз біреу қазақшалаған екен. Теледидардан сөйлегенде де ол да шағатай тіліне сілтеме жасағанын көзімізбен көрдік.

Соңғы кезде қайсыбір «зерттеушілердің» Түркістан мен Отырарды қазақтан алыстатқысы келіп, пікір айтып жүргені (Силипа, Смағұлов т.б.) белгілі. Шымкент музейінің 60 жылдығында біздің археологтарымыз жұмған ауызын ашпапты. Тек екі адам (Қожаев – Отырар музейінен, Ақынжанов – археология институтынан) ғана қарсы пікір айтқанға ұқсайды. Менің бір түсінбейтінім, - Қазақстан ғалымдарының ұстанған бағыты. Егер ондай еңбектер Тарих, этнология институты арқылы шығып жатса, оларға неге сын көзімен талдау жасалмасқа.

Түркістанға өзбектер 1819 жылы қоқандықтардың жаулап алуымен байланысты келген. Онан бұрынғы материалдарда (Рузбихан, Тәуіш, Рачковт.б.) оның «автохонды» тұрғындары болған өзбектер жөнінде ештеме айтылмаған. Керісінше – қазақ тұрғындары жөнінде қызықты материалдар берілген. Справкада көрсетілгендер қазіргі зерттеушілердің «тауып» алғандары.

Қайтақалпына келтіру жұмыстары жөнінде бір-екі пікір айтатын болсақ, 1952–1957 жылдары оның Ташкент шеберханасы, онан кейін Госстрой (Бәсеновтың кезі), Қазақ КСР Мәдениет министрлігі (Омаровтың кезінен бастап) айналысқан уақытта бірқатар жұмыстар жүргізілгені анық. Бірақ Самарқан технологиясын бай топырағын онан сайын «байыту» арқылы, құбылмалы ауа райын ескермей-ақ өндіре салғандықтан көптеген кемшіліктерге жол берілген. Оның үстіне іргесіне бетон отмостка беріп, аэродром плиталарымен жабу – температуралық режимнің бұзылуына әкеліп соққанын да айтпай кетуге болмайды. 1978–1979 жылдарда С.С.Тәкібаева жасаған жаңа технологияның ендірілуі көп мәселелерді қайта қарауға алып келді. Бұл әзірше Орта Азия мен Қазақстандағы ең қолайлы технология деп есептеледі. Егер қолдан жасалған бұзушылық болмаса онымен көп жұмыстар жүргізуге болар еді. Не пайда, соңғы үш-төрт жылда ештеме істелмеген, оның үстіне төбесінен су аға бастапты, оны көргендер көрмеген болып жүре беретін дертке душар болғанға ұқсайды.

Справкада 1977 жылғы жоба жөнінде дұрыс айтылған. Ескі қаланы құртып, жаңадан «ескі қала» сала қоямыз деп әлек болған жұрттың көп ескерткіштерден көз жазып қалғанын қалай ұмытарсыз. Негізгі идея – өзбек реставраторларынан қалған, кейін Т. Бәсенов қолдаған іс-қаракеттер кезінде бұрын пантеон қызметін атқарған көне құрылысты «өліктерден» тазалауға бағышталған. Соның салдарынан көптеген құлпытастар, мүрделер жоғалған. Ал қазіргі екі-үш тасты 1979 жылы музей ашылған кезде шартты қоюға тура келді. Онда орнында жатқан Дешті қыпшақтың көшпелі өзбектердің ханы Әбілхайыр (соңғы кезде оның өзін де Сүйініш қожанікі деп жүр) мен Жәнібек ханның қызы Аманбике ғана. Есімханның, Абылай ханның, Тәукеханның, Жәңгірдің, Бөгенбай батырдың, Жәнібек-Тарханның тастары құрылған.

Тығырықтан шығудың бір ғана жолы бар, ол – реставрация жұмыстарын жолға қоюмен байланысты. Не Мәдениет министрлігі бұл мәселемен түбегейлі айналысуы керек (кезінде мемлекеттік комитет не басқарма құрылмағаны бекер-ақ болған), не болмаса басқа бір жағын ойластыру қажет. Оны түріктер келіп, орнына келтіреді дегенге менің өз басым сенбеймін. Жауапкершілікті арттыру қажет-ақ, ол жетісе бермейді.

Түркістан қаласы жөнінде: оның мәртебесін көтеру қажет сияқты. Халқына (әсіресе қазақтарға) квота берген де жөн болар. Өйткені бұрын қалада қазақ халқы көпшілік болса, селода өзбек халқының арасалмағы басымырақ болатын. Қазір соңғы кездегі миграцияға байланысты қала да, селода да өзбектердің арасалмағы 57–60 процентке дейін өскенге ұқсайды. Бұл жағын реттемесе қиыншылыққа апарып соғуы мүмкін. Бұл ұлтшылдық емес, қалыптаса бастаған әлеуметтік ахуалға байланысты айтылып жүрген пікір. Түркістан үшін қазақ халқының қаны көп төгілген, ол – оның ең қасиетті орны. Үш жүз жылға жақын уақыт қазақ хандарының тұрағы – астанасы болған. Онда халқымыздың асыл азаматтарының, ең қалаулы ұлдарының сүйегі жатыр. Оны қастерлемеске болмайды. Көне көз қариялардан кезінде Ташкенттің өзбек халқының пайдасына қалай реттелгенін талай естіген едік. Мұның ешқандай сөлекеттігі жоқ.

Бәлкім, Түркістанда облыс орталығы құрылса жөн болар. Бұл бұрын да айтылған мәселе. Басшыны қазақтан қойған, онда да тарихтан, мәдениеттен, тілден саңлауы бар, солардың шотын шабатын ағайыннан қойған жөн болар. Ондайлар сол Оңтүстік Қазақстанда да болды ғой (Рашид Тұрарұлы, т.б.), оларды жұрттың көре бермейтініне қайран қаласың. Әлде айтатын ауыз, еститін құлақ болмай жүр ме, мұны да ойлаған жөн, бауырым!

Тағы бір көңіл аударатын – мәселе Ташкенттің байларына Түркістанда шайхана, керуен сарай салғыздырғаны. Бұл өзі сырт қарағанда әншейін қайырымдылық сияқты болғанымен, өзбек «атамекеніне» ілтипат болып шықпайды ма? Бұл жөнінде де справкада орынды айтылған. Түркістанда көпшілікке арналған шайхана 1979 жылдан бері көтеріліп келе жатқан. Оның жобасы да жасалған еді. Облпотребсоюздың бастығының пенсияға кетуімен, сол сияқты, охранның зонаны анықтаудың он жылға созылғанымен (бұл да әдейі істелген) байланысты құрылыс тұрғызылмай қалды. Оны өзбек ағайындар пайдалана қойды. Гәп осында жатыр.

Светомузыкавая видеопанораманы қоюдың орынсыз деп табылуы (онда қазақ бастаулары жөнінде сөз болатын еді) да ұйымдастырылған нәрсе сияқты. Өйткені оған орын қарастырғанда облыс басшыларының, Мәдениет министрлігінің тарапынан қарсылық болған жоқ. Тіптен, Б.Тұяқбаеваның өзі сол жерді көрсеткен, кейін, бәлкім, Маньковскаяның, т.б. ықпалымен тез өзгере қалғанға ұқсайды, мүмкін, қателесермін, бірақ оқиғаның кейінгі «шиеленісуі» мәселенің осы жолына меңзейтін сияқты.

Абылай ханның туған жері де, қайтыс болған жері де – Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде осы Түркістан болып табылады. Оның мүрдесінен бой жазып қалғанымыз – кешірілмес күнә. Ол – ол ма, Бөгенбай батыр, Әйтеке би, Жәнібек-Тархан (Есім хан, Тәуке хан, Тәуекел хан, Жәңгір хан, Илияс хан сияқтыларды былай қойғанда) сияқты ел алдында еңбегі зор, әрқайсысына зәулім биік ескерткіштер тұрғызуға тұрарлық азаматтардың да мүрдесі жоғалған, сүйегі лақтырылған. Мұнан артық тарих алдында қылмыс бола қоймас. Енді сол үшін кешірім сұрауға міндеттіміз. Оның бірден бір жолы – Ахмет Иассаудің алдынан Рабия Сұлтан Бегімнің кесенесінен кем емес қырлы күмбезді, глазурьмен, майоликамен, кашин бұрышпен өрнектелген пантеон тұрғызып (ол міндетті түрде ескі стильде болуы керек), ол адамдардың аты-жөні жазылған плиталар қою.

Мырзатай бауырым! Абылайға қатысты Оңтүстік Қазақстандағы жерлердің бірде-бірінде белгі жоқ. Түркістандағы хан сарайының орны жоғалған.

Ордабасы тауының бестен біріне жуығының тасы қопарылып, тас ұнтақтайтын зауыт әлі де жұмысын тоқтатпапты. Жуырда Шымкентте болғанда мен онда барып едім: ерсілі-қарсылы тас тасып жатқан машиналарды көріп қайран қалдым. Менің ұсынысым: Ордабасыда тарихи-табиғи қорық ұйымдастыру керек сияқты. Тау баурайын көгалдандырып, ағаш ексе, бұрыңғы бұлақтар да қайта өмір сүрер ме еді деген ой көңілге орала береді. Тауды көгертіп, басына темір-бетоннан монумент тұрғызып, кішігірім музей ұйымдастырып, жұрт сусындайтын шайхана салса – ол жұрттың демалыс орны болатыны сөзсіз. Оның үстіне Ордабасы – Шымкенттің түбіне орналасқан, «тоғыз жолдың» түйіскен жері.

Ал Сайрам ауданының Қарабұлақ қыстағынан теріскейге қарай алты-жеті шақырым жердегі Абылай ордасының орнына (ол көп жылдар бойы Ханқорған деп аталып келген) да белгі қойған жөн.

Басқа пікірлерді уақытын тапсаң жүзбе-жүз кездескенде айтып берермін.

Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ

Түркістан, ондағы «Әзірет-Сұлтан» қорығы қазақ тарихының ең қасиетті жерінен саналады. Бұл – біздің ең жанды жеріміз. Соған қарамастан, білетіні бар, білмейтіні бар – талай адам араласып, қасиетті Түркістанның тағдырын дұрыс шеше алмай келеді. Қалай дегенде де біз бұл күрделі мәселеге аса сақтықпен қарамауымыз керек. Тарихымыздың, әсіресе ескерткіштеріміздің білімпаздарының бірі Өзбекәлі ағамызбен біз бұл тақырыпта талай-талай әңгімелесіп, пікірлескенбіз. Бұл хат – соның нәтижесі. Осы хатта көтерілген мәселелерді жүзеге асыруға кірісе бергенімде (мәселен, Ордабасының үстіне монумент салу қолға алына бастады), мен вице-премьер қызметінен босадым да, бәрі аяқсыз қалды. Санасында саңылау, ұлттық намысы бар кісіге түсінікті мәселе емес пе, сондықтан тарих алдындағы бұл парызды сөзсіз өтеу керек.

ҚАЗАҚТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ ЕДІ

Жан баласы да Жаратылыс-Анаға тартып туса керек. «Шолақ сай қатты тасиды». Ал, айналасына үрен-сүрен салмай-ақ үлкен өзендер үнсіз ағады екен. «Мен істедім дегенше, ел істеді десеңші» деп Батыр Бауыржан айтқандай, халықтың мұрат-мүдде жолында өзегін суырып берердей өте бір азаматтық перзенттікпен өнімді еңбек тындырып, жас-жасамыс жалпы үшін өз ағасындай болып кеткендіктен де өмірден өткенше Өзағаң атанған Өзбекәлі Жәнібекті сол айқай-шусыз, даурық-саурықсыз, сабырлы ағатын арналы өзенге ұқсастыруым жәй емес. Дүниеде ұлтына деген қызметі мен отаншылдық борышты атқарып жүріп жасаған жақсылығын бұлдап, елге салмақ салудан ең жаман нәрсе жоқ. Әйтпесе, атқамінерлігі атақ-мансап, шен-шекпен алып қалудан артылмай жатса да, ақ тауды айырып, қара тауды қайырып тастағандай-ақ, алашқа міндетситіндер қазақ арасында қай кезде де аз кездеспеген ғой. «Орда бұзар отыздан» асып, «қырма сақал қырықтың» қырын басып қалған біздің буын даңқты Ілияс Омаровтың алдын көрмей өскені хақ. Сөйтсек, аты аңызға айналған осы бір азамат басшының ерекше ойшылдығы асып-таспас байсалдылық пен абзал адамшылықтан бастау тауып отырыпты-ау. Ілекеңнің бірде алдына келген Қасым Аманжоловқа қамқор пейіл танытып, қалалық кеңес төрағасына телефон шалып:

– Бір аптаның ішінде ақынға үй беретін бол. Сен екеуіміз осылардың тілегін орындау үшін уақытша отырған адамдармыз, бұлар мәңгілік қалады! – деуінде әлгі әсем кісілік, кішіліктің алтын діңгегі бар емес пе?!

Ал Өзбекәлі Жәнібектің, қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, талай жерде Қалдаяқов Шәмшіге көрсеткен көмегі талантты композитор тағдырына ғана қатысты жанашырлық па, әлбетте, ел, халық ертеңін толғаумен өмір сүретін елгезектік дейміз де! Ер атану, қайраткерлік дегендердің өзі, жүйелеп келгенде, ел-жұртын сүю сезімі ерекше күшті, намыс наласы нар ететін Азаматтық Рухтан барып жалғанның жарығына шықпай ма?! Ендеше, әр төбеде әкімшілдік-әміршілдік әңгір таяғы ойнап тұрған заманда қазақ жастарын орта мектеп бітірген бойда жаппай қойшылыққа жіберуге қаймықпай қарсы тұруы, немесе обком секретары басымен өлкетану музейі ғимаратының өзі бас боп еденін сырлап, шегесіне дейін қағысуы, ана тілінде өмірі көрінбеген ұрандар жазғызып, қазақша мектептер ашуы немесе:

– Сіздерде қазақша басылымдарға жазылу неге көбейіп кетті? – деп Орталық комитеттен айбар шашқан білдей білім меңгерушісіне:

– Бұған не, жүрегіңіз ауырып тұр ма? – деп ызалы пікірін ашық білдіруі Өзағаң болмыс-бітімінің, біз айтқан Азаматтық Рухы биіктігін дәлелдей түссе керек. Ал мұндай жайлар оның өмірінде өте мол болған ғой. Ол «Тағдыр тағылымы» атты ғұмырнамалық жадынамасында былай деп жазды: «Мансапқорлық, тәкаппарлық, менмендік, өзін басқалардан жоғары ұстау менде болған емес... елге қызмет етуден басқаны ойламай, өзім деген кісіге...»өзімдегіні суырып беруге» даяр тұратыным хақ».

Міне, осы «елге қызмет етуден басқаны ойламау» секілді ірі мінез, іргелі мақсат оны әсіресе мәдениет саласындағы басшы қызметтерде болған тұста басқалардан айрықша даралай көрсетіп, рухани өмірімізде айшықты өрнек тартуға өріс ашқанын жұрттың бәрі біледі. Халықтық мәдени мұрамыздың әртүрлі себептермен құрып

бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіру сыңайлас қат-қабат қам-қарекеттер тұрғысында тұңғыш бетбұрыс жасаған қажымас қайратын ел ешқашан ұмытпайды. Бұл ісі Қазақтану ғылым-білімін жолға қою мұрат-мүддесімен ұштасып жатыр.

«Партиялық функционер» бола тұрып, дәстүрлі бес өнердің басын қосқан «Қазақтың қолтума мәдениеті», «Жаңғырық... Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен», «Уақыткеруені», «Жолайрықта», «Қазақтілі» аталатын тарихи-этнографиялық зерделі зерттеу кітаптарын оқырман қауымға ұсынуын қалай ерлікке пара-пар ізденімпаздық демейсің?! Елшілдік толғауындай қос томдық «Тағдыр тағылымы» да есті ұрпақ тәлім-тәрбиесіне қомақты үлес қоса беретініне еш күмәнданбаймын. Ауырлығы бір академиктің арқалар жүгінен жарты мысқал да кем түспес соншама еңбекті жарияға жар салмай-ақ, даңғаз-дақпыртсыз, ескеру-елеу дәметпестен тындырып кетті-ау!

Жарық дүниедегі тірлік сапары тұйықталар тұста да Өзбекәлі Жәнібек тарих тұңғығына үңіліп, Әмір Темір Көрегеннің Ахмет Ясауи құтхана мешітіне кепілдік (вакуф) – бұйрығын қазақшалапты. Жазу үстелі үстінде сиясы сорғып үлгермеген бұл тәржімені оқып шығып, мен Моцарт «Жаназасының» рухымен сырласқандай сезімде болғанымды жасыра алмаймын. Әулие мен әлеумен қайраткері арасын алтын көпір іспетті көзге көрінбей жалғастырып тұрған бір жақындық тапқандаймын. «Хақты таптым» деп «Диуани хикмет» авторы жырлағандай, бақилыққа бет түзер шақта Өзағаңның өзгемен емес, Әзірет Сұлтанмен табысуы талай сырдың түйінін тарқатады екен. Сонау тоғышарлық шақта бірінші рет Түркістандағы Әзірет Сұлтан қорығындағы Ахмет Ясауи сәулет ғимаратын апат қауіпінен құтқарып қана қоймай, бастапқы кейіпіне келтіру ісінің басы-қасында Өзбекәлі Жәнібек жүргенін бүгінде екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Тіпті, 1975 жылы осы киелі кесене айналасына жаңа қала салынып, шығыс жағына орналасқан ежелгі шаһарстан тегістеліп, гүлзарлы бақ жасалмақ болғанда: «Әзірет Сұлтан секілді дүниежүзілік мәні бар ескерткіштің ауданында жаңа құрылыс салуға болмайды. Оның астында сан ғасырлық мәдени қатпарлар жатқан жоқ па?!»-деп жәдігерлікті жанын сала жәбірден қорғап қалған да Өзбекәлі Жәнібек еді. Ол баба мұраның бабын қамдау мәселесіне үнемі оралып соғып отырды.

Енді, міне, оның ең соңғы тәржімелік туындысы да «әулиелердің тақуасы һәм бабагөйі Ұлық Әзірет Қожа Ахмет Иассаудің», «шындық пен ақиқат Сұлтанның, Аллаға құлшылық етуде мүлтіксіздікке жеткен бейкүнә жандардың Сұлтанының» құрметіне «барша жұрттың Патша ағзамы Әмір Темір Көрегеннің жарлығымен тұрғызылған құтхана-мешітке» (аударма сөздерінен) берілер кепілдіктерге бағышталған болып шықты! Сірә, Өзағаңды еліміз Тәуелсіздік туын тіккен тәубелі шақта төрткүл дүние мұсылмандары тәу етер бұл құдайтағалалық Қарашаңырақ тұрасында о бастағы вакуфтерді бұлжытпай орындауға оралу жөнінде ой мазалағандай ма, қалай? Бағзы бастауларымызды қалпына келтіру құлшынысы қанат жайып отырған кезеңде ондай ойдың айы оңынан туар күн алыс еместігіне сенемін.

ТҰҒЫРЫ БИІК АЗАМАТ

«Өзбекәлі әлемін» – өз басым: кемеңгерлік кемеліне келіп, көкжиегі кеңейе түскен, өзіндік өнегесімен ел жадында мәңгі қалар, тағылымы мол ғибратты ғұмыр деп білемін. Сондықтан да, бүгінде арамызда жоқ Өзекеңдей біртуар ұлын ел-жұрты осынау бір қоғамда үңірейіп, бос тұрған орнына қарап, көз жазып қалған азаматын, қарбаласта «жоғалтып алған» асыл затын іздейтіні заңды. Әрине, бұл жұдалықты бірге туған бауыр, ет жақын ағайын, аялап өсірген шәкірттері мен көмегін көп көрген ізбасарлары, өмірдің ащы-тұщысын бірге бөліскен дос-жарандары өзінше қабылдауы мүмкін. Алайда, өзін «қазақпын» деп санайтын, оның мүддесің қорғап, болашаққа деген асыл арманын арқалап жүрген зиялы қауымның саналы азаматтары үшін Өзекеңді еске алу – кеше ғана көз алдымызда өткен егемендік жолындағы күрестің мәні мен мағынасын, сыртқы қыры мен ішкі сырын терең түсіну деген сөз. Біздің өткен тарихымызда айтыла бермейтін, айтсақ та дұрыстап айта алмайтын жайттар көп қой. Ал, ел-жұрттың құлағына жетпей, құпия сыр болып қала беретін жағдайлар қаншама? «Осынау бір кешегі (1986–1995жж.) аумалы-төкпелі шақтарда жай басып, ақырын сөйлеп жүріп-ақ ерлікке баланатын ерен іс тындырған, ел алдына озып, ойран салмай-ақ, биік тұғырдан көрініп, азаматтық парызын ақыл-парасатымен, білікті де білгірлігімен, қажетіне қарай қайтпас қайсарлығымен атқара білген бірегей азамат бізде кім?» деп сұраған жанға мен: «Ол – Өзбекәлі Жәнібеков!» – деп ойланбай-ақ айта аламын. Өйткені, дәлелім көп, өз көзіммен¹ көрген, жүрегіммен сезінген әсерім көп, өзім араласып, өзім қатысқан көп істердің тірі жүрген куәгерімін... Араға жыл салып, Өзекеңді еске алып, естелік жазып отырғанымызда оларды айтпай, томаға тұйық қалу – мәрттік емес.

Өзекең туралы айтар әңгіме, шертер сыр қаумалаған зиялы қауымда аз болмаса керек. Ол азамат туралы менің де айтарым баршылық. Бірақ мен бұл жолы көп әңгіменің ішінен бөле-жара үш мәселенің (фактінің) төңірегінде ой таратқым келеді. Олар: а) Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына, ә) Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге және б) «ақтаңдақтарға» қатысты әңгімелер.

1. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына (1989), міне, он жылға аяқ басыпты. Бұл қоғамның не үшін, қандай мақсатпен құрылғанына көпшілік бірсыпыра хабардар. Бірақ қалай және қандай қиындықтармен дүниеге келгені туралы жұрттың бәрі біле бермесе керек.

Ия, содан бері, міне, 10 жылдай уақыт өтті. Қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде Желтоқсанның жаңғырығы іспетті Ана тіліне деген елдің санасын оятып, ойын сергітіп, барша қауымын дүр сілкіндірген бұл оқиғаны Өзбекәлі Жәнібековтің есіміне байланысты еске алмай айналып өтсек, ар алдында айыпты боларымыз анық.

Сол бір 1987–1989 жылдарды еске алайықшы... Қазақ топырағының өзінде қазақ тілін қорғайтын қоғам қажет болды. Ол қоғамдық өмірден тәркі етіле бастаған ана тілімізге деген жұрттың көзқарасын өзгертіп, санасын оятуды, тілімізге мемлекеттік мәртебе әперу жолымен оны төніп келе жатқан қауіп-қатерден Заң (Конституция) арқылы қорғап қалуды мақсат етті.

Қоғам құру идеясы Академия құзырындағы Тіл білімі институтында туып, ол үшін күрес осы мекеменің қабырғасынан басталды. Шынын айту керек, басында бұл

идеяны қолдаушылар, өкінішке орай, арамызда аз болып шықты. Сондағы олардың айтары: «оның қажеті не?». Шынында да, бұл ғасырлар бойы бойымызға сіңіп қалған бойкүйездік, тоғышарлық әдеттен бірден құтылудың қиындығынан еді.

Міне, осы бір тұста, басқаны былай қойғанда, тіпті тіл маманы, тіл жанашыры саналатын кейбір әріптестеріміздің бірауыздылық танытудың орнына теріс айналып кетіп жатқан кезінде, «Қазақ тілі» қоғамын құрамыз» деп, жатпай-тұрмай әрекеттеніп жүрген біздерді (олар да көп емес: Ә.Қайдар, Ө. Айтбайұлы, сондай-ақ Ғ.Әнесов, Т.Өмірзақов сияқты жастарды) басқа жерде емес, «Жоғары үйде» дұрыс түсініп, алғаш қолдау көрсеткен бір-ақ адам болды... Ол – сол кездегі (1988 жыл) республикадағы идеолог-хатшы Өзбекәлі Жәнібеков еді.

Қоғам құруға қатысты бағдарламамызды жасап, алғаш рет (Ө.Айтбаев екеуіміз Өзекеңнің қабылдауында болдық. Бұл кезде Желтоқсан оқиғасынан кейін бүкіл қазақ халқы «ұлтшыл» атанып, тоталитарлық режимнің әлі қылышынан қаны тамып, саяси ахуал қыл үстінде тұрған кез болатын. Сондықтан да идеолог-хатшыға «қойыңдар мұны» деп, ісімізді итере салу тек емес еді. Олай болмады...

Бізді мысқылдап сынап отырып, Өзекең біз ұсынып отырған ұсыныс – қоғам ашудың мақсат-міндетін тәптіштеп сұрап, мән-жайын әбден ұғып алғаннан кейін, сол кездегі идеолог-хатшыларға тән сақтық жасап, қарсы болудың, не «көрейік» деп, сөзбұйдаға салудың орнына, бұл идеямызды бірден қолдап, тіпті оны мемлекет деңгейінде іске асырудың жол-жорықтарын айтып, өзі де бұл іске қызу араласып кеткен еді...

Осы орайда Өзекеңнің ақыл-кеңесімен қоғам құру үшін құрылтай шақыру мәселесі, қоғамның бағдарламасын, жарғысын ресми бекіту, қоғамның өз үні – «Ана тілі» газетін шығару, т.б. осы сияқты біздің қолымыздан келе бермейтін толып жатқан ұйымдастыру мәселелеріне «бейресми түрде» (өйткені бұлар идеолог-хатшының міндетіне жатпайтын істер болатын) қызу араласып кеткені көз алдымда, әлі есімде.

Бұлардың бәрі айтуға ғана оңай, бірақ тап сол кездерде жүзеге асыру қиямет-қайым іс еді. Бұл істе де Өзекеңнің өзіне тән іскерлігі, өжеттігі, парасаттылығы мен ұстамдылығы тәнті етті. Ел басқарудан қалыптасқан мол тәжірибемен оның әрбір істі он ойланып, тоғыз толғанып барып шешетінін мен, әсіресе, екі мәселе тұсында ерекше аңғардым. «Болашақ қоғамның басшысын кім деп атаймыз?» «төраға» ма, «председатель» ме, жоқ әлде «президент» пе деген мәселеге дейін біз Өзекеңмен ақылдасып отырдық. Көп таластан кейін біздің дәстүрімізде бұрын соңды көп қолданылмаған «президент» деген лауазымға келістік. «Не көп, колхоздың председателі көп, жиналысты басқаратын да – төраға... Қоғамның беделі жоғары болсын десеңіз, Өзеке, оның бастығын «президент» деп атайық» деген менің уәжімді естігеннен кейін ол біздің (Ө.Айтбаев та бар) бетімізге қарап, өзінің әдеті бойынша, жымың етіп бір күлді де, «жарайды президент болса, президент-ақ болсын!» деп келіскен еді. Сөйтіп қоғамның жарғысында оның бастығы «президент» болып аталынды, «Қазақ тілі» қоғамын құруға арналған I Құрылтайда мен бірауыздан президент болып сайландым. Енді байқап қарасам, сол кезде қоғамдық өмірде менен басқа президент лауазымдылар болмаған сияқты...

Өзекеңнің тағы бір араласқан мәселесі – қоғамның аты туралы әңгіме болатын. О баста біз қоғамға екі түрлі ат – «Ана тілі» не «Қазақ тілі» лайықты деп есептеп, таңдауын, шешімін құрылтайдың еркіне қалдырдық. Өзекеңнің көбірек айтқаны – «Ана тілі» болды. Ондағы ойын біз жақсы түсіндік»: егер қоғам «Ана тілі» болып аталғанда, ол құзырында Қазақстанда жасаушы басқа ұлт өкілдерінің тілін түгел

қамтыған және, ең бастысы, үкімет тарапынан қаржыландырылған болар еді. Бірақ бұл мәселе Желтоқсан оқиғасынан кейін жүз берген қоғамдық өмір үрдесіне сай «Тіл тағдыры – ел тағдыры», «Қазақ елі», «Қазақ тілі» деген ұранды сөздермен, көтеріңкі сезіммен басталған Құрылтай (ол М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында, 1989 ж. 21 қыркүйекте) рухында Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы болып шешілді. «Қазақ тілі» қоғамының кейінгі жылдарғы мүшкіл жағдайын көріп, біліп жүрген Өзекең бізге «қаржыдан қағылғандарыңды енді ұқтыңдар ма?» деп күліп қоятын. Барлық ұлттың басын біріктіретін қоғам «Ана тілі» аталмағандықтан, бүгінгі ұлттық мәдени орталықтарының басын қосып отырған Қазақстан халықтары Ассамблеясының дүниеге келгені де белгілі. Болар істің алдын болжайтын Өзекеңнің бір қасиетін осы арадан да байқауға болады.

2. Тіліміздің мемлекеттік мәртебеге қол жеткізуі де оңай болған жоқ. Үкімет билігі қолына тиген күннің ертесіне-ақ жүргізе бастаған Колбиннің тіл саясатына бірлі-жарым адам тұрмақ, барша зиялы қауымның тосылып қалғаны көпшілікке мәлім. Билік пен әкімшіліктің бәрі бір қолда болды. «Ақ» дегені – алғыс, «қара» дегені – қарғыс... дегендей. Әйтсе де Желтоқсан желімен сейіліп, санасы ояна бастаған жұртшылықтың өзін «қазақпын» деп атауға қымсынатын, тіпті намыстанатын бауырларымыз ендігі жерде «Ел тағдыры – тіл тағдыры!» деген ұранға қосылып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе талап етіп, ел алдында ашық айтатын болды, тіпті алыстағы ауылдағы қалың жұрт «ұлықтың» атына, «үлкен үйге» хат жолдайтын болды. Бұлардың Колбин құлағына бірі жетсе де, бірі жетпеді; жеткендеріне ол жете түсінбеді, түсінгісі де келмеді. Қалың жұртшылықтың жан дауысына құлақ асудың орнына бірінші басшы келген күнінен бастап, кеткен күніне дейін Қазақстанда қостілділік негізінде мемлекеттік тіл жасаймын деп әлек болды. Міне, осы бір сәтте, мәселенің шиыршық атып, «тіл ауруының» асқынып тұрған кезінде Өзекең ерекше ақыл-парасаттылықпен тағы бір ерлікке бергісіз іс жасады. Ол идеолог-хатшы ретінде бөлімдерге (бастығының бірі – М. Жолдасбеков мырзаға) сол қап-қап хаттарды талдап таратып, ана тілі туралы шындықтың (алғаш рет ресми түрде!) қанын шығара айтып, қалың жұрттың қатал талабын қағаз жүзінде Колбиннің қолына тигізуге арнайы тапсырма берген болатын. Міне, осы құжат (оның бір көшірмесі біздің қолымызда) тіл туралы дау-дамайдың бетін бері қарата бастады. Мемлекеттік тіл мәселесін шешу үшін 26 адамнан комиссия құрылды, бірлі-жарым пікір баспа бетінде ашық айтыла бастады...

Осы істердің бәрін қазір, он жыл өткеннен кейін, еске алып, тағы бір зерделеп қарасам, халықтың санасын оятып, рухын көтеруде Өзекеңнің «жоғары үйде» жайбарақат отырған болып-ақ, перзенттік борышы ретінде атқарған ұлан-ғайыр еңбегінің де зор үлесі болған еді.

3. «Ақтаңдақтар» жөнінде бір үзік сыр.

Алпыс жылдан астам уақыт арамыздан аласталып, ғылыми, рухани мұрасын игеру былай тұрсын, атын атауға тыйым салынған, тіпті аты түгіл «АБ» деген қысқартудың артында «Ахмет Байтұрсынов тұр» деп шошып, цензура пышағымен том-том кітаптар туралған күні кешеге дейін біз Ахаңның артында қалған бай мұрасынан бейхабар, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, ұлтжанды ұлан ретіндегі азаматтығын бағалай алмай, жандүниесін түсінбей, табиғатын танымай өскен ұрпақпыз. Бірақ сол Ахаңды (соның қатарында Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, т.б. арыстарды) «ақтаңдақтан» аршып алып, халқымен қауыштырған да осы ұрпақ. Алайда оның мән-жайын, кейбір сырын қарапайым жұрттың бірі білсе де, бірі білмейді...

Байқасақ, бүгінде Ахаңды, мақтап-марапаттаушыларды былай қойғанда, «мен ақтап алдым!» деушілердің саны күннен-күнге көбейе түсуде. Тіпті, олардың арасында күні кеше ғана Ахаңды «халық жауы» ретінде жерден алып, жерге салып жүргендер де баршылық...

«Тарих – шындықтың баламасы». Олай болса, «Ахаңды ақтап алуға кімдер ат салысты, кім бастады, кім аяқтады, бұл игілікті іске кім қандай үлес қосты» деген мәселелердің бәрі тарихта айқын болғаны жөн.

Осы істің өз кезінде (1988–1989 жылдары) басы-қасында болғандардың бірі ретінде мен айтқан болар едім: «Бұл мәселенің алғаш қойылуында, дұрыс шешілуінде ең басты роль атқарған адам – республикадағы бас идеолог, мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Өзбекәлі Жәнібеков болатын».

Тоталитарлық режимнің іргесі әлі шайқала қоймаған кезде, Желтоқсан оқиғасынан соң барша қазақ халқының бетіне «ұлтшыл» деген таңба басылғаннан кейін «ақтаңдақ» мәселесін күн тәртібіне қойып, ресми сөз етудің өзі ерлікке бергісіз батылдық еді. Ал, Өзбекәлі Жәнібеков осыған барды, басын бәйгеге тігіп барды. Көп машақаттардан кейін мәселе дұрыс шешілді. Ахаң «ақталып» арамызға оралып, ел-жұрт мәре-сәре болды, бүгін де сол қуаныш жалғасуда. Ал, Өзекеңнің ерлікке бергісіз еңбегі еленбей қалған сияқты... Мен осы бір ақиқат пен шындықты бүгінгі Ахаңның мерейтойы үстінде айтпай, аттап кетуді өзіме ар көрдім.

Менің білетінім: Өзекең бұл мәселеге көптен дайындалып, «ақтау» деген өз шешіміне тас түйін болып іштей бекінген еді. Бірақ сыр тартып, тамырын басып көру үшін ол қазақтың игі жақсы ақсақал-қарасақалдарын өзіне (орталық комитетке) шақырып алып, олармен бірнеше рет сұхбаттасқан болатын. Сонда «халқымыздың бетіне таңба болып басылған дақтан қалай тазарамыз?» деген сұраққа белгілі ғалым Рабиға Сыздықовадан басқа, үлкен ағаларымыздың бірде-біреуі «ақтайық» деген бір ауыз сөзді айта алмай, күмілжіп, төмен қарап қалғаны әлі көз алдымда. Шынында да, қоғамдық сана дәл сол кезде бұл мәселеге толық дайын емес еді.

Сонымен, бұл мәселе Орталық комитет құрған арнайы (20-дай адам) комиссияға тапсырылған болатын. Ахмет Байтұрсынұлы туралы материал дайындау тіл маманы ретінде Р.Сыздықова мен маған тапсырылған еді. Ахаңның ұмыт болған рухани мұрасын толық анықтау үшін көп ізденуге тура келді: адамдарымызды жіберіп, Москва, Ташкент, т.б. қалалардағы архивтерді ақтарттық, із-түзсіз жоғалып кеткен кейбіреңбектерін Ахаңның көзіндей көріп, сандық түбінде сақтап жүрген адамдардың қолынан іздеп таптық. Қысқасы, комиссия мүшелері дайындаған материалдар қорытылып, «ақтаңдақтар» ақталсын деген шешім (1988 жылдың 28 желтоқсанында) қабылданған еді. Айта кетуге болады: Ахмет Байтұрсынұлының саяси жағынан да, азаматтық тұрғыдан да толық ақталуынан кейінгі алғашқы мақаланы Р.Сыздықова екеуіміз жариялаған едік (қараңыз: Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова. Сан қырлы саңлақ дарын. – «Социалистік Қазақстан», 1988, 4 қаңтар).

Демек, бұл бір адамның емес, бір топ комиссия мүшелерінің игілікті ісі болатын. Бірақ бұл істің басталуынан табысты аяқталуына дейін тізгін-шылбырдың бәрі бір адамның ғана қолында болды. Ол адам, бүгінде біздің арамызда жоқ, марқұм Өзбекәлі Жәнібеков болатын.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ халқының тарихында өзінің дарындылығымен де, парасаттылығымен де, қайраткерлігімен де, ғалымдығымен де, ғажап іскерлігімен де өз атын мәңгіге қалдырған ірі тұлға. Ол өзінің барша болмысында биік тұғырдан көріне білген Азамат.

ӨЗБЕКӘЛІ ХАҚЫНДА

Мен Өзекеңді сонау Торғай сахарасында қызмет істеген кезден білемін. Аманкелдінің жүз жасқа толуына байланысты бір топ ғалымдармен 1973 жылдың көктемінде Арқалыққа бара қалдым. Партия тарихы институты, Ғылым академиясы ұйымдастырған ғылыми конференция өткізілді. Көктем, өкпек жел, жер бір еріп, бір қатып жатқан кез. Бізге Арқалықта бір жетідей болуға тура келді. Көбіне осы тұста мен Өзекеңмен бірге жүріп, ұзақ кештер әңгіме-дүкен құрып, етене таныстым, жанын түсініп, достасып кеттім.

Сол бір жетінің ішінде есте қаларлық жайлар да болды.

Конференцияға көп халық келді. Басталатын уақыт болды, бірақ, обкомның екінші хатшысы Голубенко кешігіп қалды. Ол кездегі тәртіп бойынша обкомның бюро мүшелері түгел болуы керек және шені жоғарғы хатшы ашуы керек. Обкомның бірінші хатшысы С. Құсайынов демалыста екен. Бәрінің ендігі бастығы обкомның екінші хатшысы. Уақыт өтіп барады. Сол кезде Өзекең мінез танытты. Қоңырау бергізіп жұртты залға отырғызды. Бүкіл президиумды бастап конференцияны өзі ашты. Баяндамаға сөз берген сәтте аптығып Голубенко сабаз да жетті-ау. Өзекең оған пысқырып қараған да жоқ. Мінез деп осыны айт.

Екінші есімде қалғаны – облыстық музей тарихы. Шын мәнінде ол музей Өзекең еңбегі нәтижесінде өмірге келді, келіп қана қоймады, іші экспонаттарға толды, кемеліне келді. Торғай өңірі көз алдыңа келетіндей музей, сол заманда ең жақсы мұражайдың біріне айналды. Әрбір командировкадан экспонаттар әкеліп, музей қорына берді. Өзі жеке жинаушы болмады, қоғамға, елге мұра етті.

Кеш сайын Өзекең уақытын менімен өткізді. Әңгімешілдігі Сәбит Мұқановты еске түсіретін. Мұрнын анда-санда тартып қойып, күлімсіреп бірде қабағын түйіп, эмоцияға беріліп әңгіме соғатын. Оның бірі менің әлі есімде. Сарторғайда бір ғажайып бейіт бар екен. Төртпақ, күйдірілген қызыл кірпіштен салынған тамның іші екіге бөлінген. Бір бөлігі құдық. Оның екі жағында екі биік мұрде қоятын тұғыр. Сол тұғырда келесі мұрде қойылар сәтке дейін оның алдында қайтыс болған сол тайпа адамының мұрдесі тұрады екен. Келесі мұрдені әкелгенде бұрынғы тұғырда тұрған мұрдені құдыққа тастайды екен. Міне, осылай бір ру, тайпаның бейіті ұжымдық сипат алған. Өзекең сол құдыққа түсіпті, сөйтсе құдықтан жер астына тартылған қуыс бар көрінеді. Ол табиғи тазартқыш. Шамасы бір өзен, не сай жарынан шығатын болса керек. Мен Өзекеңе Киев-Пещера лаврасындағы орыстың «святойлары» мүрделерін қою принципі дәл осындай екендігін пайымдадым. Бүкіл қазақ сахарасында осындай сақталған ғұрып Шу бойында бар екен. Жаңалыққа жаны құмар, өзі білетін, өзі зерттеуді –сүйетін Өзекең ерте заманадан біздің заманаға жеткен жерлеу салтын біраз зерттеді. Шынын айту керек, біздер болсақ мұндай жайларды жүре тыңдаймыз, селсоқ қараймыз. Өзекең айтып кеткен сол бейіт тарихы осы күнге дейін этнологтардың зерттеуін күтіп тұр.

Өзекең қазақтың кілем, алаша тоқу, киіз басу, ыдыс-аяқ, абдыра, сандық жасау, жылқы әбзелдерін, саймандарын жасаудағы әр елдің ерекшелігін зерттеуге жаны құмар еді. Оның болмысына зерттеушілік, ізденушілік туа біткен жан еді. Өзекең Торғай сахарасын сүйіп кетті, ежелгі Торғай да оны өзінің ұлы етті.

Совет заманасы тозып, арқауы босай бастаған кезде Өзекең партияның Орталық комитетіне қайта оралды. Осы тұста Г. Колбинмен алысып жүріп Наурыз мейрамын халқына қайтарды. Өзім осы мәселені арнайы қараған мәжілісте болып, айтыс-тартысты көргеннен кейін айтып отырмын.

Бұл күні Алаш көсемдерін өзі қайтарғандай, өзі ақтағандай жандар кездеседі. Шын мәнісінде бұл іске басшы болып, көш бастаған Өзекең еді. Мен 1985 жылы жазда Алаш зиялылары туралы Димекең алдында мәселе қойдым. Онда мен энциклопедия құрмет тақтасы емес, оған атақты да, аты шулы да жандар кіреді. Мысалы, Галилеймен қатар Гитлер де кіреді, жер өртеген Герострат та енеді дедім. Орыс энциклопедиясында Чернов бар, ол болса ақ террорды бастап, Ленинді атуды ұйымдастырды, совет тәртібіне жау болды. Сонымен бірге ол Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде гитлеризмге қарсылас қозғалысқа қатысты. Совет энциклопедиясы Черновтың күнәсін де, ерлігін де атап жазды. Мен Димекеңе Алаш зиялыларын дәл осы принциппен беріп жазуды ұсындым. Ағамыз маған арнайы записка жазуды сұрады. Арнайы хат та жазылды. Июль айында (ұмытпасам 9-ында) мені партияның Орталық комитетінің бюросына шақырады. Мен мән-жайды айтып болғаннан кейін айтыс-тартыс басталды.

Көпайтып не керек, С. Имашев пен Қ. Қазыбаев мені ұлтшыл деп арнайы шешімнің жобасын даярлапты. Бюро мүшесі Н. Назарбаев мені қорғады. Димекең қорытынды жасап: «Жарайды, мәселе әлі пісіп-жетілмегенге ұқсайды. Бұл проблеманы да қарайтын уақыт келер. Осы пікір алысқанымызбен қояйық», – деп дауды тоқтатты.

Араға екі-үш жыл салып, замананың өрт болып тұрған кезінде Өзекең осы мәселені қайта қойды, өрлігі жетті. Біздер комиссияларда істедік, арнайы құжаттар даярладық. Бірақ негізгі локомотив Өзекең екендігін айту бізге парыз. Өзекең екеуіміз Москваға конференцияға бардық (ұмытпасам, 1987 не 1988 жылдың жазы). Бір күні ол Нұртас Оңдасынов ағамызға барып қайтайық деді. Мен келістім. ЦК-ның гаражынан зорға деп машина алып, Нұрекең тұрған Гвардеец көшесіне келіп, ағамызды бауырымызға бастық.

Нұрекең өзінің оптимизмімен кімді болса да қазақ халқының тіл, тарих дариясына саяхатқа алып кететін. Өзекең меніңше Нұрекеңнен көп дүниені үйренген, оған ұқсап бағуға тырысқан деп айтар едім. Екеуінің өмірге деген көзқарасы көбіне бір жерден табылатын. Біз соңғы рет Нұрекеңді көріп, менің құрдас *жеңгем* – Өзекең бәйбішесінің қос қазы сәлемдемесін тапсырып, шер тарқаттық. Ондағы әңгіме өз алдына, менің айтайын дегенім: Өзекеңнің аға алдындағы адалдығы, әрқашанда жадында сақтап, көңіл төрінен шығарып тастамай, сый-құрметін көрсетуі, бір сөзбен айтсам – Адамдық табиғи қасиеті.

Совет заманасы тоза бастаған сәтте мен Өзекеңе: «Өмір өтіп барады. Жазған құнды еңбектерің бар. Сен этнограф ғалымсың, соны заңдандырсақ қайтеді», – дедім. Бұл ой Өзекеңді өнебойы толғандырып, мазалайды екен, қуанып кетті. Не керек, мен Новосибирдегі Тарих, этнология және археология институтының директоры, көрнекті ғалым академик А.П. Деревянкоға шықтым. Келістік, менің ғылыми басшылығыммен қолжазба даярлап, ғылыми талқылаудан өткіздік. Қорғайтын күн де келді. Мен Франциядан оралып, Москва арқылы Новосибирге келдім. Парижде аэропорт жұмысшылары ереуіл жасап, мен чемодансыз оралдым. Көйлегім кір, сақалым өскен. Өзекеңнің запастағы көйлегін киіп, жуынып, іске кірістік. А.П. Деревянко командировкада екен. Күн боран, Өзекең қиналып отыр екен. Мен: «Саспаңыз, А.П. Деревянко айтады, айтса қайтпайды», – дедім. Борандатып Анатолий де сол

күні жетті-ау. Өзекең қорғады, менің достарым бірінен соң бірі қонаққа шақырып, қорғау барысында олар ағынан ағылды, кейде асыра сілтеп мақтап та жатты. Өзекең еңбегіне докторлық берсе артық емес дегендер де болды. Ондай тәртіп ВАК-та, біріншіден, болмайтын, екіншіден, партия басшылығындағы адамға деген көзқарастың әлсіреп, ғалымдар оларға жат көзбен қарау қалыптаса бастаған кез еді. Өзекеңнің бір күн не ғылыми институтта, не жоғары оқу орнында істемегенін еске алсақ, ондай шешімге ешбір ғылыми Кеңестің бара алмайтыны күмән тудырмайды. Мен бұл әңгімені осы арада айтып отырғаным: кейбір бізді араздастырып, арамызға қара мысықты өткізіп жібергісі келгендер де болды. Өзекеңнің мен-менді екпінді мінезін пайдаланғысы келгендердің әсері кейін оның естелік кітабында да көрінеді. Бірақ, мен ешқашан Өзекең сыртынан ешбір пікір айтқан емеспін. Өйткені біз бір-бірімізге құпия сырларымызды айтып түсінісетін жан едік. Мен олардың көбін бүгінгі күні жаза алмаймын. Азаматтардың көзі тірі, араға сөз салып, өтірік айтқан адамдай болар жайым жоқ. Не керек – Өзекеңнің көңілі өсіп, жаны жадырады. «Сен, Мәке, қалай ойлайсың, осы Сібір ғалымдары жақсы екен», – деді ол. Мен тұрып: «Өзеке, қателесесің. Ең алдымен мына жерге алып келген, өзін танытқан, олардың сеніміне ие болған қазақ ғалымы мен жақсымын, одан кейін еңбегімен қорғап, өзіңді таныта алған сен жақсысың». Өзекең мәз болды, өзіне тән мысқыл күлкісімен күлді. «Рас, оның рас. Екеуміз де осал емеспіз», – деді жарықтық.

Өзекең Новосибирге барған кезде ауыратын. Түн баласы оның бәйбішесі күзетіп, үстін жауып, жағалай қымтап безек қағатын. Сұм жөтел тиышты алады деп, барынша жылы киініп, суықтан сақтанатын. Бірақ пәле іште, өкпеде екенін кім білген... Өзекең пенсияға шығып, маза таба алған жоқ. Англияға барып келіп одан Қырғызстанда тұз шахтасына барғысы келіп, өз жайынын хабар беріп жүрді. Асығып, еңбектерін біріңғайлап, кітаптар жазды.

Менің құрдасым, досым Өзбекәлі туралы көп айтар әңгіме бар. Оның да бір сәті келер. Қазіргі ойымды қорытып айтсам:

1. Ауыл баласы, сонау Келес жағасынан шығып, педагогикалық білім алып, өмірге аттанған ол шын мәнінде үлкен ғұмыр кешті, ол ғұмыр бойынша мәнді болды. Өзекең өмірге берерін беріп, өзінің ірі екенін, әулие қазақтың бірі екенін танытып кетті.

2. Өзбекәлі ХХ ғ. өмір сүрген ұлы ағаларының көшін жалғады. Тұла бойы намысқа толы өр қазақ екендігін танытты. Ол өзінің сол өр мінезімен Баукең сияқты да көрінетін кездері болатын.

3. Өзбекәлі Отанына адал, досына адал, жарына адал жан еді.

Ол бірде: «Сен білесің бе, мен комсомолда жүрген кезімде үйге кеш оралатынмын. Жұмыс көп, жастық та бар. Бір күні келсем, мынау сенің құрдас – жеңгең қолында кездігі бар, мені жарып тастаймын деп ұмтылды. Енем ақылды адам еді: «Әй, балам, сен бұзықтығыңды қой. Үйден кетеді, үйге оралады. Еш алаңдығы жоқ, осыншама ер азаматқа күш көрсетпе! Үйге кір. Өз ұяларыңды өз қолдарыңмен бұзушы болма!» – дегені бар емес пе! Иә, мен ол кісіні осы кезеңге дейін еске аламын», – дегені барды. Шындығында да Өзекең отбасының қамын ойлап, балаларына, бәйбішесіне, ағайын-туысына барынша көңіл бөлетін жан еді. Айтайын дегенім: ол намысшыл ғана емес, жаңашыл ғана емес, арлы, жаны таза жан еді.

Өзекең пайғамбар емес, оның да құдай сүймейтін мінездері болатын. Ол ашу шығарса, қатты кететін, көпке дейін сол ашуды бойынан да, ойынан да шығармайтын. Кейде шыдамсыздық танытатын, дегбірсізденетін. Мұрнын тыжырайып, көзін

адырайтатын кезі де кездесетін. Иә, мұның бәрі өмір, өмір болған соң бәрі де болады. Бірақ бұл мінездерін ол сирек көрсететін, өзін ұстай білетін, билей алатын. Жек көрген жандарына деген көңіл күйін білдіртпеуге тырысатын. Жайдары, жаймашуақ мінезін достарына көрсете де, іспен дәлелдей де алатын.

Сөз соңында: ол Омаровты жанындай жақсы көруші еді. Өзі де ағасы кеткен кезде ізбасар іні бола алды, халық та оны солай қабылдады. Өзекең өзіндік ізі бар, өзіндік ісі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомдалып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз Азамат ретінде қазақ тарихында есімі хатталады. Есімің мәңгі халқыңмен жасасын, қайран Өзеке!

Серік ҚИРАБАЙҰЛЫ

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНІҢ ЖОҚШЫСЫ

Өзбекәлі Жәнібекті мен Қазақстан комсомолы Орталық комитетіне жұмысқа келгеннен кейін таныдым. Сонда өткізілген балалар әдебиеті жайлы бір мәжіліске қатысқаным бар. Мәжілістен соң әңгімелескенде, КазПИ-де оқығанын, мені сырттай білетінін айтты. Мен институт бітіретін жылы келіп түсіп, тарих факультетінде оқыпты. «Сізді сталиндік стипендиант, мұғалімдермен қатар жүретін, ересек жігіт санайтынбыз» дегені де есімде.

Осыдан бастап мен Өзбекәлінің қайда жүрсе де тілекшілерінің бірі болдым. Оған оның ұлтжандылығы, қазақтың мәдениеті мен әдебиетіне жанашырлығы, көне дәстүрлерді жақсы білетін, оның пайдалысын сақтап дамыту жөніндегі ойлары мен қызметі әсер етті. Ол қандай қызмет жасаса да, өзі істеп жүрген идеологиялық жұмыстың ыңғайлы, ұранды стиліне бой алдырмады. Ұлт мүддесін жоғары ұстады. Жаңадан ашылған Торғай облысында оның мәдениет ошақтарын ұйымдастыратынын, сол салада өткен барлық шараларға өзі қатысып, іске жан бергенін онымен қызметтес болған адамдар жыр ғып айтады. Алматы облысында, мәдениет министрлігінде атқарған қызметі де ұмыт болған жоқ. Одан қалған із көп. Осының бәрі туған халқының, кейбіреулер ойлағандай, бұратана емес, тарихы мен берік қалыптасқан дәстүрі бар іргелі ел екенін дәлелдеуге тырысып істеген істері еді. Ол осыған өмірін арнады.

Өзбекәліні менің жақын біліп, қоян-қолтық, бірге жұмыс істесуім оның Орталық партия комитетіне хатшы болып келген тұсы еді. Бұл кезде мен Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында директор болып істейтінмін. Партияның бұрынғыдай емес, қаңарының қайта бастаған кезі болатын. Соны пайдаланып, қазақ оқырмандарының бір тобы Шәкәрім Құдайбердіұлын ақтап алу жөнінде ұсыныс кіргізген. Сол ұсыныс бойынша Орталық комитет арнаулы комиссия құрды. Оның негізгі құрамы қазақтың қоғамдық ғылымдар саласындағы ғалымдары мен әдебиетшілдерден құралды. Комиссия бастығы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Жабайхан Әбділдин еді. Мен де сол құрамда болдым. Қанша дегенмен ескі стильдің беті қайтып болмаған кезі ғой, біраз айтысып-тартысып, ақыры Шәкәрімді ақтауға келістік. Оған мемлекет қауіпсіздігі органдары таққан айыптар дәлелсіз көрінді. Соған қарамастан олар таласып бақты. Ең соңында Орталық комитеттің бюросына барып таласты. Дегенмен әділеттік жеңіп, Шәкәрімді

ақтау жөнінде шешім қабылданды (1988 жылдың сәуір айында). Өзбекәлі дәл осы тұста Орталық комитетке хатшы болып келді. Ол аталған комиссияны өзіне жинап, оған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың ісін қарауды тапсырды. Бұл тек үш жазушыны ақтап алуда ғана емес, солар қатысқан бүкіл Алаш қозғалысын, Алашорда үкіметінің қызметін жаңаша бағалаумен байланысты пікірге тіреліп тұрды. Өзбекәлі осы мәселені көтере отырып, олардың ісінен ұлтшылдық көре алмайтынын, ал аталған ақын-жазушылардың шығармалары мен саяси өмірін анықтап қарау қажеттігін баса айтты. Алғашқы ретте біз бүкіл Алашорда ісіне тиіспей жоғары үш жазушының еңбектерін, олардың қайшылықты деген тұстарын қарадық. Шығармаларын түгел жинап оқыдық. Ақыры комиссия олардың әдеби, қоғамдық, саяси қызметінде кеңестік құрылысқа қарсы ештеме жоқ деп тапты. Комиссияның қорытындысын жазар алдында, оның негізгі шешімі жайында ақылдасып қайтуға Өзбекәліге барған Жабайхан асығыс келіп, мені шақырды. Қауіпсіздік комитеті Ахметтің 1922 жылы жазылған «Қалам қайраткерлеріне» деген мақаласынан «ұлтшылдық» тауып, Орталық комитетке түсіріпті. Құдай абырой бергенде, алыстан іздеп әуре болмай, ертерек кезде Алашорда жазушыларының шығармаларын оқығанда көшіріп алған осы мақала менің архивімнен табыла кетті. Екі жақтап оқып, оның қайшылықты деген ойларын түсіндіріп, хат жаздық. Ақыры бұл мәселе де шешілді. Комиссияның қорытындысы, Шәкәрім ісіндей таласқа түспей, Өзбекәлі алдынан да, Орталық комитеттің бюросынан да тез өтті (1988 жылдың желтоқсанында).

Ең соңында Міржақып Дулатовтың ісі қаралды. Бұл мәселе жөнінде Өзбекәліде де, оның тапсыруымен Жабайханда да оңаша пікір алыстық. Бұл істің басқаларынан гөрі қиын жағдайы бар еді. Аманкелдінің өліміне Міржақыптың қатысы бар (Аманкелді өлтірілгенде Торғайды Міржақып билеп тұрған) деген әңгіме тараған. Сондықтан да бұл мәселені батыл көтеруге ешкімнің жүрегі дауаламай, «қоя тұрайық, артынан көрерміз» дескен. Бір күні мені Өзбекәлі шақырыпты. Барып ем, ол әңгімені өзіне Міржақыптың қызы Гүлнардың келіп кеткені, Ахметтерді ақтағанда, өмірін сол кісімен бірге өткізген әкесін тастап кеткеніне реніш білдіргенін айтты. Гүлнар апарып көрсеткен құжаттармен, әр түрлі қағаздармен танысыпты. Қауіпсіздік Комитетіне Аманкелдінің өліміне Міржақыптың қатысқан, қатыспағанын анықтап беруді сұрағанын айта отырып, оның әдеби шығармаларын қарап, қорытынды жасауды тапсырды. Мен Жабайханмен ақылдаса отырып, Міржақыптың әдеби мұрасы жайлы хат дайындадым, оны апарған кезімде, қолына қалам алып отырып, Өзбекәлінің өзі қарап толықтырды. Қауіпсіздік Комитеті де Аманкелдіні өлтірушілердің тізімінен Міржақыптың есімін таппады. Сөйтіп Міржақып та ақталды.

Мен бір нәрсеге қуанамын – дәл осы бір тұста Орталық комитеттің идеологиялық жұмысы басында, Өзбекәлі емес, басқа біреу отырса, осы мәселелерді біз ойдағыдай шеше алмаған болар едік. Құдай абырой бергенде, «бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, Өзбекәлінің осы қызметіне келуі қазақтың бағын көтерді, арыстарын ақтады, жоғын толтырды. Аталған арыстарды ақтау қағаздарын түгелдей біз дайындадық. Шығармаларын ойдан, қырдан (көбі өзімізде жоғалып, беттері жыртылып кеткен), Мәскеу, Ленинград, Қазан, Ташкент, тағы басқа жерлерден іздедік, институт қызметкерлері ерекше бір қарқынмен, шабытпен жұмыс істеді. Ертелі-кеш уақытпен санаспай Ж.Әбділдинмен, Өзбекәлінің өзімен байланыс жасап тұрдық. Оның азаматтық ерлігін, ел сүю сезімінің байлығының, ұлтжандылығын мен осы бір тұста ерекше таныдым. Жазушы деген ойдың, сезімнің адамы ғой. Заман

ауыртпашылығын көрген олардың кейбір еңбектерінде қайшылықты, екі ұдай пікір тудыратын тұстар да талай талқыға түсті. Сонда Өзбекәлі «Онда қандай ұлтшылдық бар?» дегенді басқадан бұрын айтатын. Оның сөзінен кейін біз түгілі Қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерінің өзі үндей алмай қалатын.

Осы бір тұста партия да өзінің бір кездерде асыра сілтеп жіберген істерін қайта қарап, демократизмге бет бұрып жатты. Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық комитеті «Ленинград», «Звезда» журналдары туралы» қаулысын (1946) қайта қарап, күшін жойды. Осыдан соң мен де институтта өзіміздің ғалымдармен ақылдасып, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» деген (1947) қаулысының күшін жою жөнінде Орталық комитетке жаңа қаулы қабылдату туралы мәселе көтердім. Алдымен, институттың ғылыми кеңесінде қарап, оның шешімін алдық. Содан соң Ұлттық ғылым академиясының президиумына шықтық. Президиум мұны өз бетінше шеше алмады, жоғарыға ұсыныс беруге де жалтақтады.

Сөйтіп жүргенде бір мәселемен Өзбекәлі шақыртыпты. Шағындау бір кеңес екен. Сол біткен соң, артынан қалып, жаңағы мәселені көтердім. Ол тез түсінді де, «Қане, ұсынысың қайда?» деді. Мен қағазсыз келіп едім. Оның үстіне, Академияның басшылығы жалтақтаған соң, одан асып ұсыныс беруге ыңғайсызданған да болатынмын. «Оларды қой, өзіме алып кел, тез», - деді Өзбекәлі. Мен ертеңіне-ақ жеткіздім. Сейіт Қасқабасовты (Орталық Комитетте істейтін) шақырып алды.

— Бір қаулының ғана күшін жою – қиын емес. Осымен байланысты тағы қандай күшін жоюды қажет ететін құжаттар бар? – деді Өзбекәлі.

Біз ақылдаса отырып, 1950 жылдары «ұлтшылдық» науқаны кезінде алынған біраз қаулыларды еске түсірдік. Олардың ішінде Жазушылар одағының жұмысы жайлы, қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары туралыдағы басқа бас-аяғы бес қаулыға тоқталдық. Оларды тауып әкелуге партия тарихы институтына кісі жіберілді. Барлығы Сейіттің қолында жинақталып, олардың күшін жою туралы жаңа қаулының жобасы жасалатын болды. Ақыры ол да іске асты.

Осындай істерге Өзбекәлі жанып кететін еді және мәселені тез шешетін. Сөзі аз, ісі көп, тындырары мол болатын. Көп сөзді адамдарды, нақты ұсынысы аз қызыл көпірме сөзді ұнатпайтын. Оған тыжырынып қарайтын.

Өзбекәлінің Орталық комитетте істеген кезі Қазақстан үшін ең ауыр жылдар болатын. Республика басшылығы өзгеріп, Д.Қонаевтың орнына Колбин келген. Желтоқсан оқиғасы өткен, мұның бәрі жаңа басшы мен Орталықтың қазақтарға деген көзқарасын өзгерткен «Қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулы шыққан. Бір жағынын, орталық пен басшының осындай көзқарасы, екінші жағынан, өрлеп келе жатқан демократтық талаптар халық санасының көтеріліп, ұлт мүддесі үшін күрестің басталуы Өзбекәліні екі оттың ортасына қойды. Ол қинала жүріп қызмет істеді. Бірақ халқын да, ұлт мүддесін де сатқан жоқ, істің пайдалы жолын таба білді. Өзбекәлінің тұсында Орталық комитет **«Қазақстан территориясы: тарих және қазіргі кезең»**, **«Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынас және интернационалдық тәрбие»** деген тақырыптарда республикалық конференциялар өткізді. Алашорда қозғалысын жаңаша бағалауға бағытталған дөңгелек стол мен газет-журнал беттерінде кең пікір алысулар ұйымдастырылды. Абайдың туғанына 150 жыл толу тойының дайындығы басталды. Осылардың бәрі Өзбекәлінің тікелей басшылығымен өтті. Осы шаралар арқылы ол Қазақстанның шекаралас аудандарын қосып алғысы келетін ұлы орыстық

озбырлыққа, іштегі орыстарды бізге қарсы қоюға бағытталған теріс пікірлерге тойтарыс беруді ұйымдастырды. Алашорда қайраткерлерін түгелдей ақтап алдық.

Өзбекәлімен мен талай сапарларда да бірге болдым. Бұл жылдары ақталған арыстардың мұраларын насихаттауға, мерейтойлар атауға арналған жиындар, конференциялар көп өтті. Бұрын аталмай келген талай есімдер жаңғырды. Олардың аруағына арналып жиын-тойлар жасалды. Ол осылардың біразына қатысты. Оның маңында қошаметтеушілер емес, іс адамдары ғана жүретін. Топырлап, той-домалақты күйттеп жүргендерді ол жақындатпайтын. Істі нақты ұйымдастыруға керек адамдарды жұмысқа жегіп, шаруаны жинақы ұстауды қалайтын. Сөзді де аз сөйлейтін.

Бірде ол бір топ ғалымдар мен тіл мамандарын жинады. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялау туралы әңгімелер көтерген тұс болатын. Әуелде қазақ тілі мен орыс тілі-екеуі де мемлекеттік тіл болсын деп, Колбиннің ыңғайымен кеткен азаматтар да ойланып, ұлт тіліне ден қойған. Жабайхан Әбділдинде жиналып, осы пікірді қолдаймыз деп келіскенбіз. Жабайхан да осыны қолдап, өзінің дәлелін дайындап сөйлегені есімде. Ал, Орталық комитет екі тілді қолдаудан айнымаған. Өзбекәлі бізді көңілсіздеу, қабағы қатқыл күйде қарсы алды. Жиынның мақсаты осы мәселе жөніндегі пікір алысу деп қысқа ғана кіріспе сөз сөйледі. Бірінші болып академик Салық Зиманов сөз алды. Ол бірден мемлекеттік тіл – қазақ тілі болуы керек деп бастап еді, Өзбекәлі сөзін бөліп, ойын әрі қарай өрбітуге мүмкіндік бермеді. Осы әдіспен орнынан екінші болып көтерілген академик Әбдуәли Қайдаровты да тоқтатты. Оның оларға айтқан қарсы дауы жоқ, бірақ қолында күш бар, билік бар, «жағдайды неге түсінбейсіздер» деп ренжіңкіреп, бөгеп жатты. Екі академиктен кейін ешкім қоймады. Арада аздап үнсіздік орнады. Өзбекәлі де тұнжырап, төмен қарайды. Осы үнсіздікті бұзып, мен:

— Маған бола ма? – деп орнымнан тұрдым. Өзбекәлі басын көтеріп, изеп, маған қарады.

– Мен бір нәрсеге түсінбеймін, – деп бастадым сөзімді. – Бізбен ақылдасуға шақырған екенсіздер, онда неге бізді толық тыңдамайсыздар. Бәрімізден жасы үлкен академик ағамыз Салық Зиманұлын тоқтатып тастадыңыз. Бүкіл тіл тағдырын көтеріп, жанын салып жүрген тіл қоғамының басшысы академик Әбдуәли Қайдаровты сөйлетпей қойдыңыз. Енді біз не айтамыз? Онда бізсіз қаулыларыңызды ала бермейсіздер ме? Бізде бұл кісілер айтқан пікірден басқа ой жоқ.

Өзбекәлі де әзер шыдап отыр екен, қосылып кетті. – Осыны неге Колбинге айтпайсыздар? Мен түсінбейді деп отырсыздар ма? – деді даусы жарыла шығып. Екі оттың арасында отырғанын жасырмады. Қабағы да ашылып, жұмсара бастады.

— Айталық, бізді ертіп апарыңыз. Шақырсын! – дедік шуласып. Ақырында келісімге келдік. Колбин келген соң (ол кезде Мәскеуде СКСР халық депутаттарының бірінші съезіне кеткен) Өзбекәлі қабылдау ұйымдастыратын болды. Бірақ Колбин келмеді, басқа қызметке ауысып, сол жақта қалып қойды, мәселе өзінен-өзі қазақ тілінің пайдасына шешілді.

Бұл да Өзбекәлінің ұлт тілінің тағдыры үшін қиналған бір тұсын еске алғызады.

Орталық комитетте Өзбекәлі қазақтың ғылымына да, әдебиеті мен мәдениетіне де шын мағынасында қамқор болды. Біздің институт құрамында қолжазба орталығын құруға көмектескен. Орталыққа бөлек үй алып берем деп жүр еді, оған уақыт, партияның тарауы мұршасын келтірмеді. Бірде республикалық әдебиет пен өнер музейін ашу жөнінде пікірлескеніміз бар. Мен Украинадағы осындай музейде

болғанымды айттым. Ол осы идеяны қатты қолдады. Орталық комитеттің қаулысын да шығартты. Оған үй де іздей бастап еді, ол да аяқсыз қалды. Қолжазба орталығын құру кезінде менің институттағы қолжазбалардың сақталуы жағдайын көруін сұраған тілегімді шын пейілмен қабылдады.

– Барам, көрем, қоғамдық ғылымдар институттарын аралаймын,-деді.

Уәделі күні біз алдымен президиумға келер деп (көмекшісі солай деген) Әбдилдиннің кабинетіне жиналып, күтіп отырсақ, ол қасына ешкімді ертпей Тіл білімі институтына келіпті. Бәріміз жүгірісіп сонда бардық. Сол жолы біздің институтта болды, қолжазба сақталатын жерді көрді. Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорын аралады. Бұл оның қарапайымдылығының бір көрінісі іспетті. Жалпы оның табиғатында кеңсешілдік, төрешілдік деген болмайтын. Қарым-қатынаста да таза, іскерлігімен танылатын.

Төрешілдіктің мол заманында оған бой алдырмай, көпірме ұранға ілеспей, барлық қызметін туған халқының мүддесіне арнаған азаматтың есімін біз әрқашан құрметпен еске аламыз. Ол халық мүддесінің шын жоқшысы еді.

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ

СҰЛУЛЫҚҚА ІҢКӘРЛІК

Қайсыбір оқырманның көңіліне:

– *Өзбекәлімен бірге жұмыс істеспеген адам. Ол туралы Шериаздан қалайша естелік жазбақ?- деген түйткіл енуі мүмкін. Ең әуелі соны сейілтсем деймін. «Аяулы азаматымыз Өзбекәлі Жәнібеков жайында естеліктер жинағы әзірленіп жатыр. Сізден де бір лебіз күтеміз», – деп телефон шалғанда мен өзім де: «Апырай, бірге істеспек ек» деп қалдым да, артынша «ойланайын»деп жауап бердім. Енді ойлансам, Өзбекең, Өзбекәлі Жәнібеков хақында шертер әңгіме көл-көсір екен, соған көзім жетті. «Неге олай?» – десеңіз, бұл сауалға жауап мына бір автографтан да табылып қалар:*

«Құрметті Шериаздан! Көп жылғы жарастығымыздың тағы бір айғағы болсын. Автор Өз. Жәнібек.

Қараша, 1997жыл».

Мен үшін айрықша қымбат бұл сөздерді Өзбекең өзінің 1996, 1997 жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Тағдыр тағылымы» атты қос кітабының біріншісіне жазып беріп еді. Естелік жазуымның бір себебі осы арнауда жатыр. Ең әуелі «көп жылдық жарастығымыз» деген сөзді таратып айтайын. Өзім көрген және көріп жүрген талай басшының керенау бір әдеті – сөзіңді жүре тыңдайды. Саған бірдеңесін өткізіп қойғандай бұлданады. Осқырынып, «жаман атқа жол бітсе, жанына торсық байлатпайдының «керін келтіреді. Өзбекеңде ондай мінез жоқ болатын. Жұрттың бәріне жағу қиын. «Тұқырайып отырып ойына келгенін істейді» деп кей бақталастары сыртынан сөгіп, көзінше «Өзбеке, Өзеке «деп жалпылдаса, сыртынан «Тұқыр» деп атайтын. Кім пендешілік жасамайды? Өзбекеңнен де сынап, мінейтін пендешілдік табылуы мүмкін. Бірақ ол өзінен төмендегілерге тізе батыру, қоқан-лоққы көрсету, өзін басқалардан жоғары

санап менменсу дегенді білмейтін. Кездескен бойда тіл табысып сырласа кететін. Тіпті мансабы биіктеп, Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы қызметіне жоғарылғанында да бағзы біреулердей талтаңдап, бұрынғы жора- жолдастарын әзер шырамытатын халге түскен жоқ. Бұрынғы қарапайым мінезінде қалды. Мен қабылдауын өтінсем, ағымдағы жұмыс біраз толас табатын сенбіге шақыратын. Әңгімеміз бұрынғысынша бір-екі сағатқа созылып барып, әрең дегенде аяқталатын.

«Сонда не әңгіме айтасыздар?» десеңіз, амал қанша, көбі есте қалмаған. (Күнделік деген құрғырға мойын жар бермей-ақ қойды). Есте қалғаны-әңгіме тақырыптары. Көбінесе Өзбекең ұлтының жайын толғайтын. Қазекеңнің көп істеріне көңілі толмайтын. Сондықтан әңгімесінің төркіні «не істеу керек?» дейтін дағдылы сұраққа жауап іздеуге тірелетін.

1970 жылы қарашада Торғай облысы құрылды. Келесі жылы мен Қазақ КСР Министірлер Советі жанындағы Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитет председателі болып тағайындалдым. Келе шұғыл кіріскен жұмыстарымның бірі— Торғай облысындағы газет, баспахана, кітап саудасына байланысты істерді жолға қою болды. Қай ай екенін ұмыттым, әйтеуір көктем шыға Арқалыққа іссапармен келдім. Сонда Өзбекеңмен бірінші рет жүзбе-жүз таныстым. Келісті жігіт екен.

Қайратты қалың бұйра шашы қобырамай таралған күйін бұзбауына қарағанда иесінің қатаң тәртіп иесі екенін танытады. Бадырайған үлкен де емес, сығырайған кіші де емес қой көзінің жанары қара торы жүзінде ойлы ажар беріп, қарлығыңқы даусымен сөйлегенде үнемі күлімдеп тұрады екен. Бірден түсіністік. Істейтін істерімізді дау-дамайсыз бөліскенбіз. Арқалықта облыстық баспахананың үйіне жылу беретін котельныйдың орнын босатып беріпті. Ол кезде баспаханалық жабдық қат. Жетіспейді. Соны Мәскеудің жәрдемімен аннан-мұннан жолға қоюмен қатар, типтік жоба бойынша жаңадан баспахана, кітап базасы құрылысын таяу уақытта мемлекеттік жоспарға енгізу қамына кіріспек болдым. Өзбекең бұл объектілерге қолайлы орын (басшылыққа жақын жерден) сайлауға және темір жол вокзалы маңынан мейлі қай мекеме, ұйымдікі болсын қоймасын «тартып» әперуге келісті. Ондай қойма облыстық және аудандық газеттерге тиесілі қағаздарды келген вагоннан тез түсіріп алып, сақтау үшін қажет еді.

Екі жағымыз да уәделерін орындап, қай жерде кездесек те біріміздің көзімізге біріміз тура қарап, жылы ұшырап амандасып жүрдік. Өзбекең басқа да министрлермен түзу сәлем берісетін қатынас орната білді. Жыл санап республика партия, совет активі арасында қадір, беделі арта түсті. Орыстарда «между словом и делом тысяча верст» деген мәтел бар. Өзбекең осы екі арадағы алшақтықты неғұрлым тез жоюға тырысатын. Сөзіне берік, айтқанынан табылатын мықты қайраткерлердің санатында жүрді. Өзбекеңнің өзім аңғарған, байқаған және бір сүйсіндіретін қасиетін айрықша бөліп атағым келеді. Ол-оның сұлулыққа іңкәрлігі. Менің түсінігімде, Өзбекәліні жұртқа тәнті еткен Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы, Алматы, Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Мәдениет министрінің орынбасары, министрі, Орталық комитеттегі үлкен лауазымдары емес, сол қызметтер бабында елінің, қазақ халқының рухани, мәдени қазынасы қойнауларын тінткілеп жүріп тірнектеп жинаған асыл жиһаздары, тарих ақтаңдақтарын қайта жарыққа шығаруға сіңірген көл-дария еңбектері. Республикамыздың әр өңірінен

еңсесі көтерілген мұражайлар, театр, филармония, халық оркестрлері – міне, осының бәрі-бәрі мәдениетіміздің көгіндегі Өзбекәлі Жәнібек жаққан жұлдыздар.

Баспа комитеті – кітап және кітап ісіне жауап береді. Сол себепті республика өміріне қатысты алуан проблемаларды көтеріп шешуге атсалысады. «Әлеуметтік заказ» деген болды. Комитет, баспа орындары қажет деп тапқан тақырыпта авторларға кітап жазуларын өтініп ұсыныс жасайтын. Бір күні Ерейментау аудандық газетінің бір сенсациялық сыпаттағы хабарын оқыдым. Бізде ата-бабаларымыздың бойтұмар іспетті заттарын сақтау деген қанымызға сіңбеген ғой. Ал мына хабарға қарағанда, Ерейментау ауданының бір ауылында Қанжығалы Бөгенбай батырдың дулығасы күні бүгінгі дейін сақталып келіпті. Газетке дулығаның суретін басыпты. Өткеннен қалған белгіге жұтаң ел үшін бұл дегенің үлкен олжа емеспе?! Дереу мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековке хат жазып, әлгі газет санын конвертке қоса салып жібердім. Кейін бір жолыққанымызда Өзбекең күрсініп басын шайқады. Сіздің көмейіңізді сездім, тарихшы аты бар, кітап жаза ма екен, мына материалды пайдаланып деп ойлаған болуыңыз керек. Әттеген-ай, қаншама жалынып сұрасақ та дулыға қолымызға тимеді. Иелері маңына жолатпады.

Тағы да бірде... Жә, бұл әңгімені аяғынан бастаған жөн бе деймін.

1996 жылдың аяқ шенінде «Өнер» баспасынан Өзбекәлі Жәнібековтің «Қазақ киімі» атты альбом кітабы жарыққа шықты. Соның бір данасын маған жіберді. Сый кітаптың бірінші бетін ашып қалсам, алғашқы бетіне бір парақ қағаз скрепкамен бекітіліпті. Маған жазған хаты екен. Жақын дос, жарандары үшін енді Өзбекеңнің әр сөзі – алтын. Сондықтан хат мәтінін толық келтірсем, бәлкім, ешкім айыпқа бұйыра қоймас. Хат мазмұны төмендегіше.

«Аса қадірлі Шериаздан!

Мынау баяғы өзіңмен бірге осыдан 16 жыл бұрын дайындай бастаған және осыдан он жыл бұрын өндіріске тапсырылған «сақалды» басылымның бірінші кітабы. Түптей алмаймыз деген сылтаумен бөлініп тасталған екінші жағының фотомонтаж іспетті қашан жарық көретіні бір Аллаға мәлім. Мұның өзі де Алтынбек Сарсенбаевтың күш салуымен шықты. Қай бетін ашсаңыз да полиграфистердің ұқыпсыздығы көрінеді де тұрады. Шамасы контрольдік суреттер шығарылмаған болса керек. Бірден басқаннан кейін бір көріністің өзі алақұла болып шыға келеді екен. Енді келіп слайдтар тозған екен дегенді айтады. Қазір көрінген слайдты қалпына келтіруге болатыны ескерілмейді. Оны кітаппен бірге «сақалды» болған мен де білем. Өкініштісі, қыруар қаражат шығарып, баспаға әзірлеген туындысына өздерінің көңіл бөлмегені. Сонда өзгелерден не күтуге болады? Менің кітаптан алған удовольствием шамалы болса да, өзіңнің де кезінде мол үлес қосқан шаруаң болғандықтан ұсынып отырмын.

Құрметпен. Ө. Жәнібеков.

Желтоқсан, 1996 ж.»

Өзбекеңнің «өзіңмен бірге дайындай бастаған» деген сөзін тура мағынасында түсінбеуге керек. Альбом кітап жазылардан көп бұрын екеу ара мынадай диалог жүргіздік.

— Өзбеке, біздің ұлттық мәдениетіміздің бір жұтаған тұсы бар. Сіздің көзіңізге шалынбауы мүмкін емес. Сахнаға шыққан қыздарымыздың, әсіресе

көркемөнерпаздардың киген ұлттық киімдері адамның намысына тиеді. Сырмақ сырғанда түсірілетін, оймышталатын қошқар мүйіз орынды. Ал сол мүйізді айдай арудың бешпет, камзолына жапсыратыны несі?

— Ия, ол аздай қарқара бөркіне капрон «үкі» тағады. Он екіде бір гүлі ашылмаған жас қызға «сәукеле» кигізеді.

— Өзбеке, 1976 жылы «Жалын» баспасынан «Қазақтың ұлттық киімдері. Казахская национальная одежда» деген кітап жарық көрді. Қазақстан халық суретшісі Айша Ғалымбаева музейде сақтаулы көне қазақ киімдерін бірінен бірі өткен сұлу періштелерге «кигізіп» сурет салды.

Осы үлгілі киімдер Мәдениет министрлігінің назарына қашан ілігеді?

— Ол кітаптарыңды білетінім бар. Мұқият қарап шыққанмын. Көбінесе әулетті адамдар киетін киімдер екен. Қарапайым халықтың киімі жоқтың қасы. Тіпті ер адамдардың киімдеріне тым көп ою-өрнек салынған. Ондайдың кезігетініне шәгім жоқ. Бірақ, жарғақ бешпет пен шалбарға бізкесте төге салты қарапайым халықта кездеспейді. Қазақы киім қарапайымдылығымен, тұрмысқа қолайлығымен ерекшеленеді. Сахнаға шыққан қайсыбір артистің жарбиған бөркіне үкі тағатынын қайтерсің.

— Әділ сынға құлмыз. Кемістік – бұл істе белгілі дәстүрдің қалыптасуынан деп білемін. Қазақ тарихи романдарын оқығанда, ілуде біреуінде болмаса, кейіпкер қазақтардың киген киімдерін көзге елестете аласыз ба? Ұйғыр жазушысы Зия Самадидің романдарындағы киім киіспен салыстырғанда, біздің қазақ кейіпкерлері жалаңаш көрінеді.

— Себебі, ұлттық киімдеріміздің заты тұрсын, аты ұмытылып барады.

Күнделікті тұрмыстан шет қақпай. Көзге көрінбесе, көңілден ұмыт. Біздің әдебиетіміздегі қаһармандарымыз жалаңаш, киімсіз бейнеленеді деген сөзіңді тірілтейін. Осы олқылық қазақ өнеріне де тән.

— Мен, – деді Өзбекең езу тартып, – біздің ең қарт суретшілерімізге осы суретті салып беруін өтінгенімде, себебін тауып бәрі де бас тартты. Тарих тақырыбын қаузап жүрген жазушыларыңыздан сұраңызшы, «құрысқақ» немесе «жезді пыстан» не деген сөз деп. Жауап қата алмайды. Жауап берсе, айтыңыз, шешімі былай екен деп, мен сізге бір жәшік сыра, чехтың сырасын қоюға бармын.

— Өзбеке, Сіз бүкіл Оңтүстік Қазақстанның және Арқаның қалың қазағымен мидай араласқан адамсыз. Итаяқ орнына ұсталып жүрген бұрыңғының қастерлі астауына дейін арқалық музейіне әкеп тапсырғаныңызды білеміз. Солардың арасында қазақ киімдері де бар. Бірақ бұл жөніндегі түсінігіміз бір жүйеге түсе алмай-ақ қойды. Оның практикалық зәрулігі тіпті орасан. Сән орталығына, қазақ киім тігетін шеберханаларға көрнекті құрал әрі ғылыми басшылық ретінде ұстайтын жаңа альбом-кітап жазылуы қажет. Соны енді өзіңізден күтеміз.

— Бәсе, әңгіменің ұшығын қайдан шығармақшы десем. Рахмет! Істелген іске тиісті баға бергенге не жетсін. Сіз көлеміне құшақ жетпес жұмысты тапсырып тұрсыз. Оған менің уақытым жете қояр ма екен? Қолы тиетін автор табыңыз.

— Тапсам, Сізге қолқа саламын ба! Мұндай істе сұлулыққа іңкәрлік керек. Қазақ киіміне әсемдік әлемінің күні бүгінге дейін игерілмей жатқан тыңы деп түсінетін жауапкершілігі білімінен, білімі жауапкершілігінен асқан адам қажет. Ондай адамыңыз болса, айта қойыңыз құлағым сізде.

— Апыр-ай жан-жағымды орап, тықсырып барасыз ғой... Ойланайын, бауырым, біразырақ мұрсат берсеңізші.

Демек, «бірге дайындалған» деген сөзді Баспа комитеті атынан берілген «әлеуметтік заказ» жайын Өзбекеңнің еске салғаны деп түсінген жөн.

Сөз бен істің тез үйлесімін тапқыш Өзбекең тек альбом–кітап жазуға ғана кірісіп қойған жоқ. Жазғандарын қазіргі қазақ мәдениеті қорына қосып та үлгеріп жүрді. Біраз жылдардан соң «Адырна» ансамблінің ойынын көргенде артистердің үстеріне кигендері бұрынғыдай оюлары баттиған, әбден ерғашты қылған қарадүрсін бірдеңелер емес, «қазағың да ине ұстай білетін халық екен ғой» дегізетін киімдер. Өзбекең бір топ адамды офицерлер үйінің қасына орналасқан Қазақ ұлттық аспаптар музейіне шақырды. Сонда өзі ұйымдастырған ансамбльге ән айтқызды, би билетті. Өзбекең біраз түсініктер беріп еді, шынымды айтсам, сөз саптауындағы жаңалықтар құлағыма тосаңдау естілді. Өйткені қазақ ұлттық киіміне қатысты не бір сөздерді бұрын естісек те ұмытқанбыз, я мүлде есітпегеніміз. «Тамақша», «кембер белбеу», «алтын-күміс шытырларынан жаратылған сәкәкүл», «алтын тәті», «сұлама», «күндік», «орама», «көксауыр», «мұрақ» деген атауларды қосып айтқан сөздері құлақтан кіріп-шығып жатты, миға кірмеді. Біздің ауызымызды ашып аңырап қалғанымыздың себебін түсінген Өзбекең кей сөздерінің мәнісін миымызға қондыра бастады. Мәселен, «қасаба» үйлену тойында қалыңдық киетін сәукеленің орнына жүрген. Қазақтың «қасабалы қалыңдық» деген сөзі содан қалған деді. Ал, осы бір сөзді анықтаудың өзіне ол қаншама уақытын сарп еткен. «Қазақ киімі» атты альбом-кітаптың 18–19 беттерін оқыған адам бұған әбден көзін жеткізеді. Сол беттерден бір үзінді.

Ежелгі салтпен келіншек той өткен соң қасабаны үкісіз, желексіз киіп, құламасына орамал салған.

Осындай көне бас киімнің бір нұсқасын Қазақстанның Орталық музейінде тозығы жеткен ескі заттардың арасынан тауып алып, бірде белгілі тарихшы-этнограф, ғылым докторы Халел Арғынбаевқа хабарлағанымда, ол кісі: «Мұндай бас киім жайында әдебиетте ешқандай мағлұмат жоқ», – дегенді айтты. Өкінішке қарай, музей қорында да бас киім «қалпақ» деген жалпы атпен тіркелген екен. Сөйтіп жүргенде 1979 жылы Мәскеуде «Костюмы народов Средней Азии» деген кітап басылып шықты да, онда қасаба атты бас киімнің қазақта болғаны жайында айтылғаны ізденісімізге демеу беріп жігерлендіре түсті. Мұнан кейін бір күні А. Пушкин атындағы кітапханада тарихи және мәдени ескерткіштерге қатысты материалдарды қарап отырып, белгілі сәулеткер Төлеу Бәсеновтың еңбегінде жарияланған Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің зайыбы Фатиманың фотосуретінен ханшаның басына кигені өзім іздеп жүрген қасаба екенін көріп, көңілім орнына түскендей болды. Оның үстіне ханшаның киім-кешегі де қасабасымен қосып біздегі музей қорында болып шықты.

Қазір бізге қасабаның негізгі үш түрі белгілі...»

Бұл ізденгіштің қозғаушы күші – сұлулыққа іңкәрлік деп тағы да қайталасақ, артықтық етпейді. Сұлулықтан ләззат алу, нәр табу өз алдына. Өзбекең барша ұлтының әсемдікке құштар болуын, соны танып сүйсінуді армандады. Сол үшін бар өмірін арнады, дімкәс халіне қарамастан күндіз-түні еңбектенді, көзі жұмылғанша қаламын қолынан түсірмеді. Өзбекеңнің аруағын сыйлаған адам оның осы биік армандарының іске асуына атсалыспақ.

Құдайға шүкір, қазір естелік жазудан, жариялаудан кенде емеспіз. Тек саны көп те, сапасы аз. Естелік жазу мәдениетінің ауылы біз үшін әлі алыста ма, қалай. Осы күні «вездеход» шешендер шықты. Бір адамды еске алып жатса, жетіп барады да, бұрын танысын, танымасын соға жөнеледі, «сырттан білуші ек, ақылды еді, алғыр еді» деген

жалпылама, жылтырауық сөздерді сапырып уақытыңды рәсуә етеді.

Естелік жазу дегеніміз, еске алу ғана емес. «Жырым мені ешқашан өлтірмейді» деген Тұманбай ақын сәуегейлегенде мықты негіз бар ол әр адамның махаббатпен істеген ісі, өмірде қалдырып кеткен ізі. Айталық Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен қызметі хақында сөз қозғадық екен ол істеп үлгере алмай, жер басып жүрген бауырларына аманат етіп кеткен мәселелерге ден қоюымыз ләзім. Оны витринаға қойылған музей экспонатына айналдыруымыз керек. Ортамызда жүргендей, егемен еліміздің бүгін таңдағы міндеттерін бірге атқарысуын ойластыруымыз қажет. Сонда ғана ол ендігі ұрпақ көзінде нағыз Ө.Жәнібек тұлғасында көрінбек.

Ө. Жәнібековтің «Тағдыр тағылымы», «Қазақ киімі», басқада еңбектерін оқып отырсаң әркімнің көкейінде жүрген, бірақ тап басып айтылмаған көп-көп мәселелерді қозғайды. Олар қысыр кеңес емес, ел боп, қоғам боп бәріміз басымыз бірігіп атқарысатын нақтылы, келелі актуальды мәселелер. Мысалы, қазақы киімді қастерлеу, құрмет тұту елдің есейгеніне айғақ екенін, ұлттық сана-сезімді оятатын өзіншебір күш екенін атап көрсете келе, Өзбекең бұл салада істелетін жұмыс ат-нөпір екендігін, этнографиялық жолмен, түрлі ғылыми экцпедициялар шығару арқылы киім кешектің әлі де жер-жерде сақталып қалған нұсқаларын жинау кезек күттірмейтін шаруа екендігін еске салады. Оған тиісті орындар көңіл қоймаса, уақыттың дер шағын өткізіп алып, соңыра санымызды бір-ақ соғатын халге түсуіміз айдан анық.

Немесе Өзбекеңнің жоғарыда мәтіні толық келтірілген хатына тағы да бір үңіліп көрейік Өзбекең «Қазақ киімі» кітабының екінші бөлімі «Өнер» баспасынан қашан жарық көретіні неғайбыл екенін айтып қынжылыс білдіреді. Келімді-кетімді артистердің қойны-қонышын «бақсыға» сықап жіберген «жаңа қазақтарға» дәп осы тұста неге көрініп қалмасқа?! «Өнер» баспасына альбом-кітаптың екіншісін жарыққа шығаруға неліктен қараспасқа?

Соңғы уақыттарда біз Өзбекеңмен әлде қайта жиі ұшырасып жүрдік. Дастархан үстінде, үйіне көңілін сұрай барғанда, ауруханаға түсіп қалғанда немесе телефон арқылы хабарласып, әр нәрседен пікір алыстық сырластық.

Өзбекең айтарын түгел айта алмай кетті. Теңізде жүзіп жүріп суға қаталаған кісідей, сайын даласына, туған Түркістанына барғанда да ауасын қаншама қармаса да, түшіркеніп, қанып жұта алмады. Сонда да ол өмірден түңілмеді, қажымады. Күн өткен сайын әлі құрып бара жатты. Онан сайын жазу-сызудың инемен құдық қазғаннан қиын жұмысын қопара, қарбыта істеді.

Мен ауруын айтып шағынбаған екі адамды білемін. Бірі-Сыр ағаң, Сырбай ақын. О, дүниеге көшер бұрын көңілін сұрай барғанымызда, екі аяғы күп боп ісіп кеткеніне қарамастан, маған сүйеніп стол басына келіп шай ішті. Шай ішіп отырып, жайдары жүзбен, жылы қабақпен Александр Твордовскийдің Киевке барған бір сапарын қызғылықты етіп әңгімелеп берді. Ішек-сілемізді қатырып күлдірді. Артынан төрт тәуліктен соң көз жұмды. Сол секілді Өзбекең өкпесі сырылдап жөнді сөйлетпей отырса да сыр білдірмейтін. Сенің мүсіркеуіңді қаламайтын. Дүние саларынан оншақты күн бұрын маған шалған ең соңғы телефонында да өз жайынан жақ ашпады. Нұртас Оңдасынов жөнінде білгісі келетін сұрағы бар екен, сол төңірегінде әңгімелестік.

– Шәке, осы сіз жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романынан Нұртас Оңдасынов туралы бір баспатабақ көлемінде әңгімені неге алдырып тастадыңыз?

Сұрағы қаталдау қойылғанмен, дауысында бір түрлі жылылық сезілді. Мен бар ықыласымды салып, мән-жайды түсіндіруге кірістім.

— Оңдасынов жөніндегі әңгімені алғызғаным жоқ. Оны істеген кітаптың редакторы. Әзекең баспа басшыларына шағынып барған екен, олар редактордың пікірін қуаттапты. Менің баспа комитетіне төраға кезім. Сол қызыметтің мың сан қарбалас істерінен қолым қалт еткенде сын шаруашылығына да көз салып қоямын. Әсіресе Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларын Одақ және республика жұртшылығына насихаттаушылардың бірімін. Әзекең екеуміздің арамыздан қыл өтпейді. Сол себепті ол кісі маған жүгінді.

— Сіз рай бермедіңіз?

— Мен Әзекеңді қатты сыйлайтын адаммын. Бірақ «Платон мой друг, но истина дороже» деген сөз бар ғой. Нұрекеңді қиянатқа қимадым. Меніңше, суреткер кейіпкерін қаншама беріліп сүйсе де, оның аузынан шыққанның бәрін сол күйінде қағазға түсіре бермеуі тиіс. Эстетикалық талғамның екінші аты көргеніңді іріктеу, сұрыптау. Менің түсінігімде Нұртас Оңдасынов жағымсыз кейіпкерге жатпайтын адам. Керек десеңіз, біз жас кезімде ол кісіні пір тұтатынбыз.

— Қалайша?

Телефонда тіл безеп тұра алмайсың. Қысқаша түрде бір-екі мысалдың басын шалып, Нұрекеңді неге жақсы көретінімді айтып бердім. Енді соны кеңейткіреп айтайын. Бірді айтып, бірге кетейін деп отырғаным жоқ. Менің пікірімде, Нұрекең мен Өзбекең арасында бір ұқсастық, дәстүр жалғастығы сезіледі. Ол не?—десеңіз, ол да-жоғарыда айтылған айрықша қасиет-сұлулыққа іңкәрлік. Халық Комиссарлары Кеңесінің Председателі, басқа да басшылық қызыметтерде жүргенінде Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов елін, жұртын жаңашыл алғырлығымен, тереңдігімен сүйсіндіретін. Ал осы игі жақсыға тән қасиеттер неден туындайды?...Нұртас Оңдасыновты еске алғанда, менің көз алдыма туған өлкем — Кенді Алтайдың 1944 жылғы көктемі тұра қалды. Нақтылай түсетін болсақ, бұл жер Өскемен маңы. Жас кезінде кім өлең шығарумен әуестенбейді. Мен де бала кезімде кеуде кернеген сезімдерді ақ қағаз бетінен анықтауға тырысатынмын. Сол кезде туған бір ұзақтау өлеңнің бас жағы былай басталушы еді:

Шығады Өскеменнен бір тарау жол,
Түстікке Ақ Ертістен созады қол.
Ертістің аңғарынан шыға бере,
Атығай асуына асылады ол.
Шығып көр, асуына Атығайдың,
Көңілдің келсе кірін жуып шайғың.
Болады бәрі де ұмыт дүниенің,
Білегін ұстағандай қалқатайдың.
Мұңтартар анадайдан Айыртауым
Жасымнан бала кезден басқан бауыр...

Міне, осы Айыртау етегіндегі Шымқора ауылында республика үкіметінің бастығы Нұртас Оңдасынов озат шопандардың жиналысын өткізеді екендеген хабар дүңк ете түсті. Тағы да бір аты Ұлан МТС-і аталатын Шымқор біздің ауылымыздан 12 километр жерде. Соған жаяу-жалпылап, Оңдасыновты көреміз деп, бір-екі бала жетпейміз бе аптығып. Жиналыс МТС-тің шеберханасында өтті. Ішіндегі машина, жабдықтарын алып тастағанда онсыз да үлкен үй тіпті кеңейіп ұзарып кетіпті. Көктем кезі. Ертіс өңірінде бұл маусым күрт басталады. Наурыздың жиырма екі, жиырма үштерінде бір керемет жылы жел күндіз-түні соғады да, қыс бойы жентектелген, соқталанған, жолсыз жерінің қай тұстарында ат құлағы көрінбейтін қалың күртік қардың көбесін лезде сөгіп жіберді. Осыншама ылғалға кенеген шөп тез қаулап өсіп, сәуір аяқтала

тізеден асып кетеді. Сол шөпті жаңағы жиналыс өтетін ұзыннан-ұзақ залдың еденіне қалың етіп жайып тастапты. Балаң жігіт біздерге орындық тимеген соң, дәл мінбенің қасына келіп малдас құрып, көк шөпке отыра кеттім.

Нұрекең мінбеде сөйлеп тұр. Үстіне соғыс кезінің рәсімімен жартылай әскери киім киінген. Шөптің жасыл-сары нәліне ұқсас түсті гимнастерка, белін жалпақ қайыс белбеумен буынған. Кең кеудесінің сол жағында Ленин ордені жарқырайды. Қою қара шашын оң жақ шекесіне қайырған, келбетті, көруге көз керек кісі екен. Таза қазақ тілінде жәйімен, баппен сөйлеп тұрады. Әлдебір бастықтардай, қорқытып-үркітіп, ежіреңдеп зәре-құтыңды алмайды. Өзінің бір ескі танысың әңгіме айтып тұрғандай, сенімен ақылдасып кеңесетіндей әсер береді.

1944 жылы сол кездің өлшемінде республикамыз үлкен қуанышқа бөленді. Қазақстан мал шаруашылығын өркендетудегі үздік табыстары үшін СКСП Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алыпты. Шешен жиналғандарды алдымен осы тарихи оқиғамен құтықтады. Алдында озат шопандар сөйлеп, сол кездің тілімен айтқанда, тәжірбие алмасқан. Нұрекеңе бұл өңір жақсы таныс. 1938 жылы осында облаткомның председателі болған. Уай дегеннің, өзі де қашаннан шопан таяғын ұстағандай ағытылды-ай кеп.

Енді жоғарыда өзімізге өзіміз қойған сауалға жауап қатудың реті келді. Нұрекеңдей қайраткерлердің алғырлығы, тереңдігі ел бағын жандырайын, көркіне көрік қосайын деген сұлу ой-пікір, жарқын ниеттерінен туындайды екен. Соған тағыда көзім жетті. Ол сөзінде ұлттық кәсібімізден бірте-бірте, табиғи түрде ұлттық мәдениетімізге, әдет-ғұрпымызға ауысты. «Көт сүйегі өсіп кеткен» кей қазақ жігіттерін мысқылдай келе, ойын-тойларда ұмытылып бара жатқан халық ойындарын жаңғырту мәселесін қойды. Енді ойлап отырсам, ұлтандылықты қаспен көздің арасында ұлтшылдыққа айналдырып жібергіш, сан миллион «халық жаулары» көздері жылтырап түрмеде, айдауда сарсылған заманда дәл сондай сөз сөйлеу үшін үлкен жүректілік, тәуекелшілдік, сөз жоқ, қажет екен.

Бұл сөздердің әсері сондай, майданнан жаралы болып оралған бір жас жігіт үйленгенде қазақтың той-томалақ өткізетін ұлттық рәсімімен тұңғыш рет танысып, ауызымызды ашып, көзімізді жұмдық. Бір жылдан соң ұлы Абайдың жүз жылдық юбилейі мейрамдалғанда, ат шабу, көкпар тарту, аударыспақ ойнау, балуан күрестерін алғаш рет тамашаладық.

Бұл әңгімені осы тұстан үзіп, жалғасын кейінгі бір сәтке қалдырамын. Айтайын дегенім, Нұрекеңе тән ой сұлулығын інісі Өзбекәлі ерекше бағалады. Оған 1994 жылы қазан айында Түркістан қаласында өткізілген, Нұртас Оңдасыновтың туғанына 90 жыл толуына арналған мерейтойда сөйлеген сөзі күә. Ұлттық мәдени мұрамызды жаңа, тәуелсіздік жағдайында байыту мәселелерін түйіндегенде ол үнемі Нұрағаңның беделіне сүйеніп отырды. Оқырман жұртшылық Әбілдә ақынның «Нұртас Оңдасынов» деп оның көзі тірісінде жазған өлеңімен таныс болуға керек. Сол өлеңде пікірімізді тиянақтайтын мынадай жолдар бар;

«Астанам деп сүйетін Алматысын,
Тек жақсылық іздейтін Алматы үшін.
Ортасынан өткізсем деп ойлайтын,
Айдап әкеп іленің аққан күшін.»

Ол арман да орындалды. Алатау құздарынан құлайтын ағынды су енді каналға айналып, қаланың орта шенін қақ жарып ағып жатыр. Нұрекеңнің інілерінің істегені. Алматының әшекейлі кемер белбеуіндей ару қалаға жарасқан канал-бұл да ой сұлулығының жемісі.

Осындай ой сұлулығы Өзбекәлі Жәнібековке мейлінше тән еді. Тіпті Өзбекеңді ақырғы сапарына шығарып салу рәсімінің өзі де оның өмірлік философиясына дөппе-дөп келді.

Екі вагонға тиеліп, марқұмның сүйегін туған жеріне апара жатырмыз. Тәулік бойы талай ойлар түрткілейді. Өзбекеңмен үнсіз, іштей қоштасамын. Қаралы жиында сөйлей қалсам, не айтарым да айқындала бастады. Сол ішкі монолог Өзбекең рухына арналғандықтан, әйтеуір бір сыртқа шығару керек сияқты. Естеліктің қортындысы болсын, сол сөзді іштей бір қайталайын.

Үстіміздегі ақпанның ақ түтек бораны, аязды күндері Қазақстанның әр жерінде тыйылмастан бұрқап, қытырмаланып қысып денемізді қалтыратса, сұм ажал арамыздан Өзбекеңдей, Өзбекәлі Жәнібеков сынды ақ тораңғы бәйтерегімізді жұлып әкетіп, жанымызды мұздатып қалтыратты.

Қайран, Өзбеке! Сенің биік рухыңмен қоштасқалы Алтай бөктерінен ат сабылтып келе жатырмыз. Өзге де өлкелер де, Алтай аясындағылар, Арқа мен Атырау, Ұлытау, Қаратаудың барша жамифаты, жұрты: «Асыл азаматым, бақыл бол!» – дейтіні кәміл. Елдің елдігін көрсетіп, мына ауыр қаза үстінде қайрат көрсетіп жатқандарына мың да бір рахмет! Сендей перзент сирек туады.

Еліңе қандай еңбек еткеніңді жұртың жеткізіп айтып жатыр. «Жоғалған пышақтың сабы алтын» дегендік емес. Шыны сол.

Сен биікте жүрдің, еңісте жүрдің. Қызметтің үлкен-кішісі деген жоқсың. Бәрін өз шаруаңдай тындырымды атқардың. Біз, құралпастарың: «Өзбекең қолына тиген іс өзгеріп сала береді», – деуші едік. Сен қызметіңді абырой-атақ үшін емес, елім, ұлтым үшін деп істеуші едің.

Тағдыр бізді үнемі іс басында жолықтырды. Торғай облыс атанғанда ма, ұлттық киім жөнінде кітап жазғаныңда ма, Шәкәрім, Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып секілді боздақтарымызды ақтау үстіндегі шабытты шақтарымызда ма – бәрінде ой-пікір, ниеттеріміз бір арнада тоғысты. Шеңгелдеген сырқатқа бой бермей, жан алып, жан беріп жаздың, жазғанда ащы да болса ашығын айтып бердің, «тусаң ту!» дегіздің.

Өзбекең өмірі – жыр. Жыр етіп оны естелік кітаптарында өзі де айтты, тірі жан біздерде айтуға тиіспіз. Денең бел асып кеткенмен, жаның мен рухың бізбен, еліңмен бірге. Саған тартқан перзенттер көптеп керек. Соған зәруміз. Мына тығырықтан бір шығарса, өзіңдей үлкен жүректер шығарады.

Өзбекең өмірдің ащы-тұщысын бір кісіден кем тартқан жоқ. Бірақ тағдыры – әділ тағдыр. Мына Арыстанбаб бабамыздың қасынан қасиетті топырақ бұйырды.

Топырағың торқа жаның жәннатта болсын!

Өзбекеңмен осылай қоштастық. Тарихи адамның Отырар, Арыстанбаб секілді қасиетті қорықтарда жатқаны қандай әділеттілік деп аттандық. Оның қабірі басында муфти бастаған бес молда қатарласа отырып жаназа шығарғаны, оның алдында аза салып қаралы митинг өткізілуі, мың жарым адамға берілген аса – бәрі қалауы табылған игі іс деп бағаланады. Біз қымбатымызды, аяулымызды фәниден бақиға шығарып салу мәдениетін бірте-бірте жетілдіріп келе жатқандаймыз. Ескіге ғана табынумен шектелмей, оны жаңа салтпен үйлестіруге ұмтылыс бар.

Қайтар жолда, неге екенін, Ғабит Мүсіреповтің жоқтау рәсімі жайында айтқан бір ұлағатты сөздері еске орала берді. Ғабең: «Жоқтау – мағынасыз айтыла беретін «айрылдым», «ойбай айрылдым» емес, орны опырылып қалған үлкен адамдарды құрметпен еске алатын елдік мінез, елдік салт болу керек», – деген.

Халқымыздың бұлбұлы Күләшті қара жер қойнауына қимай тапсырған қоштасу соңында оркестр «Гәкку» әнін орындады.

Ғабең: «Маған «Ақ-баян» (Көрпештен) жаназа күйім болса, басқаны тілемес едім», – депті.

Өзбекеңнің жаназа күйін «Адырна» секілді өзі ұйымдастырған не бас-көз болған оркестрлердің бірі орындаса, әрине, артықтық етпейтін еді.

Өлген адамдардың бәрі бірдей жаназаланады. Бірақ әр өлік құрметпен аталғанда, ол еңбегінде, орнына қарай көрсетілмек. Бетке шығар асылымыз Өзбекәлі Жәнібек, әрине, ондай құрметтің биік деңгейлеріне лайық. Ең алдымен сұлулыққа – іңкәрлігі үшін.

Раманқұл БЕРДІБАЙ,
Академик

ҚАЙРАТКЕР МҰРАТЫ

Ел басқарудың биік сатыларына көтерілгендердің қауымалдындағы жауаптылығы ерекше үлкен екені замандар бойына айтылып келеді. Халық ақыл парасаты, қайраты кәміл көсемдерді қиялдап, неше алуан «мінсіз» хандар, патшалар бейнесін аңыз етіп дәріптеген. Қарапайым жамағатшылық қай дәуірде де қоғамның ырысы да соры да ел басшыларының білік, адамшылық, имандылық деңгейіне тікелей байланысты деп білген. «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деген нақыл осындай себептермен тұса керек. Халық даналығы «бас болмақ оңай, бастамақ қиын» деп тұжырымдайды.

Бұл сөздің ақиқаттығын бұрынғы бұлдыр заман тарихынан іздемей-ақ өз дәуіріміздің үлкенді-кішілі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен қызметінен де көруге болады. Солардың бірі күні кеше арамызда жүрген, есімі жұмқұрият (республика) жұртшылығына кеңінен таныс қайраткер әрі ғалым Өзбекәлі Жәнібеков еді. Ол өз халқының ілтипаты мен қызметіне көзі тірісінде-ақ бөленген. Уақыт өткен сайын оның бейнесі іріленіп, еткен еңбегінің мәні мен орны айқындала түскендей. Өзбекәлі даңқының жасанды емес, табиғи болып, жұртшылық жадынан орын алуының түрлі себебі бар. Осы төңіректе білгендеріміз бен ойға түйгендерімізді айтуды парыз санаймыз.

Билік тізгінін ұстағандардың ішінде мансапқа түрлі жағдайдың салдарынан ілігіп қалғандары да аз болмайды. Өзінен жоғарыдағы үкімдарлардың нұсқауынан қия баспай, құлдық ұрғандықтары үшін кезінде атақ, дәрежеге жетіп, дақпырты жер жарғандардың бірталайын білеміз. Бірақ олардың көбінің алған мадағы мен мансабы көздері жұмылғаннан кейін-ақ ұмытылып кеткеніне мысал көп. Ресми орындардан алғыс алғандардың қайсыбіреулеріне елдің ризалығы емес, қарғысы бұйырғанын да көріп жүрміз. Өйткені, халықтың терең мүддесі мен өз тіршілігінің мақсатын бірлестіре алмағандар ешқашан шын абыройға жете алмақ емес. Кейде жағдайға бейімделгіш жылпостар жұрт көзіне кемеңгер, ортақ іске көрінетінің болады. Бірте-бірте ондай құбылмалы жандар нағыз отаншылдардың алдын орап, жол бермей кетеді. Бұлардың «бояма өнерінен» хабары жоқ көлденең жұрт оларды кәдімгідей көсем көріп, естүтып, көтермелеп жатады. Әдетте ұлыстың перзенттерінен гөрі осындайлардың жолы болғыш келеді. Олардың орасан олқылықтары кейіннен

ашкереленгенінен кейін пайда жоқ, «іс бітті, қу кеттінің» кебі қайталана береді...

Өзбекәлі Жәнібеков сөзі мен ісі бір жерден шығатын, жеке басының бақытын елінен бөліп қарамайтын, «пайда ойламай, ар ойлаған» білімі мен дарынын биік мұрат (идеал) жолына сарқып берген жарқын тұлға. Оның таланты туа бітті отаншылдық талант еді. Қайраткердің атқарған істері көп пе, аз ба, мәселе олардың санап шығуда емес. Гәп оның мақсатының кіршіксіз, әрекетінің табиғи адалдығында, дүниеде ізгіліктің үстем болатынына сенімінде, «түлкі заманға тазы болып қосылмайды», ел алдындағы парызын имандай берік ұстағандығында.

Адам мінезі ар, намыс санарлық жолайрық тұстарда, тартыс үстінде көрінеді. Мақсатты жүзеге асыруға жалындап кірісетін қайраткер мен күні үшін еңбек етіп жүрген қызметкердің парқын ажырату мүмкін емес. Олардың айырмасы тек ісінен көрінеді. Ө. Жәнібеков сөйлегенде ағып тұрған шешен, су төгілмес жорға болып көрінуге тырыспайтын. Оның шешендігі – әрбір лебізінің жүректен, санадан қорытылып шығатын шыншылдығында болатын. Өзбекәлінің барлық іс-әрекетіне мақсаттылық, тегеурінділік, дәйектілік тән болғанын әріптестері мойындайтыны анық.

Ешбір үкімет басшысы, орталық комитет секретары советтік дәуірде қалыптасқан тәртіпке зәредей де өзгеріс кіргізе алмайтыны мәңгілік заңдылықтай болып тұрған кездерде Ө. Жәнібековтың тосын шешімдерге батыл баратынын көрген едім. Соның бірер мысалы төмендегідей...

1987 жылғы март айының орта шенінде Қазақстан Жазушылар одағына әдеби жылдың қорытындысына арналған жиналыс болды. Әрбір жанр бойынша баяндамалар жасалып, өткен жыл көлемінде көрінген жаңалықтарды талдап, бағалаудың соңында түрлі секция төрағалары қорытынды сөзге шықты. Сол мәжілісте Қазақстан Компартиясының секретары Ө. Жәнібеков, Алматы обкомның секретары З.Қадырова қатысып отырған болатын. Мен фольклор советінің төрағасы ретінде ауыз әдебиетінде байланысты басылымдар мен зерттеу еңбектердің жай-күйін айта келіп, сөзімнің ақырында бірнеше ұсыныс айттым. Соның бірі – ежелден халқымыз зор қуанышпен мейрамдап келген Наурыз мерекесін қайта жандандыру туралы еді. Осы мәжілістің соңын ала сөйлеген сөзінде Өзбекәлі менің осы ұсынысымды толық қолдады, «халқымыздың ізгі дәстүрлерін, соның ішінде Наурыз мейрамын қайта жандандыруымыз керек» деп анық мәлімдеді. Мұнымен де тоқтамай, «Наурызды дәл осы жылы-ақ мерекелеп жіберуге мүмкіндік бар, мұны Алматы қаласында және облыстың бірнеше ауданында өткізуге болады» деп президиумға отырған Зәуре Жүсіпқызы Қадыроваға бұрылып қарады. Міне, араға жетпіс жыл салып, Наурызды мерекелеу тағдыры дәл осы мезетте шешілді. Наурыз мейрамы басталатын 22 мартқа дейін бес-алты-ақ күн қалғанына қарамастан Алматы обкомының секретары З. Қадырова ерекше ұйымдастырғыштық қабілет танытып, сол жылы Алматының Фрунзе (қазіргі Медеу), Алматы облысының Жамбыл, Еңбекші қазақ, Нарынқол аудандарында көптен сағынышты ұлыс мерекесін зор салтанатпен өткізуге ұйытқы болды. Наурыз мейрамының қайта оралуы ұлттық рухымыздың көтерілуіне күшті әсер етті деп батыл тұжырым жасауға болады. «Біз де елміз, төл мерекеміз бар» дегендей шырай әрбір қазақтың жүзінен танылатын еді. Қазақтардың кеңестік дәуір мейрамында дүрмекке ілесіп тойлап келгенін білетін өзге жұрт өкілдері де біздің халқымызды жаңадан танығандай әрі таңырқай, әрі ішкі қызғанышпен қарай бастағанын талай адам аңғарған болса керек.

Кеңес үкіметі кезінде үлкен қалаларымызда, соның ішінде Алматыда қазақтың үлесі маңдымай қойғаны белгілі. Орталық қалада қазақтар саны көбейіп кетпесін

деген Мәскеу саясатын республика басшылары қыңқ деместен орындады да отырды. Алматыда қазақтың тым аздығын, сол аз қазақтың біразы ана тілінде оқымайтынын сылтау етіп, қазақ тілінде кешкілік газет шығаруға кедергі келтірушілер жеткілікті еді. Міне осы кезде жұртшылықтың талап тілегін батыл қолдап, қазіргі «Алматы ақшамы» газетінің /1988/ шығуына тікелей көмек көрсеткен де Өзбекәлі Жәнібеков. Қазақ тілінде кешкілік газет мәселесі шешілгенде тағы бір «тосқауыл» кездескені есімізде. Кеңестік дәуірде ұлттық дәстүр, термин дегеннен басын алып қашатын кейбір басшысымақтардың «Ақшам» деген сөзден зәресі ұшқанда бұл іске де жол ашқан Ө.Жәнібеков болатын. Қазір көзге үйреншікті «Алматы ақшамы» деген тіркес ол кезде қаратүнек кіріптарлық кешінде жанған жарық сәуледей әсер ететін.

Қазір Мәдениет министрінің орынбасары, кейіннен министр болған кезінде Ө. Жәнібеков Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінде бірінші дүркін дәріс өткізген еді. Халық университетін өзім басқарған отыз төрт жыл ішінде ірі лауазымды қызметкерлерден М. Әуезов музейіндегі осы бір білім ошағының жұмысына атсалысқан да тек Өзбекәлі болатын. Әсіресе оның Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесінің тарихына арналған дәрісі нағыз білім, тағылым, парасат салтанатындай әсер қалдырған. Басшылық қызметтің ағымдағы істерінен қолы босай қоймайтын адамның тек Ахмет Ясауи кесенесі емес, күллі орта Азия мен Қазақстан жеріндегі атақты архитектуралық ескерткіштердің тарихы мен терең түсінетіндігі, кесенелерде қолданылған ою-өрнек, бояулардың да аты мен «затын», тіпті құрылысты жүргізген ұсталардың ұлты мен ата тегіне дейін шежірелеп, талдап бергені ғажап еді. Егер Ө. Жәнібеков тарих, этнография ғылымының теориялық негіздерін жүйелі түрде оқып, зерттеушілік ісімен бірыңғай шұғылданса, осы пәндерден ірі жаңалықтар ашатын әйгілі маман болып қалыптасуы кәміл секілденетін. Оның үлкен, жауапты қызмет атқара жүріп, «аттың жалы, түйенің қомында» жол жөнекей іздегендері мен тапқандарының өзі бір сыбағаға аздық етпейді. Ө. Жәнібековтың зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі жылдарда жарияланған монографиялары оның дарын қуатын айқын танытты.

Өзім анық білетін тағы бір нәрсе – Ө. Жәнібековтың ұлттық музыкалық дәстүрдің дамуына қамқорлық жасап отырғандығы. Оның басшылығымен Торғайда «Шертер», Алматыда «Отырар сазы» секілді бірталай оркестрлер құрылғанын ел біледі. Ескі музыкалық аспаптарды іздеп тауып, олардың үнін қайта жаңғыртудың фидайы ұйымдастырушысы Болат Сарыбаевтың еңбегіне дер кезінде ілтипат көрсетіп, қолдау жасауы нәтижесінде бірқанша ұмытылған аспаптар қатарға қосылды. Мұның өзі музыкатану саласындағы қайта өрлеу секілді кезең болатын. Өкінерлігі сол – ұлттық құндылықтарға мүлде мән бермейтін қаншама «номенклатуралық» қызметкер дүниеге мұндай жаңалықтардың келгенін сезбеген де болуы керек. Музыкалық аспаптарды қайта тірілту, ұлттық киімдердің осы заманға сәйкес үлгілерін жасау, салтанатты тойлар өтетін киіз үйлердің моделін қалыптастыру саласында Ө.Жәнібеков тарихи миссия атқарды дей аламыз. Орыстың ұлы В.Г. Белинскийдің «Белгілі бір істерді атқару үшін туатын жандар болады» деген сөздерін еске алып сөйлесек, Өзбекәліні қазақтың заттық және рухани мұрасын қайта жандандыру үшін жаралған деп айтуға болар еді.

Ө. Жәнібеков музей тұрғызу және музейтану бағытында да өшпес із қалдырды. Оның әрбір іске бұйрықшы, сырттан бақылаушы болмай, нақтылы көмек көрсету нәтижесінде Қазақстанда ондаған музейлер ашылғаны ақиқат, Ескі үйлерді жөндеуден өткізіп, қатарға қосу кезінде ол тиісті сызық, сурет өрнектерді өзі жасап беріп отырғанын білетіндер жырдай қып айтады. Алматы қаласындағы

«Колхозшылар үйі» деп аталып келген үйді жөндеуден өткізгенде жаңа ғимараттай болып шыққанын біз де көрген едік. Мәдениет министрлігінің Гоголь көшесіндегі ағаштан жасалған үйінің келбетін мүлде өзгертіп, тартымды еткен де Өзағаңның шебер қолынан шыққан өрнектер екен. Ықылас атындағы мемлекеттік музыкалық аспаптар музейінің дүниеге келуі де, ұлттық әшекей оюлармен безендіріліп, ескі үйдің құрылысы жаңаша сипат алуы да Ө. Жәнібековтің есімімен байланысты. Біз Алматы облысының Жамбыл ауданында болғанда ақын Үмбетәлі Кәрібаевқа арналған музейдің құрылыс тарихын естіген едік. Музей директоры, ақын Н. Лушникова осы құрылыстың басталғанынан аяқталғанынан дейін Ө.Жәнібековтің күн демей, түн демей жұмыс барысын бақылауға алып, іс кезегінің тоқтаусыз жүргізілуін қамтамасыз еткенін айтып еді. Қазақстанның қай бұрышына барсаңда ел перзентінің өнегелі істері тізбегін кездестіресің. Маңғыстаудағы Форт-Шевченко музейін кеңейту, қайта құруға да Өзағаң қолғабыс тигізгені зайыр. Мұндай мысалды жалғастыра беруге болады. Бұлар жасампаз қайраткердің өмір жолы мағыналы, мақсатты ізденістерге толы болғанын аңғартады.

Қажырлы қайраткердің адамшылық, азаматтық тұлғасы ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ аспанына шоқ жұлдыздай жарқырап шыққан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов сынды ғұлама, ақын – ойшылдар мұрасын қайта бағалау кезінде айрықша шоқтықтанып көрінді десек, артық айтқандық болмайды. Ө. Жәнібеков бұл тарихи іске жанын салып кіріскенін арнаулы комиссиясының мүшесі болғандықтан да жақсы білемін. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бұрынғы хатшыларының ұлттық мұраға үрке қарайтындығын, кез келген еркін ойды тұншықтыруға бейім тұратынын көріп өскен біздерге Өзбекәлінің жоғарыда аталған ұлылар шығармашылығын атап алуды қостаушы болып қоймай, бастаушы болғаны риза еткен еді. Сол кезде жоғарыда аталған ұлт мақтаныштарының өмірі мен еңбек жолына анықтама қағаздар Қазақстан ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында даярланып, ол материалдардың екшелген нұсқасы академияның вице-президенті, аса көрнекті философ Жабайхан Әбілдиннің құзырында жасалатын, құжаттың текстімен комиссия мүшелері танысып, қол қоятын. Ж. Әбілдин әрбір анықтама қол қойдырар алдында «бұл істі тездетейік, өйткені мұны Орталық Комитет секретары Өзбекәлі Жәнібеков күтіп отыр, кешіктіруге болмайды» деп ескертетін. Халық тілегі мен жоғары лауазымды басшының ниеті бір жерден шыққанда бұрын қиынның қиыны болып есептелетін сұраулар жедел шешілетінін бірінші рет көргендей болып едік. Ал академияда даярланған құжаттар Орталық Комитет бюросында қаралғанда кедергілер кездескенін сол мәжіліске қатысқандардан естіген едік.

Кеңестік дәуірдің қысыңқы ауасымен тыныстап, көп ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ кездердің өзінде халқының рухани есеюіне, мәдени мұраны қайта жандардыруға елеулі еңбек сіңірген Ө. Жәнібеков туған жұртының алдындағы парызын адал атқарған жан. Оның бүгінгі және келешек ұрпақ алдында жүзі жарқын. Өзбекәлі қарақан басының пайдасы үшін ұлт мұратын сатпаған, дүниенің жылтырағанына, мансапқа бола құбылмаған, ар, намыс туын биік ұстаған Алаштың азаматы болды. Ол өзі әз тұтқан «жұртына құрбан болсам» деп, «атына тұрман болсам» деп ұйқысын төрт бөлген, ел жүгін қара нардай қайыспай көтерген тұлға.

ШОМБАЛ, ЖЕКЕ ДАРА, ІРІ ТҰЛҒА

Өзекеңді бірінші көргеннен-ақ осындай әсерде қалып едім. Жылдар өте, осы кезге дейін сол әсер жанымда ұялады.

Маған ол болмыс-бітімі бөлектеу, аз сөйлейтін, дауысы бәсең, көзі ойға, мұңға толы, шашы қалың, жүріс-тұрысында өктемдіктің табы бар, біз сияқты мүскіндердің пысын басып тұратын, сәруар мінезді, жұмбақтау, ірі, кесек тұлға болып елестейтін.

Аз араластық, сондықтан алғашқы әсерім жаңсақ болуы да ықтимал.

Әрине. Өзбекәлі Жәнібеков деген Алаш азаматының кім екенін, қандай қызметтер атқарғанын, қандай ізгі мақсат жолында жүргенін, жүрегі әрқашан қазақ деп соғатынын, сонау қайтып келмес кеңес заманының өзінде ұлттық өнер, тарих, мәдениетке бойлай еніп, ерекше назар аударып, зерделеп жүргенінен хабардар болатынмын.

Бірақ біраз жылдар қол алысып, бетпе-бет келген емеспіз.

Ерте ме, кеш пе, менің күнделік жазбаларым жарық көреді деп үміттенемін. Сонда сол бір кездер жайында оқырман нақты мағлұмат алуы мүмкін.

Сол бір кез деп отырғаным – әйгілі 1986 жылдың желтоқсан дүрбелеңі.

Мәскеуден Коммунистік партияның неше түрлі эмиссар-жандайшаптары күнара ағылып келіп жатады. Кілең оқтау жұтқан ищенко-мищенко-нищенколар. Жергілікті бір топ зиялыларды ЦК-ның ғимаратына шақырып алып, ұзақ-сонар сұхбаттасып, тергеп, жастар дүмпуінің байыбына барғысы кеп, әлдебір қитұрқы сұрақтар қояды. Бұл не болды? Қалай болды? Бұзақылық па, ереуіл ме? Себебі қайсы, салдары қайсы? Кім басшы, кім қосшы? Арандатушы кім? Ұлт араздығын қоздыру кімге қажет болды? Қазақ тілі деген не пәле? Ондай тіл бар ма өзі? Естуімізше, ол бар болғаны малға байланысты 500-ақ сөз дейді ғой. Қазақ мектептері кімдерге аяқ астынан қажет болды екен?

Әйтеуір басыңды даң-дұң етеді.

Ел басқаруға теріс пиғылды, арам ойлы, ұр да жық Колбин деген «көсем» тағайындалды. Ал, Қазақстанның Орталық партия комитетінің идеолог хатшысы Өзекең. Екі оттың ортасында өзінің ұлтжанды принципшіл бағытын жүргізумен әлек. Кімге арқа тірейсің? Шынайы қазаққа сүйенсең – ұлтшыл атанасың. Мәскеудің ыңғайымен жүрсең – ұлттың тамырына балта шабасың. Мұндайда салқын қанды ара ағайынға жүгінген жөн. Олар бірақ некен-саяқ. Орыстардан – Иван Щеголихин; украин милләтінен – Александр Гаркавец; жебірей жұртынан – Морис Симашко; неміс нәсілінен – Герольд Белгер. Тағы кім бар? Кәріс, шешен, татарлардан екеу-үшеу табылып қалар. Аздау әрине...

Коммунистік партияның Орталық комитетінде күнде қызу жиын. Бір жиналысты Колбиннің ыңғайындағы Устинов басқарады; екіншісін – өзі де сең соққан балықтай әрі-сәрі халде жүрген, бейтарап жолын ұстауға бейім Камал Смайылов өткізеді; үшіншісін, «жуандауын», ұлттық бағытындағысын Өзекеңнің өзі жүргізеді. Көңілде алаң. Әрі тарт, бері тарт. Жығыл-жығылма. Көп сөздің өзегі – тіл, патриотизм, толеранттық көзқарас, интернационалдық тәрбие, аласапыран қоғам ағымы, алмағайып заман тынысы. Таусылмайтын әләуләй. Хәләуләйі тағы бар. Мен қазақтың сойылын соғып жүргендердің жағындамын. Соның өзінде барлық қазаққа

жақпайсың. «Сен миссияңды түсінбей жүрсің!» – деп әлдебіреулер одырады. Базбіреулер түн ортасында телефон шалып, «басыңды жұлып аламыз, екінші аяғыңды сындырамыз» деп үркітіп қояды. Махаббат ғадауатпен майдандасқан бір кезең. Аз да салмақты сөйлейтін, берік ұстанымы бар Өзекеңнің сөзі көңіліме қонады. Жалаң, жалған ұран емес, жүрекке жылы тиер, азаматтық әуен.

Орталық комитеттің жанынан тіл комитеті құрылды. Менің бұл саладағы мақалаларым мен сұхбат-баяндамаларымды ескеріп, Өзекең комитетті басқаруға мені ұсынды. Тулап бақтым: «Оу, ағайындар! Бұларың қалай? Қазақтың мүйізі қарағайдай академик, доктор тілшілері тұрғанда, маған не жорық? Атағым да, шатағым да жоқ қой!» «Осы жөн. Осы дұрыс. Қазіргі кезеңнің саяси талабы солай!»- дейді идеолог хатшы. Секретариатта сөз алған мықтылар (Колбин, Назарбаев, Әуелбеков т.б.) шетінен құттықтады. Амалсыз келістім. Әрі интернационалист, әрі қазақ тілінің жанашыры екенімді дәлелдеп бақтым.

Сеземін: Өзекең көбіне үндемесе де, мені іштей жақтайтындай. Оқта-текте жұрт көзінше мақтап қояды, жылы лебіз білдіреді, «Гете мен Абай» атты зерттеу еңбегімді жоғары бағалайды, алаштың біртуар азаматтарын ақтауға арналған комиссияларына енгізеді. Қысқасы, пәлендей ашылып сөйлеспесек те, әбден түсініскендей болдық, ойымыз үндес шығады. Кейде кезекті жиналыстан кейін аз уақыт оңаша қалып, сұхбаттасамыз. «Таяуда Сізбен кеңірек сөйлесетін шаруам бар» – деп қояды. Әңгімеміз тек қазақша өрбіп отырады. Мен кейде Өзекеңнің тарихи-мәдени-этнографиялық зерттеулері жайында қозғау саламын, ол бірақ онша ашылмайды. Диссертациясын да Ресей жақта қорғайтын ыңғайы бар.

1991 жылы Алматының «Өнер» баспасынан Өзекеңнің орыс тілінде «Эхо» деген тарихи-этнографиялық зерттеу еңбегі жарық көрді. Бұл бір ерекше құнды кітап болды. Қазақтың салт-санасы, дәстүрі, ұлттық өнері, көшпелілердің дүниетанымы, түйсік-тірлігі сала-саласымен жүйелі түрде терең зерделенеді. Менің аудармашылығым бұл кітаптың пайдасы өте зор болды. Ондағы суреттер, талдау-түсініктемелер, фотолар көшпелілердің өркениеті жайында көне заманнан көрініс береді. Этнография ғылымында бұл кітап азаматтық ерлікке пара-пар.

Жаңылмасам, 1988 жылы балалар мен жасөспірімдер театрында Шерхан Мұртазаның пьесасы бойынша «Бесеудің хаты» деген спектакль қойылды. Өзекең мені бір күні дереу шақырып алды да, «шұғыл театрға бар да, жаңа қойылымды көріп, маған әсеріңді айт»-деп тапсырды. Бардым. Көрдім. Ұнаттым. Ертеңіне пікірімді Өзекеңге жеткіздім. «Жөн-ақ! – деді. Бәрін дұрыс аңғарғансың. Спектакльдің саяси астарын байқағансың. Енді рецензия жазып, «Социалистік Қазақстанға» апарып бер!»

Жаздым. Редакцияға апардым. Екі күннен соң «Социалистік Қазақстанда» «Сана соты – тарих соты» атты мақалам мұрты қисаймай жарық көрді.

Кейін де талай кездесулер болған. Өзекең мені көргенде жылы қабақ танытып, биязы күлімсірейтінді шығарды. Саясаттың күңгірт аспаны да ашыла түсті. Мен де баяғыдай жүрексінбейтін болдым. ЦК-ның кабинеттері мен дәлізінде еркін жүремін. Таң қалғаным: Өзекең менен бар болғаны үш-ақ жас үлкен екен. Бастапқыда мен өзімді көп кіші сезінетінмін.

Заман күрт өзгерді. Орталық комитет күйреді. Өзекең науқастанып жүр дегенді құлағым шалатын-ды. Қырғыз елінде, тұзды шахталарға түсіп, емделіп жүр деген хабарды Әбеден(Нұрпейісов) естідім.

Бірде Әбенің машинасымен бір жаққа асыққанымыз есімде. Машинаның артқы орындығында әлдекімнің отырғанын сезсем де, аңғармай Әбемен күбірлесіп сөйлесіп келе жатырмын.

Бір уақыта артқы жақтан:

– Иә, Белгір ипташ, халің қалай?-деген дауыс естілді. Жалт бұрылсам–

Өзекең. Тануын танысам да, сасқалақтап қалдым. Қатты жүдеген. Өңі солғын. Самай шашы ағарған. Үстіндегі киімі жұпыны. Үйреншікті галстугі жоқ. Басында тақия. Ентіге дем алады. Дауысы көмескі, тарғылданып шығады.

Амандық-саулық сұрастық. «Сені оқып жүремін. Хабардармын. Дұрыс.

Жөн. Оң болсын!» – деді. Әрбір сөзін бөліп-бөліп, әзер айтады.

Бір-ер минуттан кейін ол машинаны тоқтатып, созылыңқырап әзер шықты да, бойын тіктеп, ілбіп басып, кейін бұрылды.

Өзекеңді соңғы көруім осы. Жаңа ғасырға жете қоймаған кез ғой деймін.

Көп ұзамай Өзекең о дүниелік болды.

Көңілімде мықталып қалғаны – ең бірінші әсерім: шомбал, кесек, жеке дара, ірі тұлға, көп қазақтың бірі емес, бірегейі. Замандасы болғаным мен үшін әрі қуаныш, әрі абырой.

28.06.11.

Алматы.

Қалаубек ТҰРСЫНҚҰЛОВ

ЕСКЕРТКІШ ПЕН БИДАЙ «ХИКАЯСЫ»

Өзбекәлі Жәнібеков...

Осы бір есім сонау алпысыншы жылдардан бері қазақ мәдениетінің күмбезіне бірте-бірте өрмелеп келіп, сексенінші жылдар нағыз биігіне көтеріліп еді. Өзекеңнің қазақ мәдениетіне сіңірген еңбегі қыруар, ол туралы жұртшылықтың бәрі біледі, көп жазылып та жүр. Қазақ мәдениетіне ерекше еңбегі сіңірген үш-төрт азаматтың қатарына қосылып та айтылып жүр. Тек Өзекеңнің басқа қырлары жөнінде көп айтылмайды, айтылса да баса назар аударылмайды.

Мен Өзекеңнің қол астында ұзақ жылдар бірге қызмет істедім. Комсомолда қызмет атқарған он жыл бойы сол кісінің ақыл-кеңесін тыңдап, аса мейірбанды қамқорлығына да ие болып жүрдім. Мүмкін оған алғаш кездескен күннен бастап еліміздің тарихы мен болашағына, ұлтымыздың тағдыры мен мәдениетіне деген көзқарасымыз, ішкі сырымыз бен нанымымыздың үйлесе кеткені себеп болар. Сондықтан да болар, біз екі-үш жыл жас алшақтығына қарамай Өзекеңнің өмірінің соңғы кезеңдеріне дейін дос-жаран болып, үй-ішімізбен жиі араласып жүрдік.

Өзекеңнің мәдениет саласынан басқа жас кезінен бастап кадр даярлауға аса мұқият көңіл бөлетіндігі осы кезге дейін көп айтыла бермейді. Ал бұл Өзекеңнің ең алдымен еске алатын мәселесі еді. Қазақ жастарының арасынан болашақта үміт күттіреді деген қыз-жігіттерді ерекше бөліп, соларға барынша қамқор болып, баули білуші еді. Соңынан (кейбірі дәл осы бүгінге дейін!) ел басқару ісіне араласқан көптеген азаматтар сол тәрбиенің нышанын көргендер болатын. Сондықтан да біздің тұстарымыздың бәрі де орыс әдебиетінде қағидаға айналып кеткен «біз бәріміз де Гогольдің шинелінен шыққанбыз» деген қанатты сөзімен баламаласақ, Өзекеңнің шинелінен шыққан едік. Мен Өзекеңнің осы ұлт кадрларына деген қамқорлық

мінезін бейнелеу ретінде кезінде «Қал-қалай, жолдас хатшы» деген көлемді повесть жаздым. Бірақ сол кездегі заман талабына сай аты жөнін сәл өзгертіп алып едім: Қырғызәлі Әжібеков. Сол повестен кейін кездескен кезде немесе телефон соқса: «Қал қалай, жолдас хатшы?» деп әзілдеп, менің жазушылар одағындағы хатшылық қызметімді меңзеп жүретін.

Өзекең аса зерделі ғалым болды. Бірақ оны кезінде көпшілік сезе қоймады. Ел арасында ұмыт бола бастаған қазақтың ұлттық қолөнері мен сәулет өнері жөніндегі Өзекеңнің жасап жүрген еңбектері әлдеқашан басталған болатын. Бірте-бірте елеусіз қала бастаған ұлттық тарихымыздың көне дәуірдегі бірқатар нұсқаларына алғаш рет ғалымдардың көңілін аудара бастаған да Өзекең болатын (Отырар, Арыстанбаб, Ахмет Ясауи, т.б). Әрине, кезінде заман ағымына лайық бұл ойларын ашық, батыл айта алмады. Бірақ ешуақытта ұмытқан жоқ. Сол ойларын жүйелеумен болды. Өзі жасауға мүмкіншілігі болмаған кездері (қызмет бабына байланысты) өзгелерге осы ойларын жеткізіп, солардың ары қарай дамытуына мұрындық болды.

Өзекеңнің осы бір қасиеттерінің жүзеге асуының көбіне куәсі болғандықтан, мен үшін ол кісі туралы естелік жазу өте қиын. Өйткені, сол асыл қасиеттерінің бәрі бірінен соң бірі тізіліп, көз алдымда тұра қалады. Солардың бәрін жүйелеп жазу үшін бір кітап толық жазылу керек. Сондықтан да қазір Өзекең өміріндегі екі ғана фактінің төңірегінде әңгіме айтуды жөн көрдім. Осы екі оқиғаның өзі-ақ Өзекеңнің ел тарихын, болашағын қалай ойлайтынын, кадр даярлау жұмысында қалайша жүйелі жұмыс істегенін көрсетеді ғой деп сенемін. Ал басқа естеліктер басқа жерде айтылар.

Өзбекәлі Жәнібеков және Ғани ескерткіші

Кезінде қазақ балалары ғана емес, Шығыс жастарына қамқорлық жасап, көбінің келешекте үлкен азамат болып қалыптасуына ықпалын тигізген Ғани Мұратбаевқа ескерткіш қою керек деген идеяны шығарған Өзбекәлі екеніне мен кәміл сенемін. Бұлай дейтінім: осы қозғалыс алғаш басталғанда мен басқа қызметте болатынмын. Тек осы жастардың жұмыла қолдаған қозғалысына тікелей куә да болдым – мектептің оқу ісінің меңгерушісі ретінде мақта теріміне қолғабыс жасауға барған жастардың басшысы болғандықтан бір күнді «Ғани аруағына арналған күн» деп жариялап, сол күнгі табысымызды ескерткіш қорына қосқанбыз.

Ол кезде Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Владимир Байжанов еді, ал Өзбекәлі Жәнібеков – оқу орындары жөніндегі хатшысы. Соңынан Өзекең обкомолдың бірінші хатшысы болып сайланды да, мен ол кісінің орнына қызметке Шымкентке келдім. Бұл алпысыншы жылдардың басы. Мен обкомолға келген кезде Өзекеңнің Москваға барып жүріп, сондағы мүсіншілермен кездесіп, солардың арасынан Ғанидың ескерткішін жасай алады-ау деген мүсіншіні тауып, оны елге ертіп келіп, талай-талай тарихи жерлерді көрсетіп, іске кірісуге тапсырма беріп, тіптен азын-аулақ қаржысын да төлеп қойған кез болатын.

Мен обкомолға келген кездегі ескерткішке байланысты мәселе – оны қандай материалдан жасап, қаланың қай жеріне, қалай орнатамыз деген сауалдардың төңірегінде ғана еді. Соңынан мен өлкелік комсомол комитетінің хатшысы болып бір жарым жылдай қызымет атқарып, Москваға оқуға кеткен Дүйсенкүл Бопованың орнына обкомолдың бірінші хатшысы болып қайта оралдым. Бұл кезде Өзекең Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы. Енді Ғани ескерткішін жасату мен орнату мәселесімен тікелей айналысу маған жүктелді. Бұл кезде, бір

абырой болғаны, мәскеулік мүсіншіге төленетін гонорар түгелдей аударылып қойған болатын.

Ескерткішке байланысты созбалаң осы кезде басталды. Ол тұста Н.С. Хрущевтің дәуірлеп тұрған заманы. Бұрынғы көсемдерге қойылған ескерткіштердің бірінен соң бірі тұғырынан түсіп жатқан кезі де осы мезгілдер. Тіптен, «архитектурный излишек» деген қағиданы бетке ұстап, жөні түзу ғимараттар да салғызбай қойған кез. Сол жылдары КПСС Орталық комитетінің хатшысы болып тұрған Ильичев Алматыға бір келген сапарында осы мәселелердің төңірегінде нұсқау-ақылын айтып, «идеология таразымен тартылмайды» деген қағиданы өмірге әкелді. Ильичев Мәскеуіне кеткеннен кейін Қазақстан бойынша барлық партия ұйымдарына жиналыстар мен активтер өте бастады. Алматыдағы өткен активті Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы М.Соломенцев басқарып, ол да өзінің нұсқауларын үйіп-төксе керек.

Міне, ғани ескерткішінің сергелдеңге түсуі осы Соломенцевтің «аталы сөзінен» бастау алады. Өйткені, сол активте Соломенцев: «Оңтүстіктің жастары ғани Мұратбаев дейтін біреуді тауып алыпты. Егер ол халыққа шын қызымет еткен болса, есімі халықтың жүрегінде сақталады. Сол жетеді», -деп тұжырым жасапты. Мұны маған сол кезде «Лениншіл жас» газетінің ұжымында партия хатшысы қызметін атқарып жүрген, бұрынғы Шаян аудандық комсомол комитетінің хатшысы Сәбит Жиренов телефон арқылы сол күні-ақ хабарлады. Соломенцевтің бұл сотқарлығына қанша ыза болсамда Өзекеңе телефон соғып, анық – қанығын анықтауға батылым жетпеді. Өйткені, Өзекеңнің осы ескерткіш үшін қанша қыруар әрекеттер жасап, енді бітті дегендегі есіткен сөздері осы болса көңіл күйінің қандай екенін сөйлеспей-ақ, кездеспей-ақ сезіне қойдым. Ашуын басып, сабасына түссін деп түйіндедім.

Осы жерде айта кететін бір мәселе – Соломенцевтің осы қылығы туралы кезінде мен бір мақала жазып едім. Ол комсомолдың 70-жылдығына байланысты болатын. Сонда мақаланың атын «Соломенцевтің сотқарлығы» деп қойғанымды көрген өзім білемін де, саналы адамгершілігін де аса жоғары бағалайтын інілерімнің бірі – профессор Құлбек Ергөбеков басу айтып, тақырыбын өзгертіп еді.

Бір қызығы, осы Алматыда өткен жиыннан соң Шымкентте өткен жиындардың ешбірінде Соломенцевтің сөзіне сілтеме жасалмады, ғанидың есімі де аталмады. Шамасы, облыс пен өлке басшылары біздің (жастардың) ғани ескерткіші үшін жанымызды салып жүргенімізді біліп, шамымызға тигілері келмеген болуы керек. Біз бұл кезде облыс басшыларына талай рет ұсыныс жасап қойғанбыз. Бірақ, ескерткіштің металдан жасалған нұсқасы дайын болмағандықтан онша өзеурей қойған жоқ едік. Соломенцевтің сөзі мерзімді баспасөзде де жариялана қойған жоқ, Сондықтан біз есітпеген-білмеген болып жүре тұруды мақұл көрдік.

Сол кездері Өзекең ескерткішті қоюдың жолын іздестірген сияқты. Мәскеулік мүсіншіге төленген қаржы оның бойына жұғысты болу үшін ескерткішті алып кетуіміз керек екен. Немесе ол алған гонорарын бізге қайтаруға міндетті. Әдетте алысты болжап жүретін Өзекең басында келісім шартты осылай жасаса керек. Енді осыны желеу етуді ойластырдық. Бір күні мен Өзекеңе телефон соғып, Алматыға келіп кетуге рұқсат сұрадым. Алматыға келген соң барлық жағдайды айттым, өзі жасап жүрген әрекеттерінің де сырын ұқтым. Ескерткішті қалай да металдан құйғызуымыз керек. Оның үстіне барлық басшыларға ол әлдеқашан дайын болып қалған ескерткіш деп түсіндіруіміз және қажет. Мәскеудегі мүсінші де осы сөзді құптауы тиіс. Сонда ғана әрекетіміз ілгері жылжуы мүмкін немесе ғани ескерткіші сол гипстен жасалған күйінде қалады, оның үстіне оның өзінің де Қазақстанға жеткізілуі екі талай.

Өзекең маған осы құпияны екінші хатшы И.Зарубинмен де ақылдасуды тапсырды. Мен Иван Ивановичқа бар шынымды айтып, егер осы айламыз әшкере болып қалса не жаза алатынымды да қоса сұрадым.

— Кім біледі оны алдын ала. Әйтеуір жазаланасың. Сөгістің ең қаталына дайын бола бер. Дегенмен, Орталық комитет сені қорғап қалуға тырысатынына да сенімді бол. Партиядан шығартпауға әрекет жасаймыз ғой, – деп біраз отырды. Сонан соң:

— Жүр, Өзбекәліге барайық, – деді

Мен Өзекеңмен болған әңгімені айтпаған болатынымын. Ілесіп жүре бердім. Үлкен кабинетке келген соң, мен айтқан әңгімелерді түгел баяндап болған соң ол Өзекеңе қарап?

— Осы мәселені шешетін уақыт жетті ғой деймін. Батылдау әрекет жасайтын кез келді. Енді созсақ, мүлде ұмыт қалуы мүмкін. Сенің де талай жылғы әрекетің, оңтүстік жастарының да еңбегі зая кетеді. Рұқсат берейік бұған, тек бұл әңгімені үшеумізден басқа ешкім білмесін, – деді.

— Ал, сонда Москваға кім барады?-деді Өзекең.

— Сенімді жігіттерді жіберемін, Өзеке, – деп жауап бердім мен.

Біз осы түйінге тоқтадық. Соңынан Өзекең маған көптеген кеңес беріп, албырттыққа салынып, бірдемелерді бүлдіріп алмауды қатал тапсырды. Әдетте кабинетінде жүзі сұсты көрінетін Өзекең сол жолы маған аса мейірбандықпен қараған секілді көрінді. Іс насырға шауып, бір ши шығып қалса, менің қатты жаза тартатынымды сезіп, аяушылықпен қарады-ау деймін.

Шымкентке қайта оралған соң мен өлкелік комсомол комитетінің есеп- қисап бөлімінің бастығы Әбдіқадір Мұстафаев пен обкомолдың дәл осындай бастығы ӘбдіжаппарӘбдіқұловты шақырып алып, Мәскеуге баратындарына ийтіп, тапсырманы егжей – тегжейлі түсіндірдім. Мәселенің байыбына барған өлке жастарының жетекшісі Кеңес Жандыбаев Әбдіқадірдың мәскеуге баруына қарсылық білдірген жоқ. Осы екі жігіт Мәскеудегі мүсіншіге барып, мәселені тәптіштеп түсіндіреді. Ол бәріне келісіп, тез арада гипстен жасалған мүсінді Ленинградқа апарып, сондағы заводтардың біріне темірден қоладан құйғызады. Тек біз келіскендей етіп, барлық құжатты екі-үш жыл бұрын орындалған жұмыс деп жасап берді. Айналасы екі аптаның ішінде барлық жұмысты тындырып, жігіттер қайтып келді. Келгенде барлық құжатты алып, мүсіннің гипстен жасалған нұсқасын теміржол жүгі ретінде Шымкентке жеткізілетін жағын да қарастырып, ол құжаттарды да ала келді. Бірер айда гипстен жасалған нұсқа Шымкентке келіп жетті.

Осы аралықта Өзекең маған жиі-жиі телефон соғып, «ана мәселе қалай болып жатыр?» деген сұрағын алдымен қойып отырды. Мүсін Шымкентке келген соң облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В. А. Ливенцовқа барып, сол мүсінді Пионерлер сарайының кіре беріс бөлмесіне (фойе) орнатуға рұқсат сұрадым. Ол кісі жауабын екі –үш күн кешуелдетіп, бюро мүшелерімен ақылдасып барып берді. Мен бюро мүшесі болғандықтан ол әңгіменің де ішінде болғанмын. Сол жолы бюроға қатысып отырған облатом төрағасының орынбасары Жұмабек Тәшенов?

— Оны неге гипстен жасатқансыңдар? – деп сұрақ қойды.

— Оның өмірі ұзақ болмайды ғой.

— Темірден жасалған нұсқасы да бар. Оны автор әзірше бізге бермей отыр, – деп жауап бердім.

— Бізге осы гипстік нұсқасы да жетер. Қола нұсқасын мүмкін Алматыға қояр, – деп тез жауап берген В.А. Ливенцев іле – шала:

– Ескерткішті салтанатты түрде ашыңдар. Салтанатқа біздің атымыздан обком хатшысы Сүлеймен Кәріпсеитович Задин қатыссын, – деп әңгімеге нүкте қойған.

Мен кабинетіме келген соң тез телефон шалып, болған әңгімені Өзекеңе хабарладым. Обкомның бірінші хатшысының сөзінен соң ескерткішті Алматыға қою мәселесі шешіліп қойған ұйғарым болар деген күдік көңілге орала кетті де, оған біздің келіспейтінімізді қоса хабарладым.

– Асығып-аптықпа, – деді Өзекең күліп.

– Алматыда әлі әзір ол ескерткішке мұқтаж болып отырған жоқ. Бұл біразға созылатын мәселе болар. Ал Пионерлер сарайындағы ашылатын ескерткіштеріңе барынша салтанат беріңдер. Мен мұндағы жастар баспасөзіне тапсырма беремін. Өзім бара алмаймын, басқа ешкім де бармайды. Көрші облыстарыңнан қонақ шақырма. Игілікті ниеттеріңді бүлдіріп алып жүрмеңдер. Бұдан былай осы мәселенің төңірегінде Жұмекеңмен (Тәшенов) ақылдасып жүріңдер. Қалғанын кейін көре жатармыз

Біз есікті аштық. Осыдан бірер айдан соң өлке тарады. Қайта құрылым жасау кезінде облыстық комсомол ұйымының конференциясы өтетін болды. Осы кезде мен В. Ливенцовқа қайта – қайта барып, ғани ескерткішінің қоладан жасалған нұсқасының жақында келетінін, соны орнату қажет екенін, ол үшін орын таңдау қажеттігін айтып жүрдім. Ол кісі болашақ ескерткіш орнатылатын жер деп біз белгілеген орынға қарсы болған жоқ. Бұл қазіргі «Шымкент» қонақ үйінің қарсысындағы сквер болатын. Оның Оңтүстік шетінде театр құрлысы салына бастаған. Конференция кезінде біз ғани ескерткіші қойылатын орынға белгі қоюды жоспарлап, сол алаңға облыс басшыларының бәрін шақырғанбыз. Обкомолдың бөлім меңгерушісі Сәкен Қалғынбаев (қазір Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы) еңбек, соғыс, комсомол ардагерлерімен қатар әскери құрамның бір взвод жауынгерлерінде шақырған екен. Сол жиынға облыс басшыларынан тек Жұмабек Тәшенов ағамыз ғана келді. Келген жауынгерлер «осы жерде ғани Мұратбаевқа ескерткіш орнатылады» деген жазу жазылған мәрмәр тастан жасалған белгінің пердесін ашқанда, жауынгерлер аспанға оқ атып, бәрімізді мәз-мәйрам еткен. Конференция өткеннен кейін у-дудан ес жиып кабинетте отырсам, Сәкен кіріп келіп?

– Біздің қойған белгімізді қиратып кетіпті, – деді ызаға булығып тұрған кейіпін жасыра алмай.

– Қалайша?!

– Жазу жазылған жағын әбден бүлдірген.

Біз кабинеттен бірге шықтық. Бағытымыз-қирағанobelіскіні көру. Ғимараттан шыға бергенде Жұмабек ағамыз кездесе кетті.

– Мен бәрінен хабардармын. Тек тез арада қалпына келтіріңдер, – деді.

Шамасы, ол кісі милиция қызметінің хабарлауымен білсе керек. Бардық, көрдік. Екі күннен кейін Сәкен бәрін қалпына келтірді. Бірақ бірер айда солobelіскіні және мүлдем қопарып тастапты. Қопарғанда мәрмәр тасты түгелдей алып кетіпті. Енді біз оны қайта қалпына келтіруді жөн деп таппадық. Өйткені, осы кезде Мәскеуден ғанидың қоладан жасалған мүсіні келіп жетті. Біз оны алып келіп облыстық партия комитетінің (обкомолда осы ғимаратта болатын) қорасына жайғастырдық. Осы ойымызды Өзекеңде қолдап, негізгі ескерткішті орнатуға күш салуымызды тапсырды.

Ескерткішке деген облыс басшылығының (мүмкін республика басшылығының ойы да солай болар) көзқарасын осы кезде байқадық. Мен ең алғаш ұсыныспен барғанда В. Ливенцов:

– Сен алдымен біздің қаламызда кімдерге ескерткіш қойылғанын бір қарап шықшы. Мәселеге сонан соң оралайық, – деді.

Осы кезде Шымкент қаласында екі-ақ адамға ескерткіш қойылған екен. Бірі Қошқаратаның бойындағы алаңға қойылған В. Ленин ескерткіші де, екіншісі қорғасын зауытының Мәдениет сарайының алдында орнатылған М. Калининнің ескерткіші. Мен В. Ливенцовқа осыларды айттым. Ол кісі Ғани ескерткішінің соларға қарағанда көлемі қандай екенін сұрады. Ғани ескерткіші олармен салыстырғанда әлде қайда көрнекті де, көркем де болатын. Мен жасырғаным жоқ, шынымды айттым. Хатшы жоғарғы жақпен ақылдасатынын айтып, шығарып салды. Біз енді осындай ойымызды облыс басшыларының бәріне айтпақ болдық. Сонда басшылардың ішінен бізді қолдаған бір-ақ адам – Ж. Тәшенов еді. Басқалары сырын ішіне бүгіп, «дұрыс» деген болып шығарып салды. Немесе «бірінші басшымен сөйлес» деп күмілжиді де қояды.

Келесі барғанымда В. Ливенцов сол кезде құрылысы жаңа басталған облыстық театрды желеу етіп?

– Алдымен театр құрылысын бітіріп алайық. Театрға да жастар барады ғой. Сол кезде бірге ашамыз екеуінде, – деп шығарып салды.

Осы кезде барып мен бірінші басшымыздың Ғани ескерткішін ашуға онша құлқы жоқ екенін сездім. Кезінде өзі құлшына кіріскен басшының мұндай мінез көрсетуі түсініксіз еді. Мен ол кісінің Алматы жақпен сөйлескен-сөйлеспегенін білмеймін. Шамасы, сөйлеспеген болса керек. Ол кісінің ойының бұзылуы Мәскеу жақтан бастау алса керек. Өйткені, В. Ливенцов қиын-қыстау мәселелерде тікелей Мәскеуге шығатын (кезінде Л. Брежневпен қызыметтес болған), ал Алматыда Орталық комитеттің хатшысы В.К. Севрюковпен өз құрдасынша сөйлесіп, ұсынысының бәрін өткізіп отыратын.

Осындай әрі-сәрі кезде Өзекең шешімді және өзі тапты. Сол кісінің ақылымен (мүмкін көмегіде болған шығар) Мәскеулік мүсінші КПСС Орталық комитетінің хатшысы М.А.Сусловқа барады. Ол кезде Сусловтың айтқан әрбір сөзі заң орнына қолданылатын заман. Оған мүсіншінің қалай кіргенін білмеймін. Тек айтқан сөздерінен хабарым бар. Ол Оңтүстік Қазақстан жастарының кезінде бұған мүсін жасауға тапсырыс беріп, гонорарын да төлеп қойғанын, енді сол дайын мүсінді алмай, төлеген ақшаларын кері қайтаруды талап етіп отырғанын айтыпты. Олай етейін десе, он шақты жылдан бері күн көрісіне жұмсалып кеткен 20 мың сомды таба алмайтынын, ал төлемесе көпшіліктің ақшасын жеп қойғаны үшін қылмыстық жазаға тартылатынын айтады. Не керек, осы әңгімеден кейін Ғани ескерткішін қоюға Мәскеудің қарсылығы жоқ деген ұйғарым болыпты. Ендігі мәселе Шымкенттің өзіне тіреліп қалған.

Бұл кезде мен Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің хатшысы қызметіне сайланып, Алматыға көшіп келгенмін. Бір күні Шымкенттен облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы Виктор Прокопенко телефон соқты.

— Қалеке, бізде бір масқара тірлік болып жатыр.

— Не боп қалды?

— Ғаниды ұрлап кетті.

— Ғаниды!! Қайсы Ғани!

— Ғанидың ескерткішін.

— Не деп тұрсың?! Оны кім ұрлап жүр? Милицияға хабарладыңдар ма?

— Мұнда милицияға қатысты ештеме жоқ, – деді Виктор ептеп аптығын басып алған соң. – Ескерткіш жоғалған жоқ. Тек оны ұрлап әкетіп, Келес ауданындағы Ғани

Мұратбаев атындағы совхоздың орталығына апарып орнатып қойыпты. Маған жаңа сол жақтан хабарлады. Анық- қанығын білмеймін.

Мен Ғ.Мұратбаев совхозының директорын танитынмын, Құтышов дейтін азамат. Аудандағы білікті агрономдардың бірі болатын. Қызмет қабілеті өзіне лайық, ептеп «партизандық мінезі» болғанмен естияр жігіт сияқты көрінетін. Сондықтан ол мұндай әрекетке бармаса керек еді. Мына жай түскендей болған жаңалықты қалай жорырымды білмей үнсіз отырып қалсам керек.

— Енді не істейміз? — деген Виктордың сөзі ойымды бөліп кетті.

— Не істейміз?

Не істейтінімді мен де білмей отырмын. Қасақана Өзекең де командировкада болатын. Зарубин де Мәскеуге кеткен. Шешімді өзім қабылдауым керек.

— Виктор, — дедім мен Прокопенконы өзіме санап. Бірге қызмет істегенбіз. Ақылды, барлық мәселенің байыбына барып, іске кірісетін украин жігіті болатын. —Тапсырма былай: бүгін түннен қалдырмай ескерткішті орнына әкеліп қоятын болыңдар. Әкелгенде бұрынғыдай емхананың қорасына емес, обкомолдың қорасына әкеліп қоятын болыңдар. Егер олай етпейтін болсаңдар арғы күні жастар газетінде «Ғаниды ұрлап кетті» деген фельетон шығарамын. Қортындысын ертең хабарлайтын бол.

— Бұл мәселені кімге айтамын?

— Оны мен білмеймін. Кімге барсаң оған бар. Бармаймын десең оны да өзің біл. Тек ескерткіш ертең Шымкентте болатын болсын.

Виктордың кіммен сөйлесіп, не істегенін мен білмеймін. Тек келесі күні сағат ондар шамасында ол ескерткіштің қайтып әкелінгенін хабарлады. Мен сол күні Өзекеңді телефонмен іздеп таба алмадым. Москвада жүрген Зарубинді тауып сөйлесіп едім, ол кісі біраз әңгімесін айтып, ызасын таратып алған соң әзілге басып: «Өзекеңе айтпай қоя тұр, инфаркт жасап алып жүрерсің. Ертең шымкенттіктердің не істегенін біліп алған соң хабарларсың» — деп кеңес берді. Келесі күні ескерткіш обкомға қайтып келген соң мен де Өзекеңді іздемей-ақ, өзі келгенде айтармын деген қортындыға келдім.

Өзекең командировкадан оралғанша бұл мәселеден бүкіл аппарат қызметкерлері хабардар болып қалған. Алғашында бәрі де ашу шақырғанмен, соңынан басылды. Тіптен «шымкенттіктер Ғанидың өзін ұрлапты» деп қылжаққа айналдыра бастады. Өзекең келген соң әңгіменің анық-қанығын есітіп, езу тартып күлген болды. Тек ол кісінің батыл бір әрекетке бел буғанын мен анық сездім.

Шынында солай болып шықты. Ол кісі бірер ай бойы Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Әділ Сасбұқаевқа телефон соғып, сабыр сақтап жүрді. Ескерткіш неге ұрланды деп ешкімнен сұраған да жоқ. Тек ескерткішті ашуды қалай ұйымдастыру мәселесімен тікелей өзі айналысып, Мәскеумен, Ташкентпен, Бішкекпен телефон арқылы байланысып жүрді. Сол кезге дейін біз хабарсыз болып келген Ғани Мұратбаевтың зайыбын тауып, сол кісімен ұзақ сөйлесті. Сол жылғы жаз айларының бірінде Шымкентке барып келді де, екі аптадан кейін Ғани ескерткіші ашылатынын жария етті. Шынында да екі аптадан соң өзі барып, Мәскеу, Өзбекстан, Қырғызстан комсомол ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен ескерткішті ашты. Ғани ағамыздың зайыбы да қатысты.

Кейіннен білсек, облыстың бірінші басшысы В.Ливенцов сол кезде демалысқа кетіп, ескерткіш ашылардан бір-ақ күн бұрын оралыпты. Ол кісі сол салтанатты

жиынның үстінде-ақ обкомның бірінші хатшысы Қаражан Әбіләзімовты болмашы сылтауларды желеу етіп, жерден алып, жерге салып әбден ұрысқан дейді. Оның себебін де мен кейін білдім. Бірер айдан соң Шымкентке бір барған сапарымда В.Ливенцовқа кездестім. Ол кісі бірден:

– Ғаниларыңның ескерткішін көрдің бе? Сол ескерткіш қоятын орын ба? Оны жастар паркіне немесе стадионның алдына орнату керек еді, – деді.

Сөйтсем, Ливенцов ағамыз Ғани ескерткішін Шымкентке мүлдем қойғызбаудың әрекетін жасап жүрген екен ғой. Ең болмаған да қаланың орталығына қойғызбауды мақсат тұтқан. Осыны сезген Өзекең Ливенцовтың демалысқа кеткен мезгілін аңдып жүріп, бар мәселені Сасбұқаевпен шешкен екен. Бәрі дайын болып, ел құлақтанып, қонақтар келіп қалған соң өзі бірақ күн бұрын келген облыс басшысы амалсыз Өзекеңнің шешіміне көніп, салтанатқа қатысып, сөз сөйлеген екен. Оны маған ашу шақырып айтқан сөздерінен сезе қойдым.

Ғани ескерткіші Шымкентте осылай ашылды. Дегенмен, Ғани ескерткішінің сарсаңы мұнымен бітпеді. Сол жылы ескерткіш ең алғаш белгілеген орынға, яки «Шымкент «қонақ үйінің қарсысындағы театр скверіне қойылмады. Өзі де құпияланып қойылып жатқан ескерткішті ол орынға қайта қоюға облыстың бірінші басшысынан қаймыққан азаматтар батыл шешім жасай алмаса керек. Бұл орынға Ғани ескерткіші 1988 жылы комсомолдың 70 жылдық мерекесі күні көшірілді. Ол кезде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров ағамыз болатын. Өзекең Алматыда аса жоғары лауазымды... кісі өзара келіскен болуы керек. Әйтеуір... барып, Асекеңе кездескенімде әңгіменің соңында:

– Сағат 5-те Ғанидың ескерткіші баяғыда Өзбекәлі бәрің белгілеген жерге ауыстырып, қайта орнатамыз, соған қатынас, – деді.

Мен салтанатқа қатыстым. Сол кезде Шымкент қалалық атқару комитетінің төрағасы болып жүрген Ибадулла Дәулетов (кезінде комсомолда қызмет істеген, Ғани ескерткішіне байланысты талай тартыстың куәсі болған жігіт) ескерткіш тұғырын аса биік етіп жасатып, ескерткіш алыстан қарағанда айбарлы көрінетіндей болып орнатылуына көп үлес қосқан екен. Бірақ, соңғы жылдары қаланың көшелері мен аудандарын қайта атау кезеңі басталғанда Ғани ескерткіші және бір рет орын ауыстырып, Оқушылар сарайының қасына апарып қойылыпты. Сондағы желеулері – бұл орынға қазақ халқының бір данышпанының ескерткіші қойылуы керек екен. Жақында мен Шымкентке және бір барғанда байқағаным – сол сквер «Балалар әлемі» дейтін баққа айналып, айнала қоршалып тасталыпты. Енді Ғанидың орнына қойылған ескерткіштің тұғыры өте төмен жасалып, өзі көзге қораш көрініп тұр. Мұның неге қажет болғанын біле алмадым. Өзекең осыны көре алмай кетті. Көрсешінен болса да осы идеялардың авторларын бір сыбайтынына ешбір күмәнім жоқ.

Міне, өмірден бар жоғы жиырма үш жасын да өтіп кеткен Ғанидың ескерткішінің қалай жасалып, қалай қойылғаны туралы қазіргі көз қараспен қарасаң адам сенбес сергелдеңі осылай болып еді. Мен ұзақ уақыт комсомол қызыметінде болғандықтан бұл сырдың бәріне қанықпын. Оның үстіне жастардың осы бір ізгілікті ісінің Өзбекәлінің қажырлығы мен салауаттығы болмаса аяқсыз қалатынына да куәлік ете аламын. Өзекең он жыл бойы осы бір әрекетін ұмыт қалдырмай, ақыры аяқтап шығып еді. Ал Ғаниды «қызыл коммунистер» деген тізімге қосып, күстаналаудың мүлдем қажеті жоқ. Ол кісі қазақ жастарының білім мен өнерге деген ынтасын арттырудан басқа ешқандай күнә жасаған жоқ. Дәл осындай қызметті өз тұсында Өзекеңде атқарып кетті.

Екеуінің де топырағы торқа болсын!

Ақыл қайда, ар қайда, Голованов мырза!

«Что с вашей головой, господин Голованов!»

Төменде айтылатын әңгіме – жауаптың тақырыбын осылай қойып, дәл сол орыс тілінің өзінде – ақ жазуға болатын еді. Тек біз қанша «наравне официально» деп Конституцияға зорлап енгізгенімізбен, орыс тілінде жазылған мақалалардың баспасөзде сол тілде жариялануы екіталайға айналып барады. Ал, керсінше, кеше «орталық баспасөз» деп бәріміз бас иетін Москвада шығатын газет-журналдарда, радио мен теледидарда Қазақстан жөнінде ойына келгенін айту жиілей түсуде тіптен салтқа айналып бара жатқан сияқты. Бас жоқ, көз жоқ ойына не келсе, соны жаза салу, жазғанда да сонау бала күннен-ақ біздің кешегіміз бен ертеңіміздің бәрін білетін болып шыға келіп, ал бүгін өздерін аспандағы періштенің қатарына қойып, жердегі біз сияқты сорлы күнаһарларды кемсіте сөйлеу етек алып барады. Соның бірі «Комсомольская правда» газетінде жарияланған Ярослав Головановтың «Летая в космосе, балканский узел не развяжешь» (26.VII.1995) деп аталатын мақаласы.

Автор өз әңгімесінде «жүк кемесінің» аспанда ұшып жүрген «мир» станциясына екі икон ала барғанын тілге тиек етіп, космосты фетишизациялаудың қажеті жоқ екенін дәлелдемек болған. Голованов мырза айтқандай-ақ, бұл екі иконның Балкан шатағын шешуге қаншалықты әсерлі болатынын бізге де күмән. Космос түгілі күнде жарылатын снаряд пен бомбадан көбісіп жатқан жер бетінің өзінде аяқ басып жүрген Ресей саясатшыларының ұстаған бағыты да Балкан шатағын шешуге ұмтылған шын төрелік деп айтуға келмейді. Олар бәрін көріп-біліп отырған көпшіліктің көзіне топырақ шашып, тек қана сербтерді қолдайтын бір беткей бағытынан қайтар емес. Мейлі, бұл халықаралық мәселені білікті адамдарға қалдырып біз өзіміздің Қазақстанға, Головановтың келесі әңгімесіне оралайық.

Сөз дәлелді болу үшін автордың мақаласынан үзінділер келтіруге, оны және орыс тілінде келтіруге мәжбүрміз. Бірінші цитата: «В ЦК ЛКСМ Казакстана решено было послать в корабле «Союз-8» Шаталова и Елисеева мешочки с рисом и еще какой-то крупой, урожай которых в те годы был особенно щедр. Елисеев наотрез от мешочков отказался.» осы жерде оқиғаның қалай болғанын айтудан бұрын, Голованов айтқан «какой-то крупой» деген сөзге тоқтала кетейік. Бұл «какой-то крупа» емес, кәдімгі бидай болатын. Ал ол жылдары (соңынан да, тіптен, қазірде!) Қазақстан астығын қалай бағалап, содан дайындалған тағамдарға халықтың қалай тәу ететінін Голованов түгілі Головановтің көкелері де жақсы білетін. Астық десе апшылар қуырылып жүретін. Ал осыны біле отырып, «бидай» деген сөзден ат тонын ала қашып, оны әлде қандай жармаға (крупа) апарып жармастырғаны қалай деген сұраққа жартымды жауап табу қиын. Әрине, осы жерде мақала орысша жазылса «на его совести» дей салуға болар еді, тек өз тілімізде жазылғандықтан қазақ тілінде де «нанды сыйламағанды нан ұрсын» деген ұғым бар екенін айта кеткіміз келеді.

Мәселе былай болып еді. 1969 жылдың жазы. Ол кезден үздік ұжымдарға ерен еңбектерінің еленгенінің белгісі ретінде Қызыл тулар тапсырылатын. Бұл туларды дайындап, кімге беру жөнінде шешім шығаратындар партия мен комсомолдың орталық комитеттері. Осындай тудың біріне космодромға қызмет жасайтын әскери бөлімшелердің бірінің комсомол ұйымы ие болды. Ол кезде мен Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің хатшысы қызметін атқаратынмын. Тапсырманы орындау үшін Қызылордаға келіп, космодроммен байланыстық (ол кезде космодром деген сөзді тек Байқоңырмен байланыстырып, космосқа ұшатын космонавтарды автобусқа отырғызғанда Арал теңізінің жағасында отырды деп көрсетіп, жер бетінде Ленинск

атты қаланың бар екенін жұрттан жасырып әлек болып жүретін заман) Келесі күні Қызылорда облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Абылай Айдосов екеумізді Төретам станциясынан күтіп алған космодром комсомол қызметкерлері Ленинскіге алып келді. Сол күні түстен кейін қаладан он бес-жиырма шақырым жерде орналасқан әскери бөлімшеге барып, ту тапсырған соң Қызылордаға қайтып кетуді жоспарлағанбыз. Тек Ленинскіге қайтып келген соң бұл жоспар өзгерді. Бізге қаланы таныстырып жүрген жігіттер өздері «нулевой цикл» деп атайтын алғашқы үйді, космонавтардың қонақ үйін, мәдени орталықтары мен спорт комплекстерін көрсетті. Бір кезде қонақ үйдің, маңындағы спорт алаңында жүрген бір топ жігітті нұсқап: «Аз күннен кейін осылар космосқа ұшады. Сіздер кетпеңіздер, ертең сынақ ракетасы ұшырылады. Соны көріп кетіңіздер» деп ұсыныс жасады. Әлгі жүрген жігіттердің саны сегіз. Бәрінің киген киімдері сол кездегі мода-түбіттен тоқылған көкшіл спорт костюмдер (ол кезде «адидас», «монтана» дейтін модалар жоқ қой). Бұрын космосқа жеке-дара ұшатын әдеттеріне бейімделіп қалған біздің күдігімізге «бәрі де ұшады, топ ұшады» деп жауап берді.

Біз бұл ұсынысты қабыл алуды мақұл көрдік. Кешкілікте әңгіме үстінде космонавтардың аспанға шыққанда түрлі-түрлі сувинирлер алып ұшып жүргені сөз болғанда:

— Қазірше ғарышқа ұшқан кеменің бәрі Қазақстаннан ұшып, Қазақстанға қайта қонып жүр. Неге космосқа бізден де белгі алып ұшпайды? – деген тілегімізді айтқанбыз.

— Мәселен, не зат?

— Біздің республика үшін ең қасиетті зат – астық. Ең болмаса бір-бір уыс бидай мен күріш алып ұшып, соны көпшілікке жария етсе, – деп Абылайға қарадым. Ол күлімсіреп басын шайқады. Түсініп отырмын: Қазақстанда күріш өсіретін жалғыз облыс – Қызылорда. Космодромның қайда екенін бүкіл әлемнен жасырып жүргенде космосқа күріш ілестіріп жібергеніміз құпияны жария ету болып шықпай ма? Бұған көне қоймас дегені.

Не керек, келесі күні таңертең бізге келгенде саяси бөлім бастығының комсомол жөніндегі көмекшісі Габуня Александр:

— Космонавтар өтініштеріңізді ықыласпен қабылдады. Тек рұқсат керек. Ол үшін басшыларға және кіріп шығасыздар, – деді жүзі жайраңдап.

Мен басшыларға барудың алдында өз ниетімнің дұрыс-бұрыс екенін анықтап алу үшін Алматыға телефон соқтым. Ол кезде Орталық комитеттің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков. Мәселенің мән-жайын айтқан соң ол кісі:

— Ниеттеріңді іске асыра алсаңдар әрекет жасап көріндер. Бұл мәселені мен Мәскеуде де айтып едім, бірақ Орталық комитет хатшысы келіспеген. Оны өзің білесің ғой. Тек дабыра жасап жүрмеңдер, – деді әдеттегі салмақтылығына басып. Тіптен, бірде «пионер галстугі мен комсомол значогінің Қазақстанға қатысы жоқ па, сонда» деп тастағанына куә болғанмын. Өзекең ызаланып, қолын бір-ақ сілтеп, мені ертіп шығып кеткен.

Біз кеше кездескен генералға және келіп өтінішімізді айттық. Әрине, ол кісіге космонавтардың алып ұшуға ықыласты екенін айтқанмыз жоқ.

— Саша, сен бұл жолдастарға біздің музей-бөлмелерімізді көрсет. Сонан соң қайта соғыңдар, – деді генерал. Біз «Жолдас генерал» деп бастай берген Сашаның сөзін аяқтатпай сыртқа сүйрей жөнелдік. Сашаның айтайын дегені дұрыс – біз

музейді көріп қойғанбыз. Тек генералға уақыт керек болып тұрғанын да сезе қойдық. Ол мәселені өзі шешпейді. Мәскеумен сөйлесуі қажет. Әңгіме тез біткен болу керек, жарым сағат өтпей-ақ бізді қайта шақырып:

– Әкеліңіздер әлгі заттарыңызды. Тек қалтаға салғанда мықтап байлаңыздар, – деді генерал.

Мен күріш жөніндегі күдігімізді айтып едім: «Ештеме етпейді. Одан қам жемеңіздер, тек ертеңнен қалмасын», – деді. Осы жерде ескерте кетейін: Головановтың жазуы бойынша космонавтар ат-тонын ала қашқан. Сондықтан саяси басшылар зорлап мәжбүр етіпті-міс. Ал, шындығында, космонавтардың өзі ұсыныс жасап, сол саяси басшылардан рұқсат алу үшін бізді жұмсаған болатын.

Мен енді Қызылордаға телефон соғып, обкомолдың екінші хатшысы Борзовқа тапсырма бердім. Ол: «Оны қайтесіңдер?. Мен бидайды қайдан табамын? Кімнен беріп жіберемін?» – деп қара аспанды төндіре бастаған соң:

– Ей, барып базардан сатып алсаң да тап. Бір-бір килодан табылар бүкіл Қызылордадан. Неге қажет екенін де жұмысың болмасын, – деп жекіруге тура келді. Тек соңынан оған қала іргесінде тәжірибе станциясы бар екенін, сол іргедегі шаруашылықтар бидайды егетінін ескертіп, келесі күні Тәшкент – Мәскеу пойызының жолсерігінен алатын болайық деп тапсырдық.

Келесі күні біз бұйымтайымызды алып, Сашаға тапсырдық. Ол космонавтармен келісіп, қалай буып-түюдің мәселесін өзі шешетінін мойнына алды. Кешкілік қаладағы ең биік үйдің төбесіне шығып, әлгі ұшырылған ракетаны көрдік. Қанша қашықтықта екенін қайдам, тек жерден аспанға от боп шапшыған ракета, биікке көтерілгенде көлбеп барып көзден ғайып болды. Әлде бір бөлшектері жерге қайтып түскендей сезілді. Соңынан білсек, ракеталардың бір ақауы бар болып шығыпты. Сондықтан ұшу мезгілі біраз кешеуілдеген екен.

Міне, бидай мен күріштің аспанға көтеріліп, космоста серуендеп, қайта келуінің сыры осылай басталған. Бұл жөнінде біз Орталық комитетте арнайы әңгіме жасаған емеспіз. Керек десеңіз, сол бидай мен күріш жерге қайтып түскенше ешкімге айтқанымыз да жоқ. Тіптен орталық комитеттің бюро мүшелері мен хатшылары түгел құлақтанған жоқ. Өйткені, біздің өтінішіміздің орындалатынына, бидай мен күріштің космосқа барып қайтатынына кәміл сену қиын еді. Оның үстіне Қазақстанның бір белгісі космосқа барып қайтуына бар жігерін жұмсап жүрген Өзекең мәселенің бұлай күтпеген жерден оңай шешілуіне қуанып, бізге тіс жарып, сөз шығармауды тапсырды. Өйткені бұл мәселеден Орталық партия комитеті де бейхабар болатын. Кезінде осындай бір ойды айтса, онда ақылгөй ағаларымыз Өзекеңнің бетінен алып, тыйым салып тастаса керек. Сол күні осы мәселені ЦК-нің екінші хатшысы Иван Зарубин екеуімізге айтып келіп, өзі қатты ашуланып еді.

Әрине, біз бұдан бұрын да космонавтармен кездескенбіз. Оның көпшілігі үлкен-үлкен жиындар кезі болатын. Валерий Быковский мен Валентина Терешкова космоста қайтып келген тұста ВЖСМ Орталық комитетінің пленумы өтті. Ол кезде мен Оңтүстік Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің хатшысы болатынмын. Осы пленум кезінде Өзекең маған үзіліс мезгілінде бір бөлмеге баруым керек екенін ескертті. «Жауапты кездесу болады. Өзіңді абайлап ұста», – деп ескертті. «Жауапты» деген сөзді есіткен соң мен барудан бас тартып едім:

– Не жау жер деймісің? Қашанғы сүмірейіп жүре бересіңдер. Жетер ынжықтық пен самарқаулық. Еңсеңді көтеріп жүр. Батылдау бол. Қазақстанның атынан барасың. Еліңнің абыройын ойла, – деп жекіп тастады.

Келсем бөлмеде алғашқы төрт космонавтың төртеуі де отыр. Гагарин, Титов, Быковский, Терешкова. Мен сияқты жиналғандар Өзбекстан, Түрікменстан, Якутия комсомолының бір-бір өкілі, Ярославль және Чита облысының өкілдері. Мақсат – үзіліс кезінде космонавтармен әңгімелесу екен. Әркім әр түрлі әңгіме айтып жатты. Сөз арасында маған кезек келгенде мен де басқалар сияқты өз еліме шақырып: «Біздің Қазақстанға келіңіздер», –депін. Сонда Герман Титов күліп:

— Қазақстанды біз сізден кем білмейміз. Өз ауылымыз сияқты болып кеткен, – деген.

Біреді жыл өткен соң Титовпен Қызылордада және кездескенімізде: «Бұл қалада бұрын да болғанмын ғой, тек онда менің космонавтар тобында екенімді кім білсін. Қазақстан біздің жер бетінен біржола қол үзіп кеттік деп қолбалжып аттанып, космостан қайта оралғанда әлтек-тәлтек басқан сәбиіндей маңдайымыздан сипап, мәпелеп қарсы алатын өз еліміз ғой», –деген.

Пленумның сол күнгі жұмысы аяқталған соң болған жағдайды Өзекеңе айтайын деп едім ол кісі: «Бәрі дұрыс болды ма?» – деп сұрады. Мен «Иә» деп жауап бердім. Басқа баяндауымды қажет етпейтінін сездіріп, ілгері жүре берді. Келесі күні «Комсомольская правда» газетінде біздің космонавтармен бірге түскен суретіміз жарияланды. Біздің жігіттеріміздің маған айтқан кейбір сөздері әсер етті-ау деймін:

— Өзеке, кеше неге өзіңіз бармадыңыз, – деп едім: «Оның себебін кеше сені жұмсағанда айтқаным жоқ па?» дегеннен басқа сөз айтпады.

Қазақстан комсомолының космонавтар мекенімен тығыз байланысты болғанының және бір айғағын айта кетейін. Қазіргі Қазақстан Жастар одағы орналасқан ғимарат (қазір Сыртқы істер министрлігі) комсомолдың өз қаржысына салынған. Сол құрылысты тез бітіру үшін жұмысшы күші қажет болды. Тіптен, сол құрылысты соғуға республика мен қала басшылықтарының ықыласы да болмады. Осы мәселені шешу үшін Өзбекәлі Жәнібеков космодромға барып, жұмысшы күшімен қолқабыс жасауын өтінді. Артынша Алматыға әскери құрылысшылар бөлімінен бір взводқа жуық солдат келіп, біраз уақыт жұмыс істеді. Ғимараттың құрылысы осылай бітті. Осы құрылысты бітіру төңірегіндегі ниетті Москвамен де, Алматымен де айтысып жүріп іске асырған Өзекең еді.

Голованов мырза өзінің мысқылын қоюлата түсу үшін әлгі жоғарыда айтылған космосқа барып қайтқан қалталардың Қазақстан комсомолының игілігіне қалай оралғаны жөніндегі ойын космосқа қарап тұрып «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп соғып жіберсе керек. Ол космостан оралғандарды қарсы алғанда мамандар мен фото, кино, тележурналистерден басқа ешкімнің жақын баруға құқы жоқ екенін дұрыс түсіндіре келіп: «На этот раз первый секретарь ЦК ЛКСМ Казахстана нарушил все наши правила. Прорвавшись через заслон журналистов, он бросился к Елисееву с воплем: «Где мои мешочки?!» деп жазады. Бұл аз десеңіз, Қазақстан комсомолы Елисеевтің өміріне қауіп төндірген көрінеді. Аяғын әлтек-тәлтек әрең басып тұрған Елисеев әлгі сөздерден кейін кері бұрылып, екі қолын төбесіне қойып кемеге қайта сүңгіп кетеді (тексте: «нырнул»). Осы кезде тақыр-тұқыр еткен дыбыс шығып, жұрттың зәресін алыпты: «Потом из люка вылетели мешочки и раздалось несколько фраз на чистом русском языке. По счастью, все окончилось благополучно: Алеша не побился», – деп аман алып қалыпты әйтеуір, Елисеев байғұсты Голованов мырза.

Елисеев нақ осы жолы Голованов аңсап отырған «таза орыс тілінде» бірнеше сөз айтса айтқан болар. Тек ол сөздердің Қазақстан комсомолына да, оның бірінші

хатшысына да ешқандай қатысы жоқ. Мүмкін, сол заманда космос мәселесін космонавтардың өзінен де жақсы білемін деп көкірек қағып жүретін Головановтың өзіне арнап айтылған болар. Онда жұмысымыз жоқ, айта берсін. Тек талай жыл Қазақстанның нанын жеген жігіттің «асыңды ішейін, табағыңа...» деген ниеті ұят-ақ.

Ал дәл сол жерде Жәнібеков мүлдем болған жоқ еді. Оның үстіне ол кісі «шыңғырып» жіберетіндей ұстамсыз адам емес. Болғанның өзінде әуелі космонавтардың хал-ахуалын сұрар еді, сабыр сақтар еді. Екіншіден, осы топтанып ұшқан (сол кезде газеттерде – «групповой полет» деп жазып жатты) космонавтардың жетекшісі Шаталов болатын. Әлгінде Голованов өз рақымы түсіп, алдымен баратындар теледидар еді деген сөзіне сенетін болсақ, сол жолы түсірілген бейнефильм бар (ұмытпасам Қарағанды теледидары жасаған фильм). Сол таспаға жазылып, көрсетілген фильмде ешкімнің «шыңғыруынсыз-ақ» аяғы жерген тиген кезде Шаталовтың бидай мен күріш салынған қалтаны төбесінен жоғары көтеріп: «Біз Қазақстан комсомолының тапсырмасын орындадық», – деп жүзі күлімсіреп, қуана хабарлаған сәті түсірілген. Шаталовтың топ басшысы болуы бір жағдай болса, екінші жағдай – оның біздің қазақстандық екені. Сондықтан да болар – оның өз қолымен көтеріп көрсетіп, қуана хабарлағаны. Бұл фильмде қалта көтеріп жүрген Елисеев те, сәуегейлік жасап жүрген Голованов та жоқ.

Және бір жағдай – сол қалталар Қазақстан комсомолына ұшу аяқталған күні емес, керісінше, кезекті пленум кезінде тапсырылуы. Пленумға космонавтардан ешкім келе алмады. Қалталарды жоғарыда есімі аталған Габуния алып келді. Тіптен, космонавтардың атынан тапсыруға құқығы барына күмән келтірген Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің хатшысы В.К.Севрюков пленум үстінде маған Габунияны алып кабинетіне келуді міндеттеді. Біз келгенде ол кісі Сашаға «кремлевка» (ВЧ) телефонын нұсқап, космодром басшыларымен сөйлесіп және бір рет рұқсат сұрауын ескертті. Габуния космодроммен сөйлесіп, құқығы барлығына Севрюковтың көзін жеткізді. Осыдан кейін барып «космостық» қалталар Қазақстан комсомолының Орталық комитетінің иелігіне көшкен болатын.

Ол кезде біз өз әрекетімізге ешқандай ғылыми негіз іздемеген болатынбыз. Дегенмен, космосқа барып қайтқан дәнді сеуіп көру үшін жастардан құрылған озат бригадаға тапсыруға келіскенбіз. Сол тұста мен басқа қызметке ауысып кеттім. Әлгі қалталардың кімге берілгенін, одан не қорытынды шыққанынан бейхабармын. Естуім бойынша, күріш Шиелідегі күріш өсіру тәжірибе станциясына, бидай Солтүстік Қазақстан облысының озат бригадирі Есілбай Қантаевқа тапсырылса керек. Аныққанығына кепілдік бере алмаймын. Олардың өніп шыққан-шықпағанын да білмеймін.

Міне, космосқа барып қайтқан бидай мен күріштің тарихы осылай болатын. Бұрынғысының бәрін ұмытып, енді бүгінгі күннің деңгейінен қарап көсемси қалған Голованов мырзаға айтарымыз: Әлгі өзі аңсаған «таза орыс сөздері» өзіңе бұйырсын, ақыр бидайдан қашқан соң қақалып қалмаса, сол сөздер өзіне ас болсын.

* * *

Кезінде осы мақаланы мен ешбір газетке жариялата алмадым. Жігіттердің неге жалтақтағанын осы кезге дейін түсінбеймін. Өзекеңнің өзіне де көрсеткенім жоқ. Тек бір кездескенімде Головановтың осы мақаласы жөнінде әңгімелеп келе жатыр едім:

— Ия, ұнады ма? – деді.

— Ұнағаныңыз не?! Жәбірлеу ғой бұл. Мен шындық айтып, мақала жазып едім, газеттер жарияламады.

— Былжырай берсін. Ол үшін жәбірленбе. Головановтың кім екенін бұрыннан білуші едің ғой, несіне өкпелеп жүрсің. Ал мақалаң әйтеуір бір жарық көрер, жазып қойғаның дұрыс болыпты, – деп өзіме жұбату айғты.

Сол жылы осы мақаланы қағаз бетінен оқимыз деп екеуміз де сенімді едік. Тек өмір шіркін өз өктемдігін жүргізіп кетті. Өзекеңе көзі тірісінде көрсетпегеніме өкінемін. Мүмкін, осы мақалаға байланысты ол кісі маған және біраз бағыт айтар ма еді деп ойлаймын. Амал нешік, енді өзі туралы өзі көрмейтін естелік кітабына енді.

Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ

ҰЛТЫ ҮШІН ЖАНЫ КҮЙГЕН ӨЗЕКЕҢ

Кеше ғана ортамызды ой мен идеяға толтырып отыратын, мінезі де өзгеше, ісі-тірлігі де өзгеше ғажап адам, ерен ТҰЛҒА – Өзекеңді өткен шақтың өкілі ретінде сөз ету қандай ауыр. Тағдыр ісіне дауа жоқ. Бұл пәниден кімдер өтпеген. Ажалдылар мекені – бауыры суық қара жер ешуақытта да болдым, тойдым деген емес, демейді де. Бұл жолы да солай. Қазақтың бұл азаматы да тынымсыз тіршілік жалынан ұстап. туған елі мен жері үшін, ана тілі мен өнері үшін, тарихы мен мәдениеті үшін бүкіл өмірін сарп етіп, жанталаса еңбек етті де, ақыры сол жолда мерт болды.

Дүниеден өтпейтін адам жоқ. Кеудесінде жаны бардың бәрі түбінде бір бұйрықтың боларын сезеді, біледі. Бірақ бес қонып өтердей қысқа өмірдің алдаусыратқан алаңы көбінесе мұны ұмыттырып, адамды әуре-сарсаңға салып жатады. Бұл өмірден кетпейтіндей боп әр қилы дүнияуи мәселелермен алаң болып жүргенінде, толысып жүрген төңірегің сетінеп, сұм ажал қимасыңа қол бастағанда өзегің өртенеді екен, қапалы ойлар қамалап, зіл қара батпан салмағымен сені езгілейді екен.

Жалпы жарық дүниеге іңгәләп келген жанның бәрінің тұз-дәмі таусылған күні дүниеден өтерін білсең де, кімді де болса өлімге қалай қиясың? Кісі өлімінен асқан қайғы бола ма, тәйірі! Алайда қайғының да қайғысы бар. Отбасының да қайғысы бар, бүкіл Отан, бүкіл елді есеңгіретер қайғы бар. Отбасының да қайғысы ауыр. Ал отбасынан асып, атағы Алашқа жайылған азаматтың қазасы тіпті ауыр. Өзбекәлінің қазасы дәл осылай бүкіл қазақты мұңайтқан, қазақстандықтар қабырғасын қайыстырып, түркі әлемін мұңға батырып елең еткізген, тіпті кешегі Кеңес Одақ азаматтарын азаландырды десек болар.

Бұлай болуының табиғи заңдылығы бар. Оның басып өткен өмір жолы кез келген пенденің өлшеміне сия бермейтін тартысы мен тауқыметі, күнгейі мен көлеңкесі, қасіреті мен қасиеті, табысы мен тоқырауы, қат-қабат қиыншылықтардан тұратын. Өмірдің еншісіне тиген соқпақтарын ол әу бастан-ақ күреспен өзіндік, Өзбекәлілік іс-әрекетпен өткізуге тырысты. Сондағы оның ұстанған темірқазығы, мұраты қазақ халқына, Қазақстанға барынша адал қызмет ету болатын. Ол комсомол болды, жастардың көсеміне айналды. Ол коммунист болды, адал коммунист болудың классикалық үлгісін танытты. Ол совет қызметінде болды. Ол қайда барса да, қандай лауазымды қызметте болса да осы өзі ұстанған өмірлік принципінен тайған емес. Ол шыққан тағын жеке бастың мүддесі үшін, құлқын үшін, бас пайдасы үшін пайдаланып көрмеген жан. Өзінің тура мінезін, бетің бар, жүзің бар демей айтып

салатын тіке ащы сөзінен (ешкімнің қызмет дәрежесін қарамай) талай опық та жеді. Өзінің табиғатына, білік-біліміне, қабілет-қарымына сай емес қызметтерге итеріліп, ығыстырылып жатқанда да күйінгенмен, күйзелгенмен ешкімге жалынып, жалбақтап, әйтпесе біреуге жамандық ойлап күн кешкен емес. Екі білекті сыбанып, қай жұмыста да халық мүддесін жоғары қойып, соған ғана қызмет етумен болды.

Тіпті баз біреулер сияқты өз мүмкіндігін пайдаланып, балаларын да қызметке тықпалаған емес. «Қабілеті болса, білім алса өмірден өз орнын өзі табу керек» деген пиғылдан өле өлгенше тайған жоқ. Сондай-ақ ауыл-аймақ, туған-туыс іздеп, русырап әрекет етіп тобын көбейтіп, төңірегін түгендеп жатқан мына заманның көргенсіз, өріссіз басшылары сияқты сұрқиялықтан, зымияндықтан аулақ болатын, ондай әрекетке жол бермейтін. Оған жанасқан жандардың көбі осы принципті қатты сезінетін. Солайша әрекет етуге тырысатын. Заманның ағымына қарай ауытқып, құбылып, саясатын өзгертіп, түлкі бұлаңға салуды ол білмейтін. Қандай жағдай да ол әділет жолынан таймай өтті. Өмірдің тірегі – адалдық пен әділдікте деп түсінетін Өзекең өле өлгенше осы өзіндік түсіністіктен тайқымай кетті.

Мен бұл кісімен туыс адаммын. Бірақ біздің екі арамызға дәнекер болған осы бір қан туыстығы ғана емес, жан туыстығы, түсінік-пайым туыстығы басым болды деп шамалаймын. Туыстық, рулық, жақындық арқылы жылғаласып, тіл табысып жатуды ол кісі мүлде қаламайтын. Өзіне де, өзгеге де қатаң талаппен қарайтын қатал адам болатын. Бірақ сол қаталдықтың аржағы мейлінше жұмсақ мейірімге толы бір сыр жататын.

Түбі туыс болғанмен екеуіміздің орайласуымыз қызық еді. Екеуімізді де қызықтыратын ең негізгі екі нәрсе болды деп ойлаймын қазір. Ол – тіл мен өнер. Өзекең өнер атаулыны құдірет санайтын. Әсіресе, қазақтың халық әндері мен күйлерін, халқымыздың көне музыкалық аспаптарын мейлінше қадір тұтатын. Оның әрқайсысының бойынан, үнінен, атынан өзгелер көре, естіп, ұға білмейтін бір өрнек, белгі тауып солар жайында егіліп, төгіліп әңгіме айтып кететін. Ал сол көне аспаптарды қалай жинағаны менің әлі есімде. Әйтеуір жүрген жерінде ол саясаттың құлы болып қалмай, туған халқының қасиетін танытатын, оның мәдениеті мен рухын әйгілейтін нәрсенің бәріне зергерлерше назар аударып, тірнектеп жинап жүретін.

Көп әнші айта бермейтін, біле бермейтін халық әндерін білетін. Соларды өзінің құдай сыйлаған әдемі қоңыр дауысымен айтып, жұртты сүйсіндірмей қоймаушы еді. Қазіргі танымал әншілердің біразына халықтық, ұлттық үлгіге ойысуына оның септігі болды.

Өзекеңнің би мен сахна өнеріне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Бұл қайсібір жандарды елең еткізе қоймағанмен, қазақ халқының рухын, өнер өресін танытатын асқан үлгілер екен. Бұл жөнінде Өзекеңнің өзі тәрбиелеген өнер өкілдері әлі талай жазар деген үміттеміз. Қазақтың домбырасы мен қобызы Өзекең үшін киелі аспап еді. Менің аздап ән айтып, күй шертетін жайым бар. Бізді жақындастыра түскен әуелгі нәрсе осы болды. Ол күй тыңдаудан жалықпайтын. Ананы тартшы, мына күйді шертші деп, мүмкіндігі болған сәттерді құр жібермейтін. Зауқы түскен сәттерде өзі ыңылдап ән бастап, ауылда, елде бала күнде жадында қалып қойған халық әуендерін бірінен соң бірін айтып елжірей төгілетін. «Шертер», «Сазген», «Адырна» фольклорлық ансамбльдердің құрылуы, Торғайдың мюздрам театрының ашылуы Өзекеңнің осындай табиғи танымы мен талантынан туындаған дүниелер болатын.

Қазақтың өнер тарихы, этнографиясы жайындағы мақалалары мен кітаптары шежіре кеуденің кейбір сыры ғана. Өкініштісі, көкейіндегі көп дүние хатқа түсіп үлгермей, өзімен бірге кетті. Әр пенденің бір үлкен кемшілігі қасында жүрген адамның да, өзіңнің де бір күні жарық дүниемен қоштасар сәтті келерін сезе бермейтіні ғой.

Соңғы жылдары ауру айналдырған Азаматтың қалжырай бастағанын білсек те, өлімге қия алмай жүрдік. Қаншама әңгіме, сұхбат, ойлар, пікірлер, әсерлер болды. Соны жазып жүрсекші. Опасыз жалған омындырып отыр бүгін, біздің пайымсыздығымызды бетке басып.

Өзекеңнің екінші бір үлкен қыры тілге деген өзгеше құштарлығына байланысты көрінетін. Ол қазақ өнері, оның ішінде музыка аспаптары, этнографиялық атаулар, би өнерінің терминдері, жалпы қазіргі қазақ сөзінің көпке беймәлім түрлері жөнінде ізденістерін нағыз тіл маманынша жасайтын. Үнемі телефон соғып, әрбір сөздің маңынасын, түп-төркінін іздеп шарқ ұрып жататын. Мені де әуре-сарсаңға салып, әрбір сөздікке үңілдіріп, ойға шомдыратын. Бір таңқалатыным: ол жеке сөздердің мағыналық өрісін терең түсініп, атаулық сипат беруге шебер еді. Оның кітаптарын қолына алған адам мұны аңғармай тұрмайды. Қысқасы, Өзекеңнің тілдік ізденістері – бір сала әңгіме.

Оның өткен дәуір, кешегі тарих өкілдеріне көзқарасы тіпті алабөтен болатын. Әсіресе, сонау сұрапыл жылдары нақақ кеткен арыстарымызды тарих әділетсіздігінен арашалап алу үлкен арманының бірі еді. Бұл іспен айналысар қолында билігі жоқ өрен кезінде іштен тынып, бармақ тістеумен жүретін. Сөйтіп жүргенде, шамасы сол әруақтар тілегі ме кім білсін, ол Колбин заманында Қазақстан компартиясының секретары болып тағайындалды. Бұл кез бүкіл қазақтың ұлтшыл аталып, қара күйе жағылып тұрған шағы еді. Ұлттық мүдде, ұлттық мәдениет, ұлттық тіл дегендеріңізге абайлап баратын Горбачевтың қазақтарға қырын қарап тұрған тұрған. Міне, осындай қиын кезеңде Ө. Жәнібековке жендет атанған Г. Колбинмен қызметтес болып, оның қырысқан мойнын Ұлт мәдениетіне қарай бұру тіпті де оңай болған жоқ.

Әсіресе, бір кезде жалтақ боп, аяқкестеніп алған қазақ зиялыларының өзінің батылы бара бермейтін, барғысы келмейтін тарихтың ақтаңдақ беттеріне айналған арыстарымызды ақтап алудың ұлт мәдениеті үшін қаншалықты зор маңызы бар екенін түсіндіру аса қиын болғаны мәлім. Соған қарамастан ол алған бетінен қайтпады. Халқымыздың тендесі жоқ тұлғаларының алдындағы перзенттік парызын өтеудің алуан түрлі жолдарын қарастырумен болды. Мамандарды жинап комиссия құрып, мәселенің анық қанығын айқындауға тапсырды.

Бір әңгіме естен кетпейді. Бір сенбінің кешінде Өзекеңнің таудағы коттеджіне сәлем бере барғанбыз. Қашанғы әдетінше шаршаңқы, ой үстінде күйзеліп отыр екен. Хал сұрасып, жағдай білісіп алған соң:

— Шаршаулысыз ғой, Өзеке, тыныштық па? – дедім.

— Қайдағы тыныштық. Тарих алдында жіберіп алған кешірілмес кінәмізді кім түзейді? Жаны күйзелер жандарың шамалы, – деп түйіліп тоқтап қалды.

Мұндайда килігіп сұрақ берсең бәлеге қаласың. Ойын бұзбай сабыр сақтап, әңгіменің артын күту керек. Үндемедім.

— Өткен аптада қазақтың қазіргі белгілі-белгілі деген зиялыларын, жазушысы, ғалымы, қоғам қайраткерлері бар-бәрін жинап алып, ақыл салдық. Осы А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев туралы алып қашты әңгіме көп. Кім бұлар, шынымен халық жауы боларлық қылмысты әрекеттері болған ба, жоқ әлде жаламен кеткен бе? Осының анық-қанығын Сіздер

айтпағанда кім айтады? Не дейсіздер? – деп едім, көбі үнсіз қалды. Мен осыған қайранмын. Ол кісілерден ештеңе шықпайтын болған соң арнайы комиссия құрып, тез арада ұсыныс беруін өтіндім, – деп тоқтады. Ия, қашан барсаң осындай бір күрдеіл мәселенің күрмеуін шешумен әлектеніп отырған оған таңданумен болатынмын.

Келесі бір кездесуде қазақ даласында иесіз, қараусыз қирап, құрып бара жатқан тарихи ескерткіштер мен жәдігерліктер жайын айтып (25 мың түрі бар) соның бәріне жалғыз өзі жауапты адамдай күйзеліп әңгімелейтін. Әсіресе Әзірет Сұлтан, Арыстанбаб, Айша бибі, Қарахан, Бекет ата, Алаша хан, Ұлытау, Абай, Жамбыл, Құрманғазы т.б. толып жатқан киелі орындардың бәрінде Өзбекәлінің қолтаңбасы, іс-әрекетінің ізі қалып жатты. Бұл да бір зерттеушілерге мол материал беретін үлкен сала.

Ал Тіл туралы Заң мен мемлекеттік Бағдарламаның түзілуіне Өзекең қосқан үлес ұшан-теңіз. Тіпті Конституция мен Тіл тұжырымдамасын жасауда тікелей атсалысты. Дәл осы тұста Өзекең (Ә. Қайдаров) екеуіміз «Қазақ тілі» қоғамын құру жөнінде Өзекеңе барғыштаңқырап жүргенбіз. Өйткені ол бұл идеяны да ә дегеннен қатты қолдады. Талай нақты мәселелер туралы кеңестік. Бұл тұста зиялы қауымның өз арасына қазақ тілін мемлекеттік тіл етеміз бе, жоқ па деген талас пікірлер жүріп жатқан. Жазушылар одағында, Ғылым академиясында алып-қашты әңгімелер өрбіп, газеттерде қилы-қилы мақалалар жарияланды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына зиялы қауымның көбі күдікпен қарады. Қаншама жылдар сананы билеген жалтақтық бұл жолы да көпті өз ұысында ұстаумен болды.

Қоғам құру, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы академик Ә.Қайдаровтың идеясына үрке, шошына қарағандар көп еді. Тіпті тіл қасіреті мен оның қазіргі даму ерекшеліктерін тереңірек зерттеп, көп ақиқатқа көзі жете бастаған тілшілердің (тіл мамандарының) арасында да бірауызды пікір болған жоқ. 1988 жылдың жартысына Тіл білімі институтындағы осы мәселеге арналған алғашқы жиындар әлі күнге есімде. Мемлекеттік тіл идеясына көбі қарсы болды. Ол жайында, амандық болса, алдағы сәттерде ой бөлісермін.

Ең бастысы Ө. Жәнібековтың идеология хатшысы болып келуі «Қазақ тілі» қоғамын құруға да тікелей септігі болды. Неге десеңіз, қазақ тілінің қазіргі күйінің қаншалықты екенін ол мейлінше терең сезінетін. Қазақ тілі туралы мәселенің бүкілхалықтық іске айналғаны соншама, ол жөнінде арнайы Заң түзілмесе болмайтыны жөнінде ұсыныстар көбейді. Нәтижеде Тіл туралы Заң да түзіле бастады. Тіл қоғамын құру туралы мәселе де өзінің шарықтау шегіне жетті.

Сөйтіп 1989 жылы қыркүйектің 21-і күні Тіл туралы Заң қабылданды да, онда қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып жарияланды. Іле-шала бір айдан соң, яғни 21-қазанда «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Мұның бәрінің басы-қасында Ө. Жәнібеков болды. Әсіресе Қоғамды құрар алдындағы, құрылғаннан кейінгі кездесулердің көбі әлі күнге көз алдымда.

Қоғамның үй-жайы жөнінде З. Нұрқаділов, Қ. Төлебеков, Б. Тұрсынбековтармен болған әңгімесі сол қалпында жадымда қалды. Сонда бір байқағаным: ол тіке айтатын, бірақ ешкімнің жеке басының намысына тиіспей, санасына салмақ тастап айтатын, ұятын қозғайтын және біз көрген көп бастықтың әншейін шығарып салды сөзі емес, бүгін айтқан әңгімесін ертеңіне қайталап сұрап, қадағалап отыратын. Мәселенің көп тетігі қолдарында тұрған әлгі бауырларымызбен көзбе-көз де, телефонмен де қайталап іздеу салып жатқанына талай күә болған едім.

Бір жолы ол Заманбекке былай деді:

– Әнеу күнгі Құрылтайда, басқармаға мені сайлмағанда кімді сайламақшысыздар? Сіздерге үй керек, жай керек, басқа да... дегенің қайда? Қоғам әлі үйсіз, көшеде жүр, не жәрдемің бар?

– Өзеке-ау, қазір ыңғайлы жай таба алмай отырмыз ғой. Мұны қалай да шешеміз. Дегенмен, анау Төлебековтың билігіндегі Саяси оқу үйі бар емес пе? Ол тарау алдында тұр ғой. Соны неге қозғамаймыз? – деп тосын ойды тастады Заманбек.

Өзекең онымен де сөйлескен болатын. Қасым Қажыбекұлы ол кезде Алматы облыстық партия комитетінің I хатшысы еді. Бірақ бұдан да ештеңе шықпаған соң Өзекең бір жолы «намысы бар іскер азамат еді» деп телефон көтерді де, әлде біреуге:

– Қал жақсы ма, жуырда «Қазақ тілі» құрылғанын білесіз ғой, Балташ.

Әрең дегенде құрған қоғам әлі күнге баспанасыз. Сендерде мүмкіндік бар ғой, көмектеспейсіңдер ме? – деді.

Балташтың іскер, жігерлі азамат екеніне сонда тәнті болғаным бар. Ол сөзге келмей:

– Қарастырайық, ондағы жігіттер халыққа керекті шаруамен айналысып жүр емес пе, Өзеке? Біз тым болмаса ана тілімізге осылай, қолқабыс жасайық. Ол жігіттер маған келсін, – деді.

Олуәдесіндетұрды. Қаланың ортасынан ойып тұрып (облыстық ауыл шаруашылық мекемесі үйінен, саяси оқу үйінің қасындағы) 5 қабатты үйден 11 бөлмені босатып, тіпті екі аптаның ішінде жөндетіп, тазартып берді. Мұнда «Ана тілі» газетімізбен Тұрсынбаев басқа қызметке ауысқанша тұрдық.

Егер халықтық мәселеге келгенде осындай саналылық пен сарамандықты танытып отыратын іскер азаматтарымыз мол болса еліміздің еңсесі бұдан да биіктей түсер еді-ау деп арман етесің. Өкінішке орай, кейінгі кезде халықтық мүддеден гөрі жеке бастың мүддесін көбірек күйттейтін күйкі жандар көбейіп кеткен сияқты...

Сонымен Өзекең мен ол кісінің төңірегіндегі (Мырзатай, Әбіш, Заманбек тәрізді) азаматтар қамқорлығының арқасында «Қазақ тілі» қоғамы өмір сүре бастады. Барлық аймақта біз өз ұйымдарымызды құра бастадық.

Күн тәртібінде ә дегеннен-ақ газет мәселесі тұрған. Біз осы мәселені көтерумен болдық. Өзекең бұл ұсынымызды құптап, қолдап шықты. Әлі есімде 1990 жылы ақпан айының іші болу керек. Өзекең шақырады деген соң Әбекең екеуміз дереу жеттік. Өзекеңнің өз кабинетінде өзінен басқа Мырзатай, Әбіш, Романов, Заманбек, т.б. отыр екен. Өзекең әдеттегі жұмысбастылығымен (телефонмен) біреулерге жауап беріп болды-дағы, орнынан тұрып, әйнек жақтағы мәжіліс столының басына келіп отырды да:

– Саламатсыздар ма? – деді шаршаңқы дауыспен. Сөйтіп Романовқа қарады. Ол Өзекең алдына қағаз әкеп қойды. Өзекең әлгі қағазға көз қиығын тастады да, Әбекеңе (Ә.Қайдар) қарап:

– Өтініштеріңізді қанағаттандырдық, Әбеке, кеше бюро Сіздерге «Қазақ тілі» журналын ашып беру жөнінде шешім қабылдады, – деді. Әбекең маған қарады, мен оған аң-таңмын. Төбе құйқам ду ете қалды. Біздің сұрап жүргеніміз бұл-еместін. Әбекең бірдеңе дей ме десем, ол кісі жөпелемде не дерін білмей қалды ғой деймін.

– Әрине, рахмет, бірақ... – деп кібіртеңкіреп қалғаны. Мен бұдан ары шыдай алмадым.

– Өзеке, біздің сұрағанымыз журнал емес, газет болатын. Екі айда бір рет шығатын салбөксе журналмен өртеніп тұрған тіл мәселесін қайтіп көтермекпіз? – деп қызына бастағанымда, ол жігіттеріне қарап:

— Қалай, мына кісілердің сұрағаны журнал ма, газет пе? – деді.

Анау міз бақтастан:

— Журнал болатын, – деді.

— Жоқ, Өзеке, мына жігітіңіз шатастырып тұр. (Әдейі шатастырған деген сөз көкейімде тұрса да, айта алмадым). Қағаздарын қайта қарасын. Бұл журналды Ғылым академиясы Тіл білімі институтының сұрап жүргеніне 3–4 жыл болды, ал бізге керегі газет. Егер газет болмайтын болса, онда Қоғамды жабу керек, – деп қызына килігіп кетіп ем, Өзекең «Жә» дегендей ишара жасады да Мырзатайға қарап еді, ол басын изеді, ал Әбіш:

— Өзеке, шынында Бұларға газет керек қой. Қозғайтын, көтеретін мәселесі көп, – деді.

Өзекең Романовқа:

— Ты иди разберись со своими бумагами. Найди их заявку. Выясни, что было там написано журнал или газет и неси сюда!

Ол «сейчас» деп жүгіріп ала жөнелді. Көп ұзамай қайта оралды да:

— Да, Узбекили Жанибекович, оказывается они просили газету. Мы сами перепутали заявку. Извините, пожалуйста, – деді.

Сонымен мәселенің анық-қанығына көзі жеткен соң Өзекең жедел тапсырма берді.

— На завтрашнее бюро подготовь материал, срочно! – деп бірақ кесті. Ертеңіне бюро Н. Назарбаев қол қойған шешім қабылдады.

«Ана тілі» газетінің тағдыры осылай шешілген еді. Егер Өзекеңнің іскерлігі мен оперативті қимылы болмаса бұл шаруа сол күйінде аяқсыз қалған болар еді.

Ө.Жәнібеков 1991 жылы тамыз айында 60-қа толды. Бұл кезде ол ауруханада емделіп жатқан болатын. Сол күні оны асығыс түрде еңбек демалысына шығарды. Туған-туыс, жора-жолдастары «Қаламгер» кафесінде дастарқан жайып, оны сол ауруханадан күтіп отырды. Неге екені белгісіз елге, халыққа, оның мәдениеті мен тарихына, өнері мен тіліне өз еңбегімен зор үлес қосып келген, өз мүддесінен гөрі, ел мүддесін жоғары қойып келген, үлкен азаматтың 60 жылдығы үкімет тарапынан ешқандай ілтифат, ескерусіз, елеусіз өтті. Оның сол кездегі ішкі жан-дүниесінде нендей сыр бұлқынып . не күй кешіп жатқанын кім білсін. Әйтеуір бір байқалатыны – адал еңбектің қайтарымы үнемі кермек дәмдене берді. Содан оның нерв жүйесіне нұқсан келді. Тез ашуланатын болды. Үсті қышынып, қызара бөртіп шыға келетін. Соның ақыры айықпас дертке жалғасты да, асыл азаматты алып түсті. Өмірге таза келді, былықпай таза жүрді, таза еңбектенді, ары мен жанына дақ түсірмей дүниеден таза өтті. Шамасы осындай адамдарды ғана айтатын шығар Әулие деп. Тірі кезінде әруақтарға тағзым етіп, әулиелерді тірілтететін көп күш-жігер жұмсаған еді. Сол киелі бабалар ақыры оған өздерінің қасынан жай беріп, қатарына алды. Өзекең өмірінің осылайша аяқталуының өзі калың жұртшылықты қатты ойға қалдырды.

Енді оның мәңгілік өмірі басталды. Келер ұрпақтың мұндай тұлғаға ризалықпен тағзым ете жүрері хақ!

*Нұрым САНСЫЗБАЙҰЛЫ,
Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген экономист,
Соғыс ардагері*

ЕҢКЕЙГЕНГЕ ЕҢКЕЙ, ШАЛҚАЙҒАНҒА ШАЛҚАЙ...

Өзбекәлі Жәнібековпен менің таныс болуым өткен ғасырдың алпысыншы жылдары басталды. Оған себеп болған сол кезде Қазақ КСР Қаржы министрлігінің Бақылау ревизия басқармасының (КРУ) Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша бас бақылаушы-ревизоры болып істейтін Халжігіт Бутеев деген азамат еді. Оның келіншегі Камал Өзбекәлі Жәнібеков пен Спақұл Малдыбековке немерелес апай болып келеді екен. Мен Қаржы министрлігінде алғаш кадр басқармасын, кейінірек бақылау-ревизия басқармасын басқарған едім. Халжігіт Камалмен біздің отбасымыз аралас-құралас достасып кеткен едік. Бұлардың сүйікті қызы Баян біздің балалармен бірге өсті (Олар Шымкентке көшіп кеткенге дейін.)

Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, жаңа құрылған Торғай облыстық партия комитетінің идеология бойынша хатшысы, кейін Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары, Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерінде болғанда да жастарды тәрбиелеу, оларға білім беру, мәдени-ағарту істеріне тікелей қатынасып, бұл салалардың өркендеуіне ерекше атсалысқан азамат болатын. Мен көп жылдар бойы Қаржы министрлігінің оқу-ағарту, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, әлеуметтік салаларды қаржыландыру шараларын басқарушылар қатарында, одан кейін он бес жыл үзбей Қазақ КСР Жоспарлау (Госплан) комитетінің оқу-ағарту және мәдениет бөлімін басқарып, коллегия мүшесі болып жүргенде де Жәнібеков жолдаспен байланысымыз үзілмеді.

Өзбекәлі Жәнібековпен екі рет іссапарда бірге болғаным бар. 1977 жылы Госплан басшылары С.Тәкежанов пен Ғ. Сағымбаев, Мәдениет министрі Ж. Еркімбековтің тапсырмасымен Жәнібеков екеуміз Оңтүстік Қазақстан облысына бардық. Мақсатымыз республикаға әйгілі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жаңғырту, қайта қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысу, бұл шаруаны жандандырып, қосымша шаралар жүргізу жөнінде үкіметтің қаулысын дайындау болатын. Біз бұл іске Түркістан қаласының және облыстық мәдениет басқармасының басшыларымен қатар С. Тәкібаев, Б. Тұяқбаева, А. Проскурин сияқты білікті мамандар, А. Оразбаева, Б. Атаханов қатарлы реставратор-шеберлерді, суретші-керамист Н. Өмірзақовты, ескерткіштің жанашыр сақшысы О. Дастановтарды жұмылдырдық.

Өзбекәлі бұл кешенде талай рет болған екен. Оның іші-сыртында білмейтіні жоқ, қай жері олқы, қай жері түзеліп келеді, соның бәрін көріп біледі (әулиенің құлпытасы, құдық, кіші мешіт, мүсін тастар, шығыс моншасы, т.б.)

Шымкентке дейін самолетпен барғанбыз. Одан әрі Түркістанға барып қайтуға жеңіл машинаны пайдаландық. Өзбекәлі Отырар аймағынан шыққан азамат. Оңтүстік Қазақстан облысында қызметте істеген. Елдің тарихын жақсы біледі. Жолбойы «Жиделі байсын жерінде, Қоңырат деген елінде» қиссасының сол өңірден басталатынын, табиғатының сұлулығын, халқының тұрмыс-жайын, қонақжайлылығын, әдет-ғұрып, салт-санасының Арқа қазақтарынан айырмашылығын, қолөнер шеберлерінің жасайтын бұйымдарының түрлерін, қыз-келіншектердің әсемпаз сауықшылдығын, ара-арасында ауылдарда айтылатын ән-жырлардың өзгешеліктерін қызықтыра

баяндап, бірнеше әуенді өзінің келісті қоңыр дауысымен орындап та отырды.

Әсіресе, Өзекеңнің Арыстанбаб, әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи әулиелер, Ақсақ Темір жөніндегі халық арасында тараған аңыздар мен әңгімелерді келістіріп, қызықтыра айтып бергені. «Өмірдің нағыз мақсаты – тек өзіңді ғана емес, басқаларды да бақытты ету»-деген әл-Фараби бабамыздың даналық сөзін келтіргені де менің есімде сақталыпты.

Жолда Темірлан селосына соғып, ондағы аты әлемге жайылған ардақты палуанымыз Қажымұқан ағаның музейін көрмекші болдық. Өкінішке қарай, оның қызметкерлері қызу жүріп жатқан ауылшаруашылық жұмысына жіберілгендіктен, музей жабық болды. Тек музей үйінің алдында тұрғызылған ескерткіш – Қажекеңнің алып тұлғасын көріп, мәз болдық. Сол жолда Өзбекәлі маған Шаян ауылындағы өзінің тарихи орны бар ертедегі керуен сарай, медресе-мешіт, кілем мұражайының орнын көрсетіп, таңқалдырды. «Келешекте бұларды да қалпына келтіріп, халық игілігіне жаратсақ» – деген ойымыз бар деді.

Шымкентте Өзбекәлі жолдастық борышым деп Қазақстан комсомолының Орталық комитетінде қызметтес болған Н.Давыдовты Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайлануымен құттықтап шықты. Кешінде екеуміз облпотребсоюздың төрағасы Мақан Бегманов ағаның үйінде қонақта болдық. Бұл кісі өзі шешен, тағлымы мол, беделді азамат екен. Біздің қызыққанымыз – Мақаңның бай кітапханасы болды. Мұнда көптеген көркем әдебиет кітаптары – сол кезде жаздырып алуға жататын талай шет елдер, совет халықтарының жазушыларының таңдамалы шығармалары көз тартады. Мақтанарлық тіршілік! Алматыға оралғаннан кейін Өзбекәлі екеуміз Үкімет қаулысының жобасын жасауға кірістік. Оған қаржы, құрылысшылар, жергілікті өнеркәсіп министрліктері, Главснаб, Госстрой, басқа ведомстволардың қатысуымен жасалып, тапсырылған жобаны Қазақ КСР Министрлер кеңесі талқылап, 1977 жылы 8 желтоқсанда №559 «Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи архитектуралық кесенесін реставрациялау барысы және оны жақсарту шаралары туралы» деген жан-жақты қаулы қабылдады. Ө.Жәнібековтің бір ерекшелігі өзіне тапсырылған жұмысты аянбай беріліп істейтіні және қарамағындағы қызметкерлерге де талап қоя білетін қатал, оларды да істете білуі дер едім. Тағы бір айта кетейін дегенім – Үкімет қаулысының жобасын екеуміз Госпландағы менің кабинетімде отырып жаздық. Жазып отырған қағаздардың ішінде қашанда болсын артық, кемі болмай тұрмайды. Оларды қиып, не кесіп тастауға мен алмастың жүзін пайдаланатынымын. Өзекеңе бұл әрекет ұнамады білем, ертеңіне маған Мырзатай жазғандай «қасапшының пышағындай жарты метр» болмаса да үлкен бір қайшыны әкеліп берді. Расында да бұл қолайлы құрал екен. Мен оны сегіз жылдан аса пайдаланып, 1986 жылы зейнеткерлікке шыққанда бізде бір подотделдің бастығы болып істейтін Тұрлыбекова Рахима деген Шымкентке келін болып келетін қарындасқа сыйлап кеттім.

Әрине, аталған қаулының орындалуы кешендегі көзге көрінетін үлкенді-кішілі объектілердің іске қосылуына әсер етті. Бірақ әлі де ұшы-қиырсыз жұмыстардың біте қоюы көптеген жылдарға созылғаны да шындық қой.

1980 жылы мамыр айында Ө.Жәнібековпен Москва қаласына (КСРО Госплан мен Мәдениет министрлігі) сапар шектік. Ондағы алға қойған міндетіміз орындалды. (Әуезов атындағы қазақ драма театрының ғимаратының құрылысын жеделдету, Орталық музейдің ғимаратын салуға келісу, титулдық тізімін бекіту.)

Екеуміз «Россия» қонақ үйінің бір бөлмесіне орналастық. Бір кеште «Останкино» телестудиясында Қазақстанның мақтанышы, бүкілодаққа әйгілі ақын

О.Сүлейменовтың творчестволық кеші өтті. Олжас ешбір қағазсыз өзі шығарған өлеңдерін, поэмалардан үзінділерді жатқа саңқылдатып айтып беріп тұрды. Сұрақтар да көп беріліп жатты. Соның біріне де мүдірмей жауап беріп, көрермендердің ризашылығына бөленді. (Сахнада жалғыз өзі ғана болды), гүл шоқтары көп сыйланды. Соңында залдан көтерілген бір басшы Олжастың қолын алып, құшақтап, көрермендердің атынан рахметін айтты. Залдағылар түрегеп тұрып ұзақ қол шапалақтап құрметтеді. Өзбекәлі екеуміздің қуанышымызда шек жоқ, «Жаса-жаса, Олжас!» – деп қоямыз.

Келесі кешті Ө.Жәнібековтің комсомолда қызметтес болған жолдасы Григорий Рудовтың үйінде өткіздік. Келіншегі екеуі де ақкөңіл, жылы жүзді адамдар екен. Көңілді өтті. Рудов сол кезде дипломатиялық жұмыста екен, шет елдермен байланысы бар. Бізге өзінің 1973 жылы Хабаровск кітап баспасынан шыққан «Научно-техническая революция и социализм» атты кітабын сыйлады.

Бара жатқанымызда аэровокзалда радиодан еліміздің аяулы азаматы ғалым, профессор-онколог, Министрлер Кеңесі ауруханасының бас дәрігері Нұғыманов Сәкеннің қайтыс болғанын есітіп, екеуміз де өкінішімізді білдіріп, «топырағың торқа, иманың жолдас болсын» деген тілегімізді айттық.

1982 жылы Госпланның қоғамдық ұйымдарының ұсынысы қабылданып, менің 60 жасқа толғаным аталып өтілді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен марапатталдым. Біздің оқу-ағарту және мәдениет бөлімімен қоян-қолтық араласып, қызметтес болған министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің бірінші басшыларының орынбасарлары да келіп, әдейі арнап жазған адресстерін тапсырып құттықтады. Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков, Орталық музейдің директоры Райхан Қосмамбетова екеуі құттықтап, иығыма шапан жапты. Өзбекәлі екеуміздің құшақтасып тұрғанымыз фотосуретте бейнеленген. Бұл құрмет қалай ұмытылады? Ризашылығымды білдірдім.

1983 жылдың бір күні маған тумаса да туғандай болып кеткен омбылық інім, қазақ тіл ғылымының майталман профессоры Сейілбек Исаев телефон соғып, «Бүгін кешке Үміт жеңгей екеуіңіз біздің үйге келіңіздер, бір сыйлы қонақтар болады» деп шақырды. Барсақ Өзбекәлі Жәнібеков бастаған қадірлі азаматтар келеді дегенді естідік. Кешікпей-ақ Өзбекәлі, сол кездегі Денсаулық сақтау министрі Мұхтар Әлиев, композитор Ілия Жақанов, тіл ғалымы Өмірзақ Айтбаевтар жұбайларымен келіп, кең дастарқан үстінде әңгіме басталып та кетті. Өзекең: «Халқымыздың дәстүрін сақтап, құда түсіп, алдарыңыздан өтейік деп келдік. Мына Өмірзақтың баласы Біржан мен Сіздің бойжеткеніңіз Нұржауар екеуіне ақ батамызды беріп, семья құруға тілектестігімізді білдірейік деген ұсынысымыз бар, қабыл алыңыздар» – дегені ғой. Әрине, қарсылық болған жоқ. Кешікпей-ақ Алматының бір мейрамханасында Біржан мен Нұржауардың естен кетпестей тойы өтті.

Бір ғажабы Сейілбек пен Қызсұлу, Өмірзақ пен Үміттің құдандалығы достыққа айналып кетті. Көкшетаудағы «Оқжетпес» санаториінде қайта-қайта демалғандары, Омбы, Оңтүстік Қазақстан жерлерін, Ташкентті, Самарқанды аралап, қызықтағандары таусылмас бір естеліктер. Өкінішке қарай, құдайдың жазуы ғой, Біржан бұл дүниеден қыршын жасында өтті. Бірнеше жылдан кейін Сейілбек дүние салды. Сөйтсе де бұл отбасылардың туыстығы әлі де жалғасын табуда.

Ортақ дәнекер немересі Индира домбыра тартып, ән-күйге де қабілеті бар екі жақты да қуанышқа бөлей алатынына сенім мол. Өзбекәлі мен Өмірзақтың ғана емес, менің де ардақтайтын асыл азаматым, Оңтүстік Қазақстан облысының

Келес және Жетісай аудандарын 20 жылдай басқарған Сыпақұл Малдыбеков әйелі Шынармен жыл сайын Алматы санаториінің бір люксінде жатып, дем алып, емделіп кетіп жүреді. Бірнеше рет мен де қатар ем алып жүргенім бар. Бір демалыс күні санаторийге Өзбекәлі, Өмірзақтар келіншектерімен келіп, күні бойы әкелген дәмдерін татып, әңгіме-дүкен құрып, пікір алысқанымыз бар.

Тағы бірде Сыпекең мен Шынарды, Өзбекәлі мен Қалиханды, Өмірзақ пен Үмітті және менің студенттік достарым (Қаз МУ-дің экономика факультетінде сырттай 1951–1956 жылдары бірге оқыған) Кәріғұл Шайкенов зайыбы Алтынсарымен, Тоқтасын Білдебаев Емтихатпен барлығы біздің үйде қонақта болғаны бар. Бір-бірлерін сырттай болса да білетін болып шықты қонақтар.

Мұндай басқосуда әңгіме болатын тақырып көп қой. Қазақ халқының басынан өткен дәуірлері, оларға жол бастаған хандары, батырлары, билері, ақындары туралы, Совет өкіметі тұсындағы хал-ахуалдары да сөз болады. Қазақ республикасын басқарған қайраткерлеріне де әртүрлі баға берілді. Жұмабай Шаяхметов, Пантелеймон Паномаренко, Леонид Брежнев, Берия, Яковлев, Колбин сияқты, Дінмұхамед Қонаев, Жұмабек Тәшенов, Мәсімхан Бейсебаев, Бәйкен Әшімов, Нұрсұлтан Назарбаев, Асанбай Асқаров жөнінде пікірталастар болды. Олардың әрбірінің халыққа көрсеткен еңбектері тиісті бағаларын алғандай болды. Әрине, аға буын азаматтар КСРО және Ұлы Отан соғысы жөнінде әңгіме қозғалғанда Сталинді айналып өте алмайтыны анық. Бәріміздің келіспейтініміз – 1970 – 1985 жылдарда Оңтүстік Қазақстанда орын алған, бір қазақты екіге «ДТ», «ҚТ»-деп бөлудің кешірімсіз күнә, тарихымызда қалған дақ деп бағаланды. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген ғой, сол бөлудің сарқыншағы әлі де таусылып болмаған сияқты. Саясатта бір жақтылық та орын алады. Өйтпесек, қазақ боламыз ба?

1990 жылы 24 желтоқсанда Қазақтың мемлекеттік Ленин орденді Абай атындағы академиялық опера және балет театрында «Жаным арымның садағасы» деп, бұл дүниеден өткен хас батыры Бауыржан Момышұлының туғанына 80 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс өтті. Оны басқарып, жүргізіп отырған Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков сол жылы 12 желтоқсанда шыққан КСРО президенті М.Горбачевтің Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерекше ерлігі үшін Бауыржан Момышұлына Советтер Одағының Батыры атағын беру жөніндегі жарлығын оқып берді. Залда толып отырған жандар түгелімен орындарынан тұрып ұзақ уақыт ду қол шапалақтап, 40 жылдан артық уақыт тосып, енді әділеттің жеткеніне ризашылықтарын білдірді.

Бауыржан туралы баяндама жасау Қазақстан үкіметі төрағасының орынбасары Мырзатай Жолдасбековке берілді. Өзі де сөзге шешен екен. Өте мазмұнды баяндаманы жиналғандар шабытпен тыңдап, әрбір түйінді сөзіне жиі-жиі қол шапалақтап отырды. Баяндамашының «Баукең жұлдызды болған күн – халықтың жұлдызы жанған күн» дегені ақиқат қой.

1998 жылдың 12 желтоқсанында Жетісай қаласында Сыпақұл Малдыбековтың 70 жасқа толған торқалы тойы қаладағы Қ.Жандарбеков атындағы музыкалық-драма театрында айтарлықтай жоғары дәрежеде өтті.

Жетісайдан қайтарда бәйбішем Үміт, ұлым Серік өз машинамызбен барғанбыз, әдейі Отырарға соғып, сол жылы ақпанда апарып жерлеген жеріміз Құрбан ата ескерткішінің жанындағы Өзбекәлінің денесі жатқан темір қоршаудың басына барып, шырақшыға құран оқытып, Өзбекәлі Жәнібекұлының рухына бағыштадық, «алды жарық, иманы жолдас болсын» – ақ батамызды беріп, Түркістан, Шымкентті

басып, Алматыға оралған едік. Фотосуретке түстік. Суретті көрген сайын Өзбекәлі бауырды еске алатын болдық. Осыдан 12 жыл бұрын Отырар музейін және жаңа салынып жатқан ауданның мәдениет үйін көріп оралғаным бар еді. Сонда сол музейдің директоры А.Есжанов жақын орналасқан зиратты аралатты. Халжігіт достың қайынатасы(Камалдың әкесі) Кеулімше ақсақалдың бейітін көреміз бе деп ойлаған едік, бірақ кездестіре алмадық. Тек Өзбекәлінің, Қайниса шешесінің жатқан қоршауының сыртында әкесінің және өзінің аттары, туғаны, қайтыс болған жылдары туралы оқыдық. Ішімізден иман тілеп, бет сипадық. Алматыға келгеннен кейін Өзбекәліге звондап, көргенімді жеткіздім. «Рахмет» деген еді.

Өзбекәлімен сыйлас та сырлас та болдық. Бірде ауруханаға түсіп қалғанын есітіп, көңіл сұрауға барсам, бір орындық палатада жалғыз өзі жатыр екен. Жанында бұрын қызметтес, достасып кеткен Михаил Иванович Есенәлиев отыр екен. Әңгімелерін бұзбайын деп, «Жылдам жазылып шыққайсың» деген ақ тілегімді білдіріп, шығып кеттім. Бірде Өзекеңнен «Абылайхан өз әмірін Арқа жерінде жүргізген ғой, неге суреттерінде басына сол жақтың бөркі емес, айыр қалпақ кигізесіздер? Деп сұрадым. Ол «Дұрыс ханымыздың сондай қалпақ киіп жүргені тарихтан белгілі» деді. Ол менен: «60–70 жылдары Казсельхозтехника» бірлестігін кім басқарып еді?- деп сұрады. Мен Алексей Батраков деген адам басқарғанын айттым. Оған жазып жүрген естеліктердің бір жеріне пайдалану үшін керек екен. Бір сөйлескенімізде жазушы Бекежан Тілегеновтың «Тартыс» атты кітабы шыққанын, онда партияның Орталық комитетінде орын алған кейбір жайсыздықтарды ашық жазғанын айтқан едім, «маған оқып шығуға беріңіз» деп өтінді. Мен бұл кітапты бір жолдасқа оқып шығуға бергенімді, содан қайтып алғаннан кейін берейін деп сендірдім.

Өкінішке қарай, ол кітапты мен кезінде қайтарып ала алмадым да, Өзекең сияқты азаматқа оқуға бере алмадым.

Осы күні кітап шығару, оны сатып тарату мәселесі тығырыққа тіреліп тұр. Өйткені Советтер заманында қалыптасқан жүйе – баспа мәселесі, кітап саудасы, кітапханаларды жабдықтау жұмыстары дұрыс жолға қойылған болатын. Өткеннің бәрі жаман деп безгеніміз маңдайға сақ етіп тиген қамшы іспеттес болып жүр ғой. Кітапқа сұраныс аз, таралымы көп шыққан кітаптар өтпейді деген байбаламның шындыққа келе бермейтінін белгілі ғалым, қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың әр жылдары жарық көрген кітаптарының түгел сатылып кетуі, дүкендерден табылмайтыны айғақ. Жәнібековтің 1982 жылы «Өнер» баспасынан 10000 дана, осы баспадан 50000 дана болып орыс тілінде шыққан «Эхо...» деген кітаптары, 1992 жылы «Жазушы» баспасынан 20000 дана болып басылған «Уақыт керуені», 1996 жылы «Рауан» баспасынан 10000 дана болып жарық көрген «Тағдыр тағлымы» кітаптарын күндіз шырақ алып іздесең де ешқайдан таба алмайсың.

Өзекеңнің «**Культура казахского ремесла**» деген кітабы «**Аса қадірлі Нұрым Сансызбайұлына автор өзінің халық мұрасы жайлы осы бір азғантай еңбегін ұсынады. У.Джанибеков. 01.12.82**» деп жазған автографымен және көркемделген «**Слава великому Октябрю**» деген открыткаға «**Дорогой Нурум Сансызбаевич! Примите сердечные поздравления с праздником Великой Октябрьской социалистической революций! С уважением У.Джанибеков**» деген арнауымен менің кітапханамның көрнекі жерінде сақталуда!

1995 жылы белгілі шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісалиевтің «Қазақ даласының жұлдыздары» (тарихи-филологиялық зерттеуі) атты кітабы «Рауан» баспасынан таралымы 20000 дана болып шықты. Бұл еңбекте Отырар өңірінен

тараған ұлы әбу Насыр әл-Фараби бастаған 11 ғалымның, ежелгі Сайрам мен Түркістаннан шыққан 11, Сыр бойынан 10, Тараздан шыққан 6 ғұламаның өмірлері мен шығармаларына талдау жасалған. «Олар өзіне дейін ғұмыр кешкен арғы ата-бабаларымыз жасаған әдебиет пен мәдениет, ғылым мен білім, ой мен жазба мұраны жалғастырды. Олардың шығармалары өз заманына сай араб тілінде жазылған» дейді автор. Аталған кітаптың арнаулы редакторы болып, «Тарих өткелдерінің ізімен» деген кіріспе сөз жазған белгілі тарихшы ғалымымыз Өзбекәлі Жәнібеков екен.

Өзбекәлі Жәнібеков есімімен байланысты тағы бірнеше жәйтті айта кеткеннің артықшылығы болмас деп ойлаймын. «Госпланның» төрағасының бірінші орынбасары Ғарай Сағымбаевтың қатаң талабына сай бола алған Өзбекәлі Жәнібеков еді. Ол Мәдениет министрінің орынбасары болып келгеннен кейін «Госплан» мен Қаржы министрлігінің алдында өздерінің ұсыныстарын жан жақты дәлелдеп қоя білуінің арқасында тиісті қаржы бөлу мәселесі өз шешімін табатын. Сол жылдары республикада оннан аса тарихи және мәдени ескерткіштерді жөндеу – реставрациялау шеберханалары ашылып, жұмыс істей бастады. Қалалар мен кейбір аудандарда жергілікті басшы органдармен келісіп тарихымызға қатысты бар мұражайлар ашылды. Мәдениет министрлігінің «Госплан! Және Қаржы министрлігімен келісіп, Баянауылда ашылуы көзделген Сәтбаев мұражайы партияның орталық комитетінің хатшысы С. Имашевтің «сол ауданнан шыққан оқымыстылар мен басшы қызметкерлердің өздерін мадақтап көрсету үшін жасап отырғын әрекеті» деп сызылып тасталды. Бұл мұражай тек он шақты жылдан кейін барып ашылды. 1985 жылы Торғай облысында іссапармен болдым. Облыс орталығы Арқалық қаласында және Амангелді, Торғай аудандарында ашылған мұражайларды аралап көрдім (Амангелді, Жангелдин Әліби, Ахметбеков Нұрхан мұражайлары). Бәрін ұйымдастыруға атсалысқан кезінде обкомпартияның хатшысы қызметін атқарған Өзбекәлі Жәнібеков екенін жергілікті адамдар мақтанышпен айтады екен. 1998 жылы Баянауылда болғанымызда ардақты ағамыз Қаныш Сәтбаевтың мұражайымен танысқанымыз бар. Оның алдындағы алаңда аттары аңызға айналған Бұқар жырау, Мәшқұр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров ескерткіштері және милицияның генерал-майоры Ахмет Құмарбековтың бюсті тұрғызылғанын көрдік.

1990 жылдың күзінде «Қазақстан Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» жобасы жасалып, халықтың талқысына түсті. Сол жылы орыс жазушысы А.Солженицин басқа да Москвадағы орыс шовинистерінің Қазақстаннан бірнеше облысты, тұрғындарының көпшілігі орыс тілділер болғандықтан бөліп алып, Россияға қосу керек деген ұсыныстар көтеріліп жатты. Осы кертартпа пиғылдарға тойтарыс беру мақстаныда Қазақстан Орталық партия Комитеті Қазақ КСР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ұйымдастыруымен 1990 жылы 1 қазанда Алматы қаласында «Қазақстан территориясы: «Тарих және заман» тақырыбында Республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оны сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстан территориясының тұтастығын сақтау мәселесі жөнінде өзінің тұжырымды кіріспе сөзімен ашып, баяндама жасаушылар мен басқа да сөйлеуші оқымыстыларға дұрыс бағыт көрсетіп, олардың қолдауына ие болды.

Меніңше, кезінде Өзбекәлі Жәнібековтың «Еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай» деп жазғанын қазақ халқының теңдікте болуын армандаған ұлтжанды қайсар азаматтың ұрпаққа қалдырған ұмытылмас өсиеті деп білгеніміз жөн.

ТУРАЛЫҚТЫҢ ТУЫ ЕДІ ОЛ

*...Жайдары жүзің жабылмай,
Жалбақтап бекер сабылмай
Жан біткенге жалынбай
Жақсы өліпсің, япырмай!*

(Абай «Оспан өлгенде»)

Мен «Өзбекәлі Жәнібеков» деген фамилиямен оның өзімен танысқанға дейін әбден қанық едім. Мен ғана емес, менің үлкен-кіші замандастарымның бәрі осы бір кісі төңірегінде аңызға пара-пар әңгімелер айтатын. Әңгіменің негізі – оның іскерлігі, тұрашылдығы, бетің бар, жүзің бар демей кімнің алдында болса да ойын тура айтатындығы төңірегінде әрбитін еді. Тіпті, Торғай облыстық партия Комитетінде идеология жөнінде хатшы боп тұрған кезінде осы аңыз-әңгіме желді күнгі өрттей қаулап тұрды. Бірінші хатшы емес, үшінші хатшының аты көбірек естілетін. Облыс орталығы боп жаңа бой көтеріп келе жатқан алақандай Арқалық қаласынан театр ашуының өзі әрі көзжұмбайлық, әрі өжеттік еді. Демалыс күндері машинасын мініп алып, Торғай даласының әр үйін аралап, көненің көзі боп есептелетін ежелгі бұйымдарды өз қолынан жинап жүріп облыстық музей ұйымдастыруының өзі тек Өзбекәлі секілді ұлтын мейлінше сүйетін қайсар адамға тән мінез болса керек.

Облыс жұртшылығы арыз-шағымдарын айту үшін бірінші басшыға емес, Өзекеңе, үшінші хатшыға жолыққанды жөн санайтын. Оның қабылдау бөлмесі қашан да келушілерге лық толы болушы еді деп айтып жүретін сол өңірдің азаматтары.

Халық деген жарықтық, әрине, өзін тыңдайтын, келген шаруасы бітпесе де арыз-шағымына құлақ қойып тыңдайтын адамға барғанды қалайды. Жұрттың ықыласы өзіне емес, үшінші хатшыға ауғанын, әрине, бірінші басшы ұната қоймайды.

Бірінші мен үшіншінің арасында салқындық пайда болды. Өзінен асып бара жатқан орынбасарды қай басшы ұната қойсын! Сондай салқындықтың салдары болса керек, Өзбекәлі Жәнібеков Орталық Комитеттің шет елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі боп ығыстырылды. Ығыстырылу мәселесі жоғары жаққа талай айтылған да болар, бірақ, ол мәселенің тез шешіліп кетуіне түрткі болған тағы да сол Өзбекәлі Жәнібековтың бірбеткейлігі мен ұлтжандылығы болды. Қай ғарышкер екені есімде жоқ, кезекті бір ғарышкер Торғай даласына кеп қонғанда ұлты орыс екінші хатшының «нан мен тұзын» ысырып тастап, Өзекең ғарышкерді қазақ салты бойынша құрт пен ірімшік алып шығып қарсы алыпты. Ұлты орыс екінші хатшы мұндай «ұлтшылдықты» кешіре ме? Дереву Мәскеуге хабарлапты. Облыстың бірінші хатшысы мен Республика басшысы Д.Қонаевқа хабар беруді де керек деп таппаған ғой.

Көп ұзамай Өзекеңді жалған қошеметпен орталық аппаратқа «өсіріп» жіберіпті.

Мен онымен бір үлкен жиында қол алысып амандасып қалғаным бар еді. Ол кезде төрт-бес кітаптың, «Гауһар тас» фильмінің, «Әпке» пьесасының авторы боп, елге танылып қалған кезім еді. Тіпті, осы пьеса Арқалық театрында қойылып, оны көрген Өзекең жоғары баға бергенін жұрттан есітіп, газеттен оқып, іштей қуанып қалғанмын. Тым болмаса жылы шырай танытып амандасатын шығар деп қолымды созғанымда бетіме де қарамай қол ұшын берді де өте шықты. Көңілім қатты суып қалды. «Мақтап жүрген Өзбекәлілері осы ма? Жүзінде не жылу жоқ, адамды менсінбейтін біреу ғой. Осындай менмен мінезбен қалай елмен тіл табысып, қалай

аты шығып жүр? Іскер болса іскер шығар, амандасу кезінде іскерлік танытудың қажеті қанша? Адамда ілтифат деген болмай ма екен?» деп оның мінезіне налып қалған кезім болып еді.

Құданың құдіреті, осындай кісімен мәдениет министрлігінде бірге қызмет істеуге тағдыр жазыпты. Мен ол кезде мәдениет министрлігінде репертуарлық-редакциялық коллегиясының бас редакторы едім. Ол кісі мұнда да үшінші орынбасар қызметін атқарды. Әр орынбасардың өзіне бекітілген саласы бар. Өзекең тарихи ескерткіштер мен мұражайлар саласын басқарды да, біздің репертуар, театр мәселесімен біріккен коллегияда болмаса араласпайтын.

Осы кезеңдерде мен ол кісімен жақынырақ таныстым. Қасына адам жолаттырмайтын асаулық пен тәкаппарлығына көз үйренгендіктен бе, уақыт өте келе тіл табыса бастадық. Жалынан сипап, қасылап-қасылап отырып, ауық-ауық өткір әзілмен түртіп қалатын болдым. Алғашқы кезде: «Әй, не деп отырсың. Сондай әзіл бола ма екен!» деп шоршып түсетін. Араға біраз уақыт салып, қатал жүзі жібіді-ау дегенде тағы да әлдене деп шабынан түртіп қаламын. Құданың құдіреті, ол кісі де менің әзілдеріме үйрене бастады. Тіпті, жымиятынды да шығарды. Министр, не оның бірінші орынбасары болмай қалған жағдайда Коллегияны Өзекең өткізеді. «Коллегияны Өзбекәлі Жәнібеков өткізетін бопты» деген хабар құлаққа тиісімен аппарат қызметкерлерінің аяқ-қолдары қалтырай бастайды. Ол кісі нақты жауап талап етеді. Қысқа сөйлегенді ұнатады. Тұрғызып қойып сұрайды. Нақты жауап бере алмағандарға отыр деп айтпайды. Кейде ол байғұстар Коллегияның аяғына дейін тікесінен тік тұрып шығады. Орысың бар, қазағың бар, еврейің бар демейді. Бәрімен қатал сөйлеседі. «Шашыңа ақ кірсе де ақылың кірмепті» деп Жамбыл қаласынан (ол кезде Тараз емес) басқарма бастығы боп ауысып келген бір ақ шашты орыс азаматын жерге қазық қып қағып жібере жаздағаны есімде. Содан әлгінің тәпігі басылып, салы суға кетіп, Өзекеңнің кәріне шыдай алмай келген жағына кетіп тынды.

Өзекең министр боп бекіді. Жұрттың көбісі дірілдеп, кейбіреулері басқа жақтан жылы орын қарастыра бастады. Бірақ, дайын тұрған тәуір орын қайдан табылсын. Қалтырап, дірілдеп, әр коллегиядан аман шыққандарына шүкіршілік етіп, үрейлі тіршіліктерін жалғастыра берді.

Сондай отырыстардың бірі еді. Өзекең мәдениет қызметкерлерінің балалары жаздық каникулда демалатын жеке лагерь ашуды қолға алып, Орталық комитетте мәселе қоюға дайындалып жатқан. Бұл айтуға оңай болғанмен орындалуы қиын, күрделі мәселе еді. Бір емес екі лагерь салу үшін қыруар қағаз толтырып, оның есептік сметасын жасап, орталық комитеттің бюрократиясына түсіндіре білу қажет. Жиынға тікелей қатысы бар үш адам келмей қалды. Жауапкершіліктен қашты ма, екі-үш бөлімнің бастықтары келмей, орындарына орынбасарларын жіберіпті. Айтуларына қарағанда, үшеуі де «ауырып» қапты. Өзекең пілте тұтатсаң болды жарылғалы отыр. «Әй, ең керекті адамдардың үшеуі де бірдей бір күнде қалай ауырып қалады? Өлгелі жатпаса келсін қазір!» деп қан түлене ашуға басты. Жұрт сілтідей тынған. Әркімнің пыш-пыш етіп, дірілдей демалғандары ғана естіледі. Келесі бір сәтте: «Түк бітірмей босқа отырасыңдар. Бәрің көк жалқау боп біткенсіңдер. Келесі коллегияда бәріңнің жеке есептеріңді тыңдап, көңілден шықпағандарыңды жұмыстан қуамын» деп қаһарға мінді. Иықтан басқан мынандай зіл қараның салмағын аздап болса да жеңілдетпек оймен тәуекел деп әзіл-реплика тастауға бекіндім.

— Балаларымызды лагерьге демалдырамыз деп өзіміз Концлагерьге түскендей болдық қой, — деп қойып қалдым. Бір-екі адам күлгендей күңк ете түсіп еді, Өзекеңнің:

— Не деп көкіп отсың?! — деген өктем шыққан үнінен бәрінің тынысы тарылып, демалған дыбыстары да шықпай қалды.

— Әлгі жұмысқа келмей қалған үшеуді айтам, — дедім сәл есімізді жиған соң. — Сол үшеуі жұмысқа орналасқан кезде денсаулықтары жайлы справка тапсырған жоқ па еді?

Жұрт шыдай алмай күліп жіберді. Құрыған шығармын деп күнге қарағандай Өзекең жаққа жасқана қарадым. Мәссаға-ан! Күлмес хан атанған Өзекең мәз боп күліп отыр. Ол күлген соң жұрт та жамырай күлді.

Бұдан кейінгі әзілдеріме ол шамдануды қойып, рахаттана күліп алатынды шығарды.

Біз бір-бірімізді жақсы түсінісіп кеттік.

Бұдан басқа есте қалған тағы бір оқиға — менің партиялық мәселемнің қаралған күні еді.

Министрлікке кіре беріске үлкен хабарландыру іліп, «Коммунистер Дулат Исабеков пен Нұрлан Оразалиннің жеке мәселелері» деп ай батқандай арқырата жазып қойыпты. Ол кезде Нұрлан бір актілі пьесалар жөніндегі кіші репертуарлық коллегияның жетекшісі болатын. Екеуміз де мүшелік жарна төлеуді ұмытып кетіппіз. Менің төлемей келген жарнам 143 сом (ол- табыстың бір пайызы), Нұрлан Оразалиндікі — 40–50 сом ғой деймін. Нақты есімде жоқ.

Сол күнгі жиналысқа адамдар белсене қатысты ғой. Тіпті, ауруханадан сұранып келгендер де бар. Бәріне қызық керек. Біреудің жазаланғанына құмарта қарайтын кісілердің көп екеніне таң қалдым.

Талқылау басталып кеп берсін. Ал, нешетүрлі шешендер шықсын ортаға. Егер 37-жыл қайта туа қалса, жазалауға дайын талай белсенділердің арамызда жүргеніне сол кезде көзім жетті.

Бірақ, әңгіме ол жайында емес, Өзекең жайлы болғандықтан, ол мәселенің бүге-шігесіне шейін тәптіштеп айта беру артық болар... Талқылау әбден қызып, бізді «Халық жауларының» қатарына апарып қойған кезде Партбюро мүшесі ретінде Өзбекәлі Жәнібеков сөз алып:

— Немене сонда? Ұмытып кетіппіз дей бересіңдер! Ақша алғанда ұмытпайсыңдар да, партвзнос төлеуге келгенде ұмытшақ бола қалдыңдар ма? — деп маған қарап зеки сөйледі. Сәлден соң даусын жұмсартып, партия ұйымының хатшысы

А. Волков пен оған дем беріп отырған И. Поповқа қарап:

— Я не думаю, что они совершили непоправимую ошибку. Прошу не драматизировать это. Надо строго предупредить коммунистов. Чтобы это больше не повторилось,— деп сөзін аяқтады.

Жұрттың бізді аямасқа бекінген ашу-ызасының беті қайтты.

Бәрібір біздің мәселеміз аудандық Партия комитетіне жетіп тынды. Онда да қызу айтыс, қызу тартыс. Ол жақта да ауруханадан арнайы шығып кеп жиналысқа қатысқандар жеткілікті болды. Аудандық партия Комитетінің бірінші Хатшысы В.Айнанов деген жолдас біздің мына қылығымызды кешіре алмастай күйіне сөйледі. «Партияны жүз сомға сатып алмақ болдың ба? — деп маған қатты шүйлікті. — Ол ойыңнан түк те шықпайды. Сүйікті партия одан қымбаттырақ тұрады. Партияластарыңның алдында кешірім сұра Нұрлан сияқты».

— Не үшін?

— Қалай не үшін? Қылмысың үшін!

— Мен қылмыс жасаған жоқпын. Қаламақыны кейде есепке уақытылы ала алмай қаласың. Сол сүйікті партия және оның министрліктегі хатшысы мүшелік жарна төлеу керек екенін ескерту керек еді. Ал, ол бірден жазалау шарасына көшті. Мені Халық жауының қатарына апарып қойды. Бұл партиялық принципке жатпайды.

Мәселе ушыға түсті. Нұрлан Оразалинді кешіріп, мені партиядан шығаратын болды.

Жағдай қиындады. Ол кезде партиядан шығу – барлық жолыңның жабылуы деген сөз.

Басқа амалым қалмаған соң, әрі Өзекеңнің ақыл-кеңесінен кейін мен сол кезде орталық Комитеттің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Қуаныш Сұлтановтың алдынан бір-ақ шықтым.

Қуаныш Сұлтанов шығармашылық саладағы адамдарды қатты сыйлайтынын жақсы білетінмін.

Ол барлық жағдайды мұқият тыңдап алған соң мынадай ұр да жық саясатқа қатты күйінді. Мәселені ешқашан кейінге қалдырмай табан асты шешуге тырысатын ежелгі мінезбен ол орнынан атып тұрды да, түрегеп тұрған бойы әлдекімге телефон соқты. Күйіне, ызалана сөйледі. «Партия өз мүшесін тек салған жерден жазалайтын болса, шығармашылық адамдарын өзінен алыстатып алмай ма?» деп трубканың ар жағындағы әйел адамға біраз жадынамалық ақыл-кеңесін үйіп-төкті. Сөйлесіп болды да орнына отырмаған бойы:

— Жүре беріңіз, – деді маған күлімсірей қарап. – Мен облыстық партия комитетінің хатшысы Шәмша Беркімбаевамен сөйлестім. Ол кісі де түсіністікпен қарады. Сыртыңыздан біледі екен.

— Енді мен не істейін?

— Ештеңе істемей тыныш жүресіз, – деді ол саңқ етіп бір күліп алып. – Өздері шақырады. Бірақ, взнос төлеуді ендігәрі ұмытпаңыз!

Болған жағдайды Өзекеңе кеп түгел айтып бердім.

— Дұрыс бопты, – деді ол ешқандай эмоциясыз. – Әуезов те партияға мүше болмаған. Жұмысыңа бара бер!

Ең соңғы қатаң сөгіспен партия қатарында осылай қалып едім.

Сол партияны қызғыштай қорғап, мейлінше періште боп көрінген адамдар бүгін қайда қалды? Партия қайда, өздері қайда? Партия тараған ең алғашқы күні-ақ партбилетін бірінші лақтырған да солар болды. Біразы кейінірек жемқорлық жолына түсіп, қашып кетті.

Айтпақшы, Өзекең көп ұзамай Орталық Комитетке тағы да үшінші хатшы боп барып, дәл алпысқа толған күні партия тарап, дәл алпысқа толған күні хатшылық қызметпен қош айтысты.

Алпысқа келген тойын Төлен екеуіміз басқардық. Өзекең өте кеш келді. Бәрін тапсырып, қара сөмкесін ғана көтеріп алпыс жылдыққа арналған тойына келді.

Ешқандай қызмет ұсынбапты. Аттан түскен адамда қайдан көңіл-күй болсын. Қанша қаумаласақ та, көңілді әзіл айтсақ та Өзекеңнің қабағы ашылмады. Анда-санда жиналған жұрт үшін күлімсіреген болады. Оның ішінде қандай дауыл тұрып, қандай құйын ұйытқып жатқанын іштей ғана сездік.

Кеңес үкіметінің кезінде әділдік пен тазалықтың, іскерлік пен турашылдықтың үлгісі боп бағаланған аңыз-тұлға Тәуелсіздік алғаннан кейін қажет болмай қалды.

Ол о дүниеге де өкінішпен аттанды.

Өкінішті-ақ!

БЕКЗАТТЫҚ БИІГІНЕН

Ел тарихын саралап, қоғамдық, адами қадір-қасиеті, өлшеусіз еңбегі халық көкірегінде біржола ұялаған әрілі-бергі қандай ерен тұлғалармен де жүрексініп-жасқанбай, жаныңмен жарыла салыстыра беруіңе әбден лайық, қазақтың ғажайып қайраткер, ғылыми-қаламгер перзенттерінің бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Тым әріден желі тартатын сыйластық қатынас-инабаты болмаса, ал осы Өзағаңмен менің етене бауырласу кездерім тіпті беріректе, тоқсаныншы жылдар деңгейінде басталған...

Одақ тарап, хатшылық, идеологиялық мәртебелі қызмет бейнетін ғұмыр бойғы төккен маңдай тері, атқарған адам еңбегі зейнетімен енді ғана алмастырды деген алғашқы жылдарының өзінде аяулы ағамыз Қазақстанның халық депутаты ретінде Жоғарғы Кеңес (республика Парламенті) жұмысының отырасында – мемлекеттік, заң құжаттарын қабылдаудың қызу жиын, қызыл-кеңірдек пікір талқысында жұлынып-жұлқынбай-ақ, сабырлы сынын еш бұзбай (қайсыбір сәттерде сәл мұңлы), жаратылысы ақылды, ойлы толықтыру-ұсыныстарымен шын мәнінде бекзаттық болмыс биігінен көріне алған; тәуелсіз елдің ұлттық менталитеті, тарихи тағдыры, келешегі, рухани мұратына қатысты білімді, парасатты дүниетаным аясы, байсалды бабымен төңірегіне имандылық жылуын таратып, ізгілік өнегесі болған.

Сол тұстағы менің қызмет ыңғайым тоғыз жолдың торабы тәрізді, Жоғарғы Кеңес аппараты – Редакциялық-баспа бөлімінің шоқ баспай өткерер күндері сирек кездесетін. Әсіресе заңдар тілін қазақша сөйлету жауапкершілігінің сүйіндірер ырыздығын да, сүріндірер михнат-азабын да – бәрін де бастан кешіргенбіз. Сондай бір жүрегіңді шым еткізіп, естелігіңді оятар қарбалас күндер, енді бүгіндер өткен шаққа айнала бастаған еңселі ғимараттың атшаптырым ұзын дәліздері – үзіліс сұхбаттары, тек бір ғана менің емес, қызметтес әдебиетші-журналист серіктеріміздің бәрі үшін, мәжіліс залынан босаған бір сәттерінде біздің бөлім шаңырағына Өзағаңның қыдыр боп енген әр қадамының құт-береке тағылым-сабақтары ешқашан ұмытылуы мүмкін емес. Қазір қарап отырсам, берекесіз шимай-шатпақтарым қойнауында тарихи, этнографиялық терминдер баламасы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр түсініктерінің түптік мағыналар, әсіресе қайсыбір ұғымдарды мейлінше қазақы жеткізу бағытында ойласу тұрғысында ағамызбен әңгімеден санаға сіңірген, қағазға түрткен, өз алдына кейін әлі талай таратып оралар қыруар деректер сақталған екен. Күнделікті жұмысымызда ақыл кеңесімен сүйеніш-тірек бола алған жанашыр жанның ел алдындағы азаматтық парыз дейтін үлкен ұғымға күл болу жолында қай-қайсымызға да қалам құтын қашырмай, ой тазалығы, бой тазалығын сақтап қалуға да септігі аз тимеген.

Мемлекеттік тіл саясаты, терминком қызметінде назарға алынар тұғырнамалық қағидаттары ғана емес, сәті түскен жалпы сол сұхбаттар арқауына айналып, ұлттық таным қайнарлары, материалдық мәдениет, рухани-имандылық әліппесі, өнер игілігінің сұлулық барша параметрі бойынш кәдімгі жер пендесі ата-бабаларымыздың қалыптасқан ежелгі көзқарастары ырысынан ғарыштатылық (космогониялық) ұғым-түсінікке дейінгі Өзбекәлі Жәнібеков толғанған тақырыптар, ғылыми бірер пәннің шеңберіне сыймайтын жан-жақты ізденіс өрісі, жазу мәдениеті, тәжірибесі, бүгінгі ұрпаққа мирасқа қалдырған сүбелі, ойлы кітаптары мен мерзімді баспасөзде жарияланған-жарияланбаған қолжазба мұралары тарихшы, этнограф, тілші мәдениетпен ұшы сан-сала мамандықтар тоғысынан өз зерттеушілерін айқындар кез енді келе жатыр деп ойлаймыз.

Өзағаңның көзін көргендер жадында мәңгі сақталар керемет бір қасиеті – өз сенімі, дайындығы межесінен, ел кәдесіне асар қандай шаруаны қолға алса да, жеріне жеткізіп, жанын салып жұмыс істейтіндігі. Суретші, сәулетші жігіттерге болашақ Мәдени орталық ғимараттары жобасын дайындатып, үміт еткен Түркия сапарынан көңілсіздеу оралғаннан кейінгі тындырған игілігін еске алудың өзі неге тұрады. Депутаттық өкілеттігін де тапсырып, өмірінің соңғы үш-төрт жылында біржола өз төріне, жазу үстеліне байланған. Аурухананың өзін жұмыс орнына айналдырған. «Рауан» баспасы арқылы ежелгі өркениет ізімен, Қазақстанға қатысты Қытай деректері, әл-Фараби ізбасарлары, тарихи ескерткіштер, ұлттық игі қасиеттер мен әдет-ғұрып, халықтық сәулеткерлік үлгілері... жайында жаңа дүниелер ғана емес, қазір кез келген оқушының қолына тие бермейтін, тыс әрідегі сирек еңбектері де қайта жаңғыртуды көздеп, «Арқас» тарихи-танымдық басылымдар кітапханасы қабырғасын қалап кеткен.

Ойға алған үлкен мұратына толық жете қойған жоқ. Бірақ соның өзінде бізге қазақ, орыс тілдерінде қыруар кітап сыйлап кетті. Және осы кітапхана ырысына бағышталған басылымдар мен қолжазбалардың қай-қайсысы да замана талабы тұрғысынан Өзағаңның армансыз сүзгісінен өтіп, авторлыққа пара-пар қандай жұмыстар істелгеніне де редакциялық алқа мүшесі ретінде куәгердің біріміз. Бәрін тізбегеннің өзінде: марқұм О.В. Всеволодская-Голушкевичтің қазақ би өнері қайнарлары туралы аманат қолжазбасы – жекелеген мақалалары, үзінді ойлары, қорытқан түйіндері мен жинаған деректері (негізгі көзқарасы сақтала отырып) кітапқа лайықталып қайта жазылып, «Бақсы ойыны» деген атпен 1996 жыл жарық көрген. Ә. Дербісалиевтің «Қазақ даласының жұлдыздары» қалай нақтыланып, қос кітаптың бір кітапқа ықшамдалғаны, алғысөзін бізге жаздыртқан «16 жыл» жинағын қырқыншы жылғы латын әрпі басылымның өз қолымен қалай көшіргені, қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізгені көз алдымызда. Ал кейінгі – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланған, «Арқас» кітапханасының бір көркі «Ежелгі Отырар» альбом-кітабы зерттеуіндегі тың көзқарастар тарихшылар назарына жөндей ілігер деген де үміттеміз.

Өмірінің ақырғы сәтіне дейін қаламын қуат тұтқан қайсар азамат ауруханада әлсіреп жатып та, мүмкіндігінше сыр бермей, ел алдындағы, аруақтар алдындағы бір парызы өтеміндей «Қазақ этнографтары» дейтін сауапты бір жинақ дайындап үлгерген. Жеке тұлғалар жайында жазуға тиіс авторлары дер кезінде бітіруін телефон арқылы қадағалаттырып, қолға түскендерінің бәрін өзі бір ізге келтіріп, жөндей, жарық дүние дәмі үзілерден үш күн бұрын «Рауан» баспасына тапсыртқан қолжазбасы жыл өтсе де, баспа жоспарында тұрса да, жұртшылық жүрегіне әлі жол таба алмай жатқаны өкінішті-ақ. Осы орайда жалпы Ө.Жәнібеков негіздеген, үлгі-дәстүр дарытқан «Арқас» кітапханасының келешегі енді қандай болар екен дейтін күпті сауал да көңілге оралары хақ.

Өз кезеңінде айтулы жаңалық болған төл туындылары – дәстүрлі қолөнер, халық шеберлері, тұрғын үй, ұстаханалар құрылымы мен ұлттық киім үлгілері жайында «Қазақтың қолөнер мәдениеті» (орыс тілінде, 1982), алтын домбыра аңызы ізімен тарих қойнауынан өнер маржанын сүзген «Жаңғырық» (орыс тілінде, 1990), «Уақыт керуені» (1992) сияқты іргелі зерттеу еңбектері, этнография, археология мамандықтары бойынша тарих ғылымы аясында, Одақтық ғылым академиясының Сібір бөлімшесі ғылыми кеңесінде (Новосибирск) қорғалған кандидаттық диссертациясы арқылы да Өзбекәлі Жәнібеков мәдениет тарихынан өз орнын ойып

алған дара тұлғалардың бірі болып ұрпақтар көкірегінде қалар еді. Ал, жоғарыда бізді қайран қалдырған, жанқияр іскерлік пен жауапкершілік-парызды сезіну мәйегі тұрғысынан қабылданар, елдік мұратымыз үшін деп он-сан жаңа басылымдар дайындаудың құрастыру, жинастыру, тыңнан жаздыру, әдеби өндеу-жөндеу, жетілдіру тәрізді ұшы-қиырсыз «қара жұмысына» белшесінен батып отырып, бәрін қатар жүргізіп, өзінің өзекжарды ғаламат кітаптары-қазыналық құны әлі жөндеп айқындалмаған, қазақ сәулеткерлігінің ғылыми шежіресі «Жолайырықта» (1995) мен уақыт, заман, ұрпақтар сабақтастығын жырлайтын қос томдық «Тағдыр тағылымын» (1996,1997) сыйлап кетуі Өзбекәлі Жәнібеков есімін, қаламгерлік құдіретін, қасиетін қазақ мәдениетіндегі айрықша құбылыс ретінде қарастыруға жеткілікті негіз бола алады ғой дейміз.

Заманы бір асыл ағаның сонау республика жастары ұйымын басқарған, кейінде мемлекеттік, мәртебелі, әр түрлі жауапты қызметтер жүгін көтерген ай тұғырлы кездерінде жұмыс ыңғайына да қарай, әр қилы жүздесу, кездесулерде салмақты баяндамалары мен парасатты сөздерінен де арман-мұратымыз үндесер жан жылуын (жантартуын) шет-жағалап сезіне жүріп, күндердің күнінде, өзін бірыңғай өнер болашағы мүддесіне бағыттаған, жазу үстеліне басыбайлы шегелеген ең берекелі жылдарында бұрынғыдан бетер жақынырақ, бауырлас-сырлас бола алғаныма шүкіршілік етемін. Көңілжықпас, көзбояушылықты кешірмейтін кескекті ер мінездері мен құлазыған сәттерін де көргенмін.

Ондаған жылдар бойы ел арасынан, бүкіл мұражай, театр қорлары мен көне қолжазба-басылымдардан сұлбасын айқындап, тірнектеп жинаған, құрастырған, ою-өрнек, әшекей, жемелек нобайларынан қалпына келтіріліп, суретшілер жаңғыртқан, мыңға тарта көркем суреті (слайды) түсірілген, ел тарихының екі жарым ғасырлық ырыздығы қамтылар үш тілді «Қазақ киімі» альбом-кітабы қаржы тапшылығынан бес-алты жыл сарғайып жатып-жатып, 1996 жылы ғана алғашқы жартысы түпнұсқа әрі сақталмай, ажар-өңі солғындау жарыққа шыққанда, ағамыздың бәлкім шамадан тыс қорланып, жан күйзелісін бөлісу үшін шақырғаны да жадымызда. Бірақ біз осының бәрін қуаныш-қызыққа балап, көңілін жұбатудан басқа не қайран қылдық. Қазіргі ел жақсылары мен зиялы қауым, мәдениет мұратына риясыз демеушілік жасаймын деген қаржылы азаматтар, қалай дегенмен де, ғылым, өнер қайраткерлері, тігінші, суретші-модельерлер, оқытушылар мен студент жастар үшін баға жетпес мұндай дүниені ерте ме, кеш пе, түпнұсқасына қылдай қиянат жасамай, қаз-қалпы, толық тұрқында қайталап жарыққа шығаруға құлшына кіріссе, ел үшін тындырылар абыройлы істің ең төресі осы болар еді.

Адам баласының арманында шек бар ма? Жүріс-тұрысы шектеліп, сырқат жеңе бастаған тұстарының өзінде ағамыз таяу жылдар тауқыметін бір қайырып тастағаннан кейін қазақ қырларын – қасиетті қоныс-қорған, қорықтарын қайта бір емін-еркін аралап, қастерлі ұғым, ғасырлық ескерткіштерге тағзым жасап оралуды көксеген (сол саяхатта мен асатаяғы болуға тиіс едім). Ал ол бәрі бірден көрінетін ғарыш көгінен қадірін білетіндерді Өзіне тағзым еттіріп, тізе бүктіріп қойды. «Енді бір аптадан кейін үйге де шығам» деген шалғайдан соңғы тілдескенімізде. Ал ол жолға шықты – мәңгілік сапарына, әулилер ордасына, өзінің Отырарына. Енді бүгінде оң-солмызды қадағалап, бізге тек өзінің таза бекзаттық биігінен қарайтын болды...

ҚҰДАЙ-АУ, ҚАЙДА СОЛ ЖЫЛДАР...

Алпысыншы жылдардың басы қазақтың Әл-Фараби атындағы Ұлттық мемлекеттік университетінің желкілдеген жас құрақтай студенттеріміз. Қолды-аяққа тұрғызбай алып бара жатқан кеудемізде желік бар, желік деген жеңіл сөз ғой жан дүниемізге ғайыптан жалын еніп кеткендей, еш дамыл тапқызбайды ғой, дамыл тапқызбайды. Жатақханада маза жоқ деп, қала шетіндегі пәтерші орыс кемпірдің аядай бөлмесін иемденіп, түн ортасына дейін өлең, дастан жазамыз. Апта сайын басымыз құралып талқылаймыз, қызыл кеңірдек болғанша даурығамыз, дауласамыз. Әбіш Кекілбаев үшінші курста жүріп Мопассанның «Өмір», «Жан мен Пьер» романдарын қазақшалайды, Төкен Ибрагимов қазақ Писареві боламын деп ақсақал ақындарға соқтығып сын жазады, Өтежан Нұрғалиев «у боп кіріп ішіме, жас боп шықтың көзімнен» деп ішкілік туралы ода жазады. Өз басым Уитменге еліктеп ұйқассыз ақ өлеңмен «Бүгінгі күн» атты ұзақ дастан жазып, онда-мұнда жүгірмеймін бе. Балағымызды шұбалтып, шәпкеміз қисайып, бірде, қыстың ортасы болып қалған уақыт, сол кездегі Сейфуллин даңғылы мен Гоголь көшесінің қиылысына «Қазақстан» кинотеатрының қарсысына орын тепкен республикалық комсомол комитетінің кеңсесіне келгенбіз. Жастар ұйымының бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібекұлы ағамыздың алдынан бір-ақ шыққанымыз бар. Бетіне жан баласын қаратпайтын мінезді кісі қабылдады, сөзімізді тыңдады. Үлкен басын оң иығына қондырып үнсіз сүзіліп отырды-отырды да былай деді:

— Өздерің лекцияға қатынасасыңдар ма, әлде өстіп даурығып, дауласып кеңсе кезіп жүресіңдер ме?

Сабақ жағы дұрыс екенін мағлұмдаймыз.

— Мәскеуде абстракционизм бе, имаженизм бе, әлдебір «измдерге» иек артып ауытқып бара жатқан Неизвестный, Евтушенко, Вознесенский секілділерді Хрущев оңдырмай сынағанын білесіңдер ме?!

Бұл жағынан да хабардар екенімізді айтамыз. Ой еркіндігі, шығармашылық белсенділігі дегенге шектеу қойылмаса екен дейміз.

— Түсінемін. Соцреализм жолынан ауытқып бара жатқан боз-өкпе болдыңдар ғой, сірә, әйда, сабақтарыңды оқыңдар, ақырын жүріп, анық басыңдар, – деп біраз кейіп алды.

Партияның нұсқаған жолынан адаспаңдар, оқыған, үйренген дұрыс, әйтсе де еркін ойлаудың жөні осылай екен деп саяси науқанға топырақ шашпаңдар... деп, тағы мол-мол ақыл айтып, «барыңдар, ізденіңдер!» деп шығарып салды. Мойнымызға су кетіп, ұнжырғамыз түсіп қалды. Ашуы аузында екен ағамыздың, есік түбіне тақап қалған бізді дауыстап, қайыра шақырып алды. Өзі орнынан қопарыла қозғалып түрегелді.

— Алдыма әділет сұрап келгендеріңді түсінемін. Ізденгендерің жақсы. Әйтсе де мына ұйқассыз ұзақ дастандарды, дәйексіз сөзбұйда пәлсапалық трактаттарыңды «басыңдар» деп газет-журналға бұйрық бере алмаймын.

Одан да күні ертең осындағы үлкен залға жиналып, талқылаңдар, пікірлесіңдер, – деп кеңес берді. Қуанысып, қауқылдасып қалдық. Ушығып тұрған заманда арызымызды тыңдағанының өзі ғанибет еді.

Меселімізді жықпай, бетімізден қақпай сөйлесті, ой бөлісті, сосын Орталық комитеттің үлкен залына «жиналып, шығармаларыңды талқылаңдар» деп рұқсат алып берді. Біле-білген кісіге осының өзі үлкен адамгершілік жағдай еді.

Аптаның аяғында Орталық комсомол комитетінің үлкен залына жиналып алып әдебиет бірлестігінің мәслихатын өткіздік. Өзім мінбеге шығып, бір сағаттай «Бүгінгі күн» деп аталатын ұйқассыз дастанымды оқыдым. Ақ өлең үлгісімен жазылғанымен ойы, ырғағы поэтикалық ой болатын. Жалпы, өмірде поэтикалық ой, прозалық ой болатынын, бірімен-бірін ешқашан шатастыруға болмайтынын, әдеби жанрдың өзіне лайықты мінезі, ырғағы, оралымы болатынын біліп, түсініп қалған кезіміз ғой. Дастан көпшілік жастарға ұнамады, ащы сын айтып сөйледі. Екі кісі ғана мені жақтап сөйледі, бірі – Асқар Сүлейменов, екіншісі – Жүсіп Қыдыров болды, өзгесі жүндей түтіп, қой ішінен құбыжық көргендей атойлап шошына жамандағаны есімде қалыпты. Бір күн өте «Лениншіл жас» газетіне: «Абстракционист ақынның дастаны талқыланды», – деп, 30 жолдай хабар басылды.

Бұрқ-сарқ еткен буымызды осылайша біраз басып алған соң, тағы да бұрқыратып жазып, сабаласып айтысып, қызыл кеңірдек болып жүріп жаттық. Әбіштің, Қабдештің және осы жолдар авторының алақандай жұқалтаң өлең кітаптары жарық көрді. Бір күні Орталық комсомол комитеті, бірінші хатшы Өзбекәлі Жәнібеков шақырып жатыр деп үйге қыздар телефон соқты. Бұл 1970 жылдың ақпан айы болатын. Бардым. Өзекең көп күттірмей қабылдады. Амандық-саулықтан соң хал сұрады.

— Қалай, ұйқассыз дастан жазып жүрсің бе? – деп суық жымыып сауал қойды.

— Өлеңді қойғанмын, Өзеке, – дедім.

— Неге? Баяғы талқылау жаныңа батып кетіп пе еді?

— Өнердің өзі қым-қиғаш талқы ғой, аға. Алда әлі талай талқы, сынау, мінеу, кекету, мұқату күтіп тұрғанын түсінемін. Мінезім поэзиядан гөрі прозаға көбірек ұйқасады екен, соны сездім де өлеңнен ат басын бұрдым. Өмірге өкпем жоқ. Прозалық кітаптарым шығып жатыр.

— Ә, ендеше дұрыс екен, – деді Өзекең, – әйтеуір, баяғы талқылаудан кейін тауың шағылып қалмады ма екен деп ойлап жүр едім. Ал, енді Қазақстан комсомолының съезі келе жатыр, соған шығармашылық ұйымдардың атынан бір кісі сөйлегені жөн, сені құп көріп отырмын, қалай, сөйлейсің бе?

Сол жылдары «Жазушы» баспасында аға редактор болып істейтін едім, ал баспа Қазақстан Жазушылар одағының үйіне орналасқан, екі мекеме бойынша комсомол ұйымы жалғыз ғана болатын. Сол құйтақандай ұйымға жетекшілік етіп жүрген жайым бар еді. Мұның алдында ғана Алматы облысының комсомол конференциясына қатынасып, конференция өзімді көктемде өтетін бүкілодақтық жастар құрылтайына делегат етіп сайлап жіберген. Өзекең қолқа салып отырған соң, келістім. Көп ұзамай Абай атындағы опера және балет театрында дүрілдеп өткен жастар құрылтайында өзім құралпылардың шығармашылығы хақында қысқаша сөз сөйлеп шықтым.

Мұның бәрін жіпке тізіп отырған себебім: Өзекең ағамыз сол жылдары кімнің не жазып жүргенін, қай жастың қалай шыға бастағанын жіті қадағалап, оқып, тоқып жүреді екен. Тұманбай, Қадыр ағаларымызға жастар сыйлығын өз қолымен қуана тапсырғаны әлі күнге көз алдымда. Мұхтар Шаханов құрдасыма да көп қамқорлық жасап жүрді. Оты мол, тегеуріні мықты ақынды көтермелеп, ылғи жақсы қызметтің тізгінін ұстап жүруіне қол ұшын беріп, ақылын аямағаны бәріміздің есімізде.

Өзекең ешқашан руға, жерге бөлмейтін, кісінің қабілетіне қарап бағалайтын, халықтың ұлы болып сөйлейтін. 70 жылдар басында Өзекеңмен бірге түскен суреттер көзіме әлі оттай басылады.

Өзекеңнің аса жақсы көріп өткен Әзел есімді немересі бар, өзі қазақша сайрап тұр, мақала, өлең жазады. Сол немересін есіне алған сайын «Менің мұрағатыма, қолжазбаларыма ие болатын сол, естеліктерімді сол қызым басқызады», – деп мақтанышпен айтып отырушы еді. Айтқаны келіп, сол немересі қазір жап-жақсы мақалалар жазып жүр.

Айтқаны қате кетпейтін ағамыз, әсіресе, республиканың мұражай дәстүрін қалыптастыруға қыруар еңбек сіңірді. Бұл күндегі Орталық мұражайға, Отырар қорық-мұражайына, Арқалық мұражайына сіңірген еңбектері қыруар. Әсіресе, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи комплексіне көп тер төгіп, еңбек сіңірді. Сол кезеңде өз басым «Құм жұтқан қалалар» атты тарихи-этнографиялық кітабымды жазып, баспаға әзірлеп жүр едім. Өзекең көп ақыл-кеңес айтып, Әмір Темір дәуірінен мол-мол мағлұматтар беріп, соныға жетелеп салғандай кітаптың жақсы, қомақты шығуына ағалық қол ұшын, ақыл-кеңесін аямады, таршылық жасамады.

60 жылдар басында әдебиетке келген үлкен толқын ақын-жазушылардың сырбаз сындарлы қамқоршысы, ақылшысы – Өзекең ағамыз еді десек, қай қаламдас қатарымыз болса да бас изеп келісіп, құптарына сенімім мол.

Әбіш Кекілбаевтың сөзімен айтсақ, Өзекең қилы заман жеткіншектерінің қатал бапкері, сындарлы қайраткері бола білді, өзінің биік рухын жоғары ұстаған күйінше – рухы мықтыларды тәрбиелеп өтті демекшімін. Рухың жоғалмасын арлы ақиығым, Өзекем!

*Әшірбек СЫҒАЙ,
профессор*

ҚАЙРАН ДА МЕНІҢ ӘЗ АҒАМ, ӨЗ АҒАМ

Қайсы біреулерде оғаштау бір мінез пайда болды. Ол білсін-білмесін естелік айтуға деген үйірсектік. Пәлендей аралас-құралас болмаса дағы, қызметтес болмаса дағы есепсіз естелік сөздерін судай сапырады ау, шіркіндер... Әр жолы соны байқаймыз. Шәмші (Қалдаяқов) жайлы... Мұқағали (Мақатаев) жайлы... Шынайылығы, солғын, ақиқатқа сараң жазбалар жеткілікті. Әрине, шындыққа сәйкестендіре сөйлейтіндер де жоқ емес. Оларға ішіңіз жылиды, еріксіз, құлақ асасыз. Жә, жарайды. Өздері білсін!

Міне, Өзағаң (Жәнібеков) жөнінде осы уақытқа дейін ләм-мим деп, жақ ашпаппын. Даңқы дүрілдеген қайраткер ағаның есімін естігелі қай заман. Баяғы комсомол кезімізден дегендей...

Тағдырдың жазуы болар, қаз тұрып, қатарға қосылып лауазымды (жастай) қызметтерге іліктік. Тіпті, атақты Өзбекәлі Жәнібековпен қатар, кеңсе қызметтерін бірге атқарысуға тура келді. Бұл турасында кейінірек...

Сонау 1974-ші жылға көшейін. Қазақстан мәдениет министрлігіндегі театр бөліміне басшы болып, бекітілген бетте Арқалық қаласына жүруге тура келді. Іссапардың мәнісі сондағы Торғай облыстық жаңадан құрылған музыкалық драма театры ұжымының репертуарын көріп-білу. Олар Алматыға өздерінің алғашқы гастрольдік сапарымен келіп қайтпақ. Даярлық қай деңгейде соны саралауым керек. Жергілікті мәдениет басқармасының қызметкерлері, театрдың жетекшілері қасымда.

Күн сайынғы әзірліктен титықтаған театр өнерпаздары сахна төрінен түспейді. Көркемдік жетекші Жамбылбек Есенбековте ес-түс жоқ. «Айман-Шолпанмен» алысып әбден шаршаған. – Ойбай, Әшеке, обкомның хатшысы Өзекеәлі Жәнібековтің өзі келіп көрмек. Ол кісінің қаһарына ұшырасақ, біттік дей бер. Алматыны өңіміз түгілі, түсімізде көрмеспіз деп, – безек қағады.

Сырттай есіміне қанық кісіні көргенше асықтым. Артистер де аз-кем үрейлі. – Ол кісі бір қойылымды да назарынан тыс қалдырған емес. Тіпті әзірлік кезінде тапжылмай залда отырады. Көрмегенімізге бірер-ақ күн өтті. Жаңадан құрылған жас облыстың мың-сан шаруаларынан қолы тимей жатса керек. Бәрібір міндетті түрде театрға келеді. Бәрін де өз көзімен көрмей жаны тыным таппайтын тым жауапты адам деп – даурығысады, кілең бір сайдың тасындай, атақты Щепкин училищесінің талантты түлектері, әрқайсысы өз рольдеріне сай екендіктерін сездіріп. Айтқандарындай сол кездердің өзінде-ақ, аты аңызға айналып үлгерген обком хатшысы театрға кіріп келді. Келген беттен әй, шәй жоқ залға қарай жүрді. Бір-бірімізді жүзбе-жүз көріп тұрғанымыз сол:

— Әшірбек, келгеніңнен хабардармын. Облыс орталығынан, мұражай ашқанбыз, соның асай-мүсейлерін іздестіріп, алыс аудандардан оралған бетім осы, – дейді қайран Өзекең шаршаңқы үнмен.

Даусы сәл қарлығыңқы, жүзі күнге тотыққан. Ажары келіскен көрікті де мүсінді кісі екені көзге ұрады. Артистер қауымы да дәл бір әкелерін көрген сәбилердей қуанысып, тіпті қайсыбіреулері қол соғып та жіберді. Демалыс бөлмесінде даяр тұрған шәй-пайға да мойын бұрмастан тура барып, залдың тоғызыншы-оныншы қатарынан орын еншілеген хатшы, қоюшы режиссерге «бастаңдар» дегендей ым қағып, басын изегені сол, «Айман-Шолпанның» қытықты әуендері театр түңдігін көтеріп ала жөнелгендей болды.

Хатшы басымен мұражай бұйымдарын іздеп, ел аралап жүргені, неткені? Басқа кісі құрып қалып па – деймін, іштей жаңағы естігендеріме иланыңқырамай. Өзекеңнің екі көзі сахнада. Талантты актер Мұхтар Манапов ойнап жүрген Көтібар батырдың ебедейсіз іс-қимылдарына шек-сілесі қата күледі. Жас баладай сенгіш хатшының мына пішініне сүйсінбеске амал жоқ. Сахнадағы айтылып жатқан әндерге үн қосып қояды. Даусы құлаққа жағымды-ақ. Әлдеқалай оғаштау көрінген тұстарды аса жақтырыңқырамай, қолындағы қойын кітапшасына қайта-қайта үңіліп, әлденелерді түртіп қояды. Қараңғылау залда не түртіп жатқанын бір Құдайым білсін!

Хатшылықтан гөрі театр маманына лайықты кісі екен, – деп ойлап қоямын сахнадан көз ала бере.

Әзірлік аяқталды. «Хатшы не дер екен», «Алматыдан арнайы келген министрліктің өкілі не айтар екен» – дегендей бүкіл ұжым мүшелері біздер жаққа құлақ тіге қалған. Өнер десе өзегін жұлып берер жарықтық Өзекең қойылым жөнінде көп нәрселер айтты. Жекелеген рольдерге байланысты білдірер пікірлері де аса мағыналылығымен көңіл баурап жатты. Артистер қауымы сілтідей тына қалған сәт еді. Кенет... кенет Өзекең жаңа ғана өзі шек-сілесі қата күліп отырған Көтібар кейпіндегі Мұхтар Манаповқа қаһарын төге жөнелгені бар емес пе? Қайран қызба мінезді, Өзағам – ай! Сондағысы етек-жеңі мол, қазақы ақ дамбал, ақ жейде киген Көтібардың белбеуі дұрыс байланбапты. Қазақ үрдісінде егде кісінің дамбал бауы күрмеле байланып, оның бір ұшы екіншісінен ұзынырақ салбырап жатуы керек екен. Мұхтардың көзі атыздай болды. – Өткенде де айтып едім ғой, – дейді, Өзекең күйіп-пісіп. Ақырында сахнаға атып шығып, актерге дамбал бауды қалай күрмеп байлаудың әдісін үйрете

бастады. Сырттан қараған кісіге күлкілі көріністер. Бірақ шындығы сол. Не керек көп ұзамай Алматыдағы гастрольдерін өте табысты өткізген Торғай жерінің жас театры көпшілік көрерменнің зор қуанышына ие болды. Одан бүкіл республикамыз хабардар. Артистердің біразы түрлі мемлекеттік марапаттарды еншіледі. Мұның барлығына да бас-көз бола білген, әлбетте, белгілі руханият қайраткері өзіміздің Өзбекәлі Жәнібеков болатын.

Жәнібеков Қазақстан Орталық Партия комитетіне бөлім меңгерушісі қызметіне бекітілді. Одан Қазақстан Мәдениет министрінің орынбасарлығына ауысты. Міне, сөзімнің басындағы «ол турасында кейінірек» деуімнің сыры осы тұста ашылмақ. Тағдырдың жазуымен Орталық комитеттің мәдениет бөлімінің нұсқаушылығынан мен де осы аталған уәзирят аппаратына министрдің кезекті орынбасары қызметіне тағайындалдым. Мәдениет министрі Жексенбек Еркімбеков ағамыз. Бұл күндері қадірлі азамат зейнет демалысында. Өзекеңнің мойнында Қазақстанның бар мәдени – ағартушылық мекемелері мен мәдени ескерткіштерінің өмірі түгесілмейтін жойқын мәселелері. Менің еншімде, театр, музыка саласы. Министрдің бірінші орынбасары Исаак Иванович Попов – деген жүзіктің көзінен өтіп кетерліктей «өтімді» ұлттың өкілі. Министріміздің алды кең, жайлы кісі. Тыным таппас бейнетқор жан. Көбінше өнер жағымен айналысқанды жөн көреді. Ал Өзағаң болса, өз саласын әбден меңгергені сол, қашан кірсең де алды толған қағаз, қолында салақұлаш ұзын қайшысы. Бірін қырқып, бірін желімдеп, төмен қараған қалпы көл-көсір жазбаларына шұқшиып отырғаны. Сәлемдесіп, тіл қатысуға уақыты тапшы. Келген-кеткен кісіге көп сөйлеп уақыт шығындап жатар жан емес. Нұсқаулары нақтылы, ақыл-кеңесі қысқа, қашан көрсең де жұмыс үстінде. Оны аз десеңіз, басқа күндер құрып қалғандай сенбі, жексенбі қарсаңында алыс аудандарға, іссапарларға шығып кетерін қайтерсіз. – Бір күні таң атпай (қызметке ертерек келгенмін) аяғында керзі етігі, басында қамыстан жасалған көнелеу ши қалпағы, жолға шыққалы жүр. Әлдене есіне түсіп, кабинетіне кірсе керек.

— Алматы облысындағы ежелгі ескерткіштерді тізімдеуім керек, – дейді ол, амандық – саулық сұрасқан маған асығыс бұрылып. Кейінірек Өзекеңнің бұл мінезіне шек-сілесі қата күлген министр Ж.Еркімбековтің – «Торғайдың өлкелік мұражайын өз қолымен құрып, оны аз десеңіз, оның едендерін де өзі сырлап шыққан, сол кезгі обкомның білдей бір хатшысы, Жәнібеков жөніндегі аңызды естімеп пе едің? Өзекеңе бәрі де жарасымды» – деп көл-көсір күлкісін әзер шектегені бар.

Өзекең жарықтық, көп ұзамай Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығынан Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшылығына дейін көтерілгені жадымызда. Алматы аймағының руханияты әрқалай жанданып, одан кейін идеологиялық хатшы Өзбекәлі Жәнібековтің қажыр-қайраты арқасында ұзақ жылдар бедерінде аты-жөндері үнсіз жабық жатқан айтулы Алаш азаматтарының өмірге қайта келгендері, ұлтымыздың төл мерекесі Наурыздың оралуы бәрі-бәрі ел-жұртымыздың мерейін тасытып жібергені күні кеше ғана емес пе еді, ағайын! Сол Алаш арыстарын ақтау жөніндегі Орталық Комитетте өткен бірнеше жиындарға қатысқанымыз бар. Қатыгез Колбиннің қылышынан қан тамып тұрған шақ. Әр жиналыс жауапты. Қыршын кеткен аяулы ағалардың атын жаңғыртамыз деп, о жарбас аюдың ашуына тиіп кетпесек жарар еді, деп, қасақана көлгірситіндер де жоқ емес. Байқампаз хатшы оны да ескермей отырған жоқ. Әсіресе, үлкен тарихшымыз деп жүрген ғалым кісі әлі ертерек емес пе, сәл аялдай тұрсақ қайтеді – деп ыңырси сөйлеуден жалығар емес. Ондай күмәнді сыбыр – күбірлер Колбиннің құлағына

жетсе, оның аяғы немен тынары белгілі емес пе? – Мына қазақтарыңның өзі көп нәрселерден күдікті екен, қоя тұралық десе болғаны, тәуір басталған іс аяғының біржола құрдымға кетпесіне кім кепіл?!

Ойға алған идеясынан оңай айырыла қояр Жәнібеков пе екен? Бірде толқып, бірде тұнжырап қара терге түседі. Колбинге теріс жеткізетіндердің барлығын да іштей сезген ол керісінше: – Қадірлі халайық, Алаш ардақтыларын арашалауға осы тұс қолайлы, Колбиннің қолымен жасап алғанымыз абзал – деп безере тіл қатады ол, жиынға қатысып отырған алқалы қалың топқа сынай көз тастап. Міңгірлегендердің мысы басылып, шын тілекшілердің тасы өрге домалағанын сол жолы өз көзімізбен көрдік.

Өзекең Орталық комитетке барар алдында бес айдай Мәдениет министрі лауазымын иеленгені мәлім. Сол бес айда жазылған қаулы-қарарлар мен қабылданған шешімдерді салмақтауға ешбір таразының тілі шыдамас, тәйірі.

Министрдің орынбасарынан гөрі күндіз-түні зыр жүгірген қолбалаға айналып кеткендей болдық. Өзі де тыным көрмейді, өзгеге де тыныштық бермейді, жарықтық! Сенбі күндерді онсыз да ұмытқанбыз, жексенбі күндері жұмысқа шығуымызды талап етеді. Бұртыңдап, бәлсінуді уақыт көтермейді. Колбиннің кезі... Күнде тексеріс. Күнде ауыс-түйіс. Қыл үстінде күй кешкен қысылтаяң кезең.

Өзекеңнің қағаз жазуында бір мін жоқ-ау, бір мін жоқ. Қағаз көрсе, тап береді. Қазақша, орысша демейді, судай сапырады. Қағаз бетінен шимақталмаған бір шөкім жер таппайсыз. Бұрыштары, қырлары түп-түгел қалам іздері. Тапсырма берген бетте, кабинетіне кірген замат алдыңа бос қағаздарды тастай береді. Сол жерде тапжылмай отырып, келісілген мәселені бір деммен жазып шығуыңды талап етеді көбінше. Оған қайсібір қызметкерлер дағдыланбаған. Өзімен-өзі оңаша отырып жазып-сызғанды қалайтындар бар.

Өзекең төл әдетінше күйіп-пісіп жатқаны. Қызбалау еді, қайран аға! Сабырлы, салиқалы қалпын да сақтай білетін. Кейде шыдамсызданып, шыр-пыры шыға күйгелектене жөнелетін. О кісінің ол мінездерін өзімен қатар қызмет атқарған – Ж.Еркімбаев, И.Попов, Ғ.Бибатырова, Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков және осы жолдардың авторы әбден жақсы білер едік. Жұмыс десе, жанын салатыны әмбеге аян еді. Ол турасында аз айтылып, аз жазылған жоқ. Сонау комсомолдық екпіннің ырғағынан өле-өлгенше айнамай өтті деуге болады. Қоғамшыл, мемлекетшіл, халықшыл қалпынан ажырамаған күйі өмірден көшті, асыл азамат!

Әй, қайсыбірін айтарсыз?! Қызық мінездері, күлкілі қылықтары да сирек болмайтын.

Республика сарайындамыз. Кезекті бір жауапты үкіметтік концерттің даярлығы жүріп жатқан. Мен министрдің орынбасары ретінде қайсыбір жекелеген кемістіктер жайлы пікірлерімді айтып, орындаушыларға сәт-сапар тілеп енді тарағалы отырған сәтте, Мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібеков кіріп келді үстімізге. Өнер қайраткерлері дүрлігісіп, министрмен жапатармағай амандасып дегендей елеңдесе қалысты.

Б.Төлегенова, Б.Досымжанов, З.Райбаев, Б.Аюханов, Н.Тілендиев, Ш.Қажғалиев сынды өнер саңлақтары да ортамызда. Әңгімеден-әңгіме туып, сөз ауаны қазақтың би өнеріне ауысты. Өзекең сөйлеп кетті. – Би өнері қазақта болған ба, болмаған ба деп көкіп жүргендер қателеседі. Торғай өңірінде былай, Сыр бойында олай билейді деп тіпті қолдарын сермеп, аяқтарын қозғап-қозғап қойды. Билеп кетпесе, не қылсын деп қипақтап, қыпылықтап мен тұрмын. Өзекең қызбалана келе, қазақ балейтмейстерлерінің фантазиясына шек келтіре сөйлегендей болды. – Қашан

көрсең, сол баяғы қыбыр-жыбыр аяқ қолдың ебедейсіз үйреншікті қозғалыстары. Бір мақам, бір қимыл. Айшықты суреттер жоқтың қасы. Мынау не? Мәселеңки, мынау да би ме екен – деп оң аяғын көтере, сол аяғының өкшесімен шыр айнала жөнелгені... Қолдары аспанда. Сол-ақ екен, ең үздік деген хореографтарымыз Заур Райбаев пен Болат Аюхановтар орындарынан ұшып тұрып, қызараңдасып қалды. Әлбетте, мен оларды түсініп тұрдым. Таңдаулы би шеберлеріміздің шығармашылық шамдарына тиіп кеткендей болды, мәдениет министрі. Сәби мінезді Өзекең өз ойларын дәлелдеп, болар емес. Қос балетмейстер тоқашқа өкпелеген балалардай томпаңдап кетіп бара жатты. Қалған жұрт не істерін білмей едәуір дағдарысып-ақ қалған еді. Әйтсе де, Өзекеңнің би өнерінен мағлұматы мол екендігіне жұртшылық қауымының со жолы әбден көзі жетті. Адалдық, әділдік деген сол! Басқа министр дәл солай, кәсіби ортада білгендерін ортаға сала қояр ма еді? Әй, қайдам! Өзекең марқұм қаймығып, қымсынбайтын кісі еді. Көп білетін. Көпті көрген асылдардың бірі еді. Аспапта ойнау, ән салу, буын билерін былқылдату ол кісі үшін аса қиын міндет еместін.

Ұстанымға беріктін. Айтты – болды. Орындатпай қоймайды.

Өзіне орынбасар кезім. Германиядағы көп күндік іссапардан таң ата оралып, жастыққа басымның тигені сол-ақ екен, телефон безілдеп қоя берді. Мезгілсіз соғылған қоңырау үнінен атып тұрып, трубкаға қол создым.

— Әшірбек, аман-сау оралдың ба? Білемін. Шаршап келдің. Әйтсе де, жауапты тапсырма бар. Бүгін Дондағы Ростовқа ұшуың керек. КСРО-ның жаңа Мәдениет министрі Захаров өнер жөніндегі өзінің алғашқы жиындарының бірін сонда өткізбекші. Өзім баруым керек еді, Орталық комитет жібермеді. Мәскеу арқылы ұшасың. Ресей, Украинадан кейін Қазақстанның есебі тыңдалады Сөзге даярлан, – деді әр сөзін нығарлай айтатын әдетіне салып.

— Оу, Өзеке, Өзбекәлі Жәнібекұлы, жарты айдан астам жол соқты болып, алыс жолдан пойыз жол арқылы елге әзер жеткен маған қарап қалып па, сол жиын! Бармай ма, әлгі Кутовой, ол да орынбасарыңыз ғой. Ұйқы жоқ, демалыс жоқ, бұл қандай бейнет болды – дей беріп едім.

— Әй, Әшірбек, кәрі жынымды келтірме, Кутовойың Қазақстанның қай өнерін біліп жатыр? Сауалдарға берер жауабы қайсы оның? Кімді жіберерімді мен жақсы білемін. Андриясян, Мәмбетов, Тұрлымұратовтар кеше кетіп қалды. Тез, жолға шық!

Ал, әйтпесе... Сөз тәмам. Көп кешікпей көмекшісінен іссапарлық қағазымды, арғы-бергі билеттерімді беріп жіберіпті. Әлі ұйқыдағы балаларымды да еркелетуге, тіпті Министрліктегі кабинетіме бас сұғуға да мұрша бермеген Өзекең сол күні мені Мәскеудің Быково әуежайы арқылы сонау Дондағы Ростовқа жетуімді талап еткені ешқашан есімнен шыға қоймас.

Қысқасы, өмірдегі өз ұстанымдарынан тапжылмай, қазақ мәдениеті мен өнеріне өндіре қызмет еткен асыл азамат, белсенді қайраткер, аяулы жанның адам айтып тауыса алмас қасиеттері жетерлік. Жаны жәннатта болғай, жан ағаның...

ДИДАРҒАЙЫП

Жетінші сыныпта оқып жүргенімізде бізді комсомол қатарына қабылдау үшін дайындай бастады. Жаттамайтын бәлеміз жоқ. Пратияның көсемдері, комсомолдың ордендері, футбол командаларының құрамдары... Тбилисидің «Динамосында» кімдер ойнайды десе сайрай жөнелеміз.

– Месхи, Метревели, Чохели...

– «Лениншіл жастың» редакторы кім?

– Шерхан Мұртазаев.

– ҚЛҚЖО Орталық комитетінің бірінші секретары кім?

– Өзбекәлі Жәнібеков! – деп тақ етеміз. Бізге Чохели мен Жәнібековтің айырмасы шамалы. Тек атын білсек болды. Аралдың қарақұмына сұғынып жатқан Құлжанбай ауылында 1963 жылы есімін Сапарғали ағай жаттатқан сол Жәнібеков ағамен ширек ғасырдан соң қоян-қолтық араласам деп қыр баласы қайдан ойласын?!

– Орталық комитеттің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің үстелінің үстінде сенің кітабың жатыр. Маған бір өлеңіңді оқып, қатты мақтады, – деп бастығым Сағат Әшімбаев қуанып келді.

– Енді жаман болмайсың! – деп Қайрат Жұмағалиев ағам желпініп қояды.

Ақындар айтысы өтерде бір, өткен соң бір ЦК-ға шақырып алып, әкемді танытып жіберетін қаһарлы хатшы жазған, сызғанымды мақтап жатыр дегенде онша иланыңқырамай жүр едім, Науырыз мерекесіне байланысты теледидардан сөйлеген сөзінде менің «Ұлытауға бардың ба?» – деген өлеңімнен үзінді оқып, шынымен-ақ төбемді көкке тигізді.

Бір сенбі күні Өзекең Сағат Әшімбаев екеумізді шақырып алып, ұлттық рух, дәстүр мен салт, тіл мен әдебиет жөнінде ұзақ кеңес құрды. Әртүрлі жиындарда, басқосуларда құлақты жауыр еткен қысыр кеңес емес, елдің, ұрпақтың қамын жеп, болашағын болжаған кемел ойлар, көреген пікірлер ортаға түсті. Қасаңдау, қатаңдау көрінетін хатшы осы жолы алысты аңғартатын ақылгөй аға кейпінде ашылып сөйледі. Арқалықтағы мәдениет үйінің қабырғаларын өз қолымен бояп-сырлағанын еске алғанда, бұл кісінің қарапайым болмысы өз топырағымыздан екенін танып, іштарта түстік. Айтқан ақылы да, жүктеген тапсырмалары да, партия қайраткерлерінің әдеттегі нұсқауларынан гөрі, қанаттас, пікірлес кісінің қамқор пейілі іспетті еді. Түс әлеті болғанда:

– Осы екеуіңде үй-күй жоқ па?-деп сөз ауанын оқыс өзгертіп.

– Неге, Өзеке? Бар болғанда қандай.

– Бар болса, осындай қаға берісте төрлеріңді көрсетіп, хатшыға үйлеріңнен шай бермейсіңдер ме? Ал қайсыларыңның үйінен түстік ішеміз?

Сағат екеуміз басымызды ала қаштық. Біздің түсінігімізде хатшыға үй көрсету үшін шабылып дайындалу керек. Аста төк дастарқан дайындалу керек. Аста төк дастарқан жайылу керек қой. Сағат Медеуге барар жолда бой көтерген бір әдемі үйге қызығып жүргенін, ол үйдің көше жақ бетіндегі бір әдемі үйге қызығып жүргенін, ол үйдің көше жақ бетіндегі қабырғасында тұлпар бейнесі ойып қашалғанын сөз етіп, сондай бір оңаша үйде ғұмыр кешуден артық бақыт болмайтынын айтып, қиялдың қанатына ілесіп кетті. Оның қиялының келісті болғаны соншалық, үшеуміз Орталық Комитеттен жедел шығып, әлгі Сағат айтқан әсем үйді көруге бардық. Әрине, осы

күнгі байшыкештердің салтанатты сарайларының көлеңкесі іспетті сол үйге қарап тұрып, талай қияли әңгіме айттық.

– Өзеке, Сіздің де үй-күйіңіз жоқ па?-деп қалжыңдадым хатшыға бойым үйрене бастаған мен.

– Неге жоқ?

– Әлгі түстік мәселесін сол жерде неге шешпейміз дегенім ғой...

– Бір де бір!-деді Өзекең...

Өзімнің маңайымдағы адамдарға орынды-орынсыз көп айтылатын қалжыңдарымның бірін хатшыға осылай «өткізіп» алған соң, оны жиілете бастағанымнан шошынған Сағат марқұмның бірде «соңғы шара» қолданғаны есімде қалыпты. Әріптесіміз Төлеубай Қаймолдиновтың бір баласы үйленіп, тойы «Қазақстан» қонақ үйінің астындағы қызыл залда өтті. Мен тойдың орта кезіне дейін қатысып, одан соң Өзбекәлі Жәнібековпен бірге сапарға аттанып кетуім керек еді. Мені шығарып салып тұрған Сағат:

– Бақытжамал, мына күйеуіңе айтшы, хатшымен жездесіндей әзілдескенді қойсын. Осының қалжыңдарынан менің зәрем ұшады,- дегені бар. Дос пейілмен айтылған бұл кеңесті ескеруге ант-су іштім де, сол сәтінде-ақ ол уәдемді ұмытып кеттім. Өзағаның өзімсініп, іш тартқан бір ауыз сөзі менің ол кісіден қатер тоспауыма себеп болып жүр еді. Сенбі күні бір оңаша әңгімеден соң:

– Көлігің жоқ шығар. Жұмысыңа апарып тастайын ба?-деді Орталық Комитеттің терезесінен көрініп тұрған өз кеңсеме жаяу барып үйренген маған көліктің қажеті не?

– О не дегеніңіз, Өзеке. Өзім жетем ғой.

– Қой, апарып салайын. Жүр.

Мен «Волганың» алдыңғы орындығына отырдым. Хатшының шофері мені Тимирязев көшесінің Желтоқсанмен қиылысында түсіріп кеткісі келгенін аңғарған Өзекең:

– Телестудияның есігінің алдына дейін алып бар!-деп пәрмен берді.

– Әуре болмасын, өзім-ақ басқышпен көтеріле саламын ғой,-дей беріп едім:

– Тыныш отыр!-деді Өзекең.

– Көрсін сені хатшының өзі әкеліп түсіргенін... Жүйткіген машина зыр етіп жоғары көтерілді.

Есіктің алдында жүрген екі-үш орыстан басқа ешкім көзге шалынбады...

– Мыналардан басқа ешкім бізді көрмейтін болды-ау,- деп жымыды Өзағаң.

– Ойбай, Өзеке, осы үшеуінің көргені үш жүзге жайылады. Жетіп жатыр осы.

– Ендеше, бар жұмысыңа.

Машинадан түсе беріп, көз қиығымды салсам, не жүзінде, не жанарында күлкінің ізі жоқ.

Осы сәтті кейін сан рет көз алдымнан өткіздім. Бұл не? Қалжың ба? Қалжың болса, қамқор пейілден, мейірбан көңілден шыққан қандай әдемі қалжың; қатардағы қаратабан журналисті Орталық Комитеттің хатшысы жұмысына әкеліп тастап жатыр!

Тағы бір жолы кабинетіне шақырып алып, Ұлытау өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер туралы әңгіме айта бастады да, кілт сөзін доғарып:

– Айтқанымды неге жазып отырмайсың?-деп шүйліге сұрады.

– Өзеке, мен өзім ұлытаулықпын ғой. Сіз айтып отырған кесенелердің бәрін шарлап шыққанмын.

– Хатшы жазып отыр десе, жазып отыру керек! Одан да қаламым жоқ еді деп, шыныңды айтпаймысың! Мә, мына қаламды ал.

Қызыл сиялы қаламмен жазылған сол деректер менде әлі сақтаулы тұр. Арқадағы көне дәуір жәдігерлері туралы соншалық білгірлікпен айтылған әңгіме тарих докторының, архитектура докторының тұтас академиялық дәрісі тәрізді: қай ескерткіш қай дәуірдің мұрасы, қай ескерткіш қай кеңшардың аумағында тұр, оның өлшемдері қандай? Өзекең осындай көп деректі басында сақтай беруші еді.

– Сен адамдарың мен асай-мүсейлеріңді алып, дүйсенбі күні Жезқазғанның самолетіне шық. Бірге барып қайтамыз- деді сөз соңында. – Әлгі мен айтқан ескерткіштің бәрін киноға түсіресің.

Айтқан күні айтқан жерінен табылды. Кешігіп ұшатын ұшақтың ішінде дағдарып көп отырдық. Сөйтсек, Өзекең Саяси Бюроның мәжілісінде кідіріп қалған екен. Әлден уақытта аспанға көтерілдік. Өзекең алдыңғы қатарда, облыс басшыларымен бірге, біз – соңғы салондамыз.

Хатшының көмекшісі Сансызбайға;

– Біздің де осы самолётте келе жатқанымызды Өзекеңе айтып қой,-десем, сыралғы болған көмекші:

Бюрода біріншімен шайқасып қалып ашулы келе жатыр. Айта алмаймын!-деп басын ала қашады. Ал мен хабарымды білдіруім керек. Түскен соң қайда барамыз? Қай жаққа, қашан жүреміз?

Сансызбайдың септігі тимеген соң, алдыңғы салонға өзім барып, Өзекеңнің желке тұсына еңкейіп:

– Өзеке, мен де келе жатырмын,-деп сыбыр еттім.

– Келе жатсаң неғыл дейсің. Отыр орныңа!-деп дүңк ете қалды.

Жезқазғанға жеткен соң, ағайын-туысымыздың үйіне қонып, таңертең хатшы түскен резиденцияға келсем, Өзекең орналасқан бөлменің есігі шалқасынан ашық. Обкомның идеология жөніндегі хатшысы Сырым Сапарғалиев ортада кінәлі баладай түрегеп тұр. Жәнібековтің өзі көрінбесе де, ашулы дауысы естіледі. Кешегі қаһары басылмаған тәрізді, Сырымды жерден алып, жерге салып жатыр. Сыртта обылыстың әр түрлі деңгейдегі басшылары жол жүруге әзірленіп тұрғанын көргенбіз. Бір тобы Ұлытау жағына, бір тобы Жетіқоңыр-Сарысу бойына аттанбақ. Біздің қай топқа қосылатынымызды ешкім білмейді. Қаһарлы хатшының дауылы бір толас тапқан кезде есіктен басымды сұғып едім:

– Кел, әй! Шәй іштің бе?-деді Өзекең.

– Елдің іші ғой, жүрек жалғадық...

– Сен Ұлытаудан әрі асып, Арғанатының ішіне кіресің. Сырғанақтастағы балбал тастарды киноға түсір!-деді әмірлі дауыспен.

– Сіз ше?

– Менде нең бар? Мен Теректі әулие, Алашахан, Жошыхан кесенелерін аралап қайтам. Телестудиядан машина аласың да, қазір жүріп кетесің.

– Мен Арғанатыға бармаймын!-деп кесіп айтқан маған обкомның хатшысы үрке қарады.

– Неге бармайсың?-деп Өзекең де таңданып қалды.

– Ұлытау мен Арғанатыны көрмей жүрмін бе? Бұл жолы Сіздің әміріңізбен келдім. Сізбен бірге жүрсем, шаруам да оңға басып, тапсырмам да ойдағыдай орындалады. Өз бетімше кетсем, мені Ұлытаудың басшылары көзіне де ілмес. Қасымдағы орыстар аштан өлер!

Өзекең мырс ете қалды да, Сапарғалиевке қарап:

– Мына поэтқа кеспе алдыр!-деп әмір берді. Сапарғалиев асыға басып шығып кеткен соң:

– Мынау бір сауатсыз хатшы екен. Әй, бірдеңе ішесің бе? Туыстарыңа келіп, түнімен сілтеген шығарсың?-деп жүзін жылытты. Дауысында да зіл азайыпты.

– Қайдағы ішкен, Өзеке? Кешеден бері Сіздің қабағыңызға қарап, қалтырап жүрміз.

– Менің қабағымды қайтесің, берсе көжесін ішіп ал.

Мен кеспені тауысқанша ол барлық жоспарды өзгертті. Сөзге тоқтады. Алашахан, Жошыханды қойып, Арғанатыға бізді өзі бастап баратын болды. Көп кешікпей, шұбатылған көп көлікпен Ұлытауға қарай жолға шықтық. Облыстық телестудияның ескі көлігіне асай-мүсейімізді тиеп, соңдарынан ілескен біз кейін қалып қойдық. Орталық Комитеттің хатшысы мен облыс шенеуніктері мінген жүрдек «Волгалар» лезде көзден таса болды...

Сәтбаев қаласына таяу қырқаның басында бәрі иіріліп тұр екен.

– Әй, сен неге ілесіп отырмайсың?-деп маған дүрсе қоя берді.

– Қайдан ілесем? Телестудияның жаман «Москвичімен» тайға мінгендей тепеңдеп келе жатырмын.

Өзекең қарқылдап күліп жіберді:

– Тайға мінгендей тепеңдеп дейсің бе? Әлгі Қожамсейітов қайда?

Мынаған біреуі машинасын түсіп берсін!

Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, ертеде өзіме ұстаздық еткен журналист ағам Сағындық Қожамсейітов бұл топта жоқ екен. Сөйтсек, Өзекең мемлекет қарауына алған тарихи-мәдени ескерткіштер тізімін сұрапты да, ол тізімнің жалғыз данасы Сағындықтың үйінде ғана бар болып, соны тауып алып келуге Сәкең кері оралған көрінеді. Ол келгенше Рудник кенішіндегі тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру шеберханасын көрейін десе, ол шеберхананың қайда екенін облыс басшыларының бір де бірі білмейтін болып шықты. Білетін жалғыз Қожамсейітов тізімді іздеп, Жезқазғанға қайтып кеткен. Әлгінде ғана жадырап, менің көлігімді ауыстырып берген Өзекең қайтадан қабағын қарс жауып алып, қаһарланып кетті. Дауыл да тұрды, найзағай ойнап, күн күркіреді. Неше түрлі ызғарлы сөздер аспаннан бұршақтай жауды. Екі иіні түсіп кеткен обком хатшысына қарасаң, өзің де жылағың келеді. Арқаның төсіне тарих өзі орнатып қойған ескерткіштерді қалпына келтіретін жалғыз шеберхананың қайда екенін білмеу деген не сұмдық? Мәдени жәдігерге деген көзқарасың мынау болса, облыстың идеология жұмысы су түбіне кеткен екен ғой. Әй, сенің өзің...

Өлдік дегенде Қожамсейітов те келіп жетті-ау...

Жолға шықтық. Шұбаған шенеуніктерді Ұлытаудың күре жолына салып жіберіп, өзі ауаткомның «Уазигіне» ауысып мініп, қасына мені алды да, Жездінің іргесіндегі «Аяққұмыр» кешеніне бұрылды. Тоғыз ғасыр құламай тұрған кесененің тарихын біраз сөз етті. Осындай ескерткіштерді қалпына келтіретін шеберхананың есігінен бас сұқпаған шенеуніктерге неге ренжігенін айтып, аса қатқыл сөздерінің соңын жуып-шайғандай рай танытты.

«Аяққамырдан» өзен жағалап барып, талдың арасымен арғы бетке өтіп, күре жолға төтелей қосылатын ескі сүрлеу бар екен. Өзеннен өте бергенде екі аяқты мотоциклге бала мінгестірген біреу көлденеңдей берді.

– Ойбай-ау, мынау менің қайнағам ғой,-деп еріксіз дауыстап жіберіппін.

– Келіннің ағасы ма?-деп сұрады Өзекең.

– Иә, жалғыз ағасы Қабден ғой.

– Ендеше, тоқтайық. Амандас.

Қабекең бір тайыншасын жоғалтып, соны тал мен шидің арасын қағып іздеп жүр екен. Өзекеңмен таныстырып тұрсам, жоғалған тайыншасының ен-таңбасын, түсін айтып, Алматыдан келген кісілерден:

– Анау зираттың көлеңкесінен көздеріңе түспеді ме?-деп шаруасын түгендейді.

– Былай шыққан соң Өзекең:

– Әлгі қазақ шынымен сенің туған қайнағаң ба?-деп сұрады.

– Туған болғанда, бары да, нары да осы!

– Онда неге үйге жүр, шәй ішіп кет деп шалғайымызға оралмайды?

– Өзеке-ау, ЦҚ-ның хатшысы түгіл, ауданның хатшысын да түстеп танымайтын Қабекең сізді қалай үйіне шақырсын. Ол түгілі, Әшімбаев екеуміздің Сізді шақыруға шамамыз келмей жүр. Одан да машинаның алдында отырсыз ғой, әлгі тайыншасы түскірді қарай отырыңыз. Оң құлағында ойық таңбасы бар деген жоқ па. Үрпісінде пішпеден қалған ақ қылшық бар дейді.

– Жоғалшы әрі!-деді Өзекең зілсіз.

Шұбырған шенеуніктерге қайтадан қосылып, Кенесары қарауылының тұсында сусын ішкен соң, Ұлытаудан әрі асып кеттік. Арғанаты тауларына сұғына бере, жер ауырлады. Сай-сала, ойпаңның бәрі саз. Саздың бәрі – бауырмал. Жібергісі жоқ. Сондай бір иірілген тұста Өзекең шұғыл шешім қабылдап, шенеуніктің бәрі осы жерде тосатын болды. Ауаткомның уазигімен Өзекең, мен, кинооператор және ауданның орынбасар бастығы төртеуміз «Сырғанақтасқа» жүріп кеттік. Езілген ескі жолмен ұзақ ырғаңдадық. Шөлдедік. Машинаның Өзекең отырған алдыңғы орындығының арқалығында біраз шампанның басы ағараңдап, мені алаңдата береді. Орынбасардың аяғының астындағы қағаз қорапта да бірдеңе бар секілді.

– Өзеке, «Сырғанақтасқа» сау жетеміз десек, аялдап алайық. Таңдай жібітіп алмасақ, шөл қинайтын түрі бар,- деймін екіұштылау ұсынысымды желке тұсынан қылтитып.

– Тыныш отыр. Бәрібір тостаған жоқ.

Сипалақтап іздесек, шынында бұл көліктің ішінде адал ыдыс жоқ екен. Соның бәрін бұл кісі қайдан біледі?

Енді өлдік-ау дегенде «Сырғанақтасқа» да жеттік. Қырдың басынан біреу құйрығымен төмен сырғанағандай. Соның ізі тасқа айналған. Жалтырап жатыр. Балбал тастың біреуі ғана қалыпты.

Мен Торғайда жүргенде осы балбалдар көп еді,-дейді Өзекең. – Әркім тасып кеткен ғой. Өз тарихымызды өзіміз тонап жатырмыз. Мәдениеттегі дүмшелер – ең қатерлі жау.

Күйінген, ызаланған Өзбекәлі ағаның шарасыз қалпы әлі күнге көз алдымда. Қазақстан мәдениетін басқарған азаматтардың арасында Темірбек Жүргенов пен Ілияс Омаровтың даңқы мен дақпырты басылмай келе жатыр. Олардан кейін алашқа атағы жайылып, ұлттық деңгейдегі көсемге айналған тұлға осы Өзбекәлі Жәнібеков қана. Әйтпесе, мәдениет министрінің орынтағына отырған қай қазақ қауымның есінде қалып жатыр? Келеді – кетеді. Тындырғаны шамалы. Ұлттық масштабта мазаланып, халық тағдырының қамын жеп, ой кешпесе, осы бір сықырлаған ескі машинамен саз кеше отырып, сай жағалап Арғанатыға келіп, ашық аспан астындағы музей жасау туралы қиялын бізге баяндар ма еді?! Қайран асыл ағаның қанша аяулы арманы өзімен бірге өшіп кетті! Хатшының да шарасы шектеулі екенін көзімізбен көрдік.

«Сырғанақтастан» кештетіп кері оралсақ, сайда иіріліп қалған шенеуніктер бір жотаға шығып алыпты. Өздерін әбден маса талап тастапты. Бұлардың қоржынында

дәм жағы мен тостаған жағы мол екен де, күллі сұйық біздің көлікте кеткен көрінеді. Көрген күндері күн емес.

Осыны тез аңғарған Өзекең:

– Ей, поэт, манағы сусындарды әкел, – деді маған. – Бұлардың тостағандары қаңсып қалыпты ғой.

Жусан иісі бұрқыраған қырдың басында жұлдызды шарапты шалқалап тартатын кезде менің Сағындық ағамнан ши шықты:

– Өзеке, менің денсаулығым нашар. Бұған әуестігім жоқ еді,- деп безек қақты.

– Денсаулығың нашар болса, қызметтен өз еркіңмен сұранып кету керек,- деп Өзекең бір-ақ кесті. Әзілі ме, шыны ма – белгісіз. Облатком төрағасының орынбасары қызметіне енді ғана ілінген Сағындық ағай бір тостақ коньякты қиналып әрең ішті.

– Қожамсейітовке тағы құйыңдар, – деді Өзекең. Денсаулығы жаман емес көрінеді!

Сәкеңнің түрі бұзылып кетті. Өмірі ащы татпаған адамға екінші тостақ азаптың ең ауыры болып көрінсе керек. Орталық Комитеттің хатшысы бұйырып тұрған соң, ішпей көр! Денсаулығың жарамаса – қызметті босат деп тұрғаны анау...

– Өзеке, бұл менің ұстазым еді. Осы жолғы сыбағасын мен-ақ тартып жіберейінші, – деп киліге кеттім.

– Өй, сенің шөлің әлі қанған жоқ па? Іш ендеше ағаңның ішірткісін,-деп Өзекең жұмсақ жымыды.

Туған жерімнің төсінде, Өзағаңның рұқсатын алып тұрған соң, танымайтын ас емес, тайынатын не бар...

Ұлытауғатаянғанда біржолоңға айырылады да, Амангелді кеңшарының орталығы Сарлық ауылына алып келеді. Бұл – Баубек Бұлқышевтің, Камал Смайыловтың атамекені. Сол ауылдағы рабкоптың бастығы – менің жалғыз бажам Қазі Айтжанов. Жайшылықта менің келген-кеткенімді мерекеге айналдыратын Қазекең, хатшыны ертіп үйіне түсе қалсам түйе соятын шығар.

– Сол ауылға қонайық,- деймін Өзекеңе.

– Бажаң бізді күте ала ма?

– Күткенде қандай, Өзеке, шаруасы бақуат, көңілі дарқан адамдар.

Бұл пәтуәні есітіп тұрған обком хатшысы Сырым Сапарғалиев өзге шенеуніктерді ертіп облыс оралығына қайту беруге рұқсат сұрады. Ертең облыстық партия конференциясы. Қазақша айтқанда, сайлау! Өзекең Сырымды босатты. Жүйткіген машиналар жолдың айырығына да келіп қалдық. Батар күннің астында екі «Уаз» тұр. Тани кеттім. Амангелді кеңшарының екі бастығы. Директоры – Жақыпбек, парткомы – Жақия. Капоттың үстіне жайылған газеттің үстінен қойдың басы мен бірер жілігі көзге шалынады. Хатшыға жол үстінде дәм татқызып жібермекші ғой.

– Сендер мына газет дастарқандарыңды жинаңдар,- деймін ескі таныстарыма. Өзекең ауылға бұрылатын болды.

Ойбай, біз осы жерден күтеміз деп келісіп едік. Ауылда дайындық жоқ.

– Біз сендердің үйлеріңе түспейміз. Рабкоптың төрінде шалқиып жатамыз, – дейді әңгіме ауанын тез аңғарған Өзекең маған белгі беріп.

– Ол кісі үйінде жоқ шығар,- деп Жақыпбек бауырым безек қағады.

Сөз соңы сұйылған соң, «Уаздың» капотын қоршауға алдық. Құдайдың өзі үлкен хатшыны айдап алып келіп тұрғанда, ауылға жоламай, айдалада аттандырғалы тұрған екі бауырымды атып тастайын десем – оқ жоқ!

– Мына қойды ет комбинатынан алып келгенсіңдер ме?-деймін ызаланып.

– Ет комбинатың не? Өзіміз қолдан арнайы сойған мал. Өзекең дәм ауыз тиіп кетсін деп. Мынау – жамбасы...

– Қолдан сойсаңдар, мүшесі түгел болмай ма? Өзекең қойдың ішек қарнын ұнатып жейтін еді. Сирағы қайда?

Өзекеңнің нені ұнатып жейтінін мен қайдан білуші едім. Әйтеуір, ойдан шықпаған ауыл басшыларын мұқатып кеткім келіп, айтқан әңгімем ғой.

– Қымыз да әкелмепсіңдер ғой. Тостағандарың да жоқ...

Ауылдың екі басшысы жердің жарығы болса кіріп кетуге әзір сияқты.

Бірақ Өзбекәлі Жәнібековті Сарлыққа қарай қия бастырар емес. Ауылдың шекарасын жанқиярлықпен қорғап бақты. Күн де ұясына қона бергенде біз Ұлытауға қарай жүріп кеттік.

– Жаңағы екеуін өлтірдің ғой, – деді Өзекең мәз болып күліп. Дәл осылай риясыз күлгенін тұңғыш рет көргенім еді.

– Ет комбинатынан мал әкелдіңдер ме деген дауды қайдан таптың?

Ертесіне Өзекең облыстық партия конференциясына қатыспақшы болды да, біз Алматыға аттанып кеттік.

Түп-түзу жолдар, сықиған сапарлар есте қалмайды. Кісінің ұмытпайтыны – оқыс оқиғалар, қиғаш айтылған сөздер.

Өзбекәлі Жәнібеков Жоғарғы Кеңестің депутаттығына Батыс Қазақстан облысынан кандидат болып ұсынылып, сайлаушылармен кездесуге барды. Мені де ерте жүрді. Мәдениет министрі Ахметова, Оқу министрі Шаяхметов, Денсаулық сақтау министрі Ізмұхамбетов бірге барды.

Жолға шықпас бұрын, әдеттегідей, Жәнібековтің жеке «дәрісін» тыңдап, әжептәуір әзірліктен өткем. Әсіресе, Орда, Сайқын туралы деректерім мол. Барамын да, киноға түсіре беремін...

Оралдан тікұшақпен ұшып шығып, күн бата Ордаға келіп қондық. Қарсы алушылар қонақтарды бөліп әкетіп жатыр.

– Сіз және сіздің адамдар біздің үйге бөлінгенсіздер, – деді біреу жеңімнен жұлқып. Ауылдық кеңестің төрағасы екен. Мені қасымдағы екі орысыммен бірге әй-шәйға қаратпай ала жөнелді. Ауласы әжептәуір бір қазақы үйге алып келді. Осыдан кейін әлгі төрағаны көргеніміз жоқ. Ақиқатты айтар болсақ, арада он бес жыл өтсе де, әлі күнге көрген емеспін. Бізді әкеліп үйіне түсірді де де жоғалды. Аман болса, жарар еді...

Үйде шал бар екен, келін бар екен. Кемпір Орынборға ма, Саратовқа ма, әйтеуір Ресейдің бір қаласына сауда мәселесімен сапарлап кетіпті. Жерге жайылған жүдеу дастарқаннан шәй іштік. Ет алдымызға келгенде, қасымдағы екі әріптесімнен қысылып, қорланып қалдым: қыстан қалған сиырдың қақпыш етінен жайсыз иіс шығып тұр екен. Келін мойнынан қысып ұстап әкелген қисық арақ та жексұрын болып көрінді... Таңертең аулаға шықсақ, шал мал жайып жүр екен.

– Биыл қыс жайлы болды, малымыз күйлі шықты, – деп қой қорасына ертіп апарды. Шынында да құйрығы теңкиген біраз қойдың шаруасы бізден тәуір ме дедім.

Жәнібеков орналасқан қонақүйді тез тауып алдым. Министрлер есік алдында қыдырыстап жүр екен. Ішке кірсем, Өзекең ұзын үстелдің басында кеспе ішіп отыр.

– Хал қалай? – деп аңтарыла қарады.

– Хал нашар.

– Не болды?

– Бұл ауыл хатшысын сыйлағанмен, атшысын сыйламайды екен...

– Әй, өзің далаға түнегеннен сауымысың? Кел, отырып кеспе ішші.

Кеспені ішіп болғанша, кешеден көрген жайларды баян еттім.

Хабарсыз кеткен төраға, қақпыш ет, құйрығы төңкерілген семіз қойлар...

Өзекең ауданның бірінші хатшысы Бірманов дегенді шақырып алып, сыбағасын мол ғып беріп жіберді. Тысқа шықсақ, күн дауылдатып тұр екен. Кинооператорды

ертіп алып, Ордадағы тарихи ескерткіштерді түсіруге өзі кірісіп кетті. Хатшы емес, режиссер тәрізді.

— Былай түсір!-деп бұйырады. Отырады, қисаяды, жүрелейді. Жақындап, бірдеңе демекші болған Мәдениет министрін қаңғытып жіберді. Маңына кісі жуып болар емес. Кешеден бері хатшыға еркін сөйлеп, қалжың айтып жүрген Шайсұлтан Шаяхметов те шәй ішуге кетті. Бір пәленің менен шыққанын сезді ме, облатком төрағасы Владимир Гартман қасыма келіп:

— Бұл кісі неге ашуланып жүр?-деп қазақша сауал берді.

— Оны ана Бірманов деген хатшыңыз біледі!-деп мен де теріс айналдым.

Тарихқа тұнып тұрған Оралда Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей басшылығымен түсірілген осы телехабар «Қазақстан» телеарнасының қорында әлі күнге сақтаулы болса керек...

Оралға қайтып келген соң обкомның бірінші хатшысы Нәжімеден Есқалиев берген үлкен қонақасыда да қабағы ашылмады.

— Әй, поэт алдың ба?-дейтін бір ауыз сөзіне зар болдық. «Жайсыз» үйге қонғанымызды неменесіне айта қойдым екен» деп әлі күнге дейін өкінемін. Болар іс болды...

Өзекеңді соңғы рет Әуезов театрының сахнасында көрдім. Мырзатай аға Жолдасбековтің 60 жылдығында сөз сөйледі. Таяққа сүйеніп, ентігіп әрең тұр еді. Ер арыса – әруақ. Сырқаттың әбден жеңген шағы екен. Үзеңгілес інісіне пейілін білдіруге барған ағаның жүдеу кейпін көріп, өткен-кеткен ойға түсіп, мен де мүжіліп қалдым.

— Тбилисидің «Динамосы»

— Месхи, Метревели, Чохели...

— ҚЛҚЖО-ның бірінші секретары?

— Өзбекәлі Жәнібеков!...

Қамшының сабындай қысқа ғұмыр таусыншақ күнге келіп қалған екен-ау.

Биылғы көктемге салым Түркістаннан академик Рахманқұл Бердібаев ағамыз телефон шалды:

— Бұл анық сенсің бе? Сені телефонмен іздегеніме бір жұма болды. Ұстатпайсың. Осы сен Өзбекәлі ағаңды ұмыттың ба?

— Неге ұмытайын? Былтыр Арыстанбаба арнайы барып, басына тәуетіп, Өзекеңе құран бағыштадым. Өзекеңді ұмытсақ, кім болғанымыз?

— Бәсе, сен ұмытпасаң керек еді. Сені тәуір көруші еді ғой. Жұмыс бабында ұрысса, көңіліңе алып жүрме. Биыл Өзбекәлінің туғанына 75 жыл толады. Басқасын былай қойғанда, айтыстың аяғынан тұрып кетуіне де аз үлес қосқан жоқ қой. Сол ағаңа арнап бір айтыс өткіз, қарағым!

— Демеуші болатын кім бар?

— Демеушіні өзің тап. Бізден қуат кетті. Өз қолың өз аузыңа жетті ғой. Өзбекәліні ұмытпа! Ұмытылатын кісі емес қой...

Телефон дың-дың, дың-дың деп тұр екен. Менің басым да дың-дың.

Өзім демеушілікке тартып, әбден мазасын алып бітірген Амангелді Ермегияев пен Өмірзақ Сәрсеновтың алдына барып тағы бір рет жүгінуге тура келеді.

Өзбекәлі Жәнібеков ұмытылатын кісі емес қой!

06.11.2006

«Егемен Қазақстан»

**ӨЛМЕС ІС, ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН
ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ**

– Тоқсаныншы жылдардың орта кезінде Алматыдағы «Динамо» стадионына алакеуім бейуақта таңсәріден келетін зейнеткерлер арасына орта бойлы, мығым денелі, бір кездегі ашаң, аққұба жүзін әжім айғыздап тастаған қолында жіңішке тобылғы шыбығы бар, арық кісі келіп қосылды. Ол бірақ ешкіммен жақындаспай оқшауырақ барып, трибунаны ойын алаңынан бөліп тастайтын темір коршау қасында тұрып, жаттығуларын асықпай баппен жасайды да, сосын стадион алаңын бірер айналып, Интернациональнаядағы (қазіргі Сырбай көшесі) үйіне кетіп қалады. Әртүрлі жиналыстарда кездесіп, сәлемдескеніміз, жұмыс бабымен бірер пікір алысқанымыз болмаса, жақын таныстығымыз жоқ-ты. Бас изеп сәлемдесіп, қасынан өтіп бара жатқанда, бір байқағаным демігіп ауыр тыныстап, әлсін-әлі жәйімен тықтық жөтеледі екен.

60-жылдардың екінші жартысы ма екен, ол кездері мен Орталық партия комитетінің мәдениет бөлімінде жауапты қызмет істейтінмін. Бірде мені идеология жөніндегі хатшымыз Саттар Нұрмашұлы Имашев шақырды. Барсам онда Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы Өзекең отыр екен. Әңгіме бірден орыс қызы Надежда Лушникова жөнінен басталып кетті. Ол қазақ тілінде емін-еркін сөйлегенде шашасына шаң жұқтырмайды. Өлеңді жазбаша да, ауызша да шығарып, әр алуан айтыстарға қатысып, жүлде алып, көзге түсе бастаған. Өлеңдері жастар газеті, әйелдер журналы беттеріне жамырап көрініп жүрген болатын. Атақты ақынымыз, «Қырғи тілді Асқар» (Мұхтар Әуезов) Тоқмағанбетов оны Жазушылар одағына ертіп әкеліп таныстырған. Міне, сол жас талапты комсомол сыйлығына ұсынған екен. Ақылдасуға, пікір алысуға келіпті. «Жазушылар арасында пікір қалай?», – деп сұрады менен. – Қаламгерлер ала-құла емес пе? Оларда қалыптасқан бір пікір бола қоймайды дедім. Бірақ біздің тілімізді, қазақтың қара өлеңін құрметтеп, сол тілде өлең жазып жүрген орыс қызы біздің де құрметімізге лайық шығар, – дедім.

– Ендеше, келістік пе? – деп Өзекең Саттар Нұрмашевқа қарады. Ол кісі «келістік» деп алақанымен столды сипағандай болды... Сірә өздері мен келгенге дейін бір тоқтамға келген сыңайлы... Стадион алаңын айналып жүріп сөйлескен ұзақ әңгімемізде мен осынау жәйтті тілге тиек еттім.

1992 жылдың көктемінде Абай даңғылындағы кітап дүкенінен Өзбекәлі Жәнібековтің «Уақыт керуені» атты, «Жазушы» баспасынан 20 мың дана таралыммен шыққан кітабын алып, асықпай оқуға кірістім. Өйткені, жастайынан комсомол, партия қызметімен айналысып, оның бастауыш ұйымына жетекші болудан бастап, сатылай көтеріле келе, партия Орталық комитетіндегі идеологиялық секретарлығы қызметін үш жыл бойы жемісті атқарып, халқына, ұлтына қатысы бар көп-көп құнарлы істерді жүзеге асырып барып, денсаулығына байланысты зейнет демалысына шыққан азамат туралы жақсы-жылы лебіздер ел арасында кәдімгідей-ақ тарап кеткен-ді. Сол себепті де осынау оқығаны да мол, сол оқығанын ғұмыр бойы күнделікті іс-әрекеттерімен іс жүзіне асырып келе жатқан ойлы, саналы, адамның, азаматтың, қайраткердің жазбаларын хал-қадарымша мұқият, бар ынта-ықыласыммен оқуға тырыстым.

Кітаптың бірінші бөлімі «Тарих қойнауына үңілсек» атты танымдық очерктен бастап, «Жаңа мың жылдық табалдырығын аттарда» атты қазақтың қазіргі өнерінің жай-күйіне бағышталған соңғы мақаласына дейінгі жеті гәбі ұлтымыздың мыңдаған жылдар бойы әспеттеліп сақталған жасампаздық-шығармашылық қабілет-дарыны, салт-санасы, әдет-ғұрпы, мәдени, әдеби мұрасы, көркем өнері жайлы сыр шертеді екен. Тарихы, тағдыр-талайы аса күрделі болған халқымыздың жақсы қадір-қасиеттерін, талант-дарынын, оның алуан түрлі шеберлігін, ісмерлігін, нақты мысалдармен ашып көрсетеді. Ал, енді Атырау – Ақжайықтан Алтай – Ертіс өңіріне дейін көсіліп жатқан ұлы далада мал қамымен жүрген жайбарақат, бейқам халық санғасырлық ғұмырында талай тауқыметті, жортуыл-жорықты басынан өткерген қазақтың «қолданысына қарай соғатын (шоқпар, сойыл, дырау, дойыр, дода, қамшы), шыншыл-түйрейтін (найза-сүңгі), ататын (садақ) болып бірнеше түрге бөлінгенін атап өтеді де, бұл мәселеден ең мол дерек қалдырған Шоқан Уәлиханов екенін, қару-жарақтың сыр-сипаты жайлы бағалы мағлұмат М. Әуезов туындыларынан, қазақ эпостарынан табылатынын еске салады. В.П.Крыловтің 1978 жылы КСРО Ғылым академиясы Антропология және Этнография музейінің XXXIV жинағында жарияланған «Қазақтың қару-жарағы» мақаласында оның кейбір нұсқаларын тұңғыш рет тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеп, ғылымға енгізуге талпыныс жасалғанын айтады.

Ө. Жәнібек ұзақ жылдар бойы тарихшылар арасында сағыздай созылып, дүркін-дүркін сөз болып сөніп, іле қайта жанып жататын «қазақ» этнонимі туралы құнарсыз айтыс жөнінде де пікірін білдіреді. Бұл «ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, А.Вамберидің сөзімен айтқанда, «бет-пішіні, мінез-құлқы, тілі мен әдет-ғұрпы жағынан өзінің көне нұсқасын өзгелерден гөрі көбірек сақтап қалған» дербес халықтың есімі болып табылатынын дәлелдеп жатудың, тіптен оның этимологиясын іздеп, әуре-сарсаңға түсудің мүлде қажеті жоқ қой деп ойлаймыз.

Менің ол кездегі анық білетінім 60-жылдар басында Алматыдағы қызметіне Оңтүстік Қазақстан – Шымкенттен келгендігі. Өзбекәлі шынында да Сыр бойында, Арыстың дарияға құярлығындағы Сарықамыс деген жерде туыпты. Аяулы ата-анасынан ерте айрылып қалады. Әуелі ауылында, сосын Шәуілдірдегі орта мектепті бітіреді. 1948 жылы Абай атындағы қазақ педагогтік институтының тарих факультетін тауысып, мұғалімдік қызметін Қазақстанның Өзбекстанмен шекаралас Келес ауданындағы «Ленин жолы» мектебінен бастайды. Сөйтіп, үш жыл бойы «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға», деп ақын атамыз айтатын дегдар еңбектің ыстығына күйіп, суығына тоңып шынығады. Ақырында әр істің көзін тауып, кемеліне келтіруге тырысып бағатын, намыскер жігерлі жасты, 1955 жылы аудандық комсомол комитетінің секретары етіп сайлады. Қай жерде еңбек етсе де жанын салатын Өзекең Байбек Ермеков деген Еңбек Ері, дана қариямен бірлесіп, аудан орталығы Абайбазарды көгалдандыруға кіріседі. Бір қызығы қыстақты кесіп өтетін орталық көшені әрбір мекемеге, жеке үйлерге адымдап бөліп беріп, ағаш тіктіреді. Қазір Абайбазар ағаштан көрінбейді. Арада 45 жыл өтсе де жолым түсіп, Абайға барғанда алдымен көзге түсетіні – өзіміз ағаш отырғызған учасок, есімнен кетпейтіні – қасиетті бағбан атам Байбек ақсақалдың жарқын бейнесі, – деп жазады ол естеліктерінде.

Өзекең табиғатында адалдық пен тазалықтан жаратылғандай тік мінезді, ержүрек батыл кісі еді. Ол нені де болса бүкпей, жалтарып-бұлтармай бетке айтатын тұрашыл болатын. Өзіне де, өзгеге де қатал талап қоятын және бір бастаған ісін

ақырына дейін жеткізгенше тыным таппайтын. 50-жылдары ол Шымкент облыстық комсомол ұйымына басшылық етіп жүргенде сол кездің екпінді құрылысы Бетпақ даланы одан әрі игере түсу, Шардара су қоймасын салу, Арыс-Түркістан жармасын қазу сияқты келелі істерге жастарды жұмылдыру ісіне мұрындық болады. Әрине, айта берсек, ол жылдары жалпы жұртпен бірге комсомолда атқарған жұмыстар ұшан теңіз. Бірақ менің айтайын дегенім – Өзекеңнің мінез-құлқын аша түсетін бір ғана қимыл – әрекет. Сол 50–60-жылдары облыс комсомол комитеті мәскеулік мүсінші Давид Шмуйловичке Ғани Мұратбаевтың мүсінін құюға тапсырма береді. Ескерткіш жасалып дайын болғаннан кейін, Шымкентке алып келсе, обкомның сол кездегі бірінші хатшысы облыс орталығында Ленинге ескерткіш ашылмай тұрып, Ғаниға ескерткіш орнатудың жөні бола қоймас дейді. Бұл кезде Ө.Жәнібеков республика комсомолы жетекшісі қызметіне жоғарылатылған еді. Сөйтіп, ескерткіш құрсаулы күйінде обком ауласында алты жыл жатады. Обкомның басшылығына жаңа кісі Б.А. Ливенцов келеді. Бұл кісі де Ғани ескерткішін қоюға қарсы шығады. Тіпті, ол оны Мұратбаев атындағы кеңсарға орнатыңдар деп, ескерткішті сол жаққа жөнелткізіп, өзі кезекті демалысына кетіп қалады. «Ескерткіш шырғалаңын» біржолата бітіру үшін, Өзекең енді облыс жастарының жетекшісі Қ.Әбіләзімовке айтып, бір тәуліктің ішінде ескерткішті қайтарып алдырады да, хатшының демалыстан келетініне туралап, Шымкенттің дәл орталығына орналастырады. Мүсін Кіндік Азия республикалары жастар делегацияларының қатысуымен салтанатты түрде ашылады. Оған Ливенцов та қатысады. «Қалауын тапса, қар жанады» Ерлік кестелікпен ұштасса – ел олжасы мол, азамат абыройы көп болатынға ұқсайды.

Әлі есімде 1962 жылдың көктемінде Қазақстан комсомолы шығармашыл жастардың республикалық кеңесін өткізді. Онда әдебиет пен өнер саласында жаңа қадам басқан жас таланттардың шығармалары қызу талқыланды. Қазақстан комсомолы сыйлығының тұңғыш лауреаты болып 30-жылдардағы жастар жазушысы Саттар Ерубаяев (1914–1937) атанды. Бұл ел өмірінде жыл құсы келгендей жаңалық болды. Осынау сыйлықтың алғашқы лауреаттары болған ақын-жазушылар Әнуар Әлімжанов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиевтердің, композиторлар Шәмші Қалдаяқовтың, Ғазиза Жұбанованың, дирижер-хормейстер Анатолий Молодовтың, суретші Петр Усачевтің, әншілер Ескендір Хасанғалиев пен Нұрғали Нүсіпжановтар шығармашылығы әдебиет пен өнер қайраткерлерінің мақтаныш етерлік жас ұрпағының өсіп келе жатқанын көрсетті, – деп жазды кейінірек Өзекең.

Қазақстанның қуаң тартқан құба түзі – Торғайдан облыс ашуы ел өміріндегі елеулі оқиға болды. Оған обкомның I-ші хатшысы етіп, ғұмырында көпті көріп, көп жәйтті көңіл-көкірегіне түйген, ісіне берік, адал азамат Сақан Құсайынұлы сайланды. Ол кісі тіптен күннің шығып, батуының, жел соғуы мен жаңбыр жаууының кейбір белгілеріне қарап, ауа райының хал-жайын тамыршыдай ұстап, біліп отырады екен. Партия Өзекеңді сол кісінің идеология жөніндегі көмекшісі, насихат-үгіт хатшысы етіп жібереді. Оның күллі қабілет-таланты, күш-жігері, білім-тәжірибесі тап осы жерде ғажайып дарқан жомарттықпен ашылады. Оның кісілік парасаты, ар-ұяттан аттамайтын имандылығы ел аузында аңыз болып кеткен еді. Ол қазақ аулының сыртқы көркі, отбасының тазалығы, ауланың шарбағы мен үй алдына көгертіп ағаш отырғызу, әсіресе, кітап оқу, газет-журналға жазылуға дейін тәптіштеп айтып, тұрмыс мәдениетін арттыруды қадағалап, ұдайы тексеріп отыруы – ұлтын сүйетін үлкен жүректің лүпілі еді. Оның Арқалықта жүзеге асырған ізгілікті қыруар істерін тек шолып шығудың өзі оңай емес. Сол себепті де оның облыстық өлкетану музейін қалай

ұйымдастырғанын келте қайырып шықсақ та жеткілікті. Мүзей ашу туралы ой халық батыры Аманкелдінің 100 жылдық мерейтойы үстінде туады. Мүзейдің тақырыптық-экспозициялық жоспарын түзеуге белгілі ғалым Алан Медоев шақырылады. Әуелі Аманкелді туының суретін архивтен тауып алып, оны қалпына түсіреді. Батыр опат болғанда әйелі Балымның айтқан жоқтауын ел арасынан іздестіріп, оның келінінің аузынан жазып алады. Қазақтың дәстүрлі қолтума өнерінің бірқатар үздік нұсқалары жиналады.

Енді Өзағанның өзіне сөз берелік: Мүзей қорындағы аты-жөні белгісіз ұстаның қолынан шыққан шамамен, XIX ғасырдың аяғына жататын «асадал» мен «төсекағаш» қазақтағы ағаш шекпесінің бұрын еш жерде кездеспеген бірден-бір үлгісі. Асадалдың қапсырма есігіндегі оқа желісінен күн шұғыласына, гүл шоғы шиыршық атып, көтеріліп келе жатқандай көрінеді. Мұның мәні ұстаның шексіз қозғалыс, мәңгілік өмірді ғана емес, әлемдегі өзара байланыстылықты, үйлесімділікпен реттелген тәртіпті «бітпес» өрнегі арқылы бейнеленгенінде, сонымен қатар қазақ ою-өрнегінде сирек кездесетін, келер ұрпаққа бақыт пен жақсылық тілеудің көне белгісі – лотостың, ежелден келе жатқан игі ниет нышаны – қырғауылдың бейнесін пайдалануында жатыр. Асадалдың сұымаларында құпияға толы әлем кеңістігінің белгісі – шеңбер, алыс қашықтыққа меңзейтін ерсілі-қарсылы жол, әуе толқыны, бұлт, жаңбыр бейнеленген. Кеңістік белгісі – шеңберге келіп тірелетін мазмұндық тұтастықты құрайтын жапырақтар арқылы дүниенің құрылымы, жер бетіндегі өмір келбеті көрсетілген.

Ал төсек ағаш болса, қазақтағы ағаш шекпесінің жапырақ, беде, шиыршық бейнелерімен толықтырылған көлемді (бас аяғы, бағаналары), тайпақы (қаналары), теспелі (әшекейлі бөлшектері болып келетін негізгі үш түрінің бірдей пайдаланғанымен ерекше). Бұл ұзақ үзіндіні берердегі ой – автордың кемел маман, асқан ғалым этнограф екенін оқырманға мегзеу болатын. Сонымен бірге мүзейдің әрбір экспонатын табу, жинаудың қиын болғанын білдіру еді.

Ақырында экспонаттар түгел жиналғаннан кейін, мүзей экспозициясын ғылыми-танымдық, тарихи-этнографиялық, мәдени-тұрмыстық негізде сипатта құрастыру көзделеді.

«Қазақ мәдениеті: уақыт және өмір» деген шартты атаумен айқындалған экспозициясы қазақ халқының үш мың жылдық тарихы бар ежелгі мәдениетінің даму үрдістерін қамтитын төрт бөлімнен құрастырылады: «Қазақ мәдениетінің түпкі бастауы», екіншісі – соңғы тас (неолит) дәуірінде қазақ жерін мекендеген тайпалардың тастағы бейнелеу өнері; «Сақтан қазаққа дейін» аталатын бөлімде сақтарға қоса, ежелгі үйсін, қангуй, түркі, қыпшақ мәдениетіне қатысты ескерткіштерге де мән беріледі. Соңғы төртінші бөлім халқымыздың этнографиясы мен тұрмыстық мәдениетіне арналады.

Газет мақаласында Ө. Жәнібековтің мол әдеби мұрасын толық қамту қиынның қиыны. Өзекең өмір бойы тура жүріп, тек ақиқат шындықты ғана айтуға тырысқан өр кеуделі, қыран мінезді кесек бітімді тұлға болатын. Пайғамбардың хадистерінде: – Шыншылдық ізгілікке, ал ізгілік – жұмаққа бастайды, – делінген. Лайымда солай болғай!

РУХ ЖЕБЕУШІСІ

Басшының бәрі бірдей емес. Көбі жеке басының мүддесіне басым назар аударады да, ел есінде қалмай жатады. Ал, қыршындай жасынан елі үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүргендердің бірі – Өзағаң (Өзбекәлі Жәнібеков) деп білемін. Ол әсіресе, рухани жағына аса көңіл бөлуші еді. Қызметін өзінің туған жері Оңтүстік Қазақстан облысынан бастады. Өзі осы облыстағы педагогика институтын бітірген болатын. Осында Облыстық комсомол комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Сол кезден бастап, кезінде бүкіл қазақ жастарының көсемі болған Ғани Мұратбаевтың ескерткішін орнатуды қолға алды. Онда бұндай мәселелердің шешілуі аса күрделі болатын. Себебі, қаражат жағы Алматы мен Мәскеуге келіп тірелетін. Соған қарамастан Облыстық партия комитетінің алдына, Қазақстан комсомолының Орталық комитетінің алдына мәселе қоя жүріп, табандылықпен жүзеге асырған еді. Сонымен қатар, Ғани Мұратбаев қорын ашып, дәстүрлі сенбілік, жексенбіліктерді ұйымдастырып, одан түскен табысты қорға аударып, ескерткіштің сапалы болуы үшін көп күш-жігерін жұмсады. Сөйтіп, көзге түскен Өзағаңды Алматыға Қазақстан Комсомол комитетіне алып келді. Мен ол кезде қалалық Комсомол комитетінің бірінші хатшысы едім. Сондықтан болар біз жиі кездесетінбіз. Ол кісінің ең бірінші қасиеті – еңбекқорлығы еді. Бірдеңені бастаса, соның түбіне жетпей тоқтамайтын. Қандай кедергі, қиыншылықтарыңды жеңіп шығатын. Біздің қағазбасты қоғамда жұмыс істегенімізді білесің. Басшылардың көбі жазылуға тиісті құжаттарды басқа біреуге тапсыра салады ғой. Ал, Өзағаң болса соның бәріне өзі кірісетін. Қолында үлкен қара қайшысы болушы еді. Сол қайшыны комсомолдан бастап, өмірінің соңғы уақытына дейін тастамай алып жүрді. Жасалатын баяндамаларды алдын-ала оқып, ұнамаған жері болса қара қайшымен қиып, орнына өзінің жазғанын жапсырып қоюшы еді. Жазуы өте әдемі болатын. Еңбекқорлығына қоса, аса білімдар адам болды. Мінезі тік. Егер, көңліне бірдеңе жақпаса, бетің, жүзің демейтін. Оның осы мінезін көбі түсіне бермейтін. Қыңыр мінезді деп бойын аулақ салатындар көп еді. Ол кісімен дос болу, оған ұнау өте қиынның қиыны болатын. Тіпті, ер азаматтардың арасынан да, біздің комсомолда қызмет атқарған қыздардың арасынан да «мынау оның жақын досы болып еді» дейтіндей адамды табу мүмкін емес. Өйткені ол кісінің досы болу үшін, соның деңгейінде болу керек. Көбіміз ол жеткен биікке жете бермегендіктен де, Өзағаңмен дос бола алмадық, білем. Алғаш Алматыға келе қалғанда орысшаға шорқақ сияқты көрінген маған. Бірақ, оны да өте тез игерді.

Мен Өзағаңмен Мәдениет министрлігінде соңғы бір-екі жылда бірге қызмет атқардым. Ол кісі – министр, мен – орынбасарымын. Мұнда да біз қағазбен жұмыс істедік. Мәдени шараға қажетті дүниенің бәрін Министрлер Кеңесінен немесе жоспарлау комитетінен сұрайтынбыз. Мысалы, балетте билейтін қыздардың аяқ-киімінің цехын Алматыда ашамыз деп көп жүгірдік. Осының бәрі қағазға тірелетін. Осының бәріне Өзағаң өзі жекелей кірісетін. Ол мәселенің бәрін бірдей бағалайтын, үлкен-кіші деп қабылдамайтын. Оның оңтайлы шешілгенін жақсы көруші еді. Егер, қандай да солақай басшының кесірінен ол іс шешілмей қалса, сол адамның өзімен (басшы екеніне қарамастан) ренжісуге баратын. Ол жеті жылдан астам Мәдениет министрінің орынбасары болып істегенде, қаншама шешуін таппай жатқан түйінді мәселелер шешілді. Сонымен қатар, Орталық Комитетте шетелдермен байланыс

бөлімі ашылып, Өзағаң соның бірінші бөлім бастығы болды. Шетелден келген қонақтарға, шетелге барғанда апаратын тарту-таралғылар үшін де ол кісі жанын салды. Бір жағынан қарасаң, ұсақ-түйек мәселе сияқты болып көрінгенімен, бұның да біздің халық үшін әперер абыройы мол еді. Әр өрнектің өзіндік шертер сыры болу керек дейтін. Қарағандының камзолы мен Семейдікі, я болмаса Шымкенттікі мен Батыс Қазақстандыкі жеке қолтаңбаларымен өрнектелуін қадағалайтын. Өйткені, қазақ халқының ұлттық ерекшелігін осы түкке тұрғысыз тарту-таралғылар айқындап тұрады ғой. Ол саясат үшін емес, халық үшін шырылдайтын. Саясаттың өзі халыққа қызмет етуі керек дейтін. Халықтық дәстүр салтты зерттеу – зерделеуге Өзағаң осы жылдары аса қатты мән берген еді. Мұның соңы кандидаттық, сосын докторлық диссертацияға ұласты. Бір Өзағаңның бойында он адамға тән қасиеттің бәрі бар. Ол – этнограф, культуролог, саясаттанушы, тарихшы.

Ол Комсомол Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып жүргенде, Торғай облысы құрылды. Осы облысқа Өзағаң идеология жөніндегі обком секретары болып тағайындалды. Жұмысты нөлден бастаған облыс басшысы облыстық әкімшілік ғимараты орналасатын жерден бастап, облыстық мұражайдың орындарын өзі айқындап, құрылыс жұмыстарына өзі кірісіп кеткені бар. «Мен бастықпын» деп кеуде соққан мен-мендігі жоқ еді. Сол Торғай облысын облыс еткен оның еңбегін Торғайдағы ақсақалдардың ішінде көзіне жас алмай есіне алатындар кемде-кем шығар. Облыстық мұражайдың әрбір экспонатын өз қолымен әкеліп тапсырған еді. Облыстық «Шертер» ансамблінің құрылуына да өзі мұрындық болды. Ол ансамбльді басқа ансамбльдерден ерекше етіп құруға талпынды. Оның өзіндік қолтаңбасы болу керек деп жанын салды. Киім-кешегінің өзін тек торғайлық үлгіде жасата білді. Сол жылдары Мәскеуде Театр училищесін бітіріп жатқан түлектерді Талдықорған облысында музыкалы-драма театр ашып, сонда жібермек болған екен. Талдықорған облысының бұған жағдайы болмайды да, жаңағы азаматтарды Өзағаң Торғайға шақырып, сонда музыкалы-драма театрын ашады. Бүкіл халықтың жағдайын жасап жүрген Өзағаң өзіне ешқандай дүние мүлік жинамаған екен. Соңғы сапарға аттандырып саларда, қоштасуға үйіне барғанда үш бөлмелі үйден айнала алмай қалдық. Зейнетке Орталық комитеттің хатшысы, депутат болып жүріп шықты. Сонда «менің үйімді кеңейтіп беріңіздер» деп кімнің алдына барса да, сөзін жерге тастамас еді. Ол өз басын күйттемеді. Сондықтан да қарапайым тірлік кешті.

Зейнетке ерте шықты. Көп ауырды. Ауруханаға жиі түсуші еді. Әбден ауру қажытып, нашарлаған кезінде мен ауруханаға көңілін сұрауға барған едім. Өзағаң етпетінен түсіп, Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесі туралы мақаласын түзетіп жатыр екен. Өзі еңтігіп демала алмай жатыр. Тұрып отыруға мұршасы да жоқ.

— Ай, Өзаға-ай, денсаулығыңызды неге ойламайсыз? Қоя тұрсаңызшы! Сосын жазарсыз? – деп едім, бірден шарт кетті:

— Мен қоя тұрсам, мұны кім жазады? Менің енді қанша жасайтыным белгісіз, кімге сенемін?

— Жарайды, жақсы. Шамаңыз келсе жаза беріңіз, – деп жыламсырап шығып кеттім. Өзағаң содан екі күннен кейін дүниеден озды. Өмірінің соңына дейін Ахмет Ясауи, Арыстанбаб кесенелері жайында көп еңбектенді.

Өзағаң өнерге өте жақын жүретін. Ол кезде Комсомол сыйлығының лауреаты деген атаққа қол жеткізу қияметтің қияметі болатын. Өзағаңның тұсында осы атаққа қол жеткізген азаматтары қазір қазақтың маңдайға басқан ұлдарына айналып отыр. Мысалы, Олжас Сүлейменов – атақты ақын, ғаламат ғалым. Сол сияқты Тұманбай Молдағалиев те үлкен ақындарымыздың бірі.

Оның публицистік қызметке кіріскені осы зейнетке шыққаннан кейін ғана. Бұрын да жазып жүреді екен. Бірақ, зейнетке шыққаннан кейін біржола бас қойды. Екі томдық «Тағдыр тағлымы» атты кітабы, өзінің жүріп өткен жолы жайында болса, «Жол айрықта» кітабы архитектура саласынан көп мағлұмат беретін кітап. Біз ғалымдар үйінде «Тағдыр тағлымы» кітабының тұсаукесерін жасадық.

Алматы облыстық атқару комитеті хатшысының орынбасары болып жүргенде облыстық филармонияның жанынан «Арқас», «Сырнай», «Сазген», «Адырна» деген ұлт-аспаптар, «Алтынай» деген би ансамблін құрып еді. Сонда шетелдіктер қазақ биі тек жалғыз ырғақтан тұрады деген түсінікте. Содан арылуымыз керек деп, Үлкен театрдағы Голушкевич деген балетмейстерді алып келіп, оны бірнеше ай ұстағаны бар. Панфилов саябағындағы Ұлт аспаптар мұражайын қазір әркім «мен ашып едім» деп кеуде соғатыны болады, ол да тікелей Өзағаңның қатысуымен ашылып еді. Сол ансамбльдің бәрі Өзағаңның 70 жылдығына орай осы ғалымдар үйінде концерт ұйымдастырды. «Алтынай» ән-би ансамблі еске алу кешін өткізді. Қазақ «көзден кетсе, көңілден болады таса» дейді. Ал, Өзағаң көзден кеткенімен, талай қазақтың көңілінде жатталып қалған десем артық айтқандық болмас. Қазақ аман болса, оның Өзағаң сияқты азаматтарының рухы да ұзақ жасайды деп ойлаймын.

*Дүйсенкүл БОПОВА,
Комсомол, партия және кеңес
қызметкерінің ардагері*

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР ЖЕТЕКШІСІ

Өзекең аты ойға оралғанда Оңтүстік Қазақстан, қала берді Республикамыздағы 50–60 жылдардағы жалындаған албырт жастық шағы, табиғаттың ерекше ана сүтімен дарытқандай қайталанбас ұлағатты, ізгілікті, қандайда болмасын кездескен қиыншылықтарға қиындықсыз арашасы болар ұмытылмас бейнесі, асқаралы таудай көлденең тұрған сияқтанады. Өткенге көз тастай қарасақ, тек жеке басының күн көруі негізінде емес, бүкіл елі, ұлты үшін күш қуатын, бүкіл тереңділігін халықтың игілігіне, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыру үшін жұмыс жасаған сияқты болып көрінеді. Анығында солай да. Сондай-ақ қазақ тарихында сирек келер ғалымның, қайраткердің ғұмыр еңбек жолында қоян-қолтық жұмыс жасай отырып, Өзағаң сияқты өр тұлғалы кісімен күнделікті жұмыс жасау, әсіресе, ғұмыр кешеніндегі арпалыс, қуану, қынжылу, сәтсіздік кездесу кезеңдері, оларды жеңу сәттеріне күй болу, менің өмірімдегі ең қымбатты, сәтті мезет деп ойлаймын. Сол кездерде өмір құралына айналған іс-нәтижелері, тәжірбие негіздері біздерді сол уақытта тығырықтан шығарар жол болса, бұл күндері ой сараптамасының ұрпақ тағылымына тигізер тәжірибелі ықпал құралындай, самғатар жол сияқты айшықталып, мәнді тәрбие негізіне айналып отыр. Жасымыздың ұлғайған шағында өмір сараптауынан бастау алдырсақ, Өзекең сияқты кісілер дүниеге өте сирек келеді емес пе, сол кісіден қалған сарқылмас білім бұлағы, нақыштала біртіндеп жинаған халық өміріне керек болатын өнер ақиықтары, өздерінің замандастарының келер жастарға, халыққа жалғастырар үзілмес, арқаулы мұра мен таусылмас қазына екенін саралай топшыласақ, «міндет» негізі сияқты болар еді-ау.

Ғылым әлемінде сирек кездесетін ірі тұлғалы мемлекет қайраткері, тарихшы этнолог, қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосқан, білімінің тереңдігін айқын көрсете білген, жастайымыздан әрі ұстаз, әрі жұмыс жетекшісі болған Отырардың түлегі, жерлесіміз – Өзбекәлі Жәнібекұлы.

Бұл ғұмырдың азамат басынан білдірмей ғана өтетінін кім біліпті. Кеше ғана бірге қызметтес болған әрі ұстаздың, жол сілтер ағаңның дүниеден өткеніне тіптен сенбегендейсің, ешкімді де сендіре алмайды екенсің.

Өзағаң республика жастарын басқарып жүргенде олардың арасынан жалынды жастар жетекшілері болған қыздарды аса қадірлейтінін білетінбіз.

Осындай қарындастарын қадірлей білетін Өзекеңнің мәңгілікке ортамыздан кетіп, көз жазып қалатынымызды білдік пе. Бүгінде ортамыздан қанша іздесек те Өзекең жоқ. Қандай жанашыр адамыңнан айрылғаныңды өмір анықтығының саған көрсеткен ең бір қатал жазасы сияқтанады.

Басын төмен салған, жай ғана «күміс» күлкісі кейіптегі дос ықыластығы жүрегіңнің терең түбінен мәңгілікке орын алғандай.

Біздер сияқты қызметтес болып жүріп, сол кісінің ішкі дүниесін халыққа Отанына, еліне, жасы үлкен аға, апалары мен жасы кіші іні, қарындастарына деген шын ықыластық ілтипатын, сезімталдығын бағалай білдік пе деген ой туады.

Мен Өзекеңді 1956 жылдан, Арыс аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғанымнан бастап білетінмін. Алғаш еңбек жолын Келес ауданында мұғалім, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, облыстық комсомол комитетінде үгіт-насихат жөніндегі хатшысы, бірінші хатшысы, 1959 жылдан елге танымал облыс жастарына елеулі тәрбие беруге еңбегі сіңген облыстық комсомол комитетінің 1-хатшысы, ағамыз Байжанов Владимир Құбышұлының партия жұмысына ауысуына байланысты, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым. Мен сол конференцияда екі ағаның үгіттеуімен облыстық комсомол комитетінің үгіт-насихат жөніндегі хатшысы болып сайланды. Сол Өзекеңмен қызметтес болған жылдарымда ол кісінің іс қабілеттілігіне, тапқырлығын, әсіресе ана тілімен қоса орыс тілін терең меңгергендігіне көзім жетті.

Облыстық комсомол комитетінің бастауыш ұйымдарымен жұмыс жасасып тұруға көлікпен қамтамасыз етілмеген жағдайда болатынбыз. Шіркін, албырт шақ біздерді жаңа өмір белестеріне қажырлықпен, табандылықпен алға өмір құштарлығына жетелейтін. Сол кезде-ақ Өзекеңнің табандылығын, айтқанынан қайтпайтын шешімімен үлкен мәселелерге бой ұратынын көзіммен көргенмін.

Өз ойын үлкен орындарға лауазымдарына қарамай жеткізе білетіндігіне куә болғанбыз.

Менің ойымша, Өзекең жасаған облыстық комсомол комитетінің 1- хатшысы қызметі, облыстық партия комитетінің қандай салада болмасын, жұмыс жүргізе білер комсомол басшысына шегі жоқ өмір мектебі деп ойлаймын. Облыстық комсомол комитетінің кез келген бюро мәжілістеріне, әр түрлі мәселелерге салалы хатшыларын қатыстырып, қатысты мәселелерді көпшілік талқылауына түсіретін. Апта, ай сайын жұмыс нәтижелерін орындалған, орындалмағаны жайлы, өзінің бізге таныс, қойын дәптеріне жазып отыратын. Сол мәселені бірнеше күннен кейін сұрайтын. Сары дәптерді аша бастағаннан біздер қандай мәселенің қозғалатынын бірден білетінбіз.

1961 жылы Өзекең Қазақстан Орталық Комсомол комитеті үгіт-насихат жөніндегі хатшысы болып сайланды. Мен сол кісінің орнына облыстық Комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым. Сол күннен бастап Өзекең басқарған Оңтүстік

Қазақстан облысындағы жастардың тәрбие – тағдыры менің басшылығыма көшті. Дегенмен, Өзекең тәрбиесі мені ешқандай тығырыққа тірмей, жастар арасындағы тәрбие жұмысын жүргізуіме үлкен көмегін тигізді деп санаймын. Үлкен өмір баспалдағын көрген азаматтың қол астында жүріп үйренгенім, білгенім, ұстаз ретінде алған тағылым-тәрбием, менің өмір мектебімнің ағынындағы қайнар бастауы екендігін түсіндім. Жас болсақ та өмірді босқа өткізбей, қызмет жасап, айта қаларлықтай із қалдырсақ па деген ой негізімен тыңғылықты жұмыс жасауға тырыстық, солай жасадық та деп ойлаймын.

«Біз жастардың тәрбиесіне айрықша көңіл бөлуіміз керек, оларды оқыта отырып, өмірге бейімделуін ұғындырып, орта және жоғары білім алулары қажет, елі үшін қызмет жасайтын азамат етіп тәрбиелесек, сонда ғана біздер партияның нағыз көмекшісі бола аламыз», – дейтін.

Сол кездегі саясат біздерді тәрбиелеп, ел қатарына қосып, тікелей қоғамның қалыптасуына қатыстырып, келешегімізді көрсетіп берді. Өкінішке орай, бүгінде кейбір азаматтар партия, комсомол істерін сынап, жоққа шығарғысы келеді, өздерінің сол екі ұйымның арасында білім алып, үлкен дәрежелі болғандығын байқамайтын сияқты. Әрине әр заманның жетістігі мен кемшіліктері болады, дегенмен біздер сол заманның ұрпақтарымыз, сол өмірден көп жақсылық алдық деп есептейміз.

Егер де біз өзіміз алған білім мен өмір тәжірибесінің арқасында көзіміз ашылып, ой-сана сезіміміз көтерілмегенде, бүгінгі егеменді ел дәрежесіне келе алар ма едік?

Өзекең өз заманы мен дәуірінде ел үшін жан аямай жастар тәрбиелеу жолында қызмет жасап, айта қаларлықтай өшпес із қалдырды. Өз бейнесіне лайықты аз сөйлеп, терең ойланатын кісі еді. Күнде таңертең бәрімізді жинап, өте көп тапсырма беретін, кейбіреулерін орындауға уақыт жетіспейтін. Бір күні әзілдеп болса да: «Өзеке, осы тапсырманың барлығын қайдан табасыз, түнімен ұйықтамайсыз ба?» – деп сөзге тарттым.

Өзекең ашуланбай жай ғана:

– Мен күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстарға, жұмыс соңында, жеке отырғанда, әр жұмыс барысына талдау жасаймын. Сендерге тапсырылған жұмыстың қорытындысын күтемін, оның үстіне тағы қосымша жұмыс өзінен-өзі қосылары хақ. Өзіңе берілген жұмысқа сын көзбен талдау жасамасаң, онда сенің ұтылғаның, – деді. Өзекеңнің мұндай сөздерін мен өз жұмысымның негізгі арқауы ретінде ғұмыр бойы сабақ, тәрбие ретінде қабылдадым.

«Күнделікті жұмыс барысында не болмаса өзара сөйлесіп жұмыс жасап жүргенде «шаблон» «трафарет» жүреді, содан келіп бізді жастар тыңдамауы мүмкін. Олардың ой-пікірін біліп, келешекке дегене көзқарастарын бүгіннен бастап қалыптастыруымыз керек», – деп ескертіп отыратын.

Біздер жастар арасынан бір минут те алшақтамауымыз керектігін түсіне отырып, келісім бойынша не күндіз, не демалыс күндері де үй бетін көрмейтінбіз, көбіне ұжымдарда, аудандарда және мәдениет орындарынан табылатынбыз. Уақыт талабына сай, өздерімізге бекітілген жұмыстарды тиянақты етіп орындап жүрдік.

Әлі есімде, бір күні обкомпартияның бірінші хатшысы Макаров шақырып: «Сендер оңай өмір жолын іздейін дедіңдер ме? Жәнібеков жолдас бізге ұсыныс беріп отыр. Өздерің көмек жасап отырған Арыс – Түркістан каналының бойынан жаңадан құрылып жатқан» совхозға өзі директор, партком хатшысы болып Бопова, ал сен екеулерің бас инженер, агроном болып баратын болыпсыңдар, сонда облыс жастары далада қалу керек пе», – деді. Хатшы қабылдауында облыс жастар арасында

көбірек болуымызға көңіл аударды. Біздердің біржақты кеткенімізді ескертті. Жұмыс орынан келген Өзекеңе әзіл-шыны аралас таңның атысы мен батысына дейін командировкада болатынымды, менің «әйел» баласы екенімді, үйде кір жуу, тамақ дайындау сияқты жұмыстардың да бар екенін, азғантай да болса мұрсат бермейтінін алға тарта отырып, совхозға партком хатшысы етіп жібергенде, сіздің мәселеңізді қарап «ақымды» алар ем дедім. Сондай-ақ мені басқа хатшылар қатарынан қалдырмай ұрсасыз, – деген де кезім болды. Өзекең салиқалы, сындарлы түрде маған қарап: – «Сен коммунистсің, әйел Бопова емессің, комсомол қызметкерісің», – деді. Өзекеңнің осы ескертпе сөзін кейіннен облыстық партия комитетінде қызметте жүргенімде, бір тапсырма үстінде обкопартияның бірінші хатшысы Ливенцов менің көзімше бір қызметкерге жаман сөздерді телефон арқылы айтып, ұрсып жатқан кезінде көзі маған түсіп, менің отырғанымда байқап қалып, сен әйел емессің, партия қызметкерісің, – деді.

Мен күлдім де: «Бұл сөзді маған комсомол жұмысында жүргенімде Өзбекәлі Жәнібекұлы айтқан болатын» – дедім. Хатшы әдеп сақтап, кешірім сұрады.

Жастарды шаруашылық жұмысының барлық саласына араластыру мақсатымен біз Мақтарал, Киров, Ильичевка аудандарында жаңа тың жерлерді игеру жолында «Голстепстрой» құрылғанда, соған «шефство» жасап, жастарды жұмысқа шақырдық. Одан кейін мақта өсіру, мал шаруашылығы әсіресе, ірілендірілген комсомол-шопандар бригадалар құрып, көптеген із қалдыратын тіршіліктер жасадық. Бұл жұмыстар өз нәтижелерін берді де. Оны біздер жұмыс нәтижелеріміздің үлгісі етіп, мақтан тұттық.

Бір күні Өзекең Түркістанға командировкаға кеткен болатын. Арада күн өткізіп ертеңіне бәрімізді шақырып, біздердің мәдениет басқарып жүрген азаматтарымыз не істеп жүргенін біле ме, білмесе ұлттық намысымызға, тарихымызға мән бермейтіндеріне реніштілігін білдірді. Діншіл деп айып тағады ма, әлде қорқады ма Қожа Ахмет Ясауидің кім екенін де білмей тұрып, сондай шеберлікпен жасалынған дүние жүзіне белгілі кесенесін сақтаудың орнына, оны құрту деңгейіне дейін жеткізгендігі жайлы кеңес құрып, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің арнайы хатын даярлатты. Сол жан айқайы негізінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіру жайлы біршама жұмыстар басталар басталмастан аяқсыз қалды. Шамасы жоғары жақтан қолдау таппады. Сонда да Өзекеңнің табандылығының арқасында көп жылдар бойы арпалысып жүріп, ақыры Қожа Ахмет Ясауи кесенесін толық жөндеуден өткізуде зор үлесін қосты. Қаншама кертартпалықтарға қарсы шығып жұмыстың көзін таба білді. Бұл тек қазақ өнеріне деген шын берілгендігі, мұндай жұмысты тек Өзекең жасар болар еді. Кейіннен де, Мәдениет министрі қызметін атқарып жүргенде, бұл жұмыс назарынан тыс қалмай, Өзекең қазақ музейінің жанашыры екендігін іс жүзінде таныта білді.

Өзекең қазақ жастарының алғашқы комсомол жетекшісі Ғани Мұратбаев жайлы, оның жасаған жұмыстарын алға алып баруда ерекше еңбек етті. Істелінген жұмыстарының қиындығына қарамастан жақсы жұмыс нәтижелеріне ие болды. БЛКЖО орталық комитеті бюро мүшесі кезінде, сол жылдары БЛКЖО Орталық комитетінің пленумының күн тәртібіне жастардың тәрбие жұмысын жоғарғы деңгейге көтеру жайлы мәселе қойды. Ол пленумға облыстық салалық хатшылар да шақырылған болатын. Өзекең Москвада мені қасына ертіп, Ғани Мұратбаевтың сүйегі жатқан орынға баратын болды.

– Өзеке, менің де сол жерге баруым керек пе, – дегенімде: «сен

қыдырып, театр көргелі келсең қателесесің, біздер тірлік жасауымыз керек», деп Новодевичке зиратына бардық. Қанша іздесек те Ғани Мұратбаев зиратын таба алмадық. Ертеңіне пленум біткен соң Москвадағы Вучетич атындағы көркем комбинатқа барып, бізге бекітіліп берілген Шумилович деген кісіге Ғани Мұратбаевтың суретін беріп, мыстан ескерткіш жасау жайлы жоба бердік. Шымкентке келгеннен кейін барлық құжаттарды толықтырып обкомға өткіздік (құжат негізгі осылай жасалады екен). Обкомпартия рұқсат бергенімен оны жасатуға қаржы бере алмайтындарын айтты. Өзекең ойланбастан обкомның жауапты қызметкерінен бастап, бастауыш ұйымдарға дейін, мақта терім кезінде 2 күндік еңбек ақыны Ғани Мұратбаев қорына құйдыртып, қаражатты толық қамтамасыз етті. КСРО Министрлер Кеңесінен мыстан емес, шойыннан жасалынсын деген нұсқаумен біраз тоқтап, арада біраз жыл өткен соң ескерткіш дайын болды.

Сол кездерде Өзбекәлі Жәнібекұлы бүкіл Совет Одағы жастарының арасында беделі артып, әрі танымал азамат болды. Ол кісінің бұл жағдайын біздер зор құмет тұтып, мақтан ететінбіз. Кейінгі жылдары ол кісі жоғары лауазымды қызметтерде жүргенінде де қазақ халқының ұмыт болған салт, әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін елге, халқымызға қайтарды. Ұмытылған, 1937 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған ағаларымыздың еңбектерін, өздерін, тарихи аттарын елге, халқымызға қайтаруға алғашқы себепкер бола білді. Мұндай тірлік, қандай биік лауазымда тұрса да барлық адамдардың қолынан келе бермейтіні белгілі. Көзі тірісінде: «Мені туған жерге, Арыстанбаб әулесіндегі Құрбан ата мен анамның жанына жерлеңдер», – дегені мәңгілік өз ұрпақтарыммен бірге болсам деген өз болмысындағы парасаттылық қасиеті емес пе.

Сол аяулы Өзекеңнің кесенесі басында айтқан сөзімді қайта ойға ала отырып, Өзбекәлі Жәнібекұлы тек Отырар мен Оңтүстік Қазақстан облысының азаматы емес, бүкіл қазақ елінің перзентіне, әрбір облыс орталығына Астана, Алматыға ескерткішін қойса артық болмас еді. Өзекең 70-ке толмай дүние салғаны өкінішті-ақ. Біз, – жора-жолдастары бір ата-анадан туғандай өткен өмір кезеңдерін еске түсіріп, бір марқайып қалар едік. Өкінішке қарай, жоғарғы Өзекең замандастары үнсіздік танытуда. Амал қанша, «топырағың торқа, жатқан жерің жарық болсын, аруағыңа тағзым етемін», – деп сөзімді аяқтаймын.

Келешекте Өзекеңнің ерекше бейнедегі орны мемлекет көлемінде шешіледі ғой деп сенеміз. Өз басым Өзбекәлінің кесенесіне барған сайын білетін дұғамды іштей айтып, ойыма В.Высоцкийдің өлерінен 3–4 күн бұрын айтқан сөзі есіме түседі:...

Спасибо друг, что посетил,
Последний мой приют.
Постой один среди могил
Почувствуй бег минут.
За все, чем дышишь и живешь,
Зубами, брат, держись!
Когда умрешь, тогда поймешь,
Какая штука жизнь.

Шынында да солай ғой бауырым, сондықтан тірі кезімізде бір-бірімізді сыйлап, жақсылықпен өмір сүрейік, ағайындар!

*Николай КАБИРОВ,
Комсомол, партия және кеңес
қызметтерінің ардагері*

КӨШ БАСТАҒАН ӨЗБЕКӘЛІ

Өзекеңнің Қазақ мемлекетінің ғылымына, тарихына және мәдениетіне сіңірген еңбегі өлшеусіз. Оның еңбек жолдары 60 жылдардағы комсомол жастар арасында жұмыс жасауға тура келген еді. Жаңа өмірді 1945 жылғы жеңіс күндерінен бастадық. Жастық шақ жылдарымызда қолымызда байлық болмаса да, өзара адамгершілік, ізгі ниеттілік және рух байлығымыз мол болатын.

Ол жылдар үлкен мемлекеттік еңбек өрлеу жылдары іспеттес еді. Сол кездегі жастардың Отанына, еліне және бір-біріне сенімділігін, сыйластығын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес, шындық болатын. Негізгі мақсат еңбек жолы болды. Ол кездегі жас толқындар арманшыл, ізденгіштікті алдыңғы қатарға қоятын сияқты көрінетін. 50–60 жылдарды еске алсақ Оңтүстік Қазақстан облысы үлкен құрылыс жайлары, өнеркәсіп және мәдениет орталықтары жоғарғы деңгейде тез өсіп, кең етек жайды, оның ішінде жаңа жастық шақтың қаласы атанған Кентау мемлекет аумағында үлкен өндірістік маңызы бар қалаға айналды. Облысымызда жастар арасында «еңбекке коммунистік көзқарас» сияқты жаңа бастамалар басталды. Жастар арасынан жастарды тәрбиелеуде мықты жол бастаушы, жастар жетекшілері шыға бастады. Сол кезде топжарып шыққан жастар жетекшісі – Өзбекәлі Жәнібекұлы еді.

Өзекең институт бітіргеннен кейін Келес ауданында мұғалім, оқу ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасары, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Келес аудандық комсомол комитетінің хатшысы, 1 хатшы, Қазақстан Орталық комсомол комитетінің хатшысы, 1 хатшысы аумақтарында жұмыс жасады.

1958 жылы ол кісі облыстық комсомол комитетінің хатшысы, ал мен Кентау қалалық комсомол комитетінің хатшысы болатынмын. Өзекең Отырар елінің азаматы екен. Біздер бір-бірімізді алғашқы кездескенімізден бастап-ақ бір әкешенің баласындай бауыр басып кеттік. Сәл көз жазысып қалсақ, көптен көрмеген адамдардай қауышатынбыз. Бір қарағанда кісіге тымырсық кейіпте көрінгенімен, оның қарапайым, көңілі ақ екеніне сол кезден-ақ көзім жеткен болатын. Екеуіміздің өмір тағдырларымыз, көрген қиыншылықтарымыз бір деңгейде сияқты болып шықты. Алғашқы танысқаннан кейін-ақ сенің есіміңді неге Николай деп атаған деді. Менің төл атым Өзбек екендігін есіткенде орнынан түрегеліп, аттас екенімізді біліп, қуанысып қалыстық. Сол уақыттан бастап қос өзендей атымыз да, затымыз да бірдей, ажырамас құрдас, бауырлас болып кеткен жайымыз болды.

Екеуіміздің әртүрлі орталықта тұрғанымызға жастар тәрбиесінде үйренген іс-тәжірибелер екеуіміздің халық өмірімен терең араласуымызға үлкен себебін тигізе білді. Алғашқы кездесуден кейін өмір, тәрбие табалдырықтарында болмасын жатып пікір таластыруды тоқтатқан емеспіз, бір-бірімізді ашық түсіністік. Өзекең Кентауға келгенде жай тұрмай қаланы жаяу аралап кетіп қалатын. Күндізден түннің бір уақытына дейін мектеп, мекеме, ұйым жастарымен етене әңгіме өткізетін.

Кентау қаласына деген сүйіспеншілігінде шек жоқ еді. Аз уақыт мерзімнен кейін Кентау қалалық комсомол комитетін Еңбек Кызыл Ту орденімен марапатталғанының куәгері болды. Мұндай жоғарғы атақ алуына Өзекеңнің еңбек үлесі мол болатын. 1959 жылы Шымкентте Өзекең мені үйіне шақырды, алғаш рет Қалиханмен таныстырды.

Қалиханмен бұрыннан таныс адамдай болып кеттік. Тәрбиелі ана, ұлағатты кісінің жолдасы екені бірден аңғарылып, белгілі болып тұрды.

Өзекең жиналыстарды, конференцияларды бір сарындылықпен өткізуді тіптен жек көретін, көбінше жиналыстардың ұзаққа созылмай, жинақы өткізілуін, сөйлейтін күнделікті «кезекшілік» баяндама сөздерден гөрі қағазға жазбай сөйлегенді ұнататын. Әлі есімде, 1964 жылы Өзбекәлі мені Шымкентке облыстық комсомол конференциясының ашылу сәтіне қатынасуға шақырады. Қайдан есіткенім білмедім, көркем өнерпаздар үйірмесіне қатынасқанымда «Кремль Куранттары» спектаклінде В.И. Ленин кейпінде ойнағанымды естіпті. Конференцияның ашылу сәтінде В.И. Лениннің Комсомолдың III съезінде сөйлеген «Жастардың алдағы тұрған міндеттері» жайлы монологын оқып беруімді өтінді. Дос көңілін қалдырасың ба, оқып бердім. Делегаттар орындарынан тұрып, театрды ұзақ ду қол шапалақтаумен аспанға көтергендей болды. Сол күнгі спектакльден соң маған шын ықыластығын білдіріп рахметін айтты.

Конференция қарсаңында «Шымкент» мейманханасында біздер көп сөйлестік. Комсомол жұмыстарындағы сәтті және сәтсіз аяқталған істерін әңгіме етті. Өзекең маған Фани Мұратбаев ескерткішін жасатудың қаншалықты қиын болғандығын, сәтсіздік кезеңдерінде кейбір кісілердің кесе көлденең тұрып, болдыртпауға бой ұрғандықтарын жыр етіп айтқандай болды.

Менің албырт жас шағымнан бірге өскен құрдасым, бауырым іспеттес болған азаматтың рухын жоғары көтеріп, өзімнің сондай адаммен замандас болғанымды әркез ойыма алып, ықыластылығымды білдіргендей боламын.

Бәрімізге белгілі, Өзекең қазақ халқының өнерін, тарихын, бүгінгі ұрпақ тағылымымен жалғастыруға көптеп үлес қосты. Музей, театр өнерінің дамуына себін тигізді. Бүкіл түркі еліне белгілі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалыпқа келтірілуіне сүбелі үлес қосты. Сол кезде Өзекең мәдениет министрінің орынбасары, министрі кезінде Түркістанда жатып, көненің көздерін айқындай отырып, өз халқының ұлттық өнер жаршысы екендігін танытты. Ол өз заманында тек қана көне көздерін жинауды ұйымдастырушы ғана емес, сол ескерткіштерді қалпына келтіру және қазақ тарихын жаңа ұрпаққа жалғастырушысы да бола білді.

Әлі есімде (ол кезде мен Кентау қаласы партия комитетінің бірінші хатшысы едім) 1969 жылы Өзекең БЛКЖО Орталық Комсомол комитетінің екінші хатшысы Пастуховты Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көруге шақырды. Менің таң қалғаным, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішіне кіргеннен бастап, шыққанға дейін өзі кесененің тарихын қағаздан оқығандай етіп баяндап берді.

Сол кезде-ақ Өзекеңнің табиғатынан тарихшы, ел өнері үшін туылған адам екендігіне көзім жеткен болатын.

Өзекеңнің өнерге берілгендігі соншалық, Алматыдан облыстық партия комитетіне телефон арқылы (ол кезде мен обкомда хатшы едім) ертеңгілік ұшақтан түсетінін ескертті. Ертеңіне күтіп алуға әуежайға бардым. Қауышып жөн сұрасқаннан кейін іс-сапар мақсатын сұрадым. Ол кісі: «Мен екеуіміз Сайрам ауылына бір шаруамен барамыз да, кешкі ұшақпен Алматыға қайтамын» деді. Досыммен Сайрамға кеттік. Аудандық атқару комитетінің төрағасы «комсомол» қайраткері Зікролланың үйіне ат басын тіредік. Манадан бері Өзекеңнің айтпай отырған жұмысы белгілі болды. Атақты Абылайхан бабамыз осы Оңтүстікте болғанында, Қарабұлақ алқабында айтулы бір төбеде (аты есімде қалмапты) біраз күн болып, аялдаған екен. Сол Абылай жайлы жинап жүрген деректеме негізінде келген ізденіс іс-сапар екен.

Өкінішке орай, дамылсыз жауын кешке дейін құйып, көздеген төбеге бара алмадық. Кеш болғанша ауа райының жақсаруын күтіп, болмаған соң кешкі ұшаққа Өзекеңді Зікролла екеуміз шығарып салудан басқа амал қалмады. Сол отырғанда Зікролладан ауылдың жасы келген қариялардың тізімін алып, қойын дәптерлеріне түсіріп жатты.

Осы уақытқа дейін ол кісінің айтқан мағлұматтарын ешқандай ғалым аузынан не болмаса баспадан шыққандығына куә болған жәйді кездестірген емеспін. Өзекең әңгіме айтқанда тек өзіңе ғана айтқызбай, өзіңді де әңгімеге қалай араластырғанын сезбей қалар күй кешетінсің. Сондай сөз шеберлігімен айтылған әңгімелері бұл күндері тек көз алдында елес сияқтанады. Отырыс үстінде Өзекеңнің сыртынан «Жәнібеков мынандай жақсы жұмыстар жасапты», деген сөздер еститінбіз. Сондай анықтамаларды кітабынан оқысам да өзінің аузынан естиін деп, Торғай жеріндегі кейбір жәйттерді сұрадым.

Әсіресе, жаңа облыс орталығынан музей жұмысының негізін қалағанын және ел аузындағы өзі жайлы әңгіме айтуын өтіндім. Өзекең бар ынтасымен Торғай облысында жүргенде облыс орталығынан Орталық музей ашып, оны экспонаттармен толтыруды бүкіл облыс халқына газет және аудандық ұйымдар арқылы хабарлама беріп, жинастыруды қолға алғандығын айтты. Экспонат жинау өте қиындыққа түскендігін айта келіп: экспонат қорына негіз болсын деп Қостанай, Ақмола, Орынбор музейлерінен Торғай тарихына қатысты құжаттарды жинақтатқандығына тоқталды. Көкшетауда ұйымдастырылатын музей Министрлер Кеңесінің шешімімен Торғайдан, яғни Арқалық қаласынан бой көтергенін мақтанышпен айтты. Өзекеңнің шығармашылық жұмысқа бетбұрыс жасағанын байқадым. Тарих-этнография әлеміне бел шешіп кіріскендігі көрініп тұрды.

Өзекең облыстағы аудандардың бірінде іс-сапармен жүргенінде үйіне қымыз ішуге шақырған ақсақал қорасында байлаулы иттің алдындағы төрт адамға арналған ескі астауды, ол ыдыстың бетіне ойып салынған халық өрнегінің шебер қолдан жасалғанын, осы астау аяқты облыстық музейге берсеңіз дегенімде шал таң қалып, күлкіге қарық етері бар ма...

Әңгіме барысында музейді ұйымдастыруда өкінішті кездескен мына бір жайды айтқанда бәріміз ынталылықпен тындай отырып, таңқалдық. Өзекең тебірене отырып әңгіме бастады: «...Бір іс-сапармен Жангелдин ауданында болғанымызда бір ауыл молдасының құран шығарып беремін деп күміспен күптеп, алтынмен аптаған қара кісе белбеуді алып кеткенін естіп жүргенім. Сол дүниені 3 жылдай іздеу салдырып жүріп, Арқалық ауданының «Қайыңды» кеңшарынан табылды. Москвич, мотоцикл, құлынды бие және нақтылай ақша береміз десек те көндіре алмадық. Ауыл партком хатшысы ол шалға өз сөзін өткізе алатынын білдіріп, шалдың үйіне барып, белбеуді алып келді. Музей басшысына, қара белбеуді ешқайда шығармау жөнінде қатаң тапсырған болатынмын. Бірақ, жоғын қуа келген молданың: «Аруақтардың көзі еді, ең болмаса жұртқа көрсетіп әкелейін» дегеніне иланып, мен жоқта облатком төрағасының орынбасары Ә. Дүйсеновтың рұқсатымен кісе белбеуді қайтарып беріпті.

Сол кеткеннен молдекең ұзағынан кетіп, қайтып музейге жақындамай қойды.

Мұндай халық мұрасынан ел аман, жұрт тынышта айырылдық», – деп ренжіген жайы бар еді. Айтса айтқандай, Өзекең халық мұрасын нағыз жинаушы әрі келер ұрпаққа жеткізуші мұра қорғаушысы да еді ғой...

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ӨЗЕГІНІҢ ӨЗБЕКӘЛІСІ

Ө.Жәнібекұлы ағамыздың өмір жолы халқына, еліне деген шексіз сүйіспеншілікке толы іңкәр сезімнің қайнар көзі екені, оның мұқалмас жігерін сарп еткен әрбір іс-әрекетінен, айтқан сөзінен, жаңалық атаулыға құштарлығынан, шынайы аңғарымпаздық пен көмкерілген қамқорлығынан айна-қатесіз ерекшеленіп, мен мұңдалап көзге ұра айшықтанып тұратын еді. Күні бүгінге дейін қазақ халқының қолөнерін, әдеп-ғұрпын, тұрмыс-салтын, мәдени саладағы мазмұны мен мәні терең көне дүниелерді, оның даму-қалыптасу сатыларын жетік әрі тыңғылықты пайымдап, кісі зердесіне өшпестей із қалдыра насихаттайтын Өзекеңдей білімдар адамды өзім ес білгелі еш жерде кездестірмедім. 1966 жылдың мамыр айында біздің облысымызға іссапармен келіп, қалалық комсомол комитетінің үлкен залында жастар өкілдері мен кездесуде сөз сөйлеп, сол кездесуде бастауыш ұйымдары мен келелі міндеттері туралы егжей-тегжейлі пікірлерін ортаға салды; сонда оның қолында бір жапырақ та қағаз болған жоқ. Келісті кескіні, жайдары бейнесі, жағымды қоңыр үні бір айтқанын екінші қайталамайтын жүйелі сарыны тыңдармандарды сілтідей тындырып, сөз саптауының темірдей логикасы аудиторияны баурап алғаны сонша, уақыттың қалай өткенін ешкім де байқамай қалды; орыс және қазақ тілдерін біріне-бірін араластырмай, мөлдір таза қалыпында жеткізуі таңқаларлық әрі жан сүйсінерлік мезет болды. Қойылған сұрақтарға айқын, нақты, екшелген мысалдар арқылы жауап беріп, шешендік өнерінің машықталған көрінісін паш етті. Қалада шығыс жастарының көсемі болып, 22 жасында одақ көлеміне қызмет атқарған Ғ. Мұратбаевтың ескерткішін ашу салтанатында бүкіл облыс, қала, аудандардан келген партия, совет және комсомол белсенділері қатысқан үлкен жиында мәні мен мазмұны терең, жан-жақты дамыған ауқымдағы пікірлері жетекші қызметтердегі ересек азаматтарға салиқалы ой салып, кісі айызын қандырып тұжырым жасаған ұсыныстары көңіл көкейінен лықси төгілді. «Бәрекелді, жастар жетекшісі болудың үлгісі өзіміздің Өзбекәлідей болар-ақ!» деген пікір әрбір тыңдарман ойынан орын алғандай сезілді. Қатысқан комсомол белсенділері өздерінің осындай тұлғалы басшысы болғанына мақтана да, шаттана да толқып тұрғаны өзінен-өзі түсінікті еді. БЛКЖО Орталық комитетінің бюро мүшелігін үздіксіз атқарып, Одақ көлеміндегі ауқымды іс-шараларға белсене араласуы оны тек қана Қазақстан жастарына емес, Бүкіл Одақ Жастарының әйгілі басшыларының ірі тұлғасы дәрежесіне көтерді. Сондай беделге ие болды. Комсомолда қызмет атқарған, елге танымал жастардың өсуіне, олардың майталман кадрлар қатарына көтерілуіне үнемі қамқорлық жасап көзінен таса етпей қадағалайтын әдетін өзі өмірден кеткенге дейін жалғастырды. Д. Бопова апамыз, Қ. Тұрсынқұлов, Қ. Әбләзимов, осы жолдардың авторы Р. Ахметова, С.Ж. Барахова, Ш. Османов, З.Убайдоллаев, С. Бекбосынов, Ф. Фаткуллин, Е.Самофалов, В. Бранько, А. Көлбаев, Б. Ботанов, Л. Баянқұлова, А. Тәжиев, М. Ханділлаев, Р. Қалмұратов, К. Бикенин, Т. Тезекбаев, Т. Есенов, ағамыз У. Сүлейменов тағы басқа ондаған, жүздеген комсомол қызметкерлері Өзбекәлі ағамыздың «шекпенінен» шыққан азамат болып қалыптасты.

Торғай және Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттерінің идеология саласы хатшылары болып қатар қызмет атқарған В.К. Байжанов пен Ө.Жәнібеков ағалардың өзара достығы кісі қызығатын, өз алдына бөлек әңгіме ететіндей шынайы құбылыс болатын. Осы Шымкенттегі шағын отырыста бірінің-біріне алма-кезек арнайы тост көтергені әлі есімде. Өзбекәлі: «Менің бойымда жұрт бағалайтындай тәуір қасиет болса, сол үшін мен өзімді Владимир Кубышевич алдында кәміл борыштымын», - деп сөз арнаса, В.К.Байжанов: «Мен осы тостымды Өзбекәлінің Торғайда торғай болып шырылдап жүре бермей, Астанаға бүркіт болып оралуы үшін көтеремін», - деп отырысқа қатысқандарды түгел күлкіге қарық еткені бар. Сол кісі болжағандай, Өзекеңнің Астанаға бүркіт болып оралғаны баршамызға аян. Өзекең ағамыздың өнегелі өмір жолы шағын естелікке мүлдем сыймайды. Ол жөнінде арнайы кітап жазу лазым. Жазылуда да. Өзекең мол мұра қалды. Өнерді қастерлеген елінің, халқының сүйікті перзенті болған Өзекең бейнесі Қазақстан халықтарының жүрегінде сақталып, солармен бірге ұзақ ғұмыр жасай беретініне күмән болмаса керек.

***Абылай Хангерейұлы АЙДОСОВ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің профессоры, комсомол ардагері,
Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.***

ҒАНИДЫҢ ІСІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде Қазақстан мен Орта Азия жастарының қозғалысына жетекші болған Ғ.Мұратбаевтың ісін одан әрі жалғастырған Ө.Жәнібеков болатын. Ғанидың өнегелі өмірі мен өшпес рухына бас иген, 60-шы жылдардың басында Қазақстан ЛКСМ орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған Ө.Жәнібеков басталғаннан Ғанидың есімін мәңгілік қалдыруға, республикамызда жастар қозғалысын одан әрі дамытуға өзінің мол үлесін қоса білді. Өткен ғасырдың бірінші ширегінде Ғ.Мұратбаев жүрген қиыншылығы мен құйыны көп өмір жолы және 60-шы жылдардағы жастар ұйымдарының жұмыстарында үлкен ұқсастық бар екенін алғашқылар болып сезінген Ө.Жәнібеков өзінің ойын былай түсіндіретін:

— Ғани жастарды сауатсыздықты жоюға жұмылдыра білді, сондықтан оларды білімге, ғылымға, өнерге жетелеу бүгінгі комсомол ұйымдарының міндеті;

— Ғанидың жастарды еңбекке баулуы қазіргі кезеңді жер және су ресурстарын тиімді пайдалану, табиғатты аялау жұмыстарымен жалғасуы керек;

— Ғанидың жастарды Отан қорғауға шақыруы бүгінгі күні халықтар достығын нығайту, рушылдыққа, қалыңмалға қарсы күрес жүргізу жұмыстары одан әрі жалғасады.

Ө. Жәнібековтың өтінішімен атақты ақын, жазушы, академик Ә. Тәжібаев «Ғанидың монологын» жазған болатын. Ақынның бұл шығармасында Ғанидың жалынды жастық шағы мен өмір үшін күресі және асыл арманы айқын көрсетілген. Кейін Ә. Тәжібаев кейбір жерлерін жөндеп маған аманат ретінде тапсырған еді. Өзбекәлі мен Әбекеңнің бұл аманатын орындай отырып «Ғани монологын» толығымен беруді жөн көрдім.

ҒАНИ МОНОЛОГЫ

Заманымыз оқ пен оттан жаралған,
«Ғани» деді, атымды атап шақырды
Түстім келіп күркіреген майданға
Зор майданға, қан майданға ақырғы
Халқым маған өз аузынан тапсырды,
Күншығыстың жас ұрпағын баста деп
Суға батсаң, отқа саспа деп,
Қиындардан, құйындардан қашпа деп

Шындықты мен қабыл алдым, саспадым,
Тыңдамадым жалған сөзін басқаның
Ақ жолымды Жарық бол! –деп – Жарал, – деп
Жүрегімді жұлып алып тастадым.

Аш, жалаңаш жетімдерді жылаған,
Табыстырдым жарығымен өмірдің
Әр сәбидің қорғап жүріп тірлігін,
Қақпанына өзім түстім өлімнің

Қандай жас ем мөлдіреген,
Ана сүті кеппеген.
Шіркін дүние, жарық дүние,
Кімдер сенен өтпеген

Өкінбеймін, өлгенім жоқ текке мен,
Өшкенім жоқ күңгірт тартқан сәуле боп
Ей, достарым, жарқыраңдар, жаныңдар,
Бықсымаңдар болмашыны әурелеп.

Жас деген соң көрсету керек жастықты,
Қайрылған семсер жүзінен кескір, өткір боп
Қандай кез саған ынтыға тұрып қарамақ,
Басыла қалсаң мазасыз желдей желпілдеп.

Құласаң құла барыңды сарқып болған соң,
Құлдырай ағып қиядан түскен бүркіттей
Қартайсаң қартай, адамша қартай күйремей,
Ата деп тосқан жас сәбилерді үркітпей.

Иә, бар едіңдер-ау тетелес шәкірт достарым,
Есова Сара, Жүнісбек, Өтебайларым.
Сендерде қалған еді ғой менен от-жалын,
Жап-жарық арман, толқынды дауыл ойларым.

Бармысыңдар, жеттіңдер ме ұрпаққа,
Жеттіңдер ме көтеріп жылдар салмағын.
Айттыңдар ма алмас талай жастардың,
Болашақ үшін жан беріп құрбан болғанын.

(Ә.Тәжібаев.Шығ. жинағы. Алматы, 1979ж.)

Өзбекәлі Жәнібековтың тапсырмасымен комсомол ұйымдары Ғ. Мұратбаевпен қызметтес болған, кейбір тікелей оның қамқорлығын көргендерді, кейін мемлекет, қоғам, білім, ғылым найраткерлерін жинап ардагерлер кеңесін құрды, оны Ш. Өтегенов басқарды. Сол жылдары осы жұмыстардың басы қасында жүрген Қазақстан комсомолының Орталық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі С. Хангелді былай деп жазады:

— Ғани туралы сөйлей бастағанда бұлар арқаланып алатын. Сонда өздерін Ғаниша ұстауға тырысатыны көрініп тұратын. Ғаниды бәрі көрген, бәрі де Ғанидың дағдыларын, сөйлеу мәнерін жақсы білетін. Тоғытылып жатқан ой, секемі жоқ сенімділік, тойтарысқа төзбейтін табандылық екеніне шаң жұқтырмай жетелей жөнеледі. Алдымызға Ғанидың өзі келіп сөйлеп тұрғандай біз де демімізді іштен алып, құныға тыңдап едік. Бұларды қолтықтап жастар ұйымдарына апарар едік, арнайы кездесу ұйымдастырып, естелік айтқызар едік. Комсомолдардың пленум, конференциялардың мінбесін беріп, қайта-қайта тыңдап тағылым алар едік. Ғани туралы айта жүріп олардың өздері де қайта жасарғандай жігерлене түсетін. Ғанидың алдында есеп беріп тұрғандай ширай түсетін («Сыр бойы», 2002ж. 1 маусым).

Осы жұмыстарды ұйымдастырушы, жастарды еңбекке, білімге, ғылымға, өнерге жетелеген Қазақстан комсомол ұйымының жетекшісі Ө. Жәнібековты Республика жұршылығы Ғанидың ісін одан әрі жалғастырушы деп таныды. Өзбекәлінің жастар алдында айтқан жалынды сөздерінде түйдек-түйдек ойлар, құнды пікірлер мен ұсыныстарды тыңдағандар оның бойынан Ғ. Мұратбаевтың қасиеттерін көретін. Шынында да ол Ғаниға еліктейтін еді, оның есімін үлкен мақтанышпен айтатын. Қызылорда облысында 60-шы жылдары кең өріс алған Ы. Жақаев және оның жас ізбасарларының патриоттық қозғалысына ықпал жасап қызу қолдаған Ө. Жәнібеков болатын. 1964 ж. басында Орталық комсомол комитетінің бюро мәжілісінде Қызылорда облысының суғарылмалы жерді игеруде, күріш өсірудің озат тәжірбиесін үйретуде, гидротехникалық құрылыстар салуда жастардың белсенділігін арттыру мәселелеріне байланысты жұмыстары туралы облыстық комсомол ұйымының есебі тыңдалды. Орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Ө. Жәнібеков, бюро мүшелері Ш. Мұртаза, К. Смайлов, А. Устинов, В. Энгели, К. Ахметов Сыр бойындағы атақты күрішші, социалистік еңбек ері Ы. Жақаевтың жас күрішшілерге аранған хатының үлкен тәрбиелік мәнінің зор екені айтылды. Қызылорда облысында суармалы аймақтарында күрішшілердің республикалық Ы. Жақаевтың тәжірбиесін тарататын мектеп ашу туралы ұсыныс жасалынды. Сырдарияның төменгі ағысында салынып жатқан Қазалы су торабы республикалық комсомолдың екпінді құрылысы болып жарияланды. Дихан ата Ы. Жақаевтың хатына Сыр бойының жастары қызу үн қатты, күріш плантацияларына келген саны күн санап көбейе берді. Шиелі ауданында ашылған Ы. Жақаевтың жұмысына Ө. Жәнібеков үлкен мән берді, оның құрылысына студенттік құрылыс отряды жіберілді. Ол мектепте 200-ден астам жас күрішшілер дәріс алды. Оларға сабақ бергендер белгілі агроном Ә. Алтынбеков, белгілі мамандар және Ы. Жақаевтың өзі болды. Жас дихандар күріш өсірудің жаңа технологиясын

игеруге кірісті. Ы.Жақаев облыс жастарына арнаған хатында былай деп жазған: «Өзі жас,еліне бас болатын жігіттің үш асыл мінезі болады. Біреуі шыншылдық, одан соң аңқылдақ адалдық, одан соң қара қылды қақ жарған әділдігі» (Ы.Жақаев. *Өмір жолдары. Алматы, Жазушы, 1980ж. 238 бет*)

Ы.Жақаев Ғ.Мұратбаевтың бойынан осы тамаша қасиеттерді көре білді, сол қасиеттерді өзінің шәкірттерінен де көргісі келетінін әрдайым айтатын еді. Қызылорда облысында кең етек алған жас күрішшілердің қозғалысы туралы Ө. Жәнібековке үлкен үміт артатын және оның облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерінің болатынын айтқан болатын. Дихан атаның көптеген нақыл сөздерін жазып алып, Ы. Жақаевтың мектебін безендіруге пайдалануға болатынын ұсынған еді: «Еңбек етпесең елге, өкпелеме, егін екпесең жерге өкпелеме; Су егінді суарсаң, селге айналмасын, жел ауаны тазартсын, дауыл болып сапырмасын; Күн сәулесін төксін, өрт болып жалындамасын» Ыбырай атаның осындай қанатты сөздері оқу тәрбие жұмыстарда пайдалануға Ө.Жәнібеков үлкен мән берді. Сыр бойында дүниеге келген Ы. Жақаев оның ізбасарларының қозғалысы Арал теңізі бассейнінде және одақтың басқа да суармалы аймақтарында жан-жақты қолдау тапты. 1964 жылы Қызылорда облысында 10 мың гектар жерде Ы.Жақаевтың ізбасарлары күріш егудің жаңа технологиясымен жұмыс істейді. Олардың ішінде Қармақшы ауданында Ә.Тоғызбаев өзіне бекітілген жердің әр гектарынан 65 центнерден күріш дәнін өндірді. Ә.Тоғызбаев алғашқы болып Ы.Жақаевтың қолынан «Еңбек аттестатын» алды. Кейін бұл патриоттық қозғалысқа қатысқан Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Тереңөзек, Қармақшы, Қазалы аудандарының жас дихандары да үлкен табыстарға жетті. Ө.Жәнібеков өзіне тән табандылығымен Қызылорда облысының жас күрішшілерінің бірінші слетін өткізуге үлкен қолдау жасады. 1964 жылдың 24 желтоқсанында Қызылордада өткен жақаевшылар қозғалысының бірінші форумына ұшқыш-ғарышкер Г.Титовты қатыстыруға Ө.Жәнібеков қызу кірісті. Оған Мәскеуден Орталық комсомол комитетінің хатшысы В.Дувакин, Өзбекстан комсомолының хатшысы Д.Ядгаров, Қарақалпақстан, Алматы, Шымкент облыстарының бірінші хатшылары С.Книязов, М.Жақсыкелдиев, Қ.Тұрсынқұлов бастаған жас күрішшілердің делегациясы қатысты. Сыр бойында Ы.Жақаев және оның ізбасарларының қозғалысы одан әрі дами түсті, оған қатысқан жас дихандарды халық сүйіспеншілікпен «жақаевшылар» деп атап кетті. 1964–1971 жылдары жақаевшылар қатарында 1200-ден асып түсті. Олардың ішінде 100 центнерден және одан да жоғары өнім алған жас жақаевшылар Т.Елеусінов, А.Әбиев, Қ.Жүсіпова, Ә.Кәрібозов, А.Ахметов, Ж.Таспанбетова, С.Жұмабеков, Б.Мұстапаева, А.Балғынбаева социалистік еңбек ері атанды. Жақаевшылар қозғалысы Қызылорда облысында тек шаруашылық жағынан ғана сипатталынбай,оның әлеуметтік-мәдени мазмұнымен ерекшеленеді. Олармен бірге ауылға ән мен өнер келді, қырман басында фестивальдар мен конкурстар, спорт жарыстары өткізіле басталды, қызықты кездесулер ұйымдастырылды. Ө.Жәнібековтың тікелей тапсырмасымен сыр бойына жастардың сүйікті композиторы Ш.Қалдаяқов, жас ақын М.Шаханов келіп, жақаевшылардың қозғалысына қатысушы жас күрішшілердің жұмысымен танысып, аудандарда болып, бірнеше кездесулер өткізді. 1965 жылдың наурыз айында «Сыр сұлу» әні дүниеге келді. Оның сөзін жазған белгілі ақын З.Шүкіров болатын. «Сыр сұлу» әні облыс жастарының әнұраны болып асқақтата шырқалды. Қызылорда педагогикалық институтында (қазіргі Қорқыт ата атындағы ҚМУ) студенттер ән-би ансамблі құрылды, оған «Сыр сұлу» аты берілді. Ансамбль облыстық көркем өнерпаздарының шоқтығын биіктетіп,

халқымыздың ұлттық өнерін танытуда үлкен ықпал болды. Оған студент жастардың халықтық ән-би ансамблі атағы берілді. 1968 жылы Болгарияда өткен Дүниежүзілік студент жастарының фестиваліне қатысып, лауреат атағын иеленді. Кейін «Сыр сұлу» ансамблі Мәскеуде, Кишиневте, Иеменде өнерін көрсетті. Ансамбльге Ө.Жәнібеков тарапынан қамқорлық мол болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылдың 11 наурызындағы «Ғ.Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы» қаулысы мемлекет дәрежесінде қабылданған алғашқы құжат. Бұл Ө.Жәнібековтың асыларманы болатын. Өйткені Ғаниды еске алу, оның мерейтойларын өткізу бұған дейін мемлекет тарапынан ешқандай қолдау таппаған. Тек жергілікті комсомол ұйымдарының ұсыныстарымен, Ө. Жәнібеков басқарған Орталық комсомол комитетінің қолдауымен, партия комитеттерінің рұқсатымен ғана Ғанидың туған күндері аталынатын, әсіресе оған ескерткіш қоюда партия басшыларының жағынан үлкен кедергілерге қарамастан Өзекең бұл жұмыстарды іске асыруда ерлік көрсете білді. Ғ.Мұратбаевтың туған жері Қызылорда облысында алғашқы рет 1958 жылы жергілікті комсомол ұйымының бастамасымен БЛКЖО-ның 40 жылдығына, Қазақстан, және Орта Азия комсомол ұйымдарын ұйымдастырушы Ғ. Мұратбаевтың қызметі мен өміріне арналған ғылыми конференция өткізілді. Сол жылы облыс жастарының жинаған қажысына Қазалы қаласында Ғаниға салынған 10 мың орындық Орталық стадионға Ғ.Мұратбаевтың есімін беруде Ө.Жәнібековтың қолдауы қажет болды. БЛКЖО Орталық комитетінің бірінші хатшысы Е.М.Тяжельников Қазақстанға келген сапарын Қызылорда облысынан бастады. Жастардың белсенді қатысуымен салынған стадионды Ғанидың атымен атауға ұсыныс жасалынып, оны облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Х.Ш.Бектұрғанов қолдады. Бұған дейін қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы А.И.Шевцов ұсынысты қолдамай, стадион «Спартак» деп аталынбақшы болатын. Өзбекәлі осындайда жол тауып кететіндігін бұл жолы да көрсете білді. Кейін Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионның алдына оған тамаша ескерткіш қойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Шығыс жастарының көсемі, XX ғасырдың саяси қайраткері Ғ. Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойы республикамызда кеңінен аталынды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры профессор К.А. Бисеновтың ұсынысымен 2002 жылдың 15–17 сәуірінде Мәскеуде және Қызылордада Ғ. Мұратбаевты еске алу күндері өтті. Республика жоғары оқу орындарының өкілдерінен тұратын делегация 15 сәуір күні Мәскеудегі Ваганьков зиратындағы ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, қасиетті Құраннан дұға оқылды. Ғ. Мұратбаевтың туған күні 3 маусымда облыс әкімі С.Ө.Нұрғисаев басқарған Қазақстан делегациясы Мәскеудегі Ғанидың жатқан жерінде болып, оның 100 жылдық мерейтойына байланысты ескерткіш тақта орнатылды. Қызылорда қаласында Ғ.Мұратбаев көшесінде мерекелік той өткізілді. Ғанидың туған жері Қазалыдағы тарихи-материалдық мұражайда жаңа экспозиция ашылды. Ғанидың 100 жылдық мерейтойының басты оқиғасы ретінде «Ғ. Мұратбаев: тарих және қазіргі кезең» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияға қатысушылар ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Ғ.Мұратбаевтың 100 жылдығына арналған «Білім керуені» сапарға шығып, ауыл мектептерін аралады. Университет оқытушылары мен студент жастар мектеп бітіруші түлектермен кездесіп, оларды Арал аймағындағы білім, ғылым, өнер ошағына айналған Қорқыт Ата атындағы ҚМУ оқуға шақырды, Елді мекендердегі ауыл тұрғындарына «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасын Елбасының

Жолдауындағы республикалық ауылдарының дамуына бағытталған үш жылдық мерзімде жүргізілетін іс-шараларды насихаттау жұмыстары жүргізілді. Ө.Жәнібеков Байқоңыр ғарыш аймағында болып, ғарышкерлермен жиі кездесетін еді, ғарышқа қазақ азаматының ұшуы оның асыл арманы болатын. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің арқасында қазақтың азаматтары Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаевтың ғарышқа ұшқанын, олар Елбасы Н.Назарбаевтың шығарып салып, жерге қайтып оралғанда қарсы алғанын көріп алғашқылар болып қуанған Өзекең еді. Қазақстан жерінен ғарышқа ұшқан Ю.А.Гагариннің ерлігіне арнап жазған О.Сүлейменовтың «Земля, поклонись человеку» атты еңбегін БЛКЖО сыйлығына ұсынған Ө.Жәнібеков. Оны талқылау үшін Байқоңыр ғарыш айлағына барып, жауынгерлермен кездесулер өткіздік. Әскери бөлімшелердің барлық комсомолдары О.Сүлейменовты комсомол сыйлығына лайықты деп тауып, өздерінің шешімдерін Мәскеуге жеделхат етіп жіберді, О.Сүлейменовке лауреаттық атақ беру рәсіміне Қызылордадан Мәскеуге «Сыр сұлу» ансамбілінің бишілер тобы шақырылды. Олар Олжаспен бірге сахнаға шығып, өнерлерін көрсетті, ақынды құттықтаған делегацияның ішінде Теміртаудың атақты жас металлургы Н.Назарбаевта бар еді. Кейінгі жылдары Ө.Жәнібеков Мәдениет министрі, одан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы кезінде бұрынғы комсомол жолдастарын ұмытқан жоқ. Әсіресе Өзекеңнің Ш.Қалдаяқовқа жасаған қолдауы мен қамқоршылығы барлығымызға үлгі болатын. Шәмші өмірінің соңғы жылдарында сырқаттанғанда Қызылордадағы маған телефон арқылы Шәкеңді Сыр бойына емдетуге жіберіп, оған жағдай жасауды тапсырған болатын. Сыр елі оған барлық жағдай жасады. Шәмшінің жанында тек дәрігерлер емес, оның әріптестері мен өнер адамдары А.Тоқмағанбетов, Қ.Әбенев, О.Бодықов, Ж.Үмбетов Қаратаудың бөктерінде де дем алды, емделді. Сол жолы Өзекеңнің тапсырмасымен Шәмшіге зейнетақы алып беру үшін қажетті құжат, бірақ ешқашан толтырылмаған Еңбек кітапшасын Қызылордада толтыруға тұра келді. Бір топырақтан туып, тетелес өскен Өзекеңнің Шәмшіге деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы барлығымызға түсінікті еді, сондықтан да оны орындауға талпындық, адал болдық, Қорқыт Атамыз бен Қожа Ахмет Ясауидің мұрагерлері деп таныдық. Ө.Жәнібеков 67 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Марқұмның өтініші бойынша оның мәйіті Арыстанбаб әулиедегі мазаратқа жерленді. Бұл жерде қазақ халқы өзінің сүйікті ұлдары Ғ.Мұратбаев пен Ө.Жәнібековты соңғы сапарға шығарып салуда заманның ағымына сәйкес ерекшеліктерін айтқанымыз орынды болар. Ғ.Мұратбаев Мәскеуде қайтыс болған күні 1925 ж. 15 сәуірінде оның туған жері Сыр бойында Қазақстанның жаңа астанасы Ақмешіте Республика Кеңестерінің V съезі өзінің жұмысын бастаған болатын. Съезд делегаттары қазақ халқының ардақты ұлы, Шығыс жастарының көсемі атанған Ғ.Мұратбаевтың дүниеден өткенін есітіп, орындарынан тұрып, бір минут естеріне алды. Осы съездің шешімімен Ресей империясы кезінде халқымыздың «қырғыз» деп қойған аты өзгертіліп, оның шын тарихи атын «қазақ» есімі қалпына келтірілді. Ақмешіт Қызылорданың ең тәуір көшесі Ғ.Мұратбаевтың есімімен аталады. Ұйымдастыру жылдары Қазалы ауданындағы оның туған ауылы Ғ.Мұратбаев деп аталады. Сол кезеңдегі Ғаниды мәңгілік есте қалдыру дәстүрі бүгінгі күні де жалғасын табуда. Республикамыздың көптеген мектептері мен мәдениет орындары оның есімінде. Бұған Ө.Жәнібековтың қосқан үлесі мол болды. Қыршын кеткен, елі мен халқы үшін қыруар іс тындырған Ғ.Мұратбаевты Москва жұртшылығы мен мыңдаған комсомол мүшелері соңғы сапарға шығарып салды. Балтық теңізі флотының 200 матросы қазалы күзетте тұрды. Азамат соғысының

ардагері Педвойский ашқан қаралы митингіге БЛКЖО бірінші хатшысы Чаплин, Ғанидың жерлесі Төреқұлов сөз сөйлеп, қабіріне топырақ салып, гүл шоқтарын қойды. 1973 ж. 20 шілдесінде Мәскеуде Ваганьков зиратындағы Ғ.Мұратбаевтың қабіріне ескерткіш орнатылды. Оны салтанатты түрде ВЛКСМ орталық комитетінің бірінші хатшысы Е.М.Тяжельников ашты. Салтанатқа қатысқандардың ішінде Ғанидың зайыбы Бақытжамалдың сөзі жиналғандарға үлкен әсер еткені туралы жастар газеті «Комсомольская правда» ертеңіне жазды. Бұған да Өзекеңнің қосқан үлесі бар екені белгілі. Ө.Жәнібеков қайтыс болғаннан кейін оның денесі салынған қаралы поезд Алматыдан Отырар ауданына келді. Алматыға тоқтаған поезды Шымкент облысы мен Отырар ауданының тұрғындары қарсы алды. Қызылорда облысының қазіргі әкімі С.Ө.Нұрғисаев бастаған делегация мүшелері де осы поезбен келген Өзекеңнің жан жолдасы, сүйген жары мен балаларын, мемлекет және қоғам қайраткерлері Е.Әуелбеков, М.Ахметова, К.Аухадиев, Ғ.Бибатырова, З.Камалидинов, М.Қозыбаев, Ш.Мұртаза, Қ.Салықов, М.Шаханов, К.Смайылов, Қ.Тұрсынқұлов және басқа Алматы жұртшылығының өкілдерін қарсы алуға қатысты. Одан әрі автобустар мен жеңіл машиналарға мінген жұртшылықтың қаралы шеруі 10 шақырымға дейін созылды. Отырар ауданының орталық алаңында болған қаралы митингі Қазақстан Республикасының министрі Қ.Е.Көшербаев ашты. Өзекең Арыстанбаб әулиенің мазарына жерленді, Пайғамбар жасынан өткен шағында Ө.Жәнібеков өзінің туған жері Отырарға мәңгілік қайта оралды. Ө.Жәнібеков қарымды қаламгер, ойы терең тарихшы, публицист ретінде қазақ тарихы мен мәдениеті жөнінде бірнеше монографиялық дүниелер жарияланды. Оның қаламынан туған «Қазақ қолөнерінің мәдениеті», «Уақыт керуені», «Уақыттың көз қарашығында», «Жолайрық» атты кітаптары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Өзекеңнің қоғамдық және ғылыми еңбектері бірнеше ордендер және медальдармен марапатталды, бірнеше дүркін Жоғары Кеңестің депутаты болып сайланды. Ө.Жәнібековтың есімін мәңгілік есте қалдыратын, Ғ.Мұратбаев пен Өзекеңнің істерін одан әрі жалғастыратын жас өспірімдер қаулап өсіп келеді.

**Мұхамеджан РҮСТЕМОВ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері**

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ӨЗБЕКӘЛІСІ

Комсомол өз қатарынан не бір болашақ дарынды таланттарды баулып, тәрбиелеп шығарды. Солардың ішіндегі бірі емес, бірегейі, ерекше көрнектісі, аса дарындысы, жан-жақты білімпазы, ғалымы Өзбекәлі Жәнібеков. Мен онымен етене жақын 1950 жылдың екінші жартысында, Алматы жоғарғы партия мектебін бітіріп, жолдамамен осы облысқа келгенде таныстым.

Өзбекәлі қою қара қасты, қалың қара шашты, дене бітімі, бет пішіні келіскен, кең маңдайлы, сымбатты, жинақы, көп сөйлемейтін, бір қарағанда тұйықтау азамат екен. Ол өзінің өмірі туралы: «Расында біздер кімдер едік?»

«Партия айтты: комсомол «құп болады» деп бұрынғыдай шапқылай беретін оның тетігі болдық па! Шынтуайтына барсақ, біз басқаша тәлім-тәрбие ала бастаған,

айналадағы ортаға, тарихқа сын көзбен қарайтындай кемеліне келе жатқан жас ұрпақтың өкілі едік. Бізде қазіргі «жаңа қазақпыз» дейтіндердің балаларындағыдай «Мерседес» түгілі, велосипед те болған жоқ, жарып тамақ іштік деп те айта алмаймыз. Киім – кешегіміз де жұпыны болды. Буынымыз қатпаса да, соғыс кезде ұжымшардың малын бақтық, егінін егістік», – деген еді (Ө. Жәнібеков. «Тағдыр тағылымы» /кітап, 7 бет/).

Өзбекәлімен бұл жағымен тағдырлас екенбіз. Бірақ ол иткөйлекті менен бір жыл бұрын тоздырыпты.

Облыстық комсомол комитетіне келгенге дейін ол Келес ауданында ұстаздық қызметінде болып, кейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы, сосын комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланыпты. Ол жұмысын тиянақты атқарып, артында ел айта жүретіндей іздер қалдырды. Аудандағы әр шаруашылықта, ірі құрылыс, өндіріс орындарында «қыздар клубтарын» ұйымдастырып, қазақ, өзбек қыздарын қоғамдық жұмыстарға, көркемөнерпаздар үйірмелеріне тартып, қазақтың қолөнерін дамытуға жұмылдырды.

Осы кезде сол Абай елді мекеніне бара қалсам көше бойлаған еңселері биік теректерді, қара ағаштарды, сәмбі талдарды көрсем көз алдыма Өзбекәлінің бейнесі келеді.

Көп ұзамай Байжанов кәсіподақтардың облыстық Кеңесінің төрағасы қызметіне, Өзбекәлі оның орнына, Қаратас (қазіргі Қазығұрт) ауданының комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қалаубек Тұрсынқұлов Өзбекәлінің орнына сайланды.

Өзбекәлінің бюро мәжілістерінде сөйлеген сөздері, пленумдарда, активтерде жасаған баяндамалары өте салиқалы, сынды, қандай мәселелер болса да жан-жақты талданылған, тұжырымды болатын. Оның басқа басшыларға қарағанда ерекшелігі баяндамаларға қажетті деректерді, анықтамаларды, хабарламаларды жинап алып, баяндамаларды өзі жазатын. Аудандардағы, қалалардағы жиналыстарда сөйлейтін болса, сөзінің тезистерін қағазға түртіп, соған анда-санда қарап қойып, көсілтіп сөйлеуші еді. Қызметкерлерден де сондайды талап ететін. Бюро мәжілістерінде кейбір аудандық, қалалық комсомол комитеттерінің хатшылары әкелгендеріне шұқшиып, бас көтермей оқыса, оны шұғыл тоқтатып? «Ай, хатшы, бізге лекция оқығалы келдің бе? Атқарған істеріңді қағазға үңілмей-ақ өз сөзіңмен айтып берсейші. Қағазға жабысқан әдеттен арылу керек» дейтін. Келе-келе барлық хатшылар осы тәртіпке үйренді. Ол табиғатында барынша сыпайы еді ғой. Ана тілін қалай терең білсе, орыс тілінде акцентсіз көсілте жөнелетін.

Несін жасырайын, бәлкім ата-анадан ерте айырылып, бала жастан тұрмыс тауқыметін тартып, адамдардың зұлымдығын, арақатынасындағы екі жүзділікті көргендіктен бе, әйтеуір езу тартып, жымия бермейтінім рас. Кек сақтамаймын. Кейде түнеріп төмен қарап келе жатып, кездесе кеткен таныстарды байқамай өтіп кете беретін кездерім болады. Тіпті өзімді етене түсінетіндер болмаса, қызметтестерімнің көпшілігіне табиғатынан қатал, анау-мынауға иіле қоймайтын, қарауындағылардан ұқыптылықты, жауапкершілікті талап еткеннен басқаны білмейтін қақайған, қатыгез басшы көрінетінімді де сезетінмін. (Ө. Жәнібеков. «Тағдыр тағылымы», 1-кітап, 6 бет).

Лауазымы жоғарылап астанаға кеткен Өзбекәлімен республикалық жиындарда, облысқа іссапармен келгенде кездесе қалсақ, ескі таныстардай тоқтап, шүйіркелесіп сөйлеспей қолын селсоқ беріп, ернінің амандасып өте шыққанын талай көріп, менсінбеген соң солай ететін шығар деп ойлағаным шындық. Сөйтсем табиғатында, жаратылысында жоғарыда өзі айтқандай екен ғой.

1962 жылы Өзбекәлі Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы болып сайланып, ортамыздан шыққан азаматтың қызметі жоғарылағанына біздер қуандық, мақтаныш тұттық.

Өзбекәлінің облыс, республика комсомолының басшысы болып тұрғанда ел жастарының есінде қалатындай жұмыстарына аздап болса да тоқтала кетейін.

Өзбекәлі Қазақстанда пионер, комсомол ұйымдарының негізін қалаушы Ғани Мұратбаевтың атын мәңгілікке қалдыруды аянбай, белсене атсалысты. Бір кезде өлшолақтар мен надандар Оңтүстікте – Шымкентте Ғаниға ескерткіш орнатылсын дегенде ол Қазалыда туылған деп қарсылық білдіргендер болған. Ондай келте ойлайтындар ол кезде оңтүстіктегі облыстардың бірегей болғанын еске түсірмепті де. Осындай қарсылыққа қарамай Өзбекәлі бұл мәселені қолға алып алғашқыда Байжанов пен қосылып, Мәскеудегі Давид Шумилович деген мүсіншіге оның бойымен тұрған мүсінін жасауға ұсыныс берген. Кейін естідік, мүсінші Ғанидің отырып түскен суретінен басқа сурет таба алмай, Ғанидің дене бітімін сұлбасын жасауға Өзбекәлінің өзін үлгі етіп алыпты.

Ескерткіш металдан құйылып, Шымкентке жеткізілгенде біздер ерекше қуанышқа бөленіп, тірі Ғани келе жатқандай жиналып барып пойыздан түсіріп алдық. Бірақ ескерткішті орнату мәселесіне келгенде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Б.И. Макаров облыс орталығында В.И. Ленинге ескерткіш қойылмай жатып, Ғани Мұратбаевқа ескерткіш қоюдың жөні болмас деп мәселені тоқтатып, дайын ескерткіш оранып, қымтылған күйі облыстық партия комитетінің қорасында алты жыл жатты. Өзбекәлі Алматыға ауысқанымен бұл істі есте істен шығармай Макаровтың орнына сайланған В.А. Ливенцовтың есіне қайта-қайта салып, тыныштық бермепті. Қыр соңынан қалмаған Өзбекәліден құтылайын деді ме, ол комсомолдың қаржысына салынған оған ешқандай қатынасы жоқ бұрынғы Келес ауданындағы Ғани Мұратбаев атындағы кеңсарға жібертіп, ескерткіш сонда орнатылсын деген нұсқау беріп, өзі кезекті демалысына шығып кетіпті. Мұны естіген Өзбекәлі қатты ашуланып, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қаражан Әбіләзимовке қатаң тапсырып, бір тәуліктің ішінде Шымкентке қайта алдыртып, Өзбекәлінің табандылығының арқасында сол ескерткіш кіндік Азия республикаларындағы жастар делегацияларының қатысуымен салтанатты түрде қазіргі Тәуке хан мен Түркістан көшелерінің қиылысында орнатып, оған Ливенцовтың өзі де қатысты. Белден басып дегенін істететін хатшы, Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесінің тірлігіне еш нәрсе жасай алмай ашу-ызадан ішін мысық тырнаса да сыр бермей жиынға келген болар.

Кейін бұл ескерткіш ол жерден алынып, қазіргі оқушылар мен жастар сарайының алдына орнатылды.

Сол кездегі комсомол мен пионер ұйымдары облыстағы тарихи орындарға қамқорлықтарын күшейтіп, жаңадан саябақтарын, достық аллеяларын, гүлзарларын отырғызуды өрістетті. Бұл игілікті тірліктердің барлығының Өзбекәлінің зор үлесі бар.

Елуінші жылдары Бетпақ даланы одан ары игере түсу, Шардара су қоймасын, Арыс-Түркістан каналын салу, Шымкент цемент зауытын тұрғызу комсомолдық екпінді құрылыс деп жарияланып, оларға жастарды ұйымдастырып, олардың жұмыстарын қадағалауда Өзбекәлінің еңбегі ерен еді.

Міне Өзбекәлінің бар болмысы осы. Оның әйел балаларына, қыздарға деген қамқорлығы айрықша. Оның тәрбиесін молынан көрген облыстық комсомол комитетінің хатшылары? Мағауия Есмағанбетова, Зәуре Қадірова, Дина Абдрахманова,

Зура Шаутаева, Нина Бөлепова, Дүйсенкүл Бопова, Ғайникен Бибатырова, Рая Ахметова, басқа да қыздар, «Өзбекәлі Жәнібековтің қыздары» атанып алған өнегелі тәрбиелерінің нәтижесінде кейін келе-келе салиқалы басшылар, мемлекет, қоғам қайраткерлері болды.

Өзбекәлі талантты жастардың нағыз қамқоршысы болды десем артық айтқаным емес. Оларды қошеметтеп, ардақтап, олардың өнеріне кең жол ашуға атсалысты. Оларға Қазақстан Комсомолының лауреаты деген атақ беруді бастаушы Өзбекәлі болып, солардың қатарында ақын-жазушылар Әнуар Әлімжанов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, композитор Шәмші Қалдаяқов, Ғазиза Жұбанова, дирижер-хормейстер Анатолий Молодов, әншілер Ескендір Хасанғалиев, Нұрғали Нүсіпжанов тағы басқалар болды.

Досым композитор Шәмші үйге келгенде таңертең лауреаттық белгісін тіс жуғыш пастамен ысқылап жалтыратып қоймаса көңілі көншімейтін.

– Бұл маған Кеңес үкіметінің ордендерінен мың есе қымбат, ыстық.

Мені біреулер маскүнем деп даттаса да менің талантымды, еңбегімді бағалаған Өзбекәлі мен Қалаубек болды. Оларға мың қайтара рахмет, – дейтін ол тебірене, сонау жылдарын есіне алып.

Өзбекәлі жаңадан ұйымдастырылған Торғай облысының партия комитетінің хатшысы болып барып, ол жақта да ел айта жүретіндей іздер қалдырды. Әсіресе ол ұйытқы болып жинастырып, ұйымдастырған қазақтың көне әуез аспаптарынан құралған «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, оның мүшелеріне тігілген әсем ұлттық киімдер тек Торғай облысында ғана емес, республика көлемінде айтарлықтай жаңалық болып, содан кейін «Ғасырлар пернесі», «Сазген», «Адырна» халық аспаптар ансамбльдері, «Отырар сазы» оркестрі дүниеге келіп, оның жалғасын тапты.

Халықаралық «Қазақ тілі (қоғамының Торғай облыстық ұйымының төрағасы, белгілі ғалым, этнограф Сейіт Кенжахметовпен бірде Алматыда қоғамның жиналысында кездесіп, Өзбекәлі жайлы сұрағанымда?

– Мұха, сендердің Жәнібековтердің біздің облыстың бағына келген

хатшы болды ғой. Біздің ел көне тарихқа бай, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары бұзылмай мол сақталған, бірақ Кеңес дәуірі тұсында бұқтырылып, қудаланып, бірте-бірте ұмтылып, жадымыздан шыға бастап, орыстануға жақындап қалып едік қой. Жәнібеков келіп солардың көзін ашты, жандандырды, біздерді қазақыландыруға бар күш-жігерін жұмсады.

Өзбекәлі комсомол, партия, мемлекет қайраткері болумен қатар, ол тарихшы-этнограф, өнертанушы ғұлама ғалым ретінде елге танымал. Оның жарық көрген «Қазақ қолтумасының мәдениеті», «Жаңғырық...», «Алтын домбыра жайындағы аңыздың ізімен», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі» Жарылқасын Нұсқабаймен бірлесіп құрастырған «Ежелгі Отырар» атты кітаптарында қазақтың тарихы мен этнографиясында, дәстүрлі өнері мен шығармашылығына байланысты тұжырымды ой-пікірлері жинақталған. Осы кітаптарды оқып отырып, оның арнаулы білімі болмаса да ізінше ізденіп, қазақтың заттық – тұрмыстық мәдениетін, тұрақты мекен – жай үлгілерін, ою-өрнектерін, билерін, киімдерін терең пайымдап, ғылыми тұрғыдан зерттеп, талдап, осынша биік сатыға көтерілгеніне қайран қаласың.

Өзбекәлі туралы айта берсек әңгіме көп. Бұл қысқа естелікте оның бәрін қамту мүмкін емес. Тұжырымдап келіп айтарым, қатардағы қарапайым мұғалімнен өз еңбегімен, табандылығымен, білімділігімен, асқан қаблетімен, терең ойлылығымен,

зерделілігімен комсомол, партия, қайраткері, дарынды ғалым бола алған Өзбекәлі Жәнібеков халқымыздың біртума, қайталанбас перзенті. Сұм ажал оны халқына берер мол, кемел шағында, мақсатына жеткізбей өмірін қырқып кетті. Өкінішті-ақ, бірақ амал жоқ. Біздер қызметтестері, замандастары оның бейнесін ешуақытта ұмыта алмаймыз. Бейнесі мәңгі көз алдымызда.

Қанат ТҰЯҚБАЕВ

1. ӨЗ-АҒА

Аз жаса, көп жаса, өткен өмір жолыңа қайырыла бір қарасаң, тізбек-тізбек көріністер көлбеңдейді. Қуаныш пен қайғы, жақсы мен жаман, әділеттік пен әділетсіздік – бәрі-бәрі еске түседі. Әсіресе, «жақсыдан – шарапат» дегендей, маңдайыңнан сипаған, арқадан қаққан, жанына жақындатып, мейірімін төккен асыл аға, асқақ Азамат ойға оралады. Жүрегің ерекше бір езіліп, сағынышқа, тәтті мұңға бөленесің. Ғибратты, өнегелі істері мен сөздерін, ірі-ірі мінездерін еске аласың, ерекше сағынасың. Ол кісі бақиға озып, бүгінгі тірілер санатында болмағанымен Рухы өзіңмен бірге жүргенін, жүрегіңнің төрінен мәңгі орын алғанын түйсінесің. Мен үшін осындай асыл жан, қадірменді аға, камқор азамат – Өзбекәлі аға-тұғын.

1970-жылдардың соңында Өз-аға Ахмет Ясауи кесенесін қайта қалпына келтіру істерімен Түркістанға жиі-жиі келіп жүретін. Мәдениет министрлігінің орынбасары болғанымен біз оның атына сыртынан қанықпыз. Жалғыз мен емес, 1960–1970 жылдардағы Қазақстанның күллі өрімдей жастары өз жетекшісін жақсы білетін. 1966 жылы комсомол қатарына өткенімде бірінші қойылған сұрақ: «Қазақстан Лениншіл жастар ұйымының жетекшісі кім?» – болатын. «Болмасаң да ұқсап бақ» деп, қарманып, оқып-тоқып, білгенімізді сұрап, сан сауалға жауап іздеп жүрген алаулы шақта қалайша мүдіресің. Өзіміздей көптің бірі болып, аузымды толтыра: «Өзбекәлі Жәнібек», – деген едім...

1978 жыл. Институтты тәмамдап, Кентау қаласында «Мырғалымсайсвицецстрой» құрылыс тресінде инженер-құрылысшы, соңынан цех бастығы болып жұмыс істегеніме 4 жылдан асып қалған. Өмір бойы қазақ әдебиеті мен тілінің мұғалімдері болған әке-шешемнің ұстаздық бай кітапханасын ақтарып, тарихи көне мұраларға қызығушылықпен жүрген кезімде осы Әзірет Сұлтан қорық-мұражайында Өз-ағамен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түсті. Мені сынап көргісі келгендей ана тақырыпқа бір, мына тақырыпқа бір тартып, әңгімелесіп көрді де: «Алматыға келсеңші, сонда сөйлесейік», – деді. Келесі жылы ақпан айында жолым түсіп, астанаға келдім, Өзағаның қабылдауында болдым. Барлай қарап, бақылай сұрап, біраз сөйлесіп отырды да, сол кездегі «Казреставрация» бірлестігінің бастығы Тәуенов Айысбек ағамызға телефон соқты. «Менің алдымда бір бала отыр, мамандығы инженер-құрылысшы, бірақ тарихты, тарихи мұраларды білсем деген ынтасы бар екен. Орын табыла ма?» – деді. Бір кезде маған қарап: «Қатардағы инженерлік орын бар екен, барасың ба?» – деді. Мен дереу, қуана келісімімді бердім. Өйткені ол кезде әрбір қазақтың қара баласына астана Алматыға орнығу, сіңісу қол жетпес арман-қиял еді ғой... Осылайша Өз-ағаның батасымен 1979 жылдың наурыз айынан бастап сол бірлестіктің өндіріс бөліміне қатардағы инженер болып қызметке кірістім. Алматылық, астаналық болдым...

Реставрация, қайта қалпына келтіру атты сырлы әлемнің қыр-сырын үйрену, меңгеру, кәдеге асыру жолындағы жаңа еңбек жолым басталды. Бұл саладағы алғашқы жұмысым – қазіргі «Қызыл таң» маталар дүкенінің ғимараты болатын. Бұл – көне Верныйдың орталық сауда орындарының бірі, ХХ ғасыр басында Тянь-Шаньның еменінен жонып құрастырылған, бірегей әсем сәулет және тарих ескерткіші еді. Бұл жұмыстың басы-қасында Өз-аға өзі үнемі болып, ақыл-кеңесін аямады. Осы ғимарат құрылысының ішкі (интерьер) әшекейлеу жұмыстарында қабырғаға қырма оюын ойдырып, өрнек салдырып, өз шеберлеріміздің өнердің осы көне түрін меңгерулеріне тікелей атсалысты және темір шекісін, ағаш шекпесін, сол ғимараттың ағаш бұйымдарына кеңінен қолдануды ұсынды және оны орындатты.

Сондай-ақ әрбір алматылық Панфилов және Жібек жолы көшелері қиылысындағы көздің жауын алғандай қос қабатты шағын үйді күнде көріп жүр. Сол жылдары бұл үйді орнынан алып, жоспарлы құрылыс жүргізу туралы қалалық атқару комитетінің шешімі шыққан еді. Республикалық дәрежедегі қорғауға алынған тарих-сәулет ескерткіші, ғасыр басында керуен сарайы болған, кейін РКП (б)-ның мұсылмандар бюросы орналасқан бұл бірегей ғимаратты Өз-аға сан мәрте жоғары басшыларға кіріп жүріп бұзылудан аман алып қалды және онда Қазақстанда бұрын болмаған қазақ халық әуез аспаптары музейін ашуды ұсынды. Қайта қалпына келтіру ісіне де, ел арасынан көне әуез аспаптарды жинауға да қаржы бөлдіріп, Өз-аға 1980 жылдың ортасында халық аспаптары музейін ел игілігіне ұсынды. Бұл ғимараттың жұмыстарына біз де шамамыз келгенше араластық.

Бұл жылдары мен «Алматыреставрация» арнаулы жаңғырту шеберханасын басқарып, екі жылдай Өз-ағаның тәрбиесін көріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстандағы тарихи, мәдени және сәулет ескерткіштерін сақтау, қайта қалпына келтіру ісімен дендеп айналыса бастағам. 1981 жылы Мәдениет министрлігіне қарайтын «Казкультуремстрой» жөндеу-құрылыс басқармасын біздің «Алматыреставрация» арнаулы шеберханасымен қосып, материалдық-техникалық базамызды нығайтып, ағаш өңдеу, түрлі-түсті темір құю, автокөлік цехтарын күшейтілген арнаулы «Алматыреставрация» жаңғырту, жөндеу және құрылыс басқармасы етіп Өз-аға өз қолымен қайта құрды. Және Қазақстан үкіметінің арнаулы қаулысын да шығартып, қомақты қаржы бөлгізді, басқарма атқарар шаруалар ауқымын ұлғайтты.

Бұл кезде біз Өз-ағаның басшылығымен ғасыр басында Офицерлер жиналыс үйі болған, кейіннен кинотеатр орналасқан, орталық биік шпильді ағаштан өріп салынған әсем сәулет өнері туындысын толық қайта қалпына келтіріп жатқанбыз. Ел арасынан көптеп экспонат жиналуы нәтижесінде халық әуез аспаптары музейіне Жібек жолы көшесіндегі ғимарат тарлық етіп, музейді осы Офицерлер жиналыс үйіне көшіру туралы шешім қабылданды. Енді бұрынғы 9 сағат жұмыс күніміз 10–11 сағатқа созылды. Өйткені ғимараттың қайта қалпына келтіру және жөндеу жұмысын сол жылы бітіру керек болды. Оның өзіндік себептері бар еді.

Музейде орналасқан әр аспаптың үні магнитофон таспасына жазылып, әуезі тамашалаушыларға естіліп тұратын болды және халқымыздың салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін диарамалар жасап қою да ойластырылды. Міне, осы қызық та күрделі қыруар істер Өз-ағаның тікелей басшылығымен жүзеге асты.

Өз-ағаның мен білетін бір қасиеті – өзі үйретіп қана қоймай, өзіңнің де үйренгеніңді талап ететін. Бір күні жұмысқа келсек, суретшілеріміз Бердалы, Нағашыбек, Бек 3 ай жасаған этнографиялық «Ауылға ақын келді» макет-диарамасы бұзылып тасталған, шашылып жатыр. Біз аң-таңбыз. Осы сәт Өз-аға келді. Оның жұмыс күні қашанда

ертелеп, біздің ісімізді бір көзбен көріп кетуден басталатын. «Мұны бұзған – мен», – деді ағамыз. «Қазақтың қоржын тамының қандай болатынын білмейсіңдер. Қой сойып, қазан көтерудің сәнінен мақұрымсыңдар. Қайта жасаңдар», – деп ренжи бұрылды да, маған тікелей қарап: «Сен ғой Түркістандықсың. Онда қаншама ескі үйлер сақталған. Сол үйдің бірінде өзің де дүниеге келіп, өсітің емес пе? Ай қарап жүрсің бе?» – деп таусыла сөйледі. Бізде үн жоқ, тым-тырыс тұрмыз. Өйткені, ол кісі білгірсініп, жарыса сөйлегенді ұнатпайтын. Сол күні кешке 7-ші «Алматы – Москва» жүрдек поезына отырып, елге тарттым. Түркістан бардым, Шәуілдір бардым. Көрген-білгенімді қайтып келіп жас суретшілерімізге айтып бердім. Көп болып диараманы Өзекеңнің қайта-қайта түзетуімен әйтеуір бітірдік. Бұл жұмыс Өзекеңнің көңілінен шықты. Шықпай қайтсін, бізді де диараманмен қосып тоқпақтай берген соң!... Осылайша ол кісі өзі біліп тұрса да өзіңді ізденуге үйрететін, талаптан, ойлан, ізден деп талап қоятын.

Өз-аға көбіне тұнжырап жүретін. «Ішімдегіні тап» деген жұмбақтау мінезі де бар болатын. Көп нәрсенің сырына кейін қанықтық. Күні-түні, жатпай-тұрмай ойлайтыны халық қамы, оның өткенін бүгінге ұштастырып, болашаққа аманат ету екен бар арманы.

Өз-аға атқарған мәдени-рухани, тарихи-этнографиялық мол шаруаны, артында қалғанұшан-теңіз мұраны тұтас алып, түгел шолсаңыз – таңқаласыз. Нар ғана көтеретін, нар көтере алмаса – Өз-ағаның өзі ғана көтеретін, ой мен құшаққа сыймайтын ерен еңбектер, зерделі зерттеулер, талантты туындылар екен ғой. Сондықтан болашақта Өз-ағаның ғұмырбаянын жазып, есімін ел есінде қалдырар тұста, оның бірнеше томдық «Таңдамалы» еңбектер жинағын жарыққа шығару, оларды шашпай-төкпей туған халқына ұсынуды өзімізге парыз деп білеміз.

Өз-ағаның сан салалы жидашылық, зерттеушілік еңбегінің бір тармағы – ұлттық киім үлгілерін қайта қалпына келтіру ісі. Сол тұста ағамыз тек зерттеуші-ғалым ғана емес, киім пішудің, тігін тігудің нағыз шебері, қас маманы болып алды десек, артық айтқанымыз емес. Әрбір тігіс, әрбір түйме-тиек, әрбір ою-өрнек Өз-ағаның көз майын тауысып зерттеген еңбегінің жемісі болатын. Халық әуез аспаптары мұражайының жанынан Өз-ағаның «Сазген» ұлт аспаптар ансамблін ұйымдастырғанынан жұртшылық жақсы хабардар. Міне, осы ансамбль әртістеріне арнап ағамыз «Қазақ театр қайраткерлері қоғамының» киім тігу шеберханасында 22 дана бірегей киім коллекциясын жасатқан болатын. Өкінішке қарай, кейіннен бұл ғажайып киім үлгілерін сақтап қала алмадық. Олар ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті: кейбірі шет елден келген қонақтарға сыйға тартылды, кейбірін әркімдер таратып алды. Осылайша қазақ мәдениетінің тағы бір ескерткішінен ай-күннің аманында айырылып қалдық. Әлі есімде, әртістерге арнап киім тіккізгенде ансамбльдің әнші-бишілерінің бет-әлпетіне лайықтайтын. «Сазген» ансамблінің белгілі әртісі Жаубасова Тілеукешке, ол домбырада, қоңырауда, аса таяқта және дабылда ойнайтын – «саған кимешек жарасады» десе, ал өзге әртістердің біріне айыр қалпақ, біріне қасаба не тақия, енді біріне сәукеле немесе күндік кигізетін.

Өз-ағаның тәлім-тәрбиесін еске алсам 1981–1982 жылдар оралады. Біз ол кезде Гоголь және 8-март көшелері қиылысындағы бұрынғы Колпаковский атындағы 3-кластық қалалық училище ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, қайта қалпына келтіріп жатқанбыз. Кейін Мәдениет министрлігінің аппаратына берілген бұл үй орыс сәулет өнерінің ХУШ-ХІХ ғасырлардағы үлгісімен ХХ ғасырдың басында салынған, ағаштан ойылған ою-өрнектермен безендірілген, Тянь-Шаньның еменінен

қиюластырылған әсем ғимарат болатын. Осы үйді қалпына келтіру кезеңі – мен үшін ұмытылмас, қызық та қиындығы мол жылдар еді. Күнде ертемен, сағат 8-де Өзекең айнамастан бізге келетін. Ол кісі үшін жұмыстың үлкені-кішісі, күрделісі немесе майда-шүйдесі болмайтын. Өз ісі басынан асып жатса да, есік пен терезелердің топсасына дейін мұқият қарап шығатын. Әр істің тиянақты да тәртіпті, әдемі де әсем қиюласқанын талап ететін. «Сендерге ақыл айтамын деп, істеріңе араласып жүріп өзім де әжептеуір құрылысшы болып алдым», – деп әзілдеп отыратын.

Жалпы ағамыз қайсар, тұнжырлау, мінезді кісі еді ғой. Істеген ісіңнің тиянақсыздығын көрсе, артық айтып, арық шықсаң, уағдалы уақытта уәдеңді орындай қоймасаң, әсіресе үйренуге енжар болсаң – шаруам бітті дей бер. «Мен сенің аузыңа сөз салдым ба?», «Қолыңнан не келетінін, не келмейтінін өзің білмейсің бе?» – деп тас-талқан болатын. Ол кісі қазақтың қатты кеткенде айтатын: «Өзің білме, білгеннің тілін алма», – деген халық мәтелін есіңде ұста, бұл халықтың үйрен де ұмыт дегені емес, өнерді көп білгеннің артықтығы жоқ дегені деп, айтып отыратын.

Әрине, мұның бәрі жұмыс кезінде, жұмысқа ғана қатысты реніш, ашу. Ал жұмыстан кейін үйге қайтқанда, немесе демалыс күндері шақырып алып, біраз жаяу жүріп қайтатынбыз. Гоголь көшесіндегі министрліктен жоғары өрлеп, жүріп отырып, Өз-аға өзіне тән майда қоңыр дауысымен комсомолдағы қызметін, Торғай облысы ашылып, сонда обком хатшысы болған кездегі бастан кешкендерінен небір қызық әңгімелер айтатын. Және сол әңгімелердің басым көпшілігі өзі жайлы емес, тұстастары мен әріптестері туралы болатын. Шәмші мен Олжастың творчествосы хақында көп толғанатын, Аманкелді батыр, Әліби Жангелдин, Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Нұртас Оңдасынов, Жұмабек Тәшеновтер туралы тебірене сөйлейтін. Ол ойларының көпшілігін сол кезде-ақ жұптап жүр екен ғой, кейін солардың біразын естелік жазба түрінде қағазға түсіргенін, 1997 жылдың жаз айларының бірінде маған үйде отырғанда айтып беріп еді.

1987-жылдары Алматы облыстық атқару комитетінде жұмыс істеп жүргенінде де бізді – құрылысшы-реставратор мамандарды айына бір-екі рет кабинетіне шақырып алып, жұмысымызды қадағалайтын, көне мәдени мұраларды қайта қалпына келтіру жұмыстарына байланысты тапсырмалар беретін. Осы әдетінен Өзаға Мәдениет министрі, Орталық партия комитетінің хатшысы болған кезде де айныған емес. Мен 1988 жылдың аяғынан республикалық мамандандырылған «Казреставрация», Қазақстанның тарихи, мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру тресінің басшысы болып тағайындалғанмын. Қазақстанның барлық облыстарындағы тарихи, мәдени және сәулет ескерткіштерін анықтау, оларды мемлекет қамқорлығына алып, тізімге қостыру, жобалау-зерттеу жұмыстарын және қайта қалпына келтіруді тоқтатпау шараларын, әсіресе қаржы-қаражат, техникалық жабдықтау жөніндегі жұмыстарда Өз-ағаның көмегі ұшан-теңіз болатын. Бұл орайда Өзекеңді тек басшы, ұйымдастырушы, қаржы, техника мұқтаждарын шешуге ғана атсалысты десек, қате болар еді. Ол реставратор мамандар арасында жай, қарапайым жұмысшыларға да қолынан өнері тамған шеберлерге де бірдей қамқорлық көрсететін, «кім ол?», «нендей жетістікке жетті?» – деп бәрін сұрап, біліп отыратын. Мәселен, біздің мекемеде И.С.Исмагилов деген он саусағынан өнер тамған шеберіміз, бригадиріміз болды. Қазір ол кісі зейнеткер. Және оның әулеті – жұбайы, ұл-қыздары да – бізде жұмыс істейтін. Өз-ағаның қолдауымен Ирак Сафиевич жұмыстағы ерен еңбегі мен көрсеткіштері үшін екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Осындай тұтас әулетімен бізде жұмыс істейтін Г. Быстренкин ақсақал да Өз-ағаның арқасында пәтерлі болып, жүрегі жарыла қуанғаны есте қалыпты.

Ал Өз-ағаның реставрация саласындағы қазақ жастарына деген қамқорлығы, әкелік мейірімі шексіз еді ғой. Соның бірі – мына менмін. Өз-ағаңа, көкеме (мен ол кісіні өмір бойы құрметтеп «Көке!» деп өттім) жолықпасам, жиырма жыл бұрын бұл салаға келмесем – өмір жолым, тіршілігім қалай қалыптасар еді деп кей-кейде ойланамын. Жасындай ағып өткен, көкеммен іні, шәкірт болып өткен жиырма жылымды – ең бір ұмытылмас бақытты жылдар деп білемін. Жақсының жақсылығын есті адам ұмытар ма?! Ол кісінің қамқорлығынан, ұстаздығынан тәлім-тәрбие алған мыңдаған іні-қарындастары Өз-ағаны мәңгі ұмытпайды, ал артынан ерген сондай шәкірттері – іні-қарындастары бар адам ең бақытты адам.

Сөз өрімдей өнерлі қазақ жастарынан шығып кетті ғой. Өзағаның шапағатын көргендердің бірен-саранын айтар болсақ, мәселен, 1981 жылы жоғарыда айтылған, өзі құрған «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жас бишілері – Тойған Ізімова мен Үсен Мақановты (кейіннен «Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс» атағын алған) атауға болады. Сол жылдары Алматы облыстық филармониясының қасынан эстрадалық «Арқас», этнографиялық «Адырна», «Алтынай» ән-би ансамбльдерін тікелей өзі араласып, ұйымдастырды. Филармония директоры Қ.Тұяқбаев пен Қазақстанның әр облыстарынан іздестіріп, іріктеп жас әнші-бишілерді алдырып, кейіннен Қазақстан халқына ғана белгілі болмай, шет елдерге/де жақсы таныс болған, сол ансамбльдің жастары да Өзекеңді өздеріне ұстаз тұтады. Бұл мәдени өнердегі Өзағаның мол ауқымды істерінің бір бөлігі болса, реставрация саласында жұмыс істеген жастарға да көрсеткен көмегі аз болған жоқ. Мысалы, ағаш ұстасы Көмек Бұқарбаев, өнерші Дайырбек Үмбетбаев, ода түрлі-түсті металл құюшылар Еркін Имажанов пен Кәрім Қожымжанов, музей жұмыстарының білгірлері және қолдарынан өнер тамған Қырым Алтынбеков, Бердалы Көшербаев, Алмас Жансүгіров, Бек Қазанғапов пен Нағашбек Әлішариев, алыс Түркістаннан Нышан Розметов, Фазыл Тұрсыметов және т.б. менің айтқанымды құптары сөзсіз. Және сол қасиетті Түркістаннан қыштан күмбез қалаушы Арынбай Оразбаев «Қазақстанның еңбегі сіңген реставраторы», ал суретші-керамист Нышан Өмірзақов «Қазақстанның еңбегі сіңген суретшісі» тағы басқа үкімет атақтары мен наградаларын алған шеберлеріміз, әрине, алдымен өз маңдай терлерімен, сонан соң Өз-ағадай өнер жанашырының қамқорлығымен алды. Айта кететін бір жайт 1990 жылдан кейін, реставрация саласынан ешкім атақ та, ешқандай награда да алған емес. Бұл біздің шеберлеріміз бен мамандарымыздың жоқтығы емес, тек реставрация саласына көңіл бөлінбегендік еді.

Өз-ағаның қазақ тарихы мен мәдени мұраларына айрықша көңіл бөлуі арқасында Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және қалаларында тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру шеберханалары ашылды, ескерткіштерді жобалау, зерттеу істері ғылыми жолға қойылды, 1930 жылдары Түркістандағы қасиетті Ахмет Ясауи кесенесінен әкетіп, Ленинградтағы Эрмитажға қойылған Тайқазанды қайтарып беруді сұрап, Қазақстанның мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков Кеңестер Одағының мәдениет министріне бірінші болып хат жазды. 1989 жылдың қыркүйек айында қасиетті Тайқазан Ахмет Ясауи кесенесінің қазандық бөлмесіне, өзінің құтты орнына келіп қонды. Әрине, бұл қазанның қайтып келуіне көп кісілер белсене араласып, атсалысты, дегенмен бұл істі бірінші болып мемлекеттік деңгейде көтерген Өз-аға болатын. Және бір айта кететін мәселе, Өзекең ұлттық қолөнерді қайта жандандыруда аянбай еңбек етті, ол өз алдына үлкен бір әңгіме.

Өз-ағаның өзінің араласуының арқасында Ахмет Ясауи кесенесі сияқты әлемде теңдесі жоқ сирек те зерек миастарымызды қайта қалпына келтіру жұмыстарына жаңа серпін берілді... Мұның бәрі, өзім білетін, күә болған жайттар болған соң, Өз-ағаның ғылыми-шығармашылық, қаламгерлік, зерттеушілік қадір-қасиеттерін үлкен ғалым ағаларымыз терең зерттеп, ғылыми негізде қағаз бетіне түсіреді ғой деген оймен айтып отырмын.

Әрине, Өз-аға туралы әлі талай әңгіме айтылып, естеліктер жазылары сөзсіз. Ол кісінің өзгеден өзгеше, сан қилы мінез-қылықтары болатын. Кей сәт оңашаланғанда, аз ортада қазақтың халық әндерін, Шәмшінің әсем әуендерін әдемі қоңыр дауысымен беріле орындаушы еді. Сол кезде: «Бұл Құдекем де жомарт-ау, бір адамның басына соншаматалант, жақсы қасиеттерді қалайша үйіп-төгіп берген?» – деп таңғалатынбыз.

Иә, ортамыздың ойылып, Өз-ағамыздан айырылып калғанымызға да бір жыл толып қалыпты. Өмір сол өзінің қызық-қиындықтарымен өтіп жатыр. Өз-ағадай дана, дара перзенттері болмаса да өмір көші тоқтамайды екен. Өзекті өртер өкінішке көңілде калған сәттер, құтты ғұмыр өнегесі, шалқар мұра-мирас ғана жұбаныш болғандай. Өз-аға – Әз ағамыз едіңіз, көзден кеткенмен – көңілден кеткен жоқсыз. Жүрегіңіз соғуын тоқтатқанмен біздің жүрегімізде Рухыңыз, тәлім-тәрбиеңіз, өнеге-қасиеттеріңіз жүр. Алдымызда өзіңіз жүріп өткен сара, дара жол бар. Ол – кәсіпке адалдық, халыққа қызмет ету. Осы жолда Сіздің Рухыңызды налытып алмас үшін де біз Сізге қарап бой түзейміз, ұқсап бағуға тырысамыз.

Ал Сіз туралы, Азамат, Халық перзенті туралы әңгіме енді басталды. Ол шетсіз, шексіз баян.

Әлі де шамам келгенше Өз-ағаммен бірге болған, соңынан ерген жиырма жыл туралы еске алып, қолыма қалам алам деген сенімдемін. Менен басқа да соңынан ерген шәкірттері мен інілерінің айтарлары мол екеніне күмән жоқ.

2. ӨЗАҒА

Қасиетті Отырар топырағы әлем өркениетіне Әбу Насыр әл-Фарабиді ғана берген жоқ, «қазақ вальсінің королі» атанған Шәмшіні, этнограф ғалым, қоғам қайраткері Өзбекәлідей біртуар азаматты да дүниеге келтірді. Ғасырда бір туылатын қайраткерлер болады. Өз еңбегіне бәлсінбеген, біреулерден бағасын беруді өтінбеген, қазақ халқының мәдениетінің, әдебиетінің, салт-дәстүрінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан, сондай жанның бірі Өзбекәлі Жәнібеков еді.

XX ғасырдағы қазақ өркениетінің шарықтау тұстарын ол кісісіз көзге әсте елестете алмауымыз басы айқын ақиқат. Мен білетін Өзекең адамды кескін-келбет, түсіне қарап емес, лайықты бітірген ісіне қарап бағалайтын. Сондай-ақ, рушылдыққа бұрушылықтан өзін аулақ ұстайтын, Кеңестік керенау жүйенің өктемшілдігінен ықпай, әділеттің ақжолынан таймаған ондай жандар халыққа жаққанымен билікке жақпай, кеңестік құрсау-қалыпқа мойынұсына қоймағандықтан көптеген қиянатқа душар да болды. Бірақ, «тасқа салып кетілген, қайрауға салып жетілген» қайран Өзағам қай қызметте де барын аямады, Республика комсомолының көшбасында тұрғанда ол кісінің демеуін сезінбеген, ақылын тыңдамаған өнер иесі кем де кем десе де болғандай. Тұңғыш рет Қазақстан комсомолы сыйлығын тағайындатуы өз алдына бір жыр.

Ол қазақ тілінің шын мәніндегі жанашыры бола білді. Тілдің қадір-қасиетін, дыбыс үндестігінің соншалық әуезділігін, қисапсыз байлығын терең сезінген Өзекең өзгеден де соны талап етті. «Қазақтың қазіргі ұлт деңгейіне көтерілуі үшін басты шарттың бірі оның тілін ғылым мен техниканың, іскер қауым мен сыртқы байланыстардың, Президент аппараты мен Парламенттің, Үкімет пен жергілікті басқару орындарының, армияның тіліне айналдыру – дейтін болсақ, мұнда өнерге де қатысты шешімін күтіп тұрған мәселелер жеткілікті. Осы тұрғыдан алып қарағанда орталық баспасөзде жарияланған «Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы» мен бірге «Тіл туралы заңының» жаңа жобасының ұсынылғаны құптарлық болды. Осыған байланысты, бәлкім, 1944 жылға дейін Республикада жүргізіліп келген қазақ тілін білуге ынталандыру саясатына қайтып оралған да жөн болар дегім келеді». Бесіктегі былдырлаған балаға да бұдан артық түсініктеме қажет емес шығар-ау.

Нәтиже шығару үшін ең алдымен өз тіліңді, мәдениет пен ел тарихыңды білуің қажет – деген қағиданы немерелеріне жиі үстемелеп отырған ағаның бұл талабы – әлі күнге күн тәртібінен түскен емес. Оның ойы ұшқыр, қаламы жүйрік еді. Республика Орталық Комитетінің хатшылығында жүргенде шығыс халқының төл мерекесі – әз Наурыздың араға жылдар салып оралуына Өзағаңның мұрындық болғанын бұл күнде біреу білсе, біреу білмес. Хатшы болып тағайындалғанына небәрі он күн толғанда М.Шаханов, Р.Бердібай ағаларымыздың ұсынысын жүзеге асырып, 1988 жылдың көктемінде мереке алғаш тойланған-ды. «Отаншылдық мүддесіне сәйкестеп, тарихи тақырыпты игеруге де жете мән берілмей келеді. Әйтпесе, «қара қылды қақ жарған», әсіресе сатқындықты кешіре білмеген Әйтекенің жарқын бейнесі, қазақ жұртының қамымен біте қайнасқан Төленің кемеңгерлігі, талай рет қазақ делегациясын басқарып, Қытаймен, Ресеймен, Жоңғар қалмақтарымен жүргізілген келіссөздердің дем берушісі болған, дәуірінің асқан дипломаты Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы, Абылай дәуірінің бірден бір әскери стратегі дәрежесіне көтерілген Қанжығалы Бөгенбайдың ерлігі шығармашыл қауым үшін дайын тұрған тақырып емес пе?»,-деп өткен ғасырдың 80-ші жылдары-ақ айтқан еді.

Бұл өз ұлтын, халқын көзсіз сүйетін жанның сөзі емес пе, бұл – Өзағаңның жайып салған жан сарайы ғой. Кейде осынау аса дарынды азаматтың шығармасының бір пұшпағына арқау болғанымды мен шексіз мақтан тұтамын. «...істерін арқау еткелі отырған тағы бір адамым – Алматыдағы бұрынғы Сауда орталығын, Офицерлер үйін, үш сыныпты училищені, көпестерден қалған ескі құрылыстарды көркем стильдік жағынан мәні зор бұрынғы Керуен сарайдың (Гостиный двор), О.Баум, Н.Татаринов секілді әйгілі бағбандардың мекенжайларын, сәулеткер Зеньковтың туындыларын қалпына келтіруде, әсіресе олардың құрылыс материалдарын, жапсарбасын, сылағын, бояуын ою-өрнектерін зерттеп – білуде, алғашқы кезде «Алматыреставрация» басқармасын басқарып, едәуір тәжирибе жинақтаған құрылысшы-реставратор Қанат Тұяқбаев еді. Қазір ол соңғы кезде қанатын қомдап Қазақстанның өзге облыстарында да қайта ұқсату жұмыстарымен айналыса бастағандықтан олардағы хал-ахуалға да ықпалы артып келе жатқан «Қазреставрация» тресін басқарады. Кезінде біз кәсіби-техникалық және көркемсурет училищелерінің түлектерінің осындай ұлағатты іске жеге бастаған тұста Қанат Тұяқбаев олардан қайта ұқсатушылар даярлауға ерекше мән беріп, білікті мамандар өсіріп, жетілдіре түсуге күш салған болатын. Сол ортадан шыққан ағаш ұстасы Данияр Қырымбеков Түркістандағы Ахмет Ясауи сәулет ғимаратының теңдесі табыла бермейтін шекпелі ағаш есіктерін, панжараларын

қалпына келтіруде мүлтіксіздікке жетті. Тұрсынбай Абдрахманов ескі технологиямен құмданда күйдірілетін кірпіш шығарудан алдына жан салмайтын шебер десек те болғандай», – деп бір жазғанында айтып кетеді.

Кейде ойлаймын, Өзағаң болмағанда біз сондай ауқымды тірліктерді атқара алар ма едік деп. Бәрінің басында шаршауды білмейтін, қиындықтан мойымайтын ол кісі жүрді, әсіресе Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының жәдігерлерін жинақтауда өлшеусіз рөл атқарды. Қайраткер Руханият үшін жаратылған Өзағаң бұған дейін алыс-жақыннан келушілер дұға оқып кететін қасиетті орынды әлемге әйгілі етті. Түркістанға шетелдерден мыңдаған турист келе бастады. Қалаға ат ізін әншейінде сала қоймайтын жергілікті мемлекет және қоғам қайраткерлеріде Мәскеуге сапары жолында киелі қалаға соқпай кетпейтін болды. Д.А.Қонаевтың пәрменімен, Ө.Жәнібековтың ұсынысымен Министрлер Кеңесінде «Түркістан қаласының әлеуметтік және экономикалық дамуы» жөнінде қаулы қабылданды. Ал, сексенінші жылдары Мәскеуде өтетін съездер мен сессияларға Түркістаннан сайланған делегаттар мен депутаттардың атынан Тайқазанды қайтару жөнінде бірнеше дүркін ұсыныс хаттар жөнелтілді. Бұл істің басында Өзағаңның тұрғаны ол кезде ашық айтылмаса да, сол кісінің тапсырмасы екенін бәріміз сезетінбіз. Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінің ЮНЕСКО Әлемдік мұралар тізіміне енуіне де Ө.Жәнібековтың ықпалы зор болды. Бұл – жұрт жадында жатталып қалған жақсы істерінің бірі емес, бірегейі еді. Өзағаң қай қызметте болмасын ел мәдениетін алғы шепке қойған жан-ды. «Торғай әуендері», «Адырна», «Сазген», «Алтынай» секілді ұлттық ән-би ансамбльдерін тікелей құруға мұрындық болған ол ұжымның әр күнгі дайындықтарына қатысып, ой-пікір білдіргені үлкен қоғам қайраткерінің өте қарапайымдылығынан шығар бәлкім. Солай дегенмен де, әрбір шығарма иесіне қойылар қатаң талабын да жоққа шығаруға тағы да болмастай. Тәңірі бір адамға дарындылықты сонша үйіп, төгіп бергеніне таңқалмасқа әддің қанша. Ол «Қазақта би болмаған», «Ер-азаматтар жалпы билемеген» – дейтін жаңсақ пікірдің тамырына балта шапқанның бірі. «Жезтырнақ», «Бала бүркіт», «Қазақтың қалмақ биі», «Құсбегі» сынды билерге түсініктеме жазып, оны ән-би ансамбльдерінің бағдарламасына енгізуге тырысқанын көрегендік демей көрші. Жетпістегі оралман ағамыз «Қара жорға» биін билегенде жерден желкек тапқандай қуанған Өзбекәлі ағамыз бұл бидің бүкіл халықтық биге, қазірше айтқанда брендке, айналуына барын салды. Қазақ биі туралы монографиялық еңбек жазған тұлғаның әптеген-айға толы ғұмыры ерте үзілмегенде қыруар тірлік атқаратынын байыптай беріңіз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, біз зерттеуші Л.Сарынованың: «Қазір ізі табылған ежелгі халық билері, осы кезде айтылып жүргендей, «тұрпайы билердің бастамасы» немесе «билеу элементтері ғана» емес, белгілі жүйеге келтірілген, бірақ мәнерлі тәсілдері патриархалды-феодалдық қоғамның мәдени дәрежесімен айқындалған дәстүрлі би өнерінің нағыз өзі болып табылады», -деген пікіріне қосыламыз.

Тіптен, мұның барлығын былай қойғанда, «бұрын қазақта би болмаған» деп есептейтін кейбір мамандарға жауап бере келе, халқымыздың ұлы перзенті, әлемге аты әйгілі жазушы-ғалым Мұхтар Әуезовтың Шымкент тұрғындарымен бір кездескенде: «бұрын халық арасында ақын-жыршылармен, әнші-күйшілермен қатар ел қыдырып, ежелгі халық билерін орындаған ортекешілер, қулар, масқарапаздар да болған», -дегенін де оқыған едік. Сонымен бірге, Өзбекәлі аға көптің алдында өз өнерін талқыға салатын өнерпаздардың киіміне де мән берді.

«Жұрт алдына өнер көрсететін, көгілдір экраннан көрінетіндердің киіну мәдениеті де оңып тұрған жоқ. Киім талғайтын орындаушы қазақша үлгі деп етек

жеңіне қаптата желбезек ұстаған, ол аз дегендей, үстіне кәкір-шүкір, жылтырақ сылдырмақты іле салған үлде мен бүлдеге оранып елдің көзіне көрінбес еді. Басына қоқиған «бөрік» немесе картон сәукеле төңкере салатын «ұлттық киім» дегенді «әйел орындаушылары, ресторандағы швейцарлардың киімі сияқты бірдеңелерді (әйтеуір жаңылмайтындығы бас киімсіз жалаңбас отыратыны) киетін еркектері қатар отырып күй тартатын «қазақы» оркестрлерді де көріп жүрміз. Қырғыздың айыр қалпағының, бұрын барымтамен айналысқандар немес жол торыған қарақшылар киген қазақтың жырық құлағы ұлттық бас киім үлгілері болып алғалы қашан» –деп ашына жазған ол, тек ақыл айтуды ғана місе тұтпай киім үлгілерін өзі де даярлады. Ұлттық болмысымыздың шынайы білгірі ондайда әрі тігінші, әрі дизайнер міндетін қоса атқарды. Ғасырлардан қордаланған бір қайнауы ішіндегі дүниелерді елпекшеп қатарға қосты. Мұны ерлік демей гөр.

Көкірегі арманға толы «сегіз қырлы, бір сырлы» Өзекең қай салаға салсаң да қамшы салдырмас тайпалма жорға сынды.

«Ерлік-елдіктің белгісі» деп бұрынғылар босқа айтпаған. Алтайдан Атырауға, Оңтүстік Сібірден Тянь-Шаньның теріскей сілемдеріне дейінгі ұланғайыр кеңістікті кеңінен жайлап өмір сүрген қазақтың ежелден-ақ еркіндікті, елдікті аңсағандықтан жауынгерлік рухы, мінез құлқы, табиғи болмысы өз жұртын іргелі ел ретінде сезініп, Ресей, Қытай мен Кіндік Азия елдері аралығында оқшауланған, тәуелсіз мемлекет құратын тұсымен, әсіресе арагідік үзілістермен екі жүз жылға созылған жоңғар қалмақтарымен жойқын шайқаста өзі жасақтаған атты әскерінің тұяғының дүбірімен қалыптасты. Қазақ мемлекеттігі деген түсініктің біз үшін аса маңызды Азаттық, Теңдік, Бірлік, Туысқандық секілді паритеттердің қатарынан көріне беретін себебі міне, осында жатыр». Өзағаңның бұл айтқандары бейне бір ақ жауын секілді, төгіле береді, төгіле береді. Шым-шымдап жүрегіңнің түкпірінен орын алып жатқаны сол. Алайда, осынау бір асыл сезім қаншама рет оның өз басын тауға да, дауға да салды десеңізші.

Өзекең «Халқым», «Ұлым» дегенде түлеп ұшқан ұясы бірінші кезекте тұратын. Бәлкім содан болар ұлтжанды, елжанды азаматтарды айналасына топтастыруға ұмтылды. Тарыққанға тірек, жабыққанға жақсы аға болды. Қазақстанда оның алақан табын сезінбеген бірде бір музей жоқ. Сақ, Ғұнды қоса қамтыған қазақ мәдениеттануының тұтас бір галереясын жасады ол. Тайқазанды елге оралтып, ырысымызды тасытты. «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының сирек кітаптарымен қолжазба қорын толықтырып байытты, қаншама ел ішінде елеусіз жатқан жәдігерлердің шаңын сүртіп мұражай төрінен орын тептірді. Мен кейде пенделікке салынып, «ел-жұртының осындай құрметіне бөленген жанда арман жоқ шығар-ау» дейтінмін, жуырда Өзағамның жазбаларын парақтап отырып, төмендегі жолдарға көзім түскенде еріксіз жанарыма жас келді. Қайран ағам-ай «Әсіресе, кейіннен қазақтың «бес арысы» атанып кеткен Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың «ісі» қайта қарайтын Орталық Комитеттің Комиссиясы жұмыс істей бастағанда «алашордашыларды ақтап жатыр» деп менің өзіме шабуыл жасағысы келгендер неден де болса, тайынатын емес еді». Бұл Өзағаңның өзегін тырмалаған өкініш, жүрегін жаралаған жанайқайдан туған жолдар еді, әйтпесе 1937 жыл емес, кеңестік жүйенің әлсіреген тұсы емес пе. Сол көре алмастар ақыры Өз ағаңдай Құлагер дарынды омақастырды. 1991 жылдан кейін лайықты қызмет бұйырмады. Кешегі «жалпақшешей» боп алдында жортақтағандар қыр жонын көрсетті. Баладай аңғал жүректі аға қанша сыр

бермеймін дегенмен морт сынды. Жазылмас дерт жамалды. Бойдан әл кеткенше қаламы қолынан түспеген азамат ең болмаса халықтың ән-күйі, биі, ұлттық киімі, қолөнер шеберлігін зерделі зерттеген еңбегін аяқтауды алға мақсат етіп қойды.

Әптең...

«Ақ түйенің қарны жарылды» деп,
Құр шаңқытқан, самалсыз «желден» қорқам.
Жұлқарды бай, момынды кедей еткен,
Нарықтық асар-аспас белден қорқам.
Жақсы менен жаманды айырмайтын
Қазақтың көзін басқан шелден қорқам.
«Ырыс алды – ынтымақ» кеткеннен соң
Азып-тоза бастаған елден қорқам»,

– деп өзі жазғандай, көптеген сауалдардың жауабын ала алмаған нар тұлға Өзбекәлі Жәнібеков солай өмірден озды. Әсем ғұмыр домбыраның қатты бұралған ішегіндей оқыс үзіліп кетті.

*Қанат Қымызұлы Тұяқбаев
15.03.2021 жыл.
Алматы*

*Базарбай АЛТАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызметінің үздігі,
ҚР Мәдениет қайраткері*

ӨЗЕГІ ТОЛЫ ОТ-ЖАЛЫН ЕДІ

(Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл толуына орай)

Өткенімізді саралап, сол арқылы бүгінімізді талдап, одан әрі болашағымызды болжап жатқан қазіргідей сын кезеңде есімі халқының мәдениетімен шарбыдай шырмалған бір ерекше тұлға жөнінде – қазақ мәдениетін қайта жаңғырту ісінің бастауында тұрған, көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған ірі мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков жайында айтпай кету кешірілмес нәрсе болар еді.

Оның бастамасымен және тікелей қатысуымен Қазақстанда көптеген археологиялық, этнографиялық музейлер, қорық-музейлер, фольклор-этнографиялық ансамблдер құрылды. Мәдениет саласында бұрын-соңды болмаған «Казреставрация», «Казпроектреставрация», «Казмузейреставрация» секілді тарих және мәдениет ескерткіштерін қайта жаңғырту, оларды жобалау, ғылыми тұрғыдан зерттеу, жылжымалы жәдігерлерді музей экспозициялары арқылы көркемдеу ұйымдарын ұйымдастыру бойынша жұмысты қолға алды. Ол Қазақстанның мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіштерін іздеп табуға, зерттеуге, қалпына келтіру мен қайта жаңғыруына, олардың ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізбесіне енуіне, қазақ мәдениетіне деген қоғамның, халықаралық қауымдастықтың оң көзқарасының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға еді.

Ө. Жәнібековтің замандастары, онымен қызметтестер кезінде құрметтеп атағандай Өзағаның балалық шағы жеңіл болмаған. 1931 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырара ауданының Сарықамысауылында дүниесігін ашқан ол ата-анасынан ерте айырылып, тесікөкпе болып өседі. «1948 жылы мен Шәуілдір селосындағы орта мектепті бітіріп, Алматыдағы Абай атындағы Қазақ пединститутының тарих факультетіне түстім, оны бітіргесін жолдамамен Келес ауданына келіп, осындағы Абай селосының «Ленин жолы» мектебінде тарихтан сабақ бердім, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болдым», – деп жазады өзі Президент архивінде сақтаулы өмірбаянында. Өзағаның көрген қиындықтары, ауыр балалық шағы, ауру анасының қиналыстары оның жадында өшпестей болып сақталып, кейін «Тағдыр тағлымы» ғұмырбаяндық кітабына түсті. Осы кітабында ол институтқа түсерде тапсырған емтихан кезінде қазақ тілі сынағынан «құлап» қала жаздағанын, орыс тілінен әрең-пәрең үш алғанын жасырмай айтады. Алайда сол абитуриентіміздің институтты үздік бітіріп шығуы кейіпкеріміздің зор мақсаткерлігін көрсетеді.

Жол басы

Өзбекәлі Жәнібеков өз өмірінде бүгінде «кеңестік кезең» деп аталатын уақытпен қатар адымдады. Ол қызметін 1955 жылы, комсомол жетекшісі ретінде бастаған – Қазақстан ЛКЖО Келес аудандық комитетінің нұсқаушысы, Шымкент облыстық комсомол комитетінің хатшысы, сосын республика жастар ұйымының жетекшісінің бұл жылдардағы еңбегі сол кезде осы ұйымда екінші хатшы болып істеген А.Семенченконың «Біз комсомолды қалыптадық, комсомол бізді қалыптады» атты естеліктер кітабында былайша берілген: «Өз басым сол кезеңдегі Қазақстан комсомолының көптеген қол жетістіктерін Ө.Жәнібековтің және оның ізашарларының еңбегімен байланыстырамын. Уақыт көрсеткендей, бұлардың қай-қайсысы да «жастар жетекшісі» деген қадірлі атқа дақ түсірмей, мұнтаздай қылып алып өтті. Осынау біздің «хатшылық квартетімізде» бірінші «скрипканың» рөлі, әлбетте, Өзбекәлі Жәнібекұлына тиесілі еді. Сегіз жылдан астам уақыт бойы ол өзінің қажырлы еңбегінің, жұмыскерлігінің арқасында жастар жетекшісі деген атақты уысынан шығармай, биік ұстап өтті. Оның ірі масштабтағы комсомол қызметкері ретінде атағы Қазақстанның, Орта Азияның ауқымынан асып, бүткіл Одақ көлеміне кетті. Ол шешен адам емес еді, сөйлегенде кесек жапырақтап, күңгірттеу дауыспен үзік-үзік тастап отыратын пікірлерін. Бірақ адамдардың көңіл-күйін, ең қажет нәрсені ұзақ аңдап, терең барлап, тамыршыдай тап басатын да, соның нәтижесі ретінде аудиторияны меңгеріп, одан әрі өзіне аударып әкететін. Өзбекәлінің сырттай суық көрінетін қатқыл түр-әлпетінің терең түкпірінен әманда бұл адамның тандырдан жаңа шыққан нандай жан жылуы сезіліп тұрушы еді. Ол өзінің сыртқы келбетінің ғани Мұратбаевқа келеңкірейтінін іштей ұнатып, мақтаныш көретін. Ол өз жерінің баласы еді, солай болғандықтан да Өзбекәлі ұлтын жақсы көрді, өзінің осы халықтың ұланы болғанын аса жарататын-ды. Бірақ бұл мәселені әсте асқындырмайтын, ұлттықты интернационалдылықтан жоғары қоймайтын. Бір сөзбен айтқанда, ол ұлтшыл емес-тін, алайда біздің сол уақыт қазақтың өз ұлтына тарту «буржуазиялық ұлтшылдық», ал орыстың өз ұлтын жақсы көруі «ұлыорыстық шовинизм» деп айыпталатын уақыт болуы себепті Қазақстан комсомолы жетекшісінің ұлттық нәрсеге бүйрегі бұрып, қыңырақтай беруі айналасындағыларды тітіркендіріп те қоятын. Ал шын мәнінде ол қоғамның әрқилы тарапынан төбе көрсеткен болашақ жарық

«жұлдыз» көрсе, оларға алаламай қолдау көрсетіп бақты: Олжас Сүлейменовтің шығармашылығын жоғары бағалап, мақтаныш көргені сияқты қазақ тілінде өлең жазатын Надежда Лушникованы да дер кезінде танып, жаңадан бастаған ақынды комсомолдың Орталық комитетіне шақырып, аппаратпен кездестірді, жастар газетіне жол ашты, алғашқы өлеңдер жинағын шығартқызыды. Осындай қамқорлықты ол өзгеде жас таланттарға жасады». Осы жерде айта кетейік, 1970 жылы «Отырар сазы» ансамблі Үндістанға гастрольмен барып, елудің үстінде концерт берген, мұны ұйымдастырған республика комсомолының жетекшісі Ө.Жәнібеков еді. Соның алдында ғана Қыздар пединститутында ұйымдастырған әншілер тобын вокалдық-аспаптық ансамбль ретінде қайта құрып, жағдайын жасап, оған «Айгүл» деп ат берген де Өзағаң. Мұндай мысалдар аз емес.

Партиялық соқпақта

1970 жылдың күзінде Торғай облысы құрылып, Ө.Жәнібеков жаңа облыстың партия комитетіне салалық хатшы ретінде жіберілді. Сөйтіп оның жаңа өмір парағының айшықты бір беті басталды. Торғай төскейінде жаңадан бой көтеріп әкімшілік-территориялық аймақтың жағдайы кісі жыларлықтай еді. Мәдениет тұрмақ, әлеуметтік сала тұралап жатты. Өзағаң бар күшін осы екі саланы тақырдан көтеріп, тұғырға жеткізу ісіне жұмсады және аз уақытта осы үлкен міндеттің үдесінен көрінді де. Жыл толмай жатып өңірде «Торғай таңы», «Тургайская новь» газеттері жарық көрді, спорт және денешынықтыру серпін алды, ал 1971 жылы жазда «Торғай әуендері» деген атпен бұл өңірдегі алғашқы фестиваль өткізілді. Араға жыл салып, радиореле жүйесі құрылысының аяқталуымен торғайлықтардың төрінде радио саңқылдап, көгілдір экран жарқылдады. Хатшының бастамасымен облыс орталығы Арқалық қаласында филармония, тарихи-этнографиялық музей, сазды-драмалық театр, педагогикалық институт және өзге де бұл жақта бұрын болып көрмеген әлеуметтік-мәдени нысандар ашылды. Өзағаңның мұрындық болуымен, этноорганолог Болат Сарыбаевтың көмегімен көне ұлттық музыкалық аспаптардан тұратын «Шертер» және «Адырна» ансамбльдері құрылды, олар аз уақытта Қазақстанды айтпағанда, Кеңес Одағын (Тыва, Өзбекстан) және шетелді (Үндістан, 1977; Польша, 1979; Вьетнам, Филиппин, Жапония, 1983) аралап, гастрольдік концерттер қойды. Бұл жайында музыкатанушы Жарқын Шәкәрімовтің кітабында және Өзағаңның естелік кітабында жазылған.

Ө.Жәнібеков 1975 жылы Қазақстан компартиясы ОК-де шетелмен байланыс бөлімінің құрылуына байланысты осы бөлімнің меңгерушілігіне тағайындалды. Ол кезде республиканың туристік инфрақұрылымы, қонақүй сервисі дамуының кенжелігімен мінезделетін. Өзағаң жоғарыдағы бөлімді басқарған тұста шетелдік делегациялар мен туристерді қабылдау-жайғастыру бойынша көп іс тындырылды, дәл сол жылдары Жамбылда «Тараз», Шымкентте «Ордабасы» ресторандары ашылды, Ақмолада «Есіл» мейрамханасы жөндеуден өтті, басқа да облыс орталықтарында қоғамдық тамақтандыру орындары жөнге келтірілді. Алматының орталық бөлігінде шетелдік туристерге арналған «Отырар» қонақ үйінің құрылысы басталды. Жыл аралатып Қазақстанға келген шетелдік қонақтар мен туристердің саны біржарым есе артты, республикада жасалған өнеркәсіптік өнім 15 халықаралық жәрмеңке мен көрмеде көрсетілді, шетелдік делегациялар ендігі жерде Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Целиноград, Қостанай... облыстарында да аралап

көретін болды. Биік таудағы «Медеу» мұз айдынында «Қазақ ауылы» туристік кешені ашылды...

Осыған қарамастан дәл осы кезеңде Өзбекәлі Жәнібековті етектен тарту, аяқтан шалу бойынша бұрынырақ басталған әрекеттер күшейді. Жекелеген қызметкерлердің тасадан тас атуы ғой баяғы. Ол ұзамай өз «жемісін» берді: кейіпкеріміз Мәдениет министрлігін кадрмен нығайту деген желеумен сол кездегі номенклатуралық басқыштар бойынша төмен лауазым – министрдің орынбасары қызметіне жіберілді.

Елді музейлермен дүбірлеткен

1980-жылдары Қазақстан музейлердің дүбірімен дүбірлей бастады және бұл іс музей санын көбейтумен қатар олардың бейім-кескінін кеңейту, олардағы ғылыми-зерттеу, жинау ісін күшейту секілді сала-сала жұмыспен бірге өріс алады. Мұның бәрі жаңа қызметте абдырап қалмай, қайта жаңа ортада жалтақсыз жол тауып, елдің мәдени-тарихи мұрасын сақтау-насихаттау ісіне білек сыбана кірісіп кеткен Ө. Жәнібековтің араласуымен орын алады. Нәтиже тағы да күткендегідей: көрнекті ғалым, Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қ. Сәтбаевтың мемориалдық музейі, С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің Алматыдағы әдеби-мемориалдық музей кешені, Қарағандының Жезді поселкесіндегі Таукен және металл балқыту ісінің тарихи музейі, Торғай облысындағы Амангелді Имановтың мемориал музейі, Дала өлкесі тарихының музейі және Қызылорда облысында – екі мәрте Еңбек Ері Ыбырай Жақаев атындағы күріш дақылын өсіру тарихының музейі, Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаевтың мемориал музейі, Шымкент облысының Темірлан селосындағы Қажы-Мұқанның музейі, Орал облысындағы Бөкей Орда тарихының музейі, Тарас Шевченконың музей-мемориалды кешені, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың Музей үйі, Алматы облысында – ақындар Сүйінбай Аронұлының, Кенен Әзербайбаевтың, Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалдық музейлері, екі дүркін Еңбек ері Нұрмолда Алдабергеновтің мемориалды музейі, «Жаркент мешіті» сәулеттік-көркем мешіті, Шоқан Уалихановтың «Алтынмел» Мемориалдық музей кешені және т.б. Бұл музейлік нысандар, техникалық, сәулеттік, монументальды өнер, археологиялық, мәдени-ландшафтылық ескерткіштер бүгінде республикада тұтас туристік бағыттар құрып, қызмет етіп тұр. Музей құрылды деп айтып-жазуға ғана оңай, әйтпесе олардың әрқайсысының астарында салмағы қорғасындай талай тарих жатыр. Бір мысал.

Алматыдағы Халық саз аспаптары музейі бастапқыда Панфилов көшесіндегі реставрацияланған жергілікті мәндегі тарихи және мәдениет ескерткіші болып саналатын №99-үйде, бұрынғы Керуен-сарайда орналасты, сосын қазіргі орнына – 28-панфиловшылар саябағындағы Офицерлер жиналыс үйіне көшірілді. Бұл ғимараттың бүлінуден, сүріп тастаудан аман қалғаны Өзбекәлі ағамыздың арқасы – сол кісі осы үйді жөндеп, ауқымды қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу мәселесін шешіп берген. Бастапқыда музейдің экспозициясы музыкатанушы Болат Сарыбаев жинаған аспаптардан тұруы тиіс-тін, бірақ соңғы сәтте Болаттың әлденеге көңілі толмай, ақыры ол Өзағаңмен келіспей қалды. Ал музей ашылатын күн жақын. Тығырыққа тірелген Өзағаң сол кезде бұл іске қолөнер шеберлері Дәркенбай Шоқпарұлын, Оразғазы Бейсенбаевты, басқа да мамандарды тартып, оларға домбыра, қобыз, дабыл, жетіген, сырнай, керней, шертер, сыбызғы, адырна, сазген, дудыға, тоқылдақ тәрізді ескілікті аспаптарды қайта жасап шығуды тапсырды. Бұған қоса-қабат ел

Сол кезде Өзбекәлі аға маған суықтау қатты кісі, мәдениет саласының қол жетпес бір ұстынындай болып көрінетін. Бірақ өмірде ол барынша қарапайым, жомарт жанды және аса зиялы кісі боп шықты. Иә, әрине, үстелінің үстіне қойылған экспозиция макеттерін, реставрациялық жобаларды іске алғысыз етіп, қолындағы сілтеуші таяқшамен бір-ақ сыпырып тастаған кездері де болды... Содан бері аттай зулап қырық жылдан аса уақыт өтсе де, онымен алғаш жүздесуімді әліге дейін ұмытпаймын. Бұл өзі мен министрліктің музей жұмысы бөліміне қызметке орналаспақшы болып келген 1979 жылдың қыркүйек айы еді. Белгіленген тәртіп бойынша министрдің бөлімді қарайтын орынбасары Өзағаның алдында болып, мақұлдануым керек. Бөлім меңгерушісіне еріп кірген мен кабинет иесіне орысша сәлем беріппін. Шытынып қалды: «Немене, қазақша білмейсің бе?» деп. Оңбай қателескенімді сезіп, «Жоқ, аға, білемін ғой...» деп ақталып тұрмын. Ол кездегі қазақ тілінің жағдайы қазіргіден көп жаман еді. Сол сәтте Өзағаммен бірге жеті жыл бірге абыройлы қызмет ететінімізді, содан басталған жол барлығы 37 жылға созылып, әлгі қызметімнен зейнетке шығатынымды, әрине, білген де жоқпын. Өзағанды Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары етіп жібергенде аңырып қалғанымыз есімде. Тіпті қызметтестеріме айтпай, өзінің жеке қабылдауына барып, қол астында жұмыс істей бергім келетінімді де сездіргем. Абырой болғанда ағамыз ұзамай министрлікке қайта оралды және министрдің өзі болып келді. Ғажабы сол, қазіргілер секілді, өзімен бұрынғы орнынан ешкімді де ертіп келмеді. Маған пәтер кілтін де өзі тапсырды. Әрине, он жыл күткен кезек келіп жеткен, сонда да болса Өзағанның қолынан баспаналы болғанымызды жақсылыққа жорығанымыз бар-ды...

Өзбекәлі Жәнібековтің сол тұста үлкен бір арманды ісі болды. Ол – Алатаудың баурайынан этнографиялық ауыл орнату еді. Қазақ ауылының бүкіл тыныс-тіршілігін, қонысты өрісін, ұсталық өнерін, алтыбақанын, асық, тоғызқұмалақ ойынын, т.б. көрнекі танытып тұратын аспанасты музейін ашсақ дейтін. «Казпроектреставрация» институтының сәулетшілері ондай музей ауылдың жобасын да сызып қойған. Бірақ қала билігі жер бөлу мәселесін ақыры шешпей-ақ қойды. Соңыра осы идеяны Өскеменде Шығыс Қазақстан облыстық этнографиялық сәулеттік ландшафтық музей-қорықтың директоры Н.А. Зайцев жүзеге асырды. Ол сол үшін «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын алды.

Заманға қызмет ететін мәдени мұра

Қазақстанда мәдени мұраны сақтаумен мемлекеттік деңгейде айналысу бертін, 1970-ші жылдары басталды және бұл іс бастапқыда жөн-жосықсыз жүргізілді. Ө. Жәнібековтің министр болып келуімен ғана қоғамның өз мәдени-тарихи мұрасына көзқарасы түзеліп, бұл сала жаңадан тыныс алды деу керек. Осы орайда ондаған республикалық маңыздағы музей-қорықтар құрылды, олар – Жамбыл облысындағы «Көне Тараз ескерткіші», Маңғыстаудағы «Маңғышлақ пен Үстірттегі материалдық мәдениет ескерткіштері», Оңтүстікте «Әзірет-Сұлтан» және «Ордабасы» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықтары, Отырар мемлекеттік археологиялық тарихи-мәдени қорығы, Қарағанды облысындағы «Ұлытау» мемлекеттік тарихи-мәдени және музей-қорығы.

Өзағанның бастамасымен Түркістандағы Ясауи кесенесі, Отырардағы Арыстанбаб мазары, Отырар алабындағы археологиялық ескерткіштер, Жаркент мешіті, Жамбыл облысындағы Қарахан, Айша биби, Бабаджа-хатун мазарлары

Сол кезде Өзбекәлі аға маған суықтау қатты кісі, мәдениет саласының қол жетпес бір ұстынындай болып көрінетін. Бірақ өмірде ол барынша қарапайым, жомарт жанды және аса зиялы кісі боп шықты. Иә, әрине, үстелінің үстіне қойылған экспозиция макеттерін, реставрациялық жобаларды іске алғысыз етіп, қолындағы сілтеуші таяқшамен бір-ақ сыпырып тастаған кездері де болды... Содан бері аттай зулап қырық жылдан аса уақыт өтсе де, онымен алғаш жүздесуімді әліге дейін ұмытпаймын. Бұл өзі мен министрліктің музей жұмысы бөліміне қызметке орналаспақшы болып келген 1979 жылдың қыркүйек айы еді. Белгіленген тәртіп бойынша министрдің бөлімді қарайтын орынбасары Өзағаның алдында болып, мақұлдануым керек. Бөлім меңгерушісіне еріп кірген мен кабинет иесіне орысша сәлем беріппін. Шытынып қалды: «Немене, қазақша білмейсің бе?» деп. Оңбай қателескенімді сезіп, «Жоқ, аға, білемін ғой...» деп ақталып тұрмын. Ол кездегі қазақ тілінің жағдайы қазіргіден көп жаман еді. Сол сәтте Өзағаммен бірге жеті жыл бірге абыройлы қызмет ететінімізді, содан басталған жол барлығы 37 жылға созылып, әлгі қызметімнен зейнетке шығатынымды, әрине, білген де жоқпын. Өзағанды Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары етіп жібергенде аңырып қалғанымыз есімде. Тіпті қызметтестеріме айтпай, өзінің жеке қабылдауына барып, қол астында жұмыс істей бергім келетінімді де сездіргем. Абырой болғанда ағамыз ұзамай министрлікке қайта оралды және министрдің өзі болып келді. Ғажабы сол, қазіргілер секілді, өзімен бұрынғы орнынан ешкімді де ертіп келмеді. Маған пәтер кілтін де өзі тапсырды. Әрине, он жыл күткен кезек келіп жеткен, сонда да болса Өзағанның қолынан баспаналы болғанымызды жақсылыққа жорығанымыз бар-ды...

Өзбекәлі Жәнібековтің сол тұста үлкен бір арманды ісі болды. Ол – Алатаудың баурайынан этнографиялық ауыл орнату еді. Қазақ ауылының бүкіл тыныс-тіршілігін, қонысты өрісін, ұсталық өнерін, алтыбақанын, асық, тоғызқұмалақ ойынын, т.б. көрнекі танытып тұратын аспанасты музейін ашсақ дейтін. «Казпроектреставрация» институтының сәулетшілері ондай музей ауылдың жобасын да сызып қойған. Бірақ қала билігі жер бөлу мәселесін ақыры шешпей-ақ қойды. Соңыра осы идеяны Өскеменде Шығыс Қазақстан облыстық этнографиялық сәулеттік ландшафтық музей-қорықтың директоры Н.А. Зайцев жүзеге асырды. Ол сол үшін «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын алды.

Заманға қызмет ететін мәдени мұра

Қазақстанда мәдени мұраны сақтаумен мемлекеттік деңгейде айналысу бертін, 1970-ші жылдары басталды және бұл іс бастапқыда жөн-жосықсыз жүргізілді. Ө. Жәнібековтің министр болып келуімен ғана қоғамның өз мәдени-тарихи мұрасына көзқарасы түзеліп, бұл сала жаңадан тыныс алды деу керек. Осы орайда ондаған республикалық маңыздағы музей-қорықтар құрылды, олар – Жамбыл облысындағы «Көне Тараз ескерткіші», Маңғыстаудағы «Маңғышлақ пен Үстірттегі материалдық мәдениет ескерткіштері», Оңтүстікте «Әзірет-Сұлтан» және «Ордабасы» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықтары, Отырар мемлекеттік археологиялық тарихи-мәдени қорығы, Қарағанды облысындағы «Ұлытау» мемлекеттік тарихи-мәдени және музей-қорығы.

Өзағанның бастамасымен Түркістандағы Ясауи кесенесі, Отырардағы Арыстанбаб мазары, Отырар алабындағы археологиялық ескерткіштер, Жаркент мешіті, Жамбыл облысындағы Қарахан, Айша биби, Бабаджа-хатун мазарлары

жаңғыртылды. Өзбекәлі Жәнібеков үшін Қожа Ахмет жатқан Түркістанға апта сайын бір барып тұру бұлжымас тәртіп сияқты еді, ол сол сапарларында құр қайтпай, мамандарды қатыстыра отырып ғылыми-әдістемелік кеңес өткізіп, кесенедегі ауа ылғалдылығы режимінің сақталуына мониторинг жасатып отыратын. Әсіресе бұрын зеңбірек топтары тиіп залал келген оңтүстік-батыс қабырғаға (Асхана, Құдықхана, Үлкен Ақсарайдың шатыр жабындысы) жіті назар салатын. Оның көңілін аударған және бір мәселе – сыртқы қаптама тақтаға жағылған көне шыңылтыр (глазурь) мен әртүрлі бояулардың құпиясы болатын, себебі күмбезді қазіргі заманғы тақталармен қаптаған кезде күмбез шық-шыламның әсерінен ісініп, соның салдарынан бір жылдан кейін жабындыны алып тастап, жаңасын қаптап, ит әуреге түсіп жататынбыз. Сондықтан ескінің шеберлігінің құрылыс ісіндегі құпияларын ашу күмбездің су өткізбеуін қамтамасыз етіп, табиғи түрде желдеп тұруына әкелер еді. 1978 жылы көп жылдардан бері бірінші рет Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығындағы Ахмет Ясауи сәулет ғимаратын, басқа да ескерткіштерді қалпына келтірудің кешендік жоспары жасалып, іске асырыла бастады. «... Ең алдымен «Союзреставрация» бірлестігі мен Кентаудағы «Ачполиметалл» комбинатының қатысуымен құрлыстың ауытқи бастаған, опырылып қалу қаупі төнген бөліктері – Бас портал мен мешіт мығымдалды, Қабырхананың еденін бастапқы деңгейінде қалпына келтіріп, Ахмет Ясауидің еңкейіп, құлауға айналған мүрдесін түзетуге мүмкіндік берді. Ғылыми негізде жасалған жобамен үлкен күмбездің төрт қырлы, сегіз қырлы қондырғысы, ғимараттың теріскей порталы, эпиграфиялық құры қайта ұқсатылды», – деп жазды естелігінде Өзағамыз, кесенеде атқарылған қайта жаңғырту жұмыстарының мән-жайы жөнінде. Шын мәнісінде бұл сол кезде осы бірегей сәулет кешенін құтқаруға бағытталып жүзеге асырылған жаңғырту жұмыстарының тек шет жағасы еді... Бүгінде бүкіл түркі әлемінің киелі, қасиетті орнына айналып, 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізбесінен орын алған кесене осылайша мігірсіз еңбек етудің нәтижесінде уақыт төрелігіне шыдас беріп тұр.

Жаңғырған Наурыз

Демалыс күндері Алматыдағы Орталық мемлекеттік музей алаңында ошарулы тұрған Өзағанның қызмет көлігін көрген сайын «Бұл кісі нағып демалыс күндері де тынықпайды екен?» деп ойлайтынмын. Осы жерде Ө.Жәнібековтің «қайта құру» кезеңінде екінші тынысы ашылғанын, ол ел өміріндегі осынау айтулы жылдары елдің еңсесін басқан идеологиялық езгіден арылудың уақыты, ұлттық құндылықтарды тұғырына қайта қондырудың мүмкіндіктері деп қабылдағанын айту жөн. Осы кезеңде оның белсене қатысуымен А. Байтұрсыновтың, Ш. Құдайбердиевтің, М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың абыройлы есімдері қалпына келтірілді. 1926 жылы совет өкіметі Наурыз мейрамын «ескінің жұғындысы» деген сылтаумен тиым салғаны белгілі. Өзбекәлі Жәнібеков идеологиямен, мәдениетпен айналысатын Қазақстан КП ОК-нің хатшысы ретінде 1988 жылы ол жоғарғы жақтың көзін Наурыз мейрамы діни құрамнан ада екендігіне көз жеткізді. Бұл біз үшін үлкен жеңіс еді! Ресми түрде бұл мейрам ҚазақССР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Наурыз мейрамы туралы 1991 жылдың 15 наурызындағы жарлығымен бекітілді және 22 Наурыз мейрам күні болып белгіленді. Ал 2009 жылы ЮНЕСКО Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдениетінің мұрасы тізіміне қосты, ал БҰҰ-ның 64-ші сессиясы 21 наурызды Халықаралық Наурыз күні деп таныды.

«Көктеммен бірге келетін Наурызда ата-бабамыз бұлақ көздерін тазалап, ағаш еккен. Осы дәстүрді жалғастырып, табиғатты қорғау, айнала қоршаған дүниені абаттандыру ісімен белсендірек айналысуымыз керек. Ондай шаралар барлық аймақтарда қолға алынуы тиіс. Мұның өзі өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің ең тиімді жолдарының бірі», – деді ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаев ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге әзірлік комиссиясының бірінші мәжілісінде сөйлеген сөзінде. Наурыз мейрамын әзірлеп-өткізушілер осы орайда ҚазМҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Н. Нұртазинаның «Ликбез по Наурызу для казахов. Где ты, тюбетейка?» мақаласын қаперге алса жөн болар еді – бұл мақалада айтылған тұжырымды лебіздер бір кезде Ө.Жәнібеков жүзеге асырып үлгерген нәм үлгермей кеткен идеялармен өзектес.

Соңғы сөз орнына

Өмірінің кейінгі жылдарында Ө.Жәнібеков уақытының едәуір бөлігін естелік жазуға арнаған. Апталап Орталық музейдің, Орталық архивтің қорларында, кітапханаларда жұмыс істеген оның қаламынан «Культура казахского ремесла» (Өнер, 1990), «Жолайрықта» (Рауан, 1995), «Тағдыр тағлымы» (бірінші кітап – 1996, Рауан, екінші кітап, Рауан, 1997) кітаптары туды. 1990 жылы КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің Новосібір Археология және этнография институтында «Қазақ дәстүрлі өнерінің тарихи-этнографиялық аспектідегі проблемалары» тақырыбында диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Бұл диссертациялық еңбекті ақбас орыс ғалымдары толыққанды докторлық жұмысқа балаған.

Бірде маған «Қайтажаңғырту» ғылыми-жаңғырту бірлестігінің басшысы Қ.Тұяқбаевтан қоңырау түсті. Ауруханада жатқан Өзағаң «сарыбаланы», яғни мені көргісі келетінін айтты. Қанат Қымызұлы екеуміз Шевченконың бойындағы, ел «совминдік» дейтін ауруханаға келдік. Өзағаң палатада мұрнына қойылған түтікшелермен жатыр екен. Көптен бері айналдырған күшті дерт аурухана төсегіне таңыпты. Амандасып, ахуал сұрасқаннан кейін әдетінше шаруаға көшіп, керуеттен кеудесін көтерген күйі менің жұмыстарымды сұрастыра бастады. Әсіресе «Әзірет-Сұлтан» кесенесінің жағдайын білгісі келді. Ясауи кесенесін қайыра жаңғырту бойынша бірқатар келелі кеңес айтты...

Бұл ағаны соңғы көруім екен. Еліміздің мәдени өмірінде тұтас дәуірге айналған, құбылыс болған, адам-аңыз атанған ғазиз жанның жігерге толы жүрегі көп ұзамай соғуын мәңгіге тоқтатты. Қаралы пойыз денесін Арыстанбаб мазарына жеткізді. Марқұмның рухы бабасының жанында шат болып жатыр.

Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ халқының мәдениетін дамытуға, мәдени мұрасын сақтауға қосқан үлесі, еселі еңбегі әлі талай буынның әуезе етіп айтар хикаясы болады. Өзағаның 90 жылдық мерейтойы елдің назарын, әсіресе жас қамыстай бойтартып өсіп келе жатқан жауқазын ұрпақтың назарын осы бір айтулы тұлға арқылы Отан тарихына аударуы. Оның мағыналы, бай өмір жолын бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Біздікі домбыраға тиек таққандай ғана ниет, бастама. Жазушы Шерхан Мұртаза айтқандай, Өзағаның халыққа сіңірген кәделі еңбегін жай суреттеп жазып шығудың өзі анау-мынау бір кітапқа жүк болар еді. Кітап қана емес. Бүгінде танымал мәдениет қайраткерлері, журналистер, бұқара халық айтып-жазып жүргендей, бұл еңбек еңселі ескерткіш орнатып, музей ашуға лайық.

Биыл – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Ата-бабамыз мұрат еткен, соның ішінде халқының адал сүт емген перзенті Өзбекәлі Жәнібекұлы Жәнібеков саналы ғұмырында ғасыл еткен қазақ мемлекеттілігінің, азаттықтың айтулы белесі.

САРДАР

Уақыт деген зымырап өтіп жатыр. Өмірдің әр күні өткен сайын бәзбіреулердің есімі өшіп, кейбіреулердің есімі өсіп, ұрпақ жадында, тарих парағында қалып жатыр. Сондай тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков.

Өзбекәлі өткен ғасырдың, коммунистік жүйе мен тәртіп, мораль мен партиялық талап адам санасын қысып тастаған, ұлттық сананы өшіріп, коммунистік идеологияны миға зорлап кіргізген мәңгүрттік заманда ноқтаға басы сыймаған қайраткер һәм ұлтжанды дара тұлға. Ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, халық мұрасын жинап, оны қазақ мәдениетінің алтын арқауына айналдырған тарихшы-этнограф, ғалым.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деседі халық даналығы. Шыны сол. Өзбекәлі Жәнібековтің де тағдыры біреулер үшін ерекше нұрлы, жарқын болып көрінуі де мүмкін. Бірақ қайраткер тағдырына байыптап қараған адам, оның тар жол, тайғақ кешулерден өткенін байқар еді. Өйткені ол өзінің принципшіл мінезімен, ұлтжанды көзқарасымен жоғарыдағы тағдырды шешетін адамдарға ұнай бермейтін. Сондықтан болар оның өмірбаяны бірде өсу, бірде түсу сияқты бұралаң сатыларға толы. Бірақ осының бәрінде оның азаматтық болмысының іздері сайрап жатыр.

Өзекеңнің тағдыры мыңдаған Кеңес Одағы балаларының тағдырына ұқсас еді. Ата-анадан ерте айрылды, тағдыр тауқыметін тартты. Қабырғасы қайысып, өмірге ерте араласты. Қиянат, екіжүзділік сияқты адамдардың зорлығын ерте көрді. Сондықтанда жатбауырлау өсті. Бірден жұртпен шүйіркелесіп, іші-бауырға кіріп кететін мінезі жоқ. Мұның бәрі бала психологиясына қатты әсер етті. Әрі төзімділікке, еңбекқорлыққа, алға қойған мақсатты орындау үшін өзін жұдырықтай жұмылдырып, кек сақтамайтын шыдамдылыққа үйретті.

Өзекеңнің ұйымдастырушылық, өзі бас болып мәселеге кірісіп кететін табиғи мінезі де ерекше. Содан болар Өзбекәлі Жәнібеков дегенде жұрт елең ете түсті, жұрт «не айтар екен» деп аузына қарады.

Өз естеліктерінің бірінде Өзекең «Жүзім соншалықты суық болмағанымен, кейбіреулердің кездескенде дегбіріп, сасып қалатынын білем», – дейді. Мен де мұны бастан өткергем. Ұмытпасам 1987 жыл еді. Желтоқсанның ызғары басыла қоймаған. Ол кезде «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы едім. Қазақтың атақты ақыны, өзімнің рухани ағайым Мұхтар Шахановты газетке тікелей телефон-сұхбатқа шақырдым. Мәселе, Наурыздың ешқандай діни мейрам емес екендігін тағы бір көтеріп, қоғамдық ой туғызу және оны халыққа қайтару идеясы болғанды. Сұхбатты өткізуін өткіздік-ау. Бірақ зәре қалмағаны рас. Өйткені пыш-пыш әңгіме көбейді. Бірақ соған қарамастан номер сайын пікірлер шоғырын жариялай бердік. Осылай екі апта өте шықты.

Телефон шыр-шыр ете түсті. Аржағынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің хатшысының дауысы естілді. «Сізді Жәнібеков шақырады».

Ө.Жәнібеков ешқашан кездескен адамым емес еді. Тек сыртынан бірді-екілі көргенім бар. Жаным көз алдыма келген-ді. Бірақ Наурыз жөніндегі топтамаларды, жүздеген хаттарды жинастырып алдым. Айтқан уақытында алдына бардым. Кірдім.

Шұқшиып бір қағазға қарап отыр. Басын изеді де қойды. Қолымен орындықты көрсетті. «Отыр» дегені болар деп, орындықтың шетіне жайғастым.

Қағазды ұзақ қарады, ары шимайлады, бері шимайлады. Сосын столының бір бұрышына қаттап қойды.

— Наурыз мәселесін дұрыс көтеріпсіңдер. Ғалымдарды, этнографтарды, қарапайым адамдарды сөйлетіпсіңдер. Дұрыс болған, — деді.

Мен Өзекеңнің алдына хаттар мен газет қиындыларын қойдым.

— Шаханов, Колбинде болды. Мен де газет көтерген мәселенің дұрыс екендігін айттым. Оңтайлы шешім қабылданды. «Бұл біздің «Лениншіл жас» қой», — деп Шерхан Мұртаза мен Сейдахмет Бердіқұлов туралы жылы лебіз білдіріп, газеттің өз жолынан таймай жүргендігін ескертті. Төбем көкке жеткендей болды.

Бар болғаны осы. Өмірімде Өзбекәлі Жәнібековпен бірінші әрі соңғы рет бетпе-бет кездесуім осы. Бірақ қысқа кездесу менің ол туралы көзқарасымды қалыптастырды. Жұрт мақтайтын Өзбекәлі Жәнібековке тәнті әрі ерекше ілтипат сезімімен кабинетінен шықтым және күні бүгінге дейін сол кездесуді ұмытқан емеспін. Өзекеңе деген құрметім мен ілтипатым өзгерген емес.

Өзекеңнің естелігінен:

«Наурыз «Жыл басы – жаңа күн – Ұлыстың ұлы күні» ретінде көне заманнан 1926 жылға дейін тойланып келген. 20-жылдардың шолақ белсенділерінің саяси «қырағылығының» салдарынан діни мереке-міс деген сылтаумен... 62 жыл бойы атаусыз қалғаны қай жағынан алғанда да қиянат еді... Наурызды елден, елді Наурыздан ажыратуға болмайды.

Мұның алдында осы мәселені Мұхтар Шаханов та газет бетінде көтерген болатын!»

Иә, Наурыз халқына осылай оралған болатын...

Өзбекәлі Жәнібеков өнерді жан-тәнімен сүйген, ұлттық құндылықтарымызды, жәдігерлерімізді жинаған ірі ұйымдастырушы. «Адырна», «Сазген», «Ғасырлар пернесі» одан «Отырар сазы» оркестрінің құрылуының ұйытқысы болған да Өзбекәлі Жәнібеков.

Өзекең Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы болып жүргенде «Торғай әуендері» дүниеге келді. Театр құрылды, Қазақстан Жазушылар одағының Арқалық бөлімшесі ашылды. Айта берсе, Өзекең атқарған істер жетерлік. Олар туралы замандастары, өнер саңлақтары айта жатар.

Өзекеңнің көптеген кітабы жарыққа шықты. Айтылған, айтылмаған деректер қаншама!? Оқысаң, қызық деректерге кенелесің. Соның бір эпизоды былай болып келеді.

«...Съезге (комсомолдың–У.Қ.) қатысатын Қазақстан делегациясын Мәскеуге пойызбен жіберіп, өзім ұшақпен барып, Қазан вокзалынан қарсы алдым. «Нұрсұлтан, қалің қалай?» десем, Алматыда съезде көргенмен ұмытып қалған болар, «Сіз кім боласыз?» деген қарсы сұрақ естідім. Нұрсұлтан Назарбаевпен осылай танысқан едім. Бұл 1962 жылдың сәуір айы еді».

Бүкпесіз, зілсіз дерек... Содан бері қанша уақыт өтті. «Дүние – бұраңдаған бір қисық жол». Қоғам ауысты, заман өзгерді. Өзгермейтін бір-ақ нәрсе. Ол адамның осы дүниеде атқарған істері. Ұрпақ пен ұрпақты жалғайтын, халық санасында,

тарих толқынында қалатын абыройлы істері. Ондай өрелі істер Ө.Жәнібековтің тағдырында жетерлік.

Биыл Өзекең тірі болғанда 80-ге келер еді. Бірақ оның есімі ел есінде, халық жүрегінде қалды. Дегенмен, алмағайып уақытта әр адамның өз іздеушісі болса керек-ті. Сондықтан да өнегелі істерін жаңа ұрпақ білсе деген ой мазалағаны рас. Осы себеппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшысы атына төмендегідей депутаттық сауал жолдап едім. Оны қазақтың бір топ ығай мен сығай депутаттары қолдаған.

Қадірлі Кәрім Қажымқанұлы!

Қазақтың ноқтаға басы сыймаған ұлдары баршылық. Солардың ішінде халық Өзекеңдепардақтап кеткен, қайран Өзбекәлі Жәнібеков те бар. Кезінде Қазақстанның халық жазушысы, күні кеше Қазақстанның Еңбек Ері атағын алған Әбіш Кекілбай мырза: «Несін айтасыз, жапан түзге жеке біткен көк сеңгірдей дара тұлға еді. Өтіп бара жатқан ғасырда қазаққа талай-талай мүйізі қарағайдай ұл сыйлаған жомарт құдайдың бір бердім деп берген ерен перзенті еді», – деп атап еді.

Ал қазақтың Шерхан Мұртазасы: «Оның, яғни Өзбекәлі Жәнібековтің халқына сіңірген ерекше еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек. Ол – киелі адам», – дейді.

Айтыс өнерінің ақсұңқары, Қазақстанның халық ақыны Әселхан Қалыбекова:

— Тартқанда жақсыларға қонағасы,

Ерлерін мақтан қылар ел арасы.

Қазақта Жәнібеков біреу ғана,

Аталған өз елінің Өз ағасы, – деп жырға қосқан. Сол ұлтының ұлы, халқының құлы Өзбекәлі Жәнібеков марқұм келесі жылы 80 жасқа толғалы отыр. Бірақ құзырлы мекемелер Сіздің 2009 жылғы 4 наурыздағы №31 өкімімен бекітілген «2009–2011 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесіне» халқының ұлттық мәдениетінің жанашыры, 70-тен астам этнографиялық ансамбльдерінің ұйымдастырушысы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев сынды Алаш ардақтыларының ақтаушысы, кешегі Үкімет мүшесі Өзекең енбесе, не қайран?!

Өзекеңнің жұбайы Қалихан Айдосқызының хатынан үзінді келтірейін.

«Ойламаған жерден Өзекең қатты науқастанып қалды... Ол оттан да, судан да аянбайтын еді. Бірақ ауру жеңе бастады....Әрине, мұндай жағдайда қаражат керек. Аздап жиған-тергеніміз жұғын да болмады....Не істерімізді білмей тұрғанда Елбасы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қол ұшын беріп, Англияға қаржы беріп аттандырды».

Адами үлгі деп осыны айт!

Әрине, Өзағаң аурумен көп алысты. Қалихан апай үш бөлмелі үйін сатып, емді жалғастырады. Жеке басы баспанасыз қалды. Бірақ ауруды жеңе алмады. Өзекеңді халқы арулап қойды. Бірақ өлген адамның өлмеген аты, жары, ұл-қызы қалды.

Қадірлі Кәрім Қажымқанұлы!

2011 жылы ірі қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков 80 жасқа толғалы отыр. Осыған орай төмендегі іс-шараларды ұйымдастаруға қол ұшын беруді сұраймын.

1. Алматы қаласының орталығынан Қалихан Айдосқызы Жәнібековаға бір бөлмелі пәтер бөлуге қол ұшын беруді;

2. Келесі жылы Өзбекәлі Жәнібековтің көп томдығын мемлекеттік тапсырыс бойынша шығаруды;

3. Алматы қаласында «Өзбекәлі және ұлттық құндылықтар» атты ғылыми-практикалық конференция мен Шымкент қаласында «Өзбекәлі – рух сардары» атты ақындар айтысы мен мұшайрасын өткізуге қамқорлық жасауды сұраймын.

Өзекеңнің жары Қалихан Жәнібекова ханымның тиісті мемлекеттік мекемелерге жазған хатының сұрақсыз жауаптарын қоса жіберіп отырмын. Сондықтан да бұл депутаттық сауалға тек Премьер-министрдің ғана емес, ұлтжанды азаматтың көзімен қарап, тиісті шешім қабылдауды сұраймын.

Иә, белгілеген мерзімде Үкімет басшысынан төмендегідей жауап келіп түсті.

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 2011 жылы 80 жасқа толуына байланысты мерейтойлық іс-шаралар ұйымдастыру туралы сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

«Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі №1465 қаулысында жекелеген тұлғалардың мерейтойлары алғашқы жүз жылдықта – жүз жылдығы, онан кейінгі жүзжылдықтарда әрбір жиырма бес жылда аталып өтіледі деп көрсетілген.

Сол себепті, 80 жылдық мерейтойды республикалық деңгейде атап өту мәселесі аталған қаулыға сәйкес келмейді.

Дегенмен, 2011 жылы Астана қаласында еліміздің белгілі тарихшылары, этнограф мамандарының бас қосуымен Ө.Жәнібековке арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі, сондай-ақ Елордада кезінде Ө.Жәнібековтің басшылығымен ұйымдастырылған «Отырар сазы», «Адырна», «Сазген» фольклорлық-этнографиялық оркестрлері және «Алтынай» би ансамблінің би концертін, Шымкент қаласында ақындар айтысы, Алматы қаласында «Өзбекәлі және ұлттық құндылықтар» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу жоспарлануда.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ө.Жәнібековтің қаламынан туған кітаптарды басып шығару және ол туралы деректі фильм түсіру жұмыстарын жүргізуде.

Аталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету ҚР Мәдениет министрлігіне тапсырылды.

Сонымен қатар, Ө.Жәнібековтің жұбайы Қалихан Айдосқызы Жәнібекованы Алматы қаласының Бостандық ауданы әкімдігі тарапынан ағымдағы жылдың 27 тамызынан бастап тұрғын үйге мұқтаждар кезегіне қойғандығын хабарлаймын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі К.Қ. МӘСІМОВ

Жақында ғана жақсы хабар жетті. Алматы қаласының әкімшілігі Өзекеңнің жесірі, Қалихан Айдосқызы Жәнібековаға бір бөлмелі пәтер бөлді. Апай телефон шалып, рахмет айтты.

Иә, осылай рух сардары Өзбекәлі Жәнібековтің қос томдығы жақында жарыққа шығады. Ойлы, көзі қарақты оқырман кешегі мен бүгінгінің парқын өзі ой елегінен өткізіп алар. Адамның өзі жазған дүниесінен артық құнды не бар?! Бірінші кітапты «Ойтолғақ», екінші кітапты «Ойөрнек» деп біріктіріп, баспаға дайындап бердім. Қос томдық өндіріске кетті.

Өмірімде бір-ақ рет бетпе-бет көрген адамыма Арыстанбабтағы күмбезіне барып қол жайып, құран оқытып, құрбандық шалып едім. Жақсы адамның жақсы дүниесі өз оқырманына жетсе, бұл да сауаптың бір түрі емес пе?

Ұрпағың ұмытпайды, Өзеке!

*«Халық сөзі» газеті,
5 тамыз 2011 жыл.*

Төлебек ҚОСМАМБЕТОВ

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Біздің қазақта «Күй атасы – Құрманғазы, күш атас – Қажымұқан», деген қанатты сөз бар. Халық бекер айтпайды. Қажымұқан – қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан. Ол бүкіл түрік халықтарының ішіндегі ең танымал спортшы.

Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақалыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты ХХ ғасырдың басында түрік халықтарының арасында қазақта ғана болды. Ресейдің палуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмағанын да айтуға тиіспіз. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддувный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Зайкин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмид, Поль Понс, Вейланд Шульц, сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы палуандарды шетінен жығып, бәйге алу – сол заманда нағыз ерлік еді. Ол кезде империяның буына семірген Ресей күресінің қожайындары қазақты шын мәнінде менсінбейтін. Қажымұқан сондай ортада намысын жатқа бермей, кеудесін ешкімге бастырмады. Күрес қожайындарының, төрешілердің сан мәрте әділетсіздігіне белі бүгілмеді, еңсесі түспеді

1944 жылы осындай шоулардан жиналған 100 мың сомды Қажымұқан ұшақ сатып алып, оны Амангелді Иманов атымен атауды өтініп, Жеңіс қорына аударды. Соған 29 қазанда мынадай жеделхат алған: **«Онтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, Ақтөбе колхозы, Мұңайтпасовқа. Қызыл Армияның Әскери күштеріне көрсеткен қамқорлығыңыз үшін менен сәлем және Қызыл Армиядан ризашылық қабылдаңыз, жолдас Қажымұқан. Сіздің тілегіңіз орындалады. Сталин».**

Үстіміздегі жылдың қазанның 26-сы күні Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында әріптесім, Мәжіліс депутаты Бауыржан Ысмайылов Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімовке Қажымұқан Мұңайтпасов туралы сауал жолдады. «Қазақстанның мәртебесін биікке көтеріп, көк байрағымызды желбіретіп, Әнұранымызды шырқатып жүрген даңқты

спортшыларымызға Қажымұқан ордені табыс етілсе, елдік құрметіміз болар еді!

Қазақ халқының даңқын шығарған Қажымұқандай палуанымызды дәріптеу жолындағы осындай игілікті істер өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін күшейтуге өз ықпалын тигізері сөзсіз», – деген ұсыныстарын мәлімдеді. Залда отырған барлық әріптестері оны қолдадық.

Еліміздің географиялық орналасуы мен ұлттық-этникалық ерекшелігіне орай жасөспірімдерге батыр бабаларымыздың ерліктерін халықтық дәстүрге негізделген бағытта насихаттау, билер мен шешендердің өнегелі тәлім-тәрбиелерімен, қазақ күресі арқылы жан-жақты тәрбие жүйесін құру қажеттілігі қазақстандық ел намысын қорғайтын спортшыларды тәрбиелеуде маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Сол мәселелерді шешудің бір жолы Қажымұқанды ұлықтау деп ойлаймын.

Ал, енді өнердің атасына айналған Темірбек Жүргенов пен Илияс Омаровтан кейін мәдениетімізді ілгерілетіп, оған айтарлықтай үлес қосқан қайраткердің бірі, әрі бірегейі – Өзбекәлі Жәнібеков.

Өзбекәлі Жәнібеков еңбек жолын жәй ауыл мұғалімі болып бастап, Қазақстан Жастар Одағы Орталық Комитетінің І-ші хатшысы, ҚазКСР Мәдениет министрі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметтерін атқарған.

«Қазақ» деген атымыздан айырыла жаздаған кеңестік қоғамдағы аумалы-төкпелі саясаттың күәгері болған Өзбекәлі Жәнібеков саяси-идеологиялық, рухани тұрғыда тарихымызды танып, жоғалтқанымызды тауып, халқымыздың рухы көтеріліп келе жатқан кезеңде жастарды тәрбиелеуде мейлінше алуан қырлы идеялық-тәрбие жұмысына үлкен көңіл бөлді.

Өзбекәлі Жәнібеков 1987 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрі болып тағайындалды. Ол бұл қызметте көп істеген жоқ. Алайда, сол азғана уақыт аралығында ол министрдің орынбасары болып жүріп те, Алматы облыстық атқару комитетінің орынбасары болып жүріп те ұлт мүддесін көздейтін, ұлт мәдениеті мүддесін қорғайтын кең де, кемел бағдарлама жасады. Ол – театр, музейлер, тарихи ескерткіштер тағдыры еді!

Орталық Комитеттің хатшысы қызметтерінде жастарға жаңа уақытқа сай эстетикалық тәрбие беру платформасын жасауды қолға алды. Өз Наурызды ұлтымызға қайтарды. Алашордашыларды ақтады. Ол өндіре жұмыс істеді. Аты коммунистік қоғамның затын – ұлтты өсіруге, кемелдендіруге жұмылдырып бақты. Көріп отырғанымыздай, оның қызметінің бәрі дерлік кешегі коммунистік партиямен байланысты. Иә, ондай партия болды. Ондай партия билеген Кенестер Одағы жетпіс жылдан астам өмір сүрді. Өзекеңді де тәрбиелеген, ысылдырған – Коммунистік партия болатын. Бірақ Ө. Жәнібековтің тумысынан бір азаматтық ерекшелігі бар еді. Ол тарихшы этнограф, этнолог ретінде азаматтық тарих, ұлттық дәстүрді, ұлттық дәстүрден туындайтын мінез құлық, қолөнері, киім үлгілері, мұражайы, классикалық өнерін зерттеп, зерделеп, көңіліне құйып өсті. Өзінің қызметі, мансап-лауазымы саяси қыспақтарда жүріп Қазақстан жастары өмірінен кітап жазып, орыс тілінде Мәскеуде бастырды. «Алтын домбыра туралы аңыз», «Эхо», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы», «Қазақтың ұлттық киімі», «Жолайырықта», «Уақыт керуен» секілді тамаша этнологиялық кітаптар жазып қалдырды.

Оның «Тағдыр тағылымы» деп аталатын қос кітаптан тұратын мемуарын Дж.Нерудің «Үндістанды ашу» сияқты үлгі деп танымыз.

Өмірінің аяғында Орал облысынан ҚР Парламенті Мәжілісіне депутат болып сайланды. Бұл ол кісінің ел атынан бесінші рет депутат болып сайлануы еді. Ұлт мәдениетін ұлықтап, қазақ ұлтының мемлекет құрушы ұлтқа айналуына барын салып қызмет етті.

Жақында ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы-этнограф, өнер зерттеуші, ғалым, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Өзбекәлі Жәнібековтің 80 жылдығына арналып көрме жасапты.

Көрмеге этнограф-ғалымның өмірі туралы фотоматериалдар, мұрағаттан алынған құжаттардың түпнұсқасы, өзіне тиесілі жеке заттары, сыйлықтары, сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей жетекшілігімен қайта қалпына келтірілген құнды жәдігерлер – ұлттық киімдер, ұлттық бас киім үлгілері, түскиіздер мен түскестелер қойыпты. Сондағы ең бір қызығы – музейге Өзекеңнің өзі тапсырған балуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың тұмағын қойғаны. Ол мына бүгінгі басқосуымыздың бастауы іспетті. Туған топырақтарында ұлттың екі алыбында мерейтойлары осылай бірге өтіп жататынының куәсі сияқты. Өзекең өз заманында Қажекеңнің бас киімін қасиеттеп мұражайға өткізген екен.

Міне, осындай мінезінен Өзекеңді әрі саяси, әрі мемлекеттік, әрі мәдени қайраткер десе болады. Әсіресе, ол біздің ұлтымыздың тарихын, мәдени мұрасын, өнерін, өткен әдебиетімізді зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан адам. Ол кісі жәй ғана зерттеп қойған жоқ, көптеген жәдігерлерді іздеп жүріп ашып, оларды насихаттап, зерттеуге барынша күш салды. Торғай обкомында хатшы болған уақытында алғаш Амангелді музейін ұйымдастырды. Бірінші болып қазақ драма театрын құрды. Ол ұлттық мәдениетімізді, ұлттық мұрамызды барынша жаңартып, жаңғыртуға еңбек сіңірген адам.

Өткен ғасырдың 70 жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтіруіне ұйытқы болды. Ө.Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында, облыстарында этнографиялық музейлер ашылды. 1981 жылы ол халықтық музыкалық аспаптар музейін ашып, «Сазген» атты фольклорлық-этнографиялық ансамблін құрды. Бұл жылы сонымен қатар, «Алматыреставрация» жөндеу, жаңғырту құрылыс басқармасын ұйымдастырып, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамын құрды. Ол сондай-ақ, «Шертер», «Адырна», «Алтынай» және т.б. фольклорлық-этнографиялық өнер ансамбльдерін дүниеге әкелді. Өзбекәлі Жәнібеков сонымен қатар, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене атсалысқан қайраткер.

*«Оңтүстік Қазақстан» газеті,
№170–171 (19177), 5 қараша, 2011 жыл.*

ЭТНОЛОГ ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК
(азаматтық сипаты хақында)

Қалай десек те қазақ – аз халық...

Осы аз қазақтың көп мұңын жоқтап, жоғын түгендеп өткен бертінгі кездегі зиялы қауымның қажырлы өкілдерінің бірі Өзбекәлі Жәнібек ақсақал еді. Қазақ елінің санаулы, білікті тұлғаларының қатарында да оның есімі оқшау, танымы дара. Қалың ел марқұмды қоғам қайраткері, мемлекет қайраткері ретінде көбірек білсе керек. Жақсы танып, етене жақын тұтып қадірлесе керек. Халықтың парасатты ұлының ұлағатты тұлғасы мен азаматтық парызы бәрінен бұрын тереңнен тамыр тартқан ұлттық рухымыздың аясында айқынырақ, жарқынырақ. Сол бір мемлекеттік іс пен ұлттық рухты ұштастырушы, ұлттың тіні мен заманның ділін ұластырушы, елдік, мемлекеттік деңгейдегі ой егелері Мұхаметжан Тынышбаев, Ілияс Омаров сынды дарабоздардың тәлімін жалғастырушы жарқын тұлға. Өзағаңның атын осы тарихи тұлғалар дәстүріне қатысты ауызға алуымыз тіпті де тегін емес. Ол кісі өзін сол дәстүрдің шәкіртімін деп санады, сол дәстүрге жан-тәнімен қызмет етіп, рухын ұстанды. Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров ағаларымыз туралы қаншама тамаша естеліктер, кітаптар жазылса да, өз басым ұлтымыздың нақ осы ұлдары жөнінде ерекше інілік махаббатпен, парасат құдіретін шынайы қастерлеу сезімімен айтылған ұлағатты әңгімені Өзағаңның аузынан көп естідім. Қазақтың жақсылары мен жайсаңдары жайлы тебіреніп те айтатын, қазақ ардагерлерінің маңдайына жазылған талайлы талқылар мен қорлықтарды күңіреніп те қынжылып айтатын, көзіне жас алып елжіреп кететін. Ұлттың ұлдары жайлы сонша терең түсіну, соншалықты жете білу, туғанындай елжірей еске алу жайсаң жүректің ғана еншісі. Сексенінші жылдардың соңында қуғын-сүргін құрбандарының тағдыр жолын зерттеп, білу ісінің басы-қасында жүргенде де көп жайға көзі қаныққан секілді. Исі қазаққа тән қадірлі мінез-құлық, қазақ азаматтарының елдік, кеңдік, біліктілік қасиеттері туралы соншама құрметпен сөйлеудің өзі жан жомарттығы. Парасат пен тектілік нұры. «Ілияс Омаров небәрі елу жеті жыл ғана өмір сүрді! Аз. Елу жеті жыл деген не..., – деп өкінер еді Өзағаң. –Арманшыл асқақ жан еді, үлкен мәдениеттің иесі еді.

Жастарға ақылшыға, қамқор ұстаз, аса дарынды мемлекет қайраткері, әдебиетші, тарихшы, өнер зерттеушісі еді! Мен ол кісімен қайсыбір тарихи оқиғаларға, әдебиет пен өнер туындыларына партиялық тұрғыдан баға беруде жіберілген «кемшіліктер» үшін қуғын-сүргінге түсіп, қызметсіз де қалып, өмірден запы бола бастаған шағында кездестім. Бірақ ол ешқашанда қажыған, мойыған пиғыл көрсетпейтін, керісінше өмірсүйгіштігімен, еңбекқорлығымен, іскерлігімен жұртты өзіне тартып отыратын», – деп жалғастырар еді ойын. Тағы бір әңгімесінде министр болып тағайындалған Ілияс Омаров өзінің кабылдау бөлмесінде Темірбек Жүргеновтің портретін ілгізіп қойғандығын, кейін Ілекең қайтыс болғаннан соң сол Жүргеновтің портреті әлдебір натюрмортпен ауыстырылғандығын да айтушы еді. Қазақтың бойынан әлі күнге дейін арыла қоймаған, тек қызмет, дәреже, лауазым деңгейімен ғана шектелетін тасмаңдай тасырлықа таңғалатын. Бір кызығы өзі де талай-талай лауазымдарда істегенде күнде көзі көріп жүрсе де сенбейтіндей басын шайқап отыратын. Үнемі шұғыл іс үстінде жүретін еңбекқор, мазасыз жанның пенделіктің қойтарыларының қорасындағы ондай-ондайларды ұқпайтыны да рас еді. Кейін бұл әңгімесін естеліктер

кітабында тиянақтап жазды да. Жаңадан тағайындалған Ілияс Омаровтың қабылдау бөлмесіндегі Темірбек Жүргеновтің портретін көрген Қанабек Байсейітов: «Ілеке, мынаны қалай түсінуге болады?», – деп сұраса керек, сонда Ілекең: «Е, Қанеке! Менің министр, сіздің халық әртісі болып жүргеніміздің өзі осы кісінің арқасы. Темірбек Жүргеновтен кейін біздің қазақ өнеріне қосқанымыз шамалы», – депті. Кейін сол жерде ілулі тұрған натюрмортты көріп Қанекең көзіне жас алыпты.

Талай жылдар бойы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің дәстүрлі Әуезов күніне айналған (оған студент кездерде біздің толқын да атсалысты) 24 желтоқсан туралы сөз болғанда, Өзағаң ол 24-і емес, 25 желтоқсан күні өткен Мұхтар Әуезовті еске алу кеші болатын. Мұхаметжан Қаратаев 1 сағат 20 минөт баяндама жасады. Ілияс Омаров марқұм 43 минөт сөйлеп, ел тағдыры, әдебиет, тарих, ұлттық педагогика жайлы толғамдарымен жұртты таңғалдырды деген еді. Осыны еске алғанда, сол жолы Ілияс Омаровтың сөзін ұнтаспаға жазып алып қала алмағанына қатта өкінетін. «Біздің қазақтың құлқы...» деп, сұқ саусағымен шекесін шұқып қынжылатын, сол «қазақтардың» ішінде, жуан ортасында өзін де аямайтын. (Сөйтсек, кейінгі талай-талай студенттер толқыны Әуезов күні деп атап өтіп жүрген еске алу дәстүрі 1962 жылдан, сол жылы көктемде Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған Өзекендердің бастамасымен қалыптасқан екен ғой. Кейін Өзбекәлі Жәнібек ақсақалдың бастамасымен атқарылған, жүзеге асырылған талай шаралардың жемісін ел-жұрт көзімен көрді. Олар қазақ мәдениетінің тарихына енді, ұлтты рухани жағынан байытты. Ол жөнінде кейінірек айтармыз). Тек бір Ілияс Омаров қана емес, жалпы Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Серке Қожамқұлов, Мұхтар Әуезов сынды халықтың ұлы таланттарының әр кездегі сөздерінің, әртүрлі ойларының, дауыстарының ұнтаспаға, бейнежазуға тегіс түсе бермегеніне, түскендерінің толық сақталып қалмағанына, ал жазылды дегендерінің өзі белгілі бір орталықта сақтала бермейтініне, әр мекемеде немесе әркімнің қолында жүретініне күйіне түсетін. Құрманбек Жандарбеков, Күләш Байсейітова сынды тума таланттар, алып дарындар жайлы білгенін, естігендерін таңданып та, тамсанып та тауыса алмай жыр етер еді. Бірде, Күләш Байсейітованың Мәскеуде «Татьянаның әнін» науқас адамның кейпінде жастыққа жантайып жатып орындағанын, бұл әлемдегі опера өнеріндегі бұрын-соңды болмаған жаңалық екендігін тамсана әңгімелеген. Бұрын да өзінен естіген таныс хикая еді. Үнсіз тыңдай бергенге, осы ұқпай қалды-ау дегендей, сөзін доғара салып: «өзің жантайып жатып сөйлеп көрші, дауысың қалай шығатынын көрер едім» деп пысықтап та алатын. Шығыс жастарының көсемі Ғани Мұратбаев қайтыс болғанда Құрманбек Жандарбековтің оған ескерткіш орнатуға қаражат табу үшін Шымкенттегі қалалық демалыс бағында 101 ән орындамақ болғанын, жетпіс үш әннен кейін атақты әншінің дауысы жоғалып, зорығып қалғаны жайлы оқиғаны ерлікке пара-пар азаматтық, кісілік мейірім, інінің ағаға махаббат құрметінің үлгісі деп білетін.

Осы Ғани туралы, оның жерленуі, Ресейдегі бейіті туралы да Өзағаң комсомол басшылығында жүргенде арнайы айналысқан секілді. Өзінің ойға түйген тұжырымы да бар. Сол жайлы көпке жұмбақ бір сырды бөліскені есімде. Ғани Мұратбаев жайлы ойға түйгендерін айта отырып, «Бір жерде жазып қойып жүрме. Сендер – жазушылар, журналистер естігендеріңді қолма-қол жаза салатындарың бар. Ана Кенесарының басы Эрмитажда жатыр деп қайта-қайта шулатасыңдар... іздетпеген, сұратпаған жерім қалмады. Жоқ. Қайта-қайта жазасыңдар. Не Сәбең жаңылыс айта салған. Сендер де қоймайсыңдар. Күмістелген күлсалғыш дейді... сол ма, басқа ма?...» – деп,

бүкіл журналшылардың жазғандарына мен себепкердей әп-әдемі әңгіменің соңын әлем-тапырақ аударып тастаған-ды бірде. Кейін сол Ғани Мұратбаев жайлы ойларын өмірбаяндық шығармаларында да, кітаптарында да ауызға алмапты. Ішінде бүгулі кеткен көп сырдың бірі. Енді мен де оны жаза алмайтын шығармын... Ақыры Ғани Мұратбаевқа Өзекеңнің басшылығымен алпысыншы жылдардың соңында ғана ескерткіш қойылды. Дайын ескерткішті орнатудың өзі көп әуреге түсірген. Әуелі Ғани Мұратбаевтың Шымкент жеріне не қатысы бар деген желеу себеп болса керек. Кейін, Шымкентте Ленинге ескерткіш орнатылмай тұрып, Ғаниға орнату қалай болар екен деген желеумен дайын мүсін обкомның қорасында алты жыл сүрленіп жатқан да қойған. Ақыры, амалсыз көнуге тура келгенде облыс партия комитетінің бірінші хатшысы сонау Келес ауданындағы Ғани Мұратбаев кеңшарына орнатуға қосады. Оны естіген Өзағаң Келеске «келмеске кеткен» ескерткішті бір түннің ішінде қайта алдырып, Шымкенттің Орталық көшелерінің біріне орнаттырып та жібереді. Еңбек демалысынан келіп, ашылу рәсімінің үстінен тура түскен обком басшысы салтанатты түрде өз қолымен ашуға мәжбүр болады.

Өзекеңнің өміріндегі ондай қилы-қилы сәттер, қызықты күндер көп...

Адамшылық та, адалдық та талант. Кісілік мектебін қаршадайынан жетім қалып, салқын қабақ тағдырдың талқысынан тоқып-үйренген Өзағаң Аязбидің даналығынан айнымай өтті. Жасандылықсыз, боямасыз, жатырқаусыз ғұмыр кешті.

Қазақ мәдениетінің осы бір жайсаң жүректі, қанатты тұлғасымен бірге жұмыс істеудің өзі де бір ғанибет, ғибрат. Сергек, сезімтал, қажырлы, өзін де өзгені де аямайтын жанкешті, талапшыл, еңбекқор жан бәріне үлгеруге, бәрін тындырып істеуге асығатын. Үлкенге де, кішіге де, бастыққа да, бағыныштыға да түгелдей бірдей қарап, жалтақсыз жарасып, іске келгенде апырып-жапырып, біліктілікпен кірісіп кететін қасиеті оны қашанда даралап тұратын. Ол командамен бірге ойнайтын, ойнағанда да үлгі көрсетіп, ауырды, жауапкершілікті өз иығына аударып алып ойнайтын капитан еді.

Тіршілікке тік қарайтын жан еді. Қазақша айтқанда кәтепті қара нар еді. Сірә, жастайынан ұйымдастыру, басшылық жұмыстарына араласып, жастар ортасында көп жүргендіктен де шығар, осындай қасиеттер қанына сіңіп кеткен тәрізді. Жазушылар одағындағы, редакциялардағы өзімнің жайлау да жайсаң ортамнан келген маған аппараттың «тірлігі» алғашында «жұмбақтау» көрініп, жатырқап, тосырқап жүрген сәттерімді аңғарды-ау деймін, бір жұмыстың арасында: «Адамға жақын келіп сөйлесу керек», – дегені бар. «Жақын келу» деген қадаммен, метрмен мөлшерленетін ұзындық шамасы емес, әрине...

Тәжірибенің де тәжірибесі бар. Қазақ қауымының қалың ортасында қырық жылдан астам қоғамдық қайраткерлік танытқан жанның әлеуметтік тәжірибесі мүлдем басқа. Өзбекәлі Жәнібек сол ұлыстың ұлы мектебінен өткен қарапайым қара қазақтың бел баласы. Қайда қызмет атқармасын ұлт мәдениетіне, ұлттық мүддеге шапағаты тиетін істі қоса сүйреумен жүрді. Жоғарыда, Ғани Мұратбаев ескерткішін қалай орнатысқанын айтқан едік. Сол сияқты, Торғай даласындағы өнер-мәдениеттің тұтас бір кезеңі Өзағаңның атымен тікелей байланысты. Арқалықтағы облыстық өлкетану мұражайы, аты алысқа тараған өзгеше сипатты Торғай театры. Қазақстандағы фольклорлық-этнографиялық ансамбльдердің алғашқы қарлығашы іспетті «Шертер» ұлттық мәдениетте ерекше айдынды із қалдырды. Олардың соңынан осындай бірнеше өнер, мәдениет ошақтары шаңырақ көтерді. Қазір халықтық сипат алып қанатын жаза бастаған айтыс өнерін әлі де болса әлдебір ала-құлалықтарына

Өзекеңнің мақсаты – өзінің сөзімен айтсақ – «Қазақтың ел басқарған, білікті, текті ұлдарының ішіндегі ұлттық этнография, этнология ғылымына қалтықсыз көп еңбек сіңірген ардақтылардың шығармашылық сымбаттарын (портреттерін) жасау. Солар туралы зерттеу мақалалар жазып, бір кітапқа топтастыру... Анау Мұса, Сәдуақас Шормановтар... Анау Жәңгір хан., Анау Әлихан Бөкейхан... Қазақ-башқұрға ортақ Әбубәкір Диваев... Кеңес үкіметі тұсында бірі хан делініп, бірі ханның тұқымы делініп, әртүрлі себептермен ел алдындағы қызметтері бағаланбады. Қазақтың мемлекет қайраткерлерін, тарихи тұлғаларын тек саяси тұрғыдан ғана қаралумен болумен бірге ұлттық мәдениетке, білімге үлес қосып, терең із қалдырған саналы, білімді жандар. Мәселен, Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы жайлы кім біледі. Университет географиялық қоғамының құрметті мүшесі болғандығын кім біледі. Сөйтіп, тарихи ақиқатты аршып алу... ел есінде қалдыру...» еді. Маған Әбубәкір Диваев туралы жазып бересің деген. Этнограф емеспін, фольклор жағынан да өз мамандары бар дегеніме көнбеді. «Жазушы, журналистер бәрін де жазып жүреді ғой. Сөйте қалатындарыңды-ай», – деп кейі бастады. Амалсыз өзім бұрын тереңдеп бара қоймаған тақырыпқа қинала-қинала кірістім. Сондықтан ба, мақала ұзақ жазылды. 1998 жылы жарық көрген «Кісілік кітабы» атты жинағымда жарық көрген мақаламның шекесіне: «Аяулы ағамыз. Қазақ мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, марқұм Өзбекәлі Жәнібек ақсақалға арнаймын» деген арнау сөз қостым. Қолдан келгені сол болды. Осы соңғы этнографтар туралы кітапты дайындау кезінде көптеген архивтік материалдар қаралды. Санкт-Петербургтен Әлихан Бөкейханның мақалалары, тағы басқа бұрын аса кең таныла қоймаған деректер, мақалалар қарастырылды, факс арқылы алынды. Әйтсе де, жинақтың шаруасы көбейіп, кешеуілдей берді. Тапсырма берген авторлар да үздік-создық жүріп қалды. Оның арасында Өзекеңнің өзі науқастанып, шетелге барып екі-үш ай емделіп келді. Көңілін сұрай барғанда ештеңеге таңдана бермейтін Өзағаң шетелдегі дәрігерлік қызметтің кемелдігіне таңғалып, әрі «Нұрекеңе рахмет. Жағдайымды білісімен шетелге арнайы жібертіп, емдетті», – деп Елбасына ризашылығын білдіріп қойып отырды. Келгеннен кейін де, сырқат едәуір меңдесе де сол қолжазбаны қайта айналдырды. Аурухана палатасы жұмыс бөлмесі секілді қашан барсаң үстел толы қағаз қобырап жатқаны. Фотокөшірмелер, қолжазбалар. Кейбір мақалаларды әдетінше үстінен қайта редакциялап әуре. Тапжылмай отырып жұмыс істей беретін адамның әл кетіп, жазуға жете алмай қалғаны, расында, азап еді. 1990 жылы «ЭХО...» деген кітабына жазып берген қолтаңбасында: «Не нәрсені жеріне жеткізе баянды жасау керек. Қолға алған қандай істі де аяғына шығарған жөн. Барлық дүние тиянақты аяқталған, жұп-жұмыр болсын», – деген ойлары бар еді. Бұл жай ақылгөй сөз емес, өмірдегі қағидасы секілді екен-ау деген ой келеді маған.

Өзекеңнің мақсаты – өзінің сөзімен айтсақ – «Қазақтың ел басқарған, білікті, текті ұлдарының ішіндегі ұлттық этнография, этнология ғылымына қалтықсыз көп еңбек сіңірген ардақтылардың шығармашылық сымбаттарын (портреттерін) жасау. Солар туралы зерттеу мақалалар жазып, бір кітапқа топтастыру... Анау Мұса, Сәдуақас Шормановтар... Анау Жәңгір хан., Анау Әлихан Бөкейхан... Қазақ-башқұрға ортақ Әбубәкір Диваев... Кеңес үкіметі тұсында бірі хан делініп, бірі ханның тұқымы делініп, әртүрлі себептермен ел алдындағы қызметтері бағаланбады. Қазақтың мемлекет қайраткерлерін, тарихи тұлғаларын тек саяси тұрғыдан ғана қаралумен болумен бірге ұлттық мәдениетке, білімге үлес қосып, терең із қалдырған саналы, білімді жандар. Мәселен, Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы жайлы кім біледі. Университет географиялық қоғамының құрметті мүшесі болғандығын кім біледі. Сөйтіп, тарихи ақиқатты аршып алу... ел есінде қалдыру...» еді. Маған Әбубәкір Диваев туралы жазып бересің деген. Этнограф емеспін, фольклор жағынан да өз мамандары бар дегеніме көнбеді. «Жазушы, журналистер бәрін де жазып жүреді ғой. Сөйте қалатындарыңды-ай», – деп кейі бастады. Амалсыз өзім бұрын тереңдеп бара қоймаған тақырыпқа қинала-қинала кірістім. Сондықтан ба, мақала ұзақ жазылды. 1998 жылы жарық көрген «Кісілік кітабы» атты жинағымда жарық көрген мақаламның шекесіне: «Аяулы ағамыз. Қазақ мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, марқұм Өзбекәлі Жәнібек ақсақалға арнаймын» деген арнау сөз қостым. Қолдан келгені сол болды. Осы соңғы этнографтар туралы кітапты дайындау кезінде көптеген архивтік материалдар қаралды. Санкт-Петербургтен Әлихан Бөкейханның мақалалары, тағы басқа бұрын аса кең таныла қоймаған деректер, мақалалар қарастырылды, факс арқылы алынды. Әйтсе де, жинақтың шаруасы көбейіп, кешеуілдей берді. Тапсырма берген авторлар да үздік-создық жүріп қалды. Оның арасында Өзекеңнің өзі науқастанып, шетелге барып екі-үш ай емделіп келді. Көңілін сұрай барғанда ештеңеге таңдана бермейтін Өзағаң шетелдегі дәрігерлік қызметтің кемелдігіне таңғалып, әрі «Нұрекеңе рахмет. Жағдайымды білісімен шетелге арнайы жібертіп, емдетті», – деп Елбасына ризашылығын білдіріп қойып отырды. Келгеннен кейін де, сырқат едәуір меңдесе де сол қолжазбаны қайта айналдырды. Аурухана палатасы жұмыс бөлмесі секілді қашан барсаң үстел толы қағаз қобырап жатқаны. Фотокөшірмелер, қолжазбалар. Кейбір мақалаларды әдетінше үстінен қайта редакциялап әуре. Тапжылмай отырып жұмыс істей беретін адамның әл кетіп, жазуға жете алмай қалғаны, расында, азап еді. 1990 жылы «ЭХО...» деген кітабына жазып берген қолтаңбасында: «Не нәрсені жеріне жеткізе баянды жасау керек. Қолға алған қандай істі де аяғына шығарған жөн. Барлық дүние тиянақты аяқталған, жұп-жұмыр болсын», – деген ойлары бар еді. Бұл жай ақылгөй сөз емес, өмірдегі қағидасы секілді екен-ау деген ой келеді маған.

ӨЗЕКЕҢНІҢ САБАҚТАРЫ

Өзбекәлі Жәнібеков десе біздің көңілде мәдениет, білім және зиялылық сияқты үш ұғым тұрады. Өзбекәлі Жәнібеков аз ғұмырында тағылымы мол көп іс тындырды. Ө.Жәнібеков есімін мен үш жақты еске аламын.

Біраз жыл бұрын Алматыда Фрунзе аудандық комсомол комитетінің II хатшысы болып қызмет атқардым. Ө.Жәнібеков те сол жылдары комсомол саласында жұмыс істеді. Ол кезде комсомол ұйымы жоғарғы үкімет органдарының жастар ісіне қатысты саясатын тікелей іске асыратын бірден-бір атқарушы мекеме еді. Жұмыс бабында біз талай ұшырастық. Комсомол бізге отаншылдықты, келешекке деген сенімді қалыптастырды. Жастыққа тән іскерлік қарымды мезгіл талабынан шығуды біз Өзбекәлі Жәнібековтен үйрендік.

1976–1983 жылдар аралығында республика бойынша жасөспірімдер кітапханаларын құру, жастар тәрбиесін кітапханаларда жүргізу ісі жақсы қарқын алды. Алматыда тұңғыш жасөспірімдер кітапханасын құру туралы қаулы шығып, оның директорлығына тағайындалған менің алғашқы кезде кітапхананың материалдық базасын жасау үшін күн-түн демей еңбектенуіме тура келді. Бұл уақытпен санаспайтын, балалар үшін барлық күш-жігерді жанып, жоқтан бар жасаған мезгіл болатын. Ө.Жәнібеков осы тұста мәдениет министрінің орынбасары міндетін атқарды.

Жаңа аяғынан тұрған жасөспірімдер кітапханасының, әрине, мүң-мұқтажы көп. Соның бірі – кәдімгі линолеум. Соны сұрап, алдына барғанда маған: «Шырағым, бала тәрбиесі бәріне қатысты. Олардың эстетикалық, этикалық қалыптаспаған көзқарастарына, тіпті, еденге төселетін төсенішке дейін әжептеуір ықпалын тигізеді. Сондықтан, линолеум емес мен Сізге паркет алып беремін», – деп Мемлекеттік жабдықтау комитетіне бірге барып, 1000 шаршы метрлік паркет алып берді. Адам көңілі қанағаттануы үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. Азаматтың кісілігі, ірілігі бір ісінен білінеді. Мен сол кезде Өзағаңның бұл жақсылығына біржақты қарасам, қазір ұлы ұстаз өмірлік сабақ беріп кеткендей, ойша оралып отырамын. Өткен күнде белгі бары – рас.

Өзбекәлі Жәнібеков өмірдің мәні мен сәнін еңбек пен бейнеттен іздеген нақты іс-әрекеттің адамы еді. Еңбек жолын Оңтүстік Қазақстанның алыс ауданында мұғалім болудан бастап, үлкен өмір мектебінен өтті. Әдетте, ондай қызметтің адамдары көбіне маусымды-науқанды істердің басы қасында жүретін де, оны тезірек бітіріп тастау үшін жанталасатын. Біздің Өзекең де белсенді болды, бірақ оның белсенділігі оқу-білімге, тынымсыз ізденіске негізделген ойлы белсенділік болатын. Ол қайда жүрсе де, қандай қызмет атқарса да қазақ мәдениетінің түбірлі мәселелеріне айрықша көңіл бөлді. Біздің ақылды, білімді зиялыларымыз сонау жиырмасыншы жылдарда іргесін салған Қазақстандағы зерттеу қоғамынан мирас болып қалып, кейінгі қуғын-сүргін жылдарында жоғалып кеткен, елтану, мұратану, өнертану сияқты өзекті мәселелерді қайта жандандыру ісіне ден қойған саналы әзиздер қатарынан әрқашанда Өзекеңді көруге болар еді. Өзбекәлі Жәнібековпен жиірек жүздескен сәттеріміз оның зейнеткерлікке шыққан кезеңімен тұстас болды. Өмірінің соңғы кезіне дейін қолынан қаламы түспеген творчестволық тұлға Қазақстан Республикасының

Ұлттық кітапханасымен тығыз байланыс ұстады. Бұған себеп, біріншіден, оның қызметтен босап, шығармашылығына ден қояр шақ туғандығынан болса, екіншіден, өмірі ғылыми зерттеулер мен ізденістен тұратын жанының көңіліне демеу, рухына жұбаныш іздегені деп түсінеміз. Сөз реті келгенде, оның соңғы жылдары қаламынан туған «1916 жыл», «Қазақы киімінің қадірін кетіrmесек...», «Тарих өткелдерінің ізімен» және т.б. еңбектері Ұлттық кітапхана қорындағы тарихи-танымдық құжаттар негізінде жазылды. Ол емхананың палатасында жатып та кітап жазды. Бұл ретте де, Ұлттық кітапхана қорынан өзіне қажетті мәліметтерді міндетті түрде іздестіріп таппай, көңілі тыныштамайтын. «Мен зейнеткермін, аз ғұмырымда көп іс тындырдым, енді қалғаны маған қатысты емес» деген бейтараптылық, бойкүйезділіктен ада болу да біліктілік, зиялылық – Өзаға соңғы демі біткенше өмір деген ізденістен, еңбектен тұратындығын оқытып кетті. Шын асылдың кейінге қалдырған дәрісі-тұғын.

Оның кітапханаға әрбір келісі – шын мәніндегі білім мерекесі болатын. Халықтық тарих, мәдениет, өнер тақырыбына ол айтқан әңгімелерден сон, өзіңде туған ұлтқа деген шынайы мақтаныш сезімі пайда болар еді. Ұлттық кітапхана Өзағанның ғылыми-зерттеу жұмыстарына аса көп көмек көрсетті. Тіпті, сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі тарихи тұлға Ақсақ Темірдің мақтау қағазының көшірмесін ескерткіш ретінде сыйға да тартты. Мұның барлығы – ең бірінші кезекте, Өзбекәлі Жәнібековке емес, сол кісі зерттеп жүрген тақырыпқа, сол кісі тұлғасындағы ұлттық мәдениетке деген құрмет, марапат болатын. Өзбекәлі Жәнібеков – ел тарихынан ерекше орын алатын мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, қазақ мәдениетінің білімпазы. Өзбекәлі Жәнібеков ара-тұра бас қосқанда бұрынғы мәдениет министрі Ілияс Омаров туралы жиі әңгімелейтін. Бұл тұлғаның жұмыс істеу әдістеріне, білім тереңдігіне, дүниетанымдық көзқарасына бас иетіндігін мойындап, ауызынан тастамай, үнемі құрмет тұтып отыратын. Оның өзінің есімі де бұл күні сондай адамдармен қатар тұруы заңды. Халқы үшін қызмет еткен азаматтың бейнесі халық жадында қалары сөзсіз.

*Серікбай АЛПЫСҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

ӨЛКЕНІ ӨРГЕ СҮЙРЕГЕН ӨЗЕКЕҢ ЕДІ...

(Мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым
Өзбекәлі Жәнібеков туралы ой-толғаныс)

«Жәнібековты жүрегімнен жұлып алып беріп тұрмын...»

1970 жылдардың желтоқсаны болуға тиіс, жаңадан құрылған Торғай облысының партия конференциясы өтіп жатты.

Президиумда – Дінмұхамед Қонаев ағамыз. Ол қысқаша сөз сөйлеп, жаңадан құрылған облыстың мән-жайына шолу жасап, облыс басшыларын таныстырды.

Бірінші хатшы – Сақан Құсайынов, облатком төрағасы, – Юрий Трофимов, екінші хатшы – Голубенко, ал үшінші хатшы – атақты комсомол жетекшісі Өзбекәлі Жәнібеков. Өзекең іскер мемлекет қайраткері ретінде республикаға аты ерте

1967 жылға дейін Арқалық ауданын Социалистік Еңбек Ері Оразалы Қозыбаев басқарды. Ол Қостанай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып кеткенінде, орнына осы Голубенко келген, бұл кісі келе сала ауданды «онколандырды». Әлі есімде: қалатком төрағасы – Марченко еді, аудандық комсомол комитетінің хатшысы – Харченко, ПМК бастығы – Савченко, оқу бөлімі – Петриченко, міне, осылай жалғаса береді.

Менің бажам Нәби Назарова аудандық бір мекеменін басшысы еді, құрдастарының «фамилияңды Назаренко қылып өзгертіп ал, әйтпесе құрисиың» дегеніне құлақ аспай, қызметінен «ұшып» кетті. Ауданды ұлттық кадрден «тазалаумен» аты шыққан Голубенконы Өзекең осылайша сабасына түсірді.

«Беталды бақылдай берме»

Әлеуметтік дамуы алға кеткен аймақтардың адамдарына күлкі көрінсе де айтайын, облыс ашылғанға дейін торғайлықтар теледидар дегенді білмейтін. Телехабарлар көре бастаған кездегі қуанышты, «партияға деген алғысты» сөзбен айтып жеткізу қиын. Бәлкім, ол бүтіндей Өзекеңнің үлесіндегі жетістік емес болар, бірақ бұл істен ол кісінің оқшау қалмағаны анық. Ал, оның есесіне, Торғайдың музыкалық драма театрын Өзекеңнің тікелей перзенті десек қателеспейміз.

Ол кезде жаңадан құрылған Торғай түгілі Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Орал сияқты ежелгі қуатты облыстардың өзінде қазақ театры жоқ еді. Демек, Мәскеу мен Алматыны мұндай қадамға көндіру Өзекеңдей мықтының ғана қолынан келеді.

Әрине, мәселенің қиындығы тек театр ашуға келісім алумен ғана шектелмейтін. Әуелі кадр мәселесін шешу керек. Қалыптасқан іргелі театрлардан жылы орнын суытып ешкім де аудандық деңгейдегі, сары саз бен қызыл балшықтың үстіне салынған «жабайы қалашыққа келе қоймайды. Ендеше басқа жол қарастырған жөн. Таңдау Мәскеудегі Щепкин атындағы жоғары театр училищесін бітіргелі жатқан бір топ жасқа түсті. Ең кемі Қарағанды, Шымкент қалаларына, әйтпесе астананың өзіне баруды көздеп жүрген іргелі оқу орнының шәкірттері айдаладағы Арқалықты қайдан менсіне қойсын: ү-шу наразылық, жылап-сықтау, сылтау іздеп бармай қалу. Әйтеуір осы әртістердің тоқсан тарау бейнетін Өзекеңнің көргені анық. Кейде репетиция кезінде ішіп, қаңғып кеткен әртістерді Өзекең өзі машинасымен қуып жүріп жинап әкелген кездері болды дегенді талай естідік.

Сөйтіп, театр құрылып, оның сахнасы «Айман-Шолпанмен» ашылды. Бірден осындай ірі дүниеге қол созудың өзі де оңай емес. Театрдың алғашқы режиссері Жамбылбек Есенбеков Өзекеңнің өнердегі өресі туралы да тамсана әңгімелейді.

«Айман-Шолпаннан» кейін «Қобыландыға» дайындық дамылсыз қауырт жүріп жатқан кез, – дейді Жамбылбек. Бірде кешкі дайындық кезінде, әріптестермен бақ-шақ ұрсысып, даурығып жүргем. Бір сәт бос тұрған көрермендер залының бір бұрышында отырған қазақы шапанды біреуге көзім түсіп кетті. Репетиция аяқтала бергенде әлгі кісі маған қарай беттеді. Сөйтсем – Өзекең! Ұялып қалдым.

– Кешіріңіз, Өзеке, мына бар болғырларды кейде сыбап алмасаң айтқаныңа көне қоймайды, – деп ақталып жатырмын.

– Оқасы жоқ, – деді Өзекең оны елемегендей. – Бірақ беталды бақылдай берме, – деп күлді. Сөйтті де:

– Осы сенің Қобыландыңда бір кемістік бар-ау? – деді.

Мен ойланып қалдым. Өзекең кешкілік осылай үйдегі киімімен театрға келіп, елеусіз ғана, сырттай бүкіл дайындық жұмысын бақылап отырады екен.

1967 жылға дейін Арқалық ауданын Социалистік Еңбек Ері Оразалы Қозыбаев басқарды. Ол Қостанай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып кеткенінде, орнына осы Голубенко келген, бұл кісі келе сала ауданды «онколандырды». Әлі есімде: қалатком төрағасы – Марченко еді, аудандық комсомол комитетінің хатшысы – Харченко, ПМК бастығы – Савченко, оқу бөлімі – Петриченко, міне, осылай жалғаса береді.

Менің бажам Нәби Назаров аудандық бір мекеменін басшысы еді, құрдастарының «фамилияңды Назаренко қылып өзгертіп ал, әйтпесе құрисың» дегеніне құлақ аспай, қызметінен «ұшып» кетті. Ауданды ұлттық кадрден «тазалаумен» аты шыққан Голубенконы Өзекең осылайша сабасына түсірді.

«Беталды бақылдай берме»

Әлеуметтік дамуы алға кеткен аймақтардың адамдарына күлкі көрінсе де айтайын, облыс ашылғанға дейін торғайлықтар теледидар дегенді білмейтін. Телехабарлар көре бастаған кездегі қуанышты, «партияға деген алғысты» сөзбен айтып жеткізу қиын. Бәлкім, ол бүтіндей Өзекеңнің үлесіндегі жетістік емес болар, бірақ бұл істен ол кісінің оқшау қалмағаны анық. Ал, оның есесіне, Торғайдың музыкалық драма театрын Өзекеңнің тікелей перзенті десек қателеспейміз.

Ол кезде жаңадан құрылған Торғай түгілі Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Орал сияқты ежелгі қуатты облыстардың өзінде қазақ театры жоқ еді. Демек, Мәскеу мен Алматыны мұндай қадамға көндіру Өзекеңдей мықтының ғана қолынан келеді.

Әрине, мәселенің қиындығы тек театр ашуға келісім алумен ғана шектелмейтін. Әуелі кадр мәселесін шешу керек. Қалыптасқан іргелі театрлардан жылы орнын суытып ешкім де аудандық деңгейдегі, сары саз бен қызыл балшықтың үстіне салынған «жабайы қалашыққа келе қоймайды. Ендеше басқа жол қарастырған жөн. Таңдау Мәскеудегі Щепкин атындағы жоғары театр училищесін бітіргелі жатқан бір топ жасқа түсті. Ең кемі Қарағанды, Шымкент қалаларына, әйтпесе астананың өзіне баруды көздеп жүрген іргелі оқу орнының шәкірттері айдаладағы Арқалықты қайдан менсіне қойсын: у-шу наразылық, жылап-сықтау, сылтау іздеп бармай қалу. Әйтеуір осы әртістердің тоқсан тарау бейнетін Өзекеңнің көргені анық. Кейде репетиция кезінде ішіп, қаңғып кеткен әртістерді Өзекең өзі машинасымен қуып жүріп жинап әкелген кездері болды дегенді талай естідік.

Сөйтіп, театр құрылып, оның сахнасы «Айман-Шолпанмен» ашылды. Бірден осындай ірі дүниеге қол созудың өзі де оңай емес. Театрдың алғашқы режиссері Жамбылбек Есенбеков Өзекеңнің өнердегі өресі туралы да тамсана әңгімелейді.

«Айман-Шолпаннан» кейін «Қобыландыға» дайындық дамылсыз қауырт жүріп жатқан кез, – дейді Жамбылбек. Бірде кешкі дайындық кезінде, әріптестермен бақ-шақ ұрсысып, даурығып жүргем. Бір сәт бос тұрған көрермендер залының бір бұрышында отырған қазақы шапанды біреуге көзім түсіп кетті. Репитиция аяқтала бергенде әлгі кісі маған қарай беттеді. Сөйтсем – Өзекең! Ұялып қалдым.

– Кешіріңіз, Өзеке, мына бар болғырларды кейде сыбап алмасаң айтқаныңа көне қоймайды, – деп ақталып жатырмын.

– Оқасы жоқ, – деді Өзекең оны елемегендей. – Бірақ беталды бақылдай берме, – деп күлді. Сөйтті де:

– Осы сенің Қобыландыңда бір кемістік бар-ау? – деді.

Мен ойланып қалдым. Өзекең кешкілік осылай үйдегі киімімен театрға келіп, елеусіз ғана, сырттай бүкіл дайындық жұмысын бақылап отырады екен.

Қобыландыдан қандай кемістік тапқанын біле алмай, қиналып жүрдім. Ақыры «Қобыландының рөліндегі Қайыпберген – батыр тұлғалы ірі жігіт. Алайда көзге қораштау көрінеді. Егер оған құлын терісінен тігілген жеңсіз қамзол кигізсе ше?» деген ойымды айтып едім, Өзекең әдеттегі сабырлы қалпымен сәл ойланып тұрды да:

– Ия, мен де солай болса қайтер еді деген ойда жүр едім, – деді.

Қыстың күні болатын, табан астында иленген құлын терісі қайдан табылмақ! Осыған тірелгенімде тұтығып, аузыма сөз түспей, көзімді жыпылықтатып, бетіне қарай беріп едім, Өзекең менің халімді түсінгендей сыпайы жымыяп:

– Оны енді мен өз мойныма алайын, тері табылады, – деді.

Теріні Торғайдан алдырып, театрдың подвалында илеп, жеделдетіп, желең тіктірдік. Құлан терісінен тігілген камзолды киіп сахнаға шыға келген Қайыпбергеннің батыр тұлғасы ғажайып әсерге бөледі.

Қамшы неше өрім?

– Жалпы, Өзекеңнің мәдениет, әдебиет, тарих мәселелеріне тереңдігі арнаулы жоғары біліміміз бар деп кеудемізге нан пісіп жүрген біздерді таң-тамаша қалдыратын, – деп жалғастырды сөзін Жамбылбек. – Әсіресе тарихи тақырыптағы қойылымдарда сол заманның киім үлгісі, бұйымдары және басқалары өз уақытына сәйкесіп тұруы керек. Сәл ғана, болмашы қателік, жасандылықтан қойылымның құны кетеді. «Айман-Шолпан», «Қобыланды» сияқты қойылымдарда Өзекеңнің бізге тигізген пайдасы ұшан-теңіз. «Айман-Шолпанда» жігіттердің біразына қамшы ұстатып қойғам. Өзім бертініректе социалистік ауылдардағы малшылардан көрген кәдімгі төрт таспалы қамшы. Бір күнгі дайындық үстінде Өзекең менен:

– Қамшы неше өрім болады? – деп сұрады.

Мен білмейтінімді айттым. Ол маған ұрысқан жоқ, қамшы тарихын түсіндірді. Сөйтсем, қамшы төрт, алты, сегіз, он екі, он алты таспалы болады екен және оларды әркім өз шама-шарқына қарай, яғни өз ортасындағы әлеуметтік орнына қарай ұстайды екен. Он екі, он алты таспалы дойыр қамшымен қарулы кісілер қасқыр да соғады екен. Ұшына қорғасын құйылған дойыр қамшыдан төбелес кезінде кісі де жазым болатын көрінеді. «Айман-Шолпан» – Торғай театрының негізін қалаған щепкиндік өрендердің тұсау кесер тұңғышы. Торғайлық көрермендер үшін де солай. Сондықтан бұл қойылымға ерекше маңыз беріліп, зор жауапкершілік жүктелді. Театр шымылдығының тұңғыш ашылуына Алматыдан, Мәскеуден өнер қайраткерлері, Щепкин атындағы училищенің ұстаздары шақырылған.

Тоқсан тоғыз жоқ-жітікті түгендей келгенде киімнен қиындық туды. Уақыт болса тақап қалған. Сонда Өзекең театр директоры Сайын Дарбасов екеумізді Тяжельниковке хат жазып беріп Мәскеуге жіберді. Өзекеңнің хатын оқыған ВЛКСМ басшысы балаша мәз-мейрам болып:

– О, Өзекең айтса орындаймыз, – деп дереу «Госцирк» шеберханасының директорына телефон шалып:

– Торғай театрының өкілдері қазір сізге барады, бүкіл заказдарын тез арада бұлжытпай орындаңыздар, бұрынғы тығыз шаруалардың бәрі кейінге қалсын, – деп шұғыл да қатаң тапсырма берді.

Бұл шеберхана бүкіл одақ бойынша жұмыс істейтін, заказ қабылдауы өте қиын кәсіпорын болатын. Өзекең сөзінің өтімділігі, жоғары беделі осындай қиын жердің

де есігін біз үшін айқара ашып, жүзден астам әшекейлі, сән-салтанатты қымбат киімдерді аз уақыттын ішінде тіктірді де берді. Ол киімдер күні бүгінге дейін Жезқазғанға көшкен театр қоймасында болуға тиіс.

Бұл оқиғаны айтып отырғаным, сол кездегі Торғай облысын басқарған білікті азаматтардың беделін төмендеткендік емес, осындай жұмыс Өзекеңнен басқаның қолынан келмес те еді. Жамбылбек сөзінің жаны бар, шындығында Өзекең болмағанда Торғайда театр да, пединститут та ашылмас еді, көптеген әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық проблемалар Антарктида мұздары сияқты мызғымаған күйі қалып, облыс жабылып, қала жетімсіреп қалған бүгінгі күнге жалғасар еді.

Өлкетану музейін өзі жасатты

Мен Өзекеңді мақтағанда қоғамның қуанышын емес, қасіретін де айтқалы отырмын. Билік, лауазым деген ұғымдар жүрген жерде адалдық, ізгілік, адамгершілік сияқты жақсылықтарға орын тие бермейтініне таңданып, қайғырамыз. Әйтпесе, Өзекең сияқты мемлекеттік деңгейде ойлап, жұмыс істей алатын қабілетті адам шеттетілмес еді ғой. Басқаны былай қойғанда, тек қана Өзекеңді елемеуден республикамыздың дамуы қаншама жылдарға тоқырағанын айту қиын.

Тағы да Торғайға оралайық. Колбиндік тұрпайы ойлау машығы кезінде бұл облыс Қонаевтың жекжаттарына қызмет үлестіру үшін ашылды деген де өресіз өсек өршіді. Тіпті, өз ағайындарымыздың өзі Торғайды тітіркене айтуды сән көре бастады. Осындай облыс ашудың қажеті бар ма еді дегенге дейін барды және өз шамалауымызша, осы ойды Колбиннің миына құйған да сондайлар болса керек. Әлбетте, Торғай жерін бір рет аралап, халықтың хал-жағдайын көрген адам ғана мұндай облыс керек пе, жоқ па деген сұаққа қиналмай-ақ жауап берер еді. Торғай Ақаң мен Жақаң ақталмай тұрғанда, атақты Амангелдінің, Әлібидің немесе Нұрхан ақынның, Сырбай мен Ғафудың беделі үшін облыс болған жоқ, осынау қамқорлықтан тыс қалған байтақ жердің мыңдаған бейбақ халқының қамы үшін ашылды. Торғай облысының Ақмоладан бөлінген, теміржол мен асфальт жол бойындағы Есіл, Жақсы, Державин, Жаңадал аудандарының халқы Жангелдин, Аманкелді аудандарының тұрғындары көрген көп бейнеттің бірін де білмейді, бірін де түсінбейді. Өзекең Торғайда хатшы болған кезінде Аманкелді, Жангелдин аудандары малшы-шопандарының жағдайына баса көңіл бөлді. Олардың мәселесі облыстық партия комитетінің әр бюросы, әр пленумы сайын талқыланып отырды. Пленум материалдарын дайындау үшін Жанкелдин ауданына жіберілген бригадаға менің де қатысқаным бар.

Біріншісінде «Ақкөл» совхозына бөліндім. Аудан облыс орталығынан 300 шақырым, ал аталған совхоз Торғайдан 100 шақырымнан астам. Тас жол түгілі көтерме жол да жоқ. Ал совхоздың «Қарақұм» бөлімшесі Ақкөлден 90 шақырым екен. Оған жете алмайтын болғандықтан, ең жақын бөлімшені сұрағанымда, 60 шақырымдағы Жалғызкөлді (жер атын ұмытыңқыраппын, бәлкім Жекекөл болуы да мүмкін) атады. Ахмет Байтұрсыновтай ардақтымыздың Ақкөлін сонда көрдім. Қоңыр күздің кезі. Өңкей көкпекті, күлгін топырақты боз даланың шоқалақ жолымен мимырттап зорға жүріп келеміз. Анадайдан жолақ-жолақ түп-түзу шаң ізі көрінеді. Жосып бара жатқан киіктер дейді. Бір уақыт осынау көңілсіз бетпақ дала көркі кенет өзгеріп, алдымыздан Ақкөл шыға келді. Ғажайып көл-көсір бір дария. Шулаған құстар дауысынан құлақ тұнады. Аппақ айдынның әр тұсындағы қарауытқан аралдар тұнжыраған орман сияқты. Бұдан әрі табиғат көркі түзеліп жүре

берді. Әрине, тау, тоғай деген жоқ, тақтайдай тегіс дала, бірақ жағалай көк майса шөп, белуардан келер бидайық. Бөлімше орталығы тап-тұйнақтай екен. Қазақы жатаған үйлердің өзін ақтап, көз тартарлықтай етіп қойыпты. Өзекеңнің тапсырмасы – малшы-шопандардың жағдайын білу: азық-түліктері, киім-кешегі бар ма, кино көре ме және тағы басқалар. Бәрі де бар. Тек қатынас жоқ, үлкен өмірден үзіліп қалған. Мына жерге қыс күндері қалай келуге болатынын білмедім.

Бөлімше басқарушысы тура сөзге көшті.

– Бізге сіздің кім екеніңіздің онша қажеті жоқ. Обкомнан немесе ЦК-дан келдіңіз бе, бәрібір. Біз үшін ең маңыздысы – ауылымызға қонақ келді және биылдыққа келген бірінші қонақ. Біз бүкіл ауыл жігіттері болып сол қонақ құрметіне жиналамыз, кеңіл көтереміз, – деді.

Біз асығыс екенімізді айтып, жалынғандай болып рұқсат сұрап, сыртқа шыға берсек, дәл табалдырықта мал сойылып жатыр.

– Қазақсыздар ғой, аттап өтемін десеңіздер, өздеріңіз біліңіздер, – деді бөлімше бастығы. Амалсыз кейін қайттық.

– Несін жасырамыз, – деді үй иесі біздер жүрмейтін болып, жайғасқан соң, – тұрмысымыз жаман емес, малымыз бар. Оны анау орталыққа жақын жерлердегідей ешкім хаттап-шоттап, санап жатқан жоқ, шамамыз жеткенше өсіріп жатырмыз. Ақшамыз да бар. Өйткені, оны жұмсайтын жеріміз жоқ. Нансаңыздар, мына тұрған совхоз орталығына жылына бір бармайтын жігіттер де бар. Ал, аудан, облыс, астана туралы әңгіме жоқ. Жұмыстан қол босамайды.

Міне, Торғайдағы халық жайының бір көрінісі осы. Ал «Қарақұм» бөлімшесімен қыс күндері қатынас мүлде тоқтайды екен. Ар жағы – Ақтөбе облысы. Қыс қарсаңында жазға дейін жетерлік азық-түлік тасылып алынатын көрінеді. Егер төтенше жағдай бола қалса, төбелерінен ұшақпен тасталынатын көрінеді.

Қатынасты қояйықшы, қиналса жөні болар, ең қиыны – халықтың мұңы басшылардың құлағына жетпейтіні. Мұнда жоғарыға жолданған арыз «жоғалып» кетеді немесе жергілікті басшыларға қайтып келеді екен. Бір сөзбен айтқанда, әділет табу өте қиын. Ауырып-сырқағандарға да ауыр-ақ. Қазіргідей қыспақ кезеңде Торғай облысы тағы жабылып қалып, халықтың басына ауыртпалық еселеп артқаны анық.

Өзбекәлі ағаның Торғайдың өлкетану музейін өз қолынан ұйымдастырғанын бәріміз де жақсы білеміз. Бұрынғы аудандық партия комитетінің хрущевтік үлгідегі жып-жылмағай, сұрықсыз үш қабатты үйін сылап-сипап дегендей музейге айналдыра салумен қанағаттанбақшы болғандарға Өзекең ойламаған жерден «жұмыс» тауып береді. Музей үйінің сыртқы кіре беріс есігін «орысшадан» «қазақшалап», шығыс үлгісіндегідей күмбезді ғып, әрі биік, қапсырмалы, ою-әшекейлі етіп еменнен жасатуға бұйырады. Бұған қоса үйдің кіре беріс қабырғасын тұтастай қазақы өрнекпен қаптатуды тапсырады.

Өзекеңнің осындай «беймазалығының» жемісін кейін көрдік. Музей шын мәнінде ұлттық мазмұнға ие болып, анадайдан көз тартып тұрады және шынын айтсақ, қазақ елі екенімізді көрсететін қалада басқа орын да шамалы.

Өзекеңнің өзге «өнерлері» де жеткілікті. Сол жылдарда мен «Білім» қоғамының облыстық ұйымында референт болып істедім. Бастығым – Ділдабек Қорғанбеков марқұм журналист еді, бұл жұмысқа кездейсоқ келсе керек, әрі орысшасы ортадан төмен-тін. Менің де оңып тұрғаным шамалы. Салалық облыстық конференциямыз өтпекші. Есепті баянды машинкаға басқанда 40 бет болуға тиіс, әбден қара терге түстік.

Ойдан құрап жатқан ештеңеміз жоқ, бәрі де әр жерден ұрлап-жырлаған «қазыналық» сөз. Облыстық партия комитетіндегі лекторлар тобының жетекшісі Андрей Карлович Ренде деген жас жігіт, өте сауатты адам, баяндамамыздың қолжазбасын қайта-қайта түзетіп, есті шығарды. Үшінші рет жазып, бастырылған баяндаманың екінші бетінің соңындағы екі жол сөйлемді отыз тоғызыншы беттегі бір сөздерге апарып қосты. Мен Ренденің осынша пысықтығына қоса, әдеби-лингвистикалық қабілетіне таңырқап, әрі қызығып қалдым. Ия, шындығында сол сөйлем өз мағынасы жағынан өте алшақтағы отыз тоғызыншы беттегі бір сөйлемнің «туысы» екен. Алайда, бүкіл баяндамадағы сөздердің қиюласуын осылайша байқап, есте ұстау – нағыз сауаттылықтың белгісі.

Алайда мұндай болмашы олқылық, бәлкім тіпті байқала қоймайтын кемістік үшін баяндаманы бұзғанына сәл қынжылғанмызда, Ренде:

– Ойбай, ертең Өзекеңнің алдында өлер жайым жоқ, ол кісі иненің жасуындай кемістігіңді қалт жібермей, көріп қалады. Менің де өмірім баяндама жазумен өтіп келеді, бірақ дәл Өзекеңдей логикасы темірдей кісіні көргенім жоқ. Обкомдағы ең жазғыш деген жігіттердің өзі Өзекеңнен тайсақтап тұрады, – деді.

Үш-төрт жылда облысты өрге сүйреп Өзекең астанаға қайыра кетті.

Өзекең жүрген жер тынымсыз да түпсіз терең творчестволық жұмыс болатын. Көргенінен жазбайтын көрсоқырлық қырсықтан халықты, қоғамды құтқаратын осындай адамдар еді. Алайда құлап қалғалы тұрған «кемелденген» қоғам ондайларды сыйғызбады, қор етті. Сол арқылы озық ойды, өрелі бастамаларды, жаңашыл адамдарды бөгей берді. Шын талант, кесек ақыл, таза жүрек өзіне жол таппаған жерде пысықайлардың күні туады. Біздің ұлттық дамуымыздағы кенжеліктің басты себептерінің бірі де осында. Жоғары білімді адамдарымыз ендігі жерде қуыскеуде мансапқорлықтан аулақ болса екен деп тілейміз.

Өзіміздің Өзекеңдеріміз көп болғанда ғана Барысқа айналарымыз күмәнсіз. Оларды әңгімелеп, мақтаудағы мақсат – табыну емес, ақылдыларымызды тану, солардың өрелі істерінен сабақ алу. Өсетін елдің ұрпағы сөйтсе керек.

Хадиша ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

АЯУЛЫ, СЫРЛЫ ЖЫЛДАР-АЙ...

1961 жылы жоғары оқу орнын бітіріп, өз мамандығым бойынша ең алғашқы еңбек жолымды Алматы темір жол техникумынан бастадым да, келесі жылы Алматы қыздар педагогтік институтына конкурс арқылы, физика кафедрасына ассистент болып орналастым. Техникумда істеген жылы алған пәтерім Өзбекәлі Жәнібеков үйіне қарама-қарсы екен. Курстас құрбым Ғалия – Өзекеңнің жұбайының туған ағасының қызы еді. Сол арқылы Қалихан жеңгемізбен танысып, Өзекеңнің отбасымен жиі араласып тұрдым.

Өзекең жұмыстан қолы сәл босаса-ақ болды біздерді (үшеуімізді) киноға шақырады. Ал Қалихан жеңгеміз Ғалия екеуімізді туған сіңлісіндей көретін.

Өмір деген қызық-ау. Алғаш танысқанда емшектегі бүлдіршін Бауыржанды кейін күйеу балам болар деп кім ойлаған. Бір күні медицина институтының 2-курсында оқитын қызым Гаухар Бауыржанға тұрмысқа шығатынын айтып, таяу күндері

құдалардың алдыдан өтуге келетінінен хабардар етті. Гаухар тұла бойы тұңғышым болған соң әуелі қиыңқырамай «оқуыңды бітірсейші» деп ыңғай бермедім. Бірақ артынан сабама түстім де ризашылық еттім. Өзекең бастаған бір топ – Мұхтар Әлиев, Өмірзақ Айтбаев сынды қадірменді адамдар сау ете қалды. Көңіл-күйді көрсетпеуге тырысып, құдаларды қарсы алдық. Әйел байғұс толғанысын қанша білдірмейін десе де, түпкі дүмпуін айғақтап жататын су бетіндей, ішкі құбылысын жүзінен сездірмей тұра алмаса керек. Әйтеуір, Мұхтар Әлиев: «Мен қызымды ұзатқанда бірге ұзатылатын шығармын», – деп қалды. Сонда Өзекең мен Өмекең: «Сіз басу айтар деп отырсақ, қосылып жылағалы отырсыз ғой», – деп күлгендері дәл сол күнгідей әлі есімде. Жат-жұрттыққа жаралған қызыңның өз теңін тауып, ұясына қонғаны, әрине, қуаныш. Бірақ, бауыр етің балаңның өзіңнен бөлініп кетерін сезгенде жүрегің уылжып, үзіліп кетердей хал кешеді екенсің.

Сонымен құдалар болашақ келіндеріне сырға салу, білезік тағу сияқты жөн-жоралғыларын жасап тарқасты.

Бұл 1985 жылдың қаңтар айының 22-сі еді.

Ал мамырдың 3-інде біз қызымызды ұзатып, Өзекеңдер келесі күні үйлендіру тойын жасады. Бұның бәрін тізбелеп отырған себебім – Өзекең: «Балам көңілімізден шығатын қызға үйленсе, қалыңдықтың сәукелесін өз қолыммен тігер едім» деп армандайды екен де, сол күнге арнап, шет елге шыққан сайын небір асыл тастарды әкеліп, ешкімге ұстатпай тығып тастайтын болған.

Гаухардың басына кигізген қасаба-сәукеле Өзекеңнің сол арманының орындалғанының белгісі. Ол оның әр маржанын, әр каралы мен бирюзасын өз қолымен қадап, қас шебердей тер төккен еді.

Ал Гаухар үкілі қасаба – сәукелені киіп, иіліп сәлем бергенде, Өзекеңнің аппақ тістері жарқырып, шаттанған нұрлы жүзін айтсайшы! Көңілдің тасуы деп осындайды айтар! Бұдан түйгенім – келіні бір қуаныш болса, ұлттық өнердің құдіретін өз қолымен жаңғыртқанынан масаттанғаны шығар. Тойда құдалар жағынан (қыз жағынан) Өзекеңнің би билеп, ән салуын өтінген еді. Ол музыканттардан өзіне қажет халық әуенін сұраған, олар көңілдегісін таппады. Сол сәтте нұр шашқан жүз тұнжырап шыға келді. Шамасы – өзі жазып жүрген би өнерінің әлденелерін орындағысы келсе керек. Бірақ бойын ілезде жиып алды да, қоңыр, жағымды дауысымен халықтың әсем әндерін орындап, тыңдаушыларын кәдімгі белгілі әншілердей ұйытты. Кейін сыйлы жекжаттар жиналған дастарқан басының бірінде: «Хадиша, осы сенің «Қыз Жібектің» рөлін ойнамағаныңды кешпеймін», дегені. Мен күліп: «Өзеке, әртіс адам өнерінің құлы болып кетуі де ғажап емес. Егер мен сол қасиетті жолды күйттеуде күйеуден айырылып, қызым жетім қалған болса, сіз Гаухарға құда түсер ме едіңіз?» – дедім.

Ол кідірместен: «Түсер едім», – деді де, ал құдағи: «О, не дегенің? Ешқашан келіспес едім», – деді. Отырғандар ду күліп, қызымның бүгінгі бақытты күніне себепші болғаныма ризашылық білдіріп жатты.

Сонда: «Адамның тағдыры Алланың қолында. Сөйтсе де оның қалай бұрыларына себепкердің бірі өзіміз екенбіз-ау», – деп ойладым.

Айтып отырған жәйт былай еді:

Бір күні Әлкей Марғұлан қызы Дәнелді үйге жіберіп: «Қыз Жібек» рөліне ұсынып жатырмын. Режиссер Ходжиковке барсын, – депті. Әкемдей болып кеткен данышпанға (ол кісі әкемнің жақын досы еді) не деп жауап қайтарарымды білмей, кішкене қызымды, науқас әкемді сылтау еттім. Бірақ ол кісі мұндай сылтауымды

ұнатпай: «Бізге әнді әдемі айтатын, ұлттық дәстүрден ұғымы бар, шашы тілерсегін соқан қазақ қызы аса қажет», дегенінен танбады. Маған Әлекеңнің көңілін қалдыру өте ауыр, сонда да: «Жолдасым, егер сені Қыз Жібекке алса, мен Төлеген боламын» – деп жатыр дедім. Әлекең үндемей қалды. Әрине, әйелдің еркі шектеулі екенін бірден ұқты. Кейінірек үйіне барғанымда өкпелі екенін аңғардым. Екеуімізді зайыбы – Раушан Әбікейқызы Сәтпаева: «Әлкей, әкесі ауырып жатқанда киноға түсіп, қалай селкілдеп жүреді. Сенікі түк жөнге келмейді. Хадиша ол біздің үйдің «Қыз Жібегі», – деп күлдіріп табыстырды. Содан бастап мен Әлекеңнің үйінің «Қыз Жібегі» атанып кеттім. Өзекеңнің айтып отырғаны осы еді. Бұдан да менің аңғарғаным, халқы үшін туған жандардын адами мақсаттан ұлт мүддесін жоғары қойып, бар болмысты соның жолына арнайтыны.

Торғайдағы музейді құрудағы Өзекеңнің әрекеті осының айғағындай. Әйтпесе, Аманкелді Имановтың жатқан кереуеті бар екенін есітіп, соны қолға түсіргенше сонша әуреленер ме еді?! Бұл бір жағынан күлкі тудырарлық болса да, болашақ үшін таптырмайтын жәдігердің бірі екенін ойласаң, ішің жылып қоя береді.

Өзекеңнің тағы бір қасиеті – адамның көңілін аулағыштығы. Ол әйелдер мерекесінде гүл шоғын ұсынып кетуді ешқашан есінен шығарған емес. «Орталық Комитеттің секретары гүл ұстап жүргені әбестеу көріне ме деп, дипломатқа салып алғанымды кешіресің», – дейтінімен-ақ, табиғатпен бірге түрленіп шыға келетін әйел жанын, гүл-шашумен құлпыртып жіберетін еді.

Арғы бабам Нияз батырдың кім болғаны жайлы ешкімнен сұрастырмай-ақ жете білетін Өзекең тегімді аса құрметтейтін. Қазір аралас-құралас бірге жүрген кездерімді еске алсам, сол бір жып-жылы, көргенді ықыластың орны ойсырап қалғандай. Жаратылысы сұлу адамнан санаңа келіп үзіліп түскен сұлулықтың сыңғыры үнемі жаңғырып тұратындай.

**Қонысбай ӘБІЛ,
Қазақстанның халық ақыны**

«БОЛСАЙШЫ АҒАЛАРДЫҢ БӘРІ СОНДАЙ...»

Осыдан 30 жыл бұрын Арқалық қаласында «Торғай әуендері» фестивалі алғаш рет ұйымдастырылған болатын.

Ақшаңқан киіз үйлер, аппақ шатырлар бой түзеп, Сарыарқаның кең даласын ән әлдилеп, күй тербегендей еді. Осы бір тамаша бастаманың басында сол кездегі Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков тұрған болатын.

Өзағаң өзі шаңырағын көтерген Торғай облыстық музыкалық драма театры, жәдігерлерін елді жаяулап жүріп жинаған облыстық тарихи – өлкетану мұражайы, өзі құрған «Шертер», «Ғасырлар пернесі» ансамбльдерінің атағы жер жарып, алысқа таралды.

Осы күндері Арқалық қаласында Ө. Жәнібековтің туғанына 70 жыл толуына арналған «Торғай әуендері» фестивалінің 30 жылдығы аталып өтуде. Жақсы ағаның өнегелі өмірінен жазылған бір үзік сыр осы оқиғаға арналады.

Сағыныштың өзі түрлі-түрлі болады. Бірі – Адамды сағыну, оның ақжарқын мінезін, тәтті қылықтарын, жылы сөздерін аңсау. Екіншісі- Азаматты сағыну, оның істеген ісін, өнеге үлгісін, жасаған жақсылығын іздеу.

Өзбекәлі Жәнібековты сөз еткен де осы екінші сезім басымдау болатын секілді. Ол кісінің Торғайдың мәдениет ошақтарын құру, өнерін көтеру бағытындағы толып жатқан теңдессіз еңбегі аз айтылып жүрген жоқ. Менің сөз еткелі отырғаным, Торғай алғаш тарап кетіп, халық қамкөңіл болып жүрген кездегі Өзағанның өзіне ғана жарасар қабілеті, кесек қылығы.

1988 жылы Торғай облысы таратылған кезде «Елдің жайын ойлап жатырмын» – деп күнде кеудесін ұратын басшылар мен оның маңайындағылар бір аптаның мөлшерінде ізін суытып үлгерді. Кемесі құзға соғылып қирағандай әрі – сәрі күй кешкен қарапайым халық қалды.

Сондай күндердің бірінде қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Жолдас –Хайыр Жаманқұлов «шұғыл іздетіп жатыр» деген хабар алдым.

Келсем, хатшының кабинетінде қалалық мәдениет басқармасының бастығы Жұмағали Өмірбеков отыр екен.

– Қонысбай, ертең кешке Арқалыққа Өзекең (Өзбекәлі Жәнібеков)

келеді, – деді хатшы – Ол кісіні жақсы білесіңдер, жабылған облыстан қонақасы жеу үшін келе жатпағаны анық. Халықпен жүздесіп, жағдайымызды көрейін деген шығар. Соған өзі қолымен құрған ұжым өнерпаздарының басын қосып, Жұмағали екеуің бір жақсы концерт әзірлеңдер. Ал, сен Қонысбай, сол концертті жырмен аш, ағамыздың көңілін көтерелік.

Бұл шынында да біз үшін тосын жаңалық болды. Өйткені, Торғайдың несібесі тасып тұрған кезде бірі келіп, бірі кетіп жататын мәртебелі қонақтар легінің сап тыйылғаны қашан. Тіпті кейбір жерлес ағаларымыздың өзі де «бағы тайған» Арқалыққа соқпай, Қостанай арқылы елге асып кеткен хабарлары да дүңк-дүңк естіліп жатты. «Арық атқа қамшы ауыр» дегендей, «жұртта қалған» Арқалықтың жарымкөңіл жұртшылығы соның өзіне жүдеп қалатын.

Өзекеңнің келе жатқаны көңілімізді бір көтеріп тастағандай, Жұмағали екеуіміз хатшы тапсырмасына құлшына кірістік. Алайда, көп кешікпей-ақ көңіліміз су сепкендей басылды. Таңды таңға жалғап, таласа өнер көрсететін Торғай таланттарының елде қалғандарының ән-күйлерін бір сағаттық концертке жеткізе алмай қор болдық. Амал не, «барымен базар» деген...

Ал, енді концерттің беташар өлеңі қалай болуы керек дегенде, пікір екіге жарылды.

Арқалығын көруге асығып келе жатқан Өзекеңнің көңілін бұзып қайтесің. Әдемі әзіл, айшықты сөзбен желпіндіріп айт,-десті ақыл қосқан ағалардың біразы.

Алайда мен өзім жақсы ағаның кешегі өз қолымен құрған өнер ордаларының сұлбасын көрсете алмай тұрып, түк көрмегендей желпілдетіп өте шыққаным қалай болады деп қиналдым.

Ертесіне қаладағы ең үлкен Кеншілер сарайына «Өзекең келіпті, концерт болады екен» деген хабарға халық қарақұрым болып шұбырды. Концерт басталғанда кең зал ішінде ине шаншарлық орын болмады.

Біздің «құрама концерттерімізді» көргеннен кейін-ақ жағдайды айтқызбай ұғатын Өзекеңе ішімдегі мұңымды бірақ ақтарайын деп шештім. Сөзімнің дәлелі ретінде сонда айтылған өлеңді толық келтіріп отырмын.

Облыстың барында астанам едің, Арқалық,
Сағынысып бас қосар бас қалам едің, Арқалық.
Өмірге жолды өзіңде бастаған едім, Арқалық,
Жиреншенің қосындай баспанам едің, Арқалық.

Бақытты сол күндерін аңсағандай ма, Арқалық,
Ажарың кетіп, базарың тарқағандай ма, Арқалық.
Ақының соны айтумен шаршағандай ма, Арқалық,
Топқа бір түссе өзіңді арқаланбай ма, Арқалық.

Қала едің қанша мақтауға сиятындай да, Арқалық
Өзіңе жақсы, жайсаңды жиятындай да, Арқалық,
Қадірсіз бе еді біреуге қиятындай да, Арқалық,
Сүйсіне қол соғатын театр қайда, Арқалық!

Найзағай түсіп сынды ма, жел керіп жүрген желкенің,
Көзіңнен бұл-бұл ұшты ма ертегі сынды ертеңің.
«Ала қайғыдан сақта» – деп айтпаушы еді ел тегін,
Неге үнсіз қалды атыңды әлемге жайған «Шертерің»?

Жақсы аға келді ортаға, көңілдің кілтін ашыңдар,
Ән мен жырын ауылдың шашу қып алдан шашыңдар.
Үзілген жібі моншақтай, кетті ғой тарқап асылдар,
Ұзатылған қыздай боп алыста қалды «ғасырлар».

Тарыдай болып шашылып, таланттар кетті қаладан,
Еркесі еді бәрі де мақтанышына балаған.
Кінәлі жандай сезініп, қысылып тұрмын ағадан,
Шаңырағын өзі көтеріп, уығын қолмен қадаған.

Еңселім едің, еңбегі ерекше сіңген Торғайға,
Әруақтары бабаның жүрсінші жебеп, қолдай да.
«Орнында бар оңалар», қатары ертең толмай ма,
Ауылда қалған азғана өнерлім аман болғай да.

Жыр шашуымды айтып, алау-далау боп сахнадан түсіп келе жатсам бір атқамінер
ағамыз қарсы жолықты. Түрі қатулы.

— Бала, сен бүлдірдің бәрін. Әлдеқандай жағдай болса, сен менімен өлең
жөнінде ақылдасқан жоқсың, осыны ұмытпа! – деді ол.

— Сізбен ақылдаспағаным шындық қой, оған неге абыржыдыңыз! – дедім. Рас,
әлгі сөзден кейін кештің аяғына қарамай үйге кетіп қалдым.

Ертесіне таңертең ертелетіп кешегі ағамыз телефон соқты.

— Ау, өзіңе Өзекең қатты риза болыпты. Концерт біткен соң сахнаға шығып,
жұртқа жылы сөзін айтып біраз әңгімелесті.

— Енді өлеңді осы бағытта айт деп, бағдар берген мен едім деп жүрмеңіз, - дедім
де телефон құлағын орнына қоя салдым.

Кейіннен Өзекең Қаратай Тұрысов ағамызбен Жезқазғанда жолығып қалғанда:
«Әлгі Торғайдың ақынының өлеңі мені ақыры жылатып тынды»- деген көрінеді...

Ол кезде Өзекең Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып істейтін. Өзбекәлі аға Арқалыққа келіп кеткенен кейін, көп кешікпей мәдениет министрлігінен бірнеше адамды арнайы жіберіпті. Сонымен аз уақытта Арқалық қалалық филармониясы ашылып, қалған өнерпаздарды тоз-тоз болудан аман сақтап қалды.

Бұл Өзбекәлі секілді қазақтың біртуар ұлының тағылымды өмірінің бір ғана сәті. Сондықтан да торғайлықтар: «Өзекең біздің жерлесіміз» деп орынды мақтан тұтады. Бұның өзі де Өзбекәлі Жәнібекұлы сынды азаматтың оңтүстік, солтүстік деген түсініктен ада, халықтың ұлына айналып кетуінің бір ғана мысалы.

Нығмет ЖОТАЕВ,
Қазақстан Республикасы кәсіподақтар
федерациясы төрағасының орынбасары,
саясаттану ғылымының кандидаты

РУХЫҢА БАС ИЕМІН, ӨЗАҒА!

Қат-қабат шаруадан қол да босай бермейді. Көптен көңілде жүрген осы сапардың сәті тек күн суыта бастағанда түсті. Кезекті еңбек демалысымды алып, кіші ұлыммен қасиетті Мерке, Тараз, Түркістан жеріне бет алдым. Негізгі мақсат – қалада өскен баламды қасиетті өлкеге апарып, әулие бабаларымыздың рухына тағзым ету еді. Айша бибі, Ибрагим ата, Арыстанбаб, Ахмет Ясауи кесенелерінде болып, құран оқытып, бата жасап, үлкен нәр, рухани күш алғандай болып, еңсемізді көтердік.

— Сол сапарда әдейілеп марқұм Өзбекәлі Жәнібекұлының әруағына тағзым еттік. Марқұмның зиратына бұл менің екінші баруым еді.

– Ассалоаумағалейкум, Өзаға, – дедім мен іштей оның рухымен тілдесіп келгеніме екі жылдай болған екен. Енді, міне, қолымды жайып, басымды иіп тұрмын. Мәңгілікке кеткеніңізге, бесінші жыл болыпты. Уақыт та зымырап өтіп жатыр. Арамыздан кеткеніңіз кеше ғана сияқты еді.

Әулие бабаларымыздың қасында Сіз де мәңгі ұйқыдасыз. Бір жағыңызда Арыстанбаб әулие болса, екінші жағыңызда қазақ даласының ордасы болған ұлы Отырардың орны жатыр. Енді, міне, Өзаға, Сіз де сол ұлы мекенде мәңгілік жай таптыңыз. Осы қасиетті мекенге келген әрбір адам сіздің де басыңызға келіп тәу етеді, рухыңызбен сырласады. Орныңыз жарық болсын, топырағыңыз торқа болсын, Өзаға, – дедім қолымды жайып.

Марқұм бір аунап түскен болар деп, бір күрсіндім.

Келген адамдарды ағайындары қарсы алып, басында құран оқиды екен. Біз де құран оқытқызып, бата бағыштадық. Ішімізден Өзағаға деген имандық тілегімізді айтып жаттық.

Өзағаңның мәңгілік жайы жан-жағы тып-тыныш, тылсым бір дүние. Бір керемет сезім бойыңдағы пенделік ойларды ұмыттырып, жан әлемің тазара, нұрлана түскендей боласың.

Дәл қазір Өзағаңның өмірінің ақырғы сәтіне дейін өз халқына қалтқысыз еңбек еткен, артына мол мұра қалдырған еліміздің аяулы азаматтарының бірі екенін айтып жату артықтау көрінеді. Оны жұрт біледі. Бірақ, мына бір жайды қайтып айтпайсың!

Торғайлық Бәтима Сәбитқызы Өзаға туралы мынадай өлең жазыпты:

Жан едің рухың мықты әлуетті,
Тарихты мұқалмайтын қару еттің,
Өнердің пайғамбары Өзағаға,
Ей, қазақ, басыңды иіп, тәуәп еткін.

Осы бір шумақ зират ішінде жазылған екен.

Өзбекәлі Жәнібеков қай қызметте болмасын, Қазақстан комсомол жастарының басшысы, Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы, мәдениет министрі, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы ретінде, ол кісі өшпес өнеге, сөнбес шырақ жағып кеткен, ата-бабаларымызды сыйлауды үйреткен, халқымыздың дәстүрін, оның тарихы мен мәдениетін қайтадан жандандыруға себепкер болған ағамыз еді.

Сол кісінің еңбегі арқасында ұмытыла бастаған әулие бабаларымыз, шежіре мен аңызға айналған қасиетті мекендер мен шаһарлар халқымыздың жадына қайта оралды. Мінеки, осының бәрі халқымыздың имандылыққа ұйый бастауына игі әсері тиді ғой.

Мұны Өзағаңның мына даналық сөзінен-ақ байқауға болады: «Ата-баба әруағын сыйлау – ең алдымен имандылық, әдептілік және ізгілік қасиеттерінен нәр алған».

Баяғыда, комсомолда қызмет істеп жүргенімізде, Өзекеңнің жұмысқа деген ынтасына, іскерлігіне, батылдығына талай таңданып, біз де осындай болсақ екен деп армандаушы едік.

Үлкен жиындарда мінбеде тұрып өзінің бір әдемі, майда даусымен ой ағымын, бұдақ-бұдақ ақтарғанда отырған жұрт демдерін ішіне тартып, бар жан дүниесімен тыңдай қалушы еді. Басқаға ұқсамайтын, өзіндік ерекше мінезі бар болатын.

Өзағаңның 70 жылдығы қарсаңында шыққан Мырзатай Жолдасбековтың естелігінде марқұмның мінез-құлқы, әріптестерімен қарым-қатынасы, жастарды баулуы, адами қасиеттері өте тамаша сипатталып жазылыпты. Көңілімнен шыққаны соншалық, оқып болған соң шыдай алмай, Мырзакеңе телефон соғып, естелік туралы өз пікірімді айтып та үлгердім. Айтса айтқандай-ақ, бір ғажабы ол кісі өзінің алға қойған мақсатына жету үшін қайыспай жанын салушы еді.

«Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді», – деген екен ұлы Абай. Міне, осы сөз Өзекеңе сай келіп тұрғандай.

Ия, ол жүзге, руға бөліну дегенді білмейтін, нағыз ұлтжанды ер еді ғой. Сондықтан да қазақтың бірлігіне, мәдени және рухани байлығының дамуына өзінің өмірін арнаған еді. «Ел боламыз десек, бөлінуді, бірін-бірі итермелеуді, дандайсып, мақтануды қою керек», – деуші еді марқұм.

Қасындағы қызметтес болып жүрген жастарға, әріптестеріне «Адал еңбек жасаңдар, қиындықпен күресе біліңдер, қандай кезең болса да адамшылықтан айырылып қалмаңдар» дейтін.

Қызметке тек қана біліміне, талабына іскерлігі сай, қолынан іс келетін, сезімтал, ұяты бар адамдарды алуға тырысатын. Барынша кішіпейіл, парасатты адам жалқаулықты, бос сөзділікті паңдықты, жаратпайтын.

Мен бұрын Өзекең үлкен қызметтегі белгілі азамат қой, комсомолда қатар қызмет еткен кезімізді ендігі ұмытқан болар деп ойлаушы едім. Олай дейтінім, содан бері де арада талай белестер өтті ғой.

Жоқ, олай емес екен. Мен қателесіппін. Жол түсіп, қызмет жағдайымен Алматыға келе қалғаным бар. Ол кезде Семей қалалық партия комитетінің хатшысы едім. Үлкен ақ үйдің, қазіргі Алматы қаласы әкімшілігінің дәлізімен келе жатқанымда, ойда жоқ жерден Өзағанның жолыға кеткені. Ол кезде ұмытпасам, о кісі Қазақстан Орталық Партия комитетінің хатшылығына жаңа келген кезі.

Ойпырай, Өзекеңнің зердесін –ай!

Бірден танып, шүйіркелесе кетті. Ернін әзер жыбырлатып, немесе танымаған боп тұсымнан әлдекім құсап өте шықпады. Кәдімгідей, кеше ғана көргендей, хал – ахуалды, жұмыс жағдайымды сұрап жатыр.

Сол кезде оның кішіпейілділігіне, адамдық қасиетіне тәнті болып, төбем көкке жеткендей болсам, асығып бара жатса да, уақытының тығыздығына да қарамастан көңіл бөлгеніне ризамын.

Ойымнан тағы бір уақиға кетпейді.

1992 жылдың көктемі. Әлі есімде, Жоғары Кеңестің кезекті бір отырысынан кейінгі үзіліс кезі болатын.

Өзаған маған жақындай бере: «Әй, Нығмет, осы сен тәп-тәуір ой айтып, әжептеуір күрделі мәселелерді көтеріп те жүрсің. Бірақ та, сөзіңді қазақша бастайсың да, сосын орысша соға жөнелесің. Бұның қалай? Бір тілде, араластырмай-ақ сөйлей бермейсің бе? Қазақша жақсы білесің, ана тіліңде айта беру керек қой ойыңдағыны» – дегені бар еді.

Ағалық сезіммен інісіне айтып жатқан ақылы ғой. Соны сезгенім шығар, оған мұң шаққандай болып: «Өзаға, айтқаныңыз өте орынды. Солай болуға тиіс қой. Бірақ та мына отырған халық қалаулыларының бәрі бірдей қазақ тілін жете біле бермейді. Өйткені, көпшілігі орыс тілінде сөйлейтіндер, ал аударма ойдағыдай болып шықпауы да мүмкін. Содан кейін есіл сөзім желге ұшқандай болмасын деп жатқаным ғой», – дедім мен.

Өзаған басын бір шайқап, сол жымыған қалпы? «Жарайды, оны өзің білерсің, мен өз ойымды айтқаным ғой», – деп арқамнан бір қағып, жүре берді.

Бұл мыңның бірі – менің ғана басыма қатысты мысалдар. Ал жақын жүрген адамдардың айтатыны қаншама. Шүкіршілік делік, Өзаған туралы естеліктер кітабы шықты. Соны оқығанда оның рухын қастерлеу жолында жасалып жатқан іс-шаралар әлі аз-ау деген ой келді. Расында да Кеңес заманында, сол кездегі қиыншылықтарға қарамай халқына еңбек еткен көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлерін бағалау жағы кемшін соғып жатқандай көрінеді.

Мәселен, аса көрнекті мемлекет қайраткері, алаштың айтулы азаматы Нығмет Нұрмақов туралы не білеміз! Жазылған еңбектер жоқтың қасы. Ол 1924–1929 жылдары Қазақстан Халық комиссиялары кеңесінің төрағасы, 1930 жылдан «халық жауы» болып тұтқындалғанға дейін Бүкілодақтық атқару комитеті төрағасының орынбасары (М.И.Калининнің орынбасары) және Ұлттар бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған.

Сол кездегі асылдардан тек қана Тұрар Рысқұловтың есімі елімізге белгілі. Оған Шерхан Мұртаза ағамыздың үлкен қажымас еңбегі себепкер болды. Бабамыздың әруағы Шерағамызға риза шығар десек, кеше ғана 100 жылдығына байланысты (аздау болса да) шыққан мақалалар Жұмабай Шаяхметовтың кім екенін, не істегенін біраз елге аңғартты емес пе.

Ал, Илияс Омаров, Михайл Есенәлиев сынды мемлекет қайраткерлері туралы мағұлматтар мүлдем аз. Олардың азаматтық тұлғасын, игілікті істерін, еңбектерін

халқымызға көрсете білу, насихаттау ғалымдарымыздың, қаламгерлеріміздің борышы ғой деп ойлаймын.

Еліне сіңген еңбегі жоқ біреулерге көшенің, ауылдың атын беріп, солардың есіміне арнап сыйлықтар тағайындалып жатады. Байқасаңыз, осындай қолайсыз істер молая бастаған сияқты. Осы мәселені тиісті орындар, жергілікті әкімдер талдау жасап, қолына алса деген де ой келеді.

Тағыда Өзағаңның өзіне оралайықшы. Оның орны ерекше. Бір үлкен мәдени ошаққа немесе театрға, мұражайға, болмаса оқу орнына Өзбекәлі Жәнібековтың атын неге бермеске?! Сол кісінің есіміне арнап республикалық, тіпті халықаралық жарыстар өткізуге, жүлделер, сыйлықтар тағайындауға болатын шығар.

Осының бәрі Өзағаңнан гөрі ұрпағымызға керек. Сонда олар халыққа қызмет етудің өнегесін көріп өседі.

Бақыт САРБАЛАҰЛЫ

ҮЗДІК ҮШ ТҰЛҒА

Алматыда қуғын-сүргінге ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» атты қор бар. Қазір рас, Қазақстанда не көп-қор көп, бірақ мынау – жалғыз... Халық алдындағы қарыз, болашақ алдындағы парыз үшін жұмыс істеп, тер төгіп жүрген қор. Ол, негізінен, Алаштың арыстарының, қабырғалы қайраткерлерінің ғұмырын зерттеп, жәдігерліктерін жинастырады. Зерделеп, жүйелеп. Жақсы кітаптар шығарады.

Бүгін газетіміз бетінде жариялап отырған қомақты жинақтар – міне, сондай кітаптар. Оқырманға жай қажет қана емес, қалың қазаққа қажет өзгеше құнды кітаптар десек, қателеспейміз. Оның себебі – бұлардың «Арыс» баспасы бастандырған «ХХ ғасыр тұлғалары» сериясын лайықты толықтырған, мазмұндық жаңалығы мол, рухани жақсылығы кенен еңбектер болып түзілуінде ғана емес, кешегі-бүгінгі кеңестік қалың бірақ оқулығы жұқа, шындығы шалағай тарихымыздағы қызметкер емес. Қайраткер, қызметкер емес Қаламгер – ҮЗДІК ҮШ ТҰЛҒАмызды іріктеп алып, негізгі бітімдерін жан-жақты таныстырып, байыпты танытқан кітаптар екендігінде. Үшеуі де – өз заманында мықты Мәдениет министрі болған, бодан еліміз тыныс-тіршілігінде атқарған бостан істері әлі де өлмеген, қалдырған жарқын іздері қазірден өшпеген кісілер. (алған қырлары, басқа салаларда да жасаған қыруар жұмыстары – өз алдына әңгіменің еншісі, әрине). Есімдері аталғанда Еңбектері еске түсетін, Еңбектерін есітіп, оқып, көргенде өздері жадыға оралатын үздік тұлғалар.

Газетіміздегі кітаптары кескіндерінен-ақ көрініп, мәлім болып тұрғандай, Олар-Темірбек Жүргенов, Ильяс Омаров, Өзбекәлі Жәнібек. Бұларды жарық көру ретімен айтсақ, әуелі Өзбекәлі Жәнібек тұсауекескен «Ильяс Омаров. Таңдамалы» кітабының алғы сөзінде мынадай Жолдар бар: «... Одан гөрі жастық оты қызуырақ ақиқатты тура айтқыш мінезімен бірде жоғарылап, бірде төмендеп дегендей қызмет баспалдақтарында Ильяс ағасының жолымен жүріп отырғандай көрінетін Рухани көсбасшы Өзбекәлі Жәнібек те Ілекеңдердің ілім-үрдісін дамытушы еді ғой.

Сол Өзағаңның естелігіндегі үзік сыр төркініне үңілейікші? «Ілекең министр болып тағайындалған соң, Қанабек Байсейітов оған бір мәселемен барғанда

қабылдау бөлмесінде ілулі тұрған Темірбек Жүргеновтің суретіне көзі түсіп? «Ілеке, мынаны қалай түсінуге болады?» деген екен. Сонда Ілияс Омаров: «Е,Қанеке! Менің министр, сіздің халық әртісі болып жүргеніңіз - осы кісінің арқасы. Темірбек Жүргеновтен кейін біздің қазақ өнеріне қосқанымыз шамалы», – депті.

Кітап алғысөзінің осы бір үзіндісін келтіруіміз – онда Үздік Үш Тұлғаның үшеуінің де ерекшеліктері елес беріп өткен. Бітірген мыңдаған ісін айтпағанда, Темірбек Қараұлының Тұрмағанбет Ізтілеуовке арнайы тапсырыс беріп, шоң «Рүстем-Дастанды» жаздыртып, Алматыдағы опера және балет театрын салдыруының өзі үлкен қайраткерліктен хабардар етпей ме! Тағдыр өзі кейде тайқымаңдай қазаққа – осындай ұлдарын жіберіп, ойсыраған олқылықтарын кейбір сәтте толтырып тұратындай. Айталық, Ілияс Омаровтың да бітірген мыңдаған ісін былай қойып, Алматыда баспана ала алмай шаршап, қайыршының күнін кешкен ақиық ақын Қасым Аманжоловқа қол ұшын созғаны – қандай кісілік! Ол Қасымды тез қабылдап қана қоймай, Алматы қалалық кеңесінің төрағасына дереу телефон соғып:

«... Бір аптаның ішінде ақынға үй беретін бол. Сен екеуміз осылардың тілегін орындау үшін отырған адамдармыз, бұлар мәңгілік қалады», - деген сөзді ұлтын сүйген, ұлтының Ұлысын сүйген азамат, Қайраткер ғана айтса керек.

Ал енді Мырзатай Жолдасбековтің «Қалың қазақтың Өзбекәлісі» деген естелігінен мына жолдарды оқиықшы?

«Бір күні маған емханаға Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Қалық Абдуллаев телефон соқты:

– Емханаға түсті дегенді есітіп, хал-жағдайыңызды білейін деп едім, қалайсыз? – деді.

– Шүкір, мен бір аптаның беделінде шығып қалармын. Ал осында Өзбекәлі Жәнібеков жатыр. Ол кісі тек бір оңтүстіктің ғана перзенті емес, халқымыздың ірі тұлғасы. Жағдайы нашар, сендер Түркістанның мың жарым жылдық тойына дайындалып жатырсыңдар, арнайы келіп сәлем беріп, Түркістанды ол кісіден артық білетін кісі жоқ, бар білгенін сөйлетіп, бейнетаспаға түсіртіп алыңдар. Құр қол келмей сыбағасын ала келіңдер, - дедім.

Әкім өзі келмеді, орынбасарын жіберді. Теледидардағы, «Қазақфильдегі» жігіттерге де Өзекеңді түсіріп ала беріңдер деп сұрадым. Өкінішке орай, ешқайсысы қозғала қойған жоқ. Тақта отырғанның табанын жалар еді, өлейін деп жатқан Өзбекәлінің кей бауырларға керек болмағанына көзім жетті».

Мырзатай ағамыздың осы бір жолдарын қиналып оқысақ та, оның ащы шындықты ашып жатқанына, Өзекеңдей дара ұлт қайраткерінің қадірін білмеуіміз – халықтардың емес, қазақ деген халықтың қасіретіне айналып кетуі мүмкін екенін ескерткеніне риза боласың. Өзіңді-өзің танымай, жаттай сыйламай, мұндай қоғамдық дерттің алдын алмай, өспесең – өркендемесең көз жетеді.

Десек те, Ғ.Мүсіреповтің Ільяс Омаров сияқты арысты Алаш жоғалтқаннан кейін айтқан мынадай бір қанатты сөзі ғана адамға қанағат жасатып, көңіліңді бірлейтіндей. «...Мына ұлттың, халықтың өзі де бір тұқым болса, соның да уызы болады. Ол тұрғанда ешбір ұлт құрымақ емес.

Ол уызды аз ғана адамдар құрайды. Оны тірі пендеге білдірмейді, ол Құдайдан басқа ешкім білетін нәрсе емес. Олар енді ру, туыс, жер, ауыл дегенді білмейді, бұл өзін-өзі сақтаудың ең жоғарғы түріне жатады. Олардың түпкілікті есімі не тізімі болмайды. Бірі өлсе, бірі туып алмасып жатады...»

Ия, Ғабең кемеңгерлікпен тұжырымдаған осы бір уәлі лебіздегі шындық – өмірдің игі заңы жақсылық ізсіз кетпейтінін, жалғасатынын, Темірбек Жүргенов, Ільяс Омаров, Өзбекәлі Жәнібек болып сабақтасқан Үздік Тұлғалар үзілмейтінін

аңғартады. Бұл үшеуінің есімдері, еңбектері, өлмегенін, мәңгі жасайтыны өз алдына, еліміз алған тәуелсіздік – осыдан 1200 жылдан астам бұрын қашалған Ұлы Жазу-Күлтегін ескерткіші көшірмесінің кіндік жұртына құтты қадам басуы соның айғағындай. Демек, Темірбек Жүргеновтер жолының көмескіленіп, Ільяс Омаровтар үрдісінің қағажу қалып, Өзбекәлі Жәнібековтер өнегесінің өзі тақтан тайғанда жеткілікті бағаланбауы уақытша оқиға. Ұлттық ұызға тән емес, көк сүтке-қаптаған қызметкерлерге тән құбылыс.

Олай болса «Арыс» баспасынан жарық көріп, ортақ игілігімізге айналып отырған мына үш кітаптың, көптомдықтың үш кітабындай еңбектердің соншалықты құнды, қазыналы екені ақиқат. Соны баршамыз бірдей бағамдай білсек қой.

«XXI ғасыр қазақ елі» № 10 (24), маусым 2001 ж.

Аманжол НАЙМАНБАЙҰЛЫ

21 ЖЫЛДЫҢ БІР СӘТІ

Өзбекәлі, Өзағамның қасиеттерін, ағалық ақыл-кеңестерін еске алғанда, әрі толқимын, әрі қамыға отырып сағынамын. Сәлден соң масаттанғандай сезімге бөленемін.

Осындай ұлтымыздың мақтанышына айналған ірі тұлғаның қолына су құйып, соңынан ердім деудің өзі көңілдегі мақтаныш сезімін қозғайды. Өзаға жайлы қалам тарту мен үшін аса жауапты міндет, әрі құрмет. Ел болып асыл ағаның 75 жылдық тойын өткізіп, еске алып, дүбірлі жиын болып жатқанда үн-түсіз қалуым жарамас деген оймен қолыма қалам алдым. Ағаға деген адал ықыласымды, осы жолды бірге жүрген күндердің есте қалған сәттердің біреуін ғана қағаз бетіне түсіру арқылы білдіргім келді.

1982 жылдың жазы болатын. Өзаға мені кабинетіне тез жетуімді талап етті. Шақырып алды да:

– Кеше Мәдениет Министрлігінде «Техсоветтің» кезекті отырысын өткіздік Түркістанға жолға шығасың, бүгін, – деді. – Қазандықтың төбесіндегі сталактиттер түсіп жатыр, соны қалпына келтіру үшін мынадай шешім қабылданды. Қазір Түркістан реставрация ұжымы лесалар қондырып жатыр. Түскен сталактиттерді пенопластпен алмастырасыңдар, – деді нықтап.

Тапсырманы ала сала орындауға жолға шықтым.

Түркістан қаласы.

Жаздың аптап ыстық күндерінің бірі болатын. Бара салып музей директоры Орынбай Дастановқа жолығып, болған жағдаймен таныстыруын өтіндім. Орекеңнің бірінші айтқан сөзі «Осындай болатынын біліп едім» болды. Өз ойында жүрген кейбір келеңсіздіктердің біразын тізіп өтті. Мен айтылған жайттардан бір нәрсені аңғарғандай болдым.

1972 жылы Б.Т. Тұяқбаеваның тапсыруымен, Қазандықтың төбесіндегі ауа шығатын тетікті (жауын суы ішке кіреді, әрі құстың саңғырығы Қазандықтың еденін бүлдіреді. Деген сылтаумен) бөренемен тығындап жаптырғанға ұқсайды. Міне, осы жағдай мені қатты ойға салды.

— Бұрын төбесінде не бар еді? – деген сұрағыма Орынбай аға көне фотосуретті көрсетіп, қайта түсіндіре бастады.

— Мына суретте, көріп тұрсың ғой, төбесінде мыс құмыра болған. Мен анықтап қарадым. Рас, құмыра формалы заңғар аңғарылады. Бірақ Орекең ол құмыраның қай жылдары жоғалғанын білмеді. Осыдан кейін қазандық залына кірдік. Лесалар құрылып тасталған. Бұрыш-бұрыштан төбедегі сталактиттердің жібіген гипсі езіліп түсіп жатыр. 5–6 минут сайын әр жерден тарс-тарс етіп түсіп жатқанын көріп, жүрегің сыздайды. Еріксіз ойға оралатыны, 600 жыл аман тұрған ғимаратқа не болды.?

Аталмыш «Техсоветтің» болжамды шешімі рас болса, сонда уақытқа дейін жерасты сулары көтерілмей, неге енді ғана көтерілген, әр жерасты суларының қандай әсері болды...? – деген сұрақтар түрткілеп, осында бір сыр бар екендігіне күмәнім қалмады. Күмән төбені бекіткен бөренеге тірелді, бұл туралы дереу Өзағаға айтуды жөн көрдім де, Орынбай ағаның кабинетінен қоңырау шалдым. Ол кісіден алған жауабым:

– Ей, мұрт! Ол сенің бас ауруың емес, тапсырманы орында! – болды.

Орекең аянышты көзбен қарап: – Ее, Өзекеңнің рахметін алдың ба? – деді.

Санамда сан сұрақ, жауабы біреу-ақ болуы керек, осы бір күн мен үшін жылдай болды. Кешкісін сүйретіліп «Яссы» қонақ үйіне әрең жеттім. Ертеңгісін ерте тұрып, «бұл келеңсіздіктің шешімі неде» деген оймен, Ясауи кесенесін бетке алып келе жатсам, оң жақ қапталда қырдың үстінде орналасқан музей әкімшілігі жағынан маған қарама-қарсы Орекеңде келеді екен. Ол кісі өкпесі сырылдап ентіккеніне қарамай, жедел басып маған таяғанда:

— Әй, Аманжол, сені Өзекең сұрап жатыр. Мұрт-мұрт дейді, мен алғашында түсінбей қалдым, ол мұрты сен екенсің ғой – деді. Мен Алматыға байланысқа шықтым. Өзағанның даусы кешегідей емес, мүлде басқа.

– Ей, мұрт, сенің ойыңның жаны бар сияқты, түнде ойыма сол келіп, сені іздеп таппадым. Сондағы «Түркістанреставрацияда» Жантемірдің жігіттеріне айтып, ана сен айтқан бөренені алып көріңдер. Бірақ, байқаңдар... Мен қуанғаннан «Рахмет, Өзаға!» дей беріппін. – Ойың дұрыс болса рахмет менен болады, көп елпілдемей, барып жігіттерді қадағала! – дегенді айтты.

Жантемірдің жігіттері тәжірбиелі құрылысшы-реставраторлар емес пе?! Өзекеңнің тапсырмасы деген соң, жандары қалмай қимылдап, Қазандықтың үстіне шығуға әрекет жасадық. Арнайы арқаннан саты жасап үстіне көтерілдік. Үлкен күмбездің үстіне шығу қаупінен көрі, бөренені алу мәселесі бірінші кезекте тұрды. Жігіттер бөренені жай қолмен қозғалта алмады. Көмекке қосымша құрал-сайман келгеннен кейін, 1,5 сағатта орнынан қозғалтуға қолымыз жетті. Осы жерде айрықша айта кететінім, бөренені саумалап суырып алған кездегі шыққан дыбыс осы уақытқа дейін құлағымда. Оны айтып жеткізу қиын...

Оған сол кезде істің басында болған үш жігіт куә. Он жыл тұншығып тұрған ауа үлкен күрсініспен шыққандай болды.

Алған бөрененің ұзындығы 180 см шамасы. Жарым беліне дейін қарайып, шіріп кеткен, үштен екісі шылқылдаған су, тек үстіңгі 50 см-дей ғана қалған.

Менің жорамалым дұрыс болған тәрізді. Екі күннен кейін төбедегі тоқтаусыз түсіп жатқан жіпсіген толастай бастады. Үшінші күні конденсаттан болғанына толық көзім жетіп, көңілім орнына түсті. Бұл жағдайды Өзағаға хабардар еттім. Ол кісі «Ұсыныс айтқан өзің, енді шешімін де өзің табуың керек» дегенді айтты.

Сонымен Алматыға келген соң Орекең естіген құмыраны қалпына келтірудің

жолын іздестіріп, жобасын (эскизін) дайындап Өзекеңе көрсеткенімде, «бұл дұрыс шешім болды», – деп дереу орындауға тапсырма берді. Мыс құмыраны жасауды Соловьевқа тапсырда да, даяр болысымен оның сыртын, голбаника әдісімен күмістеуді Қырым Алтынбековке жүктеді. Мұның барлығы жедел жасалынып, Өзағамен екеуіміз құмыраны ортаға алып Түркістанға апардық. Құмыраны орнату конструкциясын «Техностанстка» зауытына жасатып, құмыраны күмбезге қолмен қондыруға қол жетті. Бұл жағдай мен үшін де, сонда қызмет жасап жүрген реставраторлар үшін де үлкен абырой болған еді.

Тапсырмасы ойдағыдай орындалған Өзағаң «Техсоветті» жинап, көптеген қаржының босқа кете жаздағанын, осындай күрделі іске кейбір ғалымдар мен мамандардың атүсті қарағандарын қатаң ескерткенін естігенде өзімнен-өзім қобалжып, ыңғайсыздандым. Тек кейіннен кабинетіне шақырып алып: «Әй, мұртым, жарадың» деп арқамнан қаққанда қуанышты сезім жылт ете қалды, әжептәуір марқайып қалдым. Талабы қатаң, жүрегі мейірімге толы қайран аға.!!

Бимұрат БӘЙІМБЕТҰЛЫ,
Отырар ауданының
Құрметті азаматы

ДОС КӨҢІЛІ ҚАБАРЖУ

Әсіресе, 1931 жылы өмірге келіп 1938 жылы бірінші класс есігін ашқан алғаш білім алушылар өміріне назар салып байқасақ ашаршылық, құғын-сүргін «Халық жауы» аламатының қызған шағы екен. Отырар алқабында біздің оқу табалдырығын бастағанымыз оқу жүйесінің тұрақты емес екендігі, бардым-келдім сияқты көрінетін. Дегенмен, білімге деген құштарлығымызда шек жоқ болатын. Бір нәрсені біліп, үйренсек деген талпыныстарды айтсаңшы. Алайын десең дәптер атымен жоқ. Арап әріптерін үйрету тоқтатылып латын-орыс кириллица әріптерімен аралас әріп тануды бастадық.

Бір класта 20–25 оқушы болсақ, оның ішінде үшеуіміз ғана ер балалармыз. Класс бойынша бес әліппе кітабымыз бар, сабақты, әріпті әрең-әрең танитын ауыл мұғалімі оқытады. Сия қаламды бөтелкедегі суға ерітіп, сия жасаймыз. Бес бала қатар отыратын ұзын столда отыратынбыз.

Кейін байқасам елде бас көтерген адамдарды «Халық жауы» дөп атқанын атып, атпағанын «Ит жеккенге» айдап кеткен кез екен. Менің Өзбекәлімен таныстығым осы бірінші класта оқығанымыздан басталған еді. Отырар жанындағы Оқсыз деген төбенің жанында біраз көшпенді қоныста үйлерде тұрдық. Өзбекәлі туысқан Ерназарбек деген ағайынының үйінде жүріп оқыды. Сол кездерден Өзбекәлімен бірге өсіп, Оқсыз төбеге шығып, ауыл арасында бала ойындары, айта беретін асық ойнайтынбыз. Алғашқы таныстығымызды осылай бастаған, кейіннен төртінші кластан бастап Өзбекәлі аудан орталығындағы Жамбыл орта мектебіне мен, Маяқұм колхозындағы орта мектепте оқуларымызды жалғастырдық. Өзекеңмен бірінші, екінші, үшінші кластарда бірге оқыдық. Біз оқыған кластарда қыздар жағы көп болатын, қыздардың барлығы дерлік он төрт, он бес шамаларында болатын. Орталарынан Өзбекәлі, Қанапия және мен ғана ер балаларданбыз.

Өмір өзгерді, мектеп алмастырдық артынша соғыс басталып кетті, біреуді біреу білмейтін заман ел басына орнады, азаматтар Отанын қорғауға кетті, жетім мен жесірді бағып, жас келіншектер ауылдың ауыртпалығын көтеріп елде қалған заман болды. Сол соғысқа менің әкем Сейітмұрат, екі ағам Таспен Серікболдар да кетті. Ол кісілер Отанын, туған жерін, елін, жаудан қорғаймын деп жүріп, әкем Сейітмұрат Смоленскі түбінде, екі ағам Москва түбінде жау қолынан қаза тапты. Соғыс жеңіспен аяқталды, ел есін жиып, жас жетіліп, оқып білім алуға талпынды, солардың бірі болып менде оқуға барып, ауылшаруашылық маманы – зоотехник болып, ауылға оралып, алғашқы жұмысты Пахта-Арал совхозынан, Ильич, Кирон, Арыс, Шәуілдір, Түркістан, Созақ аудандарында жоғары-төмен қызметтер атқардым. Балалық шақтардың қызығын бірге көрген жастықтағы досым Өзбекәлі де жетімдіктің зардаптарын басынан кешіріп, он жылдықты бітіргеннен кейін Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, ұстаз болып жұмысқа араласты. Аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық, облыстық, республикалық комсомол ұйымдарының жетекшісі қызметтерінде қалдырған да Өзбекәлі. Бұл туралы Орталық Партия және комсомол комитеттеріне сан рет барып өз ұсыныс тілектерін айта жүріп қажырлылық пен бұл істі орнына келтірген Өзекең болыпты.... Үшіншіден – қазақ халқының көне дәстүрі (Наурызды) жыл басы етіп, тойлап өткізуді де қазақ елінде қалыптастырған Өзекеңнің басшылығы екен... Төртіншіден – Қазақ халқының ана тілінде бұрынғыша қалпына келтіруде ел басшыларымен парламентке мәселе етіп қойған, (қазақ тілі) қоғамын құрған осы Өзекең досым, бұл, біз білмейтін жәйттер екен. Мұны митингіде сөйлеген ел басқарып жүрген Министрлер, ел ағалары және ел басқарған азаматтар, көрнекті ғалымдар ел алдында хабардар етті. Жатқан жерің жарық, иманың жолдас болсын, Бақи дүниенің де жаңалығының жаршысы бола бер досым...

Айтбек МҰСАЕВ

1. КІНДІГІ ЕЛГЕ БАЙЛАНҒАН ЕР

Бүгінде Өзекең «Қазақстан жастарының көшбасшысы болып тұрған уақытта қазақ жасының бәрін, тіпті қыздарын қой бақтырып, трактор айдатып, ауыр жұмысқа салып қойды» деп айтатындар шығып жүр. Өзекеңді білмейтіндер айтатын әңгіме бұл.

Жәнібеков «Жалғыз құдірет» атты мақаласында «мал шаруашылығы, мал қыстату, қозы алу, жүн қырқу... бәрі де майдан болып келді емес пе?» деп жазады. «Жасампаз» қоғамның билік сатысының биігінде жүргендіктен ол кісі де амалы жоқтан сол кездің саясатымен біте қайнасты. Бірақ басқалардай бас көзге қарамай әрекет еткен жоқ, ұлттың ұлы болып қалу жағына баса мән берді. Ол сол «майдан» ішінде жүрген шаруа жастардың өзінен ұлттық кадрлар тәрбиелеп шығаруға жанын салды.

Мен сол Өзбекәлі кадрларының бірімін. Біздің кезімізде жастар ұйымының жетекшілері, жергілікті басшылар жастай аты шыққан шопан, механизаторларды ерекше құрметтейтін. Уақыт солай болды. Бірақ, сондай кенде болмаған маған «бала

сен оқуың керек» дегенді айтқан тек Өзағаң болатын. Содан көзінен таса қылған жоқ. Тіпті туған бауырлардай болып кеттік. Тағы бір қадір тұтар қасиеті қандай қызметте жүрседе ауылға келді ешқашан естен шығармайтын.

Біз Қызжан ананың тәрбиесін көрдік.

Бүгінде «рушылдық» деген дертке айналды ғой. Үлкен адам сонша жыл аралас – құралас болғанда менің өзімнен «қай атаның баласысың» деп сұрамапты. Ондай ой менде де болған жоқ. Жаз шыға Ниетжан, Бауыржан есімді ұлдарын ауылға әкеп тастайды. Ойы «Балаларым ауылдан кіндік үзбесе екен» деп ойлайтын шығар. Менің анам Қызжанға «апа, тілдің мәйегі ауылда ғой, қазақша үйренсін, топырақ аунасын, суға шомылсын» деп ағынан жарылатын. Әңгімесі де, жүріс – тұрысы да бір қарапайым. Ондай адамды қалай жатсынасың?

Өзағаңның қос ұлының кейде «Қызжан апаның тәрбиесін көрдік» деп айтатынын естіп қаламын, төбем көкке жеткендей болады. Қызжан менің анам ғой. Естимін де әкенің қарапайымдылығына, тектілігінің тіні үзілмегеніне тәнті боламын. Өзағаң өз баласына осындай қасиеттерді сіңіру үшін де елге әкелген шығар.

Сол Бауыржан мен Ниетжан анда-санда ауылға келгенде Қызжан апаларының беліне жіп байлап, өзі жағада қос арқанды бірде ұзартып, бірде қайта жинап алып отыратын сәтін сағынышпен есе алады. Есектен құлағанына қуанатын қала баласы жүзуді білмейды, суға батып кетер деп ана байғұстың сақтанғандағысы бұл.

Ол кісі қызметте де, үйде де, қай жерде жүрсе де Қазақ еді ғой. Олай дейтінім, салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы құлақты сарсылтып айта бермейтін, сонымен өмір сүретін. Жанымдағыларды бүгін көріп отырса да, көптен бергі танысындай иландырып, үйіріп әкететін.

Шопандар ауылына келгенде бастықпын деп шіренбей жастармен құрдастарындай таңда таңға ұрып ақсүйек, айгөлек ойындарын ойнап, ойын-сауықтың үлгісін жариясыз, жарнамасыз, ләм-мим демей-ақ саналарына сіңіріп кете баратын. Мұны да қолынан келген адам істейді.

«Қазақтар қан қайда?»

Саралап қарасаң, бүгінгі «батырлық» кешегі кеңес тұсындағы батырлықтың қолына су құюға да жарамайды. Ал, ол кездегі ұлтқа қатысты кез келген әрекет көзсіз ерлік еді. Тағы бір екі уәж айтайын. Облыстық комсомол комитетінің конференциясы өтіп жатқан. Күн тәртібіне қаралатын мәселе де, кім сөйлейтіні де белгілі. Бірақ, хатшының алғы сөзі әдеттегіден басқашалау шықты. Жәнібеков «қойды неге қазақтар бағу керек, орыстар ше? Шопан комсомол жастардың ішінде неге орыс жоқ?» деп мәселені төтесінен қойды. Залда қозғалыс. Бірақ, «ура, ура» деп шабатын уақыт. Степанов дегенге сенім артты да Созаққа қойшы ғып жібердік. Бұл туралы газеттің бәрі жазды, мақтады, насихаттады. Бірақ, Степанов оңдырмады, қойды қырып, қалаға абыройсыз болып оралды. Бұл сол кезде елдің алдында жүретін, өзін ұлы халық көретін ұлттың қырсыздығын әшкерелеген оқиға болды. Бұл бұл ма, жаңа өзім айтқан көзсіз ерліктің сипатын ашайын.

Бүкілодақтық комсомол комитетінің XV съезіне облыстан делегат ұсыну қойылған облыстық конференциясы өтіп жатқан. Дауысқа қорғасын зауытының екі жұмысшысы түсті: бірі – қазақ, екіншісі – орыс. Кейде тереңдеп ойламайтын еліктегіш мінезіміз бар ғой. Орыстың аты- жөні аталғанда сол бір ауыздан орысты қолдап, қолды көтердік те жібердік. Президумда отырған Жәнібековтің жүзі күреңітіп кетті, іле – шала қазақшалап (онда жиынның бәрі орыс тілінде өтеді) «Қазақтар, не істегендеріңді біліп отырсыңдар ма? Қан қайда?» деді саңқ етіп. Зал сілтідей

Аудандық комсомол комитетінің I-хатшысы Ерехан Бектұрғанов ағамыз маған жақында желтоқсан айында облыстық комсомол комитетінің Пленумы болады. Соған сен міндетті түрде қатысуың керек деп хабар жіберіпті.

Пленумға қатысып шыққан соң Ерехан ағамыз: «Айтбек екеуімізді Ө.Жәнібеков шақырып жатыр барып жолығайық» – деді. Ол кезде ағамыз облыстық комсомол комитетінің I-хатшысы болатын.

Біз кіре берісімен ағамыз орындығынан тұрып келіп бізбен жылы амандасты.

«Ал, Айтбекжан деп сөзін бастап, менімен жете танысқысы келген болар. Өзің мектепті биыл ғана бітіріпсің, келбетің мен кескінің қой бағуға емес, ел басқаратын кісіге ұқсайсың, неге қой бағуға құмар болдың? Өзің білесің, Шәуілдірдің жаздағы ыстық аптабы мен қақаған қыстың қара суығы, оның бер жағында апта құрғатпай тұратын Арыстанды-Қарабастың желіне қалай шыдамақшысың? Қысқасы қиындыққа төзе аласың ба? Отбасыңда кімдерің бар? Келіншегің бар ма, көмекке қолын созатын?» деп мені сынағандай болды. Мен «Аға, шешінген судан тайынбас» деп атам қазақ айтқандай өз бағымды еңбектен іздемекпін» дедім. Өзбекәлі ағамыз, Ерехан ағама қарап: «Мұндай жастарды қолдап, қамқорлық көрсетіп отыру керектігін ұмытпау керек» деп сөзін түйіндеді. Орнынан тұрып «Онда жақсы інім, іске сәт» деп шығарып салды.

Елге келген соң көрген білгендерімді ағадан естіген жылы сөздерімді, жастарға деген ыстық ықыласын, ерекше мейірбандығын, өз қатар құрбыларыма қуанышпен жеткіздім.

Көп ұзамай еткен еңбегімнің нәтижесі болуы керек мен аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің пленум мүшесі болып сайландым...

1961 жылы ақпан айында Қазақстан Орталық комсомол комитетінің Пленумына бір топ пленум мүшелерін Өзбекәлі ағамыз бастап Алматыға барған болатын.

Пленумнан шыққан соң мені Өзбекәлі ағам сол кездегі ЛКСМ-нің I-хатшысы Қосай Егізбаевқа алып барып, қой бағуға комсомолдық жолдамамен келгенімді, еңбектегі жетістіктерімді айтып таныстырды. Бұл кісі де менің жақын ағамдай бауырына тартып, ақыл-кеңестерін беріп жатты.

Ол кісі «Қалқам, дегенмен әлі де жас екенсің, қой бағу оңай шаруа емес, қиындықтарына көндігу керек. Жұмысыңды абыроймен атқар, болашағың әлі алдыңда» деді де Өзекеңе қарап «Өзеке, бұл жігітті жақсылап тәрбиелеу керек. Оқымай қалмасын, оқуға түсуіне қалай да көмектес, қиын болып бара жатса менімен хабарласарсың» деп бізді шығарып салды.

1965 жылы көп кешікпей Өзекең мені Алматыдағы зоовет институтының ректорына алып барып таныстырып, мені оқуға түсіруге көмек беретіндігін айтты. Шіркін жақсының шарапаты деген осы-ау, Өзбекәлі ағаның арқасында үш ұйықтасам түсіме кірмейтін Алматының зоовет институтының студенті болдым да шықтым. (Ол кезде Өзбекәлі ағамыз Қазақстан комсомол комитетінің I-хатшысы болатын).

Шама шарқымның келгенінше өзім қалап барған шаруашылықта абыроймен еңбек етіп, маған сенім артқан жастар жетекшілерінің сенімінен шығуға тырысып бақтым. Сенім биігінен көрініп жастардың арасынан таныла бастадым.

Содан да болар менің еңбегім бағаланып ЛКСМ-нің IX-шы, ВЛКСМ-нің XV-XVI съездерінің делегаты болып, ел жақсылары отыратын төрінде де отырдым. Одақтағы жақсы мен жайсаңдардың легінде жүрдім...

Бір күні жайлауда қой түнетіп жүрсем, машина жарығы біздің үйді бетке алып келеді екен. Үйдегілер менің қай тұста жүргенімді нұсқаса керек, машина жарығы

Аудандық комсомол комитетінің I-хатшысы Ерехан Бектұрғанов ағамыз маған жақында желтоқсан айында облыстық комсомол комитетінің Пленумы болады. Соған сен міндетті түрде қатысуың керек деп хабар жіберіпті.

Пленумға қатысып шыққан соң Ерехан ағамыз: «Айтбек екеумізді Ө.Жәнібеков шақырып жатыр барып жолығайық» – деді. Ол кезде ағамыз облыстық комсомол комитетінің I-хатшысы болатын.

Біз кіре берісімен ағамыз орындығынан тұрып келіп бізбен жылы амандасты.

«Ал, Айтбекжан деп сөзін бастап, менімен жете танысқысы келген болар. Өзің мектепті биыл ғана бітіріпсің, келбетің мен кескінің қой бағуға емес, ел басқаратын кісіге ұқсайсың, неге қой бағуға құмар болдың? Өзің білесің, Шәуілдірдің жаздағы ыстық аптабы мен қақаған қыстың қара суығы, оның бер жағында апта құрғатпай тұратын Арыстанды-Қарабастың желіне қалай шыдамақшысың? Қысқасы қиындыққа төзе аласың ба? Отбасыңда кімдерің бар? Келіншегің бар ма, көмекке қолын созатын?» деп мені сынағандай болды. Мен «Аға, шешінген судан тайынбас» деп атам қазақ айтқандай өз бағымды еңбектен іздемекпін» дедім. Өзбекәлі ағамыз, Ерехан ағама қарап: «Мұндай жастарды қолдап, қамқорлық көрсетіп отыру керектігін ұмытпау керек» деп сөзін түйіндеді. Орнынан тұрып «Онда жақсы інім, іске сәт» деп шығарып салды.

Елге келген соң көрген білгендерімді ағадан естіген жылы сөздерімді, жастарға деген ыстық ықыласын, ерекше мейірбандығын, өз қатар құрбыларыма қуанышпен жеткіздім.

Көп ұзамай еткен еңбегімнің нәтижесі болуы керек мен аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің пленум мүшесі болып сайландым...

1961 жылы ақпан айында Қазақстан Орталық комсомол комитетінің Пленумына бір топ пленум мүшелерін Өзбекәлі ағамыз бастап Алматыға барған болатын.

Пленумнан шыққан соң мені Өзбекәлі ағам сол кездегі ЛКСМ-нің I-хатшысы Қосай Егізбаевқа алып барып, қой бағуға комсомолдық жолдамамен келгенімді, еңбектегі жетістіктерімді айтып таныстырды. Бұл кісі де менің жақын ағамдай бауырына тартып, ақыл-кеңестерін беріп жатты.

Ол кісі «Қалқам, дегенмен әлі де жас екенсің, қой бағу оңай шаруа емес, қиындықтарына көндігу керек. Жұмысыңды абыроймен атқар, болашағың әлі алдыңда» деді де Өзекеңе қарап «Өзеке, бұл жігітті жақсылап тәрбиелеу керек. Оқымай қалмасын, оқуға түсуіне қалай да көмектес, қиын болып бара жатса менімен хабарласарсың» деп бізді шығарып салды.

1965 жылы көп кешікпей Өзекең мені Алматыдағы зоовет институтының ректорына алып барып таныстырып, мені оқуға түсіруге көмек беретіндігін айтты. Шіркін жақсының шарапаты деген осы-ау, Өзбекәлі ағаның арқасында үш ұйықтасам түсіме кірмейтін Алматының зоовет институтының студенті болдым да шықтым. (Ол кезде Өзбекәлі ағамыз Қазақстан комсомол комитетінің I-хатшысы болатын).

Шама шарқымның келгенінше өзім қалап барған шаруашылықта абыроймен еңбек етіп, маған сенім артқан жастар жетекшілерінің сенімінен шығуға тырысып бақтым. Сенім биігінен көрініп жастардың арасынан таныла бастадым.

Содан да болар менің еңбегім бағаланып ЛКСМ-нің IX-шы, ВЛКСМ-нің XV-XVI съездерінің делегаты болып, ел жақсылары отыратын төрінде де отырдым. Одақтағы жақсы мен жайсаңдардың легінде жүрдім...

Бір күні жайлауда қой түнетіп жүрсем, машина жарығы біздің үйді бетке алып келеді екен. Үйдегілер менің қай тұста жүргенімді нұсқаса керек, машина жарығы

маған қарай жанып-өшіп мені шақырғандай болды. Бұлар кім болды екен, кештетіп жүрген деген оймен желе-жортып үйге келдім. Келсем ағам Өзбекәлі Жәнібеков, облыстық комсомол комитетінің I-хатшысы Дүйсенкүл Бопова, II-хатшысы Қаражан Әбіләзімов, аудандық комсомол комитетінің I-хатшысы Ерехан Бектұрғанов, II-хатшысы Нұрмахан Өміровтер екен.

Келген қонақтарға құрмет көрсетіп, күтіп алу жұбайым Ділдаш екеуіміздің еншімізде. Әрине ас-су ішіліп болған соң Өзбекәлі ағамыз «Қане жігіттер, қой бағамын деп жүріп Айтбек інімізбен Ділдаш келініміз ақсүйек ойнауды да ұмытып қалған болу керек, соны есіне салып бізде көңіл көтеріп кетейік деп ақсүйекті өзі құлаштап лақтырмасы бар ма? Біз жапа-тармағай түскен жері осы шама-ау деп іздеп жүрсек Дүйсенкүл апайымыз тауып алып, жерден алтын тауып алғандай Ақсүйекті ағамызға алып келді. Сонда Өзбекәлі ағамыз «Қыздардың көзі көргіш келеді, әйтпесе Дүйсенкүл неге табады?» деп бізді күлкіге шомылдырған еді.

Шамасы еңбек даласында жүрген жастардың көңіл-күйін де білгілері келген болулары керек. (Әрине қызмет бабы өз алдына).

Еңбек майданында жүргенімде Республикалық жас шопандар слетінде мен Ленин орденімен марапатталдым. Артынша Мәскеуде болған ВЛКСМ-нің XV съезіне барғанымызда делегацияның басшысы Өзекең: «Кеңес Аухадиевті, қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевты, Қалаубек Тұрсынқұловты және мені шақырып алып, съезге келген Германиялық қонақтарды күтсек қалай қарайсыңдар? Қазақ елінің әдет-ғұрпымен салт-дәстүрін және сіздер сияқты жігіттермен таныссын» деді. Біз ағаның ұсынысын әрі қолдап, әрі қуанып қош алдық. Олай болса кешке қазақшалап ет асуымыз керек. Ал Айтбек бұл сенің жауапкершілігіңде деп маған міндеттеп қойды. Қонақтар «бесбармақ» деген сөзді түсінсін. Бірақ дастарқанға вилка мен қасықтар қойылмауы керек.

Күткен қонақтарымыз келе дастарқанға жайғасты. Астың түр-түрі дастарқанға қойылған. Құрметті қонақтардың үлкеніне бас пен жамбас тартылды. Бастың жанында тек жалғыз пышақтан басқа ештеңе жоқ. Қонақтар бір біріне қайта-қайта жалтақтап қарай берді. Сондағы ойы мұны қалай жейді деген-ау шамасы.

Ағамыз қазақша етті қолымен жейтіндігін түсіндіріп жатты... Дастарқан басы қыран күлкіге ұласты. Қонақтардың жағдайын түсініп, дастарқандарға вилка, қасықтар әкелінді. Тамақ желініп болған соң ағамыз; «Бізде берілген асқа қонақтар бата жасайды» деп күліп жатты. Қонақтар қазақтардың дәм-тұзына, ықылас-пейіліне қатты риза болып тарасты.

Садағаң кетейін асыл ағам-ай, бәрін-бәрін, орын-орынымен, жүйе-жүйесімен қазақтың салт-дәстүрін насихаттап жүргені-ай десеңізші.

Шыны керек мен Өзбекәлі ағамның ақыл кеңестерін тыңдай жүріп, балалықпен ерте қоштастым. Өйткені маған қойылған талап тілектер мүлдем басқаша болды. Содан ерте жетілдім...

Өзекең Шымкентке келе қалса біздің үйге соқпай кетпейтін. Ол кісінің әрбір сапарының өзі біздің отбасымыз үшін ерекше болатын. Ол кісінің бізге деген құрметі, көңілі басқаларға мүлдем ұқсамайтын. Әйтеуір үй ішімізбен бір жасап қалатынбыз. – Бертін келе үнемі ұлдары Ниетжан мен Бауыржанды жазғы демалыстарында біздің үйге алып келіп «Әйтбек інілеріңе бас- көз болып, қазақ даласында ата-бабасы қалай өмір сүргенін, еңбек етуді, атқа мінуді, суға шомылдыртып, жүзуді үйрету, керек десең Отырардың киелі топырағына аунатып аламын десең де өз еркіңде, әуелі құдай сонан соң саған тапсырдым деп мені еркелетіп, балаларына Айтбек ағаларыңды тыңдаңдар. Әйтпесе қой бақтырмай қоюы да ғажап емес деп әзілдеп қоятын.

Бірде Өзекең Шымкент облыстық комсомол конференциясын өткізуге арнайы келіп қатысқанда Конференция жұмысына облыстық партия комитетінің I-хатшысы В.А.Ливенцов қатысып делегаттар алдында «Жастар кейінгі кезде мал бағуға аз келіп жүр. Келешекте қазақ жастары мал бағуды қолға алулары керек. Сіздерді соған шақырамын деді». Артынша мінберге Өзбекәлі ағамыз шығып Василий Андреевич деп сөзін бастап неге тек қазақ жастары мал бағуға барулары керек. Орыс ұлтының жастары қайда? Мұндай жауапты, абыройлы жұмыстан неге қалыс қалады» дей келе облыс жастарының алдында тұрған міндеттеріне тоқталып жатты.

— Өмірде оңым мен солымды, жүрер жолымды таңдай алмай жүргенде, өмірдің өрі мен төріне шығарған, еңбекте есейтіп тәрбиелеген, еңбек жолымды бүкіл Қазақстан жастарына үлгі етіп көрсете білген осы Өзбекәлі асыл ағамыз еді.

Шынын айту керек Өзбекәлі ағам менің кейбір атүсті шешім қабылдап қоятыныма, ақкөңілдігіме де, аңғал қазақы мінездеріме де онша көңілі тола бермейтін еді.

Жанашыр ағамыздың жоспары бойынша Қазақстанның жеті жылдық қорытындысына сәйкес «сен Социалистік Еңбек Ері атанудың аз-ақ алдында тұр едің, тұғыр тастары (фундамент) қаланып қойылып еді. Сен нағыз «портфель құмар» қазақ болып Отырар тарихында қалдың» деп маған күлуші еді.

Жаны жайсаң, жүрегі жомарт, көңілі көктем нағыз қазақ ұлтымыздың мақтанышы еді ғой асыл ағамыз. Сіздің 80 жылдығыңызда мен сізге осылай естелік жазамын деп ойлаппын ба, қайран ағам-ай.

Ахметова РАИСА

МӘҢГІЛІК ҰСТАЗ...

Шымкент Мемлекеттік Педагогикалық институтын 1961 жылы тамамдағаннан кейін мені комсомол жұмысында қызмет жасауға шақырды. Шымкент қалалық комсомол конференциясында бірауыздан екінші хатшы етіп сайлады. Өзбекәлі Жәнібекұлы ол кезде Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ал 1962 жылдан Қазақстан Орталық комсомол комитетінің Үгіт-насихат жөніндегі хатшысы, бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Мен студент кезімнен бастап, комсомол жұмысына араласқан болатынмын.

Институтта оқып жүргеннен бастап мақта жинауға қатынасып, одан тапқан ақшалардың біршама бөлігін Ғани Мұратбаев қорына құятынбыз. Бұл бастаманы Өзекең Ғани Мұратбаевқа ескерткіш қою жөніндегі облыс жастар ұйымының атынан көтерген жұмысы болатын. Бірнеше жыл бойы қаржы жиналып, Өзекеңнің табандылығының арқасында осы ескерткішті орналастыруының куәгері болдым. Өзекеңмен бірге болып, ескерткіштің ашылу салтанатына үлкен дайындықтар жүргіздік. Осы жұмыс үстінде қолмен істейтін қандай бір жұмысы болмасын ол кісі өзі бірге болып, жұмысқа белсене араласып, қолына күрек алып жер қазысты, гүл шоқтарын отырғызысты.

Салтанатты өткізу жайлы жасаған күн тәртібіндегі жоспарларымызды өз қолына қалам алып, кейбір жерлеріне толықтырулар енгізіп, нұсқау кеңестер енгізді.

Салтанатты кезең басталды. Біркелкі 20 жас жігіттер мен қыздар гүлді (гирлянді, ұзындығы 20 м шамасында) облыстық партия комитетінің алдынан ескерткіш

түбіне дейін азалы үн таспа үнімен орындалуында алып келді. Ескерткіш жанында тұрдық, Өзекең маған осы орындалған музыканың шығу тарихын сұрады. Музыка таныс сияқты, мен мектептегі сыныптарды орыс тілінде оқығандықтан ба, анық білмеген соң жауап бере алмадым. Маған өз ұлтыңның мұндай музыкаларын білуін керек деп ескертті. Сол кезде мен өзімді Өзекең алдында кінәлі адамдай сезіндім. Кейін анықтасам орындалған «Көбік шашқан» атты күй екен, грампластинканың 78 айналымын 48 айналымына келтірілген түрі болып шықты.

Сол салтанаттан кейін бәріміз өз ғұмыр жолдарымызды кештік. Республикалық үлкен-үлкен жиналыстарда, конференцияларда Өзекеңмен кездесіп жүрдік, сонда байқағаным, Президиумда отырғанда қолынан қаламы түспей қағазға үңіліп жазып отыратын. Бұл күндері ойлансам, Өзекең бірнеше кітаптың иегері, сол кезден-ақ қазақ халқы үшін аса маңыздысы өнер екенін білгендей, өнер тану әлеміндегі кәсіпқой мамандардай ғалым екеніне көзім жеткендей көрінеді.

1969 жылы Торғай облысы құрылып, желтоқсан айында Торғай облыстық партия конференциясы 14000 халқы бар Арқалық қаласының ескі клубында өтті. Арқаның үскірік шалған бораны мен қар аралас, желі, айналаны көрсетпейді. Сондай ауа райының қолайсыз кезі болса да делегаттар тегіс қатынасты. Конференцияға орталық партия комитетінің хатшысы С.Н. Имашев келді. Қандай да болмасын кемшіліктерге қарамастан конференция жоғарғы дәрежеде, өтті. Торғай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, С. Құсайынов – алғашқы шахтер, кейіннен партия, кәсіподақ қызметкері сайланды. Осы қызметке Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағалығынан келген еді. Ол кісі ұстамды және қызметкерлерге талапты өте орынды әділ де қоя білетін азамат екен. Облысты жақсы басқаруының арқасында облыс мемлекеттің жоғарғы наградасымен марапатталып, ол кісіге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Құсайынов қарамағындағы әр қызметкерлерінің жұмыс салалығына қарай әр қызметкерге жұмыс істеуге еркіндік бере білді, сөйтіп жұмыс өз жүйелерін тапты, нәтижелі болды. Екінші хатшы болып В.Голубенко, Ө.Жәнібекұлы үгіт – насихат жөніндегі хатшысы болып сайланды. Осы конференцияда мені ғылым және мектеп бөлімінің меңгерушісі етіп бекітті.

Конференция аяқталғанша боранды жел болып самолет ұшпай автомобиль жолдары қармен толық жабылды. Арқалық-Целиноград темір жолын тазалау жайлы Құсайынов айналысып жатқанда Өзбекәлі Жәнібеков бастамасымен вагон ішіне концерт көрсетіліп, ыстық тамақ азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Апельсин, мандарин, алма т.б жеміс түрлері сатылып, делегаттар риза болып мекен жайларына аман есен жеткізілді. Алты сағаттан кейін поезд жолы қардан аршылып, поезд Целиноградқа қарай бағыт алып, Имашевты шығарып салдық. Ол кезде Арқалық қаласында әуе жай салынбаған еді.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Құсайыновтың жұмысты шебер ұйымдастырушысы екендігі алғаш жұмысты бастаған күннен-ақ белгілі болды. Айтса айтқандай ол кісі әр аппарат қызметкерін шақырып, төл ісін бөліп беруден, жұмысты қай жерден бастауына бағыт-бағдар беруден бастады.

Облыс басшысы идеологиялық жұмысты толығымен басқару жүйесін Өзекеңнің еншісіне бөліп бергендей болды. Үлкен бір аппарат кеңесінде ол кісі былай деді: – «Мен өмір бойы шаруашылықпен, несін жасырайын, мемлекеттік жоспардың орындалуын қадағалаумен айналыстым. Ал біздің идеологымыз жасы кіші болса да, менен көп біледі, көпті көрген адам, сондықтан оның «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болуы керек» деген үлкен сенім артқанына куә болған жағдайым да бар еді.

Жұмыс барысында әсіресе Өзекеңнің қабылдауында халықтың көптігі соншалық, сол халықпен қалай уақыт табатынына, қабылдауынан шыққан көп халықтың біреуінің де ренжімей, керісінше қуанышты, ризашылдық жағдайда бара жатқанына таңданатынбыз.

Мен, Өзекеңдей істі ұйымдастырушы, алған бетінен қайтпайтын, бастаған ісін соңына дейін жеткізетін еңбекқор азамат пен ғұмыр жолында еңбектес болғанымды ол кісінің еңбегінен үлгі өнеге ала отырып, қызметтес болған шақтарымды мақтан етемін. Көрген білгенімді естелік деп тізе бермей, кейбір есте қалған Өзекеңнің іскерлік ұйымдастырушылық, жайларды ой негізінен өткізсем деймін.

1971 жылдың 15 қаңтарында талмай істеген жұмысының арқасында «Торғай таңы», «Тургайская новь» газеттерінің алғашқы сандары Өзекең басқаруында жарық көрді. Сол күні барлық газет қызметкерлерімен бас қосып шын ықыластылық ризашылық рахметін айтты. Ендігі кезекте «Буря» радиостансасын пайдаланып, облыстық орталық радиостансасын құру міндеттері тұрды. Алдағы тұрған қиындықтарға қарамай бұл жұмысты да қолға алған Өзекең нәтижелі түрде соңына жеткізді. Облыстық радионың «Позывнойында» ойналатынын сөз жөнінде ақын, жыршы, әнші, күйшілерді жинап кеңес құрды. Ол кеңесте мардымды ешқандай ұсыныс бола қоймады. Төр столында отырған Өзекең бір кезде ортаға өз ойын айтты. «Аманкелді» фильміндегі батырдың маталып, арба үстінде бара жатқанда ыңылдап айтатын әуенін ұсыныс етті. Сол жерде музыкалық аспаптар әкелдіріліп, әншілерге айттырып, облыстық радионың «Позывнойына» бір ауыздан орындалып тұруына бекітілген еді. Өзекеңнің музыкадан терең мағлұматы бар екені тағы да осы жерде де танылған жәйі барлығына куә болған едік.

Тағы бір есте қалған жәй Өзекең халық әндерін барынша «сауатты» әсем қоңыр сазды ырғақпен нақышына келтіріп айта білетініне бірнеше рет куә болдым. Әндерді айтып болғаннан кейін ол айтылған әннің тарихын қоса айтатын. Торғай жерінде алғашқы жаңа жылды қарсы алу мезеті еді. Жақында анам ауыл дәмінен ауыз тиесің деп ауыл базарлығына қоса, қазыны да пошта арқылы жіберген болатын. Соңғы кезде Өзекең облыстық партия комитетінің бюро мүшелерімен бірге бола бермей аппарат қызметкерлері арасында жиі болуды әдетіне айландырған болатын. Қайдан естіп білгенін қайдам, сөз арасында сол «ана сыйы» жайлы әңгіме айтып қалды. Жаңа жылды қарсы алуға аппарат қызметкерлерімен бірге отыруға Өзекең ескерткен болатынын. Жаңа жылға ел басының құттықтауын естуге даярланып отырғанбыз. Жаңа жылға 3–4 минут қалғанда есіктен асыға Өзекең кіріп келді. Барлығымыз қуанып, шуласып қалдық. Құттықтау құттықтауға жалғасты. Көп жыл комсомол қатарындағы жылдарда жүріп, алғаш партиялық қызметте жаңа жылды қарсы алуымыз осылай басталған еді. Құттықтаудан соң, отырыс барысында ән айту басталды. Өзекеңнің халық әнін нақышына келтіре орындау мезеттері мен әуен дауыс ырғағымен айтуын қандай керемет деп түсінгейсің. Қызығы мол жылдар осылай ой елесімен ұштасып жатты.

Кадрлар мәселесі өте қиындық жағдайда болды, көрші облыстардан адамдар шақырылып, толықтырылды. Облыстық аппаратта Алматы жоғарғы партия мектебін бітіріп келген 26 кісі болатын. Оларды біздер 26 Торғай комиссарлары деп атайтынбыз. Жас облыс еңбекшілері осылай қиындыққа қарамай ерте жұмысты бастап, кеш аяқтап, тәй-тәй аяғын басқан сәбидей аяғынан тұрып кетті. Жарық, су мәселесімен Өзекеңнің өзі айналысты. Кадрлардың басым көпшілігі комсомол қызметкерлерінен іріктелді. Музейді тұрақтандыруда Өзбекәлі Жәнібекұлының басқаруымен ұлттық киімдерді орнына келтіру мақсатында қолымызға қайшы, ине,

жіп алып түнделетіп жұмыс жасайтынбыз. Кей күндері қонақ жайымыз музей іші де болатын. Сол қажырлы еңбектерімізге дем берген, көңіліміздің көтеріліп жүруіне жағдай жасаған, қамқоршылық еткен Өзекеңнің ұмытылмас бейнесі екендігіне күмән келтіре алмаспыз. Бір үлкен мерекені өткізу алдындағы мезет болатын. Әр мекеме, ұйым алдарына көрнекі құралдар ілініп, безендіріліп жатқан кезде Өзекең келіп, біздерді ертіп мекеме, ұйым дайындықтарын көруге жаяу аралатты. Негізінен қалада мекемелер бір-екі бөлмеде ғана орналасатын. Көп ғимараттарда жазаға кесілгендер, түрме азаматтары болатын. Облыстық партия комитетінің ғимарат жайына келгенімізде, ғимарат төбесіндегі лозунгіде жазылған ұран соңындағы «леп» белгісі «аяғы аспаннан» келіп тұр екен. Өзекең бұл қандай жағдай деп үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Чибисовқа қарады. Чибисов өзі өте жылдам, ынталы, қабілетті жігіт болатын. Ол кенеттен ғимараттың үстіне саты арқылы көтеріліп кетті. Өзекеңнен бастап барлығымыз неге шығасың? – деп айқайлап жатырмыз.

Чибисовтың аяғында туфли, үстінде костюм, цирк акробаттары секілді әрең бара жатыр. Үнсіздік басталды, аяғы тайса ғимараттан құлайды, арғы жағы белгілі. Ер азаматтың кейіпінде ол «Леп» белгісіне әрең жетіп орнына түзетіп қойды. Қайтар жолында сатыға әрең жеткенде «уһ» деп дем алған мезетіміз болды. Космонавтарды қарсы алғандай бәріміз Чибисовпен құшақтастық. Өзекең еш үн қатпастан жол бастады.

Әр мерекені атап өту, онда бір айта қаларлық «жаңалық» енгізу немесе ұйымдастыру Өзекеңнің тұла бойына біткен «әдет» сияқты болатын. Ол кісі көбінше істелетін жұмыстың басы-қасында болып, жұмыстың бітуін күтетін. Кейде шыдай алмай өзі сол жұмысқа лауазымына қарамай, қарапайымдылығына басып кететін мезеттері де болатын. Ондай кезде біз де қосылып, қолдан келер жұмыс жасайтынбыз. Торғай өңірінде Өзекеңнің басқаруымен «Торғай әуендері» фестивалі өте үлкен ауқымда республикалық дәрежеде өткізілетін болды. Оған республикаға белгілі ақын-жазушылар және композиторлар шақырылды. Шақырылғандар қатарында Ш.Қалдаяқов және Мұхтар Шаханов болатын. Фестиваль өтуіне 3–4 күн қалғанда екі күнге Алматыға іссапармен барып қайтқан едім. Кеште поездан түскенмін, арада екі сағат өтпей телефон соғылды. Телефонда Өзекең, амандаса салып театр ғимаратына жетуімді сұрады. Түнгі сағат 11 кезі екен. Барсам бір топ қыз балалар қазақтың ұлттық әйелдер киімін даярлап жатыр екен. Сол қыздар ортасында қолына тігін құралдарын ұстаған бір столда жұмыс жасап отыр. Өз көзіме өзім сенбедім, тездеп барып қолынан ине жіпті қалай алғанымды да аңғармаппын. Іс байыбына назар салсам, Өзекең күндіз осы жұмысты бастатып бітіріңдер, – деп ол кісі басқа жұмысқа кеткеннен кейін, жұмыс аяқсыз қалған. Жұмыс қорытындысын білейін деп келсе істелінер жұмыс нәтижесіз қалғандығын көріп менімен хабарласқан беті, осы екен. Сол жерде тағы басқа қызметкер қыздарды жинатып, бір шама уақыт ішінде жұмысты аяқтадық.

Не керек «Торғай әуендері» фестивалі айта қаларлықтай, есте қалар тәрбиелілігі мол ауқымда үлкен талпыныс үстінде нәтижелі өткен еді. 1971 жылы маусым айында өткен осы фестивалға қатысқан Мұхтар Шахановтың өлеңіне жазған Шәмші Қалдаяқовтың «Арқалықтың ақ таңы» деген әні дүниеге келген еді. Енді бірде қараша мерекесін өту қарсаңында Арқалық қаласының ортасынан шеру өткізу мақсатында орталық мінбер жасауды Өзекең өз басшылығына алды. Мінберді ағаштан жасау нұсқасын даярлауда, Алматыға барған іссапарында жасатып келді. Шеру басталар күні түнде қатты боран басталды. Жұмыстан шыққан соң барлық қызметкерлер үйлеріне тараған шақ еді. Орталықтан күндіз-түні жұмыс жасайтын штаб құрылған. Ешкім уақытпен санаспайды. Түн ортасы. Ұйықтап кеткен екенмін,

есікті кезектегі автомашинаның жүргізушісі тықылдатып, сізді алаңда Ө.Жәнібекұлы күтіп тұр деді. Барсам, қолында қар күрейтін күрек пен мінбердің айналасы тола адам, ортасында бас киімінің айналасынан шыққан будан беті әрең көрінеді, Өзекең. Әңгіме айтуға шама жоқ қолымызға түскен аспаппен мінбер айналасын тазаладық. Таң ата мінбердің айналасы тазаланып, шеруге даяр болды. Міне, облысымыздың үгіт-насихат жөніндегі хатшымыздың тыным таппас іскерлік, ұйымдастырушылық жұмыстарының бір қарағанда, бір тармағының іспетіндей жұмыс саласы еді.

Осылай жаңа облыстың іргесін қалауда Өзекең бар ынта-жігерін, ұйымдастырушылық қабілетін, облыс құрылымының келешек бағдарлылығы жөнінде еңбегін барынша аямады. Күннің атысы мен батысына назар салмады. Қайтсем Торғай елін алдыңғы мәреден көрсетем деген, бір-ақ мақсатты алдына міндет етті. Өз адамгершілік парасаттылығын ер азаматтарының тағдырына және ер тағдырларына арнады. Менің ойымша жаратылысы бөлек мұндай қамқор, іскер азамат ерекше сирек келер ірі ер тұлға әр ғасыр иелігінде сирек кездесер деп ойлаймын. Сондай ер тұлғалы қамқоршы ағаның біздерге тиген шарапаты болар, сол Торғай облысы партия ұйымы есебінен Москвадағы КПСС Орталық партия комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебіне тыңдаушы болып кеттім. Ол жоғарғы партия оқуын бітіргеннен кейін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия ұйымында жұмыс жасауға тура келді. Зейнеткерлікке шыққанға дейін партия Кеңес басшы ұйымдарында жұмыс жасадым. Өзекеңдей асқаралы ағаның назарында болдық. Аға бейнесі жүрек тереңінде мәңгілік сақталады.

Мен Өзекеңмен комсомол және партия жұмыстарында ұзақ жылдар бірге жасастым. Өз қуаныш, реніш мезеттері ғұмыр кезеңдерінде бірге болды. Әрі ұстаз, жетекші және аға, қамқоршымыз бола білді. Ол кісінің жұмыс барысындағы жасаған жұмыс нәтижелерінен туындаған жақсы өнеге үлгілерін көріп, өзімізге тәлім-тәрбие ретінде қабылдап өстік. Әр азамат Өзекеңдей ер көңіл, еліне қажетті азамат болып соңына өшпес мәңгілік із қалдырса, одан артық не керек адам баласына?!

«Еліне қарай азаматын таны» демекші келер ұрпаққа қазақ өнерін жалғастырушылығының ірі тұлғалылықтағы азамат екендігін Өзекеңнің жарқын бейнесінен көрініп тұр емес пе...

Нағашыбай МҰҚАТОВ,
Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин
мемориалдық мұражайының директоры,
ақын, филология ғылымдарының кандидаты

ОТ СЕЗІММЕН ОРАЛДЫМ ОТЫРАРДАН

(Әйгілі палуан Қажымұқан Мұңайтпасов пен көрнекті қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековті еске түсіруге арналған республикалық мәдени шарадан ой – толғам)

Арнайы шақыру қағазы қолға тиіп, Қостанай облыстық мәдениет басқармасы бастығы Марионелла Васильевна Слесарь қолдап, қуаттап, жол болсын деген соң алыс сапарға тез, табанда жинақталдым. Мақсат Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір селосында өтетін даңқты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың туғанына 140, көрнекті қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 80 жыл толу мерейтойларына арналған бұқаралық сипаттағы мәдени көпшілік шараларға

қатынасу. Әрі, бері жүретін пойыздарға билет табудың өзі оңай болмады. Әйтеуір әрең деп Арқа төсіндегі ару қала Астанаға асыға жеттім. Қызылорда, Көкшетау бағытындағы пойызға отырып, іссапарымды әрі қарай жалғастырдым. Қараша айының төртінен бесіне қараған, түнгі сағат екілер шамасында, айналада қараңғылық тұтасып тұрған мезгілде шағын Темір стансасынан түстім. Бұл жер мәдени шара өткелі отырған Шәуілдірден бар болғаны жеті, сегіз шақырымдай ғана екен. Қоғам ауыл округының әкімі (бұған үш елді мекен бірігеді), елпілдеген, елгезек азамат Әскер Төреәділұлы «Ассалаумағалейкум» деп, айқайлай сәлем беріп, жылы қарсы алып, түнді жарықтандырып жіберді. Гүрілдеген жеңіл машина дыбысы ырғағында екеуміз өзара әңгімеге берілдік те кеттік. Таныса келе білдім, әкесі Әділ 1982 жылдан бері осы Отырар аудандық спорт мектебінің директоры екен. Ауданның Құрметті азаматы, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы көрінеді. Анасы Күләйхан Мақылбекова ертеден бала-бағбаны, мұғалім.

— Қонақ үйі салқындау болар, үйге барамыз көке, – деді Әскер әңгіме арасында.

— Қонақ қойдай жуас қой, айтқаның болсын.

Оңтүстік азаматтарының сөйлесу, сұхбаттасу, тіл қолдану, адам құрметтеу тәсіл, әрекеттерінде өзіндік өзгешелік бар. Әскер әп деп танысқаннан бастап мені көкелеумен болды. Пәлендей ести бермеген сөзім ғой. Әуелгі кезде біртүрлі ыңғайсыздау сезініп ем, кейін кәдімгідей бойымды әбден үйреттім. Тіпті әлгі сөзді қайталап айтқанын шын мәнінде ұнататындай дәрежеге жетіп қалдым. Әскер әңгімешіл, оған қоса жер тарихын, ауданның өсіп, өркендеу жолын жетік білетін қазақ болып шықты. Тарихта Жібек пен Төлеген, Қозы мен Баян, Еңлік пен Кебек бар емес пе? Сол сияқты осы өңірде, тым ертеде Шәміл есімді жігіт ғұмыр кешіп, осы аймақтағы күн келбетті, ай дидарлы Дүр есімді қызға ғашық болған. Солардың ақ махаббаты, пәк сезімі, тәлкекті тағдырлары құрметіне село Шәуілдір болып аталып кеткен. Естуімізше Отырар ауданына барлығы жетпіс мыңдай халық қоныстанған. Жұртшылық негізінен ата кәсіп мал өсірумен және егіспен шұғылданады. Қазір Отырар ауданы алқаптарында шамамен бес мың гектардай жүгері өсіріледі. Ақын, сазгерлердің шынайы шығармаларына сан мәрте тақырып болған Сырдария өзені селоны басып өтетін көрінеді. Арыс та алыс емес.

«Бойында Арыстың

Өзіңмен таныстым», – деп басталатын Шәмшінің ғажайып сазға, назға толы тамаша туындысын кім білмейді. Бұл әнді кезінде шұрайлы Шәуілдір қыз, жігіттері ғана емес, байтақ Қазақстанның барлық жастары қосыла, қол ұстаса қуана, шарықтата шырқады емес пе?

Арғы алты Алаш арыстарын ауызға алмағанның өзінде, мәдениет және әдебиет қайраткерлері, рухани сала саңлақтарының дені осы өлке перзенттері. Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқов, көрнекті ақын, саясаткер, тіл жанашыры Мұхтар Шаханов, әдебиет танушы, филология ғылымдарының докторы Құлбек Ергөбек, сықақшы Көпен Әмірбеков, танымал айтыскерлер, халық ақыны Әселхан Қалыбекова, марқұм Тәушән Әбеуова, қазіргі жыр додасының жүйрігі Бекарыс Шойбеков... Табиғи таланттар тізімі осылайша жалғаса береді. Мұның сыртында халық сенімін иеленген мәжіліс, сенат, депутаттары, ірі лауазымды орындарға жайғасқан білікті басшылар қаншама. Бір ауыз сөзбен айтқанда Отырарға құдыретті құдай сол емес, оң көзімен қарап, шапағатын, шуағын, мейірімін құйып келе жатқанға ұқсайды.

Ауыл әкімі Әскер мені көкеге санап, мен оны ізетті ініге балап жол бойында біраз әңгіме басын қайырды. Ауласы ат шаптырымдай кең, бау – бақшасы бар, ағаштары

жарыса өскен, бір бұрышта байланған итінің өзі адамды жатырқамайтын, арпылдап үре қоймайтын үй маңына келіп тоқтадық. Жарықтық қазаққа мейман жат болған ба? Былайша айтқанда күнің бе, түнің бе бәрібір. Қызықты қараңыз. Үйдегілердің көбі төсектен оянып кетті. Міне қызық. Әскердің келіншегі, ауыл мұғалімі Нәзира Қырықбаева қазақы ғұрпыма берілген, берік жан екенін байқатып, жартылай шешініп үлгірген маған иіле сәлем жасады. Тосын жай. Ағалық ақ лебізімді аямай, ағынан ақтарыла айта келіп:

— Елде жүргенде түн түгіл, күндіз сәлем жасайтын жас келіндерді сирек көруші ек. Ибалы қызметіңе разымын, қалқам – дедім. Жуынып, шайынып, демалатын төргі бөлмеге барсам, қалың көрпені қымтай жамылып, дөңкиіп біреу жатыр. Ара-тұра қорылдап қояды. Бұл жағынан мен де қара жаяу емес едім. Қорылдың хорын ұйымдастырғандай болмаймыз ба деп те ойладым. Бірақ амал жоқ, бір бөлмеде ұйықтауға тура келді. Тараздан келген Серік Қапалбековпен сәулелі таң атқан соң ғана таныстым. Жай адам болмады. Елден жарысқа тоғыз палуанын әкелген Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы, құрметті спорт қайраткері, бас бапкер. Сезгенім сөзге өте сараң. Соған қарағанда спортшыға лебіз білдіруден гөрі күш, қайрат, намыс, тәсіл керек шығар деп және топшыладым.

Бас-аяғы төрт сағаттай демалып, төсектен атып тұрдық. Аз ұйықтайтын әскердегі күндерім әрине, есіме түсті. Таңғы шәйға қанып алып, тысқа шықтық. Қашықтағы Қостанайда, алыстағы Астанада айнала аппақ қар. Оңтүстіктің жөні бөлек-ау. Жердің топырағы шығып жатыр. Мал село шетінде емін-еркін жайылып жүр. Аспанда түйір бұлт жоқ. Күннің көзі сәулесін төгіп тұр. Алыс, жақыннан жиналған халықта есеп жоқ. Білмейтіндер өзара танысып, ал өзгелері күлім қаға, төс түйістіріп, қауышып жатыр.

Отырардағы осы шара қазақтың тұлғалы екі перзенті рухына арналған екен. Олар әйгілі палуан Қажымұқан Мұңайтпасов пен көрнекті қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков. Қара күштің иесі Қажекеңді біреулер осы өлке, ал енді біреулер Ақмола облысы перзенті деп жүр. Дау, дамайға келгенде алдымызға жан салмайтын жаман әдетіміз жаман тондай жалпылдап, қыр соңымыздан қалмай келе жатқалы қашан. Қалай десек те, Мұңайтпасов бүкіл қазаққа ортақ тұлға. Кейбір деректер ойға оралады. Қажымұқанның өзі жеке жаттығу жасаған сәтте пайдаланатын тасының салмағы 350 келі екен. Күрескен жылдары палуанның өз салмағы 250 келі, бойы 2 метр болған. Дүлей күш иесі дүниежүзі чемпиондары Пол Понсты, Лоран Бокаруаны, Месс Петерсонды күйрете жеңген. 1905 жылы Харбинде өткен жарыста Жапонияның бірнеше дүркін чемпионы Сар-Кек–Кидің жауырынын жерге тигізген. Алып адам палуан болған жылдары Иван Паддубныйдан басқасының бәрін айла, тәсіл, күш арқылы алып ұрған. Өз ғұмырында 54 мемлекетте күресіп, омырауына 48 алтын, күміс, медал таққан. Тәңір сыйлаған талант шын мәнінде аңызға айналған адам.

Кезінде республика мәдениет министрі, Торғай облыстық партия комитетінің, Қазақстан компартиясы орталық комитетінің хатшысы болған, ұлттық өнердің жанашыры, қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің парасаты, білгірлігі, көрегендігі, намысы қалың қауымды ұлағатқа ғана үндейді. Біртуар тұлғаның денесі өз өсиеті бойынша әйгілі Арыстанбаб мазарына, Құрбан атасы маңына жерленген. Қазақы ежелгі ғұрыпқа сай жиналған меймандар алдында құрбандыққа мал шалынған соң, жұрт қазақтың әулие, қасиетті жандары, қайраткерлері мәңгі тыныстаған киелі жерге қарай қопарыла қозғалды. Алдымен Арыстанбаб мазары ішіне ендік. Өзекеңнің бейіті де биік, сәнді тұрғызылыпты. Төбеге айналған топырақ жылтыр, құнды, көз тартатын маталармен көмкерілген. Іші үй тәріздес. Жерге ою-өрнекті түкті

кілемдердің бірнешеуі төселген. Аяқ киімімізді сыртқа тастап, ішке кіріп, бәріміз де малдас құра отыра қалдық. Басында ақ сәлдесі бар молда күңіреніп құран оқыды. Әулие тектес адамдар бәрін сезетіндей-ау өзі. Өз ұлтының ұлағатты ұлына, қасиеті кемімеген қайраткеріне айналған Жәнібековтің қазақша айтқанда бір аунап түскеніне түк күмән жоқ. Даңқы дархан даланы шарлаған әйгілілердің бейіті басында топтала тұра қалып, ескерткішке суретке түстік. Тірі жан жөнінде әңгіме басқа. Адам қарайып тұрған қабірді де қимайды екен. Тобыр халық ілгері қозғалып бара жатып Арыстанбаб әулие мазарына, Өзекең бейітіне қайта-қайта қарайлайтындай.

Республикалық бұқаралық сипаттағы шара бағдарламасы аясында ел елеңдейтіндей небір жайлардың куәгері болдық. Жергілікті халық, меймандар «Жібек жолы» даңғылының ашылу салтанатын тамашалады. Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы атындағы саябақтың лентасы қиылды. Жаңадан Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қатар тұрған, тастан шебер қашалған ескерткіштері бой көтерді. Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың арнайы тақтаға жазылған «нағыз тәуелсіздікке қиын істе тәуекелге бара алатындардың ғана қолы жетеді» деген сөзі алыстан көзге түседі. Қ. Мұңайтпасов атындағы спорттық сауықтыру орталығында әйгілі палуанға ескерткіш ашылды. Республикалық «Спорт» газетінің бас редакторы, белгілі журналист, жазушы Несіп Жүнісбайұлының осы жердегі жүрекжарды лебізі жүрек төріне жып-жылы қалпында қона кетті.

«Қазақстан–Шымкент» телеарнасының тілшісі, журналист қарындас мені оңаша алып кетіп, өзара әңгімеге тартып жатқан. Әлден уақытта жүргізуші аты-жөнімді хабарлағанын құлағым шалды. Иін тіресе жиналған халықты бұзып жарып, алға оздым. Көрнекті қайраткер қызмет істеген қашықтағы елден келгенімді ескеріп, Өзбекәлі Жәнібеков ескерткішін ашардағы құттықтау сөзді маған жүктепті. Тамаша, тарихи сәт. Оңды адамдарды тәрбиелеп өсірген Отырар жеріне тағзым етіп, біртуар жанның қазақы қасиетін сөз еттім. Жұрт дуылдата қол соқты. Тастан қойылған белгі Өзекеңнің жайдары, жымыып тұрған сәтіне өте ұқсас екен. Бір күн ішінде ашылған бірнеше ескерткіштердің авторы, Шымкент қаласының тұрғыны, мүсінші Бәтұхан Бәймен қолының ептілігіне, хас шеберлігіне бәрі шексіз риза болды.

Өзбекәлі Жәнібековтің мемориалдық мұражайына бөлінген ғимарат бір қабатты, шағын болса да, жәдігерлері тарлан таланттың өмірінен көп сыр шертті. Қоғам қайраткерінің жазу бөлмесі, қолжазбалары, қызмет кабинеті, фотосуреттер, өзі тірі кезінде қолданған заттар көзге ыстық көрінеді. Ол туралы академик Өмірзақ Айтбаев айшықты баяндады. Ақындар аллеясының ашылуында егеменді елге әбден танымал Мұхтар Шаханов, Темірхан Медетбеков сөз әлемінде сұңқарларша самғады. «Бүгін елеулі күн, ел еміренсін, жер тебіренсін» деп тәмамдады өз сөзін өзіндік қолтаңбасы бар Темірхан ақын. «Отырар сүт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты жаңа цехтың ашылуы аудан өміріндегі елеулі оқиғаға айналды. Тәулігіне бес тоннадан астам өнім өндіретін кәсіпорын жаңа жетістік жолында күресе бермекші.

Атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың 140, көрнекті қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 80 жылдығына арналған ғылыми – практикалық республикалық конференцияны Отырар ауданының әкімі, экономика ғылымдарының докторы Бейбіт Шалдарұлы Сыздықов құттықтау сөзбен ашты. Жүздескенде аңғарғаным бұл азамат мейлінше қарапайым, адаммен сөйлесуге ыңғайлы, бейім, ізетті жан екен. Мәртебелі мәжіліс тізгінін белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы осы елдің өз перзенті Құлбек Ергөбек ұстады. Сөйлеушілер тізімінде қырыққа жуық адам. Соншама жанның мінбеге көтерілуі мүмкін емес. Доктор Құлбек салиқалы,

ойлы, салмақты сөз саптай отырып, ешкімді ренжітпей, бәрінің көңілін тапты. Республика кәсіподағы жетекшісі Сиязбек Мұқашев, көрнекті ақын Мұхтар Шаханов, журналист, жазушы Сабыржан Шүкіровтер салиқалы сөз сөйледі. Мен де мінбеге көтеріліп Өзекеңнің Торғай даласындағы театр, мұражай, «Шертер» ансамблін ұйымдастырудағы елеулі еңбегіне тоқталдым. «Өнерде Өзекеңдей жанып тұрайық, қиындықты Қажымұқандай алып ұрайық, құдыретті құдай Отырарға ұдайы оң көзімен қарасын» деп сөзімді түйіндедім. Ақындар Ә.Қалыбекова, Т.Медетбеков, Қ.Бекмановтар екі тұлғаның бейнелерін өрнекті өлең жолдарымен сомдады. Өзбекәлінің өзі кезінде шын мәнінде қамқор болған «Адырна», «Отырар сазы» ансамбль өнерпаздары әнді әуелетіп, күйді күмбірлетті.

Екінші күні күрестен болған жарысқа Жамбыл, Қызылорда, Шымкент облыстарынан екі жүздей палуандар қатынасып, бақ сынады. Бас жүлде темір тұлпарды Отырар ауданының командасы иеленді. Көкпарға кең, келісті, киелі даланы дүбірлетіп бес жүздей ат шықты. Қайталана бермейтін ғажайып көрініс. Бас бәйгеге тігілген темір тұлпарды Байбосын Зұлпыхаров басқаратын «Бек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шабандозы Шадиярбек есімді бала дау-дамайсыз жеңіп алды.

Кешкі мезгіл. Күздің қоңыр желі жайлап есіп тұр. Шәуілдір селосын басып өтетін Сырдарияға, оның жал-жал толқындарына қараймын. Өр мінезді өзенмен де, атақтыларының аруақтарын сыйлайтын, қазақы шара өткізудің шын мәніндегі шеберлері киелі жер азаматтарымен де біраз сырласып, ой бөлісіп, рухани өсіп, өрлеп кеткендеймін. Шынында да от сезіммен Отырардан оралдым. Жалған дүниеде, жаңа заманда, тәуелсіз ел тірлігінде әр сапар терең тағылымға тұнып тұрса, ұлан ұрпақ Қажымұқандай, Өзбекәлідей әруақты тұлғалар мұраларынан нәр, ләззатты мәңгі ала берсе ғой шіркін. Оңтүстікте туған ой-толғам өз ғұмырыма да біраз қомақты азық болары сөзсіз. Ұлдарын ұлағат тұтқан, рухани әлемнің жұпар ауасын жұтқан ел еңселене берсінші, ағайын.

*«Қостанай таңы» газеті, №137 (11745),
18 қараша 2011 жыл.*

Мұхамбетқасым ШӘКЕНОВ

ҰСТАЗ ЖАЙЛЫ СӨЗ

Ассалаумағалейкум, ардақты ағайын!

Құрметті қонақтар!

Мереке құтты болсын!

Ұлтымыздың рухани алтын ордасы, өркениетіміздің асыл діңгегі, киелі Отырар жерінде үлкен той. Аудан жұртшылығы қазақтың біртуар ұлдары Қажымұқан Мұңайтпасов пен Өзбекәлі Жәнібековті ұлықтауда.

Осы тойда сонау өткен ғасырдың басында қазақтың даңқын әлемге жайған, аты аңызға айналған Қажымұқан Мұңайтпасов атамызға жарасымды құрмет көрсетілуде. Қазақтың күрес өнерін насихаттаудағы оның орны мүлдем бөлек. Оған Қазақстанның барлық аймақтарында халық үлкен сүйіспеншілік білдіреді. Сонау 1989 жылы осы Шәуілдірдегі спорт мектебіне оның аты берілген еді. Ал, бүгін жанашыр

жұртшылықтың күш атасына орнатқан ескерткішінің ашылу салтанатына қатыстық.

Балуан бабамыздың асқақ рухы қазақтың күрес өнерін қолдай берсін.

Енді Өзекең ағамыздың біраз жақсылықтарын еске түсірейін.

Жәнібеков дегенде біздің ұрпақ өзінің жастық шағын еске алады. Ол кезде Коммунистік жастар одағы деп аталатын ұйымның беделі күшті, жас ұрпақты тәрбиелеудегі орны, өмірге баулудағы ықпалы өте зор болатын. Сол комсомолды Қазақстанда талай жігерлі, қабілетті азаматтар басқарды. Олардың ішінде Өзекеңнің орны ерекше. Оның ірі мемлекет, қоғам қайраткері ретінде қалыптасуы да осы комсомол қызметінде басталды.

Қазақстан жастар ұйымын басқарған, көрнекті қайраткер, Сенатор Қуаныш Сұлтанов 29 қазан күні «Егемен Қазақстан» газетінде «Тарлан» атты көлемді мақала жариялады. Онда жанашыр ретінде Өзбекәлі Жәнібековтің 80 жылдығын атап өту жөнінде Премьер-министрге арнайы жолдаған депутаттық сауалына алған жауабы келтірілген. Үкімет тарапынан Өзекеңнің еңбектері жоғары бағаланып, көптеген іс-шаралар жоспарланған. Қуаныш Сұлтанов өзі келе алмай, менен осы жиынға қатысушыларға үлкен сәлемін жеткізуді өтінді.

1966 жылдың желтоқсан айы. Жамбыл облысында аудандық комсомол комитетінің хатшысы едім. Комсомолдың Орталық комитетіне жетужөнінде тапсырма алдым. Онда келісімен, Орталық Комитеттің бөлім басшылары мен хатшылары әңгіме өткізді. Соңында мені аппаратқа қызметке қабылдауды ұйғарғандарын айтты. Жастығымды, тәжірибемнің аздығын алға тартып бұл ұсынысқа жүрексіндім, келісім бермедім.

Ертеңіне Орталық комитеттің бірінші хатшысы Жәнібековке кіргізді. Амандасқаннан соң ол кісі келісім бермеуімнің себебін сұрады. Кешегі айтқан уәждерімді қайталадым. Өзекең асықпай сөйлесті, қызық әңгімесімен өзіне баурап алды. Сонымен Орталық комитеттің қызметкері болып шыға келдім. Сол күннен бастап Өзекеңмен таныстығымыз 25 жылға жалғасты.

Өзекең өте іскер, жігерлі, ізденімпаз басшы, шебер тәлімгер еді. Қызметкерлерге қамқорлықпен қарайтын. Сонымен бірге талапты күшті қоятын. Тапсырмалардың орындалуын қатаң қадағалайтын.

Әлі есімде, бір күні түнгі сағат 12-ге дейін Орталық комитетте кезекші болып, жұмыстан кеш қайттым. Үйге кіре беріп едім, телефон шыр ете түсті. Көтерсем Өзекең екен. «Бағанағы мәліметті Мәскеуге жібердің бе» деп сұрады. «Жоқ» деп жауап қатып едім, «кәзір бар да, телефон арқылы кезекшілеріне хабарла» деді. Түннің бір ортасында кеңсеге қайта барып, тапсырманы орындап, үйіне телефон соқтым.

Аппараттың қызметкерлеріне қойылатын ең үлкен талап – сапалы да сауатты құжат әзірлеу. Дайындап апарған материалдар Өзекеңнің көңілінен бірден шыға қоюы қиын болатын. Үстінен шимақтап сызып, сөйлемнің көбісін өзгертіп, өңдейтін. Ерінбей, үлкен қайшысымен кескілеп, желімдеп, қайтарып беретін.

Сөйтсек, белгілі бір ойды жүйелі түрде қағазға түсіру, оны мағыналы да құнды, қысқа да тұжырымды, анық та түсінікті, міндеті айқын, мақсаты жарқын құжат етіп шығару – өз алдына бір үлкен өнер екен.

1970 жылдың наурызы болатын. Өзекең кабинетіне шақырды. «Сені Мәскеуге, Бүкілодақтық комсомолдың Орталық комитетіне қызметке шақырып жатыр» деді. Мұның алдында Мәскеуліктер мені сынау үшін Украинаның Кировоград облысына іссапарға жіберген, оның қорытындысы бойынша анықтамалды алып қалған.

«Ана жылғыдай балалық жасама, келісім бер, ондай жерге екінің бірін шақыра бермейді, бағыңды байлама» деп ақылын айтты. Ертеңінде Мәскеуге бірге ұштық. Останкинодағы жолдасының үйіне қонаққа бірге ертіп барды. Өзекең

жақсы мінездеме бермесе, ондағылар мені қайдан білсін. Мұндай қызметке ауысуымды оның қамқорлығы, тәрбиелеудің бір түрі деп түсіндім. Ондай жақсылық ұмытылмайды.

1988 жылдың жазында Торғай облысы таратылды. Содан тағдыр айдап Өзекеңнің кіндік қаны тамған жерге келіп, Қызылқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым.

Айта кететін бір жағдай – Орталық партия комитетінің мені Шымкент облысына жауапты қызметке жіберу туралы жолдамасына (путевкасына) оның хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков қол қойған болатын.

Уақыттың талабына сай ол кезде мәдени мұраларды сақтау мәселесі ұмытылып бара жатқан. Мысалы, халық қасиеттейтін Арыстанбаб кесенесі атеизм және ирригация мұражайы болатын. Көршілес республикалардан, өзіміздің облыстардан тәу ету үшін келгендерді үлкен қара құлып қарсы алатын. Соған бүгін біреу сенер, біреу сенбес.

Толғандырған мәселелер жайында Өзекеңмен хабарласып, ақылдасып тұрдым. Мәдени мұраларға, қазақтың тіліне, дініне, тарихына, өнеріне, мәдениетіне, салт-дәстүріне ол кісі үлкен жанашырлықпен қарайтын. Ауданымызда осы тұрғыда жаңалықтар болып жатса сүйсінетін, қуанатын.

Саяси құрылымның талабы қатаң сол заманда ондай жұмыстар оңайлықпен істелмейтінін Өзекең жақсы түсінетін.

1990 жылғы 15 мамырда облыстық партия конференциясы өтті. Соған қатысқан Н.Ә.Назарбаев обкомның бірінші хатшылығына С. Терещенконы, екінші хатшылығына Рашид Ибраевті ұсынып, сайлатты. Сөйтті де, «келген жұмысым бітті» деп, залдан шығып кетті. Үзіліс жарияланған жоқ. Конференция жүріп жатыр. Мені шақыртып алды да, ауданға тартып кеттік.

Жаңа ғана сайланған Президент халықпен кездесті, мұражайды көрді. Арыстанбаб кесенесіне келгенде ол кісіге өтініш айттым – «Көршілес өзбек ағайындар кеңес заманында Самарқан мен Бұхараны әлемге танытуға барынша күш салды. Отырардың тарихы солардан бай болмаса, кедей емес. Ташкентте орта Азия мен Қазақстанның діни басқармасы жұмыс істеді. Біз ылғи жалтақтап келдік. Енді Отырарды біз де қолға алайық, көмектесіңіз» дедім. Нұрсұлтан Әбішұлы мақұлдады, қолдайтынын айтты.

Арада он күн өткен жоқ, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Н.М. Макиевский, министрлер Х.Ш. Бекболатов, Н. Қыпшақбаев және басқа жоғары лауазымды басшылар келді. Отырардың проблемалары сол кезден бастап мемлекеттік деңгейде шешіле бастады.

1990 жылы Өзекең мені Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау Қоғамының Төрағалығына шақырды. Кезінде бұл Қоғам белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері С.Б. Ниязбеков, С.С. Жиенбаев, Ә.К. Кекілбаев басқарған, республикадағы зиялы қауымның, жоғары лауазым иелерінің басын біріктірген әйгілі Қоғам болатын.

Келесі жылы Қазақстан Компартиясының съезіне барғанымда оның бір секциясын басқарған Өзекең маған жарыссөзде кезек берді. Ертеңіне өзіне шақырып, Қоғамның жұмысын жандандыру және беделін арттыру мақсатымен оның негізінде құзыры жоғары, Үкіметке тікелей бағынатын Комитет құрылатынын айтты. Біздің ғалымдарымыз көне ескерткіштерді зерттегенде, озат ғылымның тәжірибесі мен талабы бойынша қазба жұмыстарынан соң консервация тәсілін жүргізбейтінін, Түркістан қаласы мен Отырар төбеде ашық аспан астында мұражай ашу қажеттілігін, т.б. проблемалар жөнінде пікір алыстық. Бұл жолы ұсынысын қайталағанда мен келісімімді бердім.

1991 жылдың ақпан айында баламалық негізде, Қоғам Орталық Кеңесі пленумының екі күнге созылған тартысында жеңіп шығып, төраға болып сайландым. Сол жылы Қоғамның съезін өткіздік, Жарғысын өзгерттік, Заңның жаңа жобасын дайындадық. Көп ұзамай Кеңес Одағы, онымен бірге партия, басқа да ұйымдар тарады. Еліміз егемендік алды. Жаңа өмірдің іргетасын қалауға кірісіп кеттік.

Ұлттың біртуар ұлы Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз ел құрметіне бөленген ұлағатты тұлға.

Еліміз егемендік алған соң Отырар тарихын жүйелі түрде зерттеуге, мәдени мұраларға жанашырлықпен қарауға, мемлекет тарапынан арнайы Мәдени мұра, Жол картасы бағдарламалары жасалып, қаржы бөлуге мүмкіндік туды. Оның үстіне Егемендік алған жаңа заманда ауданды басқарған Қуаныш Айтаханов, Шалатай Мырзахметов, Әлімжан Құртаев, әсіресе қазіргі әкім Бейбіт Сыздықов інілеріміз үлкен іскерлік танытты, проблемаларды түбегейлі түрде шешті, ауданды танымастай етіп өзгертті.

Уақыт әркімді өмірдегі өзіне ғана тиісті орнына ертелі-кеш дәл тауып қояды. Өзекеңнің тарихта алатын орны, тұратын тұғыры ерекше биік, өзінше бөлек. Оған бүгін сөйлеген азаматтар лайықты бағаларын беріп жатыр. Өзекең туралы әлі талай ғылыми еңбектер, шығармалар жазылады.

Ол кісінің жетпіс жылдығына орай кезінде Оңтүстік Қазақстан облыстық газетіне арнайы мақала жібiрген едiм, бiрақ оны басудың ретi келмедi. Содан ол материал Отырар аудандық газетiнде «Ұлағатты ұстаз едi» деген атпен жарық көрген. Бүгiн мiне алқалы жиында ағамыз туралы естелiк айтудың сәтi түстi.

Бұл ауданда ел мақтанышына айналған жерлестерiн ұлықтауды ұмытпайды. «Екi тойың қабат болсын, екi дүниең абат болсын» деген сөз бар. Былтыр ғана жаңа Әнұранның үш авторының бiрi, Өзбекәлі ағамыздың шарапатын көп көрген Шәмшi Қалдаяқовтың және айтыстағы үш Халық ақындарының бiрi, Өзекеңнің рухани қарындасы Әселхан Қалыбекованың мерейтойлары аталды.

«Өткендi ескеру – өскендiктiң белгiсi» дейдi атам қазақ. Тарихты қастерлеу, тұнығынан сусындау, тереңiне ой жiберу – әрқашан болашақ ұрпаққа қалдыратын аға буынның парызы. Өйткенi, өткен жол – елдiң тарихы, адамдардың тағдыры, ұрпақтардың шежiресi.

Осы басқосуды пайдаланып аудан азаматтарына айтарым, қызығы мен қиындығы мол өтпелi кезеңде араларыңызда аз да болса бiрге қызмет жасадым. Халқы еңбекқор, шежiреге мол осы елмен байланысымды үзген емеспiн. 2009 жылы жарық көрген «Жадымдағы жылдар» атты естелiгiмде «Киелi Отырарда» деген көлемдi тарау арнадым. «Отырар ауданының құрметтi азаматы» екенiмдi зор ғанибет, үлкен абырой санаймын. Елдiң көрсеткен осы ықыласына басымды иемiн және ризашылығымды бiлдiремiн.

Бабаларымыз аңсаған Азаттық, Еркiндiк, Егемендiк күндерiн көру бақыты бiздiң ұрпақтың үлесiне тиiп отыр. Тәуелсiздiк алған 20 жылдың iшiнде елiмiз өркендеп, өзгелерге өнеге болды. Ендiгi мiндет – Отанымыздың болашағы үшiн аянбай еңбек ету. Осы ұлы бағытта Сiздерге табыс тiлеймiн.

Той тойға ұлассын! Ертеңгi айт мерекесi құтты болсын!

5 қараша 2011 жыл,
Отырар.

ЗОР ТҰЛҒА

Сауыт киген сақтардан бастап, күннің астын билеген Күлтегінге дейін өзінің тарихи міндетін атқарған қазақ даласында дарын, талантымен исі адамзатқа ортақ тұлғаға айналған азаматтарымыз аз емес. Сондай алыптардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз еді. Осынау алаштың ардақты ұлын сырттай жақсы білгенмен, жақынырақ танысып араласуым, ол кісі құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін басталды. Ол кезде Арыс ауданының әкімі болып қызмет атқаратынмын. Өз-ағаның құнарлы әңгімелерін, ақыл – кеңестерін тыңдау мен үшін зор ғанибет болатын.

Отырардай киелі өңірде дүниеге келіп, артында ұлан ғайыр өшпес іс қалдырған көрнекті тарихшы, этнограф-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың туғанына 75 жыл толып отыр. Осыған орай өткізіліп отырған бүгінгі ғылыми конференцияға елімізге белгілі ғұлама ғалымдар, Өз-ағаның көзін көрген замандастары қатысуда. Ұлылардың мекені Отырардан, қуат алып, ұлт мақтанышына айналған Өзбекәлі ағамыздың ерен еңбектерін елге танытуда Әбіш Кекілбайұлы, Рахманқұл Бердібай, Шерхан Мұртаза, Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Әлиев, Өмірзақ Айтбайұлы, Ғарифолла Әнес сынды көптеген ұлт зиялылары қыруар іс тындырғанын көзі қарақты оқырмандар жақсы біледі. Қазақтану ғылымының қай саласында болмасын ойып алар орны бар ғалым жайлы Ғ.Қабдолқайырұлының редакторлығымен «Арыс» баспасынан 1999 жылы шыққан «Өзбекәлі Жәнібек» атты кітапта халқы үшін еңбек етіп, өнегелі ғұмыр кешкен Алаш азаматы туралы тың деректер өз оқырмандарын рухтандыра түседі.

Содан болар бүгінде туғанына 75 жыл толып отырған Өзбекәлі Жәнібеков жайында:

«Сен шындықтың желісің соғып тұрған,

Білігіңе кетейін болып құрбан – деп ақын Тұманбай Молдағалиев жүрек сырын ақтарып төге салыпты.

Міне елі үшін еңбек етудің өшпес өнегесін көрсеткен, халық мүддесінің жоқшысына айналған Өз-ағамыз 1931 жылдың 28 тамызында Отырар ауданының Маяқұм ауылындағы Оқсызда /кейбір деректерде Сарықамыста/ дүниеге келді. 1998 жылдың 22 ақпанында Алматы қаласында қайтыс болады. Әкесі Жәнібек Құдиярұлы, анасы Қаныша Томашқызы қуаныштарын елмен бөлісіп, шілдехана жасап, ауылдағы ең қадірмен көнекөз қарт Өзбек ақсақалдың құрметіне кішкентай нәрестенің атын Өзбекәлі қойыпты. Алайда Өзбекәлі ағамыз әкеден ерте айрылады.

Ол бір ел басынан ауыртпалық арылмай тұрған кез болатын. Содан болар тағдыр тауқыметін көбірек бастан кешкен бала Өзбекәлі ерте есейеді. «Несіне жасырайын, бәлкім ата-анадан ерте айрылып, бала жастан тұрмыстың тауқыметін тартып, адамдардың зұлымдығын, ара қатынасындағы екіжүзділікті көргендіктен бе, әйтеуір, езу тартып, жымия бермейтінім рас еді» – дейді Өзекең өзінің «Тағдыр тағылымы» атты кітабында. Сол Өз-ағамыз ұлттық музыкалық дәстүрдің дамуына және музей тұрғызу, музейтану бағытында тарихи маңызы зор үлкен жұмыстар атқарды. Ол кісінің Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев сияқты Алаш ардақтыларын ақтап алуға деген, ұлттық өнеріміз бен салт-дәстүрімізге, ұлттық мәдени-тарихи ескерткіштерімізге деген жанашырлығы ел мерейін өсіре түсті.

Артында «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жол айырықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» сияқты қай кезеңнің болсын жүгін белі қайыспай көтере алатын мәңгі бітпес күші де, мәңгі сарқылмас қуаты да бар тамаша дүниелер қалдырған, айтар ойын ірікпей, орынды сөз сөйлей білген, сіз бен біз жасқанып айта алмайтынды тіке тұрып айта алатын Өзбекәлі ағамыздың бүгінгі күнге жеткеніне қуанасың. Өйткені Кеңестік дәуірдің солақай саясатынан қуғын – сүргінге ұшырамай, өзі ақтап алған Алаш ұлдарының кебін кимей, аман сау қалған, халқының құрметіне бөленген Өз-ағаны бүгін еске алып отырған халық, Сіздер мен біздер шын бақытты жандармыз. Өйткені ел тәуелсіздігінің арқасында төл тарихымызға жалтақсыз қарап, арыстарымызды ардақтауға кірістік. Содан болар Өз-ағаның еңбектеріне, өмір дерегіне үңіле отырып, көзімізді қайта ашып, өзімізді жаңа танығандай боламыз.

Қызметтестерінің, көзкөргендерінің айтуына қарағанда Өзекеңде мансапқорлық, төкаппарлық, менмендік, өзін басқалардан жоғары ұстау деген болмапты. Барды қанағат тұтып, елге қызмет етуден басқаны ойламай «өзім деген кісіге» үлкен-кішісіне, лауазымына, әлеуметтік хал-жағдайына қарамастан «өзегін суырып беруге» даяр тұратын қасиетімен ел құрметіне бөлене біліпті.

Алайда кезінде Әуезовты әурелегендер, Мүсіреповты мүжігендер, Мұқағалиды мұқатқандар, Шәмшіні одаққа қабылдамағандар сияқты Өзекеңді де аяқтан шалушылар болды. Бірақ қаншама қиындық көргенімен ұлтын ұлықтаған азамат мойымады. Қайта қалың қазақтың Өзбекәлісіне айналып кете барды. Ақын Әселханша айтатын болсақ

Халқыңды сүйсіндіріп шын ісіңмен,
Адалдықтан болмады ырысың кем.
Сүйегіне жамандық дарымады,
Отырардың киелі нұры сіңген.

Иә, Ұлылық алыстаған сайын айқын көрінеді. Жыл өткен сайын Ө.Жәнібеков ағамыздың жарқын бейнесі жарқырай түсері анық... Осы орайда академик Рахманқұл Бердібайдың «...халқының рухани есеюіне, мәдени мұраны қайта жандандыруға елеулі еңбек сіңірген Ө.Жәнібеков туған жұртының алдындағы парызын адал атқарған жан. Оның бүгінгі және келешек ұрпақ алдындағы жүзі жарқын. Өзбекәлі қарақан басының пайдасы үшін ұлт мұратын сатпаған, дүниенің жылтырағына, мансапқа бола құбылмаған, ар-намыс туын биік ұстаған алаштың азаматы болды.

«Жұртына құрбан болсам деп, атына тұрман болсам деп» түн ұйқысын төрт бөлген, ел жүгін қара нардай қайыспай көтерген тұлға еді» деген пікірі еске түседі. Десе дегендей-ақ бүгін асыл азаматымен қайта қауышып отырған отырарлықтарға келешекте Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектеп-гимназияның алдына Өз-ағаның алып ескертішін орнатуды ойластыруда.

Ө.Жәнібек – тұлға!
Бүгінгі той – тұлға тойы!
Той құтты болсын!
Той толастамасын!

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ЗОР ТҰЛҒА

Көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамен қол алысып амандасқан, не бір дастарқан басында дәмдес болған емеспін. Ол кісінің есімін алғаш ұзақ жыл мектеп директоры боп істеген, тарихшы ағам Төленбайдың аузынан есітіп, ерекше толқып, тебіренгенім бар.

— Нағыз халық қамқоршысы дерлік, ойлы, іскер жігіт екен. Біздің Георгиевка қыстағындағы мүгедек балалар үйіндегі адам төзгісіз ауыр жағдайды өз көзімен көріп, шұғыл көмек көрсету қажеттігін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті бюросында мәселе етіп көтеріпті, – деп кешкі астан кейін Төленбай ағам сөз еткенде қарт Дайырбек әкем:

— Мүгедек балалар үйінде үлкен өзгеріс басталыпты деген дақпыртты мен де естідім. Ұзынқұлақтың аты ұзынқұлақ. Сен ондағы жағдайды нақты білсең, рет-ретімен түсіндіріп айтшы? – деп ерекше қызығушылық танытты. Анамның қасында отырған мен де елеңдей қалдым. Елеңдей қалғанымның себебі, Георгиевка қыстағы (қазір Көксәйек деп аталады) біздің ауылмен іргелес қыстақ болғандықтан ағам айтқан мүгедек балалар үйінің қасынан ары-бері жиі өтетінмін. Күзетшінің аула маңына ешкімді жолатпайтынына байланысты ондағы балалар тұрмысынан мүлде хабарсыз едім.

Төленбай ағам бір-екі жөткірініп алып:

— Облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы біздің көрші қыстақтағы мүгедек балалар үйінің жай-жапсарымен танысқалы келсе, «бұл жабық мекеме» деп директор ішке кіргізбей қайтарып жіберіпті, – деп асықпай сөзін сабақтады. – Мұны естіген облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков қауырт жұмысын жиыстырып қойып, мүгедек балалар үйіне өзі келеді. Келсе, адам төзгісіз, тіпті есі бүтін адамды есінен тандырарлық жағдайға тап болады. Бір аяғына етіктің, бір аяғына бәтеңкенің сыңарын киген жарымжан баланың әжетханаға жер бауырлап әрең жылжып бара жатқанын көріп, не дерін білмей состиып тұрып қалады. Тұла бойын ашу-ыза кернеген жас жігіт сабыр сақтап, мүгедек балалар үйінің директорына жолығып, сәлемдескен соң: «Сіздің қанша балаңыз бар?» – деп сұрайды. Ол «төртеу» деп жауап береді. «Егер сіздің балаларыңыз мынандай халге ұшыраса қайтер едіңіз?» – дейді. Директор жұмған аузын аша алмай, жерге қарайды. Одан жөнді жауап ала алмай тұрғанда балаларды мектепке апарғалы арбаға тией бастаған көріністі көріп тіпті қынжылады. Оларға автобус, не ары-бері жүруге арналған арбаша бөлінбеген.

Жас жігіт енді асхана жағдайымен танысады. Балалардың сұйық сорпаға бұрышты үйіп-төгіп салғанын көріп, аң-таң қалады. Өзіне балалар ішіп отырған сорпадан алдыртып, дәмін татып байқаса, сорпа дегендері сасыған мал майымен тұздықталған сұйық атала болып шығады. Ана байғұс балалардың бұрышты көптеп салатыны сорпаның мүңкіген иісін аздап болса да басудың амалы екен.

— Ой, мына директор тіпті оңбағанның оңбағаны екен ғой! Көшеде, не жиын-тойда кездесе қалса, «ассалаумағалку-у-ум, ақсақал!» деп екі қолын қатар созып, сонадайдан жүгіріп кеп сәлем бергенге жақсы бауырымыздың бірі ме деп жүрсем, сүмелектің өзі екен? – деп әкем бейне жау жағадан алғандай қатты кейіп, бұрқан-тарқан ашуланды.

— Ата-бабамыздың «Жетім көрсең, жебей жүр» деген өсиетін таза ұмытқан екен. Әй, Құдайдан үмітсіз, – деп анам да реніш білдірді.

— Одан ары қарай не болыпты? – деп әкем дегбірсіздене сұрақ қойды.

— Облыстық партия комитетінің бюро мәжілісі балалар үйінің директорын, аудан басшыларын қатаң жазалап, бюджеттен қомақты қаржы бөліп, балаларды оқытатын сыныпты жатақханаға орналастырып, спорт, ойын залдарын қажетті құралдармен жабдықтап, сапалы етпен, сүтпен, маймен, жеміс-жидек, көкөніспен жеткілікті әрі уақтылы қамтамасыз етуді міндеттейді. Оның орындалуын қатаң бақылауға алады. Тәрбиеленушілерді тауға, табиғаттың көрікті жерлеріне алып барып, серуендетуге автобус, олардың ары-бері жылжуларына қолайлы болсын деп коляскі бөлдіреді. Ерекше қуанышты жағдай – мүгедек балаларға арнап жаңа үй салынатын болыпты.

— Ой, айналайын, мынау естіген адамның жаны сүйсінер үлкен жаңалық екен. Анадан тұсаң ту осылай! – деп әкем қатты дауыстай сөйлеп, орнынан бірнеше рет қозғалып кетті. – Ол жігіттің аты кім дедің?

— Өзбекәлі.

— Өзбекәлі өсіп-өнетін жігіт екен. Алла алдынан жарылқасын. Жетімдерді жебегені – сауап. Оның бұл әрекеті басқаларға да ой салса ғой, шіркін...

— Мен түсінбеймін, ол балалар үйіне үкімет бұрыннан қаржы бөліп келе жатқан жоқ па? Балалардың нәсібесіне қалай дәті барып, қол сұғады? – деген анама:

— Дүниеқоңыздарда нысап бола ма? – деп Төленбай ағам қысқа жауап қатты.

— Өзбекәлі қандай отбасынан шыққан жігіт екен? – деді әкем ағама сұраулы жүзбен көз тастап.

— Тұрмыстың тауқыметін тартып өскен жетім жігіт екен.

— Е, бәсе, оның жалтаңкөз мүсәпірлерге жаны ашып жүргені содан ғой.

— Ауылдастарының айтуынша, ата-анасынан ерте айырылған ол адамдардың қаныпезерлігін ерте көріп, біліп өскеннен бе, сирек езу тартатын, жылпос-жарамсақтарға, опасыз сатқындарға ымырасыз, әйтсе де ызаланып, ашуланғанымен кек сақтамайтын, қайтымы тез жігіт көрінеді.

Отбасымызда болған осы әңгімені естіген мен кейін медицина институтын бітіріп, Алматыда қызмет істеп жүрген кездерімде Өзбекәлі Жәнібеков ағаның атақ-даңқын қанша есітіп, сырттай қызықсам да, кездесіп, сөйлесуге батылым жетпеді. «Ол кісінің қабылдауына не деп барам? Жай сәлем бергелі келдім дегенім ерсі болып жүрмей ме?» деген ой мені тежей берді.

Алматыға қыдырып келген әкеммен атақты дәрігер Ишанбай Қарағұлов аға әңгімелескенді ұнататын. Мақтанғаным емес, әкем сөзге шешен, шежірешіл кісі еді. Бірінші рет Ишанбай ағамен дастарқандас боп отырғанымызда, асаба әкеме сөз берді.

— Дүние жүзін бір емес, бірнеше рет аралап шыққан академиктердің қасында жайлаудан көшіп, қыстауды мекен еткен менің аузыма қай бір берекелі сөз түсе қояды дейсіңдер, – дегенінде:

— Біз емес, нағыз академик сізсіз, – деп қонақ боп отырған атақты кісілердің бәрі әкемді қолпаштап ала жөнелгені еді. Содан бастап Ишанбай аға маған телефон соғып:

— Әй, Мүслім, Дәкең (ол кісі әкемді құрметтеп, солай атайтын) Алматыға қыдырып келген жоқ па? – деп сұрайтын. Келді десем, академик достарымен бірге әкеммен дидарласатын.

Мұны еске алу себебім, әдеттегідей Ишанбай ағамен бас қосудан кейін шаңырығамызға қайтып келе жатқанымызда, әкем:

— Әй, балам, сен Өзбекәлімен таныстың ба? – деп сұрады.

— Жоқ, әке.

— Саған таныс, сөйлес деп қанша рет ескерттім. «Жақсыдан – шарапат» деп бабаларымыз бекер айтпаған, – деп әкем ренжіді. – Осы жолы мен ауылыма қайтқанша ол жігітті іздеп тауып, үйге қонаққа шақыр.

— Ол кісі келе қояр ма екен?

— Сексеннен асқан әкем шақырады десең, келеді. Келмеуі мүмкін емес. Ол есті, текті жігіт.

— Жарайды.

Бірақ Өзекеңнің басқа жұмыстарға ауысып кеткеніне байланысты реті келмей-ақ қойды.

Бұдан біраз бұрын Өзағаның екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы қолыма түсіп, бас көтермей, құныға оқып шықтым. Сырқат анасы екеуі екі керегеден құралған баспанада тірлік кешкен бала Өзбекәлінің мектепке барарда киер киімі болмай, жақын туыс ағасы жаны ашып Абан деген баласының ескірген костюмін бергенде: «Мені өлді дедіңдер ме, оған менің костюімді неге бересіңдер!» – деп Абанның жер тепкілеп жылағанын естіген ауру анасының:

— Мен осылардың «отымен кіріп, күлімен шығып жүріп» таптым осы сырқатты. Қарғамаймын ешқайсысын да. Тағдыр өзі-ақ туралайды бәрін. Өмірде бәрі қайталанады. Кім білсін, ертең күнің туса, сенің ескіңді ол киер. Жігіт болып қалдың, не болса соған қорғалақтай берме, – деп жұбатқаны қандай даналық?! Осы бір ғана сөйлемнен-ақ Өзағаның текті, көреген ананың перзенті екенін аңғару қиын еместей.

Тағдыр қатал, ешкімді есіркей бермейді десек те, Өзбекәлі ағаның ауыр тұрмысы күзгі ағаштың бұтағына ілініп, қалт-құлт етіп, үзілмей әрең тұрған сарғыш жапырақты көз алдыма елестеткендей еді. Мына жолдарды жігерің құм болып, жасымай оқу мүмкін емес. «Бірде күн батарда үйге келсем, апам терге түсіп жатыр екен. Сасқанымнан аяғын ұстай алыппын. Мәдине қайтыс болғанда, адамның өлерде аяғының суынатынын көргенім бар-тын. Әл үстінде жатқан апамның аяғы тізесіне дейін тастай болып, суып қалған екен. Секеңнің бәйбішесі Рахия шешейге барып, апам қысылып жатыр деп жылап қоя беріппін. Ол кісі сен бара тұр, мен анау тігінші атаңды ертіп келейін деді.

Тігінші деп отырғаны осы өңірге белгілі еркек киімдерін тігетін Раманқұл деген кісі. Ол кісіні ел арасында «Раманқұл машинеші» деп те атайтын. Ол келіп өлім үстінде жатқан анама дем салды, маған ризашылығын сұрады. Апам болса, бұл балама ризамын, мені осындай халде тастап кеткен Спандиярға риза емеспін дегенді айтты. Рахия шешей: «О, жазған, балаң өзі кеткен жоқ қой, әскерге алынды емес пе, оған несіне ренжисің?» дегенде ғана апам Спандиярға да ризашылығын білдірді.

Осылайша ісін бітіріп, бұл екеуі үйлеріне қайтпақ болды. «Сен шешеңнің қасында боларсың» дегенді естігенде, апамның сол түннен аман шықпайтынын сезгендіктен жалғыз қалуға қорқатынымды айттым. Рахия шешей: «Ендеше ана балалардың аяқ жағынан көрпесіне кіріп жат. Біз осында болармыз» деген соң, басымды жастыққа қоя салысымен сілем қатып, ұйықтап кетіппін. Мені шығарып салып, олар да үйлеріне қайтыпты. Сөйтіп байғұс анам екі керегенің арасында жалғыздан жалғыз жарық дүниемен қош айтысыпты. Мұны қалай кешіресің?...»

Қандай ауыр, ащы шындық! Бұдан асқан мейірімсіздік, қатыгездік бола ма? Бұл «Жаны ашымастың қасында басы ауырмастың» ең сорақы түрі емес пе? Рахия шешейдің де, Раманқұл қарттың да өлім аузында жатқан жанды жалғыз тастап

кеткенін қалай түсінеміз? Тіпті ұл-қыз өсіріп отырған ананың: «Сен шешеңнің қасында қал» деп әлжуаз, оң, солын танымаған баланы ауыр сырқаттың жанына жалғыз қалдырып кетпек ниеті кім кімді де қатты шошындырары анық. Осы азапты ойдан мені бала Өзбекәлінің сезімталдығы, жағдайды болжап, түсіне алатындығы сергітті. Оның жалғыз қалуға қорқатынын айтқанына, соған ақылының жеткеніне шүкір еттім. Егер жазатайым ынжықтық танытып, сол түні өлім аузында жатқан анасының қасында қалғанда, қорқыныштан жүрегі жарылып о дүниелік боп кетуі де мүмкін ғой.

Анасын жерлеп келгеннен кейінгі көрініс мынандай. «Мұндағылар апамның киім-кешегін, көрпе-төсегін өртеп, ыдыс-аяғын жерге көміп жатыр екен. Апам мен әкеп берген қауыннан үнемі қақ тіліп, керегенің көзіне іліп кептіретін. Сол бейшараның «Спаным келсе, тойға жаратамын» деп өріп қойған қақтарын да лақтырып жіберіпті.

Ол сонша алапеспен ауырып па? Ең болмаса, осындай «құлақ есітіп, көз көрмеген» сұмдықты маған көрсетпей-ақ істесе қайтер еді? Оның үстіне сарыппен (ревматизммен) науқастанып, жүрек ауруына шалдыққан сорлы анамды ауруханаға салып емдетпегені былай тұрсын, әскерге кеткен баласынан қалған бес-алты қойын, бұзаулы сиырын, баспағын жаратып, дәстүрлі «жетісін», «қырқын», «жылын» да өткізбеді. Анамнан айырылған сол бір қаралы күнгі ағайын-туғанның зұлымдығы мен екіжүзділігі естен кетпес қайғылы қасірет болып, жүрегімде мәңгілік қалып қойды».

Мойындауымыз керек, мұндай дүниеқоңыз, қаныпезер, мейірімсіз ағайын-туыс әр ауылда да бар. Сөзбен «бейшараға обал болды-ау» деп аяғансып, қолға іліккенін талап, тонап алатын тойымсыздарға жол бермес үшін не істеу керек деген ащы ойға еріксіз берілесің.

Қайғыға қайғының жамала түскені қандай ауыр. Кітапта анасына әмеңгерлік жолмен үйленген туысы Серім Өзбекәліні жетегіндегі атқа мінгізіп, мектепке алып бара жатады. Жолай кездескен адам: «Секе, бұл кімнің баласы, қайда алып барасың?» – деп сұрағанда, оның жесір әйелдің баласы, мектепке алып барам» – дегені Өзбекәлі жүрегін мәңгіге жаралағаны сөзсіз. Серімнің өз бауырынан «Жәнібек туысымның баласы» деген бір ауыз сөзін аяғаны неткен ақымақтық! «Асы жоқ алтын аяқтың, алтынын ал да отқа жақ» демекші, ондай ағайынды бар есебіне санаудың өзі қиянат.

Өзбекәлі үлгілі шәкірт атанады. Мектептегі қабырға газетіне «өте ұқыпты, сабақты жақсы үлгеріп, кластастарының алдына шықты» деген жолдарды оқыған әр оқырман еріксіз толқып, қуаныш сезіміне бөленері анық.

Кітапта жан жадыратар, қайрат-жігер сыйлап, үміт отын тұтатар ауыл ақсақалдарының ойлы, өнегелі бейнелері де жасалған. Мысалы, өмірі жарып тамақ ішпеген, сіңірі шыққан кедей болғанмен қайырымдылықты, адалдықты айнымас серік еткен аласа бойлы, ат жақты, бадырақ көз Құрман қарттың парасаттылығына тамсана таңдай қағасың. Ол үйінің түндігін жауып ішке кіре бергенде ерке бала Өзбекәлі түндігін айқара ашып, сықылықтап күліп, зыта жөнеледі. Бұл әрекетін бір емес, әр кез қайталайды. Құрман қарт «ой, мен сені құртайын» деп жорта құғанмен қабақ шытып, ашуланбайды. Кейін Өзбекәлі Алматыға оқуға аттанғанында: «Қайтейін, қарағым, саған беретін қаражат болмады. Сүтіне шәй ақтап отырған жалғыз ешкіні сатайын десем, жақын жерде базар да жоқ» – деп егіле сөйлеп, «атаңның саған батасынан басқа берері болмады» деп қолын жайып, бата беруі елдің елдігін танытқандай. Ол кісінің: «Балам, мерейің үстем болсын десең, құрбы-құрдастарыңмен, замандастарыңмен тату-тәтті бол» – деген сөзі де баршамызды ойлантып, түзу жолға бастайтындай.

Жасаған ағаш кебеже, жүкаяқ, қобдишалары кез келген үйден табылатын Әзімбек деген ұста атасының үйіне барған сайын қуанып, сақтағанын алдына тосып, ән айтқызуы, ризалығын білдіріп, оны жігерлендіруі, Мүсірәлі деген атасы кемпірінің жапқан екі таба нанының біреуімен шай ішіп, «қалған таба нанды балаға бер» дегенде кемпірі келіспей, қабақ шытқанын көріп, қамшысын ала ұмтылуы, «балам, ал мынаны. Сенің тарығып жүргеніңді білем. Келіп тұр біздікіне» деуі – шын жанашыр, мейірімді, ақылды ақсақалдардың бейнесін толықтыра түскендей. Ол кісілердей жақсы адамдар болмаса, өмір тозаққа айналар еді-ау деген ойға еріксіз берілгенім де бар.

Абай атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін бітіріп, ауыл мектебінде үш жыл мұғалім болғандағы ізденістері, ұстаздық жолдағы ой-толғамдары Өзбекәлінің еңбексүйгіш, саналы азамат болып жетіле түскенін аңдатады. Ата-аналардың, шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленгені туралы: «Бір жолы тымауратып жатып қалдым. Ол кезде әлі үйлене қойған жоқ едім. Олар өздерін қоярға жер таппай әбігер болып, дәрігерге жүгіріп, дәріханаға барып, базардан дәм тасып, әлекке түскенін көргенде еңбегімнің босқа кетпейтінін алғаш рет сезінгендей болдым. Арада қанша жыл өтсе де шәкірттерім көз алдымнан кеткен емес» – деп жазғанынан да көп сыр ұққандаймын. Егер Өзағам комсомол, партия қызметіне ауыспағандай күн туғанда тамаша ұстаз болып, тәрбие саласынан құнды еңбектер жазуы да сөзсіз еді деп ойлаймын. Ол кісінің мектептен тыс қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы, әсіресе аудандық «Білім» қоғамының тапсыруымен далада арық қазып жатқандарға халықаралық жағдай туралы лекция оқып, көзге түсуі комсомол, партия жетекшісі боп жетілуіне жол ашқан мүмкіндік дер едім.

Өзбекәлі ағамыздың жоғары лауазымды қызметтерді адалдықпен, іскерлікпен, үлкен жауапкершілікпен атқарғаны ұрпағымызға мәңгілік өнеге. Бір ғана дәлелге жүгінейін. Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Макаров бюро мәжілісінде облыстық ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Т.Назарбековты жұмысынан босатып, орнына У.Горячковскийді бекітуді ұсынады. Оған облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Ө.Жәнібеков Назарбековтың алған бетінен қайта қоймайтын, көп мәселелерді хатшының көмегінсіз, өзі-ақ қолма-қол шеше беретін іскер басшы екенін айтып, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Макаровтың шешіміне қарсы болады. Мына жолдарды оқып көрелік: «Виктор Иванович, сіз кадрларды жақсы біле бермейсіз (оның әбіржіп қалғаны байқалды). Өйткені олардың қай-қайсысының болса да мансабы, қызметінің сәтті болуы, жеке басының есен-саулығы сізге байланысты. Кебісіңізді сүйіп, алдыңызда құрдай жорғалағанның бәрі сізге қабілетті, кішіпейіл, қызметіне жан-тәнімен берілген жандар болып көрінуі мүмкін» – дей келіп: «Мен Горячковский сияқтыларды сізден гөрі жақсы білем. Ұйымдастырушылық қабілеті шамалы, хатшыларға қағаз тасығаннан басқа қолынан ештеме келе қоймайтын адамның Назарбековты алмастыратындай оның қай қылығымен сізге жағып жүргенін түсіне алмай отырмын» – деуінің өзінен-ақ шын мәнінде тек әділдікті жақтайтын ержүрек күрескер бейнесін танытынымыз анық.

Көп ұзамай Өзбекәлі Жәнібеков республика деңгейіндегі комсомол басшылығына ауысып кетіп, В.Макаров мәселені «қайта тексерген» болып, Горячковскийді ауыл шаруашылық бөлімі меңгерушілігіне қайта ұсынады. Бұл жолы оның ұсынысын бюро мүшелерінің бәрі қолдайды. Бұл қателікті облыстық партия комитетінің өзі жарты жыл өтпей-ақ түзеп, Горячковскийді қызметінен босатуға мәжбүр болады.

Осы бір ғана мысалдан Өзбекәлі Жәнібековтың кадрларды тани білетін көреген, күрескер қасиетін аңғарамыз. Мұндай кісіні сүймеу, құрметтемеу мүмкін бе, сірә? Өзім Түркістанға жолым түскен сайын Арыстан баб әулие мен Өзбекәлі ағамның кесенесіне тәжім ете иіліп, құран бағыштаймын.

Көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Михаил Есенәлиев ағаның: «Өз басым лауазымына қарамастан, өмірде қиын да болса өз жолымен жүрген, мықты сүйеніші, қоңды күмәнжігі, не ықпалды туыстары мен жерлестері сияқты тіректеріне арқа сүйемейтін, ешкімге жағынбай, ешкімнің алдында жорғаламай, қателесе жүріп, талай төмпештерді көре жүріп, өз деміне піспей, көкірек кермей, шырт етпе шамшыл болмай, тұтас тұлғаға айналған адамды сыйлаймын. Өзбекәлі Қазақстанның осындай қайраткерлері қатарында болатын» – деген бағасын қуана құптаймын. Ол кісінің екі томдық таңдамалы шығармаларын оқып, ұлттық мүддеміз, ұлттық құндылықтарымыз туралы тың мағлұматтар алып, рухани баи түскенімді үлкен ризалық, алғыс сезіммен атап өткім келеді.

Әсер-сезімімді түйіндей айтсам, халқымыздың абыройына абырой қосқан, азаматтық ар-намысын әрдайым ту етіп биік ұстаған, біртуар Өзбекәлі ағамызбен кезінде қарым-қатынас жасай алмағаным, жастықтың әсерінен «мен дәрігермін, ол кісі партия қызметкері, сөзім жараса қоймас» деп тартыншақтағаным қазір қатты өкінем. Адамның жасы ұлғайған сайын халқыңның тағдыры туралы ойларға жиі батып, өткен тарихымызды білуге деген құштарлығың еселеп арта түседі екен. Жұбанышым – Өзағамның екі томдық таңдамалы шығармаларының тағылымдық, тәрбиелік мәні терең дүниелер екеніне толық көз жеткіздім.

Жақында Арқалық қаласында қызмет еткен туыс інім Тұрсыннан Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың ұлттық намыс, ұлттық мүдде туралы жазғандары, сол жолдағы ізденістері туралы арқалықтардың аңызға бергісіз әңгімелерін естігенімде де ол кісіні іші-бауырым елжірей жақсы көре түстім. Ендігі ниетім – Өзағам туралы жазылған естеліктерді, зерттеу еңбектерді іздеп тауып алып, оқи беру, Өзағам туралы біле беру.

Сиязбек МҰҚАШЕВ,
Қазақстан Республикасы кәсіподақтар
Федерациясының төрағасы

РУХҚА ТАҒЫМ

«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп ұлы Абай бабамыз айтқандай сондай тұлғалардың бірі абзал аға Өзбекәлі Жәнібеков тек қана сөз қалдырған жоқ, бай мұра, еңбек қалдырды.

Қазақ зиялыларының бірнеше буыны Өзбекәлі Жәнібековтен парасаттылықтың, ізгіліктің, адамгершіліктің, ұлтжандылықтың, еңбекқорлықтың, тазалықтың үлгісін көрді, мектебінен өтті. Мен де ол кісінің тәрбиесін көрген інілерінің, қайраткердің басқаруымен жас кезімнен тәрбие алған азаматтардың бірімін.

Ол кісінің замандас інілері қамқорлығын көрген, жүрегінің жылуынан қуат алған біздер әрқашан еске алып отырамыз.

Өзекең терең білімді, талантты, ар-ожданы кіршіксіз таза адам еді. Осынау ақыл-ой иесінің өзінен кейінгі ұрпаққа үлгі болатындығы, жарқын бейнесі мен өмірлік

ұстанымы біздің халқымыздың есінде екендігінің куәгері болып жүрміз. Соңғы кездерде Жәнібековке арналған нақты іс-шаралар, басылымдарда біраз естелік мақалалар, кітаптар шығып жатыр.

Көне тарихымызға терең үнілмей-ақ, өзіміз куә болған өткен өміріміз туралы біраз мәселер көтеріліп жүр. Оның ішінде жағымды, жағымсыз жақтары да аз емес. Кеңес уақытында, тар шеңбердің ішінде сол идеялогияның кезінде елім деп еңіреп әдебиет, мәдениет, рухани экономика мен саясат мәселелерінде үшүсіз үлкен еңбек еткен аға ұрпақта азаматтар көп. Солардың ішіндегі Өзбекәлі Жәнібековтің алатын орны ерекше. Ол кісінің елімізге сіңірген еңбегі сол кездегі көтерген мәселелердің барлығы бүгін мына егемендік алғанда 20 жылдық тарихымыздың төңірегінде орнына келіп қалыптасып келе жатқан сияқты. Оны айтып отырғаным, осы тақауда Өзбекәлі Жәнібековтің 80 жылдығына арналған Отырарға туған өлкесіне барып, онда өткен игілікті іс-шаралардың куәсі болып, біраз әсер алып соның негізінде бұрыннан бір ойда жүрген әртүрлі кезеңдегі Өзекең туралы ойлар, естеліктер жөнінде пікір алысқанда соларды қағазға түсіріп көрсетейін деп уәде беріп едім.

Елімізде әр деңгейде өтіп жататын көп жиын тойлармен салыстырсам, Отырар ауданының әкімі Бейбіт Сыздықов азамат, жас та болса бұл шараға үлкен жауапкершілікпен дайындалған екен. Қажымұқан атамыздың 140 жылдығын, Өзбекәлі ағамыздың 80 жылдығын бір күндік бағдарламаға сиыстырып, бірақ екеуінің де тарихтағы өзінің орнын ерекше атап, ұрпақтары куәсі болып, қуанышқа келген қонақтардың барлығы да шаршамай ризашылық білдіріп қайттық.

Ауданда арнайы ескерткіштер мен мұражай бой көтерді. Сонымен бірге, «Тәуелсіздікке 20 жыл атындағы саябақ» пен «Ақындар аллеясы» ашылды, арнаулы өткізілген тәжірибелік конференция да көңілімізге қонды. Тек қана мұражай ашып, дастарқан жасаумен емес ауданның орталығы Отырарды көркейтуде де және Ұлы бабамыз Арыстанбабтың кесенесі, Өзекеңнің зираты қалыпқа келтіріліпті. Сол жерде зәулім мешіт салынып, қонақ үй бой көтеріпті. Қай деңгейде, шетелдік болса да, өзіміздің елден келген саяхатшылар болса да көргенде ұялмайтын деңгейге жеткізіп, отандық туристік кластер санатына жататын дәрежеде деп толық айтуға болады. Өзбекәлі мектебінің түлегі, жанкешті азамат, ғалым, профессор Құлбек Ергөбектің басқаруымен өткен конференцияда баса айтылғаны – Өзекеңнің өз атағы өзіне жетеді, бүгінгі атқарылып жатқан шаралардың бәрі болашақ ұрпаққа, жаңарып жатқан тарихымызға керек деген пікірлер болды. Енді баяғы әдетімізге салмай осыны жалғастыру керек екеніне назар аударылды.

Ал енді Шәнкәрім ата ғұламаның
Сертіме жету арманым
Көтерем тағдыр салғанын
Өлгенімше ізденем
Толтырар кемін қалғаным
Адам үшін еңбегім
Өмірден барлық тергенім
Қалағаның қарап ал
Мұрам сол жастар бергенім. – деген ұлағатты толғауы
Өзекеңе де бүгін келіп тұр.

Қазақстан комсомолы орталық комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков барлық қазақ жастары үшін ерекше үлгі болды. Ол шын мәнінде қазақ ұлтының асыл азаматы, біртуар қайраткері, Отанын аялай ардақтап өткен асыл ұлы еді. Сол

Өзекеңнің алдын көріп, ақылын тыңдап, сырын жаттап өстік. Қазақ елінің бүкіл бір ұрпағы ағамыздың адамдық намысшыл мектебінен өтті десем артық айтқандық емес. Сол мектептің түлегі бүгінгі Елбасы, Олжас Сүлейменов және елімізге белгілі бүгінгі ақсақалдар К.Аухадиев, М.Жолдасбеков, М.Шайжүнісов, М.Шәкенов, Р.Шардабаев, В.Косарев тағы көп қайраткерлер.

Өзекеңмен тұңғыш кездескеніміз 1964 жылы Қызылқұм ауданында Айтбек Мұсаевтың комсомол жастар бригадасының тәжірибесін насихаттауға арналған республикалық комсомол ұйымының басшыларымен жиыны болды. Өзекең үлкен әсер қалдырды, жүріс-тұрысында, сөйлеген сөзінде, бізге берген тапсырмаларында, нақты шаралар белгілеп, ел жастарын еңбекке жұмылдыру, еңбек арқылы одан әрі тәрбиелеу мәселелеріне көп көңіл бөлді. Өзім сол кезде Семей облысы Аягөз ауданының комсомол ұйымының хатшысы болатынмын.

Біраз жылдардан кейін орталық комсомол комитетіне мені жауапты ұйымдастырушылыққа шақырып, содан бастап Өзекеңнің тікелей басқаруымен жұмыс жасадық. Ол кісінің Мәскеудің алдында, өзіміздің жастардың алдында да беделі зор болды. Көп нәрсе үйрендік, тіпті өмірлік мәселерді айтсақ, комсомол жастар бригадасы жөнінде соңғы кездерде әртүрлі пікірлер бар, қазақ жастарын қойшы қылуға, қара жұмысшы қылуға комсомол тәрбиеледі деген. Олай емес еңбекпен шыңдалған азаматтардың басым көпшілігі кейін үлкен басқару қызметте болды. Сол Айтбек Мұсаевпен осы жолы кездестік, ел құрметіне бөленген, көп жыл шаруашылық басқарған, бүгінгі зейнеткер.

Өзбекәлі Жәнібековтің мінезі қатал болды, бәріміз жасқанып ол кісінің саясатына қарсы келе алмайтынбыз, өйткені жүрегіміз сезіп тұратын жасап жатқан шаралары дұрыс екендігін. Бірақ өзінің мінезінің қаталдығынан, алған бетінен, айтқанынан қайтпайтынынан да біраз қиыншылықтар көрді, оған біз қынжылатынбыз. Қазақстан комсомолының бірінші хатшылығынан Торғай облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып кеткенде де бәріміз бұл дұрыс болмады ғой, деп көңіліміз толмай шынымызды айтсақ, біраз қиналды. Қазір Торғай өңірінің азаматтары Өзекеңнің жасаған еңбегін жыр қылып айтады. Ол туралы Арқадан келген азаматтар конференцияда жақсы естеліктер айтты.

Өзбекәлі Жәнібеков өнерді жан-тәнімен сүйген, ұлттық құндылықтарымызды, жәдігерлерімізді жинаған ірі ұйымдастырушы. «Адырна», «Сазген», «Ғасырлар пернесі» одан «Отырар сазы» оркестрінің құрылуының ұйытқысы болған да Өзекең.

Көп ғибратты істерінің ең абыройлысы да, ең ардақтысы да халқымыздың жады мен тұрмысында сақталып қалған салт-дәстүрлерінің өмірге қайта оралып, ұлт салтанатына айналуы. Өзекең Мәдениет министрі, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болған жылдары Наурыздың мемлекеттік дәрежесінде бүкілхалықтық мейрам болуына тікелей бастамашысы, Шәкәрім, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов сияқты көп Алаш азаматтарын өмірге қайтаруы, Түркістанға сіңірген еңбегі тіпті ерекше. Өзінің «Тарлан» деген 29 қазан (Комсомолдың туған күні) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған естелік мақаласында белгілі қайраткер, сенатор, республиканың комсомол ұйымын басқарған Қ.Сұлтанов інісі көп шындықты нақтылаған.

Енді өз басыма байланысты кейбір естеліктер. Талдықорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жүргенде Панфилов ауданынан әріптесім Серғазы Беспәев телефон шалады:

— Өзбекәлі Жәнібеков екі күннен бері біздің ағаштан жасалған мұсылман

мешітінде қолында балғасы бар жұмыс жасап, соның ішінде жүр, ешқайда шықпайды. Екі рет бардым, сөйлесейін деп. Амандастым, ауданның хатшысымын дедім. Бетіме қарап, басын изеп әрі қарай жұмысын жалғастыра берді. Не жасаймын енді? Сен бірге жұмыс істедің ғой, маған ақыл берші, ұялып жүрмін – дейді.

— Секе, сен өкпелеме, ол кісінің мінезі солай. Келген жұмысын бітірмей ешқайда бармайды, сөйлеспейді де. Өз басымнан да өткен. Тыңдап ал дедім: Өзекең Торғай облысынан келіп, орталық партия комитетінің бөлім бастығы болып тағайындалды, мен сонда инспектор жұмысын жасаймын, кабинетіне кіріп амандастым.

— Садись, – деді. Отырдым, төмен қарап бір қағаз жазып отырған. Біраз күттім. Қолында (біз «жауыз қайшы» деп ат қойған) ұзын қайшысы. Қайшысымен қағазды қиып, желімдеп құжат дайындап жатыр. Үндемейді. Содан орнымнан тұрып:

— Ал, Өзеке сау болыңыз! Мен кеттім, – дедім. Подожди, – дегеніне бұрылмай шығып кеттім. Содан өкпелеп жүрсем екі күннен кейін мен отырған бөлмеге бір кезде өзінің қарамағында істеген комсомол қызметкерлері болған әріптес инспекторлар Х.Закирьянов, Ю.Додонов, Г.Орынбаев, Г.Митрофаненколарды ертіп есікті ашып:

— Посмотрите на него, он вчера обиделся и обругал меня, – деп күліп тұр. Інім өкпелеп кетті ғой деп ағаның кішіктігі. «Ұлық болсаң, кішік бол!» деген осындай болар.

Тағы бір мысал:

Кейін мәдениет министрінің орынбасары болып жүргенде атақты Алдаберген атындағы, 20 еңбек ері шыққан колхозға келіп, кешкісін облыс орталығына бармай ауылдық қонақ үйде қонып қалыпты. Мен қарсы алып шай бергенде сізді сұрады, – деп колхоз басшысы, марқұм Көшкінбай Жанатов звондады.

Қолма-қол мен жиналып бардым, екеуміз тағы сөзге келісіп қалдық:

— Өзеке, қалай, ұят емес пе, ауылға келіп жатырсыз. Хабарласпайсыз ба?, – деп баяғы өзімсініп ренжіп жатырмын. Онда ертең біздің ауданды аралайсыз, менің қарауымда боласыз деп едім, көнбей басқа ауданға барам деді. Болмаса үйге келесіз,- дедім. Бірақ кешінде біздің үйімізге арнайы келді.

Дастарқан басында отырғанда:

— Өзеке, сізден мен жалпы жасқанамын, енді менің шаңырағымда отырсыз келінігізден ұят болады, күлкіге қалдырмай жайдары болыңыз, әдейі ешкімді қосқанымыз жоқ әңгімелесіп отырайық, – дедім.

Келінін шақырып біраз жақсы тілектерін айтты.

Қ.Аманжоловтың «Жас дәурен» деген әнін жақсы нақышына келтіріп айтатын. Сұрап отырып оны айтқызып жақсы көңілді кеш өткіздік. Бір жасап қалдық. Сондай жақсы есте қаларлық оқиға болды, – деп Серғазыға түсіндірдім.

— Сен келінігіз ас әзірлеп жатыр, менің шаңырағымның қонағы болыңыз деп шақырсаң, ол кісі міндетті түрде үйге барады, ал басқа жерге шақырсаң келмей қалуы да мүмкін, – дедім.

Біраздан соң Серғазы маған хабарласып рахметін айтты, жайдары терең адам екен деген пікірін де қосып.

Дүниежүзілік жастар фестиваліне дайындыққа он бес күн ерте шақырып Мәскеуде комсомолдың «Юность» қонақ үйінде жаттық. Оған дейін Өзекеңмен араласпағам, таңертең тамаққа бірге барамыз. Мен жайғасып орныма отырғанша тамағын ішіп болады да маған қарап – ал мен кеттім, – дейді. Еріксіз мен де ілесіп шығамын, кейінірек Өзекеңе де айтатынымын аш-құрсақ болып жүріп тамақты тез ішуді сізден үйрендім деп.

Соңғы кездесуіміз Алматыда емханада болды. Есік алдында әңгімелесіп өткен өміріміздегі кейбір естеліктерімізді айтып, сол кездегі елдің жағдайының қиындығына қынжылысымызды да бөлісетінбіз. Бір сөзімде:

— Өзеке, мені жұрт болмайтын Мұқашев дегеніңізді қойыңыз (солай қалжыңдайды), мен де бірнеше немеренің атасымын, ақсақал болдым, жұмыс дәрежем де жаман емес, – деп едім, тағы да маған сын қалжындарын айтқанда:

— Өзеке, сіздің 30 жыл айтқан идеологиялық уағыздарыңыз қате болып жатыр ғой, сондықтан сізден күмәндана бастадым, – деп едім, біраз үндемей отырып:

— Ал жарайды кеттік, бәрібір, жұрт болмайтын Мұқашев – деп орнынан тұрып қош айтыстық.

Көп ұзамай Өзекең о дүниелік болды. Топырақ салуға қатыса алмағаныммен, кейін артынан арнайы барып құран оқытып рухына бас иіп қайттым.

Бұл жолғы сапар қасиетті Құрбан айтының күндерімен сәйкес келіп рухани әсер алдық. **Ауа-райы да жарықтықтың өз мінезі сияқты біресе жарқырап, біресе бұлттанып самал желімен қасиетті ұлы дала Азаматының тірі күніндегі болмысын қайталағандай болды.**

Көпен ӘМІРБЕК

ӨЗАҒАМНЫҢ ЖҮЗІМІ

Жексенбі болатын. Оянғаным сол... Таңалакеуімде телефон шырылдады. Көтердім. Жұмсақ биязы дауыс. Үні, сөз саптауы таныс. Бірақ танымадым. Аман-саулықтан соң:

— Бүгін қолың бос па? – деді.

— Сіз үшін уақыт табамыз ғой, көке! – дедім оңтүстікше орағытып.

— Онда қазір үйге кел. Дачаға барамыз, – деді «бейтаныс» көкем.

— Қай үйге барайын? – дедім кім екенін білгім келіп.

— Менде қанша үй бар еді? Бір-ақ үй ғой, – деді о кісі де алдырмай.

«Ойпырмай, кім болды екен?» – деп аң-таңмын.

— Көке, үйге кірмей-ақ қояйын. Далаға шығыңыз. Қай көше мен қай көшенің қиылысында тұрасыз? Сол жерге барайын.

— Сен онда былай істе. Әлгінде Керімге телефон соқтым. Машинаң бар ғой, соны үйінен алып, маған кел.

Керімді білем. Пірімқұлов. Парламент мәжілісінің депутаты. Сол бауырыма телефон шалдым.

— Кереке, көкеміз дачаға шақырып жатыр екен, – дей беріп ем:

— Иә, иә! Қазір ғана сөйлестім. Өзбекәлі ағамның дачасын көрген жоқ ем. Жақсы болды! – деп қуанғандай рай танытты.

Ою-о-о! Өзекең екен ғой. Өзбекәлі Жәнібеков. ЦК-ның секретары. Жақында ғана зейнетке шыққан.

Сонымен «соқамызды» сүйретіп Өзағамның саяжайына бардық. Қалихан жеңгем немерелерімен сонда екен. Қауқылдасып амандастық. Алатаудың баурайындағы айналасы алты-жеті соттық аядай жерге аршыған жұмыртқадай үй тұрғызыпты. Үй деген аты ғана. Бір-ақ бөлмелі. Кіре-берісте дәлізі мен шағын асхана. Болды. Бар-

жоғы сол. «Жұрттар тастан сарай салғызып жатқанда көкемнің мұнысы несі?» – деп ойладым. Осы ойымның ағынымен:

— Көке, мына жерге біреу театр салып жатыр ма? – дедім көршісінің көк тіреген зәулім ғимаратын иегіммен меңзеп.

Жауап бермеді. Үн-түнсіз. Тіпті жүзінде «Сен не деп тұрсың?» деген ишара да жоқ. Өзім ыңғайсызданып қалдым.

Білдей бір депутат, бір сықақшы, сосын ЦК-ның секретары үшеуіміз түске дейін жер аудардық. Өзағаң шаршамайды. Күрегіне сүйеніп сәл-пәл демалады да әрі қарай кіріседі. Баяғы бала кезден кейін қолымызға кетпен-күрек ұстаған емеспіз, екі рет еңкейсең ентігіп қаламыз. Осыны байқады ма қайдам, Қалихан жеңгей:

— Біреулерді әкелсе сөз қылады деді ме, ағайын болғасын екеуіңді шақырды ғой, – деді аяушылық білдіріп.

— Жо-жоқ, жеңеше. Қанымыз жүріп, адам боп қалдық! – деді депутат қайнысы тігісін жатқызып. Түсте дастарқан басына жиылдық та, бұйырған дәмнен татып, тыныстадық. Әңгіме барысында: – Ағаларың сондай, – деді жеңгем көкемізге өкпе-назын танытып. – Жұрт бір үйін екеу, екі үйін үшеу қып үлкейтіп жатса, ағаларың қызықпайды. Тіпті ондайларға аяп қарайды. Зейнетке шыққасын өкімет «Интернациональный» көшесінен үш бөлмелі үй берген екен. «Кемпіріміз екеуімізге екі бөлме де жетеді», – деп үш бөлмеден бас тартыпты. Соны естігесін дәулердің есігін қағып жүріп, үш бөлмелі пәтерді әрең қайтарып алдым.

Көкеміз жеңгейге көзінің астымен бір қарады да, қоя салды. Үндемеді. Не ойлады екен? Есіме Арқалықтан шыққан арқалы ақын Серік Тұрғынбековтің әңгімесі түсті. Сонау жетпісінші жылдардың басында Торғай облысы ашылғасын, Өзекең сол өлкенің идеология жөніндегі хатшысы боп барады. Істеген ісі, атқарған шаруасы қыруар. Малшы ауылды аралап жүріп, бір шопанның киіз үйіне кіреді де, кетер кезінде:

— Анау есік алдында жатқан ағаш ыдыс не ыдыс? – деп сұрайды.

— Итаяқ! – дейді шопанның әйелі.

— Итаяқ болса... Сол итаяқты маған беріңізші! – деп сұрайды.

Айналасындағылар «Обкомның хатшысы итаяқ сұрағаны несі?» – деп аң-таң болады. Сол «итаяқ» Өзағаңның өзі ұйымдастырған Арқалықтағы мұражайдың төрінде тұр.

Сөйтсе сол «итаяқ» XVIII ғасырда ағаштан ойып жасалған аса құнды астау екен. Бабалардың көзін көрген жәдігерді қалай таныған! Үш бөлмелі үйге қызықпай, «итаяққа» көзі түскен көкеміздің елге атқарған еңбегі, әсіресе ұлттық дәстүрімізді ұлықтау жөніндегі атқарған ісі ұшан-теңіз.

Белгілі сықақшы, этнограф Сейіт Кенжеахметұлы қазақтың ұлттық дәстүрі мен салт-санасы туралы диірменнің тасындай үш кітап жазғаны белгілі. Ол жазған жоқ. Жинады. Жинақтады. Шөпшек тергендей терді. Зерттеді. Зерделеді. Түйді. Түйіндеді. Міне, еңбек! – Менің осы салаға ойысуыма Өзбекәлі Жәнібеков ерекше әсер етті. О кісімен қалай араластым, солай этнограф боп шыға келдім! – деген еді Сейіт аға. Аты-жөнін ұмытып қалдым, Қазақстан Орталық Комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі боп істеген бір кісінің Өзекең туралы айтқан естелігі есімнен кетпейді.

— Алпысыншы жылдардың басында Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстан комсомолының тізгінін ұстады. Бірінші хатшы. Сол тұста Мәскеуде өтетін бүкілодақтық комсомолдар съезіне Қазақстаннан 150 делегат қатысу керек. Біз сол съезге 100 орыс және әртүрлі ұлттан, оның ішінде қазақ, неміс, кәрісі бар 50 адамның тізімін

дайындап, Өзекеңнің алдына апардық. О кісі тізімдегілердің ұлтын бір бөлек санап шықты да, дәу қара қамшысымен қағазымызды турап тастады. Бізде үрей жоқ. Сосын:

— Мәскеудегі орыстарға орыс апарып, орыстарды таң қалдыра алмайсыңдар, — деді жай ғана жабырқау үнмен. — Жүз орыстың орнына жүз қазақ дайындаңдар. Қалғаны басқа ұлт болсын. Ол кезде солай сөйлеу ерлікпен парапар еді. Ұлтымызды сүю сезімі санамызға ұялай бастады. Ұясын салған әрине, біздің Өзбекәлі болатын.

Бұл мыңдаған естеліктен бір пұшпағы ғана. Біз Жәнібеков туралы көп жазылды дейміз. Көп жазылған жөн. Көп айтылған сияқты. Әлі айтылмаған қыры мен сыры қаншама. Енді 2031 жылы Өзекең 100 жасқа толады. Соған дейін соның орнын толтыру бүгінгі ұрпақ пен көзкөргендердің еншісінде.

Мен енді көзіммен көріп, көңілмен түйгенімді баяндайын. Әңгімеміздің басы басталды да аяқталмай қалды ғой. Өзағаңның саяжайына оралайын. Түстен кейін жиі егілген жүзімдерді жегенелеп, арасын сиретіп, артылған оншақты түбін шетке қойғасын:

— Көке, — дедім сыпайылап, — баяғыда паркке барсақ, «Мына ағашты член Политбюро ЦК КПСС Пәленше Түгеншеевич еккен» деген жазуды оқитынбыз. Сіз кімнен кемсіз? Сіз де біз үшін член Политбюросыз. Осы артылған жүзімдеріңізді тамыры бусап тұрғанда біздің саяжайға апарып өз қолыңызбен ексеңізші. Бір сабағына «Өзбекәлі Жәнібеков отырғызған» деп жазып қоямыз. Ойнап айтқанымды о, шіркін-ай, Өзағаң шындап көрді.

— Дачаң қайда? Кеттік! — деді апыл-ғұпыл ұбап-шұбап біздің саяжайға бардық.

— Көке, ырым болсын, өз қолыңызбен бір түбін қадаңыз! — дедім. Көрші-қолаңдарым Өзағаңды көргесін жиылып қалған еді. Ыңғайлы жерден шұқыр қазып, жеті түп жүзімнің біреуін өз қолымен отырғызды.

— ЦК-ның секретарына жер қазғызып қойған, әй, Көпен-ай, сен де пәлесің ғой! — деді көршілерім қалжыңға басып. Сол тұста Қалихан жеңгей қызық оқиға айтты.

— Бұ кісі, — деді Өзағаға бұрылып, — комсомолдың бірінші хатшысы болғасын кейбір жиналыстар мен мерекелерге мені ертіп жүретін болды. Бір күні:

— Киін, кеттік! — деді.

— Қайда?

— Қайда?

— Паркке.

— Өзің бара берші! — дедім.

— Сенсіз болмайды. Москвадан бір үлкен кісі келген екен. Сол кісі паркке ағаш отырғызады. Тәртіп бойынша біздер әйелдерімізбен барып, төңірегінде тұруымыз керек, — деді. Бардық. Аты-жөні есімде жоқ, бір орыс парктің бір шетіне шырша отырғызды. Қол шапалақтадық. Бітті. Қайттық. Келесі жылы шет жақтан тағы бір дөкей келген екен. Тағы да сол паркке бардық. Былтыр еккен ағаштың орны үңірейіп тұр. Оны жұлып тастап тап сол жерге әлгі бейтаныс дөкей жаңа шырша қондырды. Бәріміз қол шапалақтап қайттық. Келесі жылы тағы да сол шыршаның орнына жаңа келген біреу жаңа шырша екті. «Көпен, сен сықақшысың ғой, осы көзбояушылықты жазшы», — деді.

Жаздым. «Жалғыз шырша» деген сықақ жаздым. Жеңгей берген идеядан туған сол сықақ өлеңім мінеки...

ЖАЛҒЫЗ ШЫРША

Дөкей түсті аспаннан
Екі аяғы салбырап.
Біздің жерге сіңірген
Еңбегі жоқ ал бірақ.
Құрақ ұштық сонда да
Құрметті кісі деп.
Басқан ізін тәу етіп
Асты-үстіне түсіп ек...
Кілем төсеп жолына
«Жаса, Гәубас!» деп қыздық.
Алаңға әкеп ерекше
Жалғыз шырша еккіздік.
Қошаметті дәл мұндай
Көрген жоқ-ау нағашың.
Айналасын қопсытып,
Аяладық ағашын.
Өзі кетіп қалса да,
Тер ағыздық мұнша көп.
Қада қақтық түбіне
«Гәубас еккен шырша!» деп.
Міне, қызық жақында
Бір пәлені бастадық.
Әлгі жалғыз шыршаны
Жұлып алып тастадық.
Себебі ме?
Себебі,
Гәубасыңды қасқа қып,
Түсіргесін орнынан
Қаймықпадық, саспададық.
Босқа қалған шұқырды
Не етесің деп дауласпа.
Жалғыз шырша еккіздік
Жаңа келген Дәу басқа.

Кейінірек Өзағаң Мәскеуге барып, Нұртас Оңдасыновқа сәлем беріп қайтты. Сырласты. Мұңдасты. Сұхбаттасты. Не деп? Белгісіз. Бізге белгілісі Өзағаңның өз аузынан естіген әңгімесі. Нұртас ата:

— Мен үш нәрсемен мақтанам! – депті.

Ешқашан да ешкімнің қолынан ақша, пара алған емеспін. Қолым таза.

Біреуге жала жауып, нақақтан күйдіріп, әсіресе 1937–38 жылдары бір құжатқа қол қойған емеспін. Арым таза. Руға, жүзге бөлінген емеспін. Жүзім таза.... Па, шіркін! Міне, тұлғаның таза бейнесі! Нұртас ата өзін емес, Өзбекәлі Жәнібековті айтып тұрғандай.

27.10.2011 жыл.

БІРТҮРЛІ МИНИСТР

Совхоз директорының «УАЗигі» шопан қыстауының қасына кеп тоқтады да, алдыңғы есіктен орта бойлы, шымыр денелі, орақ тұмсық жігіт ытқып шығып, екеудің алдына түсіп, қойшының қарақожалақ қыстауын бір айналды. Сосын мал қораға таман тұрған жалақ итаяқты көтеріп әкеп, кіреберіс есіктің оң жағына қойды.

– Қой бағатын сіз бе? – деді «Беломор» тартқанына мәз боп тұрған шопан жігітке.

– Мен, – деді таңқалып.

– Ныспыңыз кім?

– Асанбай.

– Асанбай, менен үлкенсің бе, кішісің бе, білмеймін, «ит – жеті қазынаның бірі» дегенді білетін шығарсың?

– Білгенде қандай.

– Итаяқ кіреберістің оң жағында тұруы керек. Қазынаң мол болады.

– Айтқаның келсін.

– Газет-жорнал келе ме?

– Аптасына бір рет, – деп парторг алға шығып кетті.

– Асанбай, өзің айт?

– Мен мектепке бармағам...

– Жұбайың, бала-шағаң оқымай ма?

– Қатын қара танымайды. Бала-шаға қашан болад деп күтіп жүрміз.

– Автоклуб келе ме?

– Автоклуб деген не?

Сұрау салушы бұрылып кетті. Соңынан ерген парторгті қойшы қуып жетіп:

Мынау өзі не істейтін адам? – деді.

– Мәдениет министрі...

– Осындай да міністр болады екен-ау.

Бір жетіден кейін желбезек көйлек пен зәлетке киген қыздар қыстауға келіп ән айтып, бөкселерін былқылдатып би биледі. Асанбайдың аузы ашылып қалды. Движокты от алдырып, түнде «Гауһартас» деген кино көрсетті. Қойшы туралы екен. Асанбай өзін көргендей болды. Үш аптадан кейін үлкен движок күн бата парылдап, қыстауда жарқырап шам жанды. «Осындай да міністр болады екен-ау» деп қойшы күндер бойына таңқалып жүрді.

Жылдар өткен соң газеттен Өзбекәлі Жәнібеков туралы қазанама оқып отырып, министрді суретінен таныды.

КПСС-тің кезекті бір съезінде екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев пен Өзбекәлі Жәнібеков екеуі қонақ үйдің бір бөлмесіне қатар жайғасыпты. Өзбекәлі Орталық комсомол Комитетінің бірінші хатшысы әрі Шиеліге күйеулігі бар, ақсақалдың алдында құрақ ұшып, қызмет жасайды. Ұзақты күн бір орнында қақайып отырып шаршаған дала адамы күн бата бөлмеге келеді де, «Шәй қой» дейді екен. Бір күні:

—Неге шәй іше бересің?! – депті Өзекең күйеулігін көрсетіп.

—Мәскеудің суын аяп отырсың ба?-депті диқан.

Асқар Жұмаділдаев 8-сыныпта оқып жүріп, республикалық математиктер Олимпиадасында жүлдегер атанғанда «Білім және еңбек» журналында «Математик Лидің Шиелідегі шәкірті» деген мақала жарияланады. Орталық комсомол Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков мақаланы оқып, риза боп, сирек қолжазбаларына қосып қояды. Арада жылдар өтіп, Асқардың аты елге танылған кезде екеуі шет елдің бір әуежайында кездесіп қап, танысып, Асқар өбектеп Өзекеңді әңгімеге тартады. Өзекең сол мақала туралы айтыпты. Асқар үлкен жүректің зердесіне таңқалса, ол «Туған жерің – Шиеліден қол үзіп кеткен жоқсың ба?» деп бетіне күлімсірей қарапты.

Журналдан басталған таныстық осылай жалғасыпты.

Темірхан МЕДЕТБЕК

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

Өз – аға, Өзбекәлі Жәнібеков!
Өзіңсіз қалды өмірдің сәні кетіп.
Өзіңсіз көп сөздерім бұлтақтайды
Бейне бір қалған сынды белі кетіп.

Жыладың елің үшін жыласаң да.
Сұрадың елің үшін сұрасаң да.
Ешқашан бүгілместен, егілместен
Тік тұрып құладың сен, құласаң да.

Жүрдік біз түгі бар деп жүрегіңнің
Қайраты қайсар болды тілегінің.
Естілер ұран құсап есті жұртқа
Айналдың Рухына ұлы Еліңнің.

Сүрмедің қызық құрып дәуренді сен
Түсірдің қанша жанға сәулеңді сен.
Кеудесін бассаңдағы талай сұмның
Ешкімге бастырмадың кеудеңді сен.

Қорғаның халқың болды сенетін де
Сен едің халқың үшін өлетін де.
Ығыңа салып кілең шыбық – талды
Қаншама жылдар жүрдің жел өтінде.

Көрсеткен бізге талай арман жолды,
Сөздерің бекініс пен қорған болды.
Кешегі ығыңдағы шыбық – талдар,
Өз-аға, бүгін енді орман болды!...

ҚАЙРАТКЕР ДЕП ӨЗЕКЕНДІ АЙТ
(Конференцияға құттықтау хат)

Құрметті Оңтүстік Қазақстан зиялы қауымы!

Сіздердің Өзбекәлі Жәнібектің туғанына 75 жыл толуына орай ұйымдастырылған конференцияға шақырғандарыңызға шын көңілден алғыс айтамын!

Өзбекәлі Жәнібек – ғани Мұратбаев сынды жастай жалындап шыққан, өмір бойы бәсеңсуді білмей лапылдап жанумен өткен жанартау. Жастай Қазақстан жастарының көсеміне айналған ол азамат та қайтсек елдің көсегесін көгертеміз, қайтсек қазақты оятамыз, қайтсек қоғамның даму үдеріміне қазақ өзінің ұлттық болмысымен ілеседі? Дегеннен өзге ой да, мүдде де болған емес. Өзекең өркениет өрісіне қазақ өзінің ұлттық рухын жықпай, салт – дәстүрін үкілеп жетсе деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, осындай ұлы мұрат жолында бір сәт те белін шешпей ат үстінде өткен, бар қайраткерлігін қазағына арнаған ғажайып тұлға!

Қайрат, жігерін орасан мол біліммен жемдеген ол қайраткерлікте – оқымысты, ал ғылымда – қайраткер еді. Ұлт мүддесін мансап лауазымға ешқашан айырбастамаған ол қоғамның соқпа – соқпасында қиыннан жол таба білді, сөйтіп жүріп буын – буын жастардан қоғам үшін қайраткер, мәдениет үшін кемел тұлғаларды тәрбиелеуден бір тынбады. Кезінде ол тәрбиелеген шәкірттер бүгінде қайраткерге айналып, қазақ қоғамын өркениет биігіне жетелеп барады. Кезінде толқан – толқын жастарды оның өзі тәрбиелесе, ендігі өндірі өркен, толассыз жас буында, оның қазақ тарихы, этнографиясы, мәдениеті мен өнері тағдырын энциклопедиялық білгірлікпен жазған ұлттық рухты еңбектері тәрбиелейді.

Жайшылықта осындай ұлы тұлғаның өзін көріп, сөзін тыңдағаным үшін, қос ғасыр тоғысында Оңтүстік Қазақстан облысында әкім болып қызмет істеген жылдары Арыстанбаб кешеніндегі кесенесін салдыруға, есімін есте қалдыру шараларына басшылық хәм қолғабыс жасағаным үшін өзімді бақытты санаймын.

Өзбекәлі Жәнібек – қазақ елі аман тұрғанда арымайтын, уақыт өткен сайын ұлылана беретін арда тұлға.

Тұлғаға тағзым!

*Нұрлан ОРАЗАЛИН,
Қазақстан Жазушылар Одағының
Бірінші хатшысы*

ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ МАХАББАТЫН АРҚАЛАҒАН...

Уақыт озып, дәуір өтіп барады... Дәуірмен бірге өз уақытының адал перзенті болған, сөзін сөйлеп, желбіретіп туын ұстаған, халық құрметіне кенеліп, абыройдың биік тұғырына көтерілген дәуір тұлғалы ағаларымыз, замандастарымыз өтіп барады...

Өлді деуге ауыз бармайды, кетті деуге көңіл қимайды...Өкінішке орай солай болып тұр...

Бар саналы өмірін Алаш дейтін аталы жұрттың амандығына арнаған, өзгеге ұқсай бермейтін табанды мінезімен, таңғажайып талғамымен, сирек бітімді парасат

пайымымен өз биігін өзі жасаған, өз болашағын өзі қашаған, екі қайтып енді тумайтын, кіндік қаны қазақ топырағын жумайтын, қайран Өз-ағамыз дүниеден өтті дегенде, қарағайға біткен қарсы бұтақ қарс айырылып сынғандай болды... Қазақ дейтін халықтың рухани көгін асқақтатып, қашан көрсең шаншылып биік ұшып жүретін ақиық қыран құз-құяға құлағандай елестеді...

Мінезі санамызда, биігі жадымызда қалды. Ұлыс өмірбаянын ізденіс пен күреске толы ғұмыр-ғибратымен қайраткер Жәнібековтің бейнесі қалай байытса, қаламгер, тәлімгер, ғалым, ұстаз Өз-ағаңның ұлағатты толғамдары мен ой-парасаты ұлт санасын солай шұрайландыра түсері, нұрландыра берері шүбәсіз.

Өз халқын кім жек көрсін. Бірақ халқының рухына деген ұлы махаббатын дәл Өз-ағаңдай аялап, ардақтап, «прометей шырағындай» жалынын лапылдатып, сөндірмей, жоғары ұстап алып өткен қазақ кемде – кем шығар?! Өнер десе, өзегін суырып беруге әзір тұратын, елім десе, еңіреп ерге қонатын, тұтас бір дәуір, бір кезеңнің жастық көшін бастаған, ұлт санасы мен ойының оң бағыт алуына өлшеусіз үлес қосқан дәуір тұлғалы қайран аға енді арамызда жоқ... Қолқамызды өксік буады.

Сіздің қайсар да қайратты қоңыр даусыңызды біз қалай сағынсақ, озған уақыттың өкшесін қаға келген ертеңгі күннің иелері – ұлт пен ұлыс тізгінін қолына алған жаңа ұрпақ та Сізді солай іздеріне біз сенеміз. Шексіз сенеміз!

Қазақ аманда, қазақтың рухы аманда Сіз халқыңыздың жүрегіндесіз, Өз – аға!

Зәуреш ЕСБЕРГЕНОВА,
әнші, режиссер

– М. Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыландысында» Қарлыға, «Айман – Шолпанында» Теңге, В.Вишневскийдің «Оптимистік трагедиясында» Комиссар, Н.Хикметтің «Соқыр падишасында» тазша қыз, қырғыз драматургі М.Байжиевтің «Жекпе – жегіндегі» әйел бейнелерін жасадым. Осылардың ішінде Торғай театрында жүргенде жасаған Қарлыға бейнесі өзіме ерекше ыстық. Өйткені сол спектаклді дайындау барысында Өзбекәлі Жәнібеков (ол кезде ол кісі Торғай облысының идеология хатшысы еді – З.Е) «Зәуреш, сен қылышты былай ұста, нәзіктеу биле, батыр болғанмен сен – әйелсің» деп маған қайсыбір қимылдарды көрсетіп берді. 1972 жылы Торғайда Арқалық театрының қазығын бірге қақтық. Ол кісі жаңадан спектакль қойылатын болса, бастан-аяқ басы-қасында жүретін, тіпті репетиция кезінде сахнаға қалай атып шыққанын өзі де аңғармай қалатын. Ақылын айтып, білгенін көрсетіп, үйретіп жүретін. Өзбекәлі Жәнібеков шын мәнінде қазақ өнерінің жанашыры, жоқтаушысы еді. Есімде, «Амангелдіні» қоярда Балымның жоқтауын айту үшін Торғайдың талай кемпірлерін жинап алып, біразын тыңдады. Көңілінен шықпаған болу керек, студияға жазар кезде маған айтқызды. Және де студияға өзі келіп, бастан-аяқ қатысты. Бүгінгі таңда қазақ өнеріне Өзбекәлі Жәнібековтей ұлы тұлғалар керек-ақ...

Ғарифолла ӘНЕС,
«Арыс» қорының президенті

Тірлікте мынау дүние мен малға бой алдырмаған, кісілігі мен арына шалдырмаған, «елім, жұртым» деп дүниеден өткен Арыс Азаматтың қарасын жығар күн де таяп қалды. Іс-қаракеті мен мінез-сойы Дара Тұлғаның, ызғарлы күндерде еліне қалқан-қорған Қайраткер Елағасының қаралы туының тігілуі, артының күтілуі, бауыры суық қара жерге тапсырылуы да, иесінің соңғы аманатына сай қарабал

мәнді-сәнді атқарылды: от басы мен Отан жұртын зар жылатқан қаралы керуен Алатау бауырынан көне Отырарға күңірене боздай жол тартты. Арыстанбаб әулие жанынан сағыныш – сызы кеппеген тағы бір әулие төмпешік бой көтерді.

Осы соңғы сапар, ақырғы қызмет қамын мойнына жүктеген басшы азаматтар, қаралы алқатоп мүшелері демі бітіп, көзі жұмылғанша қаламы қолынан түспеген Хәкімнің жазба мұра – қазынасына баскөз болуды да қаперден шығарған жоқ. Жарияланбаған қолжазбаларын тасқа бастыру, ол туралы көзкөргендердің естелігін жинастыру – ізін суытпай, бірден қолға алынды. Қазақтану ғылымының қай саласында болмасын ойып алар орны бар Ғалым Мұрасының еліне етене жақындасуына септігі тиер көп тармақты жоспар – жобалар ойластырылды. Бүгін, міне, сол ойға алған істің бір жүзеге асып, Өзбекәлі ЖӘНІБЕК ағамыздың әруағына бағышталған Ескерткіш Кітап дүниеге келіп отыр...

Жеделдетіп, марқұмның Жылына орайластырылған бұл кітаптың сыр – сипатына тоқталсақ, ең алдымен, екі бөлімнен тұратындығын, яки бір мұқаба астына қос кітаптың басы біріктіріліп отырғанын айтқан орынды. Алғашқы бөлім – «Алды – артыма қарайлап өмір кештім» – Өзбекәлі Жәнібектің төл туындылары, өз жазбалары. Ал, «Әулиедей ұлын елейді ел» атты екінші жартысы – Ол туралы жазылған естеліктер.

Қашанда әр ісіне тиянақты, тұғырлы тұрғыда қарайтын Өзбекәлі ағамыз соңғы жылдары еркеше қырынан көрініп, булығып өскен бозбаладай шоқтықты – шоқтықты бірегей еңбектерін халқына сыйлап кеткенін көзі қарақты оқырман білуге тиіс: «Эхо...» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайырықта» (1995), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997; авт. бірі), тарихи – танымдық «Арқас» өрбіту қорынан өнген кітаптар тізбегі; пайғамбар жасынан асқан соң, өмірінің қия тұсы жақындағанын сезгендей, өткені мен бүгінді көктей шолған «Тағдыр тағылымы» атты қос томдық (1996; 1997) ғибрат жазбалары...

Ескерер бір жайт – бұл жаңа кітапқа еніп отырған Жәнібектің тың туындылары әр кезде жазылған және әр түрлі тақырыптарды қамтиды. Өз қолымен хатқа түскен (кейбір тұстардағы қолтаңбасының ауруы дендеп жаны қиналғаны да байқалып тұрады!) естелік ыспатты дүниелері «Тағдыр тағылымының» жалғасы, ойластырылған үшінші кітаптың материалдары екені күмәнсіз. Ал ертеректе жазылып, машинкаға басылған туындылары (мәселен, «Памятники старины» – баяндама, «Би өнері жайлы ой» – радиосценарий) болса, аталған кітаптарға енбей, кезегін күтіп, стол суырмасында жатып қалғанға ұқсайды. «Бақсы ойыны» кітабына жазылған алғы сөз бен «Тағдыр тағылымынан» алынған шағын үзінділердің, бұрын баспа бетін көрсе де, бұл кітапқа енгізілуінің де өзіндік діттеген себептері бар. Оның алғашқысымен қалың қазақ оқырманы әлі танысып үлгермесе, соңғы материал естелік жанрына тән басты кемшілік (нәм ерекшелік) көп қайталамалардың жоқ – жітік тұстарын толықтырып тұр.

Қолжазбаны баспаға даярлау барысында Өзекеңнің өз жазбаларына қиянат келтірмедік: кейбір атаусыз материалдарға тақырып қойғанымыз болмаса, еш өзгеріссіз жарияланып отыр. Сондықтан сырқаттанып жүріп, жан қинала жазылған жолдарға қатаң талап қоймай, түсіністікпен қараған абзал. Ағамыздың қолынан қаламы мезгілсіз түспегенде оларды қырнап – жөндеп, әлі де илей түсері сөзсіз еді. Әйтсе де, бізді еркеше тәнті еткені – бір сілтеген қалам қуатынан – ақ Өзекеңнің соңғы жылдары жазу өнеріне әбден машықтанғандығы, бейнелі ойы мен кестелі тілі қатар өріліп отыруы. Өкініштісі – ескілік сарқытының, ұлттық дәстүрлі мәдениеттің,

кәсіпшіліктің, қолөнерінің... білгірі, зерделі ғалымның айтары көп болса да, соны айтып кетер уақыты аз, заманы тар болды.

Ал, екінші бөлімге келер болсақ, азғана уақыттың ішінде Өзекең туралы көптеген естеліктер жазылып, жинастырылды. Әйтсе де бәрін бірдей (мәселен, Е.Әуелбеков, Д.Бопова сынды ардагерлердің орыс тілінде жазылған материалдарын) қамти алмадық. Сәті түскенде олар арнайы естелік кітапқа топтастырылып, әсіресе Өзекең туралы онымен қызметтес, замандас болған өзге ұлт өкілдері де ой бөліссе құба – құп.

Жалпы Өзбекәлі Жәнібек мұрасы, жәнібектану – өз жинастырушыларын, баспагерлерін, зерттеушілерін күтіп тұрған салқар сала. Ұл тарихын, мәдениеті, дәстүрін біле түссем, ғибраттансам деген жан оған соқпай өте алмайды. Сол себепті де Ө. Жәнібеков мұрасына біздің әлсін-әлсін ораларымыз, оның Таңдамалысы, көп томды шығармалар жинағы, ол туралы естелік, зерттеу, деректі кітаптар әлденеше рет дүниеге келері даусыз... Халықтар бірлігі мен сабақтастығы жылы Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібек сынды Қайраткер, Қаламгерлердің мұрасын насихаттаймын, атын ұлықтаймын деп жоспар-жоба дайындап отырған Қ.Е.Көшербаев, Е.М.Арын сында елағаларының бастамашыл істерін баршамыз қолдап, қоштасып кетсек игі. Ертіс те, Еділ де жылап аққан бастау – жылғадан басталатынын есте тұтсақ, жақсы бастама жалғасын тауып, үлкенді де, кішіні де Кісілік, Ұлтшылдық бастауына апарар Өзекеңдей Ағалар салған ақ жол, үлгі – үрдіс дейміз де.

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Д.МЫҢБАЙҒА,
Отырар ауданының әкімі Ш.МЫРЗАХМЕТОВКЕ**

Өзбекәлі Жәнібеков басынан бақайшығына дейін ұлттық рухпен тыныстаған, аса жауапты, мүмкіндігі шектеулі, ой – ауқымы сірескен атқамінерлік қызметтердің өзін де ұлт игілігіне бұрудың тамаша үлгісін көрсеткен және еліміздің қаһарман қаласы – Отырар топырағына терең тамыр жіберу бақытына ие болған осы өлкенің маңдайы жарқыраған арайлы перзент еді. Сондықтан да оның есімі күллі қазақ жамағатында еркеше құрметпен аталуға лайық.

Өзекең кесенесінің ашылуына қатысуым қажет – ақ еді. Бірақ 4-6 наурыз күндері Қазақстанның үкімет делегациясы Бішкекте қырғыз мемлекет басшыларымен келіссөз жүргізбек. Соған байланысты шыға алмайтыныма өкінемін.

Ағамның рухы Отырар аспанында оның мәңгі сөнбес жұлдыздары сапында жарқырай бергей.

Зор құрметпен, Мұхтар ШАХАНОВ

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі Б.М.САПАРБАЕВ мырзаға
Қадірлі Бердібек Мәшбекұлы!**

Көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі ғалым-этнограф, мәдениетіміз бен өнеріміздің ұлы жоқшысы Өзбекәлі Жәнібекұлы Жәнібеков есімі исі қазаққа кеңінен мәлім. Қазақ мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне қосқан ерекше үлесін, оның ішінде Сіз басқарып отырған облыстағы тарихи ескерткіштердің жарқын үлгісі болып саналатын Түркістан мен Отырардың топырағындағы ұлы сағана – мавзолейлердің қалпына келуіне, қазақ сәулет өнерінің кең тынысты келбетін танытуға аянбай тер төккен тұлғаның бейнесін мәңгі есте қалдыру мақсатында биылғы Мәдениет қолдау жылында, Түркістанның 1500 жылдық тойы қарсаңында облыс орталығы – Шымкент қаласы мен Түркістан қаласында орталық көшелерге, мектептерге Өзбекәлі Жәнібекұлының есімін беруді сұраған өтініш-тілектердің негізінде осы хатты жазып отырмыз. Өзбекәлі Жәнібекұлының мәдениетіміз бен өнерімізге сіңірген еңбегін құрмет тұтатын, оның танымдық-этнографиялық шығармаларын қадірлейтін жанашыр қауымның тілегін ескеретіңізге үлкен сеніммен қараймыз.

*Құрметпен, Қазақстан Жазушылар Одағы
Басқармасының төрағасы
Н. Оразалин
7 маусым 2000 ж.*

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ

Біз биылғы Наурызды Өзбекәлі Жәнібековсіз қарсы алғалы тұрмыз. Соңғы кездері әр жерден, әр түрлі баспасөзден «Қазақстанда Наурыз мерекесінің тойлауына мен ықпал етіп едім», «Наурыз мейрамының жалпыхалықтық мерекеге ұласуына үлес қосып едім» деген пікірлер де жиі естіліп, жиі жазылып қап жүр. Егер адалын айтсақ, әділіне тұрар болсақ, Наурыз мейрамының Қазақстанда тойлануына, тойланып қана қоймай Наурыздың зерттелуіне, Наурыздың тағылымдық дәстүрлі ұлттық мерекеге айналуына ықпал еткен екі адам болса, соның бірі – Өзбекәлі Жәнібеков еді. Егер біреу болса – соның жалғыз өзі де осы Өзекең еді.

«Саясатшы мен мемлекеттік қайраткердің арасында зор айырма бар, – дейді У.Черчилль. – саясатшы кезекті сайлауда жеңіске жетуді ғана ойласа, мемлекеттік қайраткер ұлттың қамын, ұлттың болашағын көздейді». Өзекең де ұлтымыздың қамын жеген, ұлтымыздың болашағы үшін еңбек еткен ірі мемлекет қайраткері еді.

«Адамды сынағың келсе, қолына билік беріп сына» дейді халқымыз. Өзекең қолындағы билікті де ұлтымыздың өнерін өрістетуге жұмылдырды, ұлттық мәдениетімізді байытуға жұмсады және ғұмыры таусылғанша намазын бұзбай өлген Жанқожадай ұлттық өнеріміздің ертеңі үшін қам жеп кетті.

Біз бүгін сізді еске алып отырмыз, Өзеке. Өзіңіз қауыштырған Наурызды тойлауға кіріспес бұрын Сіздің ісіңізді, ерен еңбегіңізді, қызметіңізді еске алғанды парыз тұттық.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,
20 наурыз 1998 жыл*

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЗИЯЛЫ КЕЛБЕТІ ЕДІ

Оның айрықша бір сәуле құйылып, құштарлық лебі есіп тұратын нұрлы жүзі мен қоңыр салқын үні де, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы да, іскерлігі мен ізденімпаздығы да, ойлау машығы мен сөйлеу мәнері де, білігі мен білімдарлығы да – бар болмыс-бітімі зиялылықтың тума келбетін танытатын. Қатаң талапшылдығы мен қатал принципшілдігі де өз бойына жарасып тұрар еді.

Қазақстанның тарихы мен біліміне, мәдениет пен этнографиясына қатысты, Өз-ағаңның, Өзбекәлі Жәнібековтің атқарған ісі мен тындырған шаруасы ұлан – ғайыр. Бұл тұрғыдан тұтас бір кезең оның есімімен тығыз байланысты. Қағазға түсіп, жариялануын күтіп жатқан жазбалары мен ойға алған жоспарлары тіпті көп еді...

«Егемен Қазақстанның» мың сан оқырмандары атынан еліміздің саяси өмірінде жарқын тұлға болған ӨЗ – ағаңның рухымен қоштасып тұрып, «Иманыңыз өзіңізге серік болсын, топырағыңыз торқа, жатқан жеріңіз жарық болсын. Халқыңыз өзіңізді ешқашан ұмытпайды» деген ақтық сөзімізді айтпақшымыз.

«Егемендіктер»

Ботагөз ӘДІЛОВА,
«Әзірет Сұлтан» тарихи – мәдени қорық
мұражайының бас қор сақтаушысы

1982 жылы Қонаевтың келуіне орай, Өзекең Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішіндегі (төменіндегі) барлық бөлмелерді іске қосу үшін бітпей тұрған мешіт пен қабірхана бөлмелерінің өңдеу жұмыстарын өзі тікелей басқарды. Жаппай басқарып қоймай, қолына күрек алып, лом ұстап, шалбарының балағын түріп алып, жалаңаяқ, беторамалының төрт бұрышын түйіп, басына киіп, зембілмен құм таси жүріп, жұмыс істеді. Кейде бір кісілер келіп: «Осы жерде ең үлкен бастықтарың қайсысы?» деп сұраса, біз Өзекеңді көрсетсек, сенбей тұрып қалатын. Сонда ол кісі күліп, денсаулығына байланысты жұмысқа араласа алмай отырған музей директорын көрсетіп: «мен емес, анау отырған кісі, соған барыңдар», – дейтін. Сол күндері таңалакеуімнен қас қарайғанша біріміз қыбыр етпей жұмыс істейтінбіз. «Бұл не деген шаршамайтын адам?» деп Өзекеңе қайран қалатынбыз. Сол Өзекеңнің табандылығының арқасында кемінде бір жылда бітетін өңдеу шеберханасының жұмысын 2 айда жәукемдеп тастап едік.

Мен мұндай еңбекқор адамды осы кезге дейін көрген жоқпын.

Рахия ЖҮЗБАЕВА,
(Түркістан қаласы)

...Тайқазанның қайтарылуы жөніндегі әңгімеге келетін болсақ, кісілердің оны өзі алып келгендей мақтануының өзі әдепсіздік, ешқандай этикаға жатпайды деп ойлаймын. Бұл идеяның 1977 – 1978 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесін мұражайға айналдыру жоспарының жобасын жасаған кезде туғанына, оның ұйытқысы болған бірден – бір адам Өзағаң екеніне ешкімнің шұбасы болмаса

керек. Мұражай ашылғаннан кейін басшыларға «енді оның экспонаттарын (қазан), шырағдандарын қайтаруға» іздестіру, қайтаруға атсалысу тікелей міндеттерің деп бірнеше рет тапсырма бергенін өз құлағыммен естіген едім. Бір істі бастаса, аяғына дейін жеткізбей қоймайтын мұндай табанды адамды мен әлі күнге дейін кездестірген емеспін.

Өзағаң музейдің экспонатына зор мән беруші еді ғой. Бірде «Қауыснаманың» он алтыншы тарауындағы «Моншаға бару туралы» деген мәтінді қайта қарап, өңдеп, Түркістандағы «Шығыс моншасы» мұражайының экспозициясына қойғызды. Сол мәтінді өздеріңізге жолдап отырмын.

«Моншаға бару туралы»

Ей, перзентім, біліп алғаның жақсы, моншаға барғың келсе, қарның тоқ кезде бармағын. Тамаққа тойып моншаға бару зиянды. Шын мәнінде монша жанның рахатындай жақсы нәрсе, хакімдер «моншаны ең бір жақсы нәрсе» деп есептейді. Бірақ, солай болса да, моншаға күнде барудың пайдасы жоқ, бәлкі, оның зияны болуы да ықтимал. Монша адамның буынын, денесін, сүйектерін осалдатып, әлсіретеді. Оның үстіне, күн сайын моншаға түсуді денең әдетке айналдырып, бір күн бармай қалса, кісі өзін кеселденгендей сезінеді. Барлық денелері қатып қалғандай сезінеді. Сондықтан да, моншаға күн аралатып барып тұрғаның жақсы. Моншадан денең тыныстанып, тынышталады. Жазда немесе қыста моншаға барсаң, әуелі суық бөлмеде отырып, денең рахаттансын, одан соң ортаңғы бөлмеде жуынып, бір сағаттай отыр, ыстық бөлмені де пайдаланып, жақсы терлеген соң жуынатын бөлмеге барып жуынғын. Моншада көп отырып қалма, ыстық суға түсіп көп отырма. Сол сияқты ыстық, суық суды басыңа қайта – қайта басыңа құя бермей, жылы суды пайдалан. Егер монша бос болса, оны үлкен бақыт деп сана. Даналар бос моншаны істің оңынан келгені деп есептеген. Моншаға қалай кірсең, солай шығып кеткін де, шаштарыңды алғыз. Өйткені, шаш, сақал басқа да денеге қажетсіз заттардан тазаланбай, жолға шығу ұлық дәрежелердің ісі емес, сол сияқты ұлықтардың алдына баруға болмайды. Демек, сен моншаның пайдасы мен зиянын білдің, енді моншада су, шербет ішуден сақтан. Олардың зияны көп. Денеге сары су үймелейтін шемеш кеселі осындайдан пайда болады. Егер өте шөлдеп, шөл басқың келсе, ептеп ішумен шектелу қажет. Даналар моншадан соң оның көпшілік демалатын жерінде біраз ұйықтап демін алмай, далаға шықпайды».

Рахия КЕРІМБЕКОВА
(Түркістан қаласы)

Өзағаңның тікелей ұсынысымен Түркістан ғылыми-керамикалық шеберханасына меңгеруші етіп тағайындалғаным әлі есімде. Бірақ, 2 айдан соң Түркістан қалалық партия комитетіндегілер мені орнымнан алып тастады.

1982 жылдың сәуір айында Өзағаң осында келіп, цехтарды аралады. Сонда ол кісі маған: «Сен қазан айында Индияға барасың, дайындал», – деді. Мен: «Бара алмаймын, қызметтен кеткелі жатырмын», – дедім. Сонда ол кісі: «Сен жерге кірсең шашыңнан, аспанға ұшсаң аяғыңнан тартамын, сенің орның осы жер», – деді. Амал жоқ, нәрестелі болатынымды айтып едім, ол кісі орысшалап: «Нашла время рожать», деді.

Мен Өзекеңді айтып мақтанып қалайын деген жоқпын.

Айтайын дегенім, ол кісі кадрдың қадірін білетін еді ғой.

Әсіресе, халық үшін қажет мамандарды таңдауға келгендегі көрегендігін айтсаңызшы.

Өзекеңнің «қаншылдығы» туралы қауесет күшті-тін... Облыс (әңгіме Торғай облысы туралы – ред) қараша айында ашылып, бүкіл басшылар сол кездегі ауаткомның үш қабатты кеңсесінде жататын. Оның дәл қарсысында сол кезде асты үлкен гастроном, төрт қабатты үй салынып жатқан. Көп ұзамай үй бітіп, дүкенге «Изобилие» деп ат беріліп, ол неон әріптерімен маңдайына жазылып та қойылды. Жатқан үйінің терезесінен осыны көрген Өзекең қарамағындағылардан: «Неге бұлай?» деп сұрайды. Орысша атаулар санаға әбден сіңіп кеткен, әрі ондайларға мән беру рефлексінен мүлде жұрдай болған жергілікті қызметкерлер сұраққа түсінбей, әріп қатесі кетті ме екен деп жазуды қайта-қайта оқығыштап, атаудың өте сәтті табылғанын айта беріпті. Сонда Өзекең: – Иә, бұл сөздің көл – көсір, ағыл – тегіл молшылық екені көңілге қонады, бірақ гастроном атауы неге қазақша емес? Мысалы, оны «Береке» деп неге атамасқа? – дейді.

Бұған өз ағайындарымыз да, жергілікті голубенкошыл басшылар да күңкілдеп, түрлі дәлел айтып, көнгісі келмегенде, Өзекең «Береке» деген жазу ілінсін» деп бір-ақ қайырады.

Көп ұзамай ірілі – ұсақты мәжілістер президумында Голубенко ең шетте отыратын болды. Бұл жайт арқалықтықтар үшін маңызы зор болды.

Қ. БАҚЫРҒАНИ

ӨЗАҒАНЫҢ ӨКІНІШІ

Рас. Ол кісі сырт көзге суық көрінетін. Бұл әлдебіреулердей жасанды мінез жабыстырып, сұсты, қазіргі тілмен айтқанда «серый кардинал» болып көрінгісі келу емес еді. Бар болымысы, шын жаратылысы осылай ғой дегенге иланатынбыз. Осы мінезімнің сырын жұрт біліп жүрсін деді ме екен, әлде сұңғылалығы шығар, көңіл күнделігінің бір тұсына маржандай етіп былай деп жазыпты: «Несін жасырайын, бәлкім, ата-анадан ерте айрылып, бала жастан тұрмыстың тауқыметін тартып, адамдардың зұлымдығын, арақатынасындағы екіжүзділікті көргендіктен бе, әйтеуір езу тартып жымия бермейтінім рас. Бірақ ашу-ыза керней қалған сәтте райдан тез қайтатыным бар. Кек сақтамаймын. Кейде түнеріп, төмен қарап келе жатып, кездесе кеткен таныстарды байқамай өтіп кете беретін де сәттерім болады. Тіпті өзімді етене түсінетіндер болмаса қызметтестерімнің көпшілігіне табиғатымнан, анау-мынауға иіле қоймайтын, қарауындағылардан ұқыптылықты, жауапкершілікті талап еткеннен басқаны білмейтін қақиған, қатыгез басшы болып көрінетінімді де сезетінмін.»

Жылдар жылжыған сайын бағасы алтыннан да қымбаттай түсетін осы жолдардың қадірін біздер сезіне түссек керек еді. Өзекең – Өзбекәлі Жәнібеков ең алдымен өз ұлтының бойындағы кемшілікті көре біліп, сол үшін де қатал болған тәрізді. Өзі айтпақшы, «несін жасырамыз», ұлттық мүддеге келгенде жалтақтап, қияс тартып, жоқ жерден сауысқаннан сақ болып жататын мінезіміз де жеткілікті ғой. Оның үстіне қазақтың мәдениеті мен өнерін жасайтын кейбір адамдардың бойындағы басқаша еркіндікті (демократиялық сипаттағы еркіндік деп түсініп қалмаңыз), олардың әрқайсысының бір-бір әлем екені де жасырын болмайтын әңгіме ғой. Осындайда қазақ идеологиясының басында ішкі қуатты, тегеуріні мол, мінезді адамның болуы

да заңдылық еді. Өзағаңның мінезі соншалықты көркем еді. Мен бұл жағдайға өмірінің соңғы жылдарында көз жеткіздім.

Әншейіндегі жанкештілігіне қайсібір жылдардан бермен қарай ұлт үшін отқа түсіп, суға батып жүргендерге жабысқан кеселдің өмір өте келе асқынып алқымынан алуы қосылып, шаршаңқырап та жүретін. Сөйте жүре Өзағаң бірнеше кітап жазды. Бәрібір мінездің аты мінез. Осы бір күндерде байқағаным – әлгі бір қисық қалыптың аракідік қара тасты да жібітіп жіберер бір керемет мейірімге ұласар сәтіне көп куә болдым. Бірде кәдімгі торсықты қолына ұстап отырып, аялап ұзақ қарады. Сол қалпы құдды бар мейірімін балаға төгіп отырған анадай еді. Сол кезден бір ұққаным – ол кісінің ұлттың әрбір жәдігеріне ерекше бір сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарайтындығы. Расында, егер ұлттың қаны мен жанынан жаратылған іштен шыққан перзент тәрізді материалдық мәдениет үлгісіне дәл осындай сезіммен, жүрекпен қарамаған адамның ұлт мәдениетінің тарихында аты асқақ аталуы да мүмкін емес еді ғой. «Қазақ даласының оның қолы тимеген киелі тасы жоқ. Талайлардың маңдайында оның аялы алақанының табы жатыр» деген Әбіш Кекілбайдың көреген сөзіне осы бір күндерде одан сайын көз жеткізе түскендей едім. Француздың атақты философы Дидроның «халқым үшін философ болдым» деген сөзі осындайда еске түседі. Ал, Өзағаң тарихшы да, этнограф та бола тұра басқа да толып жатқан қайраткерлік іспен айналысуға, жиһангез болуға да тура келеді.

«Талайлардың маңдайында оның аялы алақанының табы жатыр» деген Әбекеңнің осы сөзі біздің шағын мақаламызға өзек болып тартылса керек. Оның әлгі немересіндей аялап отырған торсықты жасайтын шеберді табанынан таусылып жүріп ел ішінен тапқанын, ол адамның бүгінде жұртқа танымал Дәркембай Шоқпарұлы екенін біреу білсе, біреу білмес. Ұлық болуды, бастық болуды кең сарай, емен есік кабинетте отыру деп емес, ұлт үшін ел кезіп жүру, талант іздеу, бұлақтың көзін ашу деп түсінген түсінген Өзағаңның өнегесінің бүгінде кенжелеп бара жатқанын айтсақ керек. Оның осынау шексіз мүмкіндігін, бекзат болымысын «Бәрінен де қорлығы: сол кездегі жүйе оның ғаламат талантын облысполкомның жай орынбасарлығына ғана пайдаланды – ау. Соның өзінде ол мәдениет министрлігі істей алмаған тамаша табыстарға жетті», – деп Шерағаң шебер бедерлеп еді. 1996 жылы «Өнер» баспасынан Өзбекәлі Жәнібековтің «Қазақ киімі» атты ғажайып альбом-кітабы бар болғаны 3 мың данамен жарық көрді. Осы кітап шығар алдындағы Өзағаңның қазіргі киімдеріміз жөніндегі бір ерекше толғанысы сол қалпында есімде қалып қойыпты. Күнделікті күйбең тіршілікпен мән бермейтін өз қалпымызға өзіміз қайта үңіліп, сол әңгімені тағы бір ой елегінен өткізсек деймін. Бұл әңгіменің менің көңіліме өшпестей болып із қалдырғаны сонша, әр концерт, мереке, жиын сайын алдымнан шығып ойға оралып отырады. Көңілі күңгірттеу күндерде күрсініп отырып, Өзағаң былай деп еді – ау: «Қазіргі хандардың бас киімі деп жүргеніміз жол тосатын қарақшылардың қара киізден тігілген жырық құлақтары. Соны кейбіреулер «хандар киген бас киім еді», – деп сыйлап жатады. Сонда деймін-ау, мына мұражайларда тұрған хандар киген киім ескіргеннен кейін оның орнын әлгі жырық құлақтар баспасына кім кепіл?! Сонда, кейінгі ұрпақ не ойлайды? Бұл не деген халық демей ме? Менің қорқатыным осы. Қазіргі алабажақ, көріксіз дүниелер сол уақытта ұлттық киім болуы мүмкін. Сондықтан оны болашаққа жеткізу үшін оның әрқайсысына автономиялық режим жасап, жарық түспейтін жерге тығып тастау керек. Қазір киім тігетіндер көп. Тіккен осы екен деп киіз бетіндегі қошқар мүйізді киімге олпы-солпы жапсыра береді, жақсы барқыттың үстіне қондырып, тарта береді. Осыған да біреу бас-көз болып, реттеу керек қой.

да заңдылық еді. Өзағаңның мінезі соншалықты көркем еді. Мен бұл жағдайға өмірінің соңғы жылдарында көз жеткіздім.

Әншейіндегі жанкештілігіне қайсібір жылдардан бермен қарай ұлт үшін отқа түсіп, суға батып жүргендерге жабысқан кеселдің өмір өте келе асқынып алқымынан алуы қосылып, шаршаңқырап та жүретін. Сөйте жүре Өзағаң бірнеше кітап жазды. Бәрібір мінездің аты мінез. Осы бір күндерде байқағаным – әлгі бір қисық қалыптың аракідік қара тасты да жібітіп жіберер бір керемет мейірімге ұласар сәтіне көп куә болдым. Бірде кәдімгі торсықты қолына ұстап отырып, аялап ұзақ қарады. Сол қалпы құдды бар мейірімін балаға төгіп отырған анадай еді. Сол кезден бір ұққаным – ол кісінің ұлттың әрбір жәдігеріне ерекше бір сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарайтындығы. Расында, егер ұлттың қаны мен жанынан жаратылған іштен шыққан перзент тәрізді материалдық мәдениет үлгісіне дәл осындай сезіммен, жүрекпен қарамаған адамның ұлт мәдениетінің тарихында аты асқақ аталуы да мүмкін емес еді ғой. «Қазақ даласының оның қолы тимеген киелі тасы жоқ. Талайлардың маңдайында оның аялы алақанының табы жатыр» деген Әбіш Кекілбайдың көреген сөзіне осы бір күндерде одан сайын көз жеткізе түскендей едім. Француздың атақты философы Дидроның «халқым үшін философ болдым» деген сөзі осындайда еске түседі. Ал, Өзағаң тарихшы да, этнограф та бола тұра басқа да толып жатқан қайраткерлік іспен айналысуға, жиангез болуға да тура келеді.

«Талайлардың маңдайында оның аялы алақанының табы жатыр» деген Әбекеңнің осы сөзі біздің шағын мақаламызға өзек болып тартылса керек. Оның әлгі немересіндей аялап отырған торсықты жасайтын шеберді табанынан таусылып жүріп ел ішінен тапқанын, ол адамның бүгінде жұртқа танымал Дәркембай Шоқпарұлы екенін біреу білсе, біреу білмес. Ұлық болуды, бастық болуды кең сарай, емен есік кабинетте отыру деп емес, ұлт үшін ел кезіп жүру, талант іздеу, бұлақтың көзін ашу деп түсінген түсінген Өзағаңның өнегесінің бүгінде кенжелеп бара жатқанын айтсақ керек. Оның осынау шексіз мүмкіндігін, бекзат болымысын «Бәрінен де қорлығы: сол кездегі жүйе оның ғаламат талантын облисполкомның жай орынбасарлығына ғана пайдаланды – ау. Соның өзінде ол мәдениет министрлігі істей алмаған тамаша табыстарға жетті», – деп Шерағаң шебер бедерлеп еді. 1996 жылы «Өнер» баспасынан Өзбекәлі Жәнібековтің «Қазақ киімі» атты ғажайып альбом-кітабы бар болғаны 3 мың данамен жарық көрді. Осы кітап шығар алдындағы Өзағаңның қазіргі киімдеріміз жөніндегі бір ерекше толғанысы сол қалпында есімде қалып қойыпты. Күнделікті күйбең тіршілікпен мән бермейтін өз қалпымызға өзіміз қайта үңіліп, сол әңгімені тағы бір ой елегінен өткізсек деймін. Бұл әңгіменің менің көңіліме өшпестей болып із қалдырғаны сонша, әр концерт, мереке, жиын сайын алдымнан шығып ойға оралып отырады. Көңілі күңгірттеу күндерде күрсініп отырып, Өзағаң былай деп еді – ау: «Қазіргі хандардың бас киімі деп жүргеніміз жол тосатын қарақшылардың қара киізден тігілген жырық құлақтары. Соны кейбіреулер «хандар киген бас киім еді», – деп сыйлап жатады. Сонда деймін-ау, мына мұражайларда тұрған хандар киген киім ескіргеннен кейін оның орнын әлгі жырық құлақтар баспасына кім кепіл?! Сонда, кейінгі ұрпақ не ойлайды? Бұл не деген халық демей ме? Менің қорқатыным осы. Қазіргі алабажақ, көріксіз дүниелер сол уақытта ұлттық киім болуы мүмкін. Сондықтан оны болашаққа жеткізу үшін оның әрқайсысына автономиялық режим жасап, жарық түспейтін жерге тығып тастау керек. Қазір киім тігетіндер көп. Тіккен осы екен деп киіз бетіндегі қошқар мүйізді киімге олпы-солпы жапсыра береді, жақсы барқыттың үстіне қондырып, тарта береді. Осыған да біреу бас-көз болып, реттеу керек қой.

Әдістеме жағынан басшылық жасайтын мекеме болуы керек емес пе. Мұның аяғы түбтің түбінде насырға шабатыны рас. Елдің үлкен байлығы болып табылатын осы бір мәселе шешімін таппай келе жатыр. Жаныма бататыны осы. Көптеген шеберлердің тіккен киімі шалға, кемпірге, орта жастағы адамға, жасқа лайық па деген мәселеге көңіл бөлмейді. Қаптатып тіге береді. Бұрын қос етекте көйлекті қыздар ғана киетін. Қазір кемпір де кие береді. Бұл дұрыс емес дейтін кісі жоқ. Халықтың талғамы бұзылып бітті. Оюы болмаса, қазақтың киімі емес дейтінді шығарды. Мен ана жылы «Сән» орталығы арқылы «Тұскиіз» фабрикасына екі шекпен енгіздім.

Біреуіне 15 қадамнан көрінетін ою салдырдық. Онда да жұртты алабажақ оюдан аластау үшін ғана. Екіншісінде, оюы жоқ, шеті әдіптелген. Үш-төрт айдан кейін оюы жоқ шекпен қолданыстан шығып қалды. Оюы бары біртін-біртін басқа өзгерістерге түсіп кетті. Шекпен тоқымасын жасатамыз деп, Қарғалы комбинатынан шекпен шығара алмадық. Түйе жүнінен иірілгені жұпыны шықты, қылшығын алып тастай алмады. Бізде артистер киіну жағына жауапсыз қарайды. Үстіміздің бәрін моншақтап, жарқылдата берсек, сұлу болып көрінеміз дейді. Олай емес, жас ерекшелігі ескерілуі керек. Қазір неше түрлі бас киімдер тігіліп жатыр. Ең сорақылығы – соның бәрін ұлттық киім деп шетелге шығатынға ұқсайды».

Алдыңда айтушың болмаса, үлгі-нұсқа болмаса бір сәрі. Өзағаң айтпақ түгілі, тіпті, кітап шығарып, бәрін тәптіштеп, түсіндіріп беріп кеткен жоқ па? Бүгінде осы бір үздік нәзира үрдісті қай сән орталығы ұстанып отыр? Киімді бір қарағанда сәнді, әдемі етіп тігуге болады. Бірақ, ол бір киер киім болып қалады. Содан кейін ол киім әркімнің киім үлгісіне ұқсай бергеннен кейін, ешкімді қызықтырмайды да. Әсіресе, аса талғамшыл шет жұртты. Осындай өресіздік болмауы үшін ұлттық киімнің дәстүрлі қалпын бір арнаға түсіріп, қаттап беріп Өзағаңның өнегесі неге сақталмайтынына қайран қаласың. Басқа елдерде, өзіміз жиі айтатын өркениетті елдерде, осындай үлгі жоба басты назарда болатынын неге ұқпаймыз. Әркімнің өзінше сән қууы ұлт болмысын көрсете алмайды ғой. Өзағаңмен дүниеден көшерден бірнеше күн бұрын өзінің пәтеріндегі жұмыс кабинетінде жолыққаным бар еді. Терезеден сыртқа көз салып отыр екен. Бөлмеден жаңа піскен сүттің исі шығады. Қалихан тәтейді шақырып маған сүт алдырды. Үстінде желбегей жамылған шапан, басында қара шалдардың тымақ ішінен киетін топысы. Бөлмеден этнографияның лебі еседі. Этностың табы сезіледі.

— Не деген бейқам халықпыз? Қанша қызмет атқардым десем де, тағдырдан аяу көрмеген мына бір қазақты білмейді екенмін, – деді. Алдыңда бір жұқалаң кітап жатыр. (Айткеш Толғанбаев. «Исповедь судьбы жестокой», Әдеби өңдегендер – Игорь Саввин, Сәуле Толғанбаева. «Қазақстан» баспасы, 1993 жыл). –Тозаққа түсіп шыққан екен. Музыкант, понимаешь, – деді.

Мен осы кітапты Өзағаңнан бір түнге сұрап алып, оқып шықтым. Кейіннен кітап кейіпкерімен кездесіп, эссе жаздым. Ғажайып тағдыр иесін таптым. Айтайын дегенім, науқасы меңдеп жатса да, қазақты түгендеп жатқан Жәнібековтың жанкештілігі еді. Әрине, ол жеке өміріне байланысты өкініш емес. Халқымыздың рухани келбеті, тұлғалы азаматтарының тағдыры бұл кісіні қатты толғандыратын. Қайсыбір күні бір теледидардан «ұлттық идея» туралы хабар жүріп жатты. Әлгілер «бұған дейін бұл мәселе ешкімді аса көп толғандырмапты» деп соқты. Күні кешегі оқиғаны неге ұмыта аламыз. Өзағаң өмірінің соңғы күніне дейін сол ұлттық идеяға пара пар балама болатын ұлттық бағдарлама жасау үшін күресіп өтті ғой. Бұл жағдайды өзі де көбіне көп еске алатын. Ең басты өкініші де осы еді. Мына бір жағдай айрықша ойландырады. Жалпы Алаш көсемдерінің, Өзағаңның ұлттық дәстүрі мен ғұрпына

қолы босай қалған уақытта, көбіне кешкілік, Нұрхан Ахметбеков атындағы халық театрына барып, түрлі рөлдерде ойнайды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Болат Хамзиннің, актерлер: Ықылас Ғұбайдуллиннің, Марат Оспановтың, Рысты Ерденованың, Отаркүл Мұқатовалардың ортасында жүрудің өзі бір бақыт.

Мұхтар Әуезовтің «Еңлік–Кебек» пьесасын сахнаға шығарған жергілікті таланттардың өнерін бір күні Торғай облыстық партия комитетінің идеологиялық жұмыстар жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтың өзі тамашалайды. Есен батырдың рөлін ойнаған жігіттің өнері ерекше ұнаған. Өз – ағаң оны Торғай облыстық қазақ сазды драма театрына қызметке шақырады. Аудандағы басшылар белді қызметкерден айрылғысы келмейді. «Барма, сені жақсы бір совхозға селолық кеңестің төрағасы етіп жібереміз», – дейді. «Торғайда екі-ақ Өзбек бар бірі інім, екіншісі өзім», – деген хатшының сөзі жас жігіттің көңілін бұрып әкетеді.

Сонымен оның актерлық қызметі басталады.

Алдымен Торғай облысында, кейін облыс жабылған кезде Жезқазған облысында шеберлігін шыңдай береді. Торғай облысы қайта ашылған кезде бауыр басқан Арқалық қаласына оралып, жаңа театрдың ашылуына атсалысады. Бұл өнер ошағы бүгінде «Қалалық жасөспірімдер театры» деп аталады.

Торғай облысы екінші рет жабылып, 2000 жылы Қостанай қаласында қазіргі қазақ драма театры ашылған кезде бір топ актерлермен бірге сәулетті шаһарға келіп, жұмысқа орналасты. Пәтер алды. Әріптестерімен бірге өнерге жаны ашитын азаматтардың қамқорлығына бөленді.

Қостанайдан шыққан Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов сынды сахна жұлдыздарындай табиғи талантымен танылған ол Алматы, Мәскеу қалаларына бес рет арнайы курстардан өтіп, білімін тәжірибесін жетілдірді.

Мұхтар Әуезовтің «Айман – Шолпанындағы» Арыстан батырдың, Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуындағы» Қодардың, Эврепидтің «Медеясындағы» Креонт патшаның, Штейннің «Толасындағы» Гуша матростың, Иран – Ғайыптың «Килі күнәсіндегі» Ахмет Байтұрсыновтың, тағы да басқа бейнелерді сомдаған оның таланты жарқырай көрінді. Бүгіндері Қырғыз жазушысы Бексұлтан Жәкиевтің «Әке тағдыры», Әбіш Кекілбаев пен Сәкен Жүнісовтың «Абылай Хан», Сұлтанәлі Балғабаявтың «Біз де ғашық болғанбыз», Роза Мұқанованың «Қыз жылаған» пьесасындағы белді рөлдерді ойнап жүр.

Өз әріптестерінің арасынан ол Шахарбану Есенғұлованың, Қайыпберген Есенғұловтың, Қоныс Бекайдаровтың, Мирам Жапаровтың, Зылиха Әбдірасылованың, Ажар Шоқаевалардың, тағы басқа актерлердің өнерін жоғары бағалайды. Өзекең үлгілі шаңырақ иесі екенін де айта кеткен жөн. Жұбайы Мағриша екеуі алты баланы тәрбиелеп өсірді. Айгүл, Нұрсұлтан, Толқын, Самал жоғары білімді маман атанды. Анар болса Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының соңғы курсына оқып жүр. Кенжелері Нұрмахан қаладағы нөмірі 20 орта мектептің оқушысы. Өзбекәлі Жәнібеков есімін Нұрсұлтан деп қойған бала әке жолын қуып, Темірбек Жүргенов атындағы Алматы өнер академиясын бітірген.

Өзбек Мұқашұлы – әркез өнер сүйер қауымның көңілінен шығып келе жатқан үлкен сахна шебері.

2. ИТАЯҚ ОРНЫНА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН АСТАУ

Халқымыздың қолөнер туындыларының қамқоршысы бола білген азаматтың арқасында мұражай төрінен бір-ақ шығыпты

Биылғы жылы Арқалық қаласындағы Қостанай облыстық дала өлкесі тарихы мұражайының құрылғанына отыз жыл толып отыр. Осы мұражайдың құрылуына 70-жылдары Торғай облыстық партия комитетінің идеологиялық жұмыстар жөніндегі хатшысы қызметін атқарған Өзбекәлі Жәнібековтің өте зор үлес қосқандығын білетін жұрт жыр қылып айтады. Халықтың көнеден келе жатқан асыл мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған ол мамандарға рухани байлық ошағын қалай ұйымдастыру керектігі туралы ақыл-кеңестерін беріп қана қоймай, өзі де бұл іске белсене ат салысыпты. Өзекеңнің өз қолымен тапсырған талай дүние бүгінде мұражайдың шырайын келтіріп тұр. Солардың қатарындағы ағаш астаудың да өзіндік алатын орны бар. Ал енді осы жәдігердің мұражай қорына алыну тарихы адамды қызықтырмай қоймайды.

Өзекең бір жолы кезекті іссапармен Амангелді ауданына барады. Ауылдарды аралап жүргенінде қадірлі бір ақсақал үйіне қымыз ішуге шақырады. Обком хатшысы қарияның сөзін құп алады. Сүттей аппақ «Волга» машинасы айналасы тап-тұйнақтай үйдің жанына келіп тоқтай қалады. Қонақжай отбасы қадірлі меймандарды үлкен құрметпен қарсы алады. Есік алдында үлкен бір ит байлаулы тұрады. Оның алдында тұрған астау Өзекеңнің назарын аударады. Қариямен әңгіме барысында әлгі астау жайлы да сұрап біледі.

Төрт адамға арнап ет тартатын астауды 1900 жылы Торғай өңіріне танымал ағаш шебер, жасаған екен. Ерте заманда мұндай ыдыстың құны жоғары болыпты. Кейінгі уақытта темір табақтар көбейген соң әлгі астау қолданыстан шығып қалыпты. Содан соң итаяқ ретінде ғана кәдеге жарап тұр екен.

Өзекең аттанғалы жатқан кезде әлгі қария: «Қандай бұйымтайыңыз бар?» – деп сұрайды. Сонда хатшы? «Егер айып етпесеңіздер, әлгі астауды маған сыйлауыңызды өтінем», – депті. Өзекеңнің бұл сөзіне әлгі ақсақал сенер – сенбесін білмей, қатты қайран қалыпты. «Обком хатшысына итаяқ неменеге керек екен?» деп ойласа керек. Келініне дереу әлгі астауды жақсылап тазарттырып, жудыртып, мәртебелі қонақтың машинасына салып беріпті.

«Төрт адамдық» деген аты болмаса, астаудың көлемі едәуір үлкен. Қазіргі заманда осындай көлемдегі ыдысқа салған ас оншақты адамға еркін жететіндігін айта кетуге болады. Осының өзі – ақ адамдардың ірі, қуатты болғандығын аңғартса керек.

Ит алдынан мұражай төріне бір-ақ шыққан астау нені аңғартады? Егер жұрттың бәрі тым сирек кездесетін халықтың мұрасына осылай мұқият қарап, көптің кәдесіне жарауына жанашыр болса, халқымыздың рухани байлығы, өткен өмірінен сыр шертетін жәдігерлер қаншама мол болар еді. Оның қарапайым ғана үлгісін Өзбекәлі Жәнібеков көрсетіп берген.

«БҰЛ ЖӘНІБЕКОВ ҚОЙ...»

Өзбекәлі ағамыз қазақтың маңдайына біткен біртуар азамат еді. Өзекең болмағанда 1978 жылы 30 қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауи ғимараты ашылар ма еді, жоқ па еді деп қатты ойға қаламын кейде. Халқының тарихын, әдет – ғұрпын, салт – санасын, дәстүрін аса терең білетін мұндай азаматқа қазақтың рухани астанасы – Түркістанда ескерткіш қою керек қой.

Елге азды –көпті еңбегі сіңген ағаларымыз жөнінде талай- талай мақтау сөздер естіп жүрміз. Бірақ, сол сөздердің бәрі көңілге қонып, жүректен шыға бермейді. Қызыл сөзге боялып, жүректі тербей алмай, шындықтан алыстау жатады.

Таяуда, кезінде үлкен қызметте болған, жоғарыдағы кісілерді мақтағанда «данышпан, кемеңгер» сөзін өлшеусіз, еркін қолданатын ағамыз жөнінде қолайсыздау дүние оқыдым. Ол кісінің бойында «Жәнібековке ұқсайтын қасиеттер көп» екен. Міне, бұл енді тыраштық, жалған мақтау. Себебі, Жәнібеков пен екеуінің арасы жер мен көктей. Ол да ұлы өмірінде өз деңгейі, өз орны бар адам. Бірақ, ешқашан Жәнібеков бола алмайтын адам. Жәнібеков ешкімге ұқсамаса керек еді, ал, біреулер болса, оның бойынан аласұрып, зорлықпен өзіне қасиет іздейді. Ұят қой.

Әр адам өзінше қайталанбас әлем. Бірақ, Жәнібековтің әлемі мүлде бөлек. Біреулер өмірінде халқына бір-ақ мәрте пайдалы іс жасап, шамасы соған жетуі мүмкін. Ол үшін оны кінәлауға болмайды. Ал, Жәнібековтің толайым өмірі халқына бірыңғай жақсылық жасаудан тұрады ғой. Ал, әлгі кісінің өмірі бірыңғай олай емес қой. Көбіне жағымпазданудан, жарамсақтанудан, тыраштанудан, жасандылықтан тұрады. Себебі, оның не істегенін жұрт біле бермейді, ал, Жәнібековтың ісі әркімнің есінде. Демек, мақтау, ұқсату-өтірік. Ұлыларда ұқсастық болады. Ал, әлгі кісі ұлы болмақ емес, ұлағаттылау азамат.

Жәнібековты кешегі Алаш ардагерлері рухтас тұлға десек жарасады. Ал, осы сөз әлгі секілділерге де айтылады. Мүлдем жасанды, зорлықпен айтылған, қолында бишігі бар кезде айтылып қалған сөз. «Өзекең менімен санасушы еді, тез қайтушы еді, маған деген көңілі алабөтен еді» деген мазмұндағы сөздер де жалған. Бірбеткейлеу, өмірі біреуге жөнсіз иілмейтін Өзекең егер халқы үшін істелер жақсылық соның қолында ғана тұрса, сәл қулыққа басып, жай ғана сынуы мүмкін.

Қараңызшы, біреулер өзі туралы мақтау сөзді сұрап алып жатады, ал, Өзекең туралы сөздердің бәрі де жүректен шығып, редакциямызға өз аяғымен келіп жатыр. Кейбір зиялылар қазір зиялы туралы өтірік айтады.

Әлгі хаттардан үзінділерді оқырмандарға ұялмай ұсынып отырғанымызда жүректен шыққан сөздер болғандықтан еді.

Ол қазір тіріліп келіп, «Бұл-Жәнібеков қой десе, Бұл қай Жәнібеков дей алмайсыз. Өйткені, «Бұл Жәнібеков қой» деп бір-ақ адам телефондай алатын және сонысы өзіне жарасып тұратын.

Осы Жәнібековтың 70 жылдығы (28 тамызда 72 жасқа толды) Торғайдан басқа өңірдің есінен шығып кеткен деседі. Тойды тек қана стадионда өткізуге көшкен оңтүстіктегі ағайындар үшін Жәнібековтың 70 жылдығына 70 адам шақыру қиындық тұғызды ма екен? Әлде, бізде Жәнібековтер көп пе? Жоқ, Жәнібеков біреу, жалғыз.

Неге жалғыз?

Ол туған-туысқанын қызметке тартқан жоқ.

Ол ешкіммен жең ұшымен жалғасып жұмыс істеген жоқ.

Архив ақтарумен, кітап кемірумен, мұражай жабдықтаумен, қазақтың даласын жаяу-жалпылап шарлап «Қазақ даласының оның қолы тимеген тасы жоқ.

Талайлардың маңдайында оның аялы алақанының табы жатыр» (Әбіш Кекілбай, «Өзбекәлі Жәнібек», «Арыс» баспасы, 1999 жыл, 122-бет), әр үйдің төрінен жәдігер іздеумен өмірі өтті.

Әдетте, біздің қазақ дәкей қызметі бола тұра, пайдасы тимеген туысының маңдайынан сипай қоймайды, керек десең уақыт өте келе оның атын ұмыттыруға да қызмет етуі мүмкін. Ол ішінде қулық-сұмдығы бар, бір саусағын бүгіп жүретін қазақты сүйреген жоқ, ал, көкірегінде сәулесі бар қазақты шығаруда Жәнібековтың аянып қалған жері жоқ. Бар қазақты айтпай-ақ қояйық, тек Шерхан Мұртазаға тигізген шапағатын айтсақ та жетер енді. Кейде ешкімнің көмегін қажет етпей-ақ өзі де жарыққа шығар еді ғой дейтін Шерағаң да Жәнібеков болмаса қазіргі биікке шығар ма еді деп те ойлайсың.

«Кейде ойлаймын ғой. Туғаным емес, туысқаным емес, тіпті, рулас та емес, нағашы-жиен де емеспіз. Бұл Жәнібеков неге мені қайта-қайта оқтан алып қалады» (Шерхан Мұртаза, «Өзбекәлі Жәнібеков», «Арыс» баспасы, 1999 жыл, 161-бет)

Жәнібековтің осыншалық жанкештілігін, қазақтың мәдениеті мен өнеріне сіңірген өлшеусіз еңбегін еске алған сайын, мәдениетті басқарып отырып, түк бітірмеген, тек мықтыларды өзіне жанастырып, мекіреніп отырып естелік айтудан жалықпайтын, қазақтың музыка өнеріне шатыстыру, шабыстыру рөлінде айырықша ойнаған «ардагерлерді» аяйсың. Солар құсап әдемі сөйлеп, әдемі өмір сүргенде Жәнібеков көп Жәнібековтің бірі болып қалар еді, әрине. Есесіне солар қазірде «көсем». Сол баяғы әдетімен әлі де билікке, басқаға да ықпалын жүргізгісі келеді. Сөзіміз асылық болмасын, Жәнібеков емес, осылар неге көп жасайды екен?

Әлгі жасанды, мекіреніп сөйлейтіндердің шалығы тиді ме, қазір 50 жыл бойы Петерборда жатқан Тайқазанды өзі әкелгендей желпініп сөйлейтіндер бар.

Тайқазанды әкелу идеясы – Жәнібековтікі, қолдаған, қатты қуанған Назарбаев.

Бұрынғы жүздесулерді айтпағанда, өмірінің соңғы жылдарында Өзағаңмен бірнеше мәрте кездесіп, сөйлесуге тұра келді. Көп шындықтың бетін ашып сөйлеген еді сонда.

Таяуда ол кісінің сол кездегі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Наталья Коржованың атына жазған арызы қолыма түсті. 1997 жылдың 7 сәуірінен бастап 1-топтағы мүгедек Өзағаң (бұл пәлекетті бұл кісіге қимайсың, әрине) бұл арызды сол жылғы тамыздың 23-інде жазған екен. Назарбаев пен үкіметтің арнайы тапсыруымен шетелден әкелінген жасанды демалдыратын аппаратты тәуліктің 15 сағатында пайдаланып, тынысы тарылып отырса да, қағаз-қаламын қолынан тастамай, өзі құрған «Арыс» қорының жұмысымен жанкешті түрде айналысқан Өзағаң Коржова секілділерден «уважаемая Наталья Артемовна!» –деп көмек сұраған. «Уважаемая, Уважаемый» кім болу керек?

Өзағаң ешкімді мүсіркемеген, өзі де мүсіркеуді қажет етпеген маңғаз, тәкаппар тұлға еді. Әйтсе де, халқына өлшеусіз еңбек сіңірген адам неге қайдағы біреуге жалынып-жалбарынып арыз жазуға тиіс деген ой ішіңді удай ашытады.

Бекзаттарымызды бәзбір бикеге жәудіретіп қоятын біздің бейшаралығымызға бұдан артық дәлел бола ма? Халқына еңбегі айырықша сіңген адамдарды бәзбіреуге арыз жаздыртып, телміртпейтін тегеуірінді орын ашуға құдіретіміз жетпей ме?

Әлде, несі бар, Ахмет Байтұрсынов та құзырлы мекемелерді жағалап жүріп қарыз сұраған дегіңіз келе ме?

Қазаққа кім қарыз, Жәнібеков пе, басқа ма?

АТАМ ЖАЙЛЫ АҢЫЗЫМ

Мен атамды мақтан тұтам, атамды сүйемін, ол кісінің аруағына бас ием, оған арнап Құран бағыштаймын. Өйткені, ол кісі әулиедей еді ғой. Мені жақсы көретін, үміт күтетін. «Қолжазбамды саған тапсырам, саған аманат», – деп отырушы еді.

Атамның бейнесі әлі жадымда, еңсегей бойлы, қара торы жүзді, көзі мейірімді, әрқашан мені жылы қарсы алып, маңдайымнан иіскейтін. Қолынан қаламы түспейтін, жан-жағы толған кітап...

Міне, менің қолымда екеуіміз түскен сурет. Оның шаршаңқыраған бейнесі көз алдымнан кетпейді. Иә, кейінгі кезде көп шаршады... Атамның осы бір бейнесіне қарап, ол кісінің маған айтқан әңгімесі есіме түседі.

Ол жастайынан жетім қалған. Өз бетімен талпынып, білім алуға әрекеттеніпті. Ол үшін үлкен қалаға аттанады. Бас көтермей, кітап оқиды. Өзін-өзі тәрбиелейді. Әрине, оны көбірек қызықтырғаны тарих болыпты, оның ішінде қазақ елінің тарихы қатты толғандырған.

Ол қажыр-қайратының арқасында қиындықтарға мойымай, үлкен жетістіктерге жетті. Мұныхалқымыз көрді, бағалады. Маған атама берген халық бағасы – мақтаныш! Атам айтушы еді: «Нәтиже шығару үшін, ең алдымен, өз тіліңді, мәдениет пен ел тарихын білу керек», – деп. Ал, біз болсақ, керісінше, ана тілімізді қадірлемейміз.

Тарихымыз өте қызық. Бірақ, мәдениетімізге тым аз көңіл бөлеміз. Сол себепті атам қазақтың әдет-ғұрпын, мәдениетін, этнографиясын зерттеп біліп, оны жасөспірімдерге жеткізуді мақсат етіп қойды. Бұдан оның өз халқына деген сүйіспеншілігі көрінеді.

Қазақтың көптеген белгілі адамдары оны: «Коммунистік рухта тәрбиеленген қазақ зиялысы, ұлттың ұяты, ақылы, рухани ұстазы, – деп бекер айтпайтын болар.

Иә, атамның енді екінші өмірі басталғандай. Ол кісінің сонау Эрмитаждан Тайқазанымызды алдыртуы, қазақтың киімі (үлгілері) туралы кітап жазуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы үшін күресі, қазақтың рухани көсемдерін тарих сахнасына шығартуы сияқты сан жетпейтін істерін халқымыз айта жатар, есіне алар...

Менің ойым-тек атам айтқан аманатын көкірегімде тұмардай сақтап, мұрағат ретінде өткізген қолжазбаларын көздің қарашығындай сақтау. «Бауыржан екеуің ие болыңдар осы мұраға» деген сөзін ешқашан ұмытпаспын.

Ұмытпаспын, аташым! Тек жақсы оқып, жақсы әдетке үйрене жүріп, сеніміңізді ақтармын деп ойлаймын.

Өзің ауырып жатқанда мынадай тақпақ-өлең шығарған едім:

Аташым, менің аташым!

Неге ұзақ жатасың?

Ертіп жүр ғой түйе де,

Кішкентайын, ботасын.

Тұр, ауырма, аташым!

Мен де сізге боташың!...

ӨЗБЕКӘЛІ АҒА

Білем сені, жан аға, жас кезімнен,
Махаббатқа, бақытқа мас кезімнен.
Сөйлетіп ең сен Қазан вокзалында
Шықпап па еді сонда бір жас кезімнен.

Ұйқылы – ояу көңіліме күн түсірдің,
Жастық деген жалынмен өмір сүрдім.
Тірлігімде мен қалай ұмытайын
Он төртінші съезін ВЛКСМ-нің.

Жүруші едім мен қостап, үміт бастап,
Кеттік талай жылдарды артқа тастап.
Комсомолдың Орталық комитеті
Тұманбайдай мүшесін ұмытпас та.

Бірі білмей қазақтың бірі біліп,
Жүрген тұста жанымды бір ұғынып.
Жырларымды ЦК-ның бюросында
Талқылаттың,
Ұмытпаймын мен оны тірі жүріп.

Көктем, гүлге көңілім елтіп пе еді,
Жастық желі тұрғандай желпіп мені.
Қырғызстан қыздарын жырласын деп
Қырғызға да апардың ертіп мені.

Жақындады менің де күнгей кешім,
Асқанда да елуден кірмей ме есім.
«Лауреат»- деп қададың өз қолыңмен
Көкірегіме көсемнің күн бейнесін.

Содан кейін шарықтап кеттім өсіп,
Көңілімнің отымен көп тілдесіп.
Аялады жырымды, өзімді де
Мейірімді ел дейтін алтын бесік.

Арқаға да шамалы ой бөлсін деп,
Көңілдегі сөздері сөйленсін деп,
Торғайға да шақырдың Тұманбайды
Есілге кеп есейсін, той көрсін деп.

Көзім-көкте, әрқашан көңілім өрде,
Бақсам қалған сияқты танып ел де.
Соңғы кезде ешқайда шақырмайсың,
Көңіліңнен шыға алмай жүрмін бе әлде!!

Өттің сенде, жан аға, талай жолдан,
Қалай болды, белгілі қалай болған.
Жан гүлімді ақырын ашқан сайын
Тағдырыңды сенің де сан ойлағам.

Бірде биік, бірде ұштың сен төмендеп,
Бірақ босқа кетпеді еткен еңбек.
Жүрдің үнсіз бәріне төзіп,шыдап,
Кірдің елдің жанына көп тереңдеп.

Бірден қайдан кете алсын үміт гүлдеп,
Соқты алдыңнан жел гүлеп, суық гүлеп.
Ел аузынан тастамай айтып жүрді,
Ел тізгінін ұстайтын жігіт бұл деп.

Ел тізгінін ұстатты,ой тізгінін,
Тоқсан ойға сүйреді тойсыз күнің.
Бердің жұртқа бойдағы асылыңды,
Көрдің талай тірліктің жайсыздығын.

Қамқор көзбен қарадың маған дәйім,
Бірге өсіп, бір туған ағамдайын.
Шапағатпен өзіңді еске алармын,
Таусылатын кезде де жанар майым.

Құлап жатыр жұлдыздар көктен ағып,
Ер жеткен біз ұрпақпыз өрттен қалып.
Менсекілді талайдың бағын аштың,
Кемітпедің ешкімді бетін қағып.

Есіміңді еліңнің кең даласы
Ардақтайды, сен бе едің кем бағасы.
Шындық бүгін шырқап бір көкке шықты,
Сол шындықтың өзіңсің ел баласы.

Сен шындықсың-шындықтай келбеттісің,
Талайлардың жүрегін тербетті ісің.
Төрт ағанды тірілттің өлді деген,
Жетіп соған ақылың, жүрек күшің.

Сен шындықтың желісің соғып тұрған,
Білігіңе кетейін болып құрбан.
Жомартымсың бүгінгі туған елге
Уақыт өзі әкеліп жолықтырған.

Өзбекәлі көтерген алаулардың,
Шүкір оған, ішінде мен де бармын.
Тынысымды бұдан да кең алармын,
Демалатын кезімде демалармын.

Мүмкін саған бала болып көрінермін,
Мені алыстан шақырған өрім едің.
Жетім күнде аялы алақан боп
Жетуіме жәрдемші болып едің.

Өмір-ұзақ дегенге босқа нанып,
Жүр екенбіз, қош енді, қош балалық,
Сенің шашың ағарды, менің басым
Бара жатыр күн сайын қасқаланып.

Ел аузында жырымыз жаңғырыпты,
Күн мен жердей кім болар мәңгі мықты.
Қыздар қарап тоймайтын дидарыңа
Әжім өзі іздерін қалдырыпты.

Қайғы да өтті басыңнан, құса да өтті,
Көз алдыма көп келді құс әдепті.
Асыл аға, кеудемде өзің жайлы
Жүрген өлең қағазға түсе кетті.

Өмір бойы бір мақсат қуаладың,
Топтан озып демей – ақ ту аламын.
Елдің қамын ойлаған азаматқа,
Бердім мен де жанымның бір алауын.

Сенімімсің сен менің мәңгі құптар,
Көрген жақсылықтарын кім ұмытар.
Ел сенетін кісінің биіктерде
Жүруінің өзінде заңдылық бар.

Шығып жүрсің жерінен елің күткен,
Мен қараймын өзіңе тек үмітпен.
Биігіңде бола бер, биігіңде
Сәулең елге көп түсер сол биіктен.

АДАЛДЫҚ
(Өзбекәлі ағаға)

Көшкенде келешекке дала, белмен,
Әр түрлі қиянатпен жала көрген
Халықпыз
Қолымыздан сусып түсіп,
Әр жерде асыл мүлкі қала берген.

Өзгеріп жапырағын үзеді күз,
Өзаға, өзіндік ой түзедіңіз.
Қапыда көш-керуеннен түсіп қалған
Мүлікті жисам деген сіз едіңіз.

Қазақ па шырқамаса көсілте өлең?
Мен-дағы сол қазақтың нәсіл-тегі ем.
Ән-жырмен әлдилесем деген Сізсіз,
Ұлтымыз ұстағанда басын төмен.

Барынша көкірегісіз ояу деп ек,
Барады қайдағы бір қаяу бөлеп.
Ән салдырған жүректі кінәламай,
Ән салмайтын халықты аяу керек!

Уақыт айбарлы да, мұңды әлі шын,
Мұң көшіп жүректерге нұр дарысын.
Асулар, алыс жолдар ашық болғай
Халқына адал туған ұлдар үшін!

ӨЗБЕКӘЛІ АҒАНЫ ЖОҚТАУ

Ағамды еске алайын Өзбекәлі,
Жұбатпас көңілімді өзге дәрі.
Аяулы бауырымнан аярым жоқ,
Аузыма Алла салса сөз бағалы.

Өтті деп дүниеден оты бар ұл.
Қопарып қасиетті топырағын.
Азалап азаматын жатыр бүгін,
Иығы бүлк-бүлк етіп Отырарым.

Ғұмырдың көзім жетіп ұсағына,
Ұмытылып көңілдегі құса, күнә.
Қағылез қалпыңменен кеттің бе еніп,
Туған ел, жер ананың құшағына.

Жазылған құрандағы шындық мәлім,
Ұғындық өлмейтұғын тірлік барын.
Қуанып жатыр ма екен Өзбекжан деп.
Жәнібек, Қанышадай мұңлықтарым.

Сағаттай сыртылдаған бұрандалы,
Жалғанның қиын екен тұралмағы.
Өзгеге иек артпай, өзі болған,
Текті ұлдың біреуі едің Тұрандағы.

Шегі жоқ дүниенің байтақ екен,
Тек қана өлмейтұғын сайтан екен.
Ең соңғы аманатын алыптар да,
Өзі ұшқан ұясына айтады екен,

Терімен маңдайының тапқан бақыт,
Еркенің бірі емес ең таққан жақұт.
Сұп-суық күй тербейді Сахараны,
Шеккен соң ұлы сапар ақпандатып.

Деген сол құдай салды, бейбақ көнді,
Жұртым-ау болыңыздар қайратты енді.
Далаңды күңіренгіп балаң мінген,
Азынап ақ боз аты жайдақ келді.

Жаралған перзенті еді бір бағына,
Жете алмай қалдың бүгін тырнағына.
Үш жүздің басын қосқан азаматтар,
Көңіл айт, Отырардың жұрнағына.

Көтермей туған жерден ұлыс ірге,
Ардақтар алтынын да, күмісін де.
Асылын жоғалтқанда бір шулайды,
Қадірін білмесе де тірісінде.

Қамшысын әділеттің суырлаған,
Өзім деп өректімей, бауырға адал.
Болмаса адамзаттың қасіреті,
Дертімен пендешілік ауырмаған.

Ол да бір белес екен дәуір аттар,
Жеткізген желге өкпелер зәру ақпар.
Қызылдың қылышын да елемедің,
Күйзеліп жатқан кезде әруақтар.

Халқыңды сүйіндіріп шын ісіңмен,
Адалдықтан болмады ырысың кем.
Сүйегіне жамандық дарымады,
Отырардың киелі нұры сіңген.

Тар жол кешіп тайғанақ мұзарттармен,
Жүрегіңді ауыртып жүк артқанмен.
Қалтасына біреудің сұғынбапты,
Билік қанша қолыңды ұзартқанмен.

Ардағым-ай, ақберен, азаматым,
Ел лебізін езіліп жазады ақын.
Алтын көріп алжаспай аман өтіп,
Алласына тапсырған аманатын.

Қайран ағам, не дейін, қайран ағам!
Қазанама жазам деп ойламағам.
Ықыласын жұртыңның сезесің бе?
Бауырына баса алмай, аймалаған!

Жүрегінің ақтарып лағыл тасын,
Бауырларың салып жүр бар ынтасын.
Қош бол, аға, жайыңыз жәннатта боп,
Жаппар ием алдыңнан жарылқасын!

ӨЗАҒА ТІККЕН СӘУКЕЛЕ немесе қазақ тойына қазақы киім жарасады

1996 жылы «Өнер» баспасынан «Қазақ киімі» атты кітап жарық көрді. Құрастырып, алғы сөзін жазған – көрнекті мемлекет қайраткері жазушы, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков.

Осы кітапты жарыққа шығару жолында Өзағаның қалай ізденгені, қалай еңбектенгені өз алдына үлкен әңгіме. Сол кездегі түсінікке салсақ, қайраткердің бұл әрекеті белгіленген шеңберден шығу сияқты көрінгені де шындық болар. Өзаға бұл еңбегінің кіріспесін сонау 80-жылдардың басында-ақ бастап кетіпті. Сонымен –ақ қайраткер өткенге оралу, ұлттық болмыспен қайта қауышу керектігін сезіндіргісі келгендей.

Ал сол Өзағаның еңбегі тек теория жүзінде емес, өз қолымен өмірден де көрініс тапқанын көпшілігіміз біле бермеспіз. Өзаға кенже келіннің сәукелесін өзі тігіпті...

Қалихан апа (Өзағаның жары) айтады:

— «Осы капрон деген бәле құртып жатыр бәрін. Долбарлап, бойға іле салу сәнге айналды», – деп қынжылып отыратын Өзекең. Бірде: «Біз ұлттық киімге қайта оралуымыз керек, бізге жарасатыны осы» дегені бар. Сосын: «Кенже ұлымыз Бауыржанның тойында осы ойымды жүзеге асырсам», – деді тағы бірде.

Бауыржанымыз үйленетін болып, абыр-сабыр болып жаттық. Әлде құдаларымыз қызын «жас» деп жүрді ме, әлде «оқуын бітіріп алсын» деді ме, әйтеуір сөз салып, алдарына бірнеше рет бардық. Ақыры, келісім алдық та, той қамына кірісіп кеттік. Бұл 1985 жылдың қаңтар айы еді.

Төрт бөлмелі үйде тұрамыз. Өзекеңнің өз кабинеті бар, жұмыстан келе сала сонда кіріп кетеді де, есікті іштен бекітіп алып, бірдеңе тігеді де отырады. Мұның алдында сапарға шыққан сайын барған жерінен неше түрлі әдемі тастар, моншақтар әкеліп жүретіні бар еді, енді қарасам, соларды қадап, қазақы бас киім, кейін өзі жазғандай, қасаба-сәукеле тігуге кірісіп кетіпті. Мен басында оның бұл пейнетін құптамадым, шақырсаң шайға келмейді... Тіпті жұмысына кетерде бөлмесін бекітіп қояды. Кейін ойлап отырсам, бәрі бір қолдан шықсын деп ойлаған сияқты. Қырғызстанда бір тігінші жеңгесі бар еді, сол кісі «мен тігіп берейін» деп қолқа салып көрді. Өзекең көнбеді. Той өтетін мерзімге қарай сәукеле де дайын болды. Үкісін Роза Бағлановадан сұрап алды.

Гауһар тәте (Өзағаның келіні) айтады:

– Құдалық рәсімдерін орындап, келіп жүргенде-ақ атаммен өте жылы сөйлесіп кеттім. Бір күні ол кісі бізді тойда қазақша киіндірмек ойы барын білдірді. «Әрбір қыз «тойымда мынадай көйлек кисем» деп армандайды ғой. Сенің ойыңда не бар?» – деді. Мен әдеттегідей ақ көйлек кигім келетінін айттым. Атам қарсы болмады, «мен ұлым мен келінімді қазақша киіндірсем деп жүр едім, дегенмен саған екі көйлекті де тіктірейік, ақ көйлекті ұзату тойыңда ки, ал неке тойында қазақша киін» деді. «Әртістер киетін қазақша киім маған да ұнайды, ата. Бірақ бас киім көңілімнен шыға бермейді» дегенімде, «сенікі ерекше болады, қалқам» деп жымығаны есімде. Шынында да ерекше болды.

Ал келін көйлегін атам «Түскиіз» фабрикасында тіктірді. Макетін өзі сызып, барлық өлшемін белгіледі. Той мерзімі жақындаған сайын екеуміз жиі барып, көйлектің тігілуін қадағалап жүрдік. Атам ондағы әрбір оюдың орналасуына қатты мән берді, тіпті кей оюды екі-үш қайтара жасатты. Атамның ойынша, сыртқы камзолдың белдігі ағытылғанда, белдемшеден (юбка) көйлек көрініп тұруға тиіс екен. Тігіншілер алғаш осыны түсінбей қалды ма, атамның көңіліндегідей шыққанша үш-төрт рет тігуге мәжбүр болды. Сөйтсе, белдемшенің түймеленетін тұсынан төмен қарай үшбұрыш ашық қалуы керек екен.

Хадиша апай (Өзағаның құдағиы) айтады:

– Бір күні құдағи екеуміз көйлекті көруге бардық. «Сіздер көріп жүріңіздерші. Әйтпесе, аға айтқан уәдеден шығу қиындау болып тұр» деп күледі ондағы қыздар. Десе де, ағаның барлық ойы жүзеге асты. Гауһардың киіміне барлық ел-жұрт риза болды. Гауһар той үстінде иіліп сәлем бергенде Өзекеңнің шаттанған түрін көрсеңіз!

Қалихан апа айтады:

– Қазір қарап тұрсам, Өзекеңнің ойы енді-енді ел арасынан көрініс бере бастағанға ұқсайды. Өзекең кейін немерелеріне де киім тігуді жоспарлап жүрді. Кейін өзінің түсіндіруінше, келіншек көйлегі ақ немесе ақсары түсті болғаны дұрыс екен, «қызылды қыздар киюі керек» деп отыратын.

Біздің айтпағымыз осы, балам...

Құтым ОРДАБАЕВ

ӨЗБЕКӘЛІ – ӨЗ ШӘКІРТІМ

Өзбекәлімен талай кездестім. Әр жүздесу үлкен тәрбиелік мәнге толы болатын.

Қазақстан Республикасы Орталық Комитетінде хатшы болып тұрғанында, ғылыми атағын қорғап демалысқа шыққанында ауылға келгені әлі есімде. Арыстанбаба қарындасы барып, зиярат етіп, анасының басына құран оқыды. Ауылдың қарияларының ортасында отырып бір игілікті әңгіме бастағаны.

— Наурыз мерекесі көп болды, тойланбай кетті емес пе. Осы бір Ұлыстың Ұлы күні болып саналатын Наурыз жайлы көп ізденіп, зерттедім. Оны барша мұсылмандар мерекесі ретінде жылда атап өту туралы Орталық комитет мақұлдап отыр. Ол жөнінде арнайы қаулы шығады, – деді. Бұл бәрімізге қуаныш лебін әкелгендей болды. Сөз соңында Наурызға дайындала беру керек деген тапсырманы да ескертті. Мен ол кезде аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болатынмын. Өзекеңнің қуанышты хабары барлық мектептерге жеткізілді әрі дайындық ісі қолға алынды.

Сөйтіп, араға ширек ғасырдай уақыт салып, халқымыздың ұмытып бара жатқан Наурыз мерекесімен қайта қауышуына Өзекеңнің қосқан үлесі орасан зор еді.

Өзбекәлі Жәнібеков жастайынан зерек, өте тәртіпті, өнерге бейім, жақсы билейтін, жаңалыққа жаны құмар, таза, мұнтаздай болып жүретін. Мен оны сегізінші

сыныптағы ұстазы болған кезімнен білетінмін. 1945 жылы Жамбыл мектебінде оған дәріс бердім. Сол азамат ер жетіп, елге тұтқа болды, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері, ірі ғалым болды. Біз оны әрдайым мақтаныш етіп жүрдік. Енді бүгін...

Енді бүгін талабы таудай шәкіртім Өзбекәлі Жәнібековті мейірімсіз ажал арамыздан алып кетті. Өте өкінішті. Қимайтын жан. Амал қанша, қолдан келер шара жоқ. Топырағың торқа болсын !

*Темірхан РЫСКЕЛДИЕВ,
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық музейінің директоры (1995–2007 жж.)*

ҚАЗАҒЫНА ҚАМҚОР БОЛҒАН ӨЗ-АҒА!

Мен бұл күрделі де тарихи тұлға жайлы жазуда көп толғандым. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің шынайы да үлкен жанашыры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков жайлы жазылған естеліктер өте көп. Қарап отырсақ, Өзекеңді мәдениет пен әдебиеттің, өнердің адамдары ғана емес, бүкіл қазақ халқы қастерлейтінін аңғарып, қайран қаламыз. Ол әлдебір жекелеген адамдарға жақсылық жасағанда алдымен қоғамның мүддесін ойлап, әрекет жасағанын байқаймыз. Ал, ақындардың өлеңдерінде Өзағаңның биік парасаты, адамгершілік қасиеті былайша бейнеленеді:

«Маңдайына біткен халқымның,
Дара тұлға едің, жан аға.
Сөнгенді бүгін алтын Күн,

Түнерді бүгін дала да» – деп Фариза Оңғарсынова тебіренсе, мемлекеттік сыйлықтың иегері, жерлес ақын Темірхан Медетбек:

«Жыладың елің үшін жыласаң да,
Сұрадың елің үшін сұрасаң да,
Ешқашан бүгілместен, иілместен,

Тік тұрып құладың сен құласаң да», - деп қоғам қайраткерінің қайсар мінезін бейнелейді. Ал, отырарлық қарындасы, танымал айтыс ақыны Әселхан Қалыбекова:

«Халқыңды сүйіндіріп шын ісіңмен,
Адалдықтан болмады ырысың кем,
Сүйегіңе жамандық дарымады,

Отырардың киелі нұры сіңген», - деп жырлайды, оны өз жерінің перзенті екенін мақтаныш тұтады.

Ия, Өзбекәлі Жәнібеков Отырар ауданының төл перзенті. Өзбекәлі ағамен сонау бір кездесуім жадымда жаңғырып, ол кісінің бейнесі күні кешегідей көз алдымда елестейді. Ал әңгімесі жүрегімде жатталып қалыпты.

Жалпы мен Өзбекәлі ағаны комсомол, партия қызметтерінде, мәдениет саласында басшылық қызметтерде істеген кездерінде сырттай біліп, сөздері мен мақалаларын газеттерден оқып жүретінмін. Оның ойлы пікірлерімен парасатты да байыпты байламдарына іштей таңырқап, сүйсінетінмін. Ол кісіні соңғы рет Түркістанда өткен Н. Оңдасыновтың 90 жылдық мерейтойында көріп, әсерлі әңгімесін тыңдағанмын.

Ө. Жәнібеков аға партияның қылышынан қан тамып тұрған кезінде халқымыздың салт-дәстүрін насихаттап, Наурыз мейрамын және басқа да құндылықтарымызды қайта оралтып, ел игілігіне айналдыруға батыл қадам жасады. Ахмет Ясауи кесенесін музейге айналдыруға, Тайқазанды Ленинград Эрмитажынан қасиетті тұғырына қайтаруға үлкен ықпал жасағанын білетінмін... Түркістанда да, сол сияқты Қазақстанның басқа аймақтарында да қайта қалпына келтіру шеберханаларын салдырып, ашқызды.

Міне, осы жәйттердің барлығы Өзбекәлі Жәнібековтің 1996 жылы Алматыдағы «Рауан» баспасынан шыққан «Тағдыр тағылымы» атты естеліктер кітабы мен жоғарыда аталған кітапта толығырақ жазылған.

1978 жылы көп жылдардан бері бірінші рет Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» ескерткіштерін қалпына келтірудің кешенді жоспары жасалып, қалпына келтіріле бастады. Оның сан алуан жұмыстарының ішінде Ахмет Ясауидің құлауға айналған құлпытасын түзету де бар болатын.

Министрлер кеңесінің 1978 ж. 8-желтоқсанда қабылданған «Түркістандағы Ахмет Ясауи сәулет ғимаратындағы қайта ұқсату жұмыстары жөніндегі» қаулысының кейбірі озық тәжірибенің жетіспеуінен, ұқсатушылардың ұқыпсыздығы мен жауапсыздығынан іске асырылмағандығы Өзағаңның арқасына аяздай батты. Сондай – ақ, қала басшыларының жаңа қала салу, сондай – ақ «ескі қаланы» қалпына келтіру жөніндегі жөнсіз бастамаларына нүкте қойған да Өзбекәлі Жәнібеков еді.

1988–90 жылдары Ө.Жәнібеков Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы болған кезде идеология бөлімінің меңгерушісі болып бірге қызмет еткен Мырзатай Жолдасбеков өз естелігінде «Ерекше маңыздылығын ескере отырып. Өзекеңнің 1992 жылы маған жазған хатын да жариялауды жөн көріп отырмын», – дей келіп, «Әзірет Сұлтан» қорығы жөніндегі ойларын толық келтірген. Онда Өзағаң тарих қойнауларына жүгініп, қайта қалпына келтіру жұмыстары жайлы ойларын, тығырықтан шығудың бір ғана жолы бар екенін айта келіп, Түркістан қаласының мәртебесін көтеру сияқты ойларын, кедергі кемшіліктерді жазады. Бұл жазбадан да Өзағаңның ұлттың мәдениеті мен тарихына, қаламызға, кесенеге жанашырлығын байқаймыз.

«Жарық дүниедегі тірлік сапары тұйықталар тұста да Өзбекәлі Жәнібек тарих тұңғышына үңіліп, Әмір Темір Көрегеннің Ахмет Ясауи Құтхана мешітіне кепілдік (вакуф) – бұйрығын қазақшалапты», – дей келіп Ерлан Арын сонау тоғышарлық шақта бірінші рет Ахмет Ясауи сәулет ғимаратын апат қауіпінен құтқарып қана қоймай Өзбекәлі ағаның кесенені бастапқы қалпына келтірудің басы-қасында болғанын жазады.

Өзағаң «Өзім туралы бірер сөзінде» Несін жасырайын, бәлкім ата-анадан ерте айырылып, бала жастан тұрмыстың тауқыметін тартып, адамдардың зұлымдығын, арақатынасындағы екіжүзділікті көргендіктен бе, әйтеуір езу тартып, жымия бермейтінім рас» дей келе, ашу, ыза керней қалған сәтте райдан тез қайтатынын, кек сақтамайтынын айтады.

Ө. Жәнібеков Отырар ауданындағы ескі қоныстардың бірі Сарықамыста 1931 жылдың 28 тамызында дүниеге келген. Мектепті үздік оқиды. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, Келес ауданында мұғалімдік қызметін бастайды. Аупартком нұсқаушысы, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінде хатшы, бірінші хатшы, көптеген жылдар бойы орталық басқару органдарында, Торғай, Алматы облыстарында

басшы партия, кеңес, комсомол жұмыстарында, республиканың мәдениет министрі қызметтерін атқарды.

Ө. Жәнібеков – ғылым докторы, оның сіңірген еңбегі Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен атап өтілді.

Белгілі қоғам қайраткері және ғалым Өзбекәлі Жәнібеков 67 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Мақаламның соңында Өзбекәлі Жәнібековтің Түркістанның 1500 жылдық мерейтойының қарсаңында жазған батыл ой-ұсыныстары жайлы айтқым келеді. Өйткені ол ойлардың маңызы әлі жойылған жоқ.

Тағы бір ойында, «Әзірет Сұлтан» қорығы пантеон ретінде пайдаланылып келгендіктен онда еліміздің ең белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері, ғұлама, дін басылары жерленгені айта келіп, «Өкінішке қарай, қазақтың осындай ұлы адамдарының мүрделері құрыған, басына қойылған тастары жоғалып кеткен. Енді тек олардың құрметіне кішігірім пантеон тұрғызылып, аты-жөнін тасқа қашап қана аруағынан кешірім сұрауға болады», – деп күйіне жазады.

«Қорғалатын аймағына су тартып, ағаш, гүл отырғызып, оның кешеніндегі ескерткіштер – онсызда ғасырлар бойы шөгіп келе жатқан іргесіне зақым келтіретін, Ежелгі Түркістанның көпғасырлық қыртыстарында қалып қойған ескі құрылыстардың соңғы қалдықтарын, көне зираттарды қиратуға алып баратын іс-қаракеттер жасаудың қисыны жоқ» деп, бұған үкімет тарапынан тиым салынбаса, қазақстандықтардың ғана емес, бүкіл түркі халықтарының мақтанышы болып табылатын сәулет ғимаратынан мүлдем айрылып қалатындай қауіп туатыны ықтимал деп шырылдайды.

Мінекей, Өзбекәлі Жәнібековтың бұл айтқандары қала басшыларына сабақ боларлық жәйт. Бұл орайда этнограф-ғалым қаланы көркейтуді жақтамайды емес, қайта көне мұраларға зақым келіп, орны толмас өкінішке ұшырамайық деген жанашыр ниеті аңғарылады.

Әмір МҰСАҚҰЛОВ,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
Шымкент институтының профессоры

ТАҒДЫР ТӘРБИЕЛЕГЕН КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА

(Белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, тарихшы, этнограф-ғалым,
аса ұлтжанды азамат Өзбекәлі Жәнібеков туралы ойтолғау)

Өмір адамның танымдық қасиетті тауысып та тани алмайтын өте күрделі, шытырманды, сан-салалы құбылыс. Өмір де ғарыш кеңестігі сияқты шексіз. Сол шексіз кеңестікте өмір сүретін жасампаз адамның өмірі де шектеулі. Оған біз пенде ретінде «Тағдыр» деп ат қойып, қанағат етіп, сабырлыққа шақырамыз, тәубамызға келеміз. Солай болуы да керек.

Сол күрделі тағдыр тауқыметін жас шағынан көп көріп, ес білгенінен бастап тағдыр тосқауылдарынан құдірет иесінің қолдауы, сүйікті ата – анасының Аруағының демеуімен тарихымызда халқы сүйген, құрметтеген перзенті болып биік билік, құрмет тұғырына көтерілген тұлғаның бірі Өзбекәлі Жәнібеков 75 жасқа толар еді. Өзбекәлі халыққа таныс есім ғана емес, халқының сүйіктісіне айналған тұлға. Ол

сонау жиырманшы ғасыр басындағы Орта Азия жастарының жетекшісі, жол басшысы атанған Ғани Мұратбаев сынды азамат. Тарихта ол өз орнын тауып, өз өмірінің ескерткішін мәңгілік етіп өзі жасап, бақилыққа кіршіксіз таза пейілмен, халқына деген мөлдір махаббатын кірлетпей, дақ түсірмей аттанған күрделі, қасиетті тұлға. Өзекеңнің бойындағы таным түсінігіндегі көрегендік, имандылық қасиеттер тәнінің, денесінің ұлы аруақтар мекені, ата-анасының мәңгілік қонысы болған баптардың бабы Арыстанбаб жанына жайғасуына да ықпал етсе керек. Бұл пікірімізге халқының Өзекеңе деген пейілі, сүйіспеншілігі, ықыласы, берген бағасы айғақ. Өзекеңді соңғы сапарға аттандыру барысында Алатау бауырындағы Алматыдан бастаған қаралы жиын мен қаралы шеру көріністерін Елбасы мен халықтың Өзекеңе деген ықылас-пейілінің, сыйластығының ықпалы екендігін сезінген халық – Елбасына деген ыстық ықылас сезімін де білдіріп жатты. Бұл ұзақ әңгіменің арқауы болатын көріністер.

Біз Өзекеңнің замандастары, бір кезеңде, бір дәуірде, бір идеологияның, тәрбиесінің ықпалында өмір сүрдік, ер жеттік, есейдік, білім алдық. Заман, уақыт бізді ерте есейтті. Біздер заман жүктеген тағдыр тауқыметін көріп жетілдік. Ол жайында Өзағанның өзінің «Тағдыр тағылымы» кітабында шын айтылған, жақсы айтылған. Сол сияқты бүгінгі қазақ әдебиетінің классигі қатарында аталып жүрген Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» атты шығармасындағы жас кейіпкерлер де біздің замандастарымыз, құрбыларымыз, ересектер біздің ата-аналарымыздың құрдас замандастары. Ол шындық.

Өзекеңмен туыстас болғанмен, мен ол кісіні 1945 жылы қазіргі Отырар (бұрынғы Шәуілдір) ауданындағы Жамбыл орта мектебіне келген кезінен ғана білемін. Мектебіміз ауданда ғана емес, сол өңірдегі жалғыз орта мектеп болған көрінеді. Мектеп бұрын Мырзаян атын иеленген екен. Ол кісі 1937 жылы репрессияға ұшырап, «халық жауы» атанғаннан кейін Жамбыл атамиздың атын беріпті. Мектеп екі қабатты күйген кірпіштен соғылған болатын. Ол кезең үшін ондай мектепте оқу зор қуаныш еді. Ол мектепте соғыстан жаралы болып ерте келген Иса Алтынбеков, Сейіт Есенбаев, Бекболат Нәдіров сияқты т.б. білікті, дайындығы мол азаматтар сабақ беретін. Мектеп жанындағы интернатта алыстан келген оқушылар жатып оқитын. Өзекең сол интернатта жатты. Сол жылдардың өзінде ол өзінің құрдастарымен салыстырғанда әр салада өз мүмкіндігін, қабілетін байқатты. Әлі есемде интернатта жатқан балалар (онда қыз балалар болмайтын) бір себеппен мектептің екінші қабатының күн батыс жағындағы шеткі үлкен бөлмеге ауыстырылыпты. Ол бөлмені тастап балалар бұрынғы орындарына кеткеннен кейін қарасақ, сол бөлменің үлкен қабырғасында салынған ат үстіндегі қазақ батырының керемет үлкен суретін көрдік. Бұрын ондай суретті көрмеген біздер таң-тамаша болып ол суретті кім салғанын сұрастырдық. Суретте ат үстіндегі батырдың басына киген дулығасы, сауыт-сайманы бәрі керемет салынған болатын. Кейін білгеніміздей оны салған Өзекең болып шықты. Өзекең өнерпаздар үйірмесіне де қатысып ән айтып, би билейтін, «Екпінді жас» деп аталатын қабырға газетін басқарып шығаратын да Өзекең еді. Өнердің осындай түрлеріне қызығушылық оның талантының көзін ашуға, ықыласын, құмарлығын арттыруға әсер етсе керек. Ол кейін осы саланы зерттеуші ғалым ретінде де танылып, көптеген ғылыми ізденістер жасап, біраз еңбектер жариялады.

Өзекең өзі туған, оқыған жерінде қызмет жасаған жоқ. Институтты бітіргеннен кейін басқа ауданда (Келес), облыс орталығы Шымкентте істеді. Мұғалімдіктен комсомол жұмысына шақырылған Өзекең аудан комсомол ұйымын басқарудан

бастап облыс Республика комсомол ұйымын басқаруға дейін көтеріліп, жастармен ұзақ жылдар жұмыс істегендігі туралы жазылып та, айтылып та жүр. Отыз бес жылға тарта уақыт жастармен жұмыс істеген Өзекең тоғыз жылын Республика жастар ұйымын абыроймен басқаруға жұмсапты. Сол ұйымның 50 жылдық мерейлі тойын өткізе алмай басқа жұмысқа ауыстырып жіберілгендігін қатты ренішпен еске алатын еді марқұм Өзекең. Сол кездегі Республика басшыларына деген ренішін де жасырмайтын. «Атағымды алсаң да, абыройымды алма» деген қағиданы берік ұстанған Өзекең қай салада жұмыс істесе де күн көріс, атақ-абырой алу үшін емес, халықтың мұқтаждығын өтеп, оның рухани, мәдени жағынан уақыт, заман талабына сай дамып қалыптастыруына ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды ашып, жетілдіріп, орнықтыруға күш салған халқымыздың Т.Қ. Жүргенов, И. Омаров, Н. Оңдасынов сияқты ұлтжанды тұлғаларының санатына қосылған қайраткер ретінде мойындалып, бағаланды. Оның қасиеттері жайында Өзекеңнің замандастары, бірге жұмыс істеген жолдастары, тәрбиелеген шәкірттері сағынышпен еске алған естеліктері әлі де толалар емес. Әрине ондай дүние керек. Ұрпақ үшін керек. Біз Өзекеңді жерлес, туыс, замандас ретінде қанша білеміз десек те біз қарап, танысып жүрген естеліктерден оның адами болмысының, ғалымдық, іскерлік пен тазалық, қайраткерлік пен ұлтжандық қасиеттерінің сандаған көріністерін байқай бергенімізді де байқадық. Ол жайлы жарияланып жатқан естеліктерден қыруар мағұлмат алып, тани түсуге мүмкіндіктер туып отыр.

Әрине естелік жайлы пікір аз емес. Ұлы Мұхтар Әуезов: «Естелік – әдебиеттің ең керекті жанрларының бірі. Оны бағалауды орыс әдебиетінің ең құнды және жұрт құныға, құмарлана оқитын саласы. Естеліктер арқылы елдің ардагер ұлдары өз халқымен қоса өмір сүреді. Алаңдарға ардақты адамдардың тастан қашалған скульптуралары қойылады. Естелік те сол сияқты. Бірақ бұл – сөзден соғылған әдеби мүсін, жанды бейне» – депті. Ал М. Горький: – «Людей совершенно одинаковых нет, в каждом имеется нечто своё – и внешнее и внутреннее», – десе, Қ. Ергөбек: «Естелікте қолына қалам алғандардың көбі өкінішке жол беріп сөйлейді. Олардың біразының естелігі жақсының жақсылығын паш ету, біразының естелігі аруақ алдында кінәкүнәдан арылу», – депті. Бәрі рас, бәрі шындық. Бұл пікірлер Өзекең жайлы жазылған естеліктерге де тән қасиеттер. Ол естеліктер арқылы біз Өзағамен қайта қауышқандай, сырласқандай, пікірлескендей болып тәубаға келіп отыратынымыз да, рас. Ол кісінің тұлғасын, мінезін, ішкі дүниесі мен арман тілегін таныта түсуге үлес қосқан авторларға біздің ризалығымыз шексіз.

Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің осы жылғы қыркүйек айындағы болу керек бір санында Өзекең жайлы бір мақала жарияланып, онда автор мақалаға материал іздестіру мақсатымен қаланың біраз кітапханаларын аралап, кейіпкерінің (Өзбекәлі Жәнібековтің) кітаптарын таба алмағандығын өкінішпен еске алды. Болмаған соң кітапхананың оқу залында отырған жастардан: «Өзбекәлі Жәнібеков деген кісінің кім екендігін білесіңдер ме?» – деп сұрайды. Сонда ол жастар білмейміз деп жауап қайтарған көрінеді. Өкінішке орай, ондай келеңсіз жағдайларды бізде көргенбіз. Басқаларды былай қойғанда Өзекеңнің аты берілген аудан орталығындағы мектеп-интернаттың түлегі, Шымкент қаласындағы бір университеттің студенті, сырттай қарағанда тамаша қыз бала емтихан кезінде пәнге қатысты сұрақтарға жауап бере алмаған соң қай жерде, қандай мектепті бітірдің деген сұрағымызға:

– Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектепті, – деп жауап берді.

– Ө. Жәнібеков деген кім, ол кісі жайлы не білесің?- дегенімізде:

– Жоқ білмеймін ағай,- дегені бар. Осыған кім кінәлі! Қоғам ба, жүйе ме, уақыт па, ұстаздар ма, ата-ана ма?! Кім? Бұл кешенді түрде қарастыратын, күн тәртібінен еш уақытта түспейтін өте күрделі, маңызды мәселе. Осы орайда Өзекең марқұм кезінде республика жастарының көш басшысы, көп ұлтты кеңестік үкімет жастарының тағдырын, тәрбиесін талқылап қарастыратын, шешім қабылдайтын, Орталық жастар комитетінің бюро мүшесі болғандығын еске алып пікір айтқанымыз артық болмаса керек. Қазіргі жастарымыз күмәнсіз талантты, қабілетті, алғыр. Солай екен деп, оларға жол сілтеп дұрыс бағыт іздестірмеу қауіпті. Уақыт қарап отыруды, қате жіберуді кешірмейді. Сондықтан да тәрбиенің ұсақ-түйегі болмайтынын еш уақытта естен шығармаған абзал.

Қазіргі жастардан уақыт тәуелсіз мемлекетіміздің өзіндік ерекшеліктерін (тарихын, мәдениетін, тілін, әдет-ғұрып, салттық дәстүрлерін, т.б.) сақтап қалу мен оны таныту жолындағы мәдени қарым-қатынастардың тәсілін таба білу үшін тіпті жаһандану деп айтылып жүрген рухани саланың ең ғаламат пәрменді күшінен ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу көп еңбекті, нәтижелі идеология мен тәрбиені жан-жақты білімділікті талап етсе керек.

Орайы келгенде айта кету керек деп білеміз. Миллионға тақап қалған халқы, сандаған университеттері мен орта және арнаулы оқу орындары бар Шымкент қаласында әлі күнге дейін қазіргі талапқа жауап берер, оқырмандарды қанағаттандырар бірде-бір кешенді кітапхана жоқ. Оның есесіне көше бұрыштарында, саябақтарда қыруар қаржыға салынған мейрамхана, казинолар бар. Бұған тоқтам жасап, тәртіпке келтірмесек жастарды игере алмай қалуымыз да ықтимал. Уақыт керенаулықты, тоқмейілсінуді кешірмейді.

Өзекең жастар ұйымы басшылығы қызметінен басқа жұмысқа ауыстырылған тұста да ағымдағы саясатты ғана емес, алып ұйым кеңестер одағы коммунистік партиясының тұтқасын ұстап отырған саясаткерлер мен басшыларының сөздері мен істерінің арасынның алашақтап, олжағдайдың үлкен дағдарысқа, өзгеріске әкелетіндігін сезбеді деп айтуға болмас. Бірақ ол өзгеріс қалай іске асады, қандай нәтиже береді дегенді болжай білді деу де қиын сияқты. Бұлай болжам жасап отырғанымыздың себептері де бар. Г.Н.Колбин республика партия ұйымын басқаруға кіріскен күннен бастап республикадағы негізгі ұлт (қазақ) өкілдерінің наразылығы күшейе бастады. Ол қанды шеруге ұласты. Ол оқиғаға қатысты, ықпал етті дегендер ұсталды, қамалды, жазаланды, сотталды, қызметтен босатылды, оқудан шығарылды. Орталық комитет құрамында ғана емес барлық құрылымдар да түрлі тәсілдермен жүріп түрлі мақсатты көздеп, белең алып жатқан тартыстардың ортасында болған Өзекеңнің оң позиция ұстанғандығын, оның айтылған сөздері мен атқарған істерінен айқын байқауға болады. Ол Өзекеңнің ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалумен бірге олардың халық санасында қайта жаңғыру тәсілдерін қарастыру мен қатар пәрменді шешімдер қабылдауында еді. Өзекең 60 жасқа толысымен зейнеткерлікке шығарылды. Ол шындықтар туралы да кезінде алып қашты негізсіз әңгімелер көп болды. Біріншіден ондай шешімнің қабылдануына себеп болған ол кісінің денсаулығының күрделілене бастағаны, демалудың, емделудің қажет екендігінен болса, екіншіден ол шешім Өзекеңнің сүйікті жұмыстары ғылыми жұмыспен, шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік туғызды. Ол кісінің сол жылдары парламент мүшесі болғандығы да ойлары мен теориялық тұжырымдарының жинақталуына ықпал етті. Өзекең өз еңбектері мен шығармашылығында өзі айналысқан тақырыптарды толық ашты, өзі оған қанағаттанды, немесе өзінің бай тәжірибесі мен әлемді аралап сандаған зиялы

қайраткерлермен кездесу, іздену, сұхбаттасу барысындағы ой-пікірлерін айтып, тауысып кетті деуге болмайды. Өзекең өз еңбектерінде жас Тәуелсіз мемлекеттің болашағын ойлау барысында талай ой-толғанысына түскендігін, мемлекеттің барлық қажетті құндылықтарын қамтамасыз етіп халықтың игілігіне айналдыруға пәрменді ықпал ететін тек ұлтжанды, ар ожданы таза, иманды, білімді кадрлар екендігін ескере келіп: «Біз жоғарыда әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болатыны, оны құдіреті – уақыт, шындығы – ақиқат, талабы - талғам, келешегі – болжам арқылы ашылатыны жөнінде айттық. Мұны түсіне білу мемлекеттік тәуелсіздіктің әліппесін енді ғана оқи бастаған біздің халық үшін қажет-ақ. Олай дейтінім қайсібіреулер бұрынғы кеңестік құрылысқа оралғысы келетіндігін бұқпантайламай ашық айтып жүр. Екінші біреулер бірден американдық өмір салтына алмасып кетсек деп жанығуда. Сайып келгенде бұл екі бағыттың екеуінің де тілге тиек ететіні Қазақстанда сан түрлі ұлыстардың қоныс тепкені болғандықтан, қазіргі саяси, әлеуметтік хал-ахуалға сәйкес емес. Үшінші бағыт – шын мәніндегі Тәуелсіз мемлекеттік құрылыспен байланысты. Бірақ оның да негізгі қағидаттары, шама-шарқы әлі де болса жөнді ашыла қоймай келеді» деген пікірлер айтып, ерекше назар аударатын қорытындылар жасайды. Өзекеңнің зердесіндегі көптеген шындықтар мен пікірлер, көзқарастар мен халқының ұлттық қасиетін сақтап қалу мақсатындағы тың теориялық пікірлер Өзекеңмен бірге кеткені өкінішті-ақ. Амал қанша, тағдыр шығар.

Өзекең марқұм қай жағдайда болмасын халық туындысын ерекше қастерлей білген, оны насихаттаудан жалықпайтын жан еді. Кейбір шағын жиындарда, көңілі соққанда өзі ән айтып, басқалардыда қоштауға шақырып отыратын. Бірде: «Әмір мына ән сенің есінде ме?»- деп қоңыр, сабырлы даусымен әннің қайырмасын:

– Баянай Ұрлы қайым, Қай жерде жүр екен қалқатайым,- деп бастап, бәрімізге Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халық қасіреті мен сағынышынан туған әнді сазына келтіріп орындауды үйреткені әлі көз алдымызда, үні құлағымызда.

Өмірінің соңғы жылдары Өзекең дәрігерлер шешімі, Елбасы көмегімен біраз шетелдерде емделген болатын. Лондоннан емделіп қайтқан сапарынан кейін ол кісі елге келіп, саумал ішіп, таза ауада дем алғысы келеді. Киелі Қазығұрт баурайындағы ағайындар таудың көкмайса етегіне үй тігіп, сый құрмет көрсетіп, ағаның көңілінен шықты. Сол бір күндері біраз ағайындар болып Өзекең демалып жатқан жерге барып өткен-кеткенді еске алып, сауық-сайран жасап, ағаның көңілін көтеруге ықпал еткендей болдық. Қазығұрт баурайын жаяу аралап, табиғат аясында серуендеген тұста Өзағаң ағынан жарылып ұзақ әңгіме айтып, бізді еліктіріп, құлақ құрышын қандырғаны әлі көз алдымызда. Сол тұста біз Өзағаңның үлкен жоспар, ой жетегіне жүргенін сезінген едік. Халқымыздың сүйікті перзенті, ғұлама ғалым, қайраткер тұлға жайлы зерттеулер де, жүрек тебіренер, көңілді жұбатар көркем туындылар да өмірге келетініне күмән жоқ. Халқы мәңгі жасап, ұлттық мемлекетіміз нығая түскен сайын Өзекеңнің рухы да биіктей түседі. Себебі ол тағдыр тәрбиелеген халқын сүйген кемеңгер тұлға.

АДАЛДЫҚ ПЕН ТАЗАЛЫҚТАН ЖАРАЛҒАН
Халқымыздың біртуар ұлы, қоғам қайраткері
Өзбекәлі Жәнібеков хақында

Өзбекәліні облыс орталығындағы басшылар шақырыпты. Айына бір, екі рет сонда ат ізін салып жүрген соң, аса мән бермедім. Ол таңертең Шымкентке жүріп кетті. Содан кешкісін оралды. Жайшылықта астан соң, жұмыс үстеліне отырып, қойын кітапшасына үңіліп, ертеңгі жұмысын жоспарлап, қалың дәптеріне әлденелерді жазатын. Бұл жолы олай істемеді. Балпанақтай Ниетжанды алдына алып, мейірлене сүйіп, еркелете айналып, толғанды. Бірнеше күндік іссапарға шығардың алдында осылай істеуші еді. Әбден сыралғы болып қалған соң ба, бойында бір өзгерістің барын сездім. Ісіне араласпайтын әдетіммен тіс жарып, сұрағаным жоқ.

Түс әлетінде ауылдан анам келген. Бесіктегі Ниетжанды тербетіп отырып, күн бесінен ауғанша әңгіменің иін қандырдық. Ол ауылдың жеңіл-желпі өсек-аяқынан емес, өнеге болар жайларынан сөз қозғады. Өзбекәлі келген соң да анамнан ауылдағы ағайын жұрттың хал-жағдайынан хабардар болдым. Сөз арасы үзілген кезде Өзбекәлі: «Қалихан, облыстық комсомол комитетіндегілер мұндағы атқарған ісімді бағалап, қызметімді көтергелі жатыр. Ондағы Мүсілім Қожықовтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты мені хатшылыққа ұсынды. Бүрсігүні обкомның бірінші хатшысы Виктор Иванович Макаров қабылдайтын болды», – деді. Күтпеген жаңалықты ойламаған жерден естіген де қызық екен. Әуелгіде мен не айтарымды білмей, тосылып қалдым. Анам маған бұрылып: «Қызым, дос басқа, дұшпан аяққа қарайды. Күйеу баланың үстін жаңартып жібер», – деді.

Тұтқыш деген жамағайынымыз орталық тұтыну заттары қоймасының меңгерушісі еді. Ертеңіне сол кісіге барып, жағдайды түсіндіріп, өтініш жасадым. Ол Өзбекәлінің қандай көлемдегі киімдер киетінін жазып алды да, үйге өзі жеткізіп беретін болды. Күн еңкейіп, аптап ыстықтың беті қайтқан шақ. Еден сыпырып жатыр едім, сырттан әлде кімнің атымды атаған үнін құлағым шалып қалды. Үйден шықсам, Тұтқыш ағам екен. Есік алдындағы арықтың арғы жағында тұр. Қолында картон қағаздан жасалған қорап. «Қалихан, айналайын, бағанағы тапсырғандарыңды алып келдім», – деді дауыстап. Суды тізеден кешіп өттім. Ақшасын беріп, қорапты алдым. Үйге кіріп, қорапты ашсам, ішінен сұр түсті әдемі костюм-шалбар, екі ақ жейде, жылтыраған қара туфли, үш жұп шұлық салыпты. Өзбекәлі аупарткомнан келген бойда әлгі киімдерді кигіздім. Сымдай тартылған сымбатты жігіт болып шыға келді. Таңертең облыс орталығына аттанды. Марков көрген бойда: «Тұрбасың комсомолға лайық жігіт екенсің», – деп, сырттай өзін жақсы білетінін айтып, жаңа қызметіне табыстар тілеген. Абай базардағылардың ауыздарына тыным жоқ. «Өзбекәлі Жәнібеков облысқа ауысыпты», «Іскер жанға әрқашан да жол ашық деген осы», «Комсомолдың ендігі жаңа басшысы Жәнібековтей болса жарар еді», – десіп жатты. Ел ер қадірін біледі екен. Он күннен соң Өзбекәлі арнайы көлікпен келді. Буып-түйіп қойған жүктерімізді арттық. Ауданның біраз басшылары ұзақ жолға шығарып салды.

Қалаға келген соң да пәтер жалдап тұрдық. Абай базарда арықтан су алып ішуші едік, мұндай үй ішінде құбыр арқылы кіргізіпті. Бұл менің көп ісімді жеңілдетті. Үш айдан соң Советтер көшесінің бойындағы көп қабатты жаңа үйлердің бірінен екі бөлмелі пәтерге қоныстандық. Қарсы беттегі тап осындай үйде ақын Омарбай Малқаров тұрады екен. Ата дәстүрмен бізге ерулік берді. Бізде қарымта шақырып, араласып кеттік.

Күздің күні еді. Өзбекәлі кешкісін үйге келіп: «Қалихан, ақын ағамыз үйіне жазушы Мұхтар Әуезовты қонақ етіп жатыр. Әлгінде обкомдағы үлкендер: «Комсомолдың үйіндегі келін жазушыға шәй құйып берсін», – деген еді. Жүр, сонда барып, Мұхаңа сәлем берейік», – деді. Онда біраз игі жақсылардың бастары құралыпты. Қолдарына қалам ұстағандар мен атқа мінген басшылар кең бөлмедегі үстелде жағалай отыр. Мұхаң төрге жайғасқан. Бұрын көрмесем де, кітаптардағы суреттерінен таныдым. Толық денелі, жылы жүзді, келбетті кісі екен. Сөзі қандай! Шешен тілімен әңгіменің майын тамызғанда, тұла бойың ұйып, құлақ құрышыңды қандырады. Бір шайдың үстінде талай тамаша естеліктер естідім. Сондағы қоңырқай үні әлі құлағымда тұр. Жастық шақ, албырт шақ, кімнің қадірін, ненің парқын білгізген. Мұхаң қаладағы оқу орындары мен мәдени мекемелерде болып, ақын ағамның үйінде екі-үш күндей түстеніп жүргенде, жеңгемнің жанынан табылып, қызмет көрсетсемші. Солармен бірге суретке түсіп қалсақшы. Енді өкінгенмен не пайда.

Өзбекәлі бұрынғы басшы не істесе, соны қайталап, бетегеден биік, жусаннан аласа болып, қарап жүру жоқ. Қолына алған қай істі де жаңаша ұйымдастыруға тырысатын. Ойындағысын аяғына дейін жеткізбейінше жар құлағы жастыққа тимей, жаны тынбайды. Бетпақ даланы игеруге, Шардара су қоймасын салуға, Арыс-Түркістан жармасын қазуға жастарды жұмылдырып, мерзімінен бұрын бітіріп жатты. Ел игілігіне арналған жұмыстарға жанын да беруге бар еді жарықтық.

Бірде комсомолдың біраз басшылары үйге жиналып қалды. Олар ұлттық мұраттарды тілгетіекетті. Сонда Өзбекәлі отырғандарды шола қарап: «Жігіттер, енді алдымызда бір міндет тұр. Ол ардагер ағамыз Ғани Мұратбаевқа осы Шымкенттің қақ ортасындағы көшеден тас мүсінін қою, – дегенде өзгелері бастарын шұлғып, мақұлданған. Тек арасынан қағылез біреу: «Өзаға, бізге жақсы ой салып отырсыз. Бірақ, оның қаражатын қайдан табамыз?», – деді аңтарылып. Өзбекәлі: «Бойында жастық жігері бұрқыраған комсомолға қаражат табу қиын болып па, тәйірі. Облыс көлеміндегі өндіріс орындарында сенбіліктер өткізсек, одан түскен қаражатты кім қолымыздан қағып алар дейсің. Мәселе соны ұйымдастыруда», – деді. Дәл солай істеді де.

Комсомолдың қорына сенбіліктерден жеткілікті қаражат түскен. Арада бір ай өткен соң облыстан Мәскеудегі бүкілодақтық комсомол жастардың кезекті съезіне Өзбекәлі бастаған бір топ өкілдер жүріп кетті. Ол онда атақты мүсінші Давид Шумиловичпен арнайы кездесіп, қолын Ғани Мұратбаевтың суретін ұстатып, ескерткішін жасауды тапсырады. Мүсінші Ғанидің тас мүсін уақытында дайындағанша Өзбекәлі бірнеше рет телефон арқылы хабарласып, қозғау салумен болды. Ескерткішті Шымкентке поезбен алып келеді. Оны тап орнатардың алдында обкомның бірінші хатшысы Виктор Иванович Макаров ашуға булығып: «Өзбекәлі Жәнібеков мұндай ісін бұрын маған неге ескертпеген? Әлі көсеміміз Ленинге ескерткіш қоймай жатқанда, оның қасында Мұратбеу деген кім еді?», – деп қарсы тұрып, тас мүсінді обкомның ауласына жинатып қояды. Өзбекәлі қарақан басының қамын ойлаған, екіжүзді біреу болса: «Виктор Иванович, менен бір білместік кетіпті, кешіріңіз», – дей салар еді ғой.

Ондай қасиетсіздік оған жат. Сондықтан да өзі ісінен бас тартып, обкомның бірінші хатшысының алдына басын иіп бармады. Үйге ұнжұрғасы түсіп, өте көңілсіз келді. Асқа тәбеті болмады. Үстелінің үстіне қолын таянып, ұзақ ойланды. Телефон шалған біреулерге «Бүгін сәті түспегенмен, бәрібір ертең түседі. Уақытты күтейік», – деді жабырқау үнмен. Қалада алып-қашпа жел сөз көбейді. «Өзбекәлі Жәнібеков қызмет бабымен асыра пайданалып, бірінші басшыға ұнамай қалыпты. Енді қызметтен босатылатын шығар» деп жүргенде, қызметтен ол емес Макаров кетті. Орнына В.А Ливенцов тағайындалды. Өзбекәлі оның алдына Ғани ескерткішін орнату мәселесін қойды. Жандайшаптары бұл жөнінде бұрынырақ хабардар етіп қойса керек, салған жерден ол да Ленин ескерткішінің жоқтығын сылтауратып, қарсылығын білдірді. Тіптен: «Мұратбаевтың ескерткіші өзінің атындағы кеңшарға қойылсын», – деп пәрмен беріп, айласын асырды. Ит арқасы қияндағы кеңшар қайда, біреу қайда. Сол күнгі Өзбекәлінің түрін көрсең. Жан шошырлықтай түтігіп, қоңырқай өңі қарауытып кеткен. Ашу-ызадан өрікпіген кеудесін баса алмай, үйде орнынан бір тұрып, бір отырады. Ол жұдырығымен үстелді тіреп тұрып: «Бәрібір Ғанидың ескерткішін осында қойдыртамын», – деді кінжініп. Бұл оның өзіне берген серті еді. Әйтсе де бірінші бастықтың бұйрығы орындалмай қала ма. Кеңшардан жүк көлігі жіберіліп, ескерткіш сонда орнатылады.

Қызымыз Жұлдыз да тәтті тілі шығып, тал шыбықтай өсіп келеді. Бұл кезде Өзбекәлінің істі ұйымдастырғыш қабілеті республика басшыларына да танылған. Ол өздегенінен мансап құған жоқ. Ісіне адал болып, соған жан тәніммен берілді. Еңбегі алға жетеледі.

Үш жылдан соң Өзбекәліні Республика жастар одағының идеология жөніндегі хатшысы қызметіне көтеріп, Алматыға қоныс аудардық. Ол мұнда да істі жаңаша жүргізді. Республика комсомолының бірінші хатшысы Қ.Егізбаев Гурьев облысына партия қызметіне жоғарылатылып, орнына Өзбекәлі тағайындалды. Қызмет көтерілген сайын жұмыс ауқымы да көбейіп, жауапкершілік күшейе түседі екен. Бұрын бар-жоғы білінбейтін ағайын-жұрты табылып, төбелерін көрсете бастады. Елдік істер мен алдына келгендеріне қол ұшын берді. Алайда көкейінен Ғанидің ескерткіші шықпай қойды. Бір жолы үйден Шымкентке телефон шалып, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қ.Әбіләзімовке кеңшардағы Мұратбаев ескерткішін қайта қалаға алдыруды тапсырады. Мен оның қайтпас мінезіне қамығып: «Өзбек-ау, Ливенцовқа қарсы келіп қайтесің. Кеңшарда да бір қауым ел бар ғой», – дедім. Ол басын шайқап қату үнімен: «Қалихан, ескерткіш – елдіктің белгісі. Жастарымыздың рухын көтереді. Өзгелердің мысын басады. Онда үлкен мән бар», – деді. Көп кешікпей Әбіләзімов ескерткіштің кеңшардан әкелінгенін хабарлады. Өзбекәлі оны орнатуға өзі қатысатын болып, Алматыдан аттанады. Ливенцов іссапарлармен аудандарда жүрсе керек. Олар ескерткішті қаланың ең бір көрікті жеріне орнатып жатқанда тосыннан келіп, істің басынан Өзбекәліні көріп, қарсы бір ауыз сөзге келмей, тілінің ұшымен амандасып, салтанатты жиынға лажсыз қатысқан. Шымкенттегі Ғани Мұратбаев ескерткіші осылай тұрғызылды. Бұл жайды қазір біреу білсе, біреу білмес.

Торғай облысы ашылып, жігерлі, іскер мамандар сонда жіберілді емеспе. Өзбекәлі облыстық партия комитетінің хатшылығына бекітілді. Жаңа облыс. Жұмыстың бәрін жаңадан бастау керек. Қанша үкімет қолдады дегенмен де, ескерілмей қалған жайлар көп екен. Жоқтан бар жасауға тура келді. Құрылысы енді ғана біткен еңселі сауда орталығының атын жоғарыға жазылған біреулер орысша атап жіберіткен.

Маңдайдағы сол атауды көріп Өзбекәлінің қатты ашуланғаны әлі есімде. Қалалық партия комитеті мен атқару комитетіне бұл мәселені төтесінен қойғызып, «Береке» деп қайта ататқызды. Оның мұндай ұлтжанды істерінің қайысы бірін айта берейін. Талайлардың көз алдында өтті ғой. Әсіресе облыстық мұражайды ашып, «Шертер» ансамблін, музыкалы драма театрын құрғаны өз алдына бір әңгіме. Сол істерді көздерімен көрген торғайлықтардың қай-қайсысынан сұрасаң да, Өзбекәліні жыр қылып айтары кәміл. Сонда да мына бір жай есіме түскен сайын езу тартамын. Жаңа жылды қарсы алатын түнде Өзбекәлі үйге келе қоймады. Күндіз ертерек келмекші болып кеткен. Уақыт таянған сайын, екі көзім төрт болып: «Бұл қайда жүр?» – деп алаңдап мен отырмын. Сағат тілі 12-ге таяғанда тіптен дегбірім қашты. Кеңсесіне телефон соқсам, ешкім жауап бермейді. Содан әзер дегенде жетті-ау, әйтеуір. Демін басып, жайланып алған соң неге кешіккенін өзі айтты. Жүргізушісінің бір шұғыл шаруасы болып, сұранады да жұмыстан ерте кетеді. Өзі жан-жақпен байланыс құралдары арқылы хабарласып, кеңсесінен қара іңірде шығады. Уақыт әлі ертерек болған соң жолай жаяулап, шағын мұз қалашығын тағы бір рет көріп кетуді ұйғарады. Барса, саябақ жым-жырт. Әлдебір бұзақылар әлі де қата қоймаған қалашықтың мұз кірпіштерін жан-жаққа шашып, бұзып тастапты. Табан астында шеберлерді қайдан таба қойсын. Өзі үстіндегі пальтосын шешіп тастап, іске кіріседі. Шашылған соң кірпішті орнына қойғанша талай уақыт өтті. Жанынан ары-бері некен-саяқ өткендер оның обкомның идеология жөніндегі хатшысы екенін қайдан білсін. Жалаң қолымен мұз көтерген жанның шыртытай киіміне қарап, таңданғандай сыңаймен жүре беріпті. Соңғы кірпішті қалап жатқанда ғана танитын біреу көріп қалып: «Өзеке-ау, мына қақаған аязда не істеп жатырсыз?», – ден жанына жетіп барды. Өзбекәлі домбыға ісінген қолымен үсті-басын қағып: «Қалашықтың мына бір кірпіші түсіп қалған екен. Соны орнына қойдым», – деп жымияды. Анау айнала жатқан мұздың қиыршық ұшқындарынан оның біраз әуреленгенін білсе керек. «Өзеке-ау, сіздей адал басшыны бұрын көрдім десем көзім шықсын», – деп пальтосын кигізген. Ертеңіне сол қалашықта балалардың асыр салып ойнағандарын көріп, көңілі толды. Өзбекәлі Қазақстан компартиясы ОК бөлім меңгерушілігіне шақырылады.

Ол оңтүстікке барған сайын Арыстанбаб пен Қожа Ахмат Ясауи кесенесіне соқпай қайтпайтын. Бірде мені де өзімен бірге ала жүрді. Түркістанда қала басшылары қарсы алды. Айналасын шөп басқан алып кесененің үлкен есігін сықырлата ашып, ішін асықпай аралап, баспалдағымен үстіне шығып, күмбездеріне зер салып ұзақ жүрдік. Сосын жанындағыларға бұрылып: «Жоқ, бұл көнеден жеткен мұраны бұлай қараусыз қалдыруға болмайды», – деді. Алматыға оралған бетте Қожа Ахмат Ясауи кесенесін мұражай ету мәселесін Орталық Комитетке қойды. Оның бұл ұсынысын ОК Бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаев қолдады. Атеизм құрсауынан кесенені тек солай ғана құтқарып қалуға болады екен. Сонымен кесене мұражай болып ашылды да, оны қайта қалыбына келтіру жұмыстары басталды.

Алдыңғы жылы сол мұражайдың 25 жылдығына Өзбекәлінің көзі деп мені арнайы шақырды. Салтанатты жиында естеліктер айтылды. Бұрынғы директорлардың бірі: «Кесенені қалыбына келтіру жұмыстары қызу жүріп жатқан. Өзбекәлі Жәнібеков жиі-жиі ат ізін салып, жұмыс барысымен танысып тұрды. Ол жай келіп қоймайтын. Өзі сырт киімдерін шешіп тастап, құрылысшы-реставраторларға болысып, іске араласа кететін. Сондай күндердің бірінде алыс облыстан келген біреулер маған: «Осында Мәдениет министрі Жәнібеков жүр дейді. Жолығып шаруаларымызды айтсақ па деп едік», – деді. Мен кесененің алдыңғы жағында жүрген Өзекеңді иегіммен

меңзеп: «Сіздер іздеген министр анау жүр», – дедім. Өзекеңнің қолында доңғалақты зембіл. Қиыршық құмды қорабына салып алып, ішке тасып жатыр. Аналар оған аңтарылып қарап тұрды да, маған сенер-сенбестерін білмей: «Біз сізбен әзілдесуге келген жоқпыз. Министірге айтатын маңызды шаруамыз бар», – деді қатқыл үнімен. «Сенбесеңіздер амал қанша, өздеріңіздер біліңіздер», – деп мен екі иығымды көтердім. Аналар жан-жақа жалтақтай қарап, тағы біраз тұрды. Көздеріне министрге ұқсайтын жан түспеген соң амалдары таусылып, лажсыздан тұла бойы терге шомған Өзекеңе барды. Міне бұл мұражайдың қыштарына Өзекеңнің маңдай тері солай сіңді», – деді.

Ленинградтағы Эрмитаждан Тайқазанды алдырудың машақаттары да аз болған жоқ. Өзбекәлі мемлекетаралық құжаттарды мұқият дайындатты. Ресей жағының оны мойындамасқа лажы қалмады. Република Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қозғау салуымен Тайқазан қайтарылатын болды. Өзбекәлі Тайқазан Түркістанға жеткенше, кесене ішін ары-бері есептеп: «Тап мына жерге, биік тұғырдың үстіне қондырылуы керек», – деп қазір тұрған орнын белгілеп дайындатты. Тайқазанмен бірге елімізге оралды. Сонда біздің халықтың сәулет өнеріміз бен ұлттық тұрмыстық жиназдарымыз жөнінде келеңсіздеу әңгіме болса керек. Сол намысын қайрап, ертеңіне соқталдай үш жігіт ертіп келді де маған: «Қалихан, мына сайдың тасындай азаматтар бүгіннен бастап, біздікінде болады. Үйлерімен тек телефон арқылы хабарласады. Үш мезгіл тамақтарымен өзің қамтамасыз етіп, ел жатар шақта үлкен бөлмеге төсектерін әзірлеп қоярсың», – деді. Мен: «Өзбек-ау, бұлардың үйлері жақын жерде ғой», – деп беріп едім, ол киіп кетті. «Оны жақсы білемін. Бүгін үйлеріне жіберсем, ертең керіліп-созылып тұрғандарынша түс болады. Ондай енжар қимылмен іс бітпейді». Ол жігіттерді таңертең ерте тұрғызып, тамақтандырып алады да, үйіп-төгіп тапсырма береді. Мен ас әзірлеймін. Кешкісін жұмыстан келген бойда әлгі тапсырмаларының орындалуын тексереді. Жазғандарының үстінен сызып, шимайлап көп түзетулер енгізеді. Тіпті жазылған кейбір беттерді іске алғысыз қылып тастағанын көргенде, аналар түгілі менің де ішім удай ашитын. Олар да кейде күйіп кетіп: «Өзеке-ау, бізді өзіңдей білікті, білімді дейсіз бе?», – деп шыр-пыр болатын. Бір жазғандарын бірнеше рет түзетіп, қайта-қайта жаздыра берсе қайтсін. «Жолайрықта» кітабы қанша өз ойындағыдай болғанша өзіне де, өзгеге де қатаң талап қойды. Оның бұл көп жылдардан бергі зерттеулерінің қорытындысы еді. Енді міне тарихымызды, этнографиямызды зерттеушілер үшін құнды ғылыми еңбекке айналып отыр.

Ол «Сырнай», «Сазген», «Адырна», «Алтынай» ұлттық ән-би ансамбльдерін ұйымдастыруда да қаншама еңбектенді. Әсіресе, әртістердің ұлттық киімі үлгілеріне қатты қарайтын. Қай ансамбль екені есімде жоқ. Көрермендер алдына шығардан бұрын бір күн бұрын Өзбекәлі барып, жаңа үлгідегі ұлттық киімдерін көріпті. Қыздардың үстеріндегі әлем-жәлемдерін ұнатпай, ашуға бұлығып, көркемдік жетекшісіне киімдерді жинатып алды да: «Сендер қазақтың ұлттық киімдерін бұлай қор қылмаңдар», – деп бәрін де табанының астына салып, дырылдатып жыртады да «Сахнаға бұрынғы киімдеріңмен шыға беріңдер», – деп кетіп қалады.

Осында менің бір таныс апайым бар еді. Оның анасы атақты Балуан Шолақтың ғалиясымен бірге жүрген екен. Сәті түскен бір күні апаймен амандасып шығайыншы деп үйіне басымды сұқтым. Ол үй ішін жинап жүріп, көлемі бет орамалдай түрі бөлек мата қиындысын жиналған қоқысқа тастай салды. Бетіндегі өзгеше ою-өрнегіне көзіп түсіп кеткені. «Мынаны Өзбекәліге көрсете салайыншы», – деп жерден іліп алдым да, бүктеп қалтама салдым. Өзбекәлі оны жарыққа тосып, үңіле қарап тұрды

да: «Қалихан, мынау бұрынғының көзі ғой. Ою-өрнектерді айтсайшы! Біздің ұлттық киімдерге таба алмай жүргендеріміз тап осылар», – деп көктен іздегені жерден табылып, ой бір қуанғаны. Сол ою-өрнектер көшірмесін «Алтынай» ансамблінің ұлттық киімдеріне қондырғанда, қыздарымыздың ажары оттай жанып кетті.

Кездескенде іші-бауырымызға кіріп, амандасып тұратын Өзбекәлінің жақын бір мүсінші інісі көптен көрінбей жүрген. Ойламаған жерден соның үйге келе қалмасы бар ма. Әдеттегідей құрақ ұшып сәлемдесті де: «Өзаға, мен әнші Күләш Бәйсейітованың бейнесін сомдадым Жеңешем екеуіңізге соны көрсетейін, жүріңіздер», – деп қоярда-қоймай шеберханасына алып барды. Өзбекәлі тас мүсінге зер салып жәймен айналып шықты. Жайшылықта өзі ұнатқан нәрсеге көзі күлімдеп, сүйсіне қараушы еді. Бұл жолы одан ондай нышанды байқай алмадым. Керсінше сұстана қарады. Інісі өзімсініп: «Өзаға, көркемдік сарапшылардан өткізіп, көрмеге қабылдатсаңыз жақсы болар еді», – деді. Інісі уәж айтпақ жандай кібіртіктей бергенде, ол қолын бір сілтеп, есіктен шықты. Үйге келген соң мені әлгіні аяп: «Өзбек, тас қашап, адам бейнесін салу оңай ма. Жаңағы мүсінді сарапшыларға қабылдата салсаң қайтеді. Ары десе ол саған ағайыным деп арқа сүйеп тұр ғой», – дедім күмілжіп. Ол жалт қарап: «Күләш Бәйсейітова – халықтың жүрегінде бейнесі жатталынып қалған әнші. Суретіне қарап та, сұлулығына тәнті боласың. Ал мына менің інімнің мүсіні кескен томардай, мойны добалдай, беті домбыққан бірдеңе. Ал сен маған ағайыншылығың сатпайсың» – деді ызғарлы үнімен. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген. Тілімді тістеп, үн-түнсіз қалшиып тұрып қалдым. Кейде оқыстан осындай жөн-жосықсыз киліге қалсам, «Күйдірдің ғой», – дейтін кіжініп. Содан ашуы тарқап, сабасына түскенше тіс жармай жағдайын жасаймын. Жібек орамал кепкенше жайдары қалыбына түседі.

«Кезінде бір жәйді ескермегеніме әлі күнге өкінемін», – деді ол бір жолы. Шара Жиенқұлова ұлттық би өнеріне еңбегі сіңген жан еді. Көзінің тірісінде мұражайын жасау қаперімізге кірсейші. Ол киінген киімдерді, ол тұтынған заттарды, қазір кімдерден табасың. Дүниеден өткенде анталаған жұрт тәбәрік деп ту-талақай етті емес пе. Енді міне суретші Гүлфайруздың полотносынан басқа ештеңе қалмады. Осы бір қателігімізден сабақ алып, әнші Роза Бағыланованың мұражайын дер кезінде жасағым келеді». Бұл мақсатына өзінің өмірі жетпеді. Жазымыш солай шығар.

Орталық комитеттің идеология хатшысы тізгінін ұстаған соң да ол талай рет жүктің ауырын көтерді ғой. Арыстарымызды ақтап алу Өзбекәлінің пешенесіне жазылған екен. Несіне айта берейін. Ақтаудың қалай өткені жайында газет-журналдарда біраз мақалалар жарияланды. Тек айтарым ОК арыстарды ақтауға қарсы болған базбіреулер оның көңіл-күйіне көп әсер етті. Соңғы жылдары денсаулығының төмендеуіне солардың да нұқсаны тиді ме, қайдам.

Қайта қалыпқа келтіру мекемесінің бастығы Қанат Тұяқбаевқа оның ықыласы ерекше еді. Өзбекәлі зейнеткерлікке шыққанда, ол ауық-ауық үйге келіп, әңімелесіп тұратын. Алайда оның серіктесіп қалған ескі дерті меңдей берді. Ұлдары Ниетжан мен Бауыржан, қызы Жұлдыз қолдарынан келгеннің бәрін де жасап бақты. Алайда ауруының беті қайтпады. Қанат тағы бір соққанда, Өзбекәлі «Егер олай-бұлай болып, бақилыққа жол тартып кетсем, сүйегімді Арыстанбабтағы анамның жанына қоярсыңдар», – деп аманат етті. 1998 жылы Өзбекәлі 67 жасқа толған шағында мәңгілікке көз жұмды.

Сол күні үйге академик Манаш Қозыбаев, Иманғали Тасмағанбетов, министр Қырымбек Көшербаев және біраз белгілі жандар келіп, көңіл айтты. Іштегі шерімді тарқатып, бір тыныстаған кезімде Манаш: «Бәйбіше, Өзекең дүниеден өтті. Енді артын

жайғастыруды ойластырайық. Мына Кеңсайда жатқан үлкен кісінің жанында орын бар. Оған қалай қарайсың?», – деді. Төбемізден жай түскендей есеңгіреп отырғанда, басқа қай бір ой келе қойсын. Сонда да есіме Өзбекәлінің інісі Қанатқа айтқан аманаты аузыма түсіп, соны жеткіздім. Ел жақтан келген бір әйел: «Арыстанбабтың айналасына қазір ешкімнің сүйегін қойдырмайды», – деп қалды. Отырғандардың тағы бір-екеуі оны мақұлдап «иә» десіп жатты. Қаным басыма шауып, өзімді-өзім тежей алмадым. «Ол жерге Өзбекәліні қойдырмағанда, сонда кімді қойдырмақшы. Өзбекәлі бүкіл өмірін әулие әмбиелерді зерттеуге, соларды қайта жарыққа шығарып, халқымыздың салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін жаңғыртуға арнаған жоқ па. Қара басының қамын ойлап, жанын баққанда, бүгін өлер ме еді, өлмес пе еді?», – дедім ашынып. Қырымбек зерек қой. Орнынан тез тұрды да Республика Президентіне хабарласып көрейін деп сыртқа шығып кетті. Сәлден соң қайта келіп: «Елбасы Өзекеңнің соңғы аманатын орындаңдар деп жатыр», – деді. Ерлан Арын да бір айналайын бала екен. Есіктің алдына киіз үй тіккізіп, сойыс малдарын жайғастырып қойыпты. Содан Өзбекәлінің асыл сүйегін туған жеріне, Арыстанбабқа қарай алып жүрдік. Алматыдан бес вагон адам шықты. Ақпан айы.

Күн суық. Жол бойындағы стансалардан есік қағылады. Арғы жағы қалың қауым.

Өзбекәлінің сүйегін алып шыққанымызды есітіп, түн ішінде суыққа қарамай, маған көңіл айтуға келіпті. Шәуілдірде жиналған жұртта қисап жоқ. Өзбекәліні ақ жауып, арулап, анасының жанына қойдық. Шымкенттен «Айғақ» деген газет шығады. Кейде сатып аламын. Соңғы нөмірінің бірінші бетінде Өзбекәлінің суреті тұр. Астыңғы жағында төмпешік қара жердің сұлбасы жатыр. «Әй, бұлар не жазған екен?» деп мақалаға көз жүгірттім. Өзбекәлі Жәнібеков ағамызды былтыр қалың ел болып жерледік. Енді бейіті осылай төмпешік қалпында жата бере ме дегенді келтіріпті. Жон арқамды біреу қамшымен осып өткендей болып, маңдайымнан мұздай тер шықты. Бейіттің басын тұрғызу ойымызда бар еді. Бірақ қаражаттың реті келмей кідіріп қалғанбыз. Республика Президенті Назарбаевтың атына хат жазып, қабылдауын өтіндім. Содан көп ұзамай-ақ үйге бір көмекшісі телефон шалып, Президенттің қабылдайтынын және көлік берілгенін хабарлады. Балаларым: «Мама, Президент папамыздың басына кесене тұрғызуға көмектессе болды. Басқа ештеңеге қолқа салмаңыз», – деді. Елбасы жылы шыраймен жақсы қабылдады. Кесене тұрғызуға жәрдем беретін болды. Сол жылы кесененің құрылысы басталып та кетті. Жазушылар, журналшылар ол туралы әлі көп жазар. Өзбекәлі халықтың адамы болды. Тағдыры өте күрделі жан еді. Жазам дейтін талапкерлер оған аса жауапкершілікпен қарамаса, оның жарқын бейнесін шығара қоюлары қиын. Кейінгі қалам ұстаған жастарға осыны ескерткім келеді.

Өзбекәлінің біраз кітаптары бар. «Тағдыр тағылымы» – өзінің өмір жолы, үзеңгілес жолдастары жайлы шығарма. Ішіне мені де қосыпты. Әуелгіде көңілім толмай жүрді. Бірде үйге Камал Смайылов келді. Шәй үстінде мен әзілге бұрып, назымды айттым: «Камал, жұрт әйелдеріне том-том кітаптар арнап жазып жатса, мына құрдасыңның маған бар жазғаны мынау», – деп кітабынан үзінді оқыдым. **«Тағдырдың маған мәңгілік адал жар, балаларыма асыл ана болсын деп қазақтың мұнтаздай таза, қарапайым қызы Қалиханды кездестіргеніне дән ризамын».** – Бар-жоғы үш-ақ сөйлем». Камал жымыып отырды да: «Қалихан, Өзбекәлінің осы үш сөйлемі, үш кітапқа татиды ма деймін», – деді. Өзбекәлі миығынан күліп, ләм деп жақ ашқан жоқ. Кейін ойлап отырсам, шынында да солай екен. Әйел затына бұдан артық қандай қошемет керек. Өзбекәлідей арысын халқы әлі талай еске алар. Қоғам

қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев: «Қазақстанда Өзбекәлінің қолы тимеген тас жоқ» деген екен. Осы бір астарлы сөзде үлкен мән бар секілді. Тарихымызды, этнографиямызды, мәдениетімізді тұтасымен алып, Өзбекәлі ағамыздай тереңдетіп зерттеген жан бар ма екен. Сол құнды әрі ғылыми еңбектеріне ден қойған сайын, бүгінгі «Мәдени мұра» деп ат қойып, айдар таққан үлкен әрі маңызды істің негізін Өзағаң салғандай сезіледі.

*Бердалы ОСПАН,
«Музей» тобының жетекшісі*

МӘДЕНИЕТТІҢ ИЕСІ МЕН КИЕСІ

Қыс қылышын сермеп-ақ еді, бірақ көктем өз дегеніне бәрібір жетті. Сонда да өткен қыстың ауыртпалығы оңай болмады. Көктемге енді жеттік-ау дегенде бүкіл иісі қазаққа аға бола білген мемлекет қайраткері әрі белді де білекті ғалым Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздан айрылды!

Халқым деп өмір сүрген ел ағасы осыдан сегіз жыл бұрын жарық көрген «Жаңғырық» атты кітабын «Жаңа ғасыр табалдырығы алдында» айдарлы тараумен тәмамдаған екен. Көпшілік күнделікті күйбең тіршілік шырмауынан шыға алмай жүргенде ол кісі алысқа көз тігіпті. Қай қызметте жүрсе де ата-бабалар тарихы мен мәдени жетістіктерін алдымен бүгінгі ұрпаққа, қала берді бүкіл әлемге танытуға жанын аямап еді.

Көп адам бере білмейді, басқа істерімен қатар құрылғанына 30 жыл толып отырған елге танымал қыздар ансамбліне «Айгүл» деп әдемі ат тауып бергенде, тасқа қашалып салынған көне суреттерге сүйене отырып, бағзы заман билерін тірілтіп, сол билерді халыққа жеткізем деп «Алтынай» бишілер ансамблін де құрған Өзбекәлі ағамыз болатын.

Ол кісі қасымызда жүрмесе де Алматыда тұратынын біліп, төл мәдениетіміздің жерде кетпейтініне кәдімгідей сенімді жүретінбіз, арқа сүйейтінбіз.

Қайтыс болғанын естігенде санымызды соғып қалдық. Иә, ешкім мәңгілік жасамайды.

Орны толмас қазаға қайғырып жүргенде кезінде мені өте таң қалдырған бір жәйт есіме оралды.

1984 жылы «Известия» газетінен атақты Фидель Кастромен Кубаны азат ету жолында партизандық жорықтарда бірге болған Антонио Нуньес Хименес туралы оқыдым. Ол кісі Кубаның тарихын жазғанда Куба өкіметі университетті жаңа бітірген 50 студентті көмекшілікке бөліпті. Ол кезде ғалымның жасы алпыста екен.

Бұны айтып отырған себебім қазақ мәдениетіне елеулі еңбек сіңірген Өзбекәлі ағамыздың қасына көзі тірісінде 50 емес 5 көмекші берілгенде ол кісінің ғылыми, мұрасы едәуір мол болары сөзсіз еді. Алайда тірі тіршілігін жасайды деген сөз бар. Ойлана білсек бізге ағамыздың қазасы да үлкен сабақ. Осындай ағадан айырылып отырып бүгін қасымызда елім деп еш қиындықты мойындамай жүрген ғалым ағаларымызға мемлекет басшылығы тарапынан жоғарыда айтылғандай жағдай жасалса мәдени қазынамыздың зерттелуі мен реттелуіне дәл бүгін рухани өмірден ажыраңқырап тұрған заманда құба-құп істелінген жұмыс болар еді. Өзі үшін емес халқым

деп мына аласапыран заманда ғылыми ізденістерін тастамай отырған ғалым ағаларға әр облыста жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ Фидель Кастродай түсініп жағдай жасай білсе мәдениетке, сол мәдениеттің иесі халыққа деген қамқорлық сол болар еді.

Бұндай игі шаралар қолданылып жатса кеше ғана арамызда жүрген Өзбекәлі ағамыздың әруағы да риза болар еді деп ойлаймын.

*Жұмағали ӨМІРБЕКОВ,
Қостанай облыстық дала өлкесі
тарихи мұражайының директоры*

ТОРҒАЙ ӨЗАҒАҢДЫ ІЗДЕЙДІ...

Қазақ халқының асыл қасиеттерін – салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін қайта тірілтуге бар күш-жігерін, ақыл-парасатын жұмсаған тұлғалардың бірі – Өзағаң, Өзбекәлі Жәнібеков десем әсте қателеспеспін. Олай деуіме дәйек те, себеп те бар. Өзағаңды жалпақ ұлыс, дүйім жұртқа танытқан, барша құрметке бөлеген ұлтжандылығы, оның айрықша болмыс-бітімі болса керек.

Ұлттың, ұлтының асыл қасиеттерін сүю-адамгершіліктің асқар шыңы. Сол биіктен көріну екінің бірінің бағына бітпеген, маңдайына жазбаған. Тек, Өзағаң сияқты өрелі де, өнегелі, өр кеуделі өнерлі бекзаттарға тән қасиет. Қылышынан қан тамған кешегі кеңестік дәуірдің өзінде тұстастары мен кейінгі толқын інілеріне халқын сүюдің, оның хас өнерін өркендетудің жолын көрсетті. Көрсетіп қана қойған жоқ, өзі бас болып жүзеге асырды. Өзім соның сан куәсі де болдым. Киелі Торғайдың бағына 1970 жылдың 23 қарашасында облыс ұйымдастырылды да, облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына Сақан Құсайынов, ал идеология саласының хатшысы болып Өзбекәлі Жәнібеков сайланды.

Өзағаң облысқа келгеннен-ақ байырғы Торғайдың өнерін дамытып, мәдениетін өркендетуді бірінші кезекке қойды. Сол жылдарда қандай да бір мәдени шаралар жүзеге асырылса, тың бастамалар туындап, жаңа өнер ұжымдары ұйымдастырылып, мәдени ошақтар бой көтерсе, соның бәрі-бәрісі Өзағаңның тікелей басшылығымен жүргізілгенін Торғай халқы үлкен құрметпен еске алып отырады. Халықтың рухын көтеру, сол арқылы бірлікке баулып, татулыққа тәрбиелеу – Өзағаңның басты нысана мақсаты болды. Өзаға бізге ақыл-кеңес бере отырып жастардың бетін ұлттық салт-дәстүрді білуге, тілді дұрыс меңгеруге және бұрынғы Торғай жұртының мәдениетін жандандыруға міндеттейтін.

Қазақстан жазушыларының біздің облыстағы күндері де дүрілдеп өткенін жақсы білеміз. Атақты дарынды жазушыларды сазгерлер мен әншілерді жиі-жиі шақырып, кездесулер ұйымдастырып отыруы да ұмытылмас өнеге еді.

Бірінші «Торғай әуендері» өнер фестивалі 1971 жылы 19–20 маусымда Арқалықта болып өтті. Оны тамашалауға облыстың аудандары мен шалғай шаруашылықтарынан ғана емес, тіпті көршілес облыстардан да келген қонақтарда есеп болмады. Өнерге сусап қалған халық екі күн бойы ән-күй тыңдап, қазақтың ұлттық спорт ойындары-бәйге, көкпар, жорға жарыс, күміс алу, жамбы ату, қыз қуу, қазақша күресті тамашалады. Ал киіз үй, қол өнері, зергерлік бұйымдар көрмесі өзінше бір соны құбылыстай көрінді. Бұл фестиваль дәстүрге айналып, жыл сайын өтіп тұратын

болды. Мәдениет қызметкерлерінің алғашқы съезі де облыс мәдениеті мен өнерін өркендетудің негізін қалады.

Өзағаңның жетекшілігімен Арқалық маңызды мәдениет орталығына айнала бастады. 1971-ші жылдардың өзінде-ақ облыс орталығында педагогикалық институт, екі орта арнаулы дәрежелі оқу орны, облыстық филармония, музыкалық драма театры, тарихи өлкетану мұражайы ашылды. Мұншама шаруалардың жүзеге асуы әрине айтуға ғана оңай. Ал соның сан қырлы қиыншылықтарын жөндеуде, қаржы тапшылығынан шығуда Өзағаң қаншама тер төкті десеңізші. Ән мен күйге бай, дәстүрлі, өнерлі, сан қырлы Торғайда әуе драма театрын ашуда сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Мәскеудегі М.Щепкин атындағы театр-көркемөнер училищесінде оқып жатқан 17 жігіт пен қызды өзі барып үгіттеп, Арқалыққа алып келді. Оларды жайлы пәтер, жылы киіммен қамтамасыз етті. Театр өзінің шымылдығын тұңғыш рет 1972 жылы желтоқсанда М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасы бойынша жасалған әуезді комедиясымен ашты. Саңлақ сахнагер, Еңбек Ері Серке Қожамқұлов есімімен аталған Торғай театры бүкіл республика театрларының алдыңғы сапында болды. Театрға қажетті барлық бұйымдарды, жабдықтарды Өзағаң ауылдағы қолөнер шеберлеріне өзі кеңес бере отырып жасатты. Облыстық тарихи өлкетану мұражайын ұйымдастырып, ашуда Өзағаңның еңбегі, тіпті, ерекше. Оның әрбір экспонатын өзі жинап, әр шегесін өзі қақты десем әсте қателеспеспін. Торғай тарихында, Аманкелді Иманов көтерілісіне қатысты бұйымды іздестіріп, мұражайға алдыртты. Ал енді біреулерін жергілікті хас шеберлерге үлгісін өзі ұсынып жасаттырды. Аудандарды, елді мекендерді арнайы сапармен аралаған кездерінде көне бұйымдарды көре қалса мұражайға өз қолымен тапсыратын. Аса құнды құжаттар мен қазақтың дәстүрлі өнерінің озық нұсқаларынан саналатын экспонаттарды, әсіресе Торғай тарихына байланыстырылатын сонау Орынбор, Қостанай, Ақмола мұражайынан қолқалап сұрап алдыртқанын да білеміз. Алайда, сондай қиыншылықтарға қарамастан, мұражай белгіленген мерзімде көрермендерге есігін айқара ашты. Міне, күні бүгінге дейін ел игілігіне қызмет көрсетіп тұр. Торғай өнерінің даңқын асырған облыстық филармония жағынан ұйымдастырылған қазақтың көне әуез аспаптарынан құралған «Шертер» ансамблі де осы Өзағаңның қолдауы арқасында дүниеге келген-тін. Бесаспап, кәсіби өнерпаз Қайыржан Мақанов жетекшілік жасаған бұл ансамбльдің әр мүшесі домбыра, шертер, қылқобыз, жетіген, шаңқобыз, үскірік, дабыл, доңғара, асатаяқ сияқты көне аспаптарда еркін ойнайтын.

Өзағаңның алды кең, өзіңді тең қойып әңгімелестіретін. Пікіріңді ашық айтуыңа мүмкіншілік жасайтын. Кейде жаңсақ бассаң табанда, қолма қол тыйып та тастайтын. Әр ескертпесі үлкен сабақ еді. Өмірге өз көзқарасыңды қалыптастыруға меңзейтін.

Өзағаң мемлекет және өнер қайраткері ғана емес, режиссер, сәулеткер, суретші-модельер, зергерге, іскерге кеңесші, би қоюшы. Әуезші-аспазшы, бір сөзбен айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаз да еді. Осының бәрін Өзағаң өзін көрсету үшін емес, халықтың дәстүрлі өнерін сақтап қалуға деген жанашырлықтан істейтін.

Елбасымыздың Жарлығымен Мәдениетті қолдау жылы деп жарияланған кезеңде лауазым иелері Ө.Жәнібековтің тағылымын, оның мәдениетке қамқорлығын үлгі тұтып іске асыруға талпынса еңсемізді тіктейтін қаншама жұмыс бітер еді.

ЕЛ ЕБЕЛЕК ЕМЕС

Тарихшы, қазақ мәдениетінің алтынның сынығындай сирек дәстүр, нышандарын ден қоя зерттеп жүрген мамандардың бірі Өзбекәлі Жәнібековтің жаңа кітабының беташары Қазтуған жыраудың «Арғымақтың баласы, арыған сайын тың жортар...» деген сөздерімен басталыпты. Автор еңбегінің арқауы да осы ойлы орамдардан аңғарылып тұрғандай, елдің елдігін, өзекті қаситтерін саралау, елдің ебелек емес екендігін аңғарту болса керек деген ойға қалдық. Ө.Жәнібековтің бұған дейін әр жылдарда жарық көрген «Қазақ қолөнерінің мәдениеті», «Жаңғырық... Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен» атты кітаптары қазақ өнерінің үлкен бір күретамыр саласын ғылыми жағынан дәйектеп, тереңдете зерттеумен, бұрын-соңды шашырап жүрген ой-пікірді өз пайымдауларымен ұштастыра отырып, белгілі бір зерттеу арнасына бұруымен елең еткізген еді. Зерттеушілер үшін де, жалпы оқырман қауымға да бірдей тартымды, құнды кітаптар көп көңілінен шықты, қазақ мәдениетінде өзінің тиісті міндетін атқарды. Қазір олар библиографиялық сирек еңбектер қатарына қосылған. Еліміздің тәуелсіздігі саяси, экономикалық берік тұғырмен бірге, халқымыздың рухани даралығынан, рухани тәуелсіздігінен көрінер болар. Осы орайда дәстүрлі қазақ өнерінің өзекжарды сөзін айтқан бұл еңбектердің қадірі аса зор. Жуықта ғана қолымызға тиген «Уақыт керуені» атты жаңа кітапта ғалым сол еңбектердегі ой-тұжырымдарын пысықтай түскен. Жаңа толғамдарын алға тартқан.

«Уақыт керуені» – бұрынырақ жарық көрген «Жаңғырық...» атты еңбектің қазақ тілінде қайта жазылып, толықтырылған түрі. Жай ғана драма дей салмай, қазақ тілінде қайта жазылған түрі дегенде де мән бар. Бізде әлі де болса өнерге қатысты, оның ішінде қолөнеріне тиісті ұғымдар, сөз тіркестері мен терминдер толық қалыптасып, берік бір жүйеге түсіп үлгерген жоқ. Оған көптеген қазақ зерттеушілері үлес қосып, барған сайын байытып келеді. Ал, соның бәрін академиялық ғылым биігінде сұрыптап, арнайы академиялық басылымдар тудыру, жазу – болашақтың ісі. Осы бір аса жауапты ғылыми тарапта Өзбекәлі Жәнібековтің ізденісі, шығармашылық олжалары көзге көрініп тұр. Өнерге қатысты көптеген терминдер, сөздер, ұғымдар автордың ғылыми таным-тәжірибесінің арқасында белгілі бір жүйесін, қалыбын тапқан. Демек еңбектің қазақ тілінде жазылуындағы басты бір ұтымды ерекшелігі осы ма деп те санаймыз. Мәселен, қазақ өнерін ағайындас жұрт арасында ғана емес, бүкіл шет ел қауымына танытуда тамаша үлес қосқан «Жаңғырық...» зерттеуінің мәнін бір мысқал төмендетпесек те, «Уақыт керуені» өнер ұғымдары мен терминологияны ана тілімізде арналау жөнінде өзгеше бір бітімді көрінеді. Бұл кітапта Өзбекәлі Жәнібеков жүйелі түрде тұрақты қолданатын «жұмбаз», «ғарыштабы», «мұрақ», «кебенек», «түскесте», «ілмеккесте» тағы басқа бірқатар танымдық мәні терең атаулар қазақ өнерінің төл терминдері десе де болады. Автор бұлардың біразын өзі ойлап тапқан, енді біразын ел ішінен, ал кейбіреуін қаламдас, пікірлес әріптестерінің айтуымен қосқан. Оларды сөз орайына, мән-мағынасына қарай талдап, түсіндіріп отырады. Бұл ыждаһаттылықты керек етумен бірге көп біліп, көп зерттеуден барып қорытылатын күрделі бағыт. Әрі ғылыми терминологиясы біржола қалыптасып кете қоймаған қазақ өнертану ғылымы үшін тиімді үрдіс.

Ғалымның қазақ елінің көшпелі және отырықшы тұрмысы жайлы ойлары да көңіл аударарлық. Көбінесе, тек көшпелі халық аталып келген ел өміріндегі отырықшылық, жартылай отырықшылық өмір белгілерінің мысалдарын молынан келтіріп, «Қазақта көшіп-қонудың тарихқа белгілі «Көлденең бағыттағы», «Тіке бағыттағы» және «Тұрақты» үш түрінің бәріде болған» деген тұжырымды қолдап, соған дәлелдік негіз берген. Шаруашылық ерекшелігіне, табиғи-климаттық жағдай айырмашылығына қарай халықтың ежелден қалыптасқан дәстүрлі тұрмыс сипаттарына нақты баға берілген. Мал жайылымдарының өзін бірнеше түрге бөліп, «қорық» немесе «қой бөлік», «келте қыстау», «жалған қора» секілді атауларды қолдану арқылы мал шаруашылығына қатысты тағы бірқатар ерекшеліктерді алға тартады.

Зерттеуші қазақ халқындағы диқаншылық мәдениеті жайлы да көкейге қонарлық толғамдарға барған.

Осының бәрі де халықтың тұрмыс ерекшелігін, этнографиясы мен рухани тынысын ұлттық тұрғыдан сараптап тану мақсатына бағытталған. Бұл әдістің басқа ешбір ұлтқа ұқсамайтын даралығын білдірумен бірге оның пайда болу, даму заңдылықтарына ой жүгіртуге жол ашқан. Сөйтіп, халықпен бірге жаратылып, бірге толысқан өзгеше бітімді, дара бір құбылыс ретіндегі аса бай, дәстүрі терең эстетикалық әлеммен таныстырады.

Көкейде жүрген көптеген болжам, көңілдегі көп пікірлер өздерінің ғылыми сипаттамасын тауып, белгілі бір заңдылық арқауымен жоталанып көріне түскен. Еңбектің басты табыстарының бірі де осы деп ойлаймыз.

«Уақыт керуенінде» халқымыздың қолөнері, әуезі, сәулеткерлігі, көркем өнері туралы зерделі ғылыми сипаттамалар мен қызықты тұжырымдар жасалған. Бұларды автор ата-бабамыздан қалған шығармашылық дәстүрдің үлкен бір мәуелі тармағы ретінде қарайды. Үй-жай құрылысынан бастап тұрмыс-тіршілікте қолданылатын бұйым мен ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр сипаттарынан зерттеуші ең алдымен, ұлттық таным заңдылықтарын, рухани дүние өзгешеліктерін көреді. Мысалы, қазақ ортасында кілемнің бірнеше түрі бар, ал олар ою-өрнегі мен тоқылған материалына, орындалу стиліне қарай көптеген түрге сараланып, өзгеріп отырады. Тек кілем тоқу өнеріне қарап отырып-ақ кең-байтақ қазақ даласының жалпы рухы, әр шалғайдағы жұрағат-жұртының тұрмыстық, танымдық ерекшеліктерін, дүниетанымы мен эстетикалық әлемін қалтықсыз тануға болады. Зерттеуші қазақтың сәулет өнерінің өзіндік мектебіндей тарихи-мәдени мұралар мен үй-жай ғимараттары жайлы да үлкен ықыласпен, терең білгірлікпен жазады. Стиль ерекшеліктерімен, тарихи сипаттамаларымен қатар құрылыс материалдары, оларды дайындау мен қолдану технологияларына дейін байсалды сөз қозғайды. Қазақ сәулеткерлігі жөнінде де ерекше ықыласпен, егжей-тегжейлі баяндайды. Сонау В.Рубрук, ибн-Батута, А. Вамбери мәліметтерінен бастап С.И. Руденко, Е.И. Агеевалардың зерттеулеріне дейінгі түйіндерді ой көзімен жүйелі шолып, талдайды. Қазақ үйлерінің ерекшеліктері мен тарихы туралы толғамдар, бай мағлұмат, деректер еңбектің танымдық, зерттеушілік сипатын тереңдете түскен. «Қазақта бұрын доңғалақты үйлердің бірнеше түрі болған» – десе, солардың соңғы нұсқасы киіз үй «өзінің құрылымы жағынан алғанда көшпелі халықтардың бірде біреуінікімен салыстыруға болмайтын жылжымалы тұрғын үйлердің ең жетілдірілген түрі болып табылатын» (Руденко) ұрастырмалы керегелі киіз баспаналардың түркі (қыпшақ) үлгісіне жататын нұсқасы.

Моңғолдікімен салыстырғанда биік күмбезді, сыпайлау, дауылды желге, жаңбыр мен қарға мығымдау болып келеді, – деген пікір айтады.

Киіз үйдің түр-түсінен бастап, құрылымдарына жиһаздарына дейін ғылыми көзқарас тұрғысынан жасалған талдаулар мән беріп қарасақ, ең алдымен қазақ халқының рухани дүниесі, қазақ жұртының эстетикалық талап-талғамы жайлы сөз дер едік. Бұрынырақ қаншама сирек десек те халқымыздың ұлттық өнері, салт-дәстүрі, этнографиясы туралы бірқатар бағалы еңбектер жарық көргені мәлім. Қолымызда тұрған жаңа кітаптың өзгеге ұқсамайтын бір ерекшелігі, сол жинақталған ғылыми-зерттеушілік, танымдық тәжірибелерге ой көзімен қарап, халықтың өнері мен мәдениеті арқылы ұлттың тұтас бір сымбат бітімін сомдауға ұмтылыс.

Бұл тұрғыда кітапта қозғалатын тақырыптарды бір жүйеге түзсек: қазақ шаңырағы, сол киіз үй аясындағы өнері, әдебиеті, мәдениеті, жалпы тұтас бір рухани әлемі болып шығар еді. Осы тұтас бір эстетикалық әлемді байыптауда автордың жаңалығы да, өзіндік өзекті толғамдары да баршылық.

«Уақыт керуені» ұзақ жылдарға созылған зерттеу жұмысының нәтижесі, көргені де, көңілге тоқығаны да мол маманның қолынан шыққан тағылымды, әрі танымды еңбек екені көрініп тұр. Автордың өзі де қазақ этнографиясын зерттеумен бірге асыл дәстүр арналарын, халық мұраларының жұрнақтарын жинауға да тікелей араласып, атсалысып отырған. Торғай облысындағы белгілі ұста Аймағамбет (XIX ғ.) салған үйді сақтап қалуға күш салғаны, ел арасында кездесетін қолөнерінің, би өнерінің асыл үздіктерін тірнектеп түзуге үлес қосқаны – өнерге деген іңкәр көңіл, көргенді көздің белгісі. Қазір ел ішінде кең таралып, байырғы маңызын тапқан Наурыз мейрамын қайта жаңғыртудағы автордың батыл қадамдарын бүкіл жұрт біледі. Сол Наурыз сипаты жайлы да кітаптан байсалды ойлар таптық.

«Абылайдың үш мұңы», «Қазақ жерінің тұтастығы жөніндегі мәселе», «Отырар өркениеті және біз» атты бір-біріне мағыналық жағынан жалғаса түскен тараулар еңбектің негізгі нысанасын жаңа бір қырынан ашып, іргелі ғылыми мәселелерді қазіргі заман сыңайымен астастырады. Түсінген адамға қазақты халық еткен – хан Абылай тұлғасы, қара орман қалың елі жайлаған кең өрісті өлке, өркенді жерімен өзегін жарып өнген өркениеті, қолөнері, тарихы, ән-биі, әдебиеті, ойшылдығы туралы, туған елінің елдік қасиеттері жайлы ғылыми сарапталып, талдау түрінде сипаттамалар берген тарау еңбекті өзгеше бір рең бере қорытындылайды. «Елді ебелекке айналдырмай, елдік қасиетін сақтап қалған да осы асыл қасиеттері еді-ау» деген ойға жетелейді. Абылайдың үш мұңы, біле білсек, елдің мұңы: қазақ жерінің бірлігі мен ірілігі, Әлем өркениятының үздік үлгісі Отырар мәдениеті де, біле білсек, өркені өскендіктің белгісі емес пе? Ғалым еңбегі осыны түйіндейді. «Ел ебелек емес, Ер кебенек емес»-деп Қаздауысты Қазыбек үнімен ұйықтап жатқан ойға қанат бітіріп, сезімге қамшы басқандай болады. «Уақыт керуені» – жұртымыз сусап, аңсап отырған кітаптардың бірі. Мұнда автордың ғылыми терең танымы мен азаматтық пайымы, туған өнерге деген азаматтық ыстық ықыласы тең ұштасқан, ғылыми зерделілік пен публицистикалық леп жарасымды үйлесім тапқан.

Біз «Уақыт керуенінің» соңғы бетін халқымыздың ғажайып ертегідей жан жайлауын аралап шыққандай әсермен жаптық. Қазақ оқырманы өзінің елдігі жайлы тағы бір байсалды еңбекпен табысқаны сөзсіз. Біз сол үшін қуандық.

БҰЛ ТЕАТРҒА ӨЗЕКЕҢ ЕСІМІ ЛАЙЫҚ

Белгілі қоғам қайраткері, әдебиеттің, мәдениет пен өнердің үлкен жанашыры, ғалым, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков 1970 жылдары Д.Қонаев сынды біртуар адамның қамқорлығымен ашылған Торғай облысына идеология хатшысы болып келген еді.

Жастардың жалынды жетекшісі, сол кездің өзінде республикаға аты да, атағы да мәлім болған азаматтың Торғай жеріне келуі осы өңір мәдениетінің көтерілуіне тікелей себепші болды.

Әділін айтсақ, экономикалық және мәдени жағынан кейіндеу қалған осы тарихи даланың тез гүлденіп өсуіне жаңа облыс басшылары С. Құсайынов, М. Сағдиев, Қ. Тұрысов, Ө. Жәнібеков сынды білікті де, білімді азаматтар айтарлықтай үлес қосты. Әсіресе, Ө. Жәнібековтің мұрындық болуымен мәдениет, әдебиет және өнер мәселелері шұғыл қолға алынды. Екі-үш жылдың ішінде облыста педагогикалық институт, қазақ драма театры, облыстық музей, филармония, көптеген ансамбльдер, әдебиет бірлестігі, газеттер ашылды. Жыл сайынғы дәстүрлі «Торғай әуендері» фестивалінің, спартакиаданың өткізілуі талантты жастардың жолын ашты. Ұлттық-этнографиялық «Шертер» ансамблі әлемнің көптеген мемлекеттерінде болып, қазақ мәдениеті мен өнерін шетелдерге танытты. Алматыда Торғай өнері мен мәдениетінің күндері өткізілді. Драма театры республиканың көптеген қалаларында, соның ішінде Алматыда гастрольдік сапарда болып, үлкен табыспен оралды. Жылда өткізілетін ақындар айтысы да халықты ерекше қызыққа бөледі. Қ. Әбілов, Қ. Құтжанова, Ә. Орманшиналар есімі республикаға танылды. Әр ауданда өнерпаздық кең өріс алды. Сол тұста Т. Елтебаев, Б. Хамзин, М. Қапышев, Қ. Мақанов сынды өнерпаздар жетекшілерінің жұмысы да өрістеді.

Әсіресе, қазақ музыкалы драма театрының табысы өте зор болды. Мәскеудегі Щепкин атындағы оқу орнын бітірген 17 жас актерді осы өңірге барып арнайы шақырған да Ө.Жәнібеков болатын. Осының арқасында Ж.Есенбеков, Е.Тәпенев, Қ.Хажиев, Д.Жанботаев, Р. Әлқұлова, М. Манапов т.б. өнер майталмандары театр өнерін жоғары көтерді. Бір сөзбен айтқанда, 1970 жылдар ішінде Торғай мәдениеті өркендеді. Ғалымдар, ақын-жазушылар осы елде болып, тамаша кездесулер өткізді.

Міне, осындай ғажап істердің басында күн демей, түн демей Өзекең өзі жүретін. Идеология хатшысы өзі іздеп тауып, қамқорлық жасап, үлкен жолға тәрбиелеп шығаратын. Мұны кейін ол кісі өз кітаптарында да жазып кетті. Қай еңбектерінде болмасын Ө.Жәнібеков Торғайда өткен күндерін ерекше ыстық сезіммен атап өтеді.

Ө.Жәнібеков тұсында Торғай драма театрының өнері бүкіл елге танылды. Сол театр арқылы Торғай аты да ауызға ілінді. Орайы келгенде айта кетейік, Торғай өңірі қазақ мәдениетіне тамаша екі театр дайындап берді. Оның бірі С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған театры, екіншісі І.Омаров атындағы Қостанай театры. Осылардың кіндік атасы болған Арқалықта қазір шағын топ қана қалып отыр. Оны облыс, қала басшылығы халық ұсынысымен жасөспірімдер театры етіп ұстауды қолға алды. Ел газеті «Егемен Қазақстан» арқылы біз бұл театрға өзі негізін қалап, айрықша еңбек сіңірген Өзбекәлі Жәнібеков есімін беру өз-өзінен сұранып тұрғанын айту еді. Мұны халық та қолдайды деп сенемін.

Биыл туғанына 70 жыл толып отырған Ө. Жәнібековтің мерейтойын Торғай елі де атап өтері хақ десек, бұл бірден-бір әділетті шешім болар еді демекпін.

ҚАЗАҚТЫҢ НАМЫСТЫ ҰЛЫ...

Жорғаның қадірі желгенде білінер, Жақсының қадірі өлгенде білінер.

Қазақтың қайраткер перзенті Өзбекәлі Жәнібек жайында естелік айтуға жүрексіне беремін. Оның түрлі себебі бар. «Батырға оң, солы бір» деп, сүйкей салып естелік жазар кісіміз Өзекең емес. Онда халқымыздың қастерлі перзентінің қадір-қасиетін қашырған боламыз. Өзекеңді мақтаған болып сөйлеп отырып, өзіміз алға түсіп мақтанып кетер болсақ Құдайдың ұрғаны.

Жүрексінудің сыры-көзі тірісінің өзінде мақтанашқа айналған тұлғаны жете білмеуде жатқан шығар. Жоқ. Олай емес. Өзекең туған жерде тудым, атына жастай қанығып өстім. Қолында қызмет істедім. Қамқорлығын көрдім. Ащы-тұщы сөзін естідім. Зейнеткерлікке шыққан сәтінде Еркінбай Әкімқұлұлы, Өмірзақ Айтбайұлы, Сәкен Сейдуәлі, Болат Қазымбетұлы, Көпен Әмірбек, Кемелбек Шаматайұлы, Мұрат Мыңбайұлы дегендей, бірсыпыра ағайындармен бірге үнемі қасынан табылып отырдық. Қайраткер ағаның қабағына мұң тұнбаса деген жанашыр оймен қас-қабағын бақтық.

Олай болса Өзекең жайында мақтана отырып та, мұңдана отырып та айтар әңгіме көп-ақ. Алайда, Өзекең секілді көзі тірісінің өзінде аты аңызға айналған, табиғаты кесек, ірі тұлғаның, уақытпен бірге іріленіп, ұлыланып бара жатқан үлкен жүректі азамат жайында байқап-байқап сөйлеуіміз керек. Өйткені, ол біздің ғана ағамыз емес, күллі қазақ жастарының Фани Мұратбаев секілді рухани көсемі, күллі қазаққа аға бола білген ұлы тұлға. Ол жайында ойыңды уақытпен пісіріп, ұштап барып айтқан жөн. Өйткені, Өзекең пендешілік ғұмырдан періштелік ғұмырға өтіп бара жатқан тұлға. Қайраткерлікті қайырымен аяқтаған кісі, сирек, тым сирек, Қазақта! Сол сиректің бірі – Өзбекәлі Жәнібек!

Ол Отырарда туды, Отанының ұлы бола білді. Тарих бота болып боздаған, бір түп шиін қозғасаң тарихы қоздаған Отырарда туған әрбір перзент санасыз болса, сөз басқа, саналы әрбір перзенті ортағасырлық өркениет үлгісі болған, бүгінде жермен-жексен болып қираған қаланың үйінді топырағына қарап отырып, санасына тарихи сапа бітірері хақ. Бәлкім, Өзекеңнің көшелі этнолог болып қалыптасуына жарықтық Отырар шапағаты аз тимеген шығар. Ол Трояны ашқан Шлимандай археолог емес-ті. Алайда, археологтарға жағдай жасады, материалдық игіліктерін, этнографиясын зерттеді. Ғылымға «Отырар өркениеті» аталатын аталы термин енгізді. Отырар атынан қазаққа ғажап музей жасап берді. «Отырар өркениеті» қазақта мәдениет болмаған, олар кенттік өмір кешпеген, көшіп-қонып жүре берген деген ел болмас ессіз пікірлерге ғылыми дәйекті жауап еді. Өзекең намысты ұл, «Отырар өркениеті» намыстан туған концепция.

Ол жетім өсті. «Тағдыр тағылымы» аталатын мемуарлық шығармасын көңіл бекітіп отырып оқу мүмкін емес. Толқып, көңілің бұзылып отырып оқисың. Сонда, Өзекеңнің базарсыз балалығына аса бір аяушылықпен қарайсың. Иә, ол жетім өсті, жоқшылық көріп жетімсіз өсті. Сөйте жүріп жетіліп, жетелі ойлар жетегіне ерді, асқақ арман қанатына мінді, асқан қажыр-қайратқа ие болды. Алға қойған арман-асуларынан асты, ойға алғанын орындамай жаны жай таппады. Ақырында қазақ жастарының жалынды жетекшісіне, пір тұтар көсеміне айналды. Онымен ұзақ сөйлесіп, әңгімелескен, сырласып сөйлескен мүсінші Шумиловичтің Орта Азия жастары көсемі – Фани Мұратбаев мүсінін жасарда Өзекең бейнесін көшіре пайдалануында үлкен мән бар.

Өмірде Өзекеңнің алдындағы ағаларымен, қатарлас, қанаттас замандастарымен, ізінен ілесіп өскен әріптес іні-қарындастарымен көп кездесіп, көп әңгімелесуге тура келді. Алдындағы ағалары айтады: **«Өзбекәлі комсомол үшін туғандай еді. Ғанидан кейін комсомол беделін шырқау биікке көтерген Өзбекәлі болды. Ол шын мәнінде жастардың жалынды көшбасшысы еді»**. Қатарлас әріптес замандастары айтады: **«Өзекең қандай істі қолға алса да аяғына жетпей тынбайтын табанды еді. Қызметте өзгеге де, өзіне де талапшыл болатын. Комсомолды жанымен сүйді. Бәрімізге комсомолды сүюді, жастарды тәрбиелеуге үйретті»**. Әріптес іні қарындастары айтады: **«Өзбекәлі Жәнібек – білім мектебі, қызмет көрігі. Біз сондай мектептен тәлім алып өскенімізді өзімізге мақтан тұтамыз. Өзекең алдымыздағы-үйренер үлгі, бағдар түзер өнегеміз еді»**.

Алдыңғы толқын күрсініп қалып, қатарластары мұңданып салып, кейінгі буын көзіне жас алып айтар, айта отырып бағалар жайсаң Өзекең осындай азамат.

Ғанидың Мәскеудегі зиратын табу, комсомол тарихын жинақтап кітап шығару, комсомол тарихы музейін жасау... Әй, өзі де не жасаса-жастарға жасаған, адамзатта бар өнегені жастарға арнаған, сөйтіп жүріп өзі де өнеге мектебіне айналған, айналайын ағатай-ай! Бұл да қазақ жастары қандай болуы керек деген намыстан туған әрекеттер еді ғой.

Ол аядай ауылда туып қызмет бабымен айдай әлемді аралады. Бұрынғы кеңес одағына кемел қайраткер ретінде кең танылды. Әсіресе, сырт елге шыққанда өзгелер секілді дүние-боқ арқаламай сол елге, сол ұлтқа тән бір оймақтай /көбіне бейнелеу өнері туындысы. т.б/ сый ғана алып оралар еді. Ал, барған елінде, болған жерінде аралары-сол елдің міне деген бетке ұстар музейі. Сән үшін емес, саяси әр үшін емес, не үйреніп, елімізге нендей үлгі алып қайтамын деген мәдени мән үшін аралар еді музейді. Сапардан оралған соң барып қайтқан елінің музейлері жөнінде жыр қылып зор махаббатпен әңгіме айтар еді. Сондай бір шетел сапарынан оралғанда: **«Құдай-ау, титімдей Венгрияда 614 музей бар екен. Бізде небәрі отыз шақты музей бар. Музей жасау жайында айта бастасаң біздің басшылық қайдағы-жайдағы бір ескі-құсқы туралы әңгімедей, арқасы құрысып, құлағына мақта тығып алғандай сүлесоқ тыңдайды»** деп ренжи сөйлеп отырды.

Өзекең – мәдениет қайраткері болатын. Арқалықта тарихи-өлкетану музейін қалай жасақтағанын торғайлықтар жыр қылып айтады. Жұмыс уақыты біткен соң музейге келіп, шешініп тастап, ағаш жонып, қатарға тұрып жұмысшының міндетін атқарыпты. Музейдің әрбір экспонатын ел аралап, қарапайым адамдардан қалап, сұрай жүріп ашыпты. Бұл күнде Арқалық музейінің әрбір экспонаты Өзекең Жәнібектің өзіндей сөйлеп, көзіндей көрініп тұрады деседі.

Ал, Алматыда жазушы Сәбит Мұқанов музейін ұйымдастырғанда тікелей қолында қызмет атқарып, «таяғын жеп», тәлімін алдым. Әрине, С. Мұқановты республиканың басшысы ұнатпайтын. Осы жайды көкірегіне мықтап түйген хатшы қазақтың қарағайдай жазушысына музей салуға құлықсыз болатын. Тіршілігінде тұрған пәтерін жазушының музей-үйіне айналдырайық деген былқылдақ шешім шығып, ол жүзеге аспай тұрып алды. Сол сәтте жуан хатшының алдына барып: **«Шешім шығармау керек еді. Шешім шыққан соң музей жасауымыз керек. Музей өлген Сәбит Мұқановқа емес, тірі азаматтар, жастар, оқушылар тәрбиесіне керек»** деп бетіне келіп, қолынан емес, жолынан жұлып алғандай еткен сол кездегі Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібек болды. Және Торғайдағы тәжірибесінен танбай, аянбай, білек сыбанып кірісті.

Кешкі сағат 18–00-де ол кісінің қызмет көлігі С. Мұқанов тұрған Төлебаев 125/129 үй табалдырығына келіп тоқтар еді. Іле 3-пәтердің қоңырауы қағылады. Жазушы жары-Мәриям Мұқанкеліні бастап бәріміз әрі қуанамыз, әрі «қалай болар екен?» деген күдік дірілдеп бойымыздан «ток» жүріп өтеді. Қуанатынымыз-жасалып жатқан музей жұмысы жеделдейді. Жәнібектің өзі қатарға тұра қалып, түнгі 24.00-ге дейін жұмыс істейді. Күдіктенетініміз – ол суретші-дизайнерлердің күні бойғы жасаған жұмыстарының көп бөлігін теріске шығарды. Бұрын кім музей жасап көріпті?! Тәжірибесіздіктен талапқа сай экспозиция құра алмай қиналамыз. Тіпті, кешке келіп, «былай етіңдер» деп қадап-қадап айтып, көрсетіп кеткен істерінің өзін ойдағыдай орындап шыға алмай жатамыз. Асылы, музей – өнер мен ғылымның одағынан бас құраған, әрі қиын, әрі қызық өмір. Әрине, музей жасауды қинала жүріп Өзбекәлі Жәнібектен үйрендік қой. Ол мені Ресейге музейлерді арала, іс үйрен деп іссапарға да жиі жіберетін еді. Өзбекәлі Жәнібек жұмыс үстінде, өзіне де, өзгеге де қатал еді. Ол қаталдығы адамға деген адалдықтан, қызметке деген талапшылдықтан туатын. Іші кең еді, жаны жылы еді. Жазушы Сәбит Мұқанов музейін жасақтау үстіндегі бір сәт есіме түседі.

С. Мұқанов музейін жасақтау үстіндеміз. Музей басшылығы бағалы материал болса музей жарқырай түседі деп ойлайды. Терезеге қымбат перде ілдік. Кешке әдетінше сағат 18–00-де Өзекең келді. Пердеге қарап тұрып: «Салақ әйелдің ауындай» салбыратып не істеп қойғансыңдар?»-деді. Көңілсіз еді. Мәриям апай естімеген болды. Келіні Ғалия Ғабитқызы Мүсірепова: «Папама айтамын!» деді жыламсырап.

— Айт, айта ғой, – деді Өзекең қатуланып, – Ғабеннен сұраңыз, Сәбит Мұқанов уақытында осындай перде болып па екен?

Айыбымызды мойындап біз тұрмыз басымыз салбырап.

Әрине, ащы-тұщыласып жүріп музейді де жасақтап аяқтадық. Абырой алдық.

Кейін араға жылдар салып Өзекең дүниеден өтті. Сол күндері Мәриям апайға жолықтым.

— Жайсаң жігіт еді ғой, – деді көзіне жас алып.

Өзекең жайында айтар сыр, жазар сөз көп. Нендей істі қолға алса да ұлт мүддесі тұрғысынан атқаратын Өзекең ұлтымыздың намысты ұлы еді ғой...

Шіркін, зымырап өтіп жатқан уақыт-ай, сөйтіп, бар ғұмырын қазақ халқына бағыштаған, тұла бойы ұлттық намысқа тұнған бұқпантай кезде бұла мерекесінен айырылған бұйдалы халыққа әз Наурызын қайтарған әзіз аға, өнегелі қайраткердің өмірден өткеніне де бақандай бес жыл толыпты-ау...

2002 ж. Шымкент

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІ
(Қоғам қайраткері, этнолог ғалым)
Тақырыпқа барлау

XX ғасырда қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін қайта түлетіп, елі үшін аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі – Ө. Жәнібек. Саналы ғұмырын қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғырту, дамыту ісіне арнаған Өзбекәлі Жәнібектің өмірі туралы айтылып, жазылып келеді. Алда да айтыла бермек.

Халқымыздың Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібек секілді үш арысты қатар атауының өзіндік себептері болса, Жер бетіндегі әрбір ұлттың өзіне тән тілі, діні, тарихы болса, Ө.Жәнібек өз өмірін осыларды халқының бойына сіңіруге тырысқан тұлға! Осы жолда бүкіл азаматтық ар намысын ту етіп көтеріп, ардақты ағамыз Әбіш Кекілбайұлының сөзімен айтқанда «рух сардары»¹ бола білген адам. Бүкіл ғұмырын ұлттық дәстүрді ұрпақ санасына егуге, ұлт мүддесіне жұмсаған Ө. Жәнібек – үлкен мәдениеттің иесі, жастарға ақылшы аға, мемлекет қайраткері, әдебиетші, тарихшы, өнер зерттеушісі болды.

Кеңес өкіметі тұсында ұлттық мәдениетіміздің жан-жақты қыспаққа түсіп ұмытылып кете жаздағаны бәрімізге белгілі. Мәселен, дәстүрлі мерекеміз Наурыздың 1926 жылдан 1988 жылға дейін тойланбауы, салт-дәстүріміздің, қазақ тілінің қолданыс аясы тарылып, қыспаққа алғандығын ұмытуымызға болмайды. Наурызбен халқын қауыштырған көрнекті этнолог ғалым Ө.Жәнібек еді.

Жетпіс жыл ішінде ұмытылып кеткен салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді Тәуелсіздік арқасында қайта қолға алатын сәтке жеттік. Олай болса, қазақ тарихындағы орны аса зор этнолог ғалым Ө.Жәнібек мұрасын зерттеу-көкейтесті міндет, үлкен мәселе.

Дәстүрімізді қайта жаңғырту үшін біз ғалымның мұра етіп қалдырған еңбектерін пайдалануымызға болады. Ө.Жәнібек өмірі мен қызметі, тарихи мұрасы ғылыми тұрғыдан зерттелмеген. Енді ғана қолға алынып зерттелуде. Жұмысымыздың тақырыбын «Ө. Жәнібек – мемлекет және қоғам қайраткері, этнолог ғалым» – деп алуымыздың себебі осы.

Ө. Жәнібек жайында естелік кітап 1999 жылы «Арыс» баспасынан басылып шыққан. Естелік кітап екі бөлімнен тұрады. Бұл кітапқа белгілі мемлекет және қоғам қайраткері тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібектің бұрын баспа бетін көрмеген естелік қолжазба мұрасы, ұлттық өнер мен этнография жайлы кейбір ой тұжырымдары және көп жылдар онымен қызметтес болған жандардың, дәмдес, сырлас, замандастарының естеліктері топтастырылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Алды-артыма қарайлап өмір кештім», екінші бөлім «Әулиедей ұлын елейді ел» деп аталады. Ө. Жәнібек өмірден озғалы баспасөз беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді.

Ө. Жәнібек шығармашылығы енді ғана зерттеліп жатқандықтан, өзінің еңбектерін пайдалануымызға тура келді. Сонымен бірге замандастарының естелігін жазып алуға тура келді. Ө.Жәнібек еңбектерінде қазақтың салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, ұлтымызға тән киім үлгілерін, қолөнерін, би өнерін т.б. зерттеді. Бір өкініштісі, өмірін ұдайы мемлекеттік қызметте өткізген Өзбекәлі Жәнібек уақыты аз болғандықтан еңбектерін толығымен сала-сала етіп жүйелей алмады.

Ө.Жәнібектің 1990 жылы «Өнер» баспасынан «Эхо» деп аталатын орыс тілінде кітабы шықты. Кейіннен бұл кітап 1992 жылы қазақ тілінде толықтырылып «Уақыт керуені» деген атпен «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Бұл кітапта автор салт-дәстүрге, мәдениетке, Наурыз мерекесіне байланысты өзі зерттеген мәселелер бойынша ғалымдардың, этнографтардың назарынан тыс қалған мәселелерге көңіл бөлгендігімен ерекшеленеді.

1982 жылы «Өнер» баспасынан «Культура казахского ремесла» деп аталатын кітабы шыққан. Бұл кітапта қазақтың дәстүрлі қолөнері этнография, тарихпен байланыстыра көрсетіледі. Қазақстанның оңтүстігіндегі көп таралған киім үлгілері, музей қорларында, адамдардың қолында сақталған XVIII-XX ғасырларда шеберлер жасаған бұйымдар туралы жазылған.

Ал 1995 жылы «Рауан» баспасынан «Жолайырықта» деп аталатын қазақтың тұрғын үйі туралы еңбегі жеке кітап болып басылып шыққан. Бұл еңбегінде Ө.Жәнібек қазақтың киіз үйінің бірден пайда болмағандығын, олардың әлеуметтік жағдайға қарай әртүрлі эволюциялық жолдан өткенін, тұрақты баспананың түрлерін жеке-жеке бөліп қарастырған.

1996 жылы «Қазақ киімі» атты альбом кітабы «Өнер» баспасынан жарыққа шықты. Бұл кітабында қазақтың ұлттық киімдері, олардың түрлері туралы жазды.

1996–1997 жылдары «Тағдыр тағылымы» деген атпен «Рауан» баспасынан өз өмірі, атқарған қызметтері жайында екі кітаптан бас құраған мемуарлық жазбасы жарық көрген.

1996 жылы Ө.Жәнібек пен Ж. Нұсқабайұлы бірлесе отырып жазған «Ежелгі Отырар» атты зерттеу еңбегі шыққан. Бұл кітапта туған жері Отырарға жүргізілген зерттеулерге қаланың мәдениетіне аса назар аудара отырып, «Отырар өркениеті» – деген тарихи терминді өмірге енгізді.

Ә. Дербісалиевтің «Қазақ даласының жұлдыздары» деп аталатын 1995 жылы шыққан кітабына алғысөз жазған да – Ө. Жәнібек.

«Первые этнографы Казахстана» деп аталатын орыс тіліндегі кітапты құрастырып алғысөзін жазған да Ө.Жәнібек!

Жұмысты жазу барысында Ө.Жәнібектің еңбектеріне қоса басқа да қазақ халқының этнографиясын, мәдениетін, дәстүрін зерттеген этнографтардың еңбектерін пайдаландық. Өйткені, кім-кімнің де ғылымға қосқан үлес салмағы салыстырмалы жағдайда анықталады емес пе?!

Қалаубек Тұсынқұлов Ө. Жәнібектің ұлт кадрларына деген қамқорлық мінезін бейнелеу ретінде «Қал қалай, жолдас хатшы?» деген повесть жазған. Сол кездегі заман талабына сай кейіпкердің аты-жөнін өзгертіп Қырғызәлі Әжібеков деп алған. Бұл повесть 1973 жылы жарық көрген «Есіңде ме сол бір кез» атты кітапта жарияланған.

Жазушы Дінәш Нұрмұхамбетов Өзекеңнің Торғайда облысты қалыптастыру жолындағы қайраткерлігінен үш повесть жазыпты. Зерттеуші Зәбира Жәкішева Өзбекәлі Жәнібектің музейтану ілімін қалыптастыру жолындағы еңбегінен екі монография туындатты.

Асқар Егеубаев «Кісілік кітабы» деп аталатын 1998 жылы шыққан еңбегінде Ө.Жәнібекке былай деп арнау жазған: «Аяулы ағамыз, қазақ мәдениетінің аса ірі қайраткері, этнолог марқұм Өзбекәлі Жәнібек ақсақалға арнаймын».

2002 жылғы «Тарихы терең Түркістан» атты кітапқа Ө. Жәнібектің М. Жолдасбековке арнайы жолдаған «Әзірет Сұлтан қорығы жөнінде» хаты да жарияланған болатын.

Осы хатында Ө. Жәнібек тек қазақ халқының емес, бүкіл түркі халықтарының мәдени-рухани байлығы Қ.А. Ясауи ескерткішінің қауіпті жағдайда тұрғанын айтыпты. Ордабасы тауы туралы пікірлері де маңызды.

Ө. Жәнібек қайтыс болғаннан кейін замандастары, шәкірттері өздерінің естелік мақалаларын мерзімді баспасөздерде жариялады. Георгий Рудов «Я сердцем русский, духом евразиец» деп аталатын орыс тіліндегі естелік кітабын жарыққа шығарды. Бұл естелігінде ол Отырар ауданында бір қойшының үйіне Ө.Жәнібекпен бірге барған кездегі қазақтың киіз үйі туралы, қазақ халқының қонақжайлығын суреттеп жазған.

Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарған, қазіргі таңда Дипломатиялық академия профессоры болып табылатын Г.А. Рудовтың Өзбекәлі Жәнібектей ұлт ұстазы дерлік ұлы тұлға жөнінде «Досым өлді, білдің бе?» деп тебірене естелік жазуы кісіні тебірентеді. Адалдық. Сондай-ақ, еңбекте өзге де авторлардың Өзбекәлі Жәнібек жайлы жарияланған ғылыми мақалаларын оқып, пайдаландық.

Қазақтың қолөнері, би өнері, тұрғын үйі туралы зерттеулерімен танысып, ғылыми тұжырымдарын қолдандық.

Аталмыш тақырыпты зерттеудегі мақсатымыз:

— *Тарихи тұлға өмір шежіресін жасау:*

— Көрнекті этнолог-ғалым Ө.Жәнібектің ерінбей жан-жақты зерттеген қазақ этнографиясына қатысты зерттеулерін жүйелей отырып, оның осы саладағы көзқарасын айқындау;

— Этнография саласындағы зерттеулерін сала-сала етіп жүйелеп қарастыру;

— Этнография жайындағы еңбектерінің мазмұнын халық тарихымен байланыстырып көрсету;

— Этнолог ғалым ретінде шығармашылық лабораториясына барлау жасау;

— Теориялық ойларының өміршеңдігін айқындау;

— Өмірге енгізген практикалық еңбегінің маңызын ашу;

— Қоғам қайраткері, үлкен этнолог ғалымның дүниетаным диалектикасын (эволюциясын) айқындау.

ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕЛІ

Өзбекәлі Жәнібек жөнінде баспасөзде аз жазылып жүрген жоқ. Бірақ, жарияланып жүрген материалдардың дені-естелік. Ел деп еміреніп еңбек еткен есімді ертеңге алып барар жанрдың бірі – естелік! Дегенде, абзал азаматтың ғылыми өмірбаяны түзіліп, рухани мұрасы сала-сала бойынша жүйеленіп, зерттеліп жазылуы керек деп ойлаймыз.

Өзбекәлі Жәнібек 1931 жылы 28 тамызда қазіргі Отырар ауданы Көксарай елді мекенінде жарық дүниеге келген. Әке-шешеден жастай жетім қалған. Көбіне жетім бала ағайыны Серім үйін паналаған. Серімнің Абан есімді баласымен қатар өскен. Бірі әкелі байдың баласы, бірі әкесіз жетім бала күйін кешкені оның екі кітаптан бас құраған «Тағдыр тағылымы» атты мемуарлық жазбасында жақсы айтылған¹.

Өзбекәлінің анасы – Қаныша есімді кісі. Үлкен ұлы Ұлы Отан соғысына кетіп, оралмаса керек. Өзбекәлінің жас шағында қайтыс болған анасының мәйіті Арыстанбаб кесенесі маңында. Анаға деген перзенттік шынайы пейілін қайраткер аталған мемуарлық толғамда өте әсерлі баяндайды. Тіпті тарыққан сәтінде екі рет түсіне аян беріп кіргенін де сағынышқа орап айтыпты. Жетім бала ауылда отын

шауып, от жағып, келі түйіп, еңбекпен шынығып өседі. Оны қайраткер қапаланып отырып баяндауына қарамастан, өз шығармасында еңбек тәрбиесі ретінде қарайды.

Өзбекәлі Жәнібек, замандастарының айтуына қарағанда, мектепте үздік оқыған. 1948 жылы орта мектепті бітірген соң оқуға деген құштарлық оны Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтқа жетелеп әкеледі. Артық ауыстырып киер киімі, тоя ішер тамағы жоқ баланың қаражаты да тақ-тұқ болатын. Бұйрық болып, Абай атындағы Қазақ педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түскен Өзбекәлі Жәнібек сабақты жақсы оқыған, институттың мәдени өміріне белсенді араласқан. Қазақтың сол кездегі режиссері, Мәскеуден оқу бітіріп оралған Асқар Тоқпанов институт студенттері жәрдемімен «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасы бойынша спектакль даярлайды. Студент Өзбекәлі Жәнібек спектакльде «Мылқаудың» ролін кәнігі актерлерше орындаса керек.

Осы сәт туралы Ө.Жәнібек мемуарында былай деп жазады: «... Маған балуанның рөлі тиген еді. Пьесадағы айтыс-тартыстың әбден шиеленісетін сәтінде құлағы естімейтін, тілі жоқ балуанның рөлінде ойнағандықтан, сахна шетіне орнығып алып, жүген-шылбырды жөндеп, «жамап-жасқап» отыра бердім. Жұрт болса сахнадағы оқиғадан гөрі маған көбірек көңіл аудара ма, қайдам, мұны байқаған Қапан Бадыров: «Қарағым-ау, енді қойсаңшы» деп сыбырлайды. Байқап қарасам, жұрттың назары шынымен-ақ маған ауған екен.

Жоғары оқу орнын жақсы бітірген Өзбекәлі Жәнібек өмір жолын Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданында мектепте мұғалімдіктен бастаған. Сол кезеңде қатар қызмет атқарғандардың айтуына қарағанда ұстаздық қызметке жас педагог жан аямай кірісіп кеткен.

Мектепте жүргенде оқушыларды өлкетанушылыққа көп үйретеді. Табиғатты сүйеге үндеп, ауылды тал, терекке толтырады. Осы жылдары еңбекші халықтың арасына барып лекция оқитын аудандық «Білім» қоғамының белсенді мүшесі болады.

Іскерлігімен, алғырлығымен, білімділігімен көзге түскен Ө.Жәнібек 1955 жылы тамызда Келес аудандық партия комитетінің аппаратына насихатшы қызметіне қабылданады. Сол жылы 19 қарашада Ө. Жәнібек ҚЛКЖО Келес аудандық комитетінің бірінші хатшылығына бекітіледі.

1959 жылы Өзбекәлі Жәнібек Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланады. Облыстық архивте Ө. Жәнібектің облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланғаны туралы құжат сақталып қалған. Онда былай делінген:

«Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің бірінші отырысының хаттамасы. 27 желтоқсан 1959 жыл.

Күн тәртібінде қаралған ұйымдастыру мәселесі бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитеті Пленумы Жәнібеков Өзбекәліні обком комсомолдың бірінші хатшысы етіп сайлау туралы қаулы етеді.

Міне, осы уақыттан бастап, Өзбекәлі Жәнібек ғажайып істердің ұйытқысы болды.

Соның бірі – жалынды жастар жетекшісі Фани Мұратбаевқа ескерткіш қою. Ф. Мұратбаев өмірінің дені Ташкентте өтеді. Біраз уақыт Мәскеуде Коминтерн басшысы болғаны белгілі. Осыдан ой түйсек, Фанидың ескерткішін ол кезде Мәскеуге қоюға да, Ташкентке орнатуға да болушы еді. Өзбекәлі Жәнібек сол игілікті істі Шымкент қаласынан бастаған. Осы ескерткіштің тарихы туралы жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов Ө. Жәнібек жайлы естелігінде кеңінен баяндайды.

Міне, сол ескерткіш бүгінгі күнде Шымкент қаласында Оқушылар сарайының алдында елеусіз, жөндеусіз тұр.

1962 жылы 27–28 ақпанда Қазақстан комсомолының X съезі болады. Съезден кейін наурыздың 1-жұлдызында өткен Орталық Комитеттің Пленумында Ө.Жәнібек Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы болып сайланып, 1970 жылдың аяғына дейін осы қызметті атқарады.

Қазақстан Жастар Одағы жетекшісі ретінде Өзбекәлі Жәнібектің атқарған істері көп-ақ. Алда арнайы зерттелуге тиісті бұл мәселені тезис түрінде түйіп түйіп айтумен шектелейік.

Бірінші – Ө.Жәнібекке дейін Қазақстан комсомолы бірінші хатшысы Бүкілодақтық комсомолдың Бюро мүшесі болып көрмеген екен. Өзбекәлі Жәнібек міне, осыған қол жеткізді. Бұл-аты бірінші хатшыныкі болғанымен заты Қазақстан жастарыныкі! Көп мәселе Орталықта шешілетін ол кезде Бюро мүшесі болудың мәні аса үлкен болатын.

Екінші – қазақ жастары екінші тың аталатын – мал бағуға жаппай шақырылып, үндеу тасталғанда, қызметінен қорықпай қарсы тұрып, қазақ жастары да кәсіп үйренуге тиісті деп, Орталықтағы ірі өндіріс орындарына жіберіпті. Сондай өндіріс орнынан өсіп шыққан тарихи тұлғаның бірі Қазақстанның тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаев екенін ескерсек, Өзбекәлі Жәнібек бастамасының қаншалық нәтижелі болғанын осыдан-ақ көруге болады.

Үшінші – Ғанидың Мәскеудегі зиратын тапты. Басына ескерткіш қойғызды.

Төртінші – Қазақстан комсомолы Орталық Комитетіне арнап үлкен ғимарат салдырды. Бұл ғимарат сол кездегі бүкіл Одақтағы Жастар үйлерінің ең жақсысы деген бағаға ие болды.

Бесінші – оның ішінен Қазақстан жастары өмірін экспозициялайтын комсомол тарихы музейін жасақтатты.

Алтыншы – Қазақстан комсомолының пайда болуы, қалыптасуы, бүгінгі міндеттерін тұтас қамтитын кітап жазып Мәскеуден «Молодая гвардия» баспасынан жарыққа шығаруы.

Жетінші – Өзбекәлі Жәнібек жетекшілік еткен алпысыншы жылдары Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті Республикада жылт еткен жастарды ортаға шақырып, творчестволық тұрғыдан ықпал етті. Оның сол кездегі жастарға қамқорлығы жайлы Әбіш Кекілбайұлы былай дейді: «... жаңа есімдердің көрінуі жастар сыйлығын алудан басталатын. Музыкадағы Еркеғали, Ғазиза, Шәмшілер, әдебиеттегі Әнуар, Олжас, Қадыр, Жүмекен, Тұманбай, Мұхтар, Оралхан, Сайындар, спорттағы Әбдісалан, Әбілсейіт, Темірлер қоғамдағы сахнаға осылай аттаған-ды. Хрущевтің «жылымық кезеңі» бітерде, әдебиет пен өнердің қайтадан үсікке іліге бастаған жас өскіндерін жастар ұйымы қанатына алды. Оларды Өз-ағаң бастаған жастар жетекшілері панасына алмағанда масақты орғанды қойып, балаусаның өзін қырқып тастауға құлықты пиғылдар ол жылдары да ап-айқын көрінген-ді».

Өзбекәлі Жәнібек-комсомол жұмысында бірсыпыра уақыт істеген соң 1970ж. жаңадан ұйымдастырылып жатқан Торғай облыстық партия Комитетіне идеология жөніндегі хатшы болып жіберілді.

Торғай – атақты Сарыарқаның бір пұшпағы, әрісі Ыбырай Алтынсарин, берісі – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың тарихи отаны еді. Бірақ, бұрын облыс орталығы болмаған, 26 мың ғана тұрғыны бар, кеншілердің мәдениет сарайы, жергілікті педагогикалық училище мен екі орта мектептен өзге ештеңесі жоқ.

Арқалықты облыс орталығына айналдыру қайдан оңай болсын?!

Облыс болған соң оған театр керектігін дәлелдеп, басшылықтың көзін жеткізген соң, Ө.Жәнібек Мәскеуге барып Щепкин атындағы театр көркемсурет институтының оқуды аяқтағалы отырған тұтас бір курсына ен тағып қайтты. Күзде оқуын аяқтаған жастарды қақаған суықта тон, пимамен ұшақтан Өзбекәлі Жәнібектің өзі қарсы алғанын бұл күнде сақаланған өнер қайраткерлеріне айналған азаматтар (режиссер Ерсайын Тәпенев, т.б.) аңызға айналдырып айтады.

Арқалықтағы облыстық әуезді драма тетрын ашуда кездескен кедергілер мен қиындықтар жайлы Ө. Жәнібек өзінің «Тағдыр тағылымында» да кеңінен әңгімелейді.

Ол театр бұл күнде Өзбекәлі Жәнібек атында!

Осы жылдары облыста филормония құрылады. Филормонияны ұйымдастыру басы-қасында Ө. Жәнібекпен бірге белгілі өнер зерттеушісі, профессор Б. Сарыбаев, Қазақ КСР-не еңбегі сіңген өнер қайраткері, кейіннен халық әртісі Д.Әбіров, РКФСР-ға еңбегі сіңген өнер қайраткері, кейіннен Қазақ КСР-не еңбегі сіңген өнер қайраткері О.В. Всеволодская-Голушкевич, Торғай театрының бас режиссеры Қ. Жетпісбаев, т.б. болды.

Осы кісілердің көмегімен облыста «Шертер», «Метелица» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, цирк тобы құрылды.

Торғай облысында Өзбекәлі Жәнібектің тікелей басқаруымен жүзеге асқан және бір мәдениет ошағы-облыстық тарихи-өлкетану музейі. Жәнібек Торғай облыстық музейіне бар күш-жігерін салды. Осы музейді ұйымдастыруда істелінген шетсіз-шексіз жұмыстар жайлы Ө.Жәнібек өзінің «Тағдыр тағылымы» кітабында тоқталады.

1975 (6) жылы Өзбекәлі Жәнібекті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сырт елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындайды.

Өзбекәлі Жәнібектің бөлім бастығы болып келуіне орай Қазақстанның сыртқы елдермен байланысы өрістеп жүре береді. Шет елдермен байланыс қоғамдары құрылып, оларға Президент (төраға) болып қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар тағайындалды. Шет елдерге барыс-келіс жиіледі. Бөліммен тікелей байланысты жұмыс істейтін Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі жұмысы көрінді.

1977ж. Өзбекәлі Жәнібек Қазақ КСР-і Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне жұмысқа жіберілді.

Расын айту керек, ол жылдары Мәдениет министрлігі жұмысы баяу еді. Жәнібек келе жұртты да жұмысқа жұмылдырды, өзі де ұлт мәдениетін көтеру жолында аянбай кірісті қызметіне. Өзбекәлі Жәнібек бұл жылдары ірі мәдениет қайраткерлері райында қалыптасты. Республика мәдениеті кең өріске шықты. Тұжырымдай айтсақ, Өзбекәлі Жәнібектің бұл жылдардағы қайраткерлігі мынадай жүйеде:

1. Тарихи ескерткіштер тізімге алынды. Паспорттау жүргізілді.

2. Тарихи ескерткіштер мемлекет тарапынан қорғалатындығы айтылып, шойын құймалар ілінді.

3. Республикалық Орталық музей 28 гвардияшы парк ішінен Медеу жолына арнайы салынған жаңа ғимаратқа көшірілді. Облыстық өлкетану музейлері көптеп ашылды.

Алматының «Керуен Сарайы», «Қызыл таңы» музейге айналды. Отырар ауданында кешенді-қорық музейі салынып, ашылды. Абай атындағы опера және балет театры, М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театры Композиторлар одағы дегендей салалық музейлер көптеп ашылды. Ақын жазушыларға бірсыпыра әдеби және мемориалдық музейлер ашылды.

1984 жылы Өзбекәлі Жәнібек Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет істеді.

Бұл жылдары Алматы облысында қазақтың ұлттық рухани қазынасына байланысты екі жүйе жемісті жұмыстар жасалды деп айтуға болады. Оның бірі-тарихи ескерткіштер есепке алынып, реставрация ісі жедел қолға алынды; екіншісі - облыста жаңа музейлер ашылды, әйтпесе музей филиалдары жасалды. Бұған мысал ретінде бір Жамбыл музейінің филиалы ретінде Ұзынағаш ауданынан ақын Үмбетәлі Кәрібаев, Кенен Әзірбаев, Әбдіғани Сарыбаев музейлерінің жасақталғанын айтсақ та жеткілікті.

Өзағанның өзінің жазуына қарағанда ұлт мәдениетіне қатысты осындай істерді жаныға атқаруына қарамастан басшылықтан алғыс ала қоймапты. Меңдібаев Алматы облысы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы кезі. Өзекең аудан басшыларына тапсырма беріп, тарихи мәні бар ғимараттар, үйлердің тізімін алып, қалай жөндету керектігін айтып обком бюросына шығарады. Ал бірінші хатшы болса, Ө.Жәнібектің өзі дайындаған материалдарды қарсы пайдаланып, іске жанашырлық танытып жүрген Жәнібекке «сөгіс» бергізеді. «Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» деген әпербақан ақ көздік көрінісі.

Елімізде тәуелсіздікке талпынған жастардың «Желтоқсан қозғалысы» аспаннан жай түскендей болып өтті. «Мәңгі ыдырамас – одақ» шаңырағы шайқала бастады. Орталықтан басқаратын Мәскеу ойланып қалды. Іс басына білетін басшы ізделді. 1987 ж. Өзбекәлі Жәнібек Қазақ КСР Мәдениет министрі болып тағайындалды. Мәдениет тағдыры білетін, ұлттық болмысты іскер азаматқа қарады.

Қазақ КСР-і мәдениетін ұлттық арнада дамыту жөнінде концепция жасауды қолға алды.

Ұзамай 1988 жылы 9 ақпанда Өзбекәлі Жәнібек Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып сайланды. Бұл біріншіден кешіккен бақыт секілді еді. Жас болса алпысты алқымдады. Жігерлі уақыт өтіп кетті. Әрі дүрбелең уақытқа тап келді. Қайраткер әбден жетілген, жігерлі жасында-кешегі қырық, қырық бес жас шамасында келгенде ғой бұл қызметке. Қоғамға да, өзіне де мейлінше тиімді болғандай еді.

Дегенде, қайраткердің халыққа ауадай керек шағы – қоғам дағдарыста тұрған, әйтпесе дүрбелеңді, өтпелі, өткелекті кезеңдер. Өзекеңді хатшылыққа алып келген де сондай жағдай. Әйтпесе, жайма-шуақ күндері болса Ө.Жәнібекті бұл қызметке кім әкеле қойсын?! Ол кезең халық сүйген, халқын сүйген шын қайраткерге жол жабық кез. Сыбайластық, рушылдық, жершілдік батпағына әбден батқан коммунистік партияның дағдарыста тұрған шағы еді ғой. Ө.Жәнібектің хатшылыққа келуінен өзінің не ұтқанын кім білсін, қазақ қоғамы ұтты.

Жаңа қызметке келе ол орынсыз қабылданған КОКП-ның «Қазақ ұлтшылдығы» жайлы солақай қаулысымен күресті. Желтоқсан қозғалысының оң бағалануы жолында жүрді. Жастарға эстетикалық тәрбие беру жөнінде кешенді бағдарламалар жасатуға кірісті. Шығармашылық одақтармен, жастар ұйымдарымен бірлестікте жасады. Бір – өкініші Республика коммунистік партиясы таратылған соң бұл, Бағдарламаны іздеген ешкім болмады.

Хатшы райында Ө.Жәнібек арнайы комиссия құрып, Алаш ардақтыларын ақтауға құмбыл кірісті.

Ұлт тілінің тағдырына алаңдады. «Халықаралық қазақ тілі» қоғамын құруға, оның «Ана тілі» газетін өмірге әкелуге тікелей ықпал етті.

1991 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы таратылды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті хатшысы Өзбекәлі Жәнібек ауруханада жатқан күйінде дербес

зейнеткерлікке шықты. Бірнеше рет Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңес депутаты болып сайланды, депутат ретінде ұлттық мүдде тұрғысынан көптеген мәселелерге қозғау салды.

Новосібірге барып кандидаттық диссертация қорғады. Ресей Федерациясы Ғылым Академиясының Сібір бөлімшесінің басшысы тарихшы-археолог академик Н.П. Дерявянко Ө. Жәнібек жасаған еңбектің құндылығын, теориялық сонылығы, өмірге енген практикалық мәнін аса жоғары бағалап, ізденушіге бірден докторлық ғылыми дәреже беруге ұсыныс енгізді.

Қоғам және мемлекет қайраткері, ірі этнолог ғалым, жайсаң азамат Өзбекәлі Жәнібек 1998 жылы 24 ақпан күні айықпас дерттен көз жұмды.

Саңлақ азаматтың соңында айта-айта жүрер азаматтық істер, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған толымды толғақты туындылары қалды. Біз бірсыпыра естелік жинадық. Алайда Ө. Жәнібек азаматтығы түгел айтылып бітті демейміз. Тарих ғылымына, мемуаристикаға қосылған үлес дерлік толайым білім, толғақты ойға толы еңбектері көзі тірісінде де, көз жұмған соң да дүркін-дүркін жарық көріп келеді. Бұлар да Ө. Жәнібектей жігерлі дарын, білімпаз ғалым азаматтың бар жазған әдеби мұрасы демейміз.

Еңбектері кезінде қысқарып жарық көрді. Көптеген еңбектері жарияланған жоқ. Міндет жетегінде жазылған баяндама, ағымдағы баспасөзде жарияланған мақалалары кітапқа қосқан енбеген.

«ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТІН» ЗЕРТТЕУШІ

Әрбір ұлт, мемлекеттің даңқты шаһарлары болады. Олар сол халықтың ерлік тарихын паш етіп жатады. Отырар – қазақтың осындай даңқты шаһарлар қатарында.

Отырар – қазақтың ежелгі және ортағасырлық қалаларының бірі. Бұл қаланы көптеген ғалымдар зерттеу нәтижесінде бірнеше кітаптар жазған. Соның ішінде атап айтсақ, Ө.Жәнібеков пен Ж.Нұсқабаевтың 1997 жылы жарық көрген «Ежелгі Отырар» альбом-кітабы. Кейбіреулер Ө.Жәнібекті бұл кітапты өзінің туған жері Отырар болғандықтан жазған деп айтуы мүмкін. Ал шындығында Ө.Жәнібек жалпы қазақ халқының мәдениетін, тұрмыс-салтын Отырар қаласының өркендеп дамуымен байланыстыра зерттеген, оған «Отырар өркениеті» деген ат берген.

Қазақ тарихында қазақ халқының шыққан тегін, мәдениетін, тұрмыс-салтын қалыптастыруда, қазір біздің көз алдымызда үйіндісі жиырма гектарға көсіліп жатқан ежелгі Отырар қаласының және ол дүниеге келтірген Отырар өркениетінің алатын орны ерекше.

Ежелгі Отырар арқылы көшпелі қазақтың арғы атасы отырықшылық әлемімен танысқан, сауда-саттыққа үйреніп, халықаралық қатынастар шеңберіне іліккен.

Егер тарихқа сүйенсек ежелгі қала мен дала халқының тығыз қарым-қатынаста болғаны белгілі.

Бұған дәлел ретінде Ө.Жәнібек өзінің екі кітаптан бас құраған «Тағдыр тағылымы» атты мемуарлық жазбасында былай деп жазды: «Ежелгі Отырар дала тұрғындары үшін де, қала халқы үшін де өз үйі, өз ошағы болып қала берген». Егер қалаға жау шаба қалса, қала халқына дала халқы қосылып қарсы тұрған.

Отырар қаласы өркендеген кезінде аумағы 200 гектарға созылып, ортағасырлық қалалар секілді негізгі үш бөліктен-бұрыштарында, қақпа үстінде күзет мұнаралары болатын бекіністі қамалы бар хан сарайы, қазына, үзірлік мекемелері, сарай мешіті, күзет гарнизоны орналасқан ордадан, қорғанмен қоршалған керуен-сарай, мешіт-

медресе, ханака, тұрғын жайлардан құралатын іскер қауым мекені-ішкі қаладан: құрамында маманданған шеберханалары, ұстаханалары, базарлары, моншалары, мөлтек мешіттері болатын қарапайым халық пен қолөнершілер тұрағы-тысқы қаладан тұрғаны туралы «Ежелгі Отырар» атты кітабында көрсетілген.

Осыншалықты дамып, шарықтау шегіне жеткен қаланың құландысы небары 20 гектарға жайылып жатқан, ғылымға Отырартөбе деген атпен белгілі жерге қарап біз бүкіл қаланы көзге елестете алмаймыз. Отырартөбенің де қаланың басқа аймақтары сияқты тип-типыл болып жойылып кетпеуіне байланысты ғалымдар әр түрлі пікір айтады.

Археологтардың айтуынша, Отырардың берік қамалы, айнала қазылған сулы ор үстіндегі аспалы көпірмен жабдықталған үш қақпасы болған. Олар арқылы жұрт мұқият орналастырылған көшелермен қала алаңына шығатын болған. Ақша соғатын орынның, қолөнершілер тұрағының, су құбырының, нәжіс желісінің болуы мұндағы қала тіршілігінің ортағасырларда кең қанат жайып, астаналық сипатта болғандығын көрсетеді.

Қаланың өмір сүруден қалуының өзіндік себептері бар. Көптеген адамдар оның күйреуін монғол шапқыншылығымен байланыстырады. Отырар монғол шапқыншылығынан кейін қайта бой көтергенімен тағдырдың тәлкегіне талай рет түскен қала. Ол әуелде Дешті Қыпшақты жайлаған көшпелі өзбектер мен Алтын Орда билеушілерінің қол астында болды. Онан кейін Темірланға бағынды, Қазақ хандығы мен Орта Азия мемлекеттерінің арасындағы қиян кескі қақтығыстардың шеңберіне ілікті, жоңғар шапқыншылығын басынан кешіп, тағы да күйзеліске түскен.

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан түгелдей мұсылманданған, бірақ Отырар тұрғындары арасында жаңа дін бірден орныға қоймаған. Дегенмен, мұсылмангершілік қала халқынан қызу қолдау тапқаннан кейін мешіт, медресе, т.б. діни орындар салына бастаған. Археологтар X ғасырдағы алғашқы мешіттің қалдығын Кедер қаласының орнынан тапқан.

Сол кезден бастап қала сыртында мұсылман зираты да пайда болған. Мұнда кейін ел аузында «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб, ең үлкені бабтардың бабы Арыстанбаб» деп дәріптелген исламды уағыздаушы, бүкіл мұсылман қауымына белгілі шейх Ахмед Ясауидің ұстазы Арыстанбаб жерленген. Арыстанбабтың күмбезі XII ғасырда тұрғызылып. Әмір Темірдің кезінде қайта жаңғыртылған күмбезі бізге жетпеген. Тек 1907 жылы ескі құрылыстың орнына жаңадан кесене мешіт салынған.

Отырарды және оған іргелес орналасқан қоныстарды ежелден-ақ Саңғыларық VII-IX ғасырларға дейін суландырып келген. Кейіннен IX-XIII ғасырларда каналға сутартқыштар салынған. XII-XIV ғасырларда каналдың тереңдеуіне байланысты Қаракөншек суландыру жүйесін салуға мәжбүр еткен. Ал XIV-XV ғасырларда Қаракөншек суландыру жүйесінің басынан 15 шақырымдай жоғарғы өзен арнасынан су тартатын Темірарықты іске қосқан.

Осындай суландыру жүйесінің жылдан-жылға дамып отыруы Отырар халқының күріш, тары, бидай, тағы басқа азықтық дақылдар егіп, мақта өсіргенін, жүзімдікпен бау-бақшамен айналысқанын көрсетеді.

XV-XVI ғасырларда Сыр бойындағы саяси өмірдің тұрақталуымен егіншілік қайта жандана түскен. Осы тұста диханшылықпен, сауда-саттықпен айналысатын отырықшы қазақтың саны көбейе бастаған. XVII ғасырдың екінші жартысына қарай жаугершілікпен суландыру жүйесі бірте-бірте қысқара берген. Ал егістік көлемі тарыла

түскен. XVI-XVIII ғасырларда орыс деректерінде Отырардың қазақ хандығындағы қала екені, соңғы деректе оның 40 үйі ғана бар шағын қаланың дәрежесіне дейін құлдырағаны айтылған.

Ел аузында Отырардан Түркістанға, Сайрамға дейін апаратын жер асты жолы бар деген аңыз бар. Бірақ бұл шындығына келгенде жол емес құпия су құбыры болуы мүмкін. Өкініштісі бұл үңгірдің 20 метр бөлігі ғана сақталыпты. Ө.Жәнібек құбырды ел басынан қиын-қыстау өткен кезде қала халқы құпия су құбырын түгелдей тартып үлгере алмағандықтан, қаланың орталығынан сыртқа шығып кете алатындай етіп халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдалануы мүмкін деген өз пікірін айтқан. Ол 1939 жылы Отырартөбеге жақын Талапты деген арықпен су жібергенде судың бір шұңқырға кете бергенін көрген. Бірақ есейгенде сол жерді іздеп таба алмаған, бәлкім археологтардың тапқан су құбыры соның бір бөлігі болар.

XV ғасырдан бастап бұрынғы сауда керуендерінің мұнда келуі бірте-бірте тоқтала бастаған. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде соңғы тұрғындары тастап кеткен Отырар, он сегіз ғасырдан астам өмір сүрген ұлы қала, бүгінде өзінің ауқымымен таң қалдыратын алып төбеге айналған.

Отырардың көп ғасырлық қабат қыртысынан К. Ақышев, К. Байпақов, Л. Ерзакович сияқты археологтар қала өмір сүре бастаған алғашқы жылдардан XVIII ғасырдың бастапқы ширегіне дейінгі заттық мәдениет ескерткіштерін тапқан. Ө. Жәнібек табылған заттың айғағы, ескерткіштерді пайдалана отырып, қазіргі қазақтың тұрмысы мен мәдениетін байланыстыра зерттеген.

Отырар өркениетін Отырар мен оның өзінен кем түсе қоймайтын іргелестері Көкмардан, Кедер, Қарақоңыс, Шілік, Отырардың тікелей ықпалында болған Иасы, Сауран, Сығанақ, Шорнақ, Қарнақ секілді ортағасырлық қоныстар қалыптастырған. Отырар аймағынан біздің көптеген ғұламаларымыз, атап айтсақ: Әбу Насыр әл-Фараби, Ғаббас Саид әл Жауһари, Ахмед Ясауи, Ысмаил әл-Отырари сияқты энциклопедист ғалымдар, ал кейінірек Дәуіт Әділбақи Түркістани, Қадырғали Жалайри, қазақ арасынан Ақтамберді, Майлықожа, Құлыншақ секілді ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің өрбуі Отырар өркениетінің кезінде шарықтап дамып, Қазақстан тарихында өшпес із қалдырғанының белгісі.

Бұрын бәрімізге Отырардың ұлы перзенті Әбу Нәсір әл-Фарабидің есімі ғана белгілі болса, қазір туған елінде тұрақтап, ғылыммен айналысқан Әл Фарабилердің өзі он болып отыр. Олардың тек атын атап қоймай, шығармаларына талдау жасап, нақты деректер келтіріп филология ғылымының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлі көп жылдық ізденісінің нәтижесінде 1995 жылы «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегі жарыққа шықты. Бұл кітаптың кіріспе сөзін Ө.Жәнібек жазған. Ә.Дербісәлі отырарлық ғалымдардың өмірі мен қызметіне қатысты мағлұматтарды Сирия, Марокко, Тунис секілді елдердегі бүкіл шығыс мәдениетінің мақтанышы болған кітапханалар мен қолжазба қорларынан, Батыс пен Шығыстың дуалы ауызды даналары мен шығыстанушы ғалымдардың еңбегінен тапқан.

Отырар жайындағы деректер көбіне араб, парсы тілді авторлардың еңбектерінде кездесіп отырады.

Ө. Жәнібек мемуарында былай деп жазды: «Отырар өркениетінің біз үшін аса маңызды болатыны – ең алдымен оның қазаққа тән құрылыс ісінен, әсіресе үй тұрғызудан суландыру тәсілдерінен, еңбек құралдарынан, әуез аспаптарынан, қолтума өнерден көрінетіні. Бұл оның қазақ мәдениетінің ізашары болғандығын дәлелдей түсетін жәйт».

Ө. Жәнібектің негізгі зерттеу бағыты қазақтың тұрмыс-салты мен өнері, мәдениеті екені белгілі. Ол жалпы Оңтүстік пен Отырардың мәдениетін байланыстыра зерттеген.

Отырардан табылған бір бөлмелі, екі немесе үш бөлмелі тұрғын үйлер біздің заманымызға дейінгі 1 мыңжылдықтың аяғынан бері Қазақстанның Оңтүстігіне тән құрылыс нұсқалары болып табылады. Отырардағы қазба баспаның негізгі нұсқасы – дәлізді немесе түнекті бөлме, сол сияқты көп бөлмелі тіркеспе, археологтар К.Ақышев, К. Байпақовтың, Л. Ерзаковичтің айтуына қарағанда, отырықшы қазақтың үйлеріне ұқсас. Қазақта бұрын итарқасы шаруашылыққа қатысты қосалқыларымен бірге жабылатын екі, үш бөлмелі үйлердің болғанын археологтар растайды.

Сыр бойының отырықшы және жартылай отырықшы халқының бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін, ортасы асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажырасатын, теріскей жағынан өн бойына астық құятын түнек орналастырылатын қарсы есікті қоржын үйі де Отырардағы баспананың баламасы екені туралы Ө. Жәнібек «Ежелгі Отырар» атты кітабында көрсеткен.

Отырардағы баспананың жатақ бөлігінде шеті күйген қышпен қаланған суфалары болса, қазақ үйінде оның тікелей баламалары болып табылатын қам кесектен соғылған суфа, ағаш сәкі кездесіп отырады. Отырардағы қазба үйіндегі ошақ құрылымы мен қызметінің төркіні жағынан қазақтың жерошағына сәйкес келеді.

Ғалымдардың айтуына қарағанда Қазақстанның басқа аудандары сияқты Отырар халқының көпшілігі қыста қалада, жазда азын аулақ мал ұстап, диханшылықпен айналысуға мүмкіндік беретін қала сыртындағы егістігімен бау-бақшасында орналасқан үйлерінде тұрған. Дәл осы дәстүр Сыр бойының қазағында да 40-жылдарға дейін сақталған. Мұнда да жұрт қыс айларын қыстағында өткізіп, жазда сол маңайдағы көкөріске көшіп шығып, киіз үйлерде тұрған.

Отырардан қазып алынған астық құятын хұмдарға, су таситын құмыраларға, ыдыс-аяққа қазақ руларының таңбасын салатын дәстүрдіңде қолтума өнерді қазақ тұрмысымен байланыстыратыны анық.

Кедерде (Құйрықтөбе) X-XI ғасырларға жататын тұрғын үйдің орнын қазғанда саздан құйылған маска үлгісі табылған. Мұның өзі Қазақстанда орта ғасырлардан бастап ойыншылардың болғандығы, тіпті одан да бұрын болуы мүмкін деген ой туғызады.

Отырардың әртүрлі бөліктерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысында, қаланың өзара сәйкес келетін үш қабат қыртысынан соңғы ғасырларға жататын құнды мағлұматтар алынған.

Л.Б.Ерзаковичтің қазба жұмыстары арқылы табылған ақшалардың стратиграфиясына ашылған көнбелердің қайсы бір оқиға қарсаңында немесе дәл соның кезінде жасырылғанына көңіл аударып қана қоймай, бізге жеткен қазба деректерге сүйене отыра, қаланың соңғы қыртысын қиян-қилы XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың екінші жартысына жатқызған. Қазба жұмыстары мұндағы өмірдің соңғы кезеңінде бүкіл қаланы қамтыған үлкен өрт болғанын айқындайды.

Сөйтіп, Отырардың біржолата күйреп, өмір сүруден қалуына қандай оқиға себепкер болды? – деген сұраққа Ө. Жәнібек өзінің «Ежелгі Отырар» атты кітабында жас тарихшы, археолог Мұхтар Қожаев хабарлаған жәйттерге көңіл аударуға болады деп көрсеткен. Ол Отырардағы соңғы оқиғалар жөнінде жазба деректердің жоқтығынан зерттеуші 1904 жылы Темір, Арыс Төле Байтерекөв айтып берген аңызға көңіл аударғаны құптарлық. Ол былай деген: Әмір Темірден 400 жыл кейін Түркістан өлкесіне қалың қолмен Қошғардан келген қолбасшы Алеку (Қожаевтың жорамалы

бойынша жоңғарлар) ескі Ташкентті басып алып, Отырар жеріне жеткенде, қала халқы бір жарым жыл қарсыласып, ата-мекенін жауға бере қоймаған. Жау ескі Ташкентке қайтып оралуға мәжбүр болады. Алеку қыс бойы бүкіл әскермен арық қазып, қазіргі Ташкент уәлаятындағы Шыршық өзенінің суын Отырарға бұрып, қаланы суға алдырғанда өрт қойған.

Мұны әңгімеші Отырарды жұрттың ең соңында тастап шыққан Бабашөл дегеннің (ол оның бабасының досы болған Түркістан мен Шілікте тұратын ұрпақтарының) аузынан естіген.

Отырар тағдыры осы жердің түп –тамырлары тұрғындары болған ата-бабамыздың тағдыры, қазақтың алғаш рет халық болып қалыптаса бастаған алтын бесігінің тағдыры. Өйткені біз үшін Отырартөбе Куликова алаңы, Бородино алаңы болып қала бермек.

Ө. Жәнібек те Отырар тарихын зерттей келе өз ойын болашаққа ұсыныс ретінде еңбектерінде былай деп айтып кеткен: «Қазіргі тапшылық жағдайда тікелей мүмкіндік болмағанымен, осы жерде ата-бабамыздың қаны төгілген қасиетті жерде-Отырар қамалының батыс қабырғасын, ондағы аспа көпірмен жабдықталған қақпаны қайта қалпына келтіріп, алдына алып монумент тұрғызуды, жарты жылға созылған ерлік қорғаныс кезіндегі «жекпе-жек» сайыс алаңын қалпына келтіруді осы бастан қолға алған жөн. Бәлкім, бізге Отырартөбенің өзін де тарихи және мәдени ескерткіш ретінде болашаққа сақтап қалу жағын ойластырған дұрыс болар. Отырарды сақтау біздің бүкіл дүниежүзілік тарих алдындағы парызымыз».

Біз Отырар өркениетінің қазақ мәдениетін қалыптастыруда аса маңызды роль атқарғаны жөнінде айттық. Бірақ әлі де болса Отырар өркениетін зерттеуіміз қажет.

Сонда ғана халқымыз Отырар өркениетінің заңды мұрагері ретінде өткеніне мақтаныш сезіммен қарай алатын болды.

Әрине,Ө.Жәнібек қамтып, әрі теоретик, әрі практик ретінде араласқан мәдениет саласы біз айтқан жайлармен шектелмейді. Айтылған жайлар арқылы біздің аңғартқымыз келіп отырғаны – ол мәдениеттің қай саласын зерттеп, назар аударса да оны орта ғасырлық, тіпті одан да әріге дейін апарып, халқымыздың азаматтық тарихымен сабақтастыра қарастыруы. Азаматтық тарихымызға ден қойғанда ол «Отырар өркениеті» аталатын термин енгізді. Бұл әсіресе отаншылдықтан туған жоқ. Бұл – қазақтың отырықшылдық мәдениетін жан-жақты зерттеуден туған кенеулі концепция болатын. Ол-осындай концепция иесі,үлкен ғалым еді.

Қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібектің өмір жолы толы өнеге. Ол –тым тегіс те емес. Бұралаң-соқпағы да жетерлік. Уақыт өткен сайын өнегесі ұлғая берер, іздеушісі көбейе түсер қайраткер өмірінің әр асуы, әр белеңіне жіті назар салу қажет болады.

НАУРЫЗ ТОЙЫ ТУРАЛЫ

Қазақ халқының көрнекті перзенті, есімі ел есінде мәңгі жасауға тиісті тұлғасының бірі – Өзбекәлі Жәнібекті қайраткер өресіне көтерген ол атқарған мемлекеттік үлкен лауазым, үлкен қызметтер емес. Оның кешегі кеңестік кезеңде атқарып отырған үлкен қызметіме залалы тиеді деп қорықпай қазақтың ұлттық салт-дәстүрінің сақталып қалуына аянбай атсалысуы. Оны тарихи тамырын қопара зерттеп,өзегіне концепция ұялатып теориялық өреге көтеруі, орайын келтіре жаңғыртып күнделікті тұрмысқа пайдаланарлықтай етіп өмірге қайта енгізуі.

Ө.Жәнібектің белсене қатысуымен күрделі өтпелі кезеңде өзіндік ерекшелікке бай ұлттық мәдениеттің дәуірлеуі мен дамуының негізгі бағыттары, ұлт және тіл саясатының, ұлтаралық келісім мен азаматтық түсінікті нығайтудың принципті қағидалары талдап жасалды. Ол бұрынғы қайраткерлерге қатысты тарихи әділеттікті, Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтарды қалпына келтірушілердің бірі, халықтық дәстүрлерді түлетіп, қоғам өмірінде жоғары руханият пен адамгершілікті орнықтырудың ұйытқысы, ұйымдастырушысы болды. Халықтық таным, ұлттық дәстүрді ерекше құрметтеді. Сонымен бірге оларды тұрмыста тұтынып, өмірде ұштауға тырысты. Сондай халқымызбен ғасырлар бойы бірге жасасып келіп, 1926 жылы кеңестік түсінікпен діни мейрам ретінде тыйым салынған құндылықтарымыздың бірі – Наурызды тойлау рәсімі болатын. Қазақ халқы өзіне тән ұшқыр ойды, білуге деген құштарлықты табиғаттан алған. Кезінде компасты білмеген, сағат пайдаланып көрмеген қазақ халқыай мен күнге, жұлдыздардың жылжуына қарап айналасын бағдарлап, тәуліктің нақтылы мезгілің анықтай білген. Осыдан кем дегенде үш мың жыл бұрын құрастырылған, он екі мүшеге негізделген Шығыс календарын пайдаланып, аптаның әр күніне, әр айға өз атауын беріп, жыл мезгіліне, даланың табиғи- климаттық құбылыстарына болжам жасай білген.

Қазақ дән себуді күн мен түннің теңесер тұсында, яғни наурыздың 21-нен 22-не қарағанда – киіз үйдің шаңырағынан үйдің ортасына күн түскенде, ағаш бүршік жарғанда бастаған. «Бұл түні халық пен астық, жауын-шашын мол болсын деген тілекпен барлық ыдыс-аяқты сүтке, айранға, шұбатқа, дәнге бұлақ суына толтырып қоятын болған».

Наурыз күні адамдар бір-бірімен «төс тақастырып» амандасып, игі тілектерін білдіретін, пәле-жаладан аулақ болуды тілесетін.

Таңсәріден ерлер арықты тазалап, бұлақ көздерін ашатын, ағаш отырғызатын. Түрлі ұлттық ойындар ойналатын.

Кеңес үкіметі кезінде осы тамаша халықтық мейрам ұмытылып кете жаздады. Оны кейбіреулер дінмен байланыстырып, тиісті орындар арқылы тыйым салғызған. Тіптен Наурыз кезінде мешітте оған арнап намаз оқылмайтынын, «Наурыздың қазақ даласына мұсылман дінінен жүздеген жылдар бұрын орныққан дәстүр екені де ескерілмеген».

1988 жылы 9 ақпанда Қазақстан компартиясы Орталық комитетіне хатшы болып сайланған соң, Ө. Жәнібек Қазақстан жазушылар Одағы басқармасының пленумында сөз сөйлеп, «жылдар бойы қазақтың ұлттық қасиеттеріне, өмір салтына, әдет-ғұрпына, әсіресе тіліне мән берілмей келгендіктен республикада қалыптасқан хал-ахуалға» тоқталады.

Белгілі әдебиетші-ғалым Р. Бердібаевтың: «Республикада Наурыз мейрамын өткізуге болама?» деген сұрағына Ө. Жәнібек: «Неге болмасын?! Өткізейік», – деп жауап берді.

Осылай 1926 жылға дейін тойланып келген халықтық мереке араға 62 жыл салып Ө.Жәнібектің тікелей араласуымен халқымен қайта қауышты.

Жазушылар Одағының пленумына қатысқан Алматы обкомының хатшысы Зәуре Қадыроваға қолма-қол тапсырма берді. Бар-жоғы бір айға жуық уақыт қалғанына қарамастан, 1988 жылы Алматыда және Жамбыл ауданында Наурыз үлкен халықтық мейрам ретінде өткізілді.

Ал 1989 жылы Наурыз мейрамы Қазақстанның барлық облыстарында бірдей аталды. Әсіресе, Алматыда, Жетісу өңірінде, Оңтүстік Қазақстанда, Сыр бойында,

Жезқазған, Қарағанды, Павлодар облыстарында есте қаларлықтай қызығы мол, өрісі кең, халықтық мейрам сипатында өтті. Бұл мерекеге елімізді мекендеген басқа ұлт өкілдері де белсене араласты. Бұл жайлы Ө. Жәнібек былай дейді: «Қайсы аймақта болса да Наурыз мейрамында қазақтың өзіне тән дәстүрлі өнерін былай қойғанда, орыс, украин, неміс, поляк, грек, өзбек, шешен, ұйғыр, корей, курд, месхеттік түрік тағы басқалардың шығармашылығы көрінгені көңілге қуаныш ұялатты».

Наурыз мейрамы арамызға осылайша қайтадан оралған еді. Кейін ежелден белгілі есеп бойынша күн мен түннің көктемгі теңесер тұсы – 22 наурыз Президент Жарлығымен Халық мейрамы болып жарияланды.

Ө. Жәнібек – Наурыз мерекесіне мемлекеттік басшы қызметкер ретінде ғана қамқоршы болған жоқ, ірі этнолог ретінде бұл мейрамның ұлтпен бірге жасап келе жатқан тарихын түсіндірді. Сонымен қатар, Наурыз мерекесін қалай өткізу жөнінде методологиялық еңбектер жазды. Бір ғана Наурыз тойында халқымыздың тағайындайтын тағам түрлері айтылды. «Түске қарай ауыл маңындағы алдын ала белгіленген жерде «Бел көтерер» үшін өгіз сойылатын. Өгіз етінен пісірілген «Бел көтерер» Наурыз көжемен берілсе адамға күш-қуат әкеледі делінген.

«Бел көтерер» жөнінде Өзбекәлі Жәнібекке дейін ешбір тарихшы айтпаған болатын. Сол секілді Наурыз мейрамында ойналатын ұлттық ойындардың «Айқыш-ұйқыш», «Аударыспақ», секілді сирек түрін де Өзбекәлі Жәнібек бүгінгі ұрпаққа жеткізіп еді. Әлі күнге Наурыз мейрамында көріне қоймаған «Айқыш-ұйқыш» ойынында жастар, егде тартқандар, қарттар белгілі бір қашықтықта жынысына қарай топ-топ болып жайғасатын. «Бастаушының әзіл қалжыңмен», сқақ өлеңмен шақыруынан соң бір-біріне қарама-қарсы жүгіріп ортаға шыққан еркек пен әйел немесе қыз бен жігіт, тіптен кемпір мен шал төс тақастырады да әйел еркектер жағына, еркек әйелдер тобына қосылатын. Ойын жиналғандардың бәрі бір-бірімен «төс қағыстырып» болғанша жүргізіле береді.

Расында, тарихшы танымынан туған тарихи мәліметтер «Аударыспақ» жөнінде де соны айтуға болады. «Аударыспақ» кезінде ат үстіндегі екі жігіт бірін-бірі аударып түсіруге тиіс болған. Егер оның біреуі қарсыласын атына теріс отырғызып үлгерсе, жеңілген жігіт жұрттың күлкі-қалжыңына көміліп, өз тобына қайтып оралатын» – дейді ол.

Айта берсе, Наурыз мейрамының тарихын, өткізу сипатын, дәстүрін, композициялық шешімін, халықтық мифологиядан ұлттық наным сенім философиясына дейін аса білгірлікпен жазды. Ұлттық танымнан туған мереке – мейрамның өзін ұлт дәстүрін сақтаудың, сақтап қана қоймай оны жаңа уақытқа сай дамытудың үздік үлгісін көрсетті. Оны тарихи тұрғыдан зерделеп зерттеуші дәрежесінде қалып қоймай ұрпақтар тәрбиесіне орайын тауып, ұсынықты жұмсай білген үлкен тәрбиеші практик те еді.

Кеңестік қиын кезеңнің өзінде ол қисынын тауып осындай ата дәстүрлерді ардақтаудың әдемі үлгісін көрсетті. Бұл ретте көрнекті ақын Мұхтар Шахановтың «Өзбекәлі Жәнібек басынан бақайшағына дейін ұлттық рухпен тыныстаған, аса жауапты, мүмкіндігі шектеулі, ой-ауқымы сірескен атқамінерлік қызыметтердің өзін де ұлт игілігіне бұрудың тамаша үлгісін көрсеткен және еліміздің қаһарман қаласы – Отырар топырағына терең тамыр жіберу бағытына ие болған осы өлкенің маңдайы жарқыраған арайлы перзенті еді. Сондықтан да оның есімі күлкі қазақ жамағатында ерекше құрметпен аталуға лайық» – деген пікіріне толық қосыламыз.

Тарихи жәдігерліктерді жаңғыртушы

«Қазақ даласында қолы тимеген тасы жоқ» Ө.Жәнібек – іргелі музейлерден салалық музейлерге дейін ұлттық сипат дарытып, ұлттық музей жасаудың, тарихи жәдігерліктерді көз қарашығындай сақтап қалпына келтірудің ғажап үлгісін көрсеткен мәдениет қараткері. Музей жасау үшін тарихи жәдігерлерді табу, сақтау, жаңғырту (Реставрациялау) қажет. Қазіргі әңгіме Ө.Жәнібековтің тарихи жәдігерлікті жаңғыртуға арналған қызметі жөнінде. Өзбекәлі Жәнібек Мәдениет министрінің орынбасары болып тағайындалғанда, өзара қызымет бөліскенде оған мынадай міндеттер жүктеледі.

«Халықтың мәдени мұрасының әртүрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіріп, бастапқы табиғи ортасына оралта түсу жұмыстарына қатысты мәселелерді үйлестіру, музей ісіне басшылық ету т.б.».

Есепке алғанда сол тұста Қазақстанда 25 мыңға жуық археологиялық, тарихи – сәулеткерлік және мәдени ескерткіштердің бар екені белгілі болды. 150 мыңға жуық қол өнерінің үздік туындылары, зергерлік заттар, киім-кешек үлгілері, қару-жарақ, құрал-сайман, үй жиһаздарына қатысты бұйымдар музей қорында шоғырланады.

Ата-баба мұрасын есепке алу, қорғау және қалпына келтіру ісіне тікелей араласу үшін мәдениет министрілігіне ең алдымен осы мәселелермен шұғылданатын құрылымдық жүйе жасап алу қажет еді. Сондықтан бұрынғы шеберхананың орнына «Казреставрация» бірлестігі, оның жобалау-сметалау тобының негізінде «Казпроектреставрация» жобалау-конструкторлық институты құрылды. Бірқатар облыстарда ғылыми–реставрациялық шеберханалар ашылып, оларға арнайы қаржы бөлінді. Нәтижесінде қалыптасқан тәртіппен жобалаушы сәулеткерлер, ұқсатушы шіліңгерлер даярлау ісі қолға алына бастады.

Алтынмен аптау, екі қабат ағаш шекпесін, қыр (ганч), қырма (оның қазақтағы баламасы), оюдың әдістерін игеру, жазықтықты әрлеп-әшекейлеуге машықтану Қазақ КСР Ғылым академиясының ішкі декорын қалпына келтіруге, Оралдағы шіркеудің күмбезін алтын жалатуға, Жаркенттегі мұсылман мешітін, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың әдеби-мемориалды музейін қайта ұқсатуға, Мәдениет министрілігінің үйін, Қазақтың халық әуез аспаптары музейін безендіруге мүмкіндік берді.

Сол кезде Ө. Жәнібектің қарамағында жұмыс істеген Қ. Тұяқбаев былай деп жазды: «Өз-ағаның қазақ тарихы мен мәдени мұраларына айрықша көңіл бөлуі арқасында Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және қалаларында тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру шеберханалары ашылды, ескерткіштерді жобалау, зерттеу істері ғылыми жолға қойылды».

Мәскеу, Баку, Ереваннан арнайы мамандар шақырылып, Алматыда шекілген, металдан соғылған, теріден тігілген бұйым-тайымдарды, тозығы жеткен қағаз құжаттарды қайта ұқсататын мамандарды дайындайтын арнайы курстар ұйымдастырылды.

Осы жылдары Қазақстандағы тарихи және мәдени ескерткіштерге арналған 10 томдық жинақты шығару қолға алынды.

XX ғ. 70-жылдары Қазақстандағы көне заманғы ескерткіштерді есепке алу, қорғау және қалпына келтіру мәселелері екі рет үкіметте, бір рет Орталық комитетте қаралып, он облыста тарихи жәдігерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

«Алматыда «Қызылтаң» сауда орталығы, кафедралды собор, бұрынғы үш кластық училище, офицерлер үйі, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың кесенесі мен әдеби-мемориалдық музейі, Оңтүстік Қазақстанда – Арыстанбаб кесене-мешіті, Баба Ата, Ысмайыл Ата, Жүніс әулие күмбездері, Қызылорда – Ақтас мешіті, кафедралды собор, Айтбай мешіті, Жамбылда Бабажы қатын, Шамансұр, Қарахан күмбездері, Қали Жүністің медресе – мешіті, моншасы, Үшарал мешіті, Маңғыстауда – Ақүйік, Сенек күмбездері, Шақпақ Ата, Қапаш мешіттері, Форт-Шевченкода – Ыдырыс Серікбайұлының үйі, Жезқазғанда – Домбауыл ғибадатханасы, Алашахан, Жошыхан, Аяққамыр, Болған Ана күмбездері, Семейде – Жалқы мұнаралы, қос мұнаралы мешіттер, қаланың бұрынғы қақпасы, Қызылжарда - Жанғоразовтардың үйі, басқа да Х ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі тарихи және мәдени ескерткіштер қайта жөндеуден өтті.

1978 ж. Араға көп уақыт салып Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығындағы Ахмет Иасауи сәулет ғимаратын, Басқа да ескерткіштерді қалпына келтірудің кешендік жоспары жасалып, іске асырыла бастады. «Түркістан, ондағы «Әзірет Сұлтан» қорығы қазақ тарихының ең қасиетті жерінен саналады. Бұл біздің ең жанды жеріміз. Соған қарамастан, білетіні бар, білмейтіні бар-талай адам араласып, қасиетті Түркістанның тағдырын дұрыс шеше алмай келді»... «Тарихымыздың, әсіресе ескерткіштеріміздің білімпаздарының Ең алдымен құрылыстың ауытқи бастаған, опырылып қалу қаупі төнген бөліктері – Бас портал мен мешіт мығымдалды. Бұл «XIX ғасырдың құрылыс ағаштарын ұқсатуға, Қабырхананың еденін бастапқы деңгейінде қалпына келтіріп, Ахмет Ясауидің еңкейіп, құлауға айналған мүрдесін түзетуге мүмкіндік берді».

Кең ауқымды жұмыстардың нәтижесінде кесене-мешіттің негізгі сегіз залында, сол XV-XVI ғасырларда тұрғызылып, 1972 жылға дейін жұмыс істеген Шығыс моншасында, XIX ғ. Жұма мешітінде, жылына 450–500 мыңға жуық келушілер тамашалайтын музей экспозициясы орналастырылды.

Бұлардан басқа Есімхан кесенесі, Шілдеhana ғұрыптық орны, Қылует жертөле Ханакасы, ныспысыз сағана, Қам кірпіштен тұрғызылған қамал қорғанның шығыс бөлігі қалпына келтірілді, Рабия Сұлтан Бегім күмбезі қайтадан тұрғызыла бастады.

Осылай Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1978 жылғы 8-желтоқсанында қабылданған «Түркістандағы Ахмет Иасауи сәулет ғимаратындағы қайта ұқсату жұмыстары жөнінде» атты қаулысында қаралған іс шаралар негізінде (сыртқы баспалдақты қайта-қайта жөндеу, ғимараттың төбесін XVI ғ.бастапқы деңгейіне түсіру, мешіт ішіндегі жазу-сызуларды қалпына келтіру істері белгілі себеппен жүзеге аспады) іске асырылды. Әрине, барлық жұмыс өз дәрежесінде жүргізілмеді. Бұл туралы Ө. Жәнібек былай деп жазды: «Қолымызды байлай бергені – заттық-техникалық ресурстарды былай қойғанда, Әзірет Сұлтан қорығы сияқты аса күрделі сәулет ғимаратын қалпына келтіретіндей озық тәжірбиенің жетісе бермейтінінде, маманданған шілеңгерлердің аздығында, әртүрлі себептермен бірін-бірі алмастыра берген шеберhana басшыларының тұрлаусыздығында еді. «Шынында, 1982 ж. 26 наурызда үш күн бойы тынбай жауған жаңбырдың әсерінен қам кірпіштен қайта қаланып жатқан бекіністің 19 метрі опырылып қалды. Себебі, жұмысшылар қорғанның ішін топырақпен толтырып, тек сыртын қам кірпішпен қаптаған. Айыптылар жазаланды. Қорғанның іргесі мұқият мығымдалып, қабырғасы ағашпен шабақталып, түгел кірпішпен қаланып, сабан араластырылған саз балшықпен қалың етіп сыланатын болды.

Тағы бір ыңғайсыз жағдай – Қазандықтың күмбезіне ХХ ғ. 60-жылдарында сәндік үшін бұрынғы декорына қосымша ілінген «сталактиттердің «үшеуінің түсіп қалғандығы. Бұл туралы Ө. Жәнібек былай деп жазды:

«...Техника ғылымдарының докторы, профессор Т. Жүнісов басқарған арнайы комиссия олардың ылғалды бойына тартатын материал – гипстен құйылғандығынан және күмбез қаңқасына бекітілмегендігінен түсіп қалғанын дәлелдесе де, ХІV ғасырдың декорына балап, байбалам салынғаны әділетсіздік еді. Комиссияның ұсынысымен гипс «сталактиттердің» қалғандары да алынып тасталды».

Әрине, одан ХІV ғасырдың декорына ешқандай зақым келген жоқ.

Пайдаланылған құрылыс материалдары төңірегінде де көптеген түсініспеушіліктер болып, баспасөзде көптеп жазылды.

1971–76 жылдары Самархан технологиясы бойынша жасалған қаптама кірпіштердің бетіне шыңылтыр дұрыс ұстаса бермейтін. Зерттей келгенде, Сауранның онсыз да құрамы бай топырағын Самархан технологиясына сәйкестендіреміз деп физикалық, химиялық құрамын бұзғандығы анықталды. Бұған Түркістан мен Самарханның ауа райындағы айырмашылықтар қосылып, Қазандықтың күмбезінен шыңылтырлар ұшып түсе бастады.

Осы жағдайларды ескеріп, «1978 жылы геология – минералогия ғылымдарының кандидаты Софья Тәкібаеваның басшылығымен Алматыдағы «НИИ стройпроект» институтында жаңа технология жасалып, Түркістандағы шеберханада өндіріске енгізілді. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының ядролық физика институтында активациялық шолу жолымен көне заманғы шыңылтырлардың құрамына сәйкестенген еді. Шыңылтыр қыштар жасаудың қазақы технологиясы осылай өмірге келген болатын.

ХХ ғасырдың 60 ж. Аяғы мен 70-жылдарының басында бір ескерткіштердің құрылыс материалдарының есебінен екінші ескі құрылысты қалпына келтіру кеңінен өрістеген еді. Мысалы, Ахмет Ясауи сәулет ғимаратының аймағындағы Әулие Құлшық Ата, Әлқожа Ата кесенелерінің, Қылует Жертөле ханакасының, Бірқатар сағана–тамдардың кірпіші алынып, негізгі ғимаратты ұқсатуға жұмсалған.

Осылай, Түркістан қаласын өркендетудің бас жоспарына сәйкес, қолдан құлатылған ескі қаланың орнына жаңадан «ескі қала» тұрғызу қолға алынған болатын.

Тағы да тоқталатын мәселе – Арыс–Түркістан каналы салынғада көне ескерткіш-кесене ескерілмеген. Нәтижесінде Әзірет Сұлтан қорығында жер асты сулары көтерілген. Бұл аздай оған тіркестіре жаңа қала тұрғызылса дүние жүзіне әйгілі сәулет ғимаратының хәлі мүшкіл болатыны даусыз еді.

1982 ж. Д.А. Қонаевтың Түркістанға келген сапарында осы жоба көрсетіледі. Д.А. Қонаев бұл мәселенің даулы екенін ескеріп, қазылық етуді Ө. Жәнібекке тапсырады. Ө. Жәнібек бұл «бастаманы» тоқтатады.

Қазақ жеріндегі тарихи жәдігерліктердің ахуалы туралы Ө. Жәнібек былай жазады: «...Осыдан қырық жыл бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында болғанымда бір ақсақал Дешті Қыпшақтың ханы Әбілхайыр мен Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің бір-біріне жақын қашықтықта қатар орналасқан екі мұнарасын көрсетіп, «бұл екеуі өмір бойы жауласып өтсе де, өлгеннен кейін қатар жатыр» дегені бар-тын. Ол кезде мен бұған жөнді мән бере қоймаған едім. Осыдан біраз бұрын сол екі мұнараны әдейі іздеп барып таба алмадым. Жоқтаушысы болмаса тарихи-мәдени мұраның қайсысын алсақ та, осының кебіне ене беретіні хақ.

Оны XI ғасырдан бастап төрт рет қиратылып, төрт рет қалпына келтірілген Баба Ата бекінісінің, соғыстан кейінгі жылдарға дейін ел тұрған, қазір төбеге айналған Созақ қаласының тағдырынан да көруге болады. Ол, ол ма, егер сізге Сыр бойымен арыстың сырға құяр тұсынан Аралға дейін сапар шегуге тура келсе, өзеннің екі жағынан да жүздеген қалалар мен бекіністі қоныстардың, мұқият ойластырылған суландыру жүйелерінің ізін көргенде, алдыңызда көсіле жатқан көне тарихқа мақтаныш сезім бойыңызды билегенімен, «Ау, алапаттың біздің үлесімізге тигені қалай! Моңғол қиратқан, Жоңғар шапқан Бұқар да, Самархан да, Ташкент те соңынан қайта қалпына келді ғой деген өкініші мол, қалың ойдың қаумалауында қалып қоюыңыз мүмкін. Ерте заманнан бастап Қазақстанның әкімшілік орталықтары болған Сарайшық, Сығанақ, Сауран құлап біткелі қашан. Таразда өткен ғасырда тұрғызылған бір-екі құрылыс қана сақталған, Шымкентте ол да жоқ. Бұрынғы тың игерген жерлерді аралап көріңізші, көне тарихтың ізін де таба алмайсыз».

Ата-баба мұрасын қорғау халқымыз үшін елдігімізді сақтап қалумен бірдей еді. 1978–1980 жылдары Мәдениет министірлігі жасақтаған далалық экспедициялар Қазақстанның 19 облысының 13-де жұмыс істеп, үш мыңнан астам ескерткіштер жайында жадығаттар жинап қайтты. Нәтижесінде «тұңғыш рет есеп карточкаларынан, өлшем сызбаларынан, фотосуреттерден тұратын ғылыми паспорттар негізінде 800-ден астам ескерткіш облыстық, республикалық, бұрынғы одақтық деңгейде мемлекет қарамағына алынды. Жеті мыңға жуық ескерткіш қарапайым тізіммен жергілікті есепке алынды.

Қазақстанда, жоғарыда айтылғандай, 25 мыңға жуық тарихи және мәдени ескерткіштердің барын ескерсек, бұл үлкен жұмыстың бастамасы еді.

Қорыта айтқанда, Ө. Жәнібектің «Халықтық мәдени мұрамыздың әр түрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіру сыңайлас қат-қабат қам-қарекеттер тұрғысында тұңғыш бетбұрыс жасаған қажымас қайратын ел ешқашан ұмытпайды. Бұл ісі қазақтану ғылым-білімін жолға қою мұрат-мүддесімен ұштасып жатыр».

МУЗЕЙТАНУШЫ

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков – ірі музейтанушы болатын. Музейтанушы дегеніміз де ол кісінің бұл саладағы сан-салалы еңбегін бағалауға тараңдау ұғым секілді. Ол кісі, шындығында, Қазақстанда музей ісінің ірі ұйымдастырушысы бола білген еді.

Музей – әрі мәдениет, әрі ғылым, әрі өнер. Осы үшеуінің бірлігінен барып туатын музей-әрбір ұлттың, әрбір мемлекеттің бетке ұстар мәдениет үлгісі, ғылыми ордасы болып табылады.

Музей – әрі теориялық ойдың, әрі практикалық істің ұйыған орталығы. Кеңес кезінде бүкілодақтық басылым ретінде жарық көріп тұрған «Советский музей» журналында музейдің теориясы мен тарихына қатысты сан-алуан мәселелер көтерілетін. Ұлттық ойы жоқ адам, ұлттық болмысы қалыптаспаған кісі – ұлттық музей жасай алмайды.

Өзбекәлі Жәнібеков – тарихи өлкетану бағытындағы іргелі музейлерден салалық музейлерге дейін ұлттық сипат дарытып, ұлттық музей жасаудың ғажап үлгісін

көрсеткен мәдениет қайраткері. Ол – музейдің концепциясын жасаған теоретик. Қазақстандағы музей Өзбекәлі Жәнібековтің ғылыми-теориялық концепциялық ойының жемісі.

Мәдениет министрлігінде музей ісіне ресми басшылық жасаған Қараман Сәлменұлы былай деді: «Қазақстанда жасалар музейдің басшы-қосшы ұйымдастырушыларын Өзекең өзіне алдын-ала жинайтын, мәдениет министрінің орынбасары ретінде олардың пікірін тыңдайтын. Асықпай тыңдап алып, соңынан бұл музей меніңше мына бағытта жасақталуы керек деп өз пікірін айтатын. Музей концепциясын осыларға сүйеніп жасайық. Ол мына бағытта жасалсын – дейтін, – Жоба жасалып келген соң өзі оқып, өңдейтін. Өңдеуі де қызық.

Музей ісі, әдетте, тақырыптық жоспардан басталады. Тақырыптық жоспарды музей басшысы, ғылыми қызметкер, суретші, бәрі бірігіп жасайды. Оны бөлімдегі біз үстінен қарап толықтырамыз. Өзекеңе тақырыптық жоспар содан кейін өтеді. Өзекең алып қалып, оқып шығады. Түрлі белгілер соғады. Содан сенбі, жексенбіге әлгі тақырыптық жоспар жасаушыларды, бізді шақырады.

Ол кісі сиямен жазады. Ұзын қара қайшысы жазады. Ұнамаған сөзін қайшысымен қияды. Желімдейді. Көзіне әлденелерді (мүмкін музей жобасы) елестете қиялдайды. Алдында отырған бізді де ұмытып кететін кездері болушы еді. Сөйтіп, отырып күні бойы тақырыптық жоспарды жөндейді. Жөнделмейтін бір әріп қалмайды. Қайта жазады.

Демек, музейдің концепциясын анықтаудан жоспарын жасауға дейін араласады.

Музей – қазақ халқының тұрмыс-салтына кейіндеп келіп, кенжелеп енген мәдениет үлгісі. Әрине, қазақтың тұрмысы толы экзотика, өмірі толы музей дерліктей. Қазақтың киіз үйінің өзі – музей! Алайда, негізгі өмір тіршілігі көшпелі сипатта өрістеген қазақ халқы бүгінгі күн ұғымына сай айтылатын, бүгінгі күн талабына жауап берерлік музей жасамағаны белгілі. Осы жайларды оқып біліп те, күнбе-күндік қызметте бетпе-бет келіп қалып жүріп те айқын сезінген Ө.Жәнібек қазақтың материалдық заттық игіліктерін белгілі бір шаңыраққа жинақтап, түрлі музейлер жасады. Комсомол музейі, Торғай облыстық өлкетану музейі, С.Мұқановтың мемориалдық музей-үйі, Жамбылдың әдеби-мемориалдық музейі, Жамбыл ауданындағы әдеби кешендер, Абай атындағы академиялық балет және опера театры, М.Әуезов атындағы академиялық драма театры жанындағы музейлер, ұлттық саз аспаптар музейі, Отырар кешенді археологиялық қорық музейлері тікелей Өзбекәлі Жәнібековтің жанашырлық қамқорлығымен (идеясымен) жасақталған болса, Қазақстан бойынша Республикалық Орталық музейі, облыстық өлкетану музейлерінің жаңа экспозициясы – тақырыптық-экспозициялық жоспарынан бастап, қайта жасақталуына дейін аталмыш айтулы азаматтың тікелей қамқорлығы арқылы жүзеге асты. Өзбекәлі Жәнібек Мәдениет министрінің орынбасары болып келген кезеңде Қазақстанда небәрі отыз шақты музей болса, ол кісі өзге салаға қызметке ауысқан шағында Республикада музей саны жетпіс тоғызға жетті, филиалдарын қосқанда жүзден асып жатты. Өзбекәлі Жәнібек – министрдің орынбасары болып қызмет атқарып тұрғанда иесіз қалған музей ісіне ие пайда болды. Ол музей ісінің иесіне, тіпті бір киесіне айналды. Музей ұғымы ескі-құсқыны жинақтаушы орыннан ұлт мәдениеті үлгісі ұғымына айналып жаңа өмір бастады.

Өзбекәлі Жәнібек өмірде (тұрмыста қолданылатын) бар, кешеден бүгінге сарпылып жеткен жәдігерлерді (экспонаттарды) иесінен ат-түйедей қалап алып музейлерге жинақтады, оны зерттеп ғылымға айналдырды. Ал, өзі тұтынудан әлдеқашан қалып қойған, ұлттың салқар көшіне ілесе алмай ұмыт болуға айналған

тұрмыстық бұйымдарды ғылыми еңбектер арқылы тауып алып, қайта жаңғыртып жаңа өмір сыйлай білді. Ол, бұл орайда еліміз бойынша теория мен практиканы өзара сабақтастырған бірден-бір музейтанушы еді. Өмірде қаншама музей жасақтады, ғылымда соны негіздеді. Ол әрбір экспонаттың түп-тегін, туа бітті тарихын жақсы білетін. Музейтанушы ретінде пайдаланған экспонатты этнолог ретінде зерттеп, оны қазақ халқының азаматтық тарихымен апарып сабақтастырар еді. Соқталы бұйымнан қалған сұлбаны экспонат ретінде зерттей келіп ол халқымыздың бірыңғай көшпелі өмір кешпей, кенттік ғұрыпты да бастан өткергенін дәлелдеді. Бір кезде ата-баба тұтынған бір бұйым ізіне түсіп зерттей келгенде, ортағасырлық мәдениет үлгісіне келіп ұштасар жайлар Ө. Жәнібек жағдайында жиі кездесетін. Ал, ортағасырлық мәдениетті «Отырар өркениеті» атаған тағы да Өзекең!

«1973 жылы жазға қарай Торғай облысына Ленин орденін тапсыру үшін Д.А.Қонаев Арқалыққа келетін болды. Аса құрметті қонақтың келуіне облыстық музейді ашуды орайластырған едік. Экспозициясын дайындап, орын-орнына қойғызып болғаннан кейін, еденін сырлауды қадағалауды облатком төрағасының орынбасары мен қаланың басшыларына тапсырып, Есіл ауданына жүріп кеттім. Жұма күні кешкі сағат 6-ға қарай Арқалыққа қайтып келсем, ештеме істелмепті. Музейде бір жан жоқ, жұрт тарқап кеткен. Музейдің үйін жөндеуден өткізіп жатқан Торғай боксит кеніштерінің басқармасына телефон соғып, үйіне кетіп қалған қоймашыны шақыртып алып, бірнеше бөшке еден сырын, берішімен қоса, білік, бояу жаққыштар әкелгенше сағат 8-ге жақындап қалды. Дереу телефон соғып облатком төрағасының орынбасарын, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысын, орынбасарымен қоса, қалатком төрағасын, мәдениет басқармасының бастығын шақырып алып, еден сырлауға кірістік. Үш қабат ғимараттың еденін, дәліздерімен, баспалдақтарымен қоса сырлап шығу оңай ма? Таңғы 3-ке қарай әріптестеріме қарасам, адам танығысыз, беттері былаудай болып ісіп, көздері жасаурап кетіпті. Музейді сенбі, жексенбі күндері желдетіп алмақ боп, ішкі есік, терезелерін айқара ашып, таң ата тарқастық. Сейсенбі күні Арқалыққа келген Қонаев, көрші облыстардан келген делегациялар, жаңа музейдің экспозициясымен танысып, ризашылығын білдірді.

Осы бір оқиға жұртқа белгілі боп қалып, «Жәнібеков бастықтарға да қара жұмыс істетеді екен» деген лақап бүкіл облысқа тарап кетіпті» – дейді Өзбекәлі Жәнібек!

Мәселе – жаңадан жасақталған музейдің еденін сырлауда тұрған жоқ. Аталған музейдің әрбір экспонатын табу, орналасатыруға дейін Өзекеңнің өзі араласты. Тіпті, жұмыстан кейін келіп, ағаш жоңғышқа тұра қалып, ағаш жонатын еді деп еске алады торғайлықтар.

Осындай пікір жазушы Сәбит Мұқанов мемориалдық музей-үйін Өзбекәлі Жәнібек басшылығымен жасақтаған Құлбек Ергөбек те айтады:

«С.Мұқанов музейін жасақтау үстіндеміз. Музей басшылығы бағалы материал болса музей жарқырай түседі деп ойлайды. Терезеге қымбат перде ілдік. Кешке әдетінше сағат 18:00-де Өзекең келді. Пердеге қарап тұрып: «Салақ әйелдің ауындай» салбыратып не істеп қойғансыңдар? – деді. Көңілсіз еді. Мәриям апай естімеген болды. Келіні Ғалия Ғабитқызы Мүсірепова – «Папама айтамын!» – деді жыламсырап.

— Айт, айта ғой деді Өзекең қатуланып, Ғабеңнен сұраңыз, Сәбит Мұқанов уақытында осындай перде болып па екен?

Айыбымызды мойындап біз тұрмыз басымыз салбырап.

Әрине, ащы-тұщыласып жүріп музейді де жасақтап аяқтадық. Абырой алдық» – дейді ол.

Ал этнограф құрылысшы Қанат Тұяқбаев:

«Өз-ағаңның мен білетін бір қасиеті – өзі үйретіп қана қоймай, үйренгеніңді талап ететін. Бір күні жұмысқа келсек, суретшілеріміз Бердалы, Нағашыбек, Бек үш ай жасаған этнографиялық «Ауылға ақын келді» макет-диарамасы бұзылып тасталған, шашылып жатыр. Біз аң-таңбыз. Осы сәт Өз-ағаң келді. Мұны бұзған мен – деді ағамыз. «Қазақтың қоржын тамының қандай болатынын білмейсіңдер, Қой сойып, қазан көтерудің сәнінен мақұрымсыңдар. Қайта жасаңдар», – деп ренжи бұрылды да маған қарап: «Сен ғой Түркістандықсың. Онда қаншама ескі үйлер сақталған. Сол үйдің бірінде дүниеге келіп өстің емес пе?» – деп таусыла сөйледі. Сол күні кешке поезға отырып елге тарттым. Елде көрген-білгенімді жас суретшілерге түсіндірдім. Жаңа жұмыс Өзекеңнің көңілінен шықты. Шықпай қайтсін, бізді де диарамамен қосып тоқпақтай берген соң. Осылайша ол кісі өзі біліп тұрса да өзіңді ізденуге үйрететін, ізде деп талап қоятын» – деп жазады.

Музей ісін құнттай бермегендікі ме, әйтеуір экспозиция тарихын сипаттап кейінгіге үлгі етіп қалдыру да тәжірибеде жоқ. Ал жалпы музей, музей ісі, Қазақстандағы музейлер проблемасы жөнінде өзекті мәселе көтеріп, талай мақала жазған музейтанушы Өзбекәлі Жәнібек бұл істі де қолға алды. Өзінің «Тағдыр тағылымы» аталатын мемуарлық шығармасында Торғай өлкетану музейінің экспозициясын сипаттайды.

Бұл музей ісіне Ө.Жәнібектің жан-жақты араласқанын көрсетеді.

Музей ісі, жоғарыда айтқандай, әрбір ұлт, әрбір мемлекеттің бетке ұстар, ұлттық сипатын айқындар үлкен мәдениет үлгісі. Оның Қазақстанда мәдениет үлгісі ретінде қалыптасып орнығуына ерекше үлес қосқан қайраткер – Өзбекәлі Жәнібек.

ӨНЕР ЖАНАШЫРЫ, БИ ӨНЕРІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Ө.Жәнібек – би өнерінің білгірі еді.

Ө.Жәнібектің айтуына қарағанда, қазақ би өнері өрімінде ата-баба әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жатады.

Қазақша билеу суырып салма ақындықпен, бірігіп ән салумен, халық ойындарымен біте қайнасқан ел мұрасы. Ө.Жәнібектің еңбектерін оқып отырсаңыз, өмірі көз көрмеген, тіпті құлақ естімеген би өнерінің сан алуан түрлерін табасыз.

Егер ауыз әдебиетіне, жазба деректерге сүйенсек, би өнерінің, әсіресе оған арқау болған ежелгі «бақсы ойынының» көпшілік билері мен көкпардың оның рухани өміріне азық болғанын аңғаруға болады. Көптеген ұлттық билерге арнай баулитын мектеп болмағандықтан ежелгі халық билерінің алған қалыптасқан көпшілігінің түрлерінің бізге жетпегені мәлім. Бірақ, ел есінде олардың мазмұны, оқиға желісі, өзіндік баурамы, мәнерлі қимылдары, сермеу тәсілдері қалды. Мәселен, «Торғай ән мен күй, биге бай өлке. Торғай елінде халық билері де, әсіресе оның «Айда балпым», «Қазақ биі» сияқты бір орында тұрып билейтін түрі, халықпен бірге жасасып келген көнекөз қарт бишілердің өнерінен аңғардық. Шамасы бұл дала жағдайында жұрт киіз үйге жиналғандықтан күріктің жетісе бермейтіндігінен туған жәйт болса керек. Әйтеуір өз бетім мұндайды тек Торғайдан ғана көрдім» – деп Ө. Жәнібек өзінің «Тағдыр тағылымы» кітабында атап көрсеткен.

Қазіргі кезде кейбір мамандар қазақта би болмаған деп кесіп айтады, әрине бұл дұрыс пікір емес. Тіптен мұның барлығын былай қойғанда, «бұрын қазақта би болмаған» есептейтін кейбір мамандарға жауап бере келе, халқымыздың ұлы перзенті, әлемге аты әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтың Шымкент тұрғындарымен бір

кездескенде: «Бұрын халық арасында ақын-жыршылармен, әнші-күйшілермен қатар ел қыдырып, ежелгі халық билерін орындаған ортекешілер, құлар, масқарапаздар да болған», – дегенін Өзбекәлі Жәнібек те өз құлағымен естіген екен.

XVII – XIX ғасырда бізде болған орыс саяхатшылары жинақталған материалдардан да қазақша билеудің қалың көпшілік тұрмысында орын тепкендігін аңғаруға болады. Мысалға алсақ, Т.Паулидің 1846 жылы шыққан «Россия халықтарының этнографиялық сыпаттамасы» деген кітабында «Дәулеткерейдің үйіндегі думан» деген сурет берілген. Мұнда халық аспаптарының сүйемелдеуімен билеп тұрған жігіт бейнеленген.

Би өнерімен бұрын көптеген әншілер, ақын-жыршылар да айналысқан. Мәселен, Семей өңірінің топжарғаны, асқан әнші, композитор Берікбол Көпенев сахнасы жоқ аулаға жиналатын жұрттың талабына сай екі аяғына бақан байлап билейтіндігі үшін «Ағаш аяқ» атанған екен.

Қазақта би өнерін дамытуға үлес қосқан әнші композитор Шашубай Қошқарбаевты, суретші Әбубәкір Ысмайыловты, қазақтың тұңғыш кәсіби бишісі Шара Жиенқұлованы т.б. атап айтуымызға болады.

1934 жылы Бүкіл Қазақстандық Өнерпаздар слеті жөнінде өзінің естелігінде Қанабек Байсейітов: «Менің, әсіресе есімнен кетпейтіні бишілерінің көптігі. «Қазақта би жоқ, болмаған» дегенде таңдайлары тақ-тақ ететіндердің талайы сол слеттен кейін ойлап сөйлейтін болды» – деген.

Бізге белгісіз халық билері өте көп. Олардың ішінде бірен-сараны ғана бізге белгілі болып отыр. Ал Өзбекәлі Жәнібек бізге беймәлім халық билерін зерттеуден жалықпаған. Мереке, жиын, той-думандарда үнемі биге көңіл бөлген.

1966 жылы Ө.Жәнібек бір басшының тойына барады. Онда жұрт билеп жатқан кезде қабырғаға сүйенген бір қарт кісіге көзі түседі. Жұрт «Твистке» басқан кезде әлгі кісі ортаға суырылып шығып, бүкіл денесін ойнақтатып белгісіз биді орындай бастады.

Сол кеште қарт биші өзінің «ел қыдырған есер шақта» орындаған, «Ай қосақ», «Жез тырнақ», «Бала бүркіт», «Қазақтың қалмақ биі», «Құсбегі» т.б. билерінің оқиға желісімен, сермеу тәсілдерімен таныстырады.

Кейіннен олардың бірқатары көпшіліктің қатысуымен орындалатын ежелгі қыпшақ биі «Алқа қотанмен» бірге би өнерінің асқан шеберлері қатысуымен қайтадан қойылып, «Шертер», «Сазген», сол сияқты Алматы облыстық филормониясының «Алтынай» ансамбльдерінің репертуарына енгізілгені жайында Ө.Жәнібектің «Уақыт керуені» атты еңбегінен оқуымызға болады.

Өзбекәлі Жәнібек қазақтың мәдениетін көтеріп, қазақ халқын дүние жүзіне танытуға көп үлес қосты. Ө.Жәнібектің қамқорлығымен құрылған Алматы облыстық филормониясының «Алтынай» би ансамблі әлемдегі талай сахналарда қазақ биінің әруағын асырды, республикалық, еларалық фестивальдерде өнер ұжымдарымен иық теңестірді.

Қазақтың мерейін өсірді. Ол кісі «Алтынай» ансамблінің негізін қалаушы ретінде Қазақ КСР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, балетмейстор Ольга Всеволодовна Галушкевичті үнемі айтып отырған.

Өзбекәлі Жәнібек Ольга Всеволодовна Галушкевичпен 1971 жылы Москвадағы Шепкин атындағы училищеге келген кезінде танысқан. Соңғы 20 жылдың ішінде ол Қазақстанға көбірек келіп, Арқалық, Алматы, Шымкентте бірнеше рет болған, ұлттық билерді сахналаған.

Бірде Өзбекәлі Жәнібек оның ескі деректерді жинап, көне билерді қалай құрастыратындығын өз көзімен көреді.

Алматыдан онша алыс емес Үмбетәлі ауылына О.В. Галушкевичпен келеді.

Жамал Қырғызбаева деген әжей 90 жаста еді. Жамал әжей ешқандай да орыс тілінде сөйлемейтін, ал біздің қонағымыз болса, қазақ тілін білмейтін. Бірақ небары 10 минут ішінде бір-бірінің қолдарын ұстап көне биді үйренді.

Бұл ұлттық би «Киіз басу» болатын. Кейіннен бұл би «Алтынай» би ансамблінің репертуарына енгізілді. Би жайында осындай әңгімелер Ө. Жәнібектің «Уақыт керуені», «Өзбекәлі Жәнібек туралы естеліктер» атты кітаптарында жазылған.

Ольга Всеволодовна Галушкевичтің жазып алуымен көптеген халық билерін «Алтынай» би ансамблі орындаған.

Би-халық тұрмысының көрінісі. Қай биге қарасаңыз өз халқының тұрмыс-тірлігін бейнелейді. Қазақ биі де халықтық тұрмыс-салттың айнасы. Би эстетикалық құрал, ол сөзсіз дене сұлулығына тәрбиелейді.

Қазақтың ұлттық билерінің сахнаға енуіне көп еңбек сіңірген ұлттық музыкалық театр режиссерлары Жұмат Шанин, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов т.б. болды.

Тағы бір айта кететін жағдай – қазақтарда бұрын Орта Азия мен Шығыс Түркістанда әдетке айнала қоймаған «Қоян-бүркіт», «Келіншек» сияқты жұптық билер де болған.

Қазақ билерінің өзіне тән тәсілдері де ерекше.

Қазақша билеу көбіне топтасып ән салумен, қыздар мен жігіттердің айтысымен «Ақ терек пен көк терек», «Көрші», «Арқан керу», «Той бастар» т.б. ойындармен, кәде-жоралығылармен де байланысты болған.

Қазақтың ұлттық билерін қайта өмірге келтіруге Өзбекәлі Жәнібек барынша атсалысты.

Көп адам біле бермейді, басқа істерімен қатар қыздардан құрылған ансамблге «Айгүл» деп әдемі ат тауып берген де, тасқа қашалып салынған көне суреттерге сүйене отырып бұрынғы заман билерін тірілтіп, сол билерді халыққа жеткіземін деп «Алтынай» халық би ансамблін құрған да – Ө.Жәнібек. Бұл ансамбль Непалдағы Қазақстан күндерінде қазақ билерінен құрастырылған қызғылықты бағдарлама ұсынып, жиналғандардың көңілінен шыққан. Тіпті Непал халқының кейбіреулері қазақ биінің бұрамы, орындау тәсілдері, киім ерекшеліктері, мәңгі есте қаларлықтай бояу-нақышы қатты ұнағандығы туралы шығып сөйлеген. Катмандудағы кеңес мәдени орталығының қызметкерлері таңданғанын жасыра алмай, «біз қазақта дәл осындай жоғары билеу мәдениеті бар деп ойламаған едік» деген сияқты сол кезде айтылған пікірлер «Тағдыр тағылымы» атты кітабында жазылған.

Қазіргі таңда біздің заманымызда жастар көбіне батыс мәнеріндегі билерді ұнатады, соларға көбірек еліктейді. Қандай да бір жиын, мерекелерде, ойын-сауықтарда басқа ұлттың билерін орындауға икемделіп тұрады. Ал өзіміздің ұлттық билерімізге көңіл аз бөлінеді. Бұған ең бірінші себеп халық билеріне арналған арнайы музыкалық әуендердің аз жазылуы деп ойлаймыз. «Жасыратыны жоқ, бізде Е.Брусилковский, М.Төлебаев, А.Жұбанов сияқты аға буынның өкілдері болмаса халық билеріне арнайы музыка жазған не жазып жүрген композиторлар шамалы» – деп Өзбекәлі Жәнібек те күйіне айтып кеткен.

Тағы да бір айта кететін жай би қойғанда халық әуендерін пайдалануға тура келгендіктен оны әннің атымен атай салу кеңінен өріс алған. «Қимыл билері шұбалаңқы, бірін-бірі қайталай беретін «Қос алқа», «Айжан қыз», «Сәулем-ай»,

«Қарлығаш» билері, міне осындай туындылар» – дейді Өзбекәлі Жәнібек қазіргі билерге көңілі толмай. Бұл – би өнерінің ішкі иірімдеріне дендеп енген, би этикасын жете меңгерген өнертанушы ғана айта алатын сөз.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Ө.Жәнібек – Қазақтың тұрғын үйі тарихын зерттеуші ғалым болып табылады.

Ол қазақ тұрғын үйлерінің бейбіт тіршілікте және жаугершілікте пайдаланған сан түрін зерттеген, дәйектей жазған. Қостан, жер кепеден зәулім үйге дейін, арбаның үстіне тігілген үй, жаугершілік қосынан алты қанат ақбоз үйге шейін, қоржын тамнан күні бүгінгі үй үлгілеріне сабақтастыра сан алуан зерттеулер жасаған ғалым.

Біз ғалымның зерттеулеріне тоқталып өтуді жөн көрдік.

Көптеген ғасырлар бойы көшпелі малшылар аңшының сүйір қосын, егіншілер кепесін бірте-бірте жетілдіре түскендіктен қазақ даласында тұрғын үйдің жылжымалы және тұрақты түрлері қатар дами берген.

Алғашқы аңшының тіршілік еткен баспанасы жерге қадалған сырықтардың басын қосып буатындықтан қаңқасы сүйір болып, сырты ағаштың қабығымен, аң терілерімен жабылатын қос болған. Ол бейне сахалардың «ярангасына» ұқсас дерлік.

Ө.Жәнібек зерттеуіне қарағанда қостың сырықтарының ұшы бірте-бірте бір буда шөппен байластыра салынбай, ортасында түтін шығатын тесігі бар шығыршыққа кигізілетін кейіпке енген. Сырықтардың ұшы арнайы тесікке бекітілгендіктен қостың қаңқасы түзеле берген. Осылайша қоста шаңырақ пайда болып қостың құрылысы өзгерген. Сырықтары екіге бөлініп, айқастырылып шаңыраққа бекітілген. Жүздеген жылдар өткеннен кейін күркенің қабырғасы қазіргі киіз үйдікіндей торкөз қабырғалардан, уықтардан, шаңырақтан, маңдайша, табалдырық, босағадан құрастырылатын, екі жаққа айқара ашылатын ағаш есіктен тұратын қалыпқа келіп, қазақтың киіз үйіне айналғаны оның «Жолайырықта» атты еңбегінде жақсы айтылған.

Ал баспананың тұрақты түрлеріне көшу Қазақстанда жер ыңғайына қарай дамыған. Жертөле тұрғызудың ең қарапайым әдісі мынадай болған: жерді шаршылап қазып алып, топыраққа малдың қылы мен сабанды араластырып, су құйып, иін қандыра илеп, қазылған шаршының жиегіне бірінің үстіне бірін ұрып, құрылыстың қабырғасын көтерген. Күн түсетін жақтан жалғыз терезе, есік қойған. Қазылған жер мен тұрғызылған қабырғаның биіктігі теңелген кезде, іші-сыртын лаймен сылап, төбесін қамыспен жауып сылап тастайтын болған. Тереңдігі 1–1,5 метр, үстіне тұрғызылған дуалы ағаштан, тастан, кірпіштен т.б. құрылыс материалдардан соғылған.

Жертөленің ортасында от жағылғандықтан төбесінде әдейі қалдырылған ойыққа арнайы шыбықпен шабақталған мұржа орнатылған.

Қазақ жертөлені шымнан, қам кесектен, тастақтан да соққан. Ал қақыраны төрт қабырғалы етіп қамыстан, шабақтан, балшықтан тұрғызып іші-сыртын сылақпен сылап тәртіпке келтірілгендіктен жертөле мен кепеге қарағанда тұрмысқа ыңғайлы етіп соғылған.

Халқымыздың күнкөрісіне байланысты қаңқасы арба үстіне орнатылған баспана түрі шамамен осыдан үш мың жыл бұрын пайда болған. Мұндай қаңқасы сирек ажыратылатын тұрғын үйлер ғұндарда да, түркілерде де, көшпелі ұйғырларда да, монғолдарда да болған. Ал қазақтың «Доңғалақты үй», «Үйлі арба» жөнінде біз орта ғасырларда қазақ даласында болған Гильям де Рубрук, Әбу Абдаллах Ибн Баттута, Фазалах Ибн Рузбихан, Антони Дженикинсон сияқты шетелдік авторлардың жазбасынан көреміз.

Үйлі арбалардың болу себептері негізінен қазақ халқының көшіп-қонып күнелтуіне байланысты. Бірақ XVII ғасырда үйлі арбаның тұрмыстан шығып қалуының өзіндік себептері бар. Бұған негізгі себеп екі жүз жылға созылған жоңғар, қалмақ шайқастары, Ресейдің отарлау саясаты, Орта Азия хандықтарымен, әсіресе Қоқан, Хиуамен қақтығыстар елдің көшіп-қонатын кеңістігін тарылта түскендіктен XVIII – XIX ғасырларда көшпелі қазақтың баспанасы кәдімгі өзімізге белгілі киіз үй болған. Парсы деректеріне сүйенсек, Рузбихан Исфохани XVI ғасырда қазақтың тұрғын үйі «тез жиналып, жануарларға тез тиелетін» киіз үй болған деп көрсетеді.

Қазақтың киіз үйі құрылымдық жағынан осы күнге дейін көшпелі халықтардың бірде-біреуі асып түсе алмаған, жылжымалы баспананың ең жетілдірілген түрі болып табылады.

Академик Әлкей Марғұланның айтуына қарағанда, қазақтың киіз үйі ағаштан қиыстырылып немесе балшықтан соғылатын баспаналармен салыстырғанда өзінің о бастағы нұсқаларының негізгі элементтерін бойына сіңірген жылжымалы тұрғын жайдың біршама кейінгі түрі болған.

Біз тұрақты баспана тұрғызу ісінің қазақ даласына ежелгі заманнан бастап орныға бастағаны жөнінде айттық. Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстанда тұрақты баспананың бұл түрін шошала немесе тошала деп атаған.

Киіз үй қазақпен көршілес Орта Азия халықтарында да кездеседі.

Қазақтағы киізбен жабылатын баспананың алғашқы түрлерінің бірі – қос. Қос деп Қазақстанның Жетісу аймағы, Шығыс Қазақстанда атаған. Киіз баспананың ыңғайлығы сонша, көшіп-қонғанда сырықтарын жалғыз түйеге теңдеп, үстіне киізін, малшының көрпе-төсегін, қазан-ошағын артып кете беретін болған. Н.А.Баскаковтың сипаттамасы бойынша қостың ауданы 2,5x2,5 кв.м, биіктігі 1,6 метр.

Қосты көбіне жылқы, сиыр малын жазда да қысқы қоныстан 2–3 күндік өріске шығарып бағатын жылқышылар мен бақташылар уақытша баспана ретінде пайдаланған. Ал, көшпелі ауыл киіз үйге қосалқы ретінде қазан-ошақ, ыдыс-аяқ қоятын, астық сақтайтын орын немесе қойшы-қолаң үшін баспана ретінде пайдаланған.

Бірақ Кеңес өкіметі орнағаннан кейін тұрмыстан шығып қалған.

Күрке. Қостың даму барысында қаңқасында кереге мен уықтың пайда болып, көшіп-қонуға бейімделген тұрғын жайдың ең көне нұсқаларының бірі. Күрке киізбен, тері-терсекпен жабылған.

Күрке - негізінен бай малын бағысатын үйелемендердің баспанасы болған.

Абылайша. Қостың қаңқасына шаңырақтың пайда болған түрі және жорық кезінде жауынгерлер уақытша баспана ретінде пайдаланған. Көпшілік жұрт қостың бұл түрін жоңғарларға қарсы күреске басшылық етіп, шайқастарда ерлік көрсетіп үлкен абыройға ие болған Абылай ханның есімімен байланыстырады.

Абылайшаның кәдімгі қостан айырмашылығы сырықтарының байланыстыра салынбай, шаңыраққа бекітіліп, пошымы киіз үйге жақындап есіктің пайда болуы және үш қанатты киіз үй түрінде болғандығы.

Туырлық үй. Халқымыздың негізгі байлығы мал болғандықтан үнемі көшіп-қонып күнелткен кезде пайдаланған баспанасы.

Туырлық үй негізінен төрт қанатты, уықтары кішігірім шаңыраққа қадалатын, тек қана туырлықтармен жабылатын үйдің нұсқасы.

Өзбекәлі Жәнібек ағамыз этнолог ретінде қазақтың тұрғын үйін зерттей келе киіз үйіміздің бірден пайда бола салмағанын дәлелдеп отыр.

Ақ үй. Малшылық пен сәттіліктің белгісі болып есептелген, «қазақтың киіз үйі» деген

жалпылама атауды иемденген, таңғыштармен, арқан-жіптермен байланыстырылатын қаңқасы құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды баспана үлгісі.

Ақ үй деп аталатыны көбіне ақ реңк алу үшін бор қосып басылатын ақбоз киізбен жабылатындығы.

Қара үй. Ақ үймен қатар тігіледі. Асхана ретінде пайдаланылған. Ақ үймен салыстырғанда көлемі кішілеу, бойы аласалау болады. Көбіне қоңыр киізбен жабылғандықтан қара үй немесе қараша үй деп атаған.

Кейде киіз үйді бір-біріне тіркестіре тіккен. Ал кейде жеке киіз үйді үй шаруашылығына асхана ретінде, кейбір байлар қонаққа арнайы жеке киіз үй де пайдаланған екен.

Отау. Ел арасында, тіптен этнографиялық әдебиетте де алты қанат ақ үйдің кішірейтілген түрі деп есептеліп келген. Ал шын мәнінде жаңадан отау құрған жастарға тігілгендіктен кеудесі көтеріңкі, күмбезді, сымбатты болуға ерекше мән берген. Ақ босағаның белгісі ретінде жабыны ақ киізден жасалған.

Орда. Қазақ киіз үйінің аса үлкен түрі. Ел билеген сұлтандар үшін, көпшіліктің қатысуымен жиындар өткізіп тұруға, келіссөздер жүргізіп тұруға қажеттіліктен пайда болған. 12, тіпті одан да көп қанатты киіз үйдің үлгісі.

Академик Ә.Марғұлан өзінің «Қазақ үйі және оның жиназдары» деген еңбегінде киіз үйдің екі, үш қанаттан бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін үлкен түрлері болғандығын, бір үйдің керегесінің басы 70–80 –нен бастап 360-қа дейін болатындығын айтады.

Академик Арғынбаев киіз үйді қайыңнан да жасайды деп еңбегінде көрсеткен.

Киіз үйді жинау, құрастыру жұмыстары әйелдерге тиесілі болды. Киіз үйді 2–3 әйел бір сағат ішінде құрастырған. Яки, үйді тіккен. Ал, киіз үйді, жинау әп сәтте! Киіз үй жазда салқын, күн суықта жел өткізбейтін тұрғын үй түрі болған. Киіз үй қазақтың бар өмірімен байланысты шаңырақ үй ішінің татулығын білдірген, ұрпақтан-ұрпаққа қара шаңырақ әкеден балаға мұра ретінде жеткізіліп отырған. Бүгінгі күнде киіз үй де тұрмыстан шығып шопандар пайдаланатын болған. Ө.Жәнібек Оңтүстікке келген кезінде аудандарда- Қызылқұм, Мойынқұм, Шәуілдір, Шардара, Созақ, Сары-Ағаш ауданын мекендеген қойшыларды аралап отырған. Осындай бір сапарға қасына досы Георгий Рудовты ертіп шығады. Бұл күні күн қатты ыстық болып ақ киіз үйге кірген кезде үй іші жұмақ сияқты салқын, ақсақал келген қонақтарды зор қуанышпен қарсы алғаны жайында Георгий Рудов өзінің «Я сердцем русский, духом евразиец» атты кітабында жазған.

Жетісу жеріндегі Нарынқол ауданы Қақпақ ауылының тұрғыны Әбдікерім Әділбекұлынан жазушы Эрнест Төреханов жазып алған мәліметке қарағанда қазақ байлары төрт киіз үйді тіркестіре тігіп монша жасайды екен.

«Киімшең» деп аталған бірінші үйде шешінеді, «Қауыз» деген екінші үйде шомылады, «Тас бұлау» деген үшінші үйде қыздырынады, төртінші «Бүйрек» – моншадан кейін тынығып дем алатын орын болған екен. Осындай моншада шомылғанын Кеген ауданының тұрғыны Қасымбек Қашқынбайұлы да айтып берген.

Киіз үйді сала-салаға бөліп зерттей келе Өзбекәлі Жәнібек қазіргі таңда дәстүрлі тұрғын үйіміздің қолданыстан шығып бара жатқандығын айта келе киіз үй жасаудың дәстүрлері сақталған Маңғыстау, Талас-Шу алқабында бір-екі кәсіпорын ұйымдастыру қажет деген ұсынысын айтқан.

Біз тұрақты баспана тұрғызу қазақ даласына ежелгі заманнан бастап орныға бастағаны жөнінде айттық. Солтүстік Шығыс, Орталық Қазақстанда алғашқы тұрақты баспананың түрін шошала немесе тошала деп атаған.

Деректер мен зерттеулерге қарағанда олардың ең көнесі – шошала тастан немесе қам кесектен тұрғызылатын, ағаштан қиылатын бұтақтармен шабақталатын шымнан қаланатын үй құрылысының нұсқасы болған. Қазақ құрылысшылары шошала тұрғызу үшін оның іргетасын дөңгелек етіп қалап, үстіне 10–15 сырықтан түзілетін сүйір құрылғы орналастыратын да, ағаш бұтақтармен шабақтап, киізбен жаба салады екен. Төбесінде түтін шығаратын шаңырағы бар тұрақты мекен-жайдың осы бір түрін «Шарбақ шошала» деп атаған.

Ертедегі тұрғын үйдің қарапайым құрылыс материалы-қамыспен жабылып, лаймен сыланатын болған. Қазақ құрылысшылары жер таңдауда, үй тұрғызуда, материал таңдай білуде өте ұқыпты болған. Этнографтардың айтуынша қазақтың екі бөлмелі арасы дәлізбен бөлінетін «Қоржын үйін» де көне тұрғын үй үлгілерінің қатарына жатқызуға болады. Арасы дәлізбен бөлінетін қазақтың екі бөлмелі «Қоржын үйі» де қазір құрып бітуге айналған.

Қазақ үй тұрғызғанда ауа райына, жердің ыңғайына көп көңіл бөлген. Қора-қопсымен итарқасы бірге жабылатын қыстау тұрғызу үшін ол әдетте ойлы-қырлы, күн шуақты, шөбі жас, желге ықтасын, қамысы, бұтасы бар өзен бойын, көл жағасын таңдап алған.

Ал диханшылық пен мал ұстауды бірдей кәсіп еткен Оңтүстік Қазақстанның, Сыр бойы мен Жетісудың қазағы керісінше «қарсы есікті» мекен-жайын қора-қопсыдан аулақ, бұтақпен, жыңғылмен, кей жерлерде шеңгелмен, дуалмен қоршаған аулаға орналастырады екен. Шығыс Қазақстанның орманды алқабында қазақ ағаштан қиыстырып, шыбықтан өріп те үй соққан. Ал, Каспий мен Арал балықшылары қам кесектен соғылған жертөлелерде тұрған. Сыр бойы мен Жетісуда қоржын үй, тоқал-тамдар да кездесетін. Оңтүстік Қазақстан халқы қыста қоржын үйлерде қыстағанымен, жазда су жағасында киіз үйлерде өткізген.

Қоржын үй. Қазақтың тұрақты мекен-жайы, арасы асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажыратылатын, бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін екі бөлмелі тұрғын үйі.

Қоржын үйді тұрғызу өте қарапайым. Ол үшін алдымен биіктеу және тегістеу жер таңдап алынып, кетпенмен тегістеп, сабан, түйеқарын, кепкен жантақ т.б. төселгеннен кейін малдың тұяғымен таптататын болған. Содан соң шөп-шалаңды сыпырып алып, үстіне су құйып, малдың тұяғымен тағы да таптаған. Жер әбден кепкен соң дуалдың енімен бірдей етіп қазылып астына барынша қалың етіп қамыс төсеп, үстіне үйдің қаңқасын тұрғызады екен. Қам қышпен қалап, сабан қосылған лаймен қалың етіп сылайтын болған. Ал шатырын қамыспен жауып, топырақ төгіп лаймен сылап тастайтын болған.

Қоржын үй отырықшы қазақтардың негізгі баспанасы болғанымен, соңғы кезде тұрмыстан шығып қалған. Оның нұсқаларын Сыр бойының, Талас-Шу алқабындағы алыстағы ауылдардан Қызылорда, Түркістан, Арыс, Қазалы қалаларында ғана кездестіруге болады.

Өзбекәлі Жәнібек ұзақ жылғы зерттеуінің кейбір дәйегін этнографиялық үлгі ретінде Отырар музейі ауласына қоржын там ретінде жасап беріп кетті.

Бүгінгі таңда сырт елдерден келген қонақтар оған таңқала қарайды, тамсана қызықтайды.

Ол ғалым болып салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді зерттеп қана қойған жоқ, сондай-ақ қазақ жастарына, шәкірттеріне білгенін үйретіп, тәрбиеледі. Қанат Тұяықбаев «Өз-аға – Әз ағам» атты естелігінде былай деп жазған: «Өз-ағаның мен

білетін бір қасиеті – өзі үйретіп қана қоймай, үйренгеніңді талап ететін. Бір күні жұмысқа келсек, суретшілеріміз Бердалы, Нағашыбек, Бек үш ай жасаған этнографиялық «Ауылға ақын келді» макет-диарамасы бұзылып тасталған, шашылып жатыр. Біз аңтаңбыз. Осы сәт Өз-ағаң келді. «Мұны бұзған мен – деді ағамыз. Қазақтың қоржын тамының қандай болатынын білмейсіңдер, қой сойып, қазан көтерудің сәнінен мақұрымсыңдар. Қайта жасаңдар», – деп ренжи бұрылды да маған қарап: «Сен ғой Түркістандықсың. Онда қаншама ескі үйлер сақталған. Сол үйдің бірінде дүниеге келіп өстің емес пе? Ай қарап жүрсің бе?» – деп таусыла сөйледі. Бізде үн жоқ, тым-тырыс тұрмыз. Сол күні кешке 7-ші «Алматы-Москва» жүрдек поезына отырып, елге бардым. Көрген-білгенімді қайта келіп жас суретшілерге айтып бердім. Көп болып диараманы Өзекеңнің қайта түзетуімен әйтеуір бітірдік».

Өзбекәлі Жәнібектің осындай жастарға берген ақыл-кеңесін, ұлттық тәрбиесін қанша тізіп айтсақ та тауыса алмаймыз.

Тоқалтам. Қоржын үйдің тікелей баламасы, этнографиялық әдебиетте «Қарсы есікті» деген шартты атаумен белгілі тұрғын үй нұсқасы. Қамкесектен соғылған, төбесі қамыспен жабылып, тып-типыл етіп салынатын болғандықтан «Тоқалтам» деп аталатын.

Тіркеспе. Далалық қыстауларда кең тараған, шатыры бола бермейтін, қора-қопсымен бірге жабылатын, көбіне қам кесектен тұрғызылып, қабырғасы лаймен сыланатын немесе сырты күйген кірпіштен қапталатын «ауыз үй», «оттық үй», «жатақ үй», «қонақ үй» тіркеспесінен тұратын мекенжайдың үлгісі.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ойыл мен Сағыз алқабын мекендеген елдің сәулеткерлігіндегі ерекшеліктерді зерттейтін белгілі орыс ғалымы С.И.Руденко, далалық қыстаудың қора-қопсымен тіркестіре салынатынына, бөлмелерде кездесетін сәкіге т.б. назар аудара отырып, баспана тұрғызудың мұндай үйлесімді түрін қазаққа басқа жұрттан ауыспаған, оның өзіне тән, ата-бабасына осыдан кем дегенде екі мың жыл бұрын белгілі болған құрылыс деп есептеген.

Халқымыздың күнелткен тұрғын үйлері орналасқан территорияға байланысты әр түрлі болған. Мысалығы, Шығыс Қазақстанда, әсіресе оның орманды алқабында қазақ ағаштан қиып, бөрене қиыстырып бес қабырғалы – дүкен, төрт қабырғалы – қыстық деген аттармен белгілі үйлер, бұтақтан өрілетін шарбақ үй тұрғызған. Қыстықтың кіре берісінде үйді жылытатын, қазан асып, тамақ әзірлейтін оттығы болған.

Этнографтар зерттей келе қыстықты XVIII – XIX ғасырларда Шығыс Қазақстанға жаңадан қоныс тепкендердің ықпалымен пайда болған тұрғын үйдің үлгісі деп жорамалдайды. Бұл пікірді Ө.Жәнібек те қолдайды.

Өкінішке қарай, тарихи ескерткіштер болып табылатын мұндай үйлердің көпшілігінің қазіргі жағдай мәз емес, кейбіреулерінің төбесі ашық, қабырғалары құлап бітуге айналған.

Қазақтың тұрғын үйі туралы зерттеп бізді біраз деректермен таныстырып, мәліметтер беруде Өзбекәлі Жәнібек – этнолог ғалым ретінде көп еңбек сіңірген қоғам қайраткері.

Бірақ әлі де болса қазақтың тұрғын үйі толық зерттеле қоймаған дүние. Бізге тән тұрғын үйдің қашан және қалай қалыптасқандығын ұғыну үшін оны қазақтағы құрылыс мәдениетінің дамуымен байланысты қараған жөн. Мысалға алсақ, бізде сақталған сәулет ескерткіштерінің көпшілігі күмбезді болып келеді. Ал «күмбез тұрпатының, – сәулеткер Т.Бәсеновтың айтуына қарағанда, – белгілі мөлшерде

тұрғын үйдің жылжымалы түріне (киіз үйге) ұқсайтыны белгілі». Оған Маңғыстаудағы осыдан кем дегенде мың жыл бұрын салынған Шақпақ Ата жертөле мешітінің төбесінде шаңырағы бар киіз үйдің күмбезін қайталайтыны да дәлел бола алады. Маңғыстау мен Үстіртте жалпы 10,5 мыңнан астам бірін-бірі қайталамайтын құрылыстар сақтаған.

XIV-XV ғасырлардан бастап зәулім сарай, мешіт-медресе, монша, кесене-күмбездер тұрғызуда бұрынғыдай біркелкі әсем төсем мүмкіндік беретін оймыш қыштармен безендіру, мәнерлеп қалаумен қатар шыңылтыр плиталар да пайдаланыла бастаған.

Қазақтың мекен жайларының барлығы да тұрмыс ыңғайына, рухани болмысына сай қалыптасатындығын көруге болады.

Ата-бабамыздың ой-өрісі кең, талғамы биік, сезімі нәзік болғанын оның тек ою-өрнегінен ғана емес, баспананың есік-терезеге, босаға, табалдырық, салауаттылығымен де байланыстыра білгенін аңғарамыз.

Қазаққа тән киіз үйдің ішкі жасауын орналастыру тәртібі ұрпақтан-ұрпаққа жеткендіктен өзгермеген.

Қазақ өзінің ата-тегін құраған көне түркілер мен қыпшақтардан киіз басуды, киіз үйдің жетілдірілген түрін, алаша тоқуды, ши орауды, үй жиһаздарын, ыдыс-аяқты, қару-жарақты, ер тұрманды, халық әуез аспаптарын, сүйекпен безендіруді мұра етіп қабылдаған.

Қалыптасқан тәртіп бойынша, киіз үйдің кіреберістегі сол жақ босағада ер-тұрман, құсбегілікке қажетті саймандар ілінетін. Одан әрегірек киім ілінетін, жас жұбайларға арнап шымылдық ұсталған төсекағаш қойылатын. Төрте екі-үш қатар етіп төсек жиылған.

Үйдің оң жақ қанаты бос қалдырылатын. Онда қарттар жайғасқан.

Қазақ тұрмысында киіз басудың маңызы ерекше. Киізден кереге уыққа туырлық, үзік, шаңыраққа түндік т.б. тігіп, үйіне жапқан. Киіз үй әр түрлі жіптермен тоқылған шаңырақбау, желбау, уықбаумен сәнделетін болған. Киіз жерге төсейтін төсеніш, оюлап тұсына ілінетін жиһазы болған.

Тұс киіз – екі түсті барқыттан ою ойылып, жұқа киізге тігіп, қабырғаға іледі. Халық арасында киізді қалыпқа салып басып шығару әдісі де ерте заманнан бар. Бұл әдіспен көбінесе киіз етік, пима, қалпақ, байпақ, киім-кешек жасаған.

Қазақта кілемді асыл бұйым деп бағалаған. Бізде қалыптасқан кәсіптің бірі – кілем тоқу. Кілем тоқумен әйелдер айналысқан. Батыс Қазақстанда көбіне тықыр кілем, Сыр бойы, Қазақстанның оңтүстігінде түкті кілем тән. Кілем тоқу еңбекті, уақытты көп қажет етеді. Қазақстанда түкті кілемнің кең тараған түрі – қалы кілем. Ол парсының «ғалы» – кілем деген сөзінен шыққан. Орталық, Солтүстік Қазақстанда түксіз кілем кең тараған.

Тұрақты мекен жайдың жасауы киіз үйдікіне ұқсас болғанымен өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалған. Мысалға алсақ, жүк төрге жиналғанымен, кілем, тұскиіз есік-терезе ойықтары жоқ көбіне теріскей жағына тұтылған. Ыдыс-аяқ арнайы тектерге, сөрелерге қойылған.

Қазақта ою ісі де өзінше ерекше. Ою – ұлттың өнер үлгісі. Оны қазақ бағалаған. Ою оя алсаң – ісмерсің. Ою оя алмасаң кемшінсің. Қазақтың «Өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сырмақ сырады» – деген мәтелі бар. Мұның мәні терең. Ою оюды өз үйіңде үйрен, ол тұрмысыңа керекті бекзат өнер. Өз үйіңде ою оя алмасаң кісі үйінде сырмақ сырасың, қор боласың дейді қыздарымызға халық даналығы! Бұрын босаға-

есік, шаңырақ, уық, кереге, төсекағаш, кебеже, ыдыс-аяқ ағаштан жасалғандықтан әр түрлі оюлармен безендірілген.

Бірақ өкініштісі мұндай ата-бабамыздан қалған мәдени ескерткіштер, үй бұйымдары қазіргі таңда сақталынбай құрып бітуге айналған. Ал Өзбекәлі Жәнібек қандай қызмет атқармасын атадан балаға мұра етіп қалдырылған ескінің көзін жинаудан жалықпаған. Мәселен, Торғайдағы өлкетану мұражайын ашуда да ол өте көп еңбек сіңірді. Ауыл-ауылды аралаған кезде көне мұраларды көре қалса иесінен жата-жастана сұрап алып, музейге өз қолымен тапсырған. Аса құнды тарихи құжаттар мен қазақтың дәстүрлі өнерінің озық нұсқаларынан саналатын экспонаттарды, әсіресе Торғай тарихына баланыстыларын сонау Орынбор, Қостанай, Ақмола музейлерінен қолқалап сұрап алдыртқанын да білеміз.

Бізге жеткен халық шеберлерінің бірқатар бұйымдарынан ағаш оюдың барлық түрлері кездеседі. Бұл ретте 1972 жылы Торғай облысының Жангелдин ауданынан музей қорына Өзбекәлі Жәнібек алдыртқан, шамамен XIX аяғына жататын төсекағаш пен асадал ерекше құндылығымен назар аударады. Төсекағашта әр түрлі ою-өрнектер кездеседі, оның қаңқасында жапырақ беде, шиыршық бейнеленген де мәнерлі бояумен толықтырылған. Қазақта әрбір заттың, киімнің өзіне тән ою үлгілері бар.

С.Қасимановтың «Қазақ халқының қолөнері» атты кітабында қазақ ою-өрнектерінің өте жиі қолданылатын 200-ден астам түрі бар деп көрсетілген.

Ө.Жәнібек Қазақстан Орталық Партия комитетінің сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі болып тұрған кезде жылына 15–20 мыңға жуық адам Қазақстанға келіп, сонша адам шет елдерде болып қайтатын. Осы қызметте жүрген кезде ол көптеген істерді тындырды. Соның бірін атап өтетін болсақ, «Медеу» мұз айдыны ауданында қазақтағы жылжымалы және тұрақты үйлердің әртүрлі нұсқаларынан құрастырылған «Қазақ ауылы» туристік кешенін ашқан. Осы жылдарда туристерге көрсетілген объектілердің мазмұнына, тартымды болуына, әсіресе қазақ халқының тарихынан, мәдениеті мен дәстүрлі өнерінен мағлұмат беруді кеңейте түсуге мән бере бастаған.

Өзбекәлі Жәнібек этнограф, зерттеуші ретінде қазақтың ескі тұрақты мекенжайымен қазіргі ауылдардағы үйлерді байланыстыра зерттеген. Әрине, қазір заман ағымына сай тұрғын үй тұрғызу әртүрлі болып дамып келеді. Қазіргі ауылдағы үйлердің ең қарапайым түрі көпшілігінің шатыры шифермен жабылып, бір-біріне жалғасып, 3–4 бөлмеден тұратыны белгілі. Асхана, қойма тұрғын үйден бөлек қосалқыға орналасатын болып алған. Ал шамасы келгендер қазіргі күнде бір-бірімен жарыса әртүрлі кейіпте түрлі зәулім үйлер тұрғызуда. Өзбекәлі Жәнібек тұрғын үйлерді зерттей келе қазіргі үй құрылысында не себепті қазақтың ою-өрнегін пайдаланбайды деп өз ойын айтқан. Және де қазақтың тұрғын үйінің зерттеуінің басты мақсаты қазақ халқының өмірге келтірген тұрақты мекен жайдың ерекшеліктерін зерттеп білу, жаңа талаптарына сай үйлер тұрғызу ісіне қосылған үлес болғандықтан, қазіргі және келешек ұрпақты оның негізгі үлгілерімен таныстыра отырып, мәселенің шешімін таба алмай келе жатқан жақтарына көңіл аударуды жөн көрген.

ҰЛТТЫҚ КИІМ ҮЛГІЛЕРІН ЗЕРТТЕУШІ

Өзбекәлі Жәнібек-қазақтың қолөнерінің ерекше жанашыры болғанын кім-кім де жақсы біледі. Сонымен сабақтас этноөнертанудың да ірі маманы екенін біреу білсе де, біреу біле бермейді. Ол атқарған істің бір ғана сағасын әңгімелесек те бұған анық көз жеткіземіз. Ол – киім үлгісі.

Өзбекәлі Жәнібектің өзінің айтуына қарағанда халқымыздың ұлттық өнерін, мәдениетін этнографиялық тұрғыдан ертеректен зерттей бастаған да, ұлттық киім үлгісімен шындап кейіндеу айналысқан секілді.

«Қалыссыз, қалтарыссыз дүние жоқ» аталатын қызықты естелігінде киім үлгілерін зерттеуге көрнекті әдебиетші ғалым Шерияздан Елеуқеновтің ықпал еткенін айта келіп, ризашылығын былай білдіреді: «егер ол маған қазақтың киім-кешегімен айналысып, альбом кітап шығаруды ұсынбаған болса, онсыз да жүктелген міндеттер басымыздан асып жатқандықтан, бәлкім, мен этноөнертану сияқты ғылымның аса маңызды саласымен айналыса қоймаған болар едім және ол үшін мені ешкім кінәлай қоймас еді деп ойлаймын».

Бұған дейін Қазақстан Жастар одағын басқарған кезде-ақ ұлттық киімге назар аудара бастаған Ө. Жәнібектің ұлттық киім үлгісін теориялық өреде қозғап, шындап айналысуы осы кезден басталады.

Сөз бен істің тез үйлесімін табатын Ө. Жәнібек тек альбом-кітап жазуға кіріскен жоқ. Жазғандарын іске асырып жүрді. Бұл жайлы Ш. Елеуқенов естелігінде былай дейді: «Адырна» ансамблінің ойынын көргенде байқағаным: артистердің кигендері бұрынғыдай оюлары баттиған, әбден ерғашты қылған қарадүрсін бірдеңелер емес, «қазағың да ине ұстай білетін халық екен ғой» дегізетін киімдер. Өзі ұйымдастырған ансамблге ән айтқызды, би билетті. Қазақ ұлттық киіміне қатысты түсініктер беріп еді, құлағыма тосаңдау естілді. Өйткені қазақ ұлттық киіміне қатысты небір сөздерді бұрын естісек те ұмытқанбыз, я мүлде есітпегенбіз. «Тамақша», «кемер белбеу», «алтын тәжі», «сұлама», «күндік», «орама», «көксауыр», «мұрақ», деген атауларды қосып айтқан сөздері құлақтан кіріп –шығып жатты, миға кірмеді». Ш.Елеуқенов Ө.Жәнібектің ұлттық киім үлгілеріне деген ыждағатын осылай байқайды. Байқайды да қызығады. Қызығады да киім үлгілері жөнінде кітап жазып беріңіз деп жата-жастана жабысады. Баспасөз және кітап істері жөніндегі комитет төрағасының өтінішін әлеуметтік тапсырма деп ұққан Ө.Жәнібек осы саладағы ізденісін тереңдете түседі, арналандыра жасайды.

Ө.Жәнібектің ұлттық киімге қосқан үлесінің бірі – қасаба. Ғалым оған былай анықтама береді. «Үйлену тойына қалыңдық кейде сәукелесінің орнына көнетүркі (қыпшақ) бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген қасабаны («алтын зерлі деген мағына береді – Ө.Ж.) да киген». Қасаба тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойыңқылау, биіктігі іс тапсырушының қалауымен әр түрлі болып келетін бас киім. Камзолға жаратылған материалдан тігіп, айдынның айналасын, тігісін зерлі жолақпен әдіптеп жапқан. Алтын зерлі жіптермен кестеленіп, металл шытырлармен әсемделген. Маңдайына әртүрлі шытырлардан, інжу-маржан, перуза сияқты тастардан тізіп, дөңгелек табақшалармен бекітілген әткеншектер ілген. Қасабаның оң жағына, самайдың үстіне маңдайдағыдан ұзынырақ, күміс қоңыраушалармен бекітілген бес-алты тізбектен тұратын әткеншек қыстырылған. Бұл келін боп түскен қыздың жүйкесін жұбатады – мыс деген ескі ұғымнан туған. Төбесіне үкі қадалған.

Қасабаны жоғарыдағыдай анықтама беру үшін, «қасабалы қалыңдық» деген тұрақты тіркестің мәнін ашу үшін Ө.Жәнібек өте көп ізденді. Ол жайлы «Қазақ киімі» атты альбом кітапта былай деп жазады:

«... көне бас киімінің бір нұсқасын Қазақстанның Орталық музейінде тозығы жеткен ескі заттардың арасынан тауып алып, бірде белгілі тарихшы-этнограф, ғылым докторы Халел Арғынбаевқа хабарлағанымда, ол кісі мұндай бас киім жайында әдебиетте ешқандай мағлұмат жоқ дегенді айтты. Музей қорында да бас киім «қалпақ» деген жалпы атпен тіркелген екен. Сөйтіп жүргенде 1979 жылы Мәскеуде

«Костюмы народов Средней Азии» деген кітап басылып шықты да, онда қасаба атты бас киімнің қазақта болғаны жайында айтылғаны ізденісімізге демеу беріп, жігерлендіре түсті. Бір күні А.С.Пушкин атындағы кітапханада тарихи және мәдени ескерткіштерге қатысты материалдарды қарап отырып, белгілі сәулеткер Төлеу Басеновтың еңбегінде жарияланған Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің зайыбы Фатиманың фотосуретінен Ханшаның басына киген өзім іздеп жүрген қасаба екенін көріп, көңілім орнына түскендей болды. Оның үстіне ханшаның киім-кешегі де қасабасымен қоса біздегі музей қорында болып шықты».

Қасаба туралы айтқанда бір жайға тоқталу орынды. Татарстанда киім үлгісін зерттейтін Рәмзия Мәхәммәдова есімді этнограф бар. Оның «Татар халық киімдері» зерттеу еңбегінде қасабаны татар әйелінің басынан көрдік. Түсіндірмеде «Касыйм татар хатыны XIX ғасырындағы киімде» – дейді. Қазақтың қасабасы татар қызының басында қайдан жүр? Бұл – Вельяминов-Зернов зерттеген Қасым хандығының ұрпағына берілген иеліктің тұрғыны. Онда қазақтар қоныстанған. Бұл жөнінде М.Мағауиннің «Аласапыран» романы да бірсыпыра мәлімет береді.

Демек, онда қазақтармен бірге татарлар да тұрған. Ағайын халық арасында өзара ықпал болған.

Әлгі татар қызы киген қасаба татарлар үшін типтік киім үлгісі дерлік оған жақын келетін өзге нұсқа да жоқ. Демек, қасаба татарлар үшін типтік киім үлгісі емес, қазақтан ауысқан бас киім.

Ойымызды түйіндесек, Ө.Жәнібек – қасабаны өмірде іздеп тапқан – практик ғалым, оны тарихи тұрғыдан негіздеген, сипаттаған – теоретик ғалым. Қасабаны қалпына келтіруші және өмірге қайта енгізуші.

Көрнекті этнолог ғалымның «Қазақ киімі» аталатын альбом-кітабы аса қымбат дүние еді. Ғалымның бұл еңбекті дайындауға ізденіске толы бірнеше жылы кетті. Тапсырыс берген Ш.Елеуқенов басқа қызметке ауысады. «Өнер» баспасының кейінгі басшылары ұқыпсыздық танытып, кітап 16 жылдан кейін 1996 жылы ғана жарық көрді. Онда да толық емес. Ө.Жәнібеков бұл еңбегі туралы былай дейді: «... мен жинаған материалдар жылдар бойы қозғалыссыз жатып қалды. Кітап 16 жылды ортаға салып, 1996 жылы ғана жарық көрді. Онда да жартылай. Олай дейтінім, мұқабасын жасау қиын болады дегенді сылтау етіп, кітапты екіге бөліп, бірінші жартысын ғана басып шығарды. Екінші жартысы, ол не тарау емес, не бөлім емес, осыдан 15 жыл бұрын дайындалған күйінде тағы да қалып қойды. Баспа өз жұмысына жауапсыз қарап, онсыз да «сақалды» болған слайд-суреттерді тазаламай, бақылайтын суреттерін түсіріп алмай, өндіріске итере салғандықтан, сапасы нашарлаған қалпында жарық көрді. «Өнердегілердің» өздері шығындаған қыруар қаражатына ұжымның қанша жылғы еңбегіне жауапсыз қарағанын түсіну қиын еді».

Көп жыл жинақталған еңбектің ұлт киімін өнер ретінде, тарих ретінде қадірлейтін зерделі адамның қолына тиіп, өмірге сапалы қалпында жолдама ала алмағаны өкінішті. Ендігі ойлайтынымыз- еңбектің жарияланбаған бөлігі қайда екен?...

Ө.Жәнібеков үнемі қазақтың ұлттық киімдеріне назар аударып, зерттеуден еш жалықпаған. Әсіресе, ұлттық қолөнер мен ұлттық киім үлгілерінің ғасырлар шаңының астында қалған ғажайып нұсқаларын іздеп тауып, өмірге қайта алып келді. Ол киім үлгілерін зерттей келе қазақ киімдерінің жыл мезгілдеріне орай, адамның жынысына қарай, жас мөлшеріне байланысты түрлі киімнің аты аталып, түсі түстелетінін өзінің еңбектерінде ашып көрсеткен.

Қай халықтың болса да киім-кешегі ауа райына, тұрмыс-салтына байланысты қалыптасатыны белгілі.

Қазақтың киім-кешегі айналадағы ортаның, үскірік аязы мен аңызақ желінің әсерімен, бар өмірі көлік үстінде өткен көшпелі қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей күн көрген диханның іс-қарекетімен байланысты қалыптасқан заттық мәдениеттің көрінісі. Онда халықтың әлемдік талғамы, өмір салты, өткендегі әлеуметтік хал-ахуалы айқын сезіледі. Ауызекі тілмен, антропологиялық тұрпатпен қатар ол кезінде халықтың тектестік сезімін ояту мен нығайтуда айтарлықтай роль атқарған. Киіміне қарап, жұрт өздерінікін бөгделерден ажырататын болған.

Қазақта ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айырып айтылады. Мысалы, арғын тымақ, найман тымақ, қыпшақ тымақ, адай бөрік, ноғай бөрік т.с.с. Кейде географиялық мекен атына қарай да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді. Қоңырат үлгісі, Жетісу үлгісі, Арқаның үлгісі т.б. Мұндай бөліп атау киімдерінің кеңдігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығы және әшекейлеу мәнерлерінің ерекшеліктеріне қарай ажыратылады. Мысалы, шапан үлгісін алайық. Ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, ашық жағалы келеді.

Орта жүздің шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырусыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары жолақ ойма немесе түймелі болып келеді.

Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, қалың, қайырма жағалы болып келетіні жайлы Қасимановтың «Қазақтың қолөнері» атты кітабында жазылған. Адамдардың жас ерекшеліктеріне қарай шектелетіні болмаса, түр-түсі, пішімі жағынан қазақтың киім-кешегі әлеуметтік топтардың бәріне бірдей болуы Ө.Жәнібектің «Қазақ киімі» атты кітабында жақсы айтылған.

Халқымыздың ұлттық киімі дала жағдайына ыңғайластырғанымен, денеге қонымды, жүріп-тұруға ыңғайлылығымен, сан алуан әшекейлерімен ерекше. Бірақ алғашқы кезде киімді әсемдеу қарапайым болуы ықтимал. Себебі үнемі малмен, егіншілікпен айналысқан қазақтың киім кешегін безендіруге уақыты да болмаған. Ал киімді зергерлік бұйымдармен әшекейлеу кейіннен таптық жіктелуге байланысты, жұрттың қандай әлеуметтік топқа жататынын, байлығы мен дәулетін көрсетуге деген құштарлығынан туған болуы ықтимал. Киім-кешектің кейбір түрлері көршілерден ауысуы да мүмкін.

Мысалға алсақ, мұрақ сәукеле секілді бас киімдер, Ө.Жәнібектің ойынша, қазақтың арғы ата-бабасының құрамында маңызды қоспа болған ежелгі сақтардың сүйір ұшты бас киімдерін еске түсіретін сияқты. Ақ шыттан не жібектен шаршы етіп байланатын әйелдің жаулығы көне түркілерден ауысуы мүмкін. Ал белдемшені ғұндардан ауысқан деп айтсақ та болады.

Әр түрлі табиғи бояумен қой терісінен тігілген тон, қасқыр ішік, түлкі тымақ, саптама етік қазақтың ат үстінде жүретін күн көрісіне байланысты киім нұсқалары.

Негізгі шикізат мал өнімдері болғандықтан тері, киіз, былғары, жіп сияқты т.б. материалдарды пайдаланған. Сондай-ақ киімне аң терілері де қолданылған.

Бас киімге қасқырдың, түлкінің терісін, камшат, сусар, тағы басқа аңдардың пұшпағы пайдаланылған.

Киім-кешек тігуге қазақ әуелде Үндістаннан әкелінетін шытты, батсайыны, Қытай, Орта Азия жібегін, барқытты, зерлі, бедерлі кездемелерді, масатыны, шұғаны, жаратқан. Ал XVII ғасырдан бастап қазақ даласында орыс тауарлары да кең етек ала бастады.

Еркек киім-кешегінде жейде, бешпет, қаптал, түйе жүн шекпен, етіктің қоңышына салынатын шалбар, бас киім нұсқаларының негізгі түрлері ғасырлар бойы өзгеріссіз келді.

Еркек ақ сұрыптан қисық жағалы көйлектің астына балағының төменгі жағына қарай ептеп тарыла бастайтын «кең адымды» дамбал киген. Шалбар атқа мінуге ыңғайлы болу үшін кең етіп тігілген, онда ешқандай түйме болмаған, орнына ышқырына бау өткізілген.

Күн суыта көкірекшенің сыртына түйе жүн шекпен киген. Ал қыста тон, тымақ, күпі де киген. С.И.: Руденко қазақтың киім-кешегін зерттей акеле «қазаққа күпінің ата- бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеген», – дейді Ө. Жәнібек өзінің зерттеуінде.

Тон көбінесе иленген күздік қой терілерінен тігіледі. Орта денелі адамдарға 11–12 қойдың терісінен тон шығады. Олардың пұшпақ терілері бөлек алынады, яғни тон тігініне пайдаланылмайды. Тондардың жүндері ішіне қарайды, ет жағы қынамен, қабықпен, томар бояумен боялады. Кейде сыртына тыстық жапсырып қаптама тон тігеді.

Ө. Жәнібек өзінің «Эхо» деп аталатын кітабында ежелгі еркек киімінің малшылар киетін тағы бір түрі кебенек туралы айтып кеткен. Киіз сулық кебенекті мейлінше ұқсатып, қылшығын сыртына қарата, сапалы болу үшін шаршысын 60x60 см етіп жеке-жеке басқан ақ сұр, кейде қоңыр не қара төсемдерден құрастырып тіккен.

Еркектің бас киімі сан жағынан әр алуан бола бермеген. Оның қалпақ, бөрік, тымақ, тақия деген бірнеше түрі ғана болған. Осы кезге дейін аса құрметті қонаққа ат мінгізіп, шапан жауып, бөрік кигізетін дәстүрімізден де аңғаруға болады.

Еркектің бас киімі жергілікті жағдайда қолға түскен материалға байланысты болған. Оның көп тарағаны бөрік. Ол төрт үшкілден төрт қырлы күмбез іспетті етіп пішіліп, арасына жүн салып астарланып, барқытпен, шұғамен тысталатын. Олар көбіне кәдеге жаратылған аң терілерінің атымен құндыз бөрік, түлкі тымақ, малақай, европалық үлгідегі құлақшын да кеңінен тараған.

Ересек қазақ барлық уақытта, тіптен дастарқан үстінде де басынан дөңгелек тақиясын тастамаған. Сыртқа шықса да оның үстіне бөрік тымақ, қалпақ киетін болған.

Малшы жазда басына шұғадан не сәтеннен тымақ үлгісімен астарсыз үш бұрышты етіп пішілген, күмбезінің алдына арнайы күнқағары бар жалбағай, далбай, құлапара киген.

Еркектің аяқ киімі саптама етік, кебіс-мәсіден тұрған. Саптама – бұл қонышы ұзын, кең киіз байпақпен, шалбардың балағын іштен салып киетін аласа өкшелі етік. Саптамалардың қонышы бітеу қусырылады да, тізеден асыңқырап тұрады. Оны көбінесе қысты күні алыс сапарға шыққанда, жылқы баққанда, шашамен жол жүргенде киеді.

Кебіс атаулары да көксауы, мықшима, үшкір бас деген сияқты бірнеше түрге бөлінеді. Өте тұрпайы аяқ киім шоқай, шарық болған. Шоқайды шала иленген теріден тігіп, кедейлер киген. Ал шарықты тау шөгінділерінде жүргенде етіктің сыртынан киген.

Қазақ әйелінің киім-кешегі жас өзгерістеріне қарай ажыратылған. Киім тігетіндер іс тапсырушының талғамын, жас ерекшелігін, дене бітімін, бет-әлпетін мұқият ескеретін болған. Киім- кешекті әр жерде мүмкіншілігіне қарай әр түрлі кигізгенімен бүкіл қазаққа тән түр ұқсастығын, пішімін, бояу нақышын сақтап, оның жігіттер мен қыздар, егде тартқандар мен кемпір- шалдар киетінін ажырата білген. Мысалға алсақ, қыздар белі қымталған, етек- жеңіне желбезек салған қос етек көйлек, камзол киім, беліне шатыры немесе ширатпалы белдік буынады екен. Ал Маңғыстау мен Үстіртте етек жеңіне екі, үш қатар бүктесін берген, арқасы немесе белі бүрілген көйлек,

сыртына камзол киетін болған. Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісуда көйлектің үстіне нымша киіп, белдемшені қаусырынады екен.

Тақия. Барқыттан немесе жібек матадан тігіліп, інжу- маржан, зергерлік заттармен әсемденіп, үкі тағылатын бас киім.

Белдік. Былғарыдан немесе барқыттан, кейде күмістен де жасалған.

Етік-кебіс. Биік өкшелі, кестелі болып келетін аяқ-киім үлгілері.

Ө.Жәнібек этнолог ретінде зерттеп ұлттық киімдерімізді рет-ретімен көрсетіп, бізге мұра ретінде жазып кеткен. Ол тек жазба түрінде ғана қағаз бетіне түсіріп кеткен жоқ. Қайта тіріліп өмірге әкелді, тұрмысқа енгізді.

Театрға, музейге, ансамбльге қажетті құрал-саймандарға, бұйымдарға, киім-кешектерге материалдарды да жер-жерден алдыртқаны жайлы Жұмағали Өмірбековтың «Ұлтының адал ұлы еді» атты естелігінен көруімізге болады. «Бір күні Амангелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қайырбай Есболов пен идеология жөніндегі хатшы Кәрім Аймағамбетов сол кездегі мәдениет бөлімінің меңгерушісі Төкен Елтебаев пен мені шақырып алып, 2 домбыра, қамшы, шыбыртқы, ала арқан, екі түлкі терісін тауып дереу Арқалыққа Өзағаңа апарып тапсыруды міндеттеді. Кештете Өзағаңның кабинетіне келсек, театр режиссері мен суретшісіне тапсырмалар беріп отыр екен. Сосын біздің апарған түлкі терілерін жергілікті іскер Айшыман Құлманбетов апайға қазақ жігітінің басына киетін тымақ пен бөріктің эскизін көрсетіп, сол бойынша тігуге тапсырды. Кейін білгендей, Өзағаң театр артистеріне қажетті киімдерді осындай жергілікті шеберлерге дайындатады екен.

Қазақтағы балалар киімі кішірейтілгені болмаса, пішімі мен тігісі жағынан үлкендігін қайталайтын болған.

Киім-кешекке қоса шапан, тақия, қалпақ, бөрік, тымақ, саптама, кебі-мәсі киілуде. Соңғы кезде үйлену тойына арнайы киім тіккізу де қалыптасып келеді. Бір ғана мысал: әріптес журналист Жарылқасын Нұсқабайұлы қызын ұзатқанда қалыңдық пен күйеуге арнап Өзекең өз пішімімен арнайы киім үлгілерін тіктіріп, этнографиялық тұрғыдан киіндірген еді. Ертеректе өзінің тұңғыш ұлы Ниетжан үйленгенде де қазақтың ұмтыла бастаған киім үлгілерін жаңғырта пайдаланған. Кіші ұлы Бауыржан мен келіні Гауһардың неке тойында да елдің алдына ұлттық киіммен шығарған. Гауһардың басына кигізген қасаба-сәукеле ол кісінің арманының орындалғаны. Ө.Жәнібек қасабаның әр маржанын, әр қаралы мен бирюзасын, өз қолымен қадап, қас шебердей тер төккен екен. Бұл үкілі қасаба-сәукеле «Қазақ киімі» кітабында көрсетілген. Тіпті өзі дүниеден өтерінен біраз күн бұрын жақында көз жұматынын, сонда ұрпақтары ақтық сапарға қалай шығарып салу керектігін аманат етіп айтқан сәтінде келіндері мен қыздарының ауа көк түсті ұлттық киім киюі керектігін, ұлдары қарына көк шүберек байлауы қажеттігін ескерткен. Ө. Жәнібек ұлттық киім үлгісін өнер тұтқан, одан ұлттың азаматтық тарихын тапқан жан.

АҚТАЛҒАН БЕС АРЫС – ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЫРЫС

Әлемдегі әрбір ұлттың өзіндік саяси және әлеуметтік болмыс-бітімі, тілі мен ділі, тарихы және мәдени келбеті, рухани пайым-зердесі бар.

Өткен ғасырдың екінші жартысында халқымыздың тарихи зердесін қалпына келтіру, мәдени мұраларын қорғау, тіл мәртебесін көтеру, тарихи ақтаңдақтарын толтыру істерінде үлкен еңбек сіңірген, ұлтының шын жанашыры болған перзенттерінің бірі – Өзбекәлі Жәнібек.

«Өзбекәлі Жәнібек қазақ халқының тарихында өзінің дарындылығымен де, парасаттылығымен де, ғалымдығымен де, ғажайып іскерлігімен де, өз атын қалдырған ірі тұлға» екендігін халқына жасаған кез-келген қызметі дәлелдейді.

Біз тарауда Ө.Жәнібектің бір қырына қазір «бес арыс» аталып кеткен Шәкірім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтарды ақтауда сіңірген еңбегіне тоқталмақпыз.

Қазақ зиялыларына, әсіресе ел қамын ойлайтын азаматтарға 1986–1990 жылдар аса қиын болды. Желтоқсан оқиғасы әлемді дүр сілкіндірді, соңынан Кеңестер Одағының іргесі шытынап, керегесі шайқала бастады. Қазақстанға Компартия лидері болып Г.В.Колбин келді, түрлі дәрежедегі қызметкерлер ерікті, еріксіз қызметтерінен босатылып жатты.

«... 1986 жылы Желтоқсан оқиғасынан кейін, Колбиннің кезінде бір жылдың ішінде оны екі рет көтерді. Алдымен Мәдениет министрі, сосын Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы етіп қойды. Бұл Орталық комитеттің «апараттық» құлығы еді. Бұрын кім жақпаған болса соны жоғарылату және оны өзіне шын берілген жақтаушыға айналдыру дейтін тәсіл де болатын.

Әйтсе де Ө. Жәнібек қалыптасқан тұлға болатын және ол уақытша «көсемдерге» емес, өзінің Отанына, өз халқына адал қызмет етті. Сондықтан да сол кезде Желтоқсан оқиғалары жөнінде Орталық комитет қалаулыларының және Колбиннің қысымының астында жүріп ол өз мүмкіндігінше, біріншіден, әлгі оқиғадан кейінгі соққыларды жұмсартуға талпынды. Екіншіден Колбиннің басталып келе жатқан «қайта идеяландырудың», жалған «демократтығын», оның «екі жылда қазақ тілін, мәдениетін зерттеу» ниетін Өзбекәлі Жәнібеков ұтымды пайдалана білді».

Осы уақытта бұрын «жұрт атын атауға қорқатын қазақ марқасқаларын мүлдем ақтау процесі басталды. Бұл Өзбекәлі Жәнібековтың қайсарлығымен қолға алынған тарихи зор іс еді. Біз қазір Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтарды қолымызға ту етіп ұстап жүрсек, оның қайнар көз бастауында Өзбекәлі Жәнібеков тұрды».

Тоталитарлық режимнің іргесі әлі шайқала қоймаған кезде, желтоқсан оқиғасынан соң барша қазақ халқына «ұлтшыл» деген таңба басылғаннан кейін «ақтаңдақ» мәселесін күн тәртібіне қойып, ресми сөз етудің өзі ерлікке бергісіз батылдық еді.

Бес арысты ақтау тұсында Ө.Жәнібекке жұмыс істеу өте ауыр болды. Ол жайында түрлі қарсы материалдар жиналып, сол кездегі Қазақстан компартиясын басқарып отырған бірінші хатшы Г.В. Колбинді идеологиялық саладағы хатшы Ө.Жәнібекке қарсы қойды. Бұл туралы Өзбекәлі Жәнібек өз естелігінде былай деп жазады: «...әсіресе кейіннен қазақтың «бес арыс» атанып кеткен Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың, М. Дулатовтың. Ж. Аймауытовтың «ісін» қайта қарайтын Орталық Комитеттің комиссиясы жұмыс істей бастаған уақытта «алашордашыларды ақтап жатыр» деп менің өзіме шабуыл жасағысы келгендер неден де болса тайынатын емес еді».

Осы қиындықтарға қарамастан Ө.Жәнібек бұл мәселеге көптен дайындалып, арыстарды ақтау қажет деген шешімге тас түйін болып іштей бекінген еді. Ол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Вице президенті Жабайхан Әбділдиннің басшылығымен Орталық Комитеттің комиссиясын құрып, алғашқы мәжілісінде өзі сөз сөйледі:

«— Өз басым бүгінгі «қылмыстық істерін» қайта қарауға кіріскелі отырған Шәкәрімді, Ахмет Байтұрсыновты, М. Жұмабаевты, М. Дулатовты. Ж. Аймауытовты

жалпылама білетінім болмаса, олардың шығармашылығымен таныстығым шамалы адаммын. Біз осылай өстік. Істеген «қылмыстарын» да біле бермейміз. Ал, сіздер алдыңғы қатарда отырған ағаларымыз – академик С. Кеңесбаев, академик Қаратаев, ақын Ә. Тәжібаев, ғалым филолог Ө. Шәріпов, кімнің кім екенін жақсы білесіздер. Бұлар нендей қылмыс істеді, нені бүлдіріп қойды, айтыңыздар. Ал қазір айтпасаңыздар, қашан айтасыздар, оны да біліп алайық. Қашанғы «жабулы қазан жабулы» қала береді.

Мен, әрине, Мағжанды немесе Жүсіпбекті оқымайын деп жүргем жоқ. Кітаптарын табу қиын, сирек қордан да әлдеқашан алынып тасталған, архивтен де мардымды ештеңе таба аламадық. Ендігі бар үміт елдің қолында сақталғанадарында. Бірігіп жұмыс істесек, Прокуратура, Сот, МВД, КГБ бізге көмектесер деп ойлаймын, көп нәрсенің бетін ашып алуымызға болатынына кәміл сенемін. Ұсыныстарыңызды соза бермей тезірек айтыңыздар. Осыны айттым да залға қарадым. Ақсақалдар ләм деп аузын ашпай отырып қалды».

Белгілі тілші-ғалым Рабиға Сыздықовадан басқа үлкен ғалымдардың бірде-біреуі «ақтайық» деген бір ауыз сөзді айта алмай, күмілжіп төмен қарайды. Шындығында, қоғамдық сана дәл сол кезде бұл мәселені талқылауға толық дайын емес еді.

Ө.Жәнібектің басшылығымен арнайы құрылған комиссия ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдардағы саяси және творчество қайраткерлері – «Алаш партиясы лидерлерінің даңқты есімдері мен еңбектерін халыққа қайтару жөнінде зор жұмыс жасады».

Комиссия жұмысының барысында Мағжан Жұмабаевтың 1960 жылғы сот арқылы ақталғаны жөніндегі құжаттың жоғалып кеткені белгілі болды. Ал қалған «төрт арыс» жайлы кезінде ондай мәселе қою ешкімнің ойына келмеген. Мағжанның сот арқылы ақталғаны туралы қаулы оның жары Зылиха әжейдің қолындағы көшірме арқылы қалпына келтірілді.

Алдымен ҚКП Орталық Комитетінің Шәкәрімді ақтау туралы «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» деп аталатын шешімі қабылданды. «Қазақ әдебиеті» газеті 1988 ж. 15 сәуірдегі №16 санын ақын Шәкәрімнің мұрасына арнады.

Ендігі кезекте А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтардың ісін қарап, комиссия шешім шығаруы тиіс еді. Бұл тек үш жазушыны ақтап алу емес, олар қатысқан бүкіл Алаш қозғалысын, Алашорда үкіметінің қызметін жаңаша бағалау болатын.

Комиссия қорытындысы 1988 жылы желтоқсанда шығып үш арыс ақталды. «Қазақ әдебиеті» газеті 1988 жылғы 8 қаңтардағы №2 санында ҚКП Орталық Комитетінің «МЖұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» шешімін, комиссияның қорытындысын және арыстардың әдеби мұраларын жариялады.

Ең соңында М. Дулатовтың ісі қаралды. Бұл істің басқаларынан қиындығы – Амангелді Имановтың өліміне М. Дулатовтың қатысы бар деген әңгіме тараған. Комиссия мүшесі С.Қирабаев былай деп жазады: «Бір күні мені Өзбекәлі шақырыпты. Барып ем, ол әңгімені өзіне Міржақыптың қызы Гүлнәрдің келіп кеткенін, Ахметтерді ақтағанда, өмірін сол кісімен бірге өткізген әкесін тастап кеткеніне реніш білдіргенін айтты. Гүлнәр апарып көрсеткен құжаттармен, әртүрлі қағаздармен танысыпты. Қауіпсіздік комитетіне Амангелдінің өліміне Міржақыптың қатысқан, қатыспағанын анықтап беруді сұрағанын айтып, оның әдеби шығармаларын қарап қорытынды жасауды тапсырды».

Сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және Өнер институтының директоры С. Қирабаев М. Дулатовтың әдеби мұрасы туралы хат дайындайды. Қауіпсіздік Комитеті Амангелдіні өлтірушілердің тізімінен М. Дулатовтың есімін таппайды. Нәтижесінде, Ө. Жәнібектің тікелей басшылығымен, қадағалауымен Алаштың ардақты азаматтарының бірі – М. Дулатов та ақталды.

Осылай кешегі қызыл империяның құламай тұрған кезінде Ө.Жәнібек өздері атылып, еңбектерін оқуға, есімдерін атауға тыйым салынған халқымыздың асыл перзенттері А.Байтұрсыновты, Шәкәрімді, М.Жұмабаевты, М. Дулатовты. Ж.Аймауытовты жұртымен қайта табыстырып, бұрынғы батырлармен ақындарға, ел тізгінін ұстаған билерге жаңаша көзқарас қалыптастыруға негіз қалады. Бұны ұлтжанды азаматтың өз жұртына жасап кеткен кез-келген қазақтың қолынан келмейтін ерен жақсылығы десек жарасады.

Қорыта айтқанда, «Өзбекәлі қазақ халқының дарынды екенін, оның бай өнері ғасырлар тереңінен бастау алатын салт – дәстүрі бар екенін дәлелдеуге қызмет етті, оның ұмытыла бастаған беттерін қалпына келтіруге тырысты, өзіндік пайымдаулар айтты. Сондықтан оны қазақ деген қабырғалы ұлттың, алаш деген аталы жұрттың қамын жеп, бар білімін, бар ғұмырын соның іргелі елдер қатарына қосылуы үшін сарп еткен үлкен Азамат деп айтуға әбден болады».

Абдулла ЖҰМАШЕВ,
*Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-музейінің бөлім меңгерушісі*

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ТУРАЛЫ

«...Сен шешеңнің қасында боларсың» дегенді естігенде, апамның сол түннен шықпайтынын сезгендіктен жалғыз қалуға қорқатынымды айттым. Рахия шешей «Ендеше ана үйдегі балалардың аяқ жағынан көрпесіне кіріп жат. Біз осында болармыз» деген соң, басымды жастыққа қоя салысымен сілем қатып, ұйықтап кетіппін. Мені шығарып салып, олар да үйлеріне қайтыпты. Сөйтіп байғұс анам сол түні екі керегенің астында, жалғыздан жалғыз жарық дүниемен қош айтысыпты. Сол күні кешке қарай апамды Арыстанбаб әулиенің маңындағы ескі мазаратқа жерледік. Мен болсам іштей тебіренгендіктен бе, әлде бойымды күйініш сезім биледі ме, әйтеуір анамның денесін жерге бергенде де көзімнен жас шықпай, іштей тынып тұра беріппін. Бәлкім, баланың қиял елесі болар, осы бір сәтте менің көзіме әулиенің үстінен көк түтін көрінгендей болды.

– Балам, шешеңнің үстіне күрекпен топырақ сал, сауабына қаласың.

Мен анамның мүрдесіне төрт-бес күрек топырақ салдым. Анамнан сурет қалмағандықтан қазір жасым ұлғайған сайын түрін де еске түсіре алмайтын болып барам. Өмірімде екі-ақ рет, онда да тұрмыстың тауқыметін тартып, қиналып жүрген сәттерімде түсіме енді. Бірде Қожанның үйінде жүргенде басымнан сипап тұрған анамды түсімде көріп, солқылдап, жылап қоя бергенім бартын. Шошынып ояңған жеңгем орнынан тұрып, шам жағып, жылап жатқанымның мәнісін сұрағанда «жо-жоқ ештеңе емес» деп қайта жатып қалдым. Екінші рет студент болып жүріп, пойызбен Алматыдан елге қайтып келе жатқанда, плацкартты вагонның жоғарғы жүк қоятын сөресінде ұйықтап жатып, тағы да басымнан сипап тұрған анамды түсімде

көрдім. Өмірінде жақсылық көрмеген қайран анам, «жатқан жерің жайлы болсын!» дегеннен басқа не айтайын. Кейін басына белгі болатын құлпытас қойғыздым. Шәуілдірде болған сайын барып тұрамын. Әйелім, балаларым да солай етеді».

Отырардың «Екінші Әл-Фарабиі» еді

Өзағамның өмірден өткендігі туралы Алматыдан азалы хабар жетіп, Отырар елін есеңгіретіп жіберді. Алланың үкіміне амал бар ма? Ұлы Отырар ұлы перзентінен, он екінші Фарабиінен айрылды. Өзағаң дүние жүзінің ғылым мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан фәлсафада «Екінші Аристотель», музыкада «Бірінші Аристотель» аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің жерлесі және оның ғылымының осы замандағы ірі өкілі еді.

Ол кісінің «Қазақ қолөнерінің мәдениеті», «Жаңғырық», «Жолайрықта» соңғы еңбегі «Ежелгі Отырар», тағы басқа кітаптары Қазақстанның тарих ғылымында этнографияның соңғы беттерін жазған тамаша еңбектері. Өзекеңнің тарихи шығармалары арқылы Отырар жаңа тарихқа «Отырар өркениеті» деген атпен енді.

Өзағаң өз өлкесіндегі тарих пен мәдениет ескерткіштерінің үлкен қамқоршысы болды. Ол кісі Отырарын, Арыстанбаб, Әзіреті Сұлтанын әлемнің үш кереметі деуші еді. Сондықтан да Өзағаң Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің, Әзірет Сұлтан мемлекеттік қорықтарының ашылуына аянбай атсалысты.

Отырар жерінде Өзағаңның тікелей ақыл-кеңесімен Қазақстан Республикасында тұңғыш рет қоғамдық негізде Әбу Насыр әл-Фараби атындағы «Руханият–Отырар» кітапхана-музейі ашылды.

Дүниежүзілік ғылым әлемінде отырарлық он бір әл-Фараби бір шоғыр боп жарқырап тұрса, Өзағаң солардың он екіншісі болып мәңгіге жарқырады. Мәңгіге...
Қош бол, Өзағам!

*Мұхтар ҚОЖА,
тарих ғылымдарының докторы*

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТИҢ ҮШ ХАТЫ

Қайбір отар елді алып қарасақ та өзінің тәуелсіздігіне, егемендігіне бірден қол жеткізе алмайды. Қызыл империя дәуірінде еңбек етіп ХХ ғ. соңғы ширегінде басылып қалған қазақтың ұлттық сана сезімін, рухын қайта ояту бағытында жұмыс жасаған тұлғалар көп болмады. Осылардың қатарына Өзбекәлі Жәнібековті жатқызуға болады. Ұлт мүддесі үшін атқарған еңбегі ұшаң-теңіз. Өз аға кез келген қызметте, сол атқарған жұмыстарын пайдалана отырып ұлттық мәдениеттің түрлі салаларын жаңғыртуға, дамытуға атсалысқаны белгілі.

Желтоқсан көтерілісінен кейінгі шовинистер ызғары есіп тұрған кезде Өз ағаның қазақ тілінің жанашырларын қолдауға, репрессияға ұшыраған зиялыларды ақтауға берген көмегі көпке аян. Мені сол кезде таңғалдырғаны және есімде сақталғаны – Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы бола тұра жасаған ресми баяндамасында «Шалқайғанға шалқай ол құдайдың ұлы емес, еңкейгенге еңкей ол әкеңнің құлы емес» деп оқырмандарға арнаған жолдары еді.

Өз басым бұны ағаның қазаққа мойымай, еңсенді тікте, басқалармен тең ұста деп жігерлендіретін, рух беретін ашық үндеуі деп ұқтым. Менен басқа да оқырман осылай түсінген болар деген ойдамын. Желтоқсан көтерілісіне орай Мәскеу шығарған «Қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулы күшінде тұрған кезде мұндай жанкешті қадамға жүрек жұтқан адам ғана бара алатын деп ойлаймын. Бұл мысалда Өз ағаңның қазақты қаншалықты қиын кезде де өрге сүйреген қайсар қайраткер екенін көрсетіп тұр.

Өз ағамен ең алғаш жүздескен сәтім Қызылқұм (қазір Отырар) ауданының орталығы – Шәуілдірде орналасқан Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне 1988 жылы жұмысқа ауысқан соң болды. Кіндік қаны тамған жері – Шәуілдірге келген сайын музейге, Арыстанбабқа соқпай кетпейтін. Менің ешқандай туыстық байланысым болмаса да аталған нысандарды аралағанда, Шәуілдірдегі ағайын туысқанның үйіне, Темір ауылындағы байырғы сыйластаныстарына кіріп шыққанда, киелі орын Бестораңғылға барғанда да мені қасына ертіп алып жүретін.

Осы кездесулер барысында Өзағаны жаңа тұрғыдан таныдым, адами қасиеттеріне тәнті болдым. Шәуілдірге әрбір келгенінде Арыстанбаб кесенесіне кіріп шығатын және сол мазараттағы анасының бейітіне құран білетін адамды ертіп алып дуға оқытуға жеке баратын-ды. Кейін сол бейітті арнайы іздеп барып көрсем белгі ретінде Маңғыстаудың ұлутасынан ойып жасатқан құлпытас қойдыртқан екен. Тас беттері өсімдік, геометриялық өрнектермен нақышталған және оның бір қырындағы «Қаныша Томашқызы 1869–1936 жж.» деген жазу астына «Сенің жарқын бейнең ұлыңның жүрегінде мәңгі сақталады» деген тебіреністі жолдар түсіпті. Ескі қазақы дәстүрмен тастың бір бетіне етік, калош суреттері оймышталыпты. Мұны көргенде Өзекеңнің шешесінің қайтыс болар алдында аяғы мұздай суық болғанын естелігінде жазған жолдары есіме түсті. Құлпытастағы аяқ киім бейнелері о дүниеде аяулы анасының аяғы жаурамай жылы болсын деген ниетке негізделген сезімнен, перзенттік қамқорлықтан туындаған деп ойладым.

Шәуілдірге бір келгенде сонау Қызылорда облысында орналасқан Құмиян қалашығына арнайы сапар ұйымдастырып мені де ала кетті. Қасында Алматыдан арнайы ертіп келген фотографы болды. Сауран бекіністерінен ертерек салынған бұл жәдігерде қорған қамалдары жартылай байырғы қалпында сақталып тұр екен. Ғылыми және танымдық әдебиетте осы Қазақстан аумағында жақсы сақталған Құмиян бекінісінің бірде бір фотосы берілмегенін ескеріп оны көпшілікке танытпақ болған деп ойлаймын. Алайда не себептен екенін білмеймін осы сапардағы суреттердің жарияланғанын көрмедім. Кейін осыны ескеріп Германияға Қазақстанның ортағасыр қалалары туралы ғылыми мақала дайындаған кезімде Өз ағаның көрсеткен жолымен Құмиян қалашығына арнайы барып фотоға түсіріп неміс тіліндегі альбомға оның суреттерін ұсындым. Өзекең сол кезде Құмиянға апармаса мен осындай жақсы сақталған ескерткіш барын білмес едім. Ақыры 2013 жылы Германиядағы Қазақстан археологиясын, жәдігерлерін шетелге танытатын «Unbekanntes Kasachstan» жинақ-альбомда Құмиян бекінісінің фотосы жарияланды.

Өзбекәлі Жәнібековтың зиялы топ өкілдеріне, әсіресе, шығармашыл жастарға, қолдау көрсеткені көп айтыла бермейтін сияқты. Ағаның мейірімді қамқорлығын көрген жастардың бірі мен болдым. 1992 жылы көктемде ойлана-ойлана келе сол кездегі Жоғары Кенестің депутаты ретінде Өзбекәлі Жәнібековке өтініш хат жазып жібердім. Онда 1988 жылдың көктемінде Шымкенттегі педагогикалық институттағы оқытушылық жұмысымды тастап Шәуілдірдегі Отырар музейіне жұмысқа келгенімді, келерде басшылар жеке пәтер, не үй береміз деп уәде еткенін хабардар еттім. Бастапқыда бірнеше ай Отырар музейі ғимараты ішіндегі бір бөлмеде тұруға мәжбүр

болғанымды, кейін отбасымның келуіне орай қарызданып шағын үй – времянкада тұрып жатқанымды, депутат ретінде осы үй мәселесін шешуге көмек беруін жаздым.

Осы өтінішіме қарай Өз ағаңнан жауап ретінде келесі мәтінді хат келді:

Мұқтар, қалқам, ағаңнан сәлем!

Хатыңды алдым. Бұрынырақ, мен Шәуілдірге барып-келіп жүргенде өз хал-жағдайыңды айтпағаның бекер болған. Сол кезде мәселе дереу-ақ шешілетін еді. Қазір жағдай басқаша, әркім әртүрлі себеп айтып, сынықты сылтау ете беретін жауапсыздыққа душар болғанымызды өзің де аңғаратын шығарсың. Әйтпесе сенің Шымкенттегі жылы орныңды не үшін тастап Шәуілдірге ауысқаныңды жергілікті белсенділердің өздері-ақ түсінетін емеспе-еді? Болған елдің өз тарихын таспен жазатыны, тозған елдің өз тарихын жаспен жазатыны, оның әлі де ашыла қоймаған беттерін ашатын азаматтарға тиісті жағдай туғызу қажеттілігі олардың қаперіне іліне қояр деймісің?! «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын!» деген осы. Оған ренжіме, қиыншылыққа тозбай, әп-әдемі басталған ғылыми зерттеулеріңді тастап кетіп жүрме! Менің өз басым сенің болашағыңа кәміл сеніп, Отырар өркениятының «сырын» ашуға көмектеседі деген үміттемін. Маған депутатқа деп хат жазбай-ақ, ой-пікіріңді тікелей өзіме жолдап отыруыңа болады. Пікірлес адамдардың арасындағы қарым-қатынас осылай құрылатын болады.

Ал енді сенің жеке өз басыңның, «отбасы-ошақ қасының» жағдайына келсек, ол жөнінде облыс әкімі М.Ф.Үркімбаевқа өз ойымды, өтінішімді білдіріп хат жаздым. Қорытындысын айтар. Майдың бас кезінде Шымкентке барсам деген ойым бар. Сол кезде, немесе Жоғары советтің сессиясы кезінде жүзбе-жүз кездесіп, сен жөнінде айтпақшымын. Одан не шығатынын көре жатармыз.

Әзірше, ағам менің хатыма жауап қайтармады деп ренжімесін деген оймен өзіңе жаздым. Хабарласып тұр. Менің әдірісім:

480072 Алматы қаласы, Интернациональная көшесі 120 үй, 24 пәтер. телефон 69-49-71

Қызмет жайында келесі кездескенде айтармын.

*Ағаң Ө.Жәнібеков
12/IV-1992 ж.*

Маған бұл хат, ондағы атқарып жатқан жұмысыма қолдау үшін мені жігерлендірді, баспана мәселесі ойдағыдай шешіледі деген үміт туғызды. Осыдан бастап тарих жөнінде ой пікірімді, ізденістерімді Өз ағаның жеке әдіресіне жазып салатын болдым.

Екінші хатымда Отырар археологиясымен қатар Абылай хан қабірінің орны қай жерде екендігі қызықтырып жүргенін және қазір жинақтаған тарихи деректер бойынша оның Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ішіндегі «Абылайхан-хана» деп аталатын бөлмеде жатқанын айтып көрсеттім. Бұл хатыма келесі мәтіндегі жауап келді:

Саламатсыздарма, Мұқтар, қалқам!

Хатыңды алып, қуанып қалдым. Рахмет. Сөзіңнің тәркініне қарағанда пәтер мәселесі әлі шешіле қоймаған ұқсайды. Бұрыңғы қызметкерлерді партократ, бюрократ деп мінеп-сілейтін еді. Қазіргілер олардан да асып бара жатыр ма, қайдам, мәселе шешу қиындап кеткен сияқты. Менің сен жөнінде облыс әкіміне жазған хатым оның қолына тимегенге ұқсайды. Сондықтан «сіздің атыңыздан өзі келіп жолығып кетсін, шешіп беруге жәрдемсейін» – дегенді айтты.М.Ф.Үркімбаевқа барып жолығарсың. Қалғанын тағы да көре жатармыз.

Отырар өркениятының біз үшін қаншалық маңызы бар екендігі жөнінде

сенің айтқандарыңа қосылам. Бұл алқаптың қазақ халқының алғаш қалыптаса бастаған жеріне саналатынына күмән келтіруге болмайды. Мұнда біздің көздің жасымен жазған тарихымыздың әлі де болса ашыла қоймаған беттері көп. Оларды ашатын өздерің сияқты жастар болады. «Рауандағы» кітабыңмен мен айналысайын, тездетіп шығарармыз. Жақында менің «Уақыт керуені» атты кітабым жарық көретін шығар деген үміттемін. Сонда «Отырар өркенияты және біз» деген арнайы бөлім бар. Оқып танысарсың. Пікіріңді баспасөз бетінде айтатын болсаң тіпті орынды болар еді.

Ал енді Абылай жөніндегі мәселеге келсек, менің «Егеменді Қазақстанда» айтқандарым оқырман тарапынан құптала қарсы алынған құсайды. Маған жақында Түркістаннан осы мәселелерді зерттеп жүрген бір жігіт (Зікірия Жандарбек – М.Қ.) Ахмет Ясауидің мүрдесіне іргелес қойылған Әбілқайыр ханның құлыптасын оныкі емес, оның баласы Сүйінішқожанікі дегенді айтты. Ол солай болса Грум-Гржимайлоның айтып отырған, Абылайға телитін құлыптасы да сол болып шықпайды ма? Онда Абылайдың аты жазылған ештеме жоқ екені белгілі. Сонда шындықтың беті ашылмайды ма? Оның үстіне Әбілқайыр Сығанақта жерленген деген деректер де бар. Оның үстіне Созақ ауданында қатар жатқан екі мұнараны жұрт Әбілқайыр мен Жәнібектікі дегенді айтады. «Тірісінде бірін бірі көргісі келмесе де өлгеннен кейін қатар жатыр» – деген ақсақалдың сөзін менің де естігенім бар. Амандық болса сол жаққа бір барып қайтсақ дұрыс болар еді. Қайткен күнде де Абылай жөнінде шындықтың бетін ашқан жөн.

Қорық-музей жөнінде мен өз пікірімді талай рет айтқанмын. Ол менің ойымдағыдай болып шыға қоймады. Оны ұйымдастырғанда менің алға қойған мақсатым Отырар өркенияты мен қазақ мәдениетінің арасындағы балама-байланыстылықты ашу еді. Менің Алматы облысполкомына ауысуымды пайдаланып, кейінгі жолдастар оған көңіл аудармапты. Музейде Отырардың баспанасынан қазақтың қоржын үйіне өтетін сәт ашылмай қалды. Оның үстіне музей Арыстанбабтың қасынан түсетін еді. Музейдің жанында 24 пәтерлі бір үй, Отырар төбенің жанында 24 пәтерлі екінші үй (мейманхана – асхана есебінде) тұрғызылуы келісілген еді. Оның аржағында Отырар қамалының батыс қабырғасы қалпына келтірілетін еді. Сондағы алаңда «көлеңкелі театр» («теневоу театр») жұмыс істейтіні, шығыс моншасы, қыш құятын құмдан, су қоймасының, нәжіс желісінің, су құбырының ізі қалпына келетіні жоспарланған еді.

Не пайда, оның бірде біреуі іске асырылмағаны өкінішті-ақ.

Айта берсе әңгіме көп, осымен доғарайық. Көріскенше сау бол.

Ағаң Өзбекәлі
29/У-1992 ж.

Өз ағаның менің Абылай бейіті орнын анықтаудағы ізденістерімді қолдауы маған қосымша серпін берді, әйгілі хан туралы тарихи деректерді жинап талдау жұмыстарын жалғастырдым. Ағаның араласуымен «Рауан» баспасында жатқан «Арыстанбаб» атты алғашқы кітапшам жарық көрді. Ағаның Созақ ауданындағы «қатар жатқан екі мұнараны жұрт Әбілқайыр мен Жәнібектікі дегенді айтады» деп деген ақпарды терең зерттеуіміз керек.

Өз ағадан тағы бір хат менде сақтаулы тұр.

**Қадірлі Мұқтар! Қал-ахуалың қалай?
Келін, бала-шаға, отбасы есен-сау болғай!**

Хатыңды алып, хабарлаған мағлұматтарыңа қуанып қалдым. Несін жасырайын, Отырар қазір иесіз қалды. Ол жасаған өркениятты зерттеу жұмыстарының шегіне жеткізілмегені өкінішті-ақ. Өзің сияқты жастар жалғастыра бермесе қазақ тарихының әлі де толық ашыла қоймаған тағы бір беті мүлдем жойылып қалуы мүмкін. Отырардың соңғы кезеңі жөнінде Л.Б.Ерзаковичтің жазып қалдырғандары, оған сенің қосатындарың құптарлық, тіптен қалыптаса бастаған ғылыми көзқарастың кейбір тұстарын қайта реттеуге бағдарлайтынға ұқсайды десек те артық болмас еді. Дегенмен, осындай материалды баспаға жібермей тұрып мен сияқтыларға көрсетіп алған болсаң, қайсы бір мәселелерге тереңірек үңілген болар едік ау деген ой да қаумалап беретінін жасыра алмай отырмын.

Сөз жоқ, ғылым Академиясының хабаршысында басылған мақалаң қызғылықты. Әйтсе де қазіргі Ташкент облысындағы Шыршық өзенімен арадағы Өгем, Қазығұрт жоталарын, Ахангерен, Шорсу, Келес, Құркелес өзендерін баса көктеп Отырар алқабына суландырылды деген пікірге қосыла алмаймын. Кезінде Шыршықтың Сырдарияға құйылатынына, ал Сырдария Ходжентті (қазіргі Тәжікістанды) орап, Иіржардың тұсынан Жизақ даласына бет бұрып, Амударияға қосылғанына күмән келтіруге болмас. Ал егер, өзің айтып отырған, шығыс авторлары келтірген Сыр, Сир, Шыр (Чир) деген гидронимдерді Сырдың қазіргі орта ағысына пайдалансақ, Отырар алқабының біраз жерінің (Сүткент, Ақтөбе, Жарты төбе, Сазан, Көксарай, Тектұрмас, Оқсыз, Субағар, Балтакөл) біразы Сырдың суымен, ал Шілік (Бұзық), Отырар, Көкмардан, Жалпақ төбе жазығы оның (Сырдың) тармағы болып есептелетін Арыс, Бөген өзендерінің суымен суландырылғаны хақ болып шықпайды ма? Мұны неге ескермеске. Сонда бұрын Арыстың суын Бөгенге бұрған «ақарықтың» Аляку қаздырып, Отырар жерін суға тоғытқан арық болып шықпасына кім кепілдік бере алады? Сен өзің сол арықтың арнасымен бір рет жүріп өтсең, осындай жорамалға келетініңе мен кәміл сенемін. Оның үстіне арық Отырарға қарағанда кейінірек қазылған сияқты. Оның бер жағында Ақарықтың Бұзық төбенің тұсынан Бөгенге құйылғанын ескерсек, Отырар даласына су қаптатып жіберген болады ғой. Оны биылғы су тасқынынан да көрген боларсың.

Меніңше, Ақарықтың құпиясы осында жатқан сияқты. Ар жағын өзің зерттей жатарсың. Бәлкім археологиялық қазба арқылы арықтың жас шамасын да анықтауға болар. Сонда Сыр мен Чирдың арасындағы байланыс та өзінен өзі ашылар еді.

Енді хатыңда айтылған материалдарға келсек, онда көрсетілген мақалалармен мен таныс емеспін. Сондықтан олар жөнінде ештеме айта алмаспын. Арыстанбаб жөнінде: онан мешітті алып кеткенін дұрыс дей алмаймын. Онсыз да жұрт намазын оқып жатыр, оған қалай тиым саларсың. Әулиенің жанында намаз оқымайды деген қағида қайдан алынған? Арыстанбаб сияқты құрылыстың жанында ханака, мешіт, медресе салынатын дәстүр ертеден келе жатқан жоқ па? Туристер сыртын көрсе де жетеді ғой, ішінде көре қоятын не бар? Соны неге ойланбайсыңдар. Онсызда ұсқыны кетіп қалыпты, жердің соры жоғары шығып кетіпті. Бүйте берсе құлап қалуы мүмкін ғой.

Саған тағы бір өтініш – Отырар халқының тектестік құрамы жөнінде зерттеу жұмыстарын кеңейте түссек орынды болар еді. Мұнда қаңлылардың қалай келгені жөнінде қызғылықты материал О.Мұқтарханның еңбегінде бар. Ал қоңыраттар жайлы ештеме жоқ. Оларды Шыңғысханға тели бергеннен тарих ғылымы дами қоймас. Қазақ ғалымдары қанша ышқынса да Толстовтан,

Аристовтан артық ештеме айта алмай келеді. О.Мұқтархан қаңғұйларды қаңлылармен шатастыруға болмайды дегенді айтады. Ал қаңғарлар, кеңгестер деген кімдер? Олар тарих бетінен мүлдем шығып кеткен жоқ қой! Мұны неге зерттеп-білмеске?

Әлгі этнографиялық музейлерің ашылды ма? Оның жұмысы қалай? Ол маған Қызыл жыршының, Байбосынның, Молда Мұсаның, Елеусіздің шығармаларын жинап беруге көмектессе, басып шығаруға жәрдемдесер едім. Әсіресе Қызыл жыршыдай ақын, әнші, күйші-композитордың, жыраудың шығармашылығы жөнінде жұрттың ештеме білмейтіні өкінішті. Осыны да ескеріңдер.

Музей қызметкерлеріне менен көптен көп сәлем. Ден сау болса жолығармыз. Ә.Дербісәлиев екеуіміздің Сыр бойын бір шарлап шықсақ деген ойымыз да бар. Мені әрине халық сәулеткерлігі қызықтырады.

Ағаң Ө.Жәнібеков
1/ҮІІ-1994 ж.

Осы жоғарыдағы хаттар жолдарынан Өзекеңнің мына фәниде білмейтін, қызықпайтын, атсалыспайтын, араласпайтын саласы жоқ-ау деп қаласың. Өз аға Әл-Фараби сияқты энциклопедиялық білім иесі екені байқалады. Тарихтан, музейтанудан, сәулет өнері ескерткіштерінен, ақын, әнші, күйші композитордың, жыршының, жыраудың шығармашылығы жөнінде қазақ халқының тектестік құрамы, этнография, суландыру тарихынан, айта берсек, бұл тізім жалғаса бермек, осы тақырыптардың бәріне қызыққан, зерттеген, зерделеген.

Ергөбек Құлбек «Өзбекәлі Жәнібек»...

Тастанбеков МҰРАТ,
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық музейі директорының орынбасары

ТОРҒАЙДА ІЗІ ЖАТЫР ӨЗАҒАҢНЫҢ...

«Оның халқына сіңірген ерекше еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек. Ол – киелі адам», – дейді Шерхан Мұртаза. Бұл тұрғыдан, Өзағаның Торғайдағы қызметі бірнеше кітапқа арқау болары сөзсіз. Өзбекәлі Жәнібеков өмірінен бірсыпыра көркем шығарма жазылса, бір ғана Дінәш Нұрмахамедов Өзекеңнің Торғайда жасаған қайраткерлік өмірінен екі повесть жазған. Тарихшы, Өзбекәлітанушы Әділхан Дайбергеновтың сөзімен келтірер болсақ, «Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесін мұражай ретінде қалыптастырған, Санкт-Петербургқа кетіп қалған Тайқазанды қайтаруға мұрындық болған Өзағамыздың тағы бір үлкен ізі Торғай жерінде жатыр», дейді. Өзбекәлі Жәнібековтың Арқалықтағы қызметіне арнаған мақаламызды Дайбергеновше «Торғайда ізі жатыр Өзағаның» деп алып отырмыз.

«1970 жылы жастар жетекшілігінен Ө. Жәнібеков жаңадан ұйымдастырылып жатқан Торғай облысына облыстық партия комитетінің үшінші хатшылығы қызметіне жіберілді. Ол кезде облыстың бар басшысы Мәскеуде бекітіледі. Жаңа ұйымдасқалы тұрған облыс басшыларын бекітерде КСРО Бас хатшысы Л.И. Брежнев өзге кісілерге назар аудармай, Өзекеңе қарап «Біздің комсомол бара жатыр екен. Облыс

болады»- депті үлкен сеніммен!» [1]. Бұл кездесу туралы Өзбекәлі Жәнібековтың «Тағдыр тағылымы» атты естелік кітабында толығырақ баяндалады. «Бұрын болған, бүгінде жоқ облыстың кезінде ту көтерушілері санатында С. Құсайынов, Қ. Тұрысов, М. Сағадиев, Е. Башмаков, Ө. Жәнібеков есімі аталады. Олар «Торғайдың ырысы, бағы болған азаматтар» саналады. Әсіресе Өзбекәлі Жәнібековты торғайлықтар елден ерек сүйіпті» [2], дейді, профессор Қ. Ергөбек. Бұл пікірді толықтыра түскен жазушы Дулат Исабеков: «Торғай облыстық партия комитетінде идеология жөнінде хатшы болып тұрған кезінде осы аңыз-әңгіме желді күнгі өрттей қаулап тұрды. Бірінші хатшы емес, үшінші хатшының аты көбірек естілетін. Облыс орталығы боп жаңа бой көтеріп келе жатқан алақандай Арқалық қаласынан театр ашуының өзі әрі көзжұмбайлық, әрі өжеттік еді. Демалыс күндері машинасын мініп алып, Торғай даласының әр үйін аралап, көненің көзіндей боп жеткен ежелгі бұйымдарды ауыл-ауылдан жинап жүріп облыстық музей ұйымдастыруының өзі тек Өзбекәлі секілді ұлтын мейлінше сүйетін қайсар адамға тән мінез болса керек. Облыс жұртшылығы арыз-шағымдарын айту үшін бірінші басшыға емес, Өзекеңе, үшінші хатшыға жолыққанды жөн санайтын. Оның қабылдау бөлмесі қашан да келушілерге лық толы болушы еді деп айтып жүретін сол жақтың азаматтары» [3] дейді.

Сол тұстағы жаңадан құрылған облыстың басшылары туралы оң пікір жалпы айтылғанымен, ішінде Өзекеңді даралап, айрықша айтудың артында жай мадақ емес, ердің еңбегінің еленгені жатқанын көреміз. «... Ол бір Торғай даласының бағы жанған, бақыты ашылған заман-ды. Торғай облысын көтеруге қазақ жерінің бар түкпірінен азаматтар жиналып, бір атаның баласындай ынтымақта жұмыс істеген тұс еді-ау. Солардан талай ел таныған кадрлар өсіп те шықты. Сақан Құсайынов Өзағаңа қатты сенім артты. «Мен Өзбекқалидай сауатты емеспін (осылай айтатын), жұмысшымын. Барлық саяси, мәдени мәселелерді Өзбекқалимен шешіңдер», – деген сөзін талай естідік. Өзағаң да облыста еркін қимылдады. Әлбетте, бас пайдасына, сауық-сайранға емес, облыстың мәдени өмірін өркендетуге күш салды», дейді [4] Сабыржан Шүкірұлы «Өзағаң өзгеше адам еді» атты мақаласында.

«Сол тұста Торғайда небәрі 26 мың халық тұрады екен. Одан үш есе 75 мың тұрғыны бар Талдықорғанда мұражай ашуға басшылары рұқсат ала алмаған тұста Өзекеңнің сонау қазағы аттың төбеліндей Арқадан мұражай мен театр ашуы – үлкен ерлік. Облыстық партия комитетінің хатшысы екенмін деп кабинетінде шіреніп отырмай, қойнаудағы қойлы ауылдардың қорасына дейін өз аяғымен барып, көне деп тастаған бұйымдарын теріп, солайша мұражайға экспонат жинады. Тіпті сол көненің бояуын көшірмей қалпына келтіруді қадағалап, әр шебердің қасында қонуға дейін барған». Арқалықтағы мәдениет үйінің қабырғаларын өз қолымен бояп-сырлағаны, мұз қалашығының бұзылған кірпіштерін жаңа жылдың кешінде бір өзінің қалауы, бұл кісінің қарапайым болмысын танытса, ұлтжандық іс-әрекеттері өз алдына бір төбе. Дулат Исабеков, «Қай ғарышкер екені есімде жоқ, кезекті бір көк қыраны Торғай даласына келіп қонғанда ұлты орыс екінші хатшының «нан мен тұзын» ысырып тастап, Өзекең ғарышкерді қазақ салты бойынша құрт пен ірімшік алып шығып қарсы алыпты» десе, Серікбай Алпысұлы, «Изобилие» дүкенін «Береке» деп қазақ атауға ауыстырғанын жазады. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Торғай облыстық ұйымының төрағасы, белгілі ғалым, этнограф Серік Кенжеахметовпен бірде Алматыда қоғамның жиналысында кездесіп, Өзбекәлі жайлы сұрағанымда:

– Мұха, сендердің Жәнібековтерің... біздің облыстың бағына келген хатшы болды ғой. Біздің ел көне тарихқа бай, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары ұызы

бұзылмай мол сақталған, бірақ кеңес дәуірі тұсында бұқтырылып, құдаланып, бірте-бірте ұмытылып, жадымыздан шыға бастап, орыстануға жақындап қалып едік қой. Жәнібеков келіп солардың көзін ашты, жандандырды, біздерді қазақыландыруға бар күш-жігерін жұмсады, – деді» [5].

«Қ.Салғараұлы, С.Кенжеахметұлы, С.Тұрғанбекұлы облыстағы руханиятты Өзекеңнің қалай қалай түлеткенін аузының суы құри отырып әңгімелейді. Ана жылы жағдайға қарай, «өндірілетін боксит облысты ұстап тұра алмайды» – деген оймен, Торғай облысы жабылғанда «Әттең Өзекең болғанда Торғайды жаптырмас еді» – деп тәтті армандап, кермек сөйлеп жүрді торғайлық азаматтар. Соның бірегейі – ақын Ғафу Қайырбеков!» [1].

1971 жылы 21–22 маусымда Арқалық қаласында Тоғай облысы мәдениет қызметкерлерінің I съезі болды. Съезді Торғай облысының алғашқы хатшысы С.Құсайынов ашып, Ө.Жәнібеков баяндама жасады. Осы съезд көптеген рухани жақсы істерге мұрындық болды. Кейінгі жылдарды айтпағанның өзінде, сол 1971 жылы 48 клуб пен кітапхана толық жөндеуден өтіп, 22 клубтың құрылысын ақтаумен, кітапханалардың облыстағы жалпы санын 215-ке жеткізумен қатар, мектептердегі орынды 51–55 мыңға, балалар мекемелеріндегі орынды 9,5 мыңға, ауруханалардағы төсек санын 2625-ке жеткізу ауадай қажет екендігі, атап көрсетілді. Сол жылдарда рухани жағдайлар қала талабына сай емес еді [6].

«Қазақстан жазушылар одағының Торғай бөлімшесін аштырып, талапты жастарды сонда топтапты. Қазақ тіліндегі кітаптардың қоймаларда жатып қалғанын көріп, кітап тарату ісін жолға қойған. Радио желісін тартқызып, теледидар ұшқынын әкеліпті Сарыарқаның сары даласына. Жаңа облысты Астана арқылы алты алашқа таныту үшін Алматыға келіп, телехабар жасапты. «Торғайдан сөйлеп тұрмыз...» деп бастапты ол алғашы эфирлік сөзін. Ауылдасы Шәмші мен Мұхтарды (Шаханов) шақырып, Торғай гимнін жаздырыпты. Сапардан оралған Шәкең жарықтық әріптесі Әсет Бейсеуовке «Торғайға барсаң әніңді сайлап бар. Әйтпесе Жәнібеков бөлмеге қамап қойып, ән дайын болғанша сыртқа шығармайды» дейтін көрінеді [2].

Институт, училище, техникумдар, балалар бақшалары мен мектептер, кітапханалар, кітап дүкендерін аштыру, мәдениет үйлерін жабдықтату сияқты жұмыстар қайнап жататын. Қалалық партия комитетінің қолайлы жерде тұрған үш қабатты ғимаратын тізелеп отырып, облыстық өлкетану мұражайына алып берді. Бір күні «Шертер» көне аспаптар ансамблі, бір күні драма театры ашылады немесе бір мәдени орын жөнделіп іске қосылады. «Торғай әуендері» фестивалі немесе орталықтан өнер адамдары, ақын-жазушылар келіп, кездесулер болып жатады. Не керек, облыстық мәдени өмірі жайнап жатушы еді. Бәрінің басы-қасында тікелей өзі жүретін. Бірақ мен демейтін, ол істеді дейтін кісі еді.

Арқалықта театр мәдениетін көтеру де оңай болған жоқ. Драма театрына бір Мәдениет үйін қайта жабдықтатып, Талдықорғанға бөлінген Щепкиннің бір жылғы қазақстандық түлектерін Торғайға бұрып әкеліп, өнер шымылдырығын аштырғанда ел бір дүр сілкініп еді. Театр әртістерінің бәріне келген бетте үй бергізді. Жағдайларын біліп, қамқор болып жүрді [4]. Торғайды облыс орталығына лайықты қалаға айналдыру ісінің жеңіл соқпағандығын Өзбекәлі Жәнібеков те мойындайды. Игі істің басында жүрген Жәнібековтің әрекетіне күмәнмен қарағандар да аз болмады. Торғайда жоғарғы оқу орнын ашқанда «Институттың құрылысынан көрі оны жабдықтау, оқытушылармен қамтамасыз ету қиынырақ болатынын сонда көрдім», [6, 105] деп еске алады.

Торғай ақындары мен жыршыларының, күйшілері мен әншілерінің, мәдени ескерткіштерінің, қолөнерінің соңғы кезде бағын көтерген Ө.Жәнібеков болды. Ол кезде фестивальдар, айтыстар өткізу, ансамбльдер ұйымдастыру дағдылы іске айналғанды. Ө. Жәнібековтің ықпалымен Шәмшінің «Арқалықтың ақ таңы», Әсет Бейсеуовтің «Арайлым, Арқалығым» әндері өмірге келді. Бірінші рет «Торғай әуендері» фестивалі 1971 жылы 19–20 маусымда Арқалықта керемет дүрілдеген салтанатты да, шерулі жағдайда өтті.

Дегенмен, Өзбекәлі Жәнібековтің қызметі туралы «Тағдыр тағылымы» атты естелік еңбегінің деректік маңызы зор. Әсіресе, «Есте қалғандар», «Торғай өңірінде түйіскен едік», «Арқалықтың ақ таңы» атты бөлімдер Өзекеңнің Торғай жеріндегі еңбек жолдарынан сыр шертеді. «Есте қалғандарда» Өскемендегі іс-сапарынан шұғыл шақыртып, Д.Қонаевтың, одан әрі Л.Брежневтің қабылдауларынан соң Торғайға хатшылыққа жіберілгендігі айтылса, кейінгі екі бөлім, өзі қызметтес болған адамдар мен атқарылған жұмыстар жайлы баяндайды. Бөлім соңында, «Бары-жоғы үш жылдың ішінде облыс орталығына тән барлық атрибуттардың мұнда жасалып үлгергені ең алдымен облыс халқы сияқты, оның тұрғындарының да қажырлы еңбегімен, ел алдындағы қарызы мен парызына беріктігімен, отаншылдық рухта тәрбиеленген түйсік-түсінігімен байланысты еді», – деп кезінде қолдауы мен көмегінен көрсеткен халықтың еңбегін жоғары бағалайды.

Өзбекәлі Жәнібеков Торғайдағы мұражайдың қалай құрылғанын, ондағы бөлімдердің жабдықталуы мен әрбір экспонаттың мұражайға қалай келгенін жазады. Шалының көзінде үйінде сақталған асадал төсекағашты қимай, «Әйтсе де, қарағым, «Ел үшін» деген екенсің, ала ғой» деген ана туралы, қажетсіздігінен итаяқ ретінде қолданылып жүрген, кезінде белгілі ағаш ұстасы шапқан, кезінде төрт адамға арналған астауды сұратып алғандығы, күміспен күптеп, алтынмен аптаған қара кісе белбеуді мұражайға алдырта алмағанына өкініш білдіргендей жазады. Әрбір экспонаттың тарихы бар, еңбекте экспонаттағы ою-өрнектердің қайталанбас ерекшеліктеріне, мән-мағынасына ерекше тоқтаған [6, 93–94]. «Тағдыр тағылымында» есте қалғандарды жазғанын, кітапқа түспеген көптеген басқа жайттардың төмендегі материалдардан да көреміз. Бапақов Мырзалыұлы Талғатбек есімді адамның өзі тауып алған күміс ұңғысына Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков ел аралап жүріп мұражайға мүлік жиғанда көзі түсіп, Арқалық музейіне тапсырған. Мақала авторы ұңғыдағы араб әріптерінен оның «Ахмет Байтұрсыновқа тиесілі болуы мүмкін» [7] деген ой айтады.

«Өзекеңнің Торғай өңіріндегі еңбегі аңызға бергісіз. Содан бері елу жыл өтсе де, сол кездері Торғай облысында тұрған адамдар ерекше тебіреніспен еске алады. Өзекеңнің өмірінің бір ерекшелігі – ол кісінің комсомолдан кейін ылғи жаңа құрылымға жіберіліп, келген жұмысын түбірінен бастап өзінің құрып шығуы. Торғайға барған кезіндегі қызметі түгелдей «алғашқы рет», «тұңғыш» деген анықтауыш, айқындауышпен байланысты болды. Торғай өлкесіндегі бес жылғы еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жаңадан құрылған Сыртқы байланыстар бөліміне меңгеруші қызметіне тағайындалды», дейді Қуаныш Сұлтанов.

Өзбекәлі Жәнібековтың өміршең өнегесін кейінгі ұрпаққа жеткізуді қалаған қызметтес болған жандардың естеліктері, оның ішінде Торғай жеріндегі қызметі

туралы мақалалар қатарында Серікбай Алпысұлының «Өлкені өрге сүйреген Өзекең еді», Әбілмәжін Жұмабайдың «Өлмес іс, өшпес із қалдырған Өзбекәлі Жәнібеков», Жұмағали Өмірбековтың «Торғай Өзағаңды іздейді», Сейіт Кенжеахметұлының «Бұл театрға Өзекең есімі лайық» т.б. замандастарының жазбаларын айтуға болады.

Торғай жеріндегі Өзекеңнің қызметі туралы ізденуімізге себеп, жолымыз түсіп, Арқалыққа іссапармен барған кезімізде, торғайлықтардың Өзағаңа деген ыстық ықыласы болды. Ол кезде Арқалықтың біршама өңі кетіп, көңілді құлазытқанымен, ашылуына Өзағаң өзі себепші болған Өлкетану мұражайының ең көрнекті бөлігі Жәнібековтың өзіне арналғандығы, мұражай қызметкерлерінің айтып тауыса алмай, барынша көбірек мағлұмат бергісі келген ынта-ниеті осы алып тұлғаға деген құрметімізді арттыра түсті.

Біз мақаламызда Өзбекәлі Жәнібековтың ұлтына арнаған үлкен еңбек жолының Торғай өңірімен байланысты бір парасын ғана көрсетуге тырыстық. Жәнібеков есімі – жалпы қазаққа ортақ, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде өткен тарихымызда алтын әріппен жазылды, бүгінгі үлгі болар аға есім, алып тұлға ретінде болашақта да атала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ергөбек Қ. Ұлтжандылығы ерен ел перзентті / Қазақ жолы. 4 қараша, 2011.
- 2.Ергөбек Қ. Торғайды түлету – Алаш рухымен табысу // Рух сардары. – Алматы: Қазақпарат, 2011.
- 3.Исабеков Д. Туралықтың туы еді ол / Егемен Қазақстан, 30 қараша, 2011.
- 4.Шүкірұлы С. Өзағаң өзгеше адам еді / Егемен Қазақстан. 13 қыркүйек, 2011.
- 5.Өзіміздің Өзбекәлі / Оңтүстік Қазақстан. 28 Тамыз, 2001.
- 6.Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы. – Алматы: Рауан, 1996.
- 7.Қайырбеков Ғ. Күміс мылтық ұңғысы / Халық сөзі газеті, 6 қаңтар, 2012.

ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ ӨЗАҒА

Ұмытпасам, шілде айы болатын. Түскі үзіліс. Жұмыс бөлмесінде жалғыз қалдым. Әріптестерімнің біразы еңбек демалысында, қалғандары түскі асқа кетті. Біраз күн бұрын бастаған кітабымды аяқтаудың қамына кірістім. Ол Өзбекәлі Жәнібековтің «Тағдыр тағылымы» кітабы болатын. Кітапты оқыған сайын көзге жас үйіріледі. Сол себепті кітапты жалғыз қалып оқуды ұйғарғанмын. Әттең, неткен ғұмыр. Балғын балалық шақтың қызығы мен қиыншылығы қатар жүрген Өзбекәлі ағамның тағдыры осындай болған екен-ау деп те қоямын. Әке мен анадан ерте айырылған қандай қиын... Өзбекәлі ағамыз соның бәріне төтеп беріп, білімін шыңдап, өмірлік мақсат құрып, соған өзін-өзі жетеледі. Кемшіліктері үшін өзін-өзі қамшылады. Бұл тағдырдың тағылымы.

Әріптестерім түскі үзілістен келгенше кітапты оқып бітірдім. Өзбекәлі ағамның балғын шақтағы алға қойған армандарының біршамасы орындалды. Ол қазақ халқының рухани мәдениеті мен өнерін бүкіл әлемге таныту еді. Соның жолында аянбай тер төкті. Еліміздегі көптеген мұражайларды өз қолымен жасады. Өзбекәлі ағамыз мұражай ісінің жанашыры, әрі білгірі еді.

Әулие кесенесі негізінде құрылған «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының да құрылуына Өзбекәлі ағамыздың жасаған еңбегі орасан. Кеңес үкіметінің қылышынан қаны тамып тұрған шақта кесенеде жерленген хандар мен сұлтандар, билер және батырлардың құлпытастарын мұражай экспозициясына қойды. Жерленген тұлғалар туралы әңгімелер ол өз алдына бір бөлек дүние болатын. Өзбекәлі ағамыз өзінің батылдығының арқасында аз уақыттың ішінде музей экспозициясын жасап шықты. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа еді. Сондай-ақ, атеистік қоғамда ең алдымен елімізде әулие бабамыз – Қожа Ахмет Ясауидің мұрасы мен іліміне бетбұрысты бастаған да осы Өзбекәлі Жәнібеков болатын. Көне «Диуани хикметтердің» нұсқаларын мұражай қорына жинақтай бастады және сақталған құлпытастарды оқуды да қолға алған болатын.

XIV ғасырдың басты құндылығы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің опырылып құлау қаупі төнген бөліктері – Бас портал мен мешіт бөлмесі мығымдалды. Қабірхананың еденін бастапқы деңгейінде қалпына келтіріп, Қожа Ахмет Ясауидің еңкейіп, құлауға айналған құлпытасын түзетуге мүмкіндік берді. Кең ауқымды жұмыстарының нәтижесінде кесене-мешіттің негізгі сегіз залында, сол сияқты XV-XVI ғасырларда тұрғызылып, 1975 жылға дейін жұмыс істеген Шығыс моншасында, XIX ғасыр Жұма мешітінде жылына 450–500 мыңға жуық келушілер тамашалайтын мұражай экспозициясы орналастырылды.

Қазақтың кемеңгер жазушысы Әбіш Кекілбаев: «**Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, Тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өзағаның сіңірген еңбегі ерекше**» десе, халық жазушысы Ш.Мұртаза «**Өзбекәлі Жәнібеков бүкіл саналы өмірінде қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті**»- деп, бағасын берді. Ғалым, профессор Мырзатай Жолдасбеков Өзбекәлі Жәнібеков жайында былай сыр шертеді: «**Нұрлы жүзді, әдемі қоңыр үнді, жаратылысы бөлек Өзбекәлі ел тарихы мен мәдениетінің білгірі, қасиеттің тұнып**

тұрған тұнбасы, ойдың тереңі халқымыздың кескіні менен келбеті, қайраты менен айбаты еді, арысы еді, дара тұлғасы еді, елінің асылы, баршаның жақыны еді, қайыспайтын қара нары, шалыс баспайтын кержорғасы еді, бойын жасырған тұлпар еді. Заманымыздың Бұқар жырауы, Төле биі еді» деп, ерекше бағалған екен.

Кітапты аяқтаған соң санамда терең ой туды. Қазақтың Өзбекәлісіндей дарынды, кемеңгер, батыл тұлғаның жасаған еңбектерін жас жеткіншектерге неге насихаттамасқа? Мұражай басшысына көрме ашсақ деген ұсынысымды білдірдім. Мекеме басшысы қолдау көрсететіндігін жеткізді. Өкініштісі, мұражайда тек Өзбекәлі ағамыздың өзі өткізген кітап сәресі мен «Қоңырат» тоқыма кілемі бар екен. Екі жәдігермен көрме өткізе алмайтынымыз анық. Отыра қалып, әріптестерімнен Өзбекәлі ағамыздың үйінің телефонын алып қоңырау шалдым. Қалихан апам телефонды көтерді.

«Апа, амансыз ба? Мен Түркістаннан хабарласып отырмын. «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайынан есімім Берік. Таныдыңыз ба?» Қалихан апа 2008 жылы мұражайдың 30 жылдық мерейтойының қадірлі қонағы болған болатын. Мені бірден таныды. Амандық-саулық сұрасып болған соң, «Жайшылық па, балам?» деді. «Сіздің маған үлкен көмегіңіз қажет. Мұражайдан Өзбекәлі ағамызға арнап 28 тамыз күні туылған күніне орай көрме ашсақ деген жоспарымыз бар» дедім. Қалихан апа маған Өзбекәлі ағамыз өмірден озған кезде көптеген жәдігерлерін Алматының Орталық мұражайы мен Отырар археологиялық қорық-мұражайының қызметкерлеріне бергендігін жеткізді. Бірақ өзінде сақтаған біршама заттарының бар екендігін айтты. Сөз барысында Қалихан апа менің жасымды сұрады.

Мен «Жиырма жетідемін» дедім.

«Осы уақытқа дейін Өзбекәлінің жәдігерлерін алған мұражайдың бірі де экспозиция, не болмаса көрме де жасамады» деп ренішін білдірді. «Апа, көресіз, жасаймыз, ол қолдан келетін шаруа» дедім. Шыны керек, біраз сенімсіздік білдіріп, сөз соңында Қалихан апа келісімін беріп, Алматыдан біршама Өзбекәлі ағамыздың көзі тірісінде тұтынған заттарын берді. Ағамыздың кітаптарын ақтарып фотосуреттерін көрмеге қоюға шығаруды ұйғардық. Қызу жұмыстар жүргізілді. 2009 жылы 28 тамыз күні Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде «Өзбекәлі Жәнібеков – мемлекет және қоғам қайраткері» тақырыбында көрме ашылды. Бұл өз алдына басты жаңалық болды. Оған дейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жеке тұлғаға арналған көрме ашылмаған екен. Көрменің ашылуына Өзбекәлі ағамыздың зайыбы Қалихан Жәнібекова, ағайын туыстары мен көзін көрген азаматтар шақырылды. Сонда мінберге шыққан Қалихан апа мұражай ұжымына шексіз алғасын білдіріп, батасын берді. Мен өзімді сонда бақытты сезіндім. Ойыма алған ісімнің оңды болғандығына қатты қуандым. Адам баласына бұдан артық марапат бар ма? Сондай-ақ, 2010 жылы Қалихан апамыз Түркістанға арнайы ат басын бұрып, Өзбекәлі ағамыздың «Адырна» фольклорлы ансамбль өкілдеріне өзі тіккен көйлектерін табыс етті. Араға бір жыл салып Алматыдағы үйіне барып, Өзбекәлі ағамыздың жеке кітапханасынан 30-ға жуық кітаптары мен шапанын алып мұражайға қорына өткізілді. Қазіргі таңда мұражайда Өзбекәлі ағамызға қатысты құнды дүниелер күн санап көбейіп келеді.

Қоғам қайраткерінің туғанына 85 жыл толуына орай, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Құжыра бөлмесінде тұрақты экспозиция құрылып, келушілерге әлі қызмет көрсетуде.

Дана халқымыз «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді. Сондықтан Өзбекәлі Жәнібековтің халқы үшін жасаған еңбектерін насихаттау сіз бен бізге ортақ абыройлы іс.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК
(Соңғысөз орнына)

Ойпаз оқырман!

Қаптаған анықтауыш, самсаған синоним сөздерді қоспай, соңғысөзді жәй қарапайым ғана «Өзбекәлі Жәнібек» атауда сыр бар. Өзіңіз де байқап отырсыз, Өзбекәлі Жәнібекке анықтауыштың керегі жоқ. Өзбекәлі Жәнібектің өзі анықтауыш. Онымен үзеңгілес қызмет етіп едік деп замандастары мақтанады, тәрбиесін көріп едік деп шәкірттері – марқаяды, алғы күндерде кейінгі ұрпақ оның атын айтып мақтанатын болады әлі... Өзбекәлі Жәнібектің өзі өлшем. Бойын таза ұстар кісілік, халқына қалтқысыз қызмет етер жанпида қайраткерлік, тың танымнан туар жаңалыққа толы ғұламалықтың өлшемі. Ендеше, «Өзбекәлі Жәнібек» деген ұғым кез-келген анықтауыш пен айқындауыш орнына жұмсалар әсіре бояулардан жоғары тұрады...

Өзағаң дүниеден қайтқан жылдардан бері үзіліс үздіксіз ұлы тұлғаның өмірде жасаған қайраткерлік еңбегін, өнерде жасап қалдырған өнегесін, ғылымда жазып қалдырған халықтық қазына дерлік мол дүниесін зерттеп, зерделеумен бірге қызметтес болған замандастары, көзін көрген шәкірттері естеліктерін де өтініш айтып жаздырып алумен келемін. Алыс, жақын шет елде тұратын шәкірттерінен естеме жаздырып ала жүріп мен байқаған бір шындық осындай. Енді, міне соның белгілі бір бөлегін «Ұлтымыздың ұйытқысы» аталатын кітапқа жинақтап, топтап ұсынарлық күні келді! Жанды жаулаған техникаға телміріп «технизмге» түсіп кеткен бүгінгі ұрпақ арасынан кітапқа ықыласты ойпаз оқырман табыла қалса, мархаббат!

Қанаттас замандастары, қадіріне жеткен іні-қарындастары, дүйім шәкірттері естеліктері жинақталған кітапты осылай «Ұлтымыздың ұйытқысы» атауды жөн көрдік. Неге? Өзбекәлі Жәнібекке соңғы кезде оп-оңай қолдана салып жүрген «абыз», «қайраткер», «тұлға» секілді толып жатқан айқұш-ұйқыш айқындауыш, әсіре бояуларды қимағанымыз ба? Жо-жоқ, тіпті де олай емес. Балама бояу, синоним сөздерді пайдаланбауымыздың сырын білу үшін Сіз де бізбен бірге Өзбекәлі Жәнібек өмірінің ізімен сапарлаңыз ойпаз оқырман. Сонда бәлкім бәрі де түсінікті болар...

Жетімдіктен жетілген

Өзбекәлі Жәнібектің арғы аталары Құрбан әулие, Бәйтелі би (Абылайханның жанында болған), Елғонды датқа. Ол өз алдына бір тарих. Ал, өзі болса «әкем бар» деп ашып айтпаған да, жантартып жазбаған да кісі. Өзінің «Тағдыр тағылымы» атты мемуарында әңгімеленгендей, әмеңгерлік жолымен туған жесір әйелдің баласы. Оны адамға дегенде аңғарымпаз, дүние-ғаламға пайымды етіп ашық құлақ саналы азамат етіп өсірген, бәлкім, Анасының тағдыр ауыртпашылығын мұңды әуенге айналдырып шерлене салатын әнінен сезінген болар зерек бала.

Жалғызілікті ананың жүзіне қарап, белі майысып тезек теріп, от жаққан, тірсегі соғысып жүріп су тасыған, күбі пісіп, диірмен тартқан, қозы қайырған, қой баққан баланың бары-жоғында әкесі аталатын адамның ісі болмаса, сарылып ұзақ жатып сартаптанған сарыптан жалғызына көзін сүзе «ендігі күнің не болар, қарғам?» – деп үздіге қарай-қарай үзілген аяулы ананың көзі жұмылар-жұмылмаста көрпе-төсегін

өртеп, жер-кепесін көміп, азын-аулақ жантақты ту-талақай бөлісіп алса ағайындары...

Оның бар махаббатпен жырлап өткен адамы – аяулы анасы! Қызылшырайлы сұңғақ ән-кеуде кісі қиналғанда түсіне кіріп, түсінен кейін ісі оңғарылып жүре береді екен Өзекеңнің. Аяулы анасы жайында айтқанда үні үзіліп, даусы құмығып, қамығып шығар еді, жарықтықтың. «Жасым келген сайын табиғи келбетін көзіме елестете алмайтын болып барамын» – дейтін сосын біртүрлі анасына опасыздық жасаған баладай.

Ол мектепте ән салып, би билепті, жатын бөлмесінің бір қабырғасын алып сурет салыпты майлы бояумен, Отырартөбеден тарихи ескерткіштер тауып, мектепте музей мүйісін ұйымдастырыпты, сыныпта баяндама жасапты... Ол заңды да. Түгін тартсаң майы шығады-дейтін сөз бар қазақта, Отырар топырағын қозғасаң тарих қоздайтын тарихи өңір. Бала Өзбекәлінің мектепте музей ұйымдастырып жүруі де содан. Кейін тарих мамандығын таңдауы да содан. Отырар баласы саналы болса санасы тарихи сапамен жетілері хақ.

Алайда, бір жайға кісі қайран қалады. Қабырғасы қатпаған қаршадай баланы тағдыр қаншама иледі келіп, иледі келіп. Ал, ол болса жүнжіп, өшіп кету орнына өршелене өсті десеңізші. Жетім бала қайсарлығы. Соғыстан кейінгі ауыр жылдары әке-шешесі қатар отырған әулеттің өзі баласын ұзатып оқуға жіберуге ықыласты бола қоймағаны мәлім. Майдандағы әке, ағасына алаңдап өскен балада да оқуға деген ынта жоқ-ты. Әйтеуір «Ел тыныш болсын!» деген бір ғана ішкі-сыртқы тілекті қанағат етті ауыртпашылықты жылдардың адамдары. Ал, алаңдайтын артында ешкімі болмағаннан ба, әйтеуір бала Өзбекәлі ішіндегі жанайын деген шырақ бір бәсеңдемей маздады да тұрды, маздайды да тұрады.

Жетім өскен тас жүректі осылай жанамын деген жас жүрек өрге сүйреді. Ол Алматыға аттанды. Алаш ардақтылары атылып кеткен, оларға жантартушылар «итжеккенде» қамақта, лагерде. Соғыс сойқанынан Ресейден ығысып келген Тарле, Соколов, от кешіп оралған М.Ғабдуллин, С.Толыбеков сынды оқымыстылар дәрісі, қолы қалт етсе вокзал барып отын түсіру, Санкт Петербургтан ығысып келіп қалып қойған орыс шал мен кемпірдің (Өзбекәлінің бағына зиялы кісілер болып шығады) пәтерін жалдап күн кешу – оның студенттік шағының мазмұны. Сабақтан тыс уақыттың бәрін Комсомол (бүгінгі Төле би көшесі) бойындағы Үлкен кітапханада өткізеді. Бастау тарихы Орынборға барып саятын кітапханаға жақында ғана ұлы орыс ақыны А.С.Пушкиннің аты беріліпті. Кітапхананы Орынборда қазақ өмірінен шығарма жазған, атақты «Орыс мақал-мәтелдер сөздігін» құрастырған Владимир Даль жинақтаған екен. Владимир Дальдің жай-жағдайын тектеген Өзбекәлінің суытпай ұстайтын жылы орыны осы кітапхана. Даңғайыр тарихшы В.Бартольдтың Түркістан жайында жазылған әбден көнерген, жиегі жемірілген кітабын сүйсініп оқиды. Онда бір жағы Россия мен Қытай, бір қиыры Ауғанстан жеріне дейінгі ұлы Түркістанның әр кезеңдегі мол тарихы қамтылған. Өзі туып өскен Отырар жайында да бірсыпыра дерек бар болып шықты ғалым еңбегінде. Отырар қандай мәдениеті гүлденген қала болған десеңізші. Бартольд еңбектерінде кездесетін небір қызықты мәліметтер бала Өзбекәліні тарих қойнауына тереңдетіп ала жөнеледі. Массон, Бернштам еңбектеріне бастайды. Бернштам Бартольдтің шәкірті секілді. Енді бірде Брокгауз, Эфрон энциклопедиясына бағыттайды ынталы баланы. Өйткені, ұлы тарихшының тырнақалды еңбектері, арнайы мақалалары XIX ғасырдың аяғында, XX ғасыр басында жарық көрген осы классикалық энциклопедияларда жарияланған екен. Қазақтан шыққан алғашқы оқыған қыздардың бірі, «Әйел теңдігі» журналын бірсыпыра жыл басқарған Сара Есова кітапхана директоры. Айқайлап сөйлейтін,

адуын Сараға арнайы кіріп әлгі энциклопедияларды қайдан табуға болатынын сұрағаны бар. Студент бала жанарындағы отты байқады ма, қайраткер қыз «Рұқсат етер болса, мына жанымыздағы парктің ішіндегі музейде сол көне кітаптардың жұрнағы жүрер еді. Барып көргін. Кіргізбесе, келіп маған айтарсың...»-дегені. Орыстың бұрынғы шіркеуі. Атақты архитектор (сәулетші) Зенков салған шіркеу. Ғажайып ғимарат. Өзі қаншама рет тамсанып жүріп, тамашалаған музей. Музей тарихы да Владимир Дальге барып тіреледі екен.

В. Дальге алдымен осы кітапхана үшін қарыздар сезінсе, екіншісі осы музей үшін. Қазақтың тұңғыш Өлкетану музейін Орынборда ұйымдастырып, экспозициялап жасаған адам Владимир Даль болып шықты. Қалай риза болмассың!? Музей кітапхана емес әрине. Музей басшылығы студентке кітапханамен танысуға рұқсат бермеді. Сара апайы қолында істейтін жас кітапханашысы Нәзира Дәулетованы қосып берді. Нәзира Сараның сәлемін алып барып, студентті «Орталық музейдің» жабық кітапханасына кіргізіп кеткені есіне түседі.

Бару, көру, аралау, сарылып оқуды дағдысына айналдырған кітапхана, музей – оның студенттік шағының мазмұн байлығына осылай айналады. Бүгінгідей емес, ол кезде Алматыда бір ғана музей бар. Ол – орталық парктің ішіне жайғасқан «Қазақ ССР мемлекеттік өлкетану орталық музейі». XIX ғасырда ішкі Ресейден келген қиялы жүйрік, қолы ұсынықты ғажайып архитектор Зенков бір шегесіз ағаштан қиып салған тамаша ғимарат. Кітапхана да көп емес, парктің іргесіндегі XIX ғасырда салынған, сүйегі ағаш ғимарат. Ол кезде оқу орнында жастарды өнерге баулу дәстүрі бар. Жалпақ бет, қалың қасты шойғара азамат, тамаша актер Қ.Бадыров жетекшілік ететін өнер үйірмесі жұмыс істейді институт жанында. Ол студент жастар арасынан талаптыларын іріктеп жазушы Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы бойынша әуесқой спектакль дайындалып, онда бала Өзбекәлі Мылқаудың ролін ойнайды. Қапан Бадыров Өзбекәліден болашақ артисті көрген бе, әйтеуір дарама театрына ертіп алып кетіп, жалпы сахнаға (массовка) қатыстырады. Педагог Лев Семенович Брук студентті үйіне шақырып, дауысын қоямын деп әлекке түсіпті. «Сіз менен опера әншісін шығармақшысыз ба?»-деген сұрағына, ұстазы Брук: «Қымбаттым менің, болашақ мұғалімнің дауысы болмаса, одан қандай ұстаз шықпақ?-деп жауап беріпті педагог маман. Осының баршасында өз ісіне мейлінше адал алғашқы жанымен ағартушы педагогтардың плеядасы келіп шығады. Студент Өзбекәлі, сонымен қатар, Борис Александрвич Орлов, Валентина Сергеевна Пирогова, Асқар Тоқпанов есімдерін зр құрметпен еске алады өзінің «Тағдыр тағылымы» (29 бет) қызықты мемуарында. Жалындап өсіп келе жатқан жасқа драма театрында «Ақан сері Ақтоқты» спектаклінде елеусіз ролді алып барып жатса да Серке Қожамқұлов, Әбікен Хасенов (күйші Әбекең драма театрында қызмет еткен.), Камал Қармысовтың театр өнері жайынан не бір сүйсіністі әңгімелерін тыңдауының өзі не тұрады, құдай-ау?! Үлгерім үздік, тәртіп жақсы, айтулы студент, сөйтіп жан-жақты өнер, білім, ғылымға баулынады. Жайшылықта жиі айтатын, бірақ іс жүзінде іс-тәжірибеден алыстап кеткен эстетикалық тәрбие дегеніңіз де осы болса керек. Ол кезде студенттерге мамандығына қарамай, кешенді білім, кешенді тәрбие беру әлі іс-тәжірибеден ығысып шығып кетпеген секілді.

Бір қызығы Өзбекстанда ол жылдары татар мектептері көп болыпты. Ол мектептерді салдырған татардан шыққан атақты меценат – Ғанибай. Ғанибайдың Қазалы қаласында тұрған үйі де бір керемет. Оның үстіне Қазалыда алғаш зауыт салған да осы Ғанибай. Іргедегі Өзбекстанның әсері ме, Қазақстанның оңтүстігінде

мектептерде «Алтын орда тарихы» пәні жүріп келгені бар. Шымкентте ол кезде бары үш ғана мектеп. 1937–38 жылға дейін бірі Ахмет Байтұрсынұлы, бірі Ғани Мұратбаев атын, тағы бірі – Л.Мирзоян атын алып жүрген. Әрине, бәрі өзгерген... Бірі Советтер Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев атында... Тарих факультетінің студенттеріне сол кезгі Қазақстанның бетке ұстар әдебиетшілері сабақ береді. Ол аз болса, Бадыров, Тоқпанов, Пирогова, Орлов, Брук түрлі өнерпаздық үйірмелер жүргізеді. Олар да театрда, филармонияда дарын қуатымен танылып, халықтың құрметіне бөленген айтулы артист, музыкант емес пе?! Күнкөріс үшін вокзалға барып, вагон-вагон сексеуіл, бола қалса көмір түсіруі – еңбек тәрбиесі, өмір сабағы ғой. Әл-Фараби айтатын тәрбиесіз берілген білім адам баласын бұзады-деген қағидаңыз да осы жерде төбе көрсетеді.

Әл-Фараби демекші, Өзбекәлі Жәнібегіңіз «соғыс жылдарында дұрыс білім ала алмаған едік»-дейді назаланып. Сөйте тұра, Отырардан Алматыға оқуға келгенде әл-Фараби жайында білім-білігі мол өспірім болып шығады. Абай атындағы педагогикалық институтта қатар оқып, кітапханада танысып, сол жылдары-ақ айырылмас дос болып кететін, математика мамандығының студенті Ауданбек Көбесовке сол кездің өзінде Фараби жайында көп мәлімет берген екен. (Ауданбек Көбесовтің естелігі бйынша). Ал, біз Фарабиді қазақ жерінде тануды 1973 жылы, туғанына 1100 жыл толуымен байланыстырамыз. Оған дейін Фарабидің Өзбекстанда «өзбек ғалымы» райында әбден танылуын, Григорянның «Орта Азия философтары», М. Хайруллаевтың «Философское мировоззрение әл-Фараби» секілді тереңдеп зерттеп, еңбек жазғанын қаперге ала бермейміз. Өзбекәлідей Өзбекстанмен жапсарлас ауыл баласының әл-Фараби жөнінде бірсыпыра білім қорымен келуінің сырын да осы қиырдан іздеу керек шығар әсілі. Әрі осы бір дерек бізді ойға қалдырады. Шамасы, Өзбекәлі Жәнібек жүре қалыптасқаннан гөрі, туматарихшы болып тұр ма, қалай өзі?!

Бүгінгідей емес, ол кезде оқу орнында жастарды өнерге баулу дәстүрі бар секілді. Тамаша актер Қ. Бадыров жетекшілік ететін үйірмеде Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы бойынша әуесқой спектакль дайындалып, онда бала Өзбекәлі Мылқаудың ролін ойнайды. Үлгерім үздік, тәртіп жақсы, айтулы студент. Ол, кешегі ҚазПИ, бүгінгі Абай атындағы Алматы педагогикалық университетінің түлегі. Осылай жетімдіктен кетіле-кетіле жүріп жетілген. Қаршадайынан жетім қалып, тағдыр тауқыметін көріп, жоқтың парқын, бардың нарқын біліп, жетімдіктен жетілген – Өзбекәлі Жәнібек!

Жастарға көсем болған

Өзбекәлі Жәнібектің еңбек жолы бұрын болған, бүгінде жоқ, (жақында қалпына келтірілді) Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданынан бастап арналанады. Пионер жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің бастауыш жастар ұйымының жетекшісі, аудандық жастар ұйымының хатшысы, екінші, бірінші хатшысы... Балаларға жақын болыпты, күй талғамапты, уақытын аямай, бала бақытын аялауға барын салған, сабақтан тыс уақытта тал тіктірген, мектеп айналасы, ауыл-аймақты жасыл желекке көмкерген, ол ағаштар күні бүгін «Жәнібеков теректері» аталады. Соғыстан кейінгі жылдардың рудан, руға бұрудан аман аудан ағалары Ә. Жылқышиев, К. Ысқақов қинап көндіріп, аудан жастарына жетекші еткен уақытында өспірім Өзбекәлі Жәнібекті.

Аудан аты облысқа жетті. Жастар жетекшісі облыстық жастар ұйымына хатшылыққа шақырылды. Хатшы, бірінші хатшы. Облыстық комсомол комитетін басқаратын, жетім балалар үйінде тәрбиеленген хатшы Владимир Байжанов Өзбекәлі бойынан жалындаған жалын көреді. Орысша айтсақ «детдомист» еді. Тағдырлас тұту да бар шығар. Жантартып жақсы көреді, білгенін айтып тәрбиелейді. Партия жұмысына ауысқанда орнына Өзбекәліні ұсынады. Аты бар да, заты болымсыз жастар ұйымы Өзбекәлідей жалын жетекші арқасында облыста жетелі күшке айналады. Жалындап шығып КИМ жетекшілігіне дейін жеткен Ғаниға (идеалы) облыста ескерткіш қойғысы келеді. Облыстың орыс нәсілді басшысы қарсы. Қазақ жастарын партия мал бағуға шақырады. Жастар жетекшісі «Бабасының сорына біткен қой бағу – қазақтың баласының маңдайына сүртсе, сүрсе кетпейтіндей болып жазылып па? Жақсы болса орыс нәсілді жастар неге қой бағуға бармайды? Қазақ жастарын оқу-білімге бағыттауымыз керек. Ең болмаса өндіріске жіберу шарт. Көзі ашылады. Өмір көрсін. Қалалық мәдениет үйренсін!» – деп қарсыласып бағады. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып басқарған Макаров (М.Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы Карповтың түп-тұлғасы.), кейіннен Ливенцов жастар жетекшісіне үрке қарайды. Алдына керме тарта бастайды. Жолына кедергі бола бастайды. «Ескерткіш соғатын сенің Ғаниның Ленин бе еді?» – дейді олар. «Жалындап шығып жастарды өнер-білімге үндеген. Аз ғұмырында КИМ жетекшілігіне дейін жетіп, құйрықты жұлдыздай ағып өткен Ғани бір қазақ жастарының емес, бүкілодақ Лениншіл коммунистік жастарының идеалы. Оған Шымкентте ғана емес, Мәскеуде қойылуы керек ескерткіш!» – дейді Өзбекәлі. «Ғани ескерткішіне қаражат жоқ» – дейді олар. «Сенбілік жасаймыз. Жастардың өздері-ақ жинап береді керек қаражатты» – дейді Өзбекәлі. «Кімге құйдырмақшысың, ескерткішті комсомол?» – деп кекетеді партия жетекшісі. «Ғанидың ескерткішін мүсіндеуге Лениндік сыйлықтың лауреаты Вучетич лайықты» – дейді көп жайдан хабардар комсомол жетекшісі. «Ха-ха, сен де айтасың комсомол. Сарыағашқа, не Шардараға апарып қой ескерткішіңді...» – деумен тынады партия жетекшісі. Ескерткіш жасау идеясы жалғаса береді. Аяқтан шалу ісі асқындай береді. Жас талап тасқындай береді.

Ой бағуға жарар қанаттасым деп сенген Айтбек досы (Мұсаев) қой дегенін тыңдамай қой бағуға аттанады... Облыстық партия комитетінің алдында мысы басылғандай болып іші үілдеп қала береді Өзбекәлі Жәнібек. Жастардың жыртысын жыртып, сойылын соғып қырғи қабақ болып жүргенде сағын сындырып кеткендей болады жастар ұйымының белсендісі. «Отырардан шығып ой бақпай, қой баққан азамат болып енерсің тарихқа!» – дейді іні-досына.

Отызыншы жылдардың содырлы сойқандары – 1932–33 жылғы халықты қынадай қырған қолдан ұйымдастырылған аштық, 1937–38 жылдардағы қазақтың ұлт үшін ғұмыр кешкен кетпен тұяқ кемеңгерлерінен тартып іске татыр азаматын қанды қырғынға ұшырату, түтіні шалмаған түтін қалмаған Ұлы Отан соғысы аталатын қан-қасап соғыс – қазақ жастарының рухын жойып жібергенін жастар жетекшісі жақсы білді. Тіпті соғыс зардабынан қазақ жеріне депортацияланған шешен, месхет түркі, қарашай, грек, поляк, неміс ұлт өкілдерінің адымды алшаң алып, қазақ жастарына «болашақ қойшы» райында қарай бастағанына күйінді. Жалған «интернационализм» девизимен ұлттық рухтың басылған үстіне басыла түскенін көріп, біліп, жадына түйіп өсіп келеді өзі де. Білгендіктен де басты мақсатым – қазақ жастарын ояту, ұлттық рухта ширықтыру, намысты етіп тәрбиелеу деп ұқты облыс жастарының жалынды да ойлы жетекшісі. Сол үшін де алған бетінен қайтпады.

Алматыға шақырылды. Алдымен республикалық Жастар ұйымының қатардағы хатшысы, сосын бірінші хатшы. Тағы да сол ұстаным. Қайтсек қазақ жастары рухын оятамыз? Қазақ жастары неге қой бағуға тиісті? Қазақ қыздары неге трактор айдауға тиісті? Олардың сыбағасына өнер-білімнің бұйырмағаны ма? Ең болмаса дүниеге көзін ашар, өзге ұлт жастарымен араластыра, еңбек көрігінде шыңдар өндіріске жіберсек ше? Жастарды отансүйгіштік сезіміне қалай баулимыз? Білімсіз қараңғы жастың Отансүйгіштік сезімі орнықты бола ала ма? Қазақ жастарының есесі неге кете береді? Одаққа кең танылған Ғанидайын тұлғасы бар Республика Жастар ұйымы жетекшісі неге Орталықта Бюро мүшесі емес? Неге Мәскеуде Ғаниға ескерткіш жоқ? Ғанидың қайда жерленгенін білетін кісі бар ма, сірә?

Ол дереу комсомолдың «Ардагерлер кеңесін» құрды. Оны Шәріп Өтеповке басқартты. Мәскеуге – Мильчаковқа хат жазды. «Сіз Ғанимен қанаттас қызмет еткен шәкіртісіз. Қалай ойлайсыз КИМ жетекшісі болған Ғани Мұратбаев бүкілодақ өресінде неге аталмайды? Неге насихатталмайды? Ғанидың бүкілодақ деңгейінде насихатталмауы, оның тарихи еңбегі айтылмауы – КИМ (Коммунистік Жастар интернационалы) тарихына нұқсан емес пе? Көзін көрген қанаттасы, әрі шәкірті Сіздер намыстанбайсыздар ма тарихи әділеттіліктің бұрмалануына?» Республика Жастар ұйымының жаңа жетекшісінің Бүкілодақтық комсомол ардагерлеріне қояр сауалы осылай-осылай шықты. «Ардагерлер кеңесі» арқылы Ғани шәкірті, профессор Бейсембай Кенжебаевтың сақ архивінде сақталған екі суретті қолқалап сұрап алды. Бірінде КИМ жетекшісі Ғани Мұратбаевты ақырғы сапарға шығарып салу қаралы рәсімі. Қаралы жиынды қазақтан шыққан марқасқа, тұңғыш елші-дуан, көп тіл білген білімпаз түрколог Нәзір Төреқұлов басқарып жүргізіп тұр. Ғанимен қоштасуға келген мәскеуліктер қара нөпір. Екінші суретте Ғанидың топырағы кеппеген зираты. Көздеріне жас алып Жүсіпбек Арыстанов, Бейсембай Кенжебаев, Өтебай Тұрманжанов, Бақытжан Мұратбаева... Бәрі де өрімдей жастар. Давид Шумиловичқа құйғызған Ғани мүсінін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысымен қидаласып жүріп ақыры Шымкентке – Пионерлер сарайының алдына қойдырды. Кіндік қаны тамған Қазалыда, қызмет еткен Ташкентте Ғани Мұратбаев музейін жасатты. Ғани арқылы – қазақ жастарының өшкен рухын қайта оятты. Бір қызық бар. Өзі айтар еді, Ғани Мұратбаевқа Қазақстанда – туған жерінде музей ашудан, Ташкентте – «Түркістан республикасы» орталығы болған Ташкентте – қызмет еткен жерінде музей ашу үлкен түсіністікпен, өте жедел ашылыпты.

Қос суретті қолына алған ол Бүкілодақтық лениншіл жастар ұйымының жетекшісі Павловқа телефондады. Мәскеуге келгенде кіріп шықты. Көлденең тартары бір сұрақ: «Кезінде КИМ жетекшісі болған қазақ Ғани Мұратбаев неге одақтық деңгейде ардақталмайды? Қайда жерленгенін, зиратын неге білмейміз? Комсомол архивінен Ғани зиратын табуға көмектесіңіз!» Бұл жолда сарсыла ізденді Жастар жетекшісі. Ғани өмірінен мақалалар жазып жүрген қаламы жүйрік журналист Сейілхан Асқаровты Мәскеуге аттандырды. Ұзақ жылдық саяси құғын-сүргіннен жаны тоналып, сүдіні сүйретіліп жеткен Жүсіпбек Арыстановты, Шәріп Өтеповты, Бақытжан Мұратбаеваны алып бірге ұшты Мәскеуге. Ақыры Ғанидайын құйрықты жұлдыздай ағып түскен бозымның зиратын тапты, сол кездің даңқты мүсіншісі Давид Шумиловичке мүсінін құйғызды, Е.Тяжельников бастаған одақтас республика Жастар ұйымының басшыларын қатыстырып қаралы рәсім өтті салтанатты түрде. Оларды сөйлетті. Одақтық баспасөз шулап жазып жатты.

Сөйтіп жүріп Қазақстан лениншіл жастар ұйымының Орталық Комитеттегі орнын анықтады. Республика басшысы Бүкілодақтық лениншіл жастар ұйымының бюро мүшесі болып сайланатын болды. Мұхамедқасым Шәкеновті ВЛКСМ аппаратына қинап нұсқаушы етіп жіберді. Республика Жастар ұйымына арнайы ғимарат салдырған, жастарды ғани рухымен оятқан, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын белгілеген (оның тұңғыш иегері – мәңгі жастық жыршысы – Саттар Ерубәев), «Сазген», «Шертер», «Адырна» саз аспапты ансамбльдер ұйымдастырған, кексе ақын-жазушыларды шақырып (С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев) талантты жастардың (Т.Молдағалиев, О.Сүлейменов, Қ.Мырзалиев, С.Жүнісов, С.Мұратбеков) шығармаларын талдатып жолын ашқан, жастар сыйлығына ұйғарған, Композиторлар одағына мүшелікке қабылдамаған Шәмші Қалдаяқовқа Жұбан ағасын (Молдағалиев) алға салып сөйлетіп Жастар ұйымының сыйлығын алып берген, жастардың екпінді құрылысын ашқан, Көктөбеде ашық аспан астындағы музей бағдарлаған, (көп-ақ), сөйтіп жастарды рухани түлеткен Өзбекәлі Жәнібек!

Жастар газеті – «Лениншіл жастың» сол жылдардағы тігіндісін парақтасаңыз Республика Жастар ұйымының жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек бастап күн санап атқарған өскелең істердің шежіресіне куә боласыз, күн сайын жастар ынтасымен ашылып жататын, ашылып жататын жаңалыққа қайран қаласыз. Сондай материалды қайта оқыған жастар газетінің сол жылдардағы бас редакторы Шерхан Мұртаза: *«... Кәдімгідей жаным жадырап, сағынып қалған ұстазымды қайта көргендей, әлгі бетті қайта-қайта оқыдым. Ол бізден сонда бір-ақ жас үлкен екен ғой.»* («Егемен Қазақстан» 21.XII. 2006 ж.) –деп ұстаз тұта, таңырқай сағына жазды Өзекең туралы. «Өзекең шәкіртіміз» –деген сөзді бір ғана жас кіші қайраткер Қаратай Тұрысов та қайталай-қайталай айтумен өтті.

Отызыншы жылдардың өн бойында Сарыарқада тұмысы саха азаматы, коммунист Максим Кирович Амосов өлкенің бірінші хатшысы болып қызмет жасаған. 1932–33 жылдары қолдан ұйымдастырылған аштық салдарынан арып, ашып, аштан қырылып шыққан арқа қазақтарының әупірім тәңірмен аман қалғандарының басын жинап тіршілікке бетін бұрған әлгі азамат. Ленинград обкомының бірінші хатшысы С.М.Кировпен өндірістік байланысқа шығып, зиялы Ленинградтың тікелей қамқорлыққа алуының арқасында Қарағанды үлкен өндіріс ошағына айналған еді. Бұл күнде Қарағанды іргесі кеңейген үстіне кеңейіп өндірістік алыпқа айналған. Қарағанды қасынан темір өндіретін Теміртау да өндірістік алыпқа айналудың жолына түскен. Атын Теміртау деп Қазақстан үкіметін он үш жыл басқарған Нұртас Оңдасынов қойған қаланы түлету – жастар міндеті.

Қазақстан үкіметі Москва «батасымен» бастап, халыққа үндеу тастаған Теміртауды көтеру – Республика Жастар ұйымының жетекшісі Өзбекәлі Жәнібектің еншісіне тиген бір ұлы міндет. Алдыңғы толқын ағайыны Алтынбек Дәрібаев (Кейін Социалистік Еңбек Ері) металлург болып істейтін Теміртауды Өзбекәлі жасынан біледі. Республика Жастар ұйымының басына келген соң барып, зерттеп танып, білген үстіне біле түсті. Теміртау жөнінде Өзбекәлінің білім, білігін молайта түсуде Алтынбек Дәрібаевтың айтқаны аз болмады.

Теміртауда Магнит құрылысы қарқын алып, зауыттар жұмысы жанданып жүре берді. Ол кәсіп үйренсін деп қазақ жастарын өндіріске жолдама беріп шығарып салуды ұйымдастырды. Лек-легімен келетін қазақ жастары Теміртауға тың тыныс берді. Республика Жастар ұйымының бағыттамасымен Теміртауға келген жас азаматтың бірі – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын.

Өзбекәлі Жәнібек коммунистік партия тарапынан айтылатын үндеуге республика жастарын тоғытып жіберіп қойып, олардың келешегіне бейтарап қарап отыра беретін басшыдан емес-ті. Жастар ұйымына қарасты «Лениншіл жас», «Ленинская смена» газеттері басшыларымен ақылдасып, оларға өндірісте жақсы қалыптасып еңбек табысын еселей түскен жастарды газет бетінде жарқыратып көрсетіп отыруды мықтап тапсырды. Бұған басқа емес, Шерхан Мұртазаның Теміртауға арнайы барып, өндірістегі жұмысшылар, болат қорытушылар өмірінен отты да ойлы очерктер желісін жазып оралғанын, ол очерк кейіпкерінің бірі – жас метал балқытушы Н.Ә.Назарбаев болғанын айтсақ та жетіп артылар.

Өзбекәлі Жәнібектің мұратының асылы – қазақ жастарын оқыту. Оқымаған күнде, өндіріс ошақтарына барып, жұмысшы болып сапқа тұрған, еркінен тыс ұйымдасқан шопандар бригадасына ұйысып, мал баққан, өнеркәсіп орнына барып жеңіл өнеркәсіпке баулынған бозбалалар мен бойжеткендердің бірыңғай ауыр жұмыспен жүріп, еңбекпен езіліп шағылып қалмауын, керек болса, олардың уақыт тауып өзін жан-жақты жетілуін қалады, қадағалады. Сол себепті де сырттан ақын-жазушы, әнші, күйші, композиторды жүйелі түрде әсіресе партиялық шақыру, Жастар ұйымы арқылы үндеумен ұйысқан ұжымдарға жүйелі түрде жіберіп отыруды тапсырады. Өзі де тікелей араласып, көгентүпте жастарды эстетикалық тұрғыдан жетілдіру мәселесіне ерекше зер салып, бақылаудан бір танған емес. Мәселеде елгезектік танытқан ол сонысымен де Жастар жетекшісі де!

Жастар ұйымының жетекшісінің бұл жетелі ісін бір ғана аяулы композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірге ән әкелу тарихы ізімен бақыласақ та біраз жанашырлыққа қанығар едік.

Жастықта сайран-сауықты басынан көп кешкен Шәмшіні Өзекең әр кезде әрқалай тұра жолға салып, түрлі шығармашылық сапарларға қосып отырыпты. Шәмшінің «Сыр сұлуы» Қызылорда сапарында, күрішшілер арасында солай туған. «Ақ ерке – Ақжайығым» – осындай іссапармен Атырауға жіберілген жолы оңынан туған. Теміртауға жіберген сапарынан ән, Торғай сапарынан ән... Күйсіз жүрісінің сырын сұрағанда ұлы композитор жалтарып, «ән жазатын аспабым жоқ, әркімнің үйіне барып, саз аспабына әнімді оранжировка жасаймын» – деген сылтау айтып жалтарып бағыпты. Талантын аса жоғары бағалайтын Жастар ұйымының жетекшісі дереу туған ауданына (Отырар ауданы) тапсырып, композитордың жалтарма тілегін шындап жүзеге асырып қамқорлық жасапты.

Жастар ұйымы жас жұмысшының (Н.Назарбаев) да, жас шопанның да (А. Мұсаев), жас композитордың да (Ш.Қалдаяқов, А.Молодов), жас ақынның да (О.Сүлейменов, М.Шаханов), жас әншінің де (Е.Хасанғалиев, Н.Нүсіпжанов), жас суретшінің де (Усачев) бәрі-бәрісінің сыртынан бақылап, қамқорлық жасаумен болыпты.

Өзі өзге қызметке ойысып бара жатып орнына Оңтүстік Қазақстан облысы комсомолының бірінші хатшылығына – Қ.Тұрсынқұловты, Республикалық Жастар ұйымының бірінші хатшылығына – Н.Ә.Назарбаевты, Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне – Ә.Кекілбайұлын ұсынуы, өзін Орталық комитет хатшылығына шақырғанда, шақырылған орынға К.Смайыловты ұсынуы – жастардың еңбегін, дүниетаным ой өрісін сыртынан бақылап, жазғаны болса – үзбей оқып отыратын, ешқандай қызметті де соңынан ілескен жастардан қызғанбай, ең бастысы «ана жақ», «мына жақ», «ана ауыл» «мына ауыл» деп бөліп жармай, баршасын ішке бүккен мейіріммен құшағына тұтас қысып, ақ еден алғаусыз көңілден сүйе білгендігін көрсетеді. Өзбекәлі Жәнібек бұл жөнінен рухани ұстаз тұтқан асыл адам Ілияс Омаровты пір тұтқан, ізбасары деп ауыз толтырып айтатындай азамат өтті өмірден.

Ал, өнер десе ішкен асын жерге қоярлық, біліп, танып қамқорлық жасайтын білікті басшы, жас өнерпазды қанаттандырмай, толыстырмай тынбайтын табанды шынайы тәрбиеші басшы болғаны жалпақ жәмиғатқа кеңінен мәлім. Өзі жолдамамен жіберген Атыраудан «Ақжайық – ақ еркем» әнін жазып оралған Шәмші Қалдаяқовты ізін суытпай «Қазақ ССР-нің халық әртісі» атағына ұсыныпты. (Түрлі себеппен ұсынысы өтпей қалған.). Олжас Сүлейменовті Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынған да осы Өзекең екен. Айта берсе мұндай көшелі қамқорлық, дарынды жастардың жолын ашу, қанатын қомдау Өзбекәлі Жәнібек өмірінің басты мұраты!

Сондай жас азаматтың бірі, кейінше қазақ өнеріне аянбай қызмет еткен дарынды өнерпаз – Қазақтың мемлекеттік хор капелласының көркемдік жетекшісі, бас дирижері А.Молодов. Шымкенттен келген қонағын мәдени күтіс түрінде концертке алып барған Өзекең капелладан кейбір өресіздікті байқайды. Өресіздік те болмауы керек, қазақ әндерін эстетикалық талғаммен саз үйлесіміне түсіре мәнерлеп сүйемелдеуден кетсе керек кінарат. Ертеңіне Анатолий Васильевичке хабарласып, шақырып әңгімелеседі Өзекең: «Бәлкім саған, Толя жұрттың құлағын хор-а капелла жанрына үйрету үшін әуелі танымал халық әндерінен бастап, ораторияға дейін бірте-бірте алмассаң дұрыс болар»- деген салауатты пікір айтады. «Халық әндері» дегеніміз, қазақтың жан сарайының жанды көрінісі, ұлттық болмысы. Хор капелласын қалай қарай бағыттап отырғанын байқарсыз.

Алғашында негізінен халық әндерін орындап, кейіннен бірте-бірте симфониялық оркестрмен қосылып айтуды талап ететін күрделі туындыларды игерген хор капелласы шығармашылық жағынан қарыштап өсе бастапты.

Белгілі бір уақыттан кейін толыса бастаған сәтінде Хор капелланың шығармашылық бет-бағдарын талқылау үшін Жастар ұйымы жанындағы көркемдік кеңеске жиналады мамандар. «Көркемдік кеңестің» талабына орай сыншылдық тұрғыдан талдайды. Сынға шікәмшіл мінез көрсеткен А.Молодовты бірінші хатшы сабасына түсіреді сынның қандай да өнер ұжымын өсіретінін айтып. Достық сынға достық шырай жарасатынан айтады.

Әрі қарай қарыштап өсіп келе жатқан өнер ұжымының басшысына өзінің тілегін айтады: «Осы бір талқылаудан кейін хор капелласының басшылығы оның концерттік бағдарламасын қайта қарап, оған ойнақы, сергек айтылатын «Он алты қыз», «Сәулем-ай», «Ақтамақ» сияқты әндермен қатар, жоғары кәсіби орындаушылықты талап ететін Мұхиттың «Айнамақ», Әсеттің «Інжу-маржанын», ұлттық (авт.) классика мен халық әндерінің басқа да үздік үлгілерін, Кеңес Одағы халықтарының әуендерін, Қазақстан композиторларының шығармаларын енгізді,-деп жазды Өзбекәлі Жәнібек өзінің «Тағдыр тағылымы» автобиографиялық жазбасында. – Бірде мен Молодовқа қазақтың халық күйін де, мәтіні жоқ демесеңіз ол да әуен ғой, хор-а капеллаға түсіруге болмас па екен дегенді айттым. Халық шығармашылығын игерудегі мұндай ыңғайтабасты ол қызу қолдап, іске кірісіп те кетті. Сөйтіп, Құрманғазының «Ақпай» күйін хор капелласы орындайтын болды.

Мені алдын-ала тыңдауға шақырды. «Аа-м», «Аа-м», «Ым-м» болып қайталана беретін дыбыс маған мүлдем ерсі, тіптен дөрекі болып естілді. Ауызды ашпай «М-ым», «М-ым», «М-ым» деп көмеймен орындаған дұрыс болар деген едім, шынында да ұнамды болып шықты.

Құрманғазының «Ақпай» күйі осылайша хор капелласының орындауында қайта дыбысталған еді.

Бұл жайлы Ілияс Омаров «Советская культура» газетіне мақала жазып, күйдің хор-капелла жанрына түсірілуін қазақ өнерінің жаңа табысы ретінде жария етті...»

Жас өнерпаз ұжымды Жастар ұйымының жетекшісі қалай-қалай талдап, қалай-қалай мамандар талқысына салып, сын тезі арқылы өсіреді десеңізші! Кәсіби мамандар пікірі өз алдына, жас өнерпаз ұжым концертіне күнде қатыса отырып, өзі байқаған кемшіліктерді кәсіби емес Жастар ұйымының жетекшісі қалай бақылап, қалай байқап, дұрыс бағдар беріп, даңғыл жолға қалай салады десеңізші! Музыканың ішкі иірімдеріне дейін таным білігі еркін жетіп отырған Өзбекәлі Жәнібекті мансабын малданған «шарлатан» деп сірә да атай алмайсыз. Сонда қалай, Өзбекәлі Жәнібектің музыкалық білімі болғаны ма?

Өзекеңнің аяулы анасы әнші де, биші болған кісі. Генетикалық «сауаттылық» дейік мұны. Сосын Абай атындағы педагогикалық институтта оқып жүрген студенттің дауысын орнықтырамын деп әуреге түсетін пианист Лев Семенович Брукты да осы ыңғайда еске алуға болады. Сәл болмағанда Өзбекәлі Жәнібектен опера театрының әншісін даярлап шығара жаздаған ғой, аяулы өнерпаз. Ең бастысы – өзін-өзі жетілдіру! Тағдырдың жазуымен қызметінің өсуіне орай, өскен қызметтің талабына орай, сан-салада өз білімін кәсіпқой деңгейіне дейін көтеріп, білімін шыңдаумен жүрер еді, Өзекеңдей дарабоз. Өз басымыз бірде оның столы үстінен Н.Туманинаның «Чайковский путь к мастерству» (Издательство Академии наук СССР. Москва 1962)-аталатын, ауқымды (41 б.т.) 5200 таралыммен жарық көрген таза ғылыми кітабын, тағы бірде «Евгений Онегин» операсын талдаған музыкатанушының талдама еңбегін көрген едік. Музыка жанашыры Өзбекәлі Жәнібек өзін-өзі жетілдіруге пайдаланған Н.Туманинаның зерттеу еңбегі кейін біздің Түркістандағы «Түрік тілдес халықтар кітапханасына» келіп түсті. Өзбекәлі Жәнібек жеке кітапханасы атынан. Өзге кітаптар қабатында Өзекең сызып оқыған еңбектің бірі – діндар философ Н.Бердяевтің «Самопознания» аталатын философиялық еңбегі де бар...

Әңгіме аяңдап Мәскеуге бара жатыр. Ойға алғанын орындатпай тынбайтын табанды, ұлт намысына келген қиып түсер өткір, отты азамат Жастар жетекшісі райында республикада қолдау көрген де шығар-ау, көрген қолдауынан гөрі етектен тартып, етекбастылыққа көбірек салғаны байқалады, қайран азаматты. Еліміздің өз ішінде көрмеген сүйеніш сүйсіністі, өз ортасынан таппаған таяныш тіректі көбіне Мәскеуден – Бүкілодақтық Жастар ұйымынан, оның әр кезде жетелі жетекшісі бола білген С.П.Павловтан, Е.Тяжельниковтан, Б.Пастуховтан тауып отырыпты. Үлкен-кіші басшыларға қарсы айтар өткір сөзі, республикадағы кемшіліктер туралы қиып түсіп айтар ақиқатшыл үні жақпай, қызметін жоғарылату орнына төмендету, тұқырту орын алған кездері 1962–70 жылдары москвалық басшылары қорғап қалғанын кейін есітіп білдік. Бүкілодақтық Жастар ұйымының бюро мүшесі Өзбекәлі Жәнібекті қаны бір, жаны (жан-дүниесі) бөлек, партиясы (коммунистік партия мүшелері) бір, парасаты басқа партияластарынан қорғап бағыпты. Олар кімдер?

С.П.Павлов кейін ірі-ірі қызметтер атқарған, М.С.Горбачев босаңсыған сәтте «ГЧП»-ны ұйымдастырушының бірі, Е.Тяжельников КПСС Орталық комитетінің Бөлім меңгерушісі, Б.Пастухов – көркем шығарманы танып талдайтын әдебиет сыншысы («Строгая литература» кітабы үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты), РФР Сыртқы істер министрінің орынбасары, РФР-дің сырт елдердегі елшісі, күні бүгін Швейцарияда тұратын, өз елінің, өз мемлекетінің қорғаны бола білген қорабалы азаматтар. Айтқандай, Өзбекәлі Жәнібек республикада тәрбиелеген шынайы шәкіртінің бірі Г.А.Рудов та РФР-дың Сыртқы істер министрінің орынбасары, сырт елдердегі (Лаос, Қырғыз Республикасы) елшісі қызметтерін атқарып, еліне оралды. Москвада есен-сау тұрып жатыр. Біздің өтінішімізбен «Не стало друга...» атап естелік жазып берді. Өзекеңдей бар ғұмырын жастар тәрбиесіне ақ, адал

арнаған тәрбиеші қайраткердің «шинелінен шыққан» шәкірттері жайында дербес әңгімелеген абзалы...

Өзбекәлі республика жастарын бастап шетелге шығарда Орталықта (Москвада) «Халық әнін тыңдамайды. Домбыраны қалдыра салған жөн. Эстрадалық ән жетеді» – депті Орталық комитет хатшысы. Домбыра Москва түгілі Қазақстанда да қадірі қашып «халық жауына» айналып тұрған бір күйсіз кезең еді. Шұбар хатшы (Н.Жанділдин) «екі ішек, бір таяқ» атап, қадірін кетірген. «Егер біздің қазақ жастары шет елге домбыраны алып шығып, халық әнін айтпас болса, мен пресс–конференция беремін де, лениндік ұлт саясатының бұрмаланғанын айтамын-айтамын, сөйтемін де жастарымды алып қайтамын, өздерің барыңдар шет елге!» – дейді тікіленіп республика жастары жетекшісі. Амалсыз көнеді шарасыз Мәскеу... Дүниежүзі студент жастары фестиваліне қазақстандық делегация бастап барған Өзбекәлі Жәнібек: «Әрбір ел, әрбір республика жастары сол республика ұлттық дәстүр ерекшелігінде тәрбиеленсе жан байлығы мол, жан-жақты дамыған кемел патриот болып өседі» – деп биік мінберден Софияда ұлттық рухта сөз сөйлепті. Кейін тамаша әдебиет тарихшысы, Социалистік Еңбек Ері, академик Д.С.Лихачевтың теледидардан: «Советтер Одағы өз территориясында өмір сүрген көптеген ұлттардың жойылуына жол берді. Табиғатта басы артық ештеңе де болмақ емес. Сол бір орыстанып кеткен шағын ұлттармен бірге тамаша ұлттық мәдениет үлгілері жойылып кетті. Егер мұндай бассыздық, мұндай орыстандыру жалғаса берер болса мен СКСР ғылым академиясының мүшелігінен өз еркіммен бас тартамын!» – деп сөйлегені бар. Бірі КСРО әлемге ықпалды империя райында қайнап тұрғанда, келесісі тарихи қажеттіліктен қалып қалжырап қалғанда айтылған семсер-сөз. Тарихшы Өзбекәлі Жәнібек пен әдебиет тарихшысы Д.С.Лихачевтің сөздерінің рухтас шыққанына қайран қаламын. Асылы адамзат үшіндік небір қанды қасірет баба тарихты білмеуден, небір асыл қасиет баба тарихты біліп, сүйіп тарихи зерде түюден туатын болса керек. Өзара нәсілдес емес екі тұлғаның жүзі басқа бола тұра – жүрегі бір, тілі басқа бола тұра – тілегінің бір жерден шығу генезисін өз басым осылай ұғамын. Ә, айтқандай екеуі де тарихшы еді-ау. Бірі көне орыс әдебиетінің тарихшысы, келесісі ұлт мәдениетінің тарихшысы...

Жастар ұйымының кезіндегі жетекшісі (Өзекеңнің ұстазы дерлік) Сағындық Кенжебаев айтар еді: «Іскерлігін білсем де елге, жерге бөлінгіш оңтүстіктен шыққан Өзбекәлі тұлғасына әуелі қалыбына тартып кетпес пе екен деген күдікпен қараған едім. Жоқ. Олай болмады. Жастар сеніміне ие болды. Жастар Өзбекәліге әкесіне сенгендей сенді. Сүйді. Ол Қазақстан жастарына көсем бола білді» – деп сүйсініп. Жастар ұйымын Өзекеңнен қабылдап алған Зақаш Камалиденов: «Ғанидан кейін республика жастарына шын көсем болған адам Өзекең. Өзекеңе дейін де, кейін де Республика Жастар ұйымын басқарған біздің ешқайсымыз да ол секілді жастар жанымен құлай сүйіп жақсы көрген көсемге айнала алмадық» – деп ақ жарылар еді.

Айтса айтатындай замана ауыртпашылығынан, зұлым саясаттың зұлматынан рухы құлаған қазақ жастарын ұлттық дәстүр аясында асқақ тәрбиелеп (ол тәрбиелеген тұлғаның бірі – қазақтың тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев), ұлттық дәстүрді аялай отырып қазақ ұландарын шетелдерге дейін кең танытты, қайта оятты, елу жылдап кеткен есесін түгендеді, Одақтағы орнын алып берді. Сөйтті де өзі де қазақ жастарының рухани жетелі жетекшісіне, тіпті көсеміне айналды.

Қазақ жастарына көсем болған Өзбекәлі Жәнібек!

Торғайды түлету – Алаш рухымен табысу

1970 жылы ол жаңа құрылған Торғай облысы партия комитетінің идеологиялық хатшысы қызметіне жіберілді. Кадрды Мәскеу бекітеді. Бас секретарь жаңа құрылғалы жатқан облыстың басшыларын бекіткелі қабылдап отырып: «О, комсомол да осында екен ғой. Болады облыс» – деп жіберіпті. Бәлкім Л.И. Брежневтің кезінде Қазақстанда қызмет атқарғаны, бәлкім республиканың жалынды Жастар ұйымының жетекшісі – Өзбекәлі Жәнібектің Одаққа танымалдығы себеп. Бұрын болған бүгінде жоқ облыстың кезінде ту көтерушілері санатында С. Құсайынов, Қ. Тұрысов, М.Р. Сағадиев, Е. Башмаков, Ө. Жәнібек есімі аталады. Олар «Торғайдың ырысы, халықтың бағы болған азаматтар» саналады. Әсіресе, Өзбекәлі Жәнібекті торғайлықтар елден ерек сүйіпті. Тіпті облыстың бірінші басшысы С.Құсайыновтың өзі: **«Мен Өзбекқалидай сауатты емеспін, жұмысшымын. Барлық саяси, мәдени мәселелерді Өзбекқалимен шешіңдер» (С.Шүкіров)** деп отырады екен. Партиягерлер мінезінде өте сирек кездесер кісілік кеңдік. Әдетте партия басшылығы еріксіз құрметтеліп, орынтағынан кеткен соң жұртшылық «алды-артыңа бір уыс топырақ...» – деп бетін теріс бұрып отырса керек еді. Ал, облыстың бірінші хатшысы да емес, қатардағы (үшінші хатшы) хатшысы Өзбекәлі Жәнібекке дегенде торғайлықтардың махаббаты әлі күнге күйіп тұр. Торғай облысының кезіндегі облатком төрағасы, аяулы ардагер М.Р.Сағдиевке естелік жазып беруін өтініп, телефон шалып хабарласқан едім: «Е, Өзекең елден ерек, жөні бөлек, ел ерекше сүйген ерен қайраткер еді ғой. Кел естелік айтып берейін» – деді ол. Тәуелсіздікке дейін белшеден кешкен бейнетпен құрылып, тәуелсіздіктен кейін құрдымға кеткен облыстың кешегі-бүгінгі көзкөргендерінің ықыласы неге осы бір азаматқа ерекше? Көп жағдайда, әсіресе қазақ жағдайында қызметтестер өзара бәсекелес, тіпті «күндестер» ретінде көріне бермес пе еді?!

Алматыда қазақ мектебі жаппай жабылып жатқан кез. (Қазақстанда 700 қазақ мектебі жабылды кезінде.) Торғайда хатшы кезінде Арқалықтағы жалғыз орыс орта мектебін жауып, орнына қазақ орта мектебін ашыпты. Келешек! Ұлт келешегі. Келешек үшін жан құрбан. Жүрек жұтқан тасшайнар болмаса кім бара алады осындай ерлікке?!

Ол неліктен? Ол – Өзбекәлі Жәнібектің өзге басшылар секілді жоғарыдан басқару үшін емес, жергілікті жұртшылық кеудесіне перзент болып кіре білгенінен. Ел тарихы, Жер тарихын жақсы білгенінен. Кейде, «ана жер киелі», «мына жер дуалы» деп жатамыз. Асылы, Елден елдің, Жерден жердің айырмасы – оның жарық дүниеге әкелген, әкеле алған асыл перзенттерінде, оның (перзенттердің) бір жерде туып, тұл қалмай, тұтас елге тұлға бола білуінде. Торғай – арғы тарихты айтпағанда, Ахаңның (А.Байтұрсынұлы), Жақаңның (М.Дулатұлы) туған жері, Алашорда ту тіккен жер. Саусақ шошайған жерге суық қару жіберу – большевиктердің әдеті. Алашорда иісі шықты-ақ Әліби Жангелдиндей қызыл большевик керуенін аттандырды Мәскеу. Кеңес кезеңінде Әліби, Амангелді аттарымен де әйгілі Торғай. Тарихта «Торғай Алашордасы» ұғымы бар – дейтін ол екеуара әңгімеде. Соның бәрін тарихшы – хатшы (әдетте идеология тізгінін малшаруашылығы маманы ұстайды) Өзбекәлі Жәнібек білді, біліп қана қоймады, абайында ұстады. Абайында ұстамаса аядай облыстың «атқорасын» өлкетану музейіне айналдырып, музей экспозициясын **«САҚТАН ҚАЗАҚҚА ДЕЙІН»** атар ма еді?! Тіпті ойлап қараған кісіге ол кезде музей экспозициясын солай атаудың өзі қауіп.

Тарихи білім білікті талапқа ұласқанда ұлтым деп ұмтыла соққан жүрек не жасатпайды, құдай-ау?! «Итаяқ» аталып төбет алдында жатқан астауды қалап

алудан тартып болашақ музейге экспонат жинап торғайлықтардың ырысын кіргізді. Жамбасынан сыз өтіп жерде жатар (бүкір содан болады екен) адамдарын сыпакереуетке көтерді. Зәуіде көзі түскен кебеже-кепшік, ағаш төсек бастатқан бұйымтайымын қолқалап музейге алдырып, орнына заманауи мебель сатып әперді (Қ.Тұрысов). Экспонатты тірнектеп жинап (жинатып) «Сақтан қазаққа дейін» атап экспозициясы концепциясын айқындап облыстық өлкетану музейін жасақтады. Оның еденін былғауышпен өзі сырлапты (Е.Әуелбеков).

Театрсыз қандай облыс? Театрға ғимарат керек, кадр керек. Қамбаны қайта жөндетіп бойын тіктеді. Ғимарат театр болып бой түзеді. Мәскеудің Щепкин атындағы театр және көркемсурет училищесінің Талдықорған облысына бөлінген бір жылғы түлектерін Торғайға алуға алдын-ала арнайы барып келісіп қайтты. Қарлы борандатып Мәскеуден жеткен өнерпаз өрімдерді тон, аяққа пима, басқа малақаймен ұшақ алаңына өзі шығып қарсы алды. Жастарға би үйретер биші тапты (Орал театрынан). Пішіп киім тігетін шеберді және бір облыстан қолқалап шақырып алды. Ақырында Торғай театрына спектакль үшін қажетті киім үлгілерін ВЛКСМ-нің бірінші жетекшісі Е.Тяжельниковке хат жазып, Москвада – «Госцирк» цехында тіктірді. Күндіз репетициясына, спектакль қабылдауға қатысып, ақшам намаздыгерде күнемелеп театр өнері бақылаушысына айналды. «Бақылаушысына?» Ол аз. Театрдың кіндік әкесіне айналды. «Отбасылық жағдайымызға дейін алаңдаушылық білдіретін», «Жазда гастрольге кетіп күз оралғанда Өзекең кереуетіміздің астына қысқа азық деп қап-қап картошке жеткіздіріп қоюшы еді». «Қазақтың жауынгер ұл, қызы белдікті олай тақпайды, былай тағады, қамшыны олай ұстамайды, былай ұстайды...» –деп түсіндірер этнографиялық оқулыққа айналып еді...» Міне, бір кезгі труппа мүшелерінің сағынышты үні!

«Совхозға парторг болар кісі табылар. Сіз құдай берген ақындық талантыңызды қорламаңыз. Қолыңызға домбыра алыңыз. Айтысты тірілтейік» (Бектемісов) – деп алыс Арқалықта алғаш халық ақындары айтысын ұйымдастырыпты. Алматыдан Ғафу Қайырбековті шақырып айтысқа төрағалық жасатыпты. Қазақстан Жазушылар одағының Торғай бөлімшесін аштырып, талапты жастарды сонда топтапты. Қазақ тіліндегі кітаптардың қоймаларда жатып қалғанын көріп кітап тарату ісін жолға қойған. Радио желісін тартқызып, теледидар ұшқынын әкеліпті Сарыарқаның сары даласына. Жаңа облысты астана арқылы алты алашқа таныту үшін Алматыға келіп телехабар жасапты. «Торғайдан сөйлеп тұрмыз...» – деп бастапты ол алғашқы эфирлік сөзін. Ауылдасы Шәмші (Қалдаяқов) мен Мұхтарды (Шаханов) шақырып Торғай гимнін жаздырыпты. Сапардан оралған Шәкең жарықтық әріптесі Әсет Бейсеуовке «Торғайға барсаң әніңді сайлап бар. Әйтпесе Жәнібеков бөлмеге қамап қойып, ән шығарғанша үй қамаққа қамайды, шығармайды» – дейтін көрінеді қалжыңқой әдетіне басып...

Филармония құрды. «Шертер» секілді ұлттық ән-би ансамбльдерін жасақтады. «Торғай әуендері» фестивалі шалқып жүре берді.

Жазушылық сапармен келген Сәбит Мұқанов бастаған қаламгерлерді Ақаң туған, Жақаң тұрған, Амангелді сарбаздары жортқан, Әлібидің «Қызыл керуені» жүріп өткен жерлермен сапарлатыпты. Ақыры өзі жазған атақты «Адасқандар» романының кейіпкері (түптұлғасы) туған «Қызбелге» алып барыпты. Жол бойы өңірдің азаматтық тарихы мен шаруашылық жайын әңгімелеген жас хатшы «Қызбелге» жеткен соң Бәтестің (Бәтима Мақашқызы) аға-жеңгесінен бастап, ағайындарын, сол оқиғаға қатысы бар адамдарды шетінен таныстыра бастағанда Сәбең жарықтық таң қалыпты.

«Әй, Өзбекқали, сен өзің оқығыш, білгіш екенсің» – депті тарғыл үнімен таңқалып. Облысты еркін аралаған ол жолайырықта қолын алып тұрып: «Өзбекқали саған мына облыс тарлық қылады екен. Мен сені Димашқа айтайыншы Алматыға алдырсын!...» – депті ризалық бейілден. Жаңа облыстың мәдени ошақтарын ол осылай ұлттық сипатта жасақтады. Ұлттық рухты оята қалыптады. Тарихты тірілте отырып Торғайды түлетті. Оның Алаш рухымен тілдесе жүріп Торғайды түлетуі – Алашорда тіккен туды қайта тіктегендей болған екен-ау...

Елдіктің ерен үлгісі

Өзбекәлі Жәнібек Орталық комитеттің «халықаралық байланыс бөлімінің» меңгерушілігі қызметіне шақырылды. «Қап, әттеген-ай, бекер болды. Өзбекқали менен мына облысты қабылдап алуға лайықты азамат еді!» – деп өкініпті, қуану орнына қайран кеңбейіл Сақаң Құсайынов! Депті де Өзбекәлідей орынбасары жайында жағымпаздар жеткізген желбуаз сөздерге сеніп келгеніне өлердей өкініпті...

Бұл – әрі Өзекеңдей азаматтың іскерлігіне баға, әрі Торғай облысының бірінші хатшысы Сақаң Құсайыновтың үзеңгілестерінде кездесе қоймас кісілік кеңдігі. Ол кезде қазақы кеңдік, әлі бар екен-ау, әлі «тірі» екен-ау... Әділдік әлі сақталып келген екен-ау... Жатқан жерлерің жай болғыр жайсаңдар-ай! Сендер, сол бір ел болмақ бейілдің ақыры болып қалмасаңдар болғаны!

Қазақ КСР-і кезінде Орталық комитеттің «халықаралық байланыс бөлімі», «Сыртқы істер министрлігі» аты дардай болғанымен шын мәнінде шалажансар жұмыс істеп, шартты өмір сүретін сала болатын. Ана бір жылдары Сыртқы істер министрлігін Төлеген Тәжібаев басқарған жылдары бір бүлк ете түсіп, қайыра сылқ ете қалғаны аға буынның есінде. «Ерікті елдердің одағы» атала тұра тізгін бір Орталықта! Осындай жағдайда саланың жаңа басшысы Өзбекәлі Жәнібек қалай қимылдауы керек еді? Ол қалай қимылдады?

Ө.Жәнібек – істің адамы. Ерен қимыл иесін жіті білімі жебейтіні түсінікті. Әйтпесе, білімсіз іскерлік әсіре белсенділік қана болып шығар еді. Өзі жастай тарихи сипатымен түсінген лениндік ұлт саясатын алдына ұстай отырып он бес одақтас республиканың бірі – Қазақ КСР-інің сыртқы саясатын бар деңгейді қанағат тұтпай болуға тиісті биігіне көтере жөнелді. Бәрі жиылып бір ғана «Достық қоғамы» аталатын құрылымды «Қазақстан – Үндістан» (төрағасы Ғ.Мүсірепов), «Қазақстан – Араб» (төрағасы М.Қаратаев), «Қазақстан – Вьетнам» (төрағасы Ә.Тәжібаев) достық қоғамы етіп сала-сала етіп қайта құрыпты. Қазақтың айтулы азамат, белгілі әдебиет, ғылым, өнер тұлғаларын қоғамның төрағалары етіп сайлап, оларды сырт елдерге шығарыпты. «Қазақты» жаһан жұрты білсін!» – дейді екен Өзекең. Осындай ізгі ойда еміне еңбектенген Өзекең сырт елге шығатын делегациясы құрамынан «ішкіш» аты шығып кеткен інісін сызып тастаймын деп «Үлкен кісінің» салқын қабағына тап болатынын қайтерсің?! Шын мәнінде сырт елдермен байланысты тәуелді республиканы тәуелсіз мемлекет деңгейінде жаңартқан Жәнібеков еді. Сырт елде шашылып жүрген қазақ диаспорасымен жұмыс істейтін «Отан» қоғамы арқылы қазақ балаларын оқуға тартыпты. «Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрлігінің» жұмысына жан бітіріпті. Министрліктің Мәскеуде даусы шыға бастапты. Шетелмен байланыс бөлім басшысы Мәскеуге – сала басшысына жиі хат жазып мәселе қоя бастапты. Қоғамның «құрметті төрағалары» алдына талап қоя бастапты. «Қаржы бөл!» – деп Министрлер Советіндегі «жолдастар» алдына талап қоя бастапты. «Шетелдерден келген

қонақтарға көрсетейік» – деп Қ.А.Ясауи және Айша бибі кесенесін жөндетуге құмбыл кіріседі. «ЮНЕСКО тізіміне енер санаулы да қалаулы тарихи ескерткіш қатарына қосамыз» – дейді екен Бөлім бастығы. Ол кезде екі ескерткіш те «ескілікке» баланып әрі салса қоймаға, бері салса мал қораға айналған қасіретті кезең. «Ескілігіңіз» апиын атанған дінмен байланыстырылады. Жақындаған кісіге күйе болып жұққыш. Кер саясаттың әсері. Көктөбеге қазақтың киіз үйін көтеріп «Ауыл» ресторанын ашып, Алматының әсем орталығынан туристерге арнап «Отырар» қонақ үйін салдырыпты.

Қырықтан енді асқан алымды-шалымды басшы, кең қарышты қайраткер болып қалыптасып келе жатқан азаматтың өзі бастамашы болып басшылық «мазасын» алып жүрген күллі істерінің ұлттық сипат алуы ұнамапты біреулерге. Тағы біреуге «аттап-пұттап» Мәскеуге хат жазып, тіл табысқыш ілкімдігі ұнамапты. Қоғамдық негізде жұмыс істейтін төраға Республика бірінші басшысына «Қарғадай болып бізге ұрсады. Қарғадай баланың ұрысын есту үшін академик болмаған шығармыз, Димеке...» (Н.Базанова) – деп барыпты құрметті ғалым апай. «Талап етеді» де демеген. «Ақша бөл» – дейді діңкілдеп, «мынауыңыз қырып барады» – деп кіріпті Үлкен кісіге Министрлер кеңесінің бір басшысы (С.Жиенбаев). Сөйтіп, қазақ атынан қарқынды іс бастаған Бөлім бастығына Мәскеуден бұрын өзіміздің Республика басшылығы қырын қарай бастапты, іскер деп бауырына тартқан «Үлкен кісінің» өзі салқын тарта бастапты. Жастар ұйымынан өсіп шыққан болымды жастардың (Қ.Егізбаев, К.Ахметов т.б.) жолын кесу «науқаны» басталған кезең екен. «Режиссері» «жуан хатшы» атанған С.Н.Имашев болып еді деседі зиялы қауым. Кім білсін?! Соның бірі болып қазақ елін сырт елге танытсам деген арманды азамат Өзбекәлі Жәнібек те ұзамай Қазақ КСР-інің Мәдениет министрінің бәленбайыншы орынбасары етіп жіберілді. «Біздің ағайдың мұнысы несі екен?» – деп қалыпты Үлкен кісінің бірге тұған қарындасы. Қарындастың сөзі – халықтың сөзіне айналып тарап жатты. «Онысы несі екен?», «Елдің ертеңі емес пе? Өзбекәліге обал-ақ болды ғой» (Т.Серікбаева) – дескен сөздерді біз де есітіп үлгерген едік...

Бөлімде отырғанда елдіктің ерен үлгісін бастап, бірақ қазақ атынан атқарылар көп істі жүзеге асыра алмаған (жүзеге асыртпаған өзіміз) үлгере алмаған Өзбекәлі Жәнібек! Қазақ ССР-нің Сыртқы істер министрлігін Төлеген Тәжібаевтан кейін, өз дәрежесінде одақтық деңгейде іске қосқан Өзбекәлі Жәнібек!

Өкінішке қарай, Өзбекәлі Жәнібек Сыртқы байланыс бөлімінен Мәдениет министрінің бәленбайыншы орынбасары болып ауысқан соң, Сыртқы істер министрлігі басына баяғы таз кепешін қайта киген еді...

Ұлт мәдениетін жаңғырта ұлықтаушы

Алысқа шапқан жүйріктің жүгені орынсыз тартылып барлығар, ел деп емінген көңілдің демігіп басылар сәті. Бірақ, ол өйтпеді. Інісі Өмірзақ Айтбайұлын үйіне шақырып алды да бір түн ән шырқатты. Айтылудан қалып бара жатқан халық әндері, қазақтың дәстүрлі әндері шырқалды. Әсіресе, Біржан салдың «Теміртасын» қайта-қайта қолқалады. «Қолыма арқан батты... Босат Теміртас!...», «Ән-жырымды халқыма арнағаннан басқа не жаздым?...» Ән астары осылай күңіренді. Күрсініп салды тыңдап отырып. Екеуара бір күрең коньяк ішілді. Ертеңіне қызметке шықты... Мәдениет министрінің бәленбайыншы орынбасары...

Қазақ мәдениетін қазақ басқармауға айналған кезең. Халық санағы кезінде басқа нәсілден әйел алған министрдің «Мені қазақ деп көрсетіп жазбай-ақ қойыңдаршы...»

– деген қасиетсіз қолқасы да қазақ жастарының намысын қоздырып қозғау салған. Сәл бұрын әрине! Сөйте тұрып «Қазақ КСР-і Мәдениеті» аталатын орысша кітап жазады. Жазады емес-ау, жаздырады... Кім көрінгенге қор болған қайран министрлік орынтақ?! Әлі де ұлт мәдениетіне деген көзқарас оңалып кете қойған жоқ. Қазақ министрдің сөзі өте бермейді. Өзекең министрдің орынбасары болып келер сәт міне осындай ұлттың әмсе дәстүрлі мәдениеті – қолданбалы өнері, тарихи ескерткіштері аяқасты болған кезең еді.

Қарамағында қызмет атқарып, ащы-тұщы сөздерін еститін, Өзекеңдей тұлғаға қарап бой түзейтін, бой ғана емес, ой түзейтін сәтіміз міне осы кезең. Ол қазақ жастарына көбірек қарайлады. Жастар бойынан жылт еткен жақсылық көрсе көзі күлімдеп қуанып қалушы еді, қазақ жастары діттеген жерден табылмаса қанын ішіне тартып қуарып қалушы еді, жарықтық. «Ой, осы сендер қашан өсер екенсіңдер?» – дейтін ондайда біртүрлі мұңайып. Сонда рухани өсуімізді көксейтіні аңғарылатын. «Одақтан бастап барлық республика жетістіктерін көріп, біліп, үйреніп өз мәдениетімізді көтеруге жұмсайық та» – дейтін жасырмай. «Бізде музей белгілі бір тарихи тұлғаға арналады. Бірақ, концепциясы ашылмай жатады. Не көп, жергілікті революционерлерге арналған музей көп. Оның бәрі жиылып бір-ақ идеяны айтады. Соның ең болмаса бірен-сараны қазаққа арналмаған. Не сонда, қазақта революционер болмаған ба?» – деп сөйлегені есте үлкен бір жиында.

Бірде Түркістанға ерте кетті. Қолорамалын төрт бұрышынан түйіп толқындаған бұйра шашын бастыра киіп жүккөтергіштің бір шетін қолына алып күні бойы топырақ тасығанын көзімізбен көрдік. «Ата кесенесін музейге айналдырмақ дұрыс, бірақ мүрде басына орнатылған құлыптастарды шатастырып алсақ әруақ кешпейді бізді. Мынау Абылай хан құлыптасы. Анау бәленшенің құлыптасы...» – деп хатқа түсіртетін. «Ағай бастықтар Абылайханның құлыптасын дабырайтып айтпа, саяси қата болады» – деп жатыр». Сұраулы кейіппен қараған экскурсоводқа (Р.Жүзбаева) «Қарағым, ханның құлыптасын қаранікі деп айтып тарих алдында қарабет болар жайымыз жоқ. Атымен атай бер!» – дегені есте. Тарихты тануда, тарихтың ұлттық сипатын ашып танытуда қоғам бетіне қарамай ұлы әруақтарды демеген, ал әруақтар болса Өзекеңді жебеген... Кейін Абылайхан өмірі, нәм әнтек өлімі жайында өкінішпен жазды дейсің... «Абылай ханның туған жері де, қайтыс болған жері де – Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде осы Түркістан болып табылады»-деген өкінішті үні құлағыма келеді. Абылайдан бастап біпсыпыра белгілі, тіпті даңқты кісілердің сүйегін сапырылыстырып жібердік. Өкінішті.

Ұлт саясатына демографиялық тұрғыдан қарайтын. Түркістан тарихы жайында айта келіп: «...оның мәртебесін көтеру қажет сияқты. Халқына (әсіресе қазақтарға) квота берген де жөн болар. Өйткені бұрын қалада қазақ халқы көпшілік болса, селода өзбек халқының арасалмағы басымырақ болатын. Қазір соңғы кездегі миграцияға байланысты қала да, селода да өзбектердің арасалмағы 57–60 процентке дейін өскенге ұқсайды. Бұл жағын реттемесе қиыншылыққа апарып соғуы мүмкін. Бұл ұлтшылдық емес, қалыптаса бастаған әлеуметтік ахуалға байланысты айтылып жүрген пікір. Түркістан үшін қазақ халқының қаны көп төгілген, ол оның ең қасиетті орны, Үш жүз жылға жақын уақыт қазақ хандарының тұрағы – астанасы болған. Онда халқымыздың асыл азаматтарының, ең қалаулы ұлдарының сүйегі жатыр. Оны қастерлемеске болмайды. Көне көз қариялардан кезінде Ташкенттің өзбек халқының пайдасына қалай реттелгенін талай естіген едік. Мұның ешқандай сөлекеттігі жоқ.

Бәлкім, Түркістанда облыс орталығы құрылса жөн болар. Бұл бұрын да айтылған мәселе. Басшыны қазақтан қойған, онда да тарихтан, мәдениеттен, тілден

саңлауы бар, солардың шотын шабатын ағайыннан қойған жөн болар. Ондайлар сол Оңтүстік Қазақстанда да болды ғой (Рашид Тұрарұлы, т.б.) оларды жұрттың көре бермейтініне қайран қаласың. Әлде айтатын ауыз, еститін құлақ болмай жүр ме» (М.Жолдасбековке хаты) – деген секілді ойлар жетегінде жүретін. Пікірін есітіп, білген соң: «Азан шақырып қойған атыңыз Өзбекәлі, қазақ ұлтшылы болып өтіп барасыз-ау деп қалжыңдаймын. Өзекең **«Бөріхан Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» аталатын кітабын оқымағансың-ау өзің, ой сені де...»** – деп өтірік кіжініп алады да әрі қарай «көшпелі өзбектер» мен қазақтардың тарихының бір екенін, керек болса, біздің қазақ емес, өзбек атануымыздың мүмкін болғанын айтып тарих қойнауына кетеді. Сен тек тыңда да отыр... Әйтпесе, жазықты бола қалуың оп-оңай! Білімді еді Өзекең, кәсіби тарихшы еді Өзекең! Азаматтық тарихымыздың сорбұлағына қанып өскен ол тоталитарлық тар кезеңнің өзінде шынайы ұлтшыл болып қалыптасты, шынайы коммунист ұлтшыл болып өтті мынау жарық жалғаннан! Бүгінгі билікке жетпейтіні де осы ұлттық болмыс – шынайы ұлтшылдық!

Музей ісі десе ішкен асын жерге қоятын, жарықтық. Тұрғылықты қазағы 5 пайыздан асар-аспас Шығыс Қазақстан облыстық өлкетану музейін ұлттық сипатпен экспозициялатқаны есте. Орыс географтары, саяхатшыларға дейін бұл өңірде қазақ қоныс теппеген бе?-дейтін. Сөйтетін де Шоқан Уәлихановқа жүгініп «өңірде «Шоңмұрын Наймандар» тұрған. Одан әрі тереңдесең «Алтай өркениеті» жайылған өңір бұл»-деп тағы біразға сілтейді. Алтай музейтанушы тарихшысы Анохин (Анохин атында бүгінде республикалық музей бар) дәлелдерін алға тартады. Әкелі балалы археолог, рунолог Қызыласовтар әңгімеден сірә да сырт қалмайды. Музей дизайнері болып қалыптанған суретші Аманжол Найманбаев екеуміз Шығыс Қазақстан облыстық өлкетану музейінің тақырыптық-экспозициялық жоспарын қазақыландыру үшін әлгі айтылған тарихи-этнографиялық, географиялық еңбектерді іздеп тауып оқи бастаймыз. Ақырында Шығыс Қазақстан облыстық өлкетану музейі ұлттық тарихпен, қазақы нақышпен қайта экспозицияланды. Әуел баста киржак, казак материалдары негізінде экспозицияланып, Өзекеңнің ұлттық болмысы арқасында қайыра жасақталып қазақша «сөйлеген» жалғыз Шығыс Қазақстан облыстық өлкетану музейі емес. Мәдениет министрінің орынбасары қызметінде жүрген кезінде оның басшылығымен кеңестік кезеңнің өзінде облыстық өлкетану музейлері қазақы рухта қайта жаңғыртылып еді.

Абай атындағы Опера және балет театры, М.Әуезов атындағы қазақ драма театры жанынан музей ашылды. Абай атындағы опера және балет театры жанынан музей ашуға жанын сала кірісті. Сол күндері Күләш Байсейітованың сахнаға киіп шыққан киімі табылды деп балаша қуанды. Тағы бірде Күләштай бұлбұлымыздың себінетін құтылы иіс суы табылды деп жайылып тұр, жарықтық! «Міне, біздің экспозициямызды ашатын бұйым-тайым...»-деп қояды. Қуанышында шек жоқ. Опера және балет театры астынан бір дорба алтын тауып алғандай шаттанады, жарықтық. Оны да Өзекең басшылығымен жасақтаған Аманжол Найманбаев. Музей шағындау болса да сәтті шықты. Өкініштісі, бірсыпыра жыл өткен соң Мәдениет министрінің орынбасары В.И.Кутовой жетекшілігімен аталмыш театр күрделі жөндеуді бастан кешкен кезде, ұлттық республика мәдениетін басқарып отырған мәдениеттен жұрдай әлгі басшының (ол өзі осы істен жүз мың доллар «жеп», Россияға зытып отырды ғой) еренсіздігі ме, әлде қызметтес болған кезеңдегі Өзекеңе деген өшпенділігі ме, әйтеуір театр музейін алдырып тастады. Отызға жетер-жетпес жасында қазақ атын әлемге паш еткен аяулы әншіміздің жеке тұтынған бұйым-тайымының қайда

қалғанын білетін кісі көрінбейді бүгінде... Өкінішті. Нәсілі басқа басшы айтты. Қарсы тұрып, ұлтқа қажеттігін дәлелдеген қазақ басшы болған жоқ. Еренсіздік. Ұлттық сананың кемдігі дегеніміз осындай-ақ болар, асылы.

Республикалық ұлт саз аспаптары музейі, Музыка мәдениеті (Л. Хамиди үйінен) музейі, Қызыл таң дүкені, С.Мұқанов музейі... дегендей көп-көп музей ашылды сол жылдары. Өзбекәлі Жәнібектің арқасы!

Көп музейді айтамыз, бір музей ашу, тіпті уақытша экспозиция жасақтаудың өзі қиямет қайым шаруа. Өйткені музей – сан өнер мен әлденеше ғылым қоспасынан тұрады. Сондай ағартушы сала біздің мәдениетімізге кешеуілдеп жетті. Әлі күнге есесі түгенделмей еленбей келеді. Байырғы музей қызметкері ретінде сол жылдар күнделікке үңілемін.

«9–10–11 тамыз күндері Алматыда музей қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі болып өтті.

Бұл кеңестің басқа жерде емес, Алматыда өтуі – Өзбекәлі Жәнібектің арқасы, сол кісінің басшылықты сендіріп те, көндіріп те ризашылығын алуының арқасы. Әйтпесе музей қазаққа керек болмай тұр. Музей ісі ескі-құсқыны жинайтын орталық, кемпір-шалдың уақыт өткізетін жері деп қарайды бізде. Ал, Өзбекәлі Жәнібек жанын салып музейді ұлт мәдениетінің бір ошағына айналдырып келеді. Островский айтқандай музейлер – біздің ұлттық мақтанышымызға айналған күні ұлттық мәдениет теңдікке жетеді» – деп жазылыпты. (Жылы көрсетілмепті).

Ұлт мәдениетінің ғасырлап кеткен есесін түгендеуде, жаңа уақытқа сай көсегесін көгертуде кісі беті-жүзіне қарамайтын Өзекең республика басшылығына ұнай қойған жоқ. Кейбір мәселені лениндік ұлт саясатынан бастап боздатып та, қоздатып Мәскеуге хат жазып түгендеп алар еді. Ресей музей қызметкерлерінің Қазақстанға экспедициялық сапармен келіп өңірдің ата бұйымдары мен көнекөз аналарымыздың омырауына тағынған, он саусағына салынған небір күмістен жасалған жәдігерліктерін жинап алып кете берер тексіз әрекеттерін де хат жазып тыйған Өзекең. Қасабаны қаншама іздеді. **«Қасаба қазаққа тән болмаса «қасабалы қатын» деген тіркес қайдан шыққан?! Демек, қасаба орта жастағы әйелдерге тән. Біз салақтықпен қасабаны қолданбай кеткенбіз...» – дер еді күйініп – Мұхамедова есімді өнер зерттеушісінің кітабында қасабаның неше атасы берілген. Татарлар әлі пайдаланады екен. Олар дәстүрге мықты. Татардың жұтылып кетпей, аман келе жатуы дәстүрге адалдығынан ғой!»**

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қасиетті Тайқазанды – Тайқазан қайтса ынтымақ артып, ырыс толады, ұлтымыздың қасиеті қайтады, елдігіміз артады» дей жүріп тарихты айтып ұрымтал әрекетімен Эрмитаждан қайтарған (Эрмитаждан тарихи жәдігерлік қайтқанын бірінші көруіміз) Өзекең. Өзекең бұл орайда, Эрмитажды ұзақ жыл сарабдал басқарған әкелі-балалы Пиотровскиймен ынтымақты қарым-қатынасын оңтайлы пайдаланғанын білеміз. Якубовскийдің жазуына қарағанда Тайқазанмен бірге 1935 жылы әкетілген екі күміс шамдал әлі күнге тарихи орнына қайтарылған жоқ. Бірі Эрмитажда, бірі Луврда тұрса керек. Қазақтың түрлі елде шашылып жүрген тарихи қымбат жәдігерлігі қаншама?! Бірақ, оларды қайтару үшін ұлттық намысқа суарылған Өзбекәлі Жәнібектей мәдениет қайраткері туар ма енді?!...

Министрлік ішінен «Музей бөлімін» тұңғыш рет құрып, қазақтың баба тұтынған бұйым-тайымын түгендеген де, бүкілодақ деңгейінде музейге арнап ғылыми конференция ұйымдастырып түгендескен, ескісін жаңартқан, жоғын сабылып іздеп

тапқан (қасаба сынды бұйымдар), сөйткен де самаладай музейлер жасақтаған, маң-маң далада шашылып жатқан тарихи ескерткіштерін көзінен тізіп кітапқа (свод) түзген, мырыштан құйып тақта орнатып мемлекет тарапынан қорғалатынын айтып мемлекет қарауына алдырған, ғылыми негіздеп жазған, бүкілодақ деңгейінде жарлай насихаттаған қайран да, қайран мәдениет қайраткері Өзбекәлі Жәнібек!

Ол жеке бұйым-тайымды іздеп тауып, тарихын негіздеуден, «Казмузей жаңғырту» мекемесін ұйымдастырып, оған қолы епсекті ғылыми танымы бар ұсталарды жинақтап, талмай іздеп тапқан «ескіні» жаңғырта жаңартқан, экспонатқа айналдырып әспеттеп (жеке бұйым-тайым тарихын да жазған) музей экспозициясына ұластырып ұстарта ғұмырын ұзартқан, жеке экспонат тарихынан тартып ұлттың түп-тарихына тереңдеп, қазақ ата-бабасынан бірыңғай көшпелі ел болған деген танымай айтылған пікірлерді теріске шығарып ұлтының қолданбалы мәдениеті тарихы арқылы оның отырықшы көне орнықты мәдениеті болған өркениетті ел («Отырар өркениеті» деген ұғым енгізді) екенін дәлелдеумен өткен мәдениет қайраткері, терең дүниетанымды ғұлама еді.

Алты алашқа мәлім аты бар, ұлт мүддесі дегенде кісі бетіне қарамайтын заты бар, өзбекәлі-мінездер өрекігенге баланып, жағымпаздар қайраткер саналып ар қалғыған сол бір кездерде, әттең-ай, тұтас ұлт мәдениетін жаңғыртып рухани қайта түлеткен тұлға облыстық атқару комитетінің бәленбайыншы орынбасары қызметіне жіберілді. Адымы тұсалды. Замананың ұстамсыз ұстанымы біреулерге адымын ұзартар ағашаяқ, енді біреулерге осылай аяғын тұсар таяқ болып тиіп жататын әдеті. Бір министрлікте бірінші басшы болмай-ақ мәдениет қайраткері райында хақ танылған азамат та осы кепті киді-ақ... Өкінішті. Шындығында ұлт мәдениетін жаңғырта ұлықтаушы мәдениет қайраткері – Өзбекәлі Жәнібек реформатор-тұлға еді. Маңдайымызға сыймай кетті...

Құлаған қайраткерді демеген

Өзбекәлі Жәнібектің келуімен Алматы облысының тарихи ескерткіштері қайта түлеп, қазақы үйлер музей ретінде бас көтерді, рух оянды... Жырдағы даңғыл – Жамбылдың ақындық айналасының өзі ұстазы Сүйімбайға, шәкірті Үмбетәліге музей ашылып мәдени кешенге айналды. Кейін ол Кенен музейін реэкспозициялауға ұласты. Бірақ кермелер тағы керілді, кедергілер қолдан жасалды. Адым сайын аяқтан шалу. «Арыстан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнардың» кері. «Пілге үретін қандендер» пайда болды. Қайраткердің бір құлдырауы біржолата құлауына баланды. Ол жазықсыздан – жазықсыз Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы пәрменімен «партиялық сөгіс» алды. «Жайшылықта бәрі кісі. Даулы сәтте кісінің кісісі кісі»... Буырқанып Желтоқсан оқиғасы жетті. Құлдыраған қайраткер Өзбекәлі Жәнібек қажеттілігі туды. Кезіндегі Орталық партия комитетінің хатшысы Зақаш Камалиденов ұсыныс енгізді. Кезеңнің Министрлер Советінің төрағасы Н.Ә.Назарбаев алдындағы адымдасын қатарына шақырып қанаттасына айналдырды. Кеткен әділетсіздікті солай жөндеді. Өзбекәлі Жәнібек – Қазақ КСР-і Мәдениет министрі. Әділеттілік осылай қайта қалпына келіп еді.

Ө.Жәнібек Мәдениет министрі қызметінде жылға толмас уақыт қызмет істеді. Алайда, кезінде ойластырып орайын келтіре алмаған ұлт мәдениеті мүддесіне қызметін бірден бастап кетті. «Социалистік Қазақстан» газетінің тілшісі райында сұхбаттасуға барғанда: **«Қазақ мәдениеті жолайырықта тұр: не ұлттық сипат алып**

өріс ашу, не ұлттық сипатынан жұрдай болып советтік мәдениетке жұтылып кету қаупі төнді. Мына жаңа уақытқа орай қазақ мәдениетін дамытудың жаңа концепциясын жасау керек болып тұр» – дегені бар жарықтықтың. Ұзамай ол Қазақ КСР-і Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып жоғарылатылды. «Жасым келді. Жаныма жақын саланы басқарып отыра берсем қайтеді?» – депті ойласқанда. «**Менен жастау ана Камал Смайылов дұрыс қой бұл қызметке**»-депті кеңпейілмен. Өзіне жайлылығын ойламаған шығар, ұлт мәдениетінің тағдырын ойлап биік лауазымнан тартынған шығар ұлт үшін туған ұлан. Басшылық болмаған. Ақыры көнді. Ұлт мәдениетін өркендету жолында министр Өзбекәлі Жәнібек ойға алған көп іс атқарылмай қалғанын несіне жасырайық.

Ояну дәуірінің ұлықпаны

Андрей Вознесенский өтпелі кезеңде жарық көрген публицистикалық кітабын «Рух прорабтары» атағаны мәлім. Ояну дәуірі деп біз отырмыз. Оның себебі бар. Қазақ ұлты халық ретінде ХХ ғасыр басында бір оянды. Дүр сілкінді. Ол сырт күштің жауыздығымен басып жаншылды. Содан кейінгі қазақтың тұтас ұлт ретінде оянған сәті – ХХ ғасыр аяғы. Нақтылай түссек 80–90-шы жылдар. Ұлттың рухани оянуы, биліктен ақырып теңдік сұрауы – идеологиялық ұстанымға байланысты әмсе. Міне осындай кезеңде Өзбекәлі Жәнібек идеологиялық жетелі жетекшінің тарихи міндетін атқара білді. Ақтаңдақтарды ақтаудан (С. Қирабайұлы) бастап тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді асқан білімділікпен ұлтты ояту құралына айналдыра тарихи әділеттілікті қалпына келтіру сипатында кешенді жүргізді. Қызметтес айналасына рухтас азаматтарды тартып оларды ұлттық рухты оятуға жұмылдыра білді. Қызметтес азаматтары елмен бірге оянды, елмен бірге есейді, Өзекеңмен бірге қайраткерлік санатқа көтерілді. Қазақстан Жазушылар одағында «Творчестволық жастармен жұмыс» (Ұ.Есдәулетпен бірге) секциясын басқарғандықтан білеміз Өзбекәлі Жәнібек әлденеше сұрауды көлденең тартып, тезис түріндегі жоспар-жобаны «Жастарды эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеу» атап бізге жолдағаны бар. Идеологиялық хатшы атынан келіп түскен жоба бір бізге жолданбаған шығар. Әлгі жобада жастарды ұлт мәдениеті рухында тәрбиелеу мәселелері діні бар, басқасы бар кешенді түрде қарастырылғанына куә болып едік сол жолы. Түсінгеніміз – ел болмақ амалы. Қазақ ұлтының ұлттық идеологиясы болса деген арман. Қазақ ұлты – мемлекет құраушы ұлтқа айналса деген түбәлай арман бар еді жобада. Аты – жастардікі болғанымен жоба – тұтас қазақ халқын тәуелсіз санаға жетелеу сарынында болатын.

Сондай-ақ, Жезқазған өңіріндегі Алаша хан, Жошы хан мавзолейлері, Арғанаты тарихи жәдігерлері, Үстірттегі тарихи ескерткіштер, Қаратау қойнауларындағы, Алтай өңіріндегі балбалтастарды тізімге алдырды, телетаспаға түсіртті, сипаттап «төлқұжатын» жасатты. Аймүйіздің өзі бастап жүрер еді ол сапарларды. Қабатына тарихшы, археолог, этнограф, жазушы, журналистерді де ала жүретін. Бір-екі сапарында Ақселеу Сейдімбек, Жүрсін Ерманның бірге сапарлағанын білемін.

Бәрі де тәрбие еді. Тәлім еді.

«Алматы ақшамы», «Ана тілі» газеттері тікелей (тіпті атауына дейін) Өзбекәлі Жәнібектің ықпалымен өмірге келді. (Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, И.Бейсебаев)

Санамалап жатпадық, алайда 80–90 жылдардағы – тәуелсіздік алдындағы бүкіл рухани жаңарудың алғышарттарын жасауда ұлттық болмысты Бас идеолог райында Өзбекәлі Жәнібек тарихи міндет атқарды. Бәлкім, ол ұлттың ояну дәуіріндегі ұлықпаны.

Таным сабақтары

Қазіргі таңда жер-жерде «Ө.Жәнібек сабақтары» өтеді. «Өзбекәлі Жәнібек сабақтары» – Өзекең таныған, тапқан, ғылыми зерделеген жайлардан тұрады. Өзекең ғалым райында не тапты, нені негіздеді?

Ө.Жәнібек қайда жүрсе де қаламын қолынан түсірмеген, қазақ мәдениетін тарихынан тартып жазбай таныған, танығанын сала-салаға жіктей жаза жүрген, азаматтық тарихын саралап, мәдениет тарихын даралап жазған жаңаша пайымның адамы еді. Бұрын да Қазақстан жастары тарихы мен тағдыры жайында толғанып Мәскеуде кітап шығарған, бертінде «Алтын домбыра туралы аңыз», «Қазақтың қолданбалы өнері» аталатын еңбектерін кітап етіп қазақ, орыс тілдерінде бастырған азамат 1991 жылдан қашан көзі жұмылғанша өзі өмір бойы оқыған, тоқыған, жиған-терген мәдениет бұйымдарын қазақтың салт-дәстүрімен сабақтастырып «Ежелгі Отырар», «Жолайырықта», «Уақыт керуені», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Тағдыр тағылымы» сияқты тамаша еңбектер шоғырын берді. Оның еңбектері жеке жәдігерінен тұтас тарихи ескерткіштеріне шейін, жеке бұйымнан қазақтың тұтынған бұйым-тайымына дейін, жеке экспонаттан экспозициялық тұтас құрылымға дейін, экспозициялық құрылымнан түрлі-түрлі музей тарихына шейін қамтиды. Оның еңбектері қазақтың ұлттық дүниетанымынан туатын салт-дәстүр сабағына дейін қамтиды. Адамзат баласы ең алғаш мекендеген (Ә.Марғұлан) Қарт Қаратау үңгірінен күрке, үйшік, жорық жаппасынан қоржын там, онан бүгінгі тұрмыс ғимаратына дейін оның назарынан тыс қалған емес. Археологиялық қазба-байлық айғақтарын бетке алып азаматтық тарихымызды жаңаша пайымдауға жетелейді. Егер ол кісі «Түркістанды» жантарта жақсы көре тұра «Түркістан өркениеті» демей, «Отырар өркениеті» атап, тарихты жаңаша пайымдаса – оның өзі үздіксіз ізденіс, тарихи танымның жемісі болатын. Халқымыздың азаматтық тарихы жайында толғанып «Отырар өркениеті» ізіне түсіп, сорабын ашып зерттеген ол өзінің қоғамдық нәм мемлекеттік қызметімен де, тарихи-этнографиялық еңбектерімен де қалың қазақтың санасына тарихи сапа бітіріп өтті. Оның қайраткерлігі мен тарихи-этнографиялық мұрасы халқына қалтқысыз қызмет етудің қапысыз көрінісі. Сөйтіп таным сабақтары «Өзбекәлі сабақтарына» ұласты.

Өзбекәлі сабақтары

Өзбекәлі Жәнібек өзінің кісілік бойын, қайраткерлік болмысын таза ұстап Алаш баласын алаламай бауырына тарта «қалың қазақтың Өзбекәлісіне» (М.Жолдасбеков) айналып жасады. Қарғадайынан қайраткер болып бой тастап, халық, ұлт үшін қаракет етіп «рух сардарына» (Ә.Кекілбайұлы) айналып еңбек етті. «Басынан бақайшағына дейін ұлттық рухпен тыныстаған...» (М.Шаханов) ұлтын сүйген ұлттық болмысты азамат қазақ қоғамының кешегі сірескен кеңестік саясатының өзін ұлт игілігіне жұмсай білген, қазақ қоғамның ескісі күйреп, жаңасы жасалмаған үркер-кезеңінде тіршілік кешіп, аяғын пендешілікке алдырмай, кісілік тұлғасына кір шалдырмай «ақ жүріп өтті» (Ш.Мұртаза). Қапысыз қайраткерлігі өзіне қағажу көрсеткен, қазақ жастарынан алаламай-шалаламай қайраткер тәрбиелеп, содан өзі қағыс көріп, өмірінің ақбалы сәті өкінішке айналып барып өткен қайран да, қайран Өзекең.

«Біреудің бағы – тірісінде, біреудің бағы – өлісінде» (Ғ.Мүсірепов), «Біреу өледі – өшеді, біреу өледі – өседі!» (А.Т.Твардовский). Ақиқатты айтамын деп ауыздан күйіп, тұрасын айтамын деп туғандай азаматыңа жақпай, жалпақ жәмиғатқа ен жайылған


асқақ абырой айбатқа айналып, өзімшіл қоғамның үрейін алып, алғыс алар жерде қарғыс алып, қасірет шегіп анахарсис-өліммен өткен Өзбекәлі Жәнібек те бағы өлген соң жана бастаған жампоз. «...әз ағаның мәңгі өлмейтін өзгеше өмірі жаңа басталды. Ылғи әулие мен қасиеттің тұнып тұрған өлкесінде туған, бұл фәниден дүние жимаған, иман жиған, өле-өлгенше халқына адал еңбек еткен, артына байтақ дәстүр, өшпес өнеге, мол мұра қалдырған, сөнбес шырақ жағып кеткен, талай жұмбақ тастап кеткен ағамыз енді бірте-бірте Фараби, Арыстанбаб, Әзірет Сұлтан секілді әулиеге, сыйынатын пірге, табынатын құдіретке айнала береді.» (М.Жолдасбеков). Қыл-қысқасы Өзбекәлі Жәнібек – өлдім деп өшетін емес, күн санап өсетін тұмар-тұлға! Өзбекәлі Жәнібек сабағы бізге осыны ұғындырады.

Міне осындай әзіз адам, ұлттық болмысты ғажайып азамат жайында естелік кітабын құрастыру аса оңай болған жоқ. Естелік – рухани ескерткіш. Ұлттық болмысты қайраткер тұлғаға рухани ескерткіш боларлық естеліктер жинау қайдан оңай болсын?! Ол әзелде тіршілігінде қызу қарым-қатынаста болған, қанаттас жүріп тіл табысқан, қанаттас жүріп мәдениет мүддесі үшін ұрсып-таласқан, бірақ көкірегінің түбіне қақ тұрмайтын тұлғалы замандастарына, олардың мемуарлық жанрда қалай қалам саптап жаза алуында. Осы жайды көңілге берік тұтқан біздер (Бұған дейін Сәбит Мұқанов, күш атасы – Қажымұқан, жыр алыбы – Жамбыл жайында естелік кітаптарын құрастырған тәжірибеміз бар еді.Қ.Е.) Москваға дейін хат жазып, кезінде ВЛКСМ бірінші хатшысы болған Павлов (ГЧП-құрамында болды), Тяжелников (кейін КПСС Орталық Комитетінің Бөлім меңгерушісі), Пастухов (министрдің орынбасары, елші, әдебиет сыншысы), кезінде ВЛКСМ аппаратында қызмет істеп, кейін Ресей Сыртқы істері министрі орынбасары, Ресейдің ЛАОС-тағы, Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі қызметтерін атқарған Г.А.Рудов атына арнайы хат жазып, хабарластық. Өзекең ізбасары, шәкірті Сенатор Қуаныш Сұлтановты салдық кейін осы бір абыройлы іске. Тиісінше естелік жаздырып алдық. Рудов естелігі осындай сабылудан келіп туды. Біз Өзбекәлі Жәнібектің сырт елдердегі қанаттастары жайында айтып отырмыз. Ал, республика ішінде де естелік жазуға енжар жәмиғатты іске қосу оңай болған жоқ. Оның үстіне естеліктер бірін-бірі қайталамас үшін, мемуарлық жанрда қалам тартушыға Өзекеңнің тың қырынан келіп ашуын, тосын табиғатын айтуын өтініш еттік. Мейлі елдің ішіндегі азаматтар болсын, мейлі шалғай елдердегі көзкөргендер болсын қазақтың осы бір өзін ұмытып, бар күш-қайратын ұлтының тарихы мен бүгінгі тағдырына бағыштаған жан-пида адам жайында естелік айтуға, естеме жазуға құмбыл болғанын айта кетелік.

Бұған дейін «Рух сарбазы», «Рух сардары» аталып естеліктердің бірнеше шоғыры кітап болып жарық көрген әр жылдары.Енді, міне кезекті жинақ «Ұлтымыздың ұйытқысы» деген ныспымен топталып, жинақталып, өзіңе жол тартып отыр, қадірменді оқырман! Қазақтың қайталанбас қайраткері Өзбекәлі Жәнібектің өзінен алар тағылым аз болмайтын, өзі жоқта сағынып жазылған естелік жазбалардан алар тағылым соны еселей түскендей күйде. Ел тегінде ескермесе өз ерлерін, Қайдан алар кемеңгерін?! (Ілияс Жансүгіров). Кемеңгер жайында кең толғанысты кітапты құп аларсыңдар, қадірлі оқырман!

Аз-кем толғаныстан соң «Ұлтымыздың ұйытқысы» естелік кітабын құрастырушы «Құлбек Ергөбек» – деп құрметпен қол қоямыз!

17.07.2021 ж.
Түркістан



© 1950 THE CHINA TRADING COMPANY

ପ୍ରଥମ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ ପଦ







*Сейдулла САДЫҚОВ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің профессоры, филология
ғылымдарының докторы, Түркі әлемінің үздік педагогы,
Қазақстанның Құрметті азаматы*

АСЫЛ АҒАНЫҢ ШАРАПАТЫ

Алаштың ардақты азаматы, аса ірі мемлекет қайраткері, ұлтымыздың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, шын мәніндегі жанашыры бола білген Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз жайлы жүрегімнің түкпірінде сақтап жүрген сырым бар. Кей-кейде жанымды шуақты нұрға бөлейтін сол бір жайға да қырық бес жылдай уақыт болып қалыпты-ау!

Қайран жылдар, сағым жылдар... Жас едік, жалын едік. Қазақ Мемлекеттік университеті Журналистика факультетінің студенттеріміз. Болашақ журналистерміз. Төрт жылдық стажбен оқуға түскенмін, дардай жігітпін. Ауылдың ақшаңдағында өсіп, еңбекке ысылғанымды аңғарған болар, бірінші курсты бітірген соң деканымыз Темірбек Қожакеев «Торғай облысына студенттердің механикаландырылған отрядының комиссары болып барасың» деді. Отряд командирі бір курс жоғары оқитын Ержұман Смайылов болды. Өзі көп сөйлемейтін, іскер, қажырлы жігіт еді. Бізден үш-төрт жас үлкендігі бар. «Ереке» дейміз.

Университетте жігіттерді қосымша алты айлық комбайнерлер дайындайтын арнайы курста оқытып, стипендия төлеген. Бәріміздің де «комбайнер» деген куәлігіміз бар. Қайбір жарытып оқыды дейсіз. Астық комбайнын көрмей-ақ құжат алдық. Сонымен, не керек, Жаңадала ауданының Нахимов атындағы кеңшарына қоныс тептік. Үш мезгіл тамақ береді. Екі студентке тозығы жеткен бір комбайн бөлінген. Астық орағы басталғанша жөндеп бітіріп, науқанға қатысуымыз керек. Гаражға улап-шулап барып қайтамыз. Техника тілін білетіндер жоқтың-қасы. Қолдарына кілт ұстамайтын студент-жауынгерлер де аз емес. Тілі мен жағына сүйенетіндер де жетіп-артылады. Кеуделеріне нан піскендер де баршылық... Ержұман аға екеуміз бақылаған боламыз. Бәрі дерлік өз курстастарымыз, недерсің, әйтеуір, ала қарға болғымыз келмейді...

Бізге назар аударып, жағдайымызды ойлап жүрген кеңшар басшылығы байқалмайды. Екі-үш күнде бір рет бригадир не агроном, әйтеуір, мамандардың бірі келіп кетеді. Негізінен, орыс азаматтары. Осындай сәттерде жауынгерлеріміз қолдарына кілт ұстап, комбайнды шұқылаған болады. Осы жылы егін орағына қалай кіріскеніміз есімде. Гараждан бөлінген жиырма шақты комбайнның оншақтысы ғана шықты. Қалғанының негізінен моторлары жарамсыз болды, оталдыра алмадық. Орақ науқанына қатысқан комбайндардың өзі оншақты күннің ішінде істен біржолата шығып тынды. Кеңшарда екі жарым айдай болған жауынгер-студенттердің дені ішкен-жеген тамағымызға қарыз болып қалдық. Аяқ-қолымыз жарылып, күс-күс болған біздер әсем Алматымызға ілдәлап әрең жеттік-ау...

Келесі жылы екінші курсты бітірген соң, деканның ұйғарымымен мен студенттердің механикаландырылған отрядының командирі болып тағайындалдым. Ержұман Смайылов бұдан үзілді-кесілді бас тартыпты. Комиссарлыққа бір курс төмен оқитын Жүнісбек Сұлтанмұратовты (қазір Астана қаласы әкімінің кеңесшісі) таңдадым. Өзі Солтүстіктен болса керек, орысшаға ағып тұр, оқу озаты, елгезек.

Қырық бес студент-жауынгермен сол бұрынғы Нахимов атындағы кеңшарға табан тіредік. Дәл былтырғыдай тіршілік басталды. Екі студентке бір комбайн. Жөндеу. Егін орағына әзірлік. Командир мен комиссар бір бөлмедеміз. Күнде ерте тұрып, іргеміздегі Есіл өзеніне жүгіріп барып қайтамыз. Арадан оншақты күн өткенде мазасыздана бастадым. Бұл қалпымызбен былтырғыдай қарыз болып қайтатын түріміз бар. Жергілікті басшылардың бізге жандары ашып, қамқорлық жасайтын түрлері көрінбейді. Бұған көзім әбден жеткен болатын. «Жүнісбек, – дедім түнгі ұйқының алдында, – мен ертең шаруамен Арқалыққа кетемін. Екі күн болмаспын...».

Кеңшардан аудан орталығы Жаңадалаға дейін сексен шақырымдай, тасжол атымен жоқ, кедір-бұдырлы қара жол. Әр машинаға қол көтеріп жүріп, әрең жеттім. Одан әрі Арқалыққа жету де оңай болмады, кешке қарай табан тіредім. Арзанқол қонақүйге түнеп, ертеңіне өзім көздеп келген облыстық партия комитетінің ғимаратына да жеттім-ау, ақыры... Тыңдайтын жан болса, жағдайымызды айтып, түсіндіру. Бағыма қарай, вахтада отырған милиционер түсінігі бар жігіт болып шықты. Оның үстіне, менің үстімдегі командирлік киімім де көз тартарлықтай болатын. Жасыл матадан тігілген, иығында пагоны бар еді, екі жағасына екі үлкен жұлдыз қадап алатынбыз. Бұл университеттегі орталық штабтың ұйғарымымен жасалған. Мен кезекші милиционерге жағдайымды жасырмай айтып бердім.

— Обкомның идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков деген кісі, – деді ол жөн сілтеп. – Түсінігі мол, керемет адам. Сол ағайға барғаның жөн болар. Екінші қабатта, сол жақтан екінші есік...

Өтінішіме құлақ асқан қабылдау бөлмесіндегі жас жігіт идеология хатшысына кіріп шықты да, кіре беруіме болатынын айтты.

— Студентпісің, кел отыр, – деді орнынан тұрған аға қолын беріп. Кең маңдайлы, қара торы кісінің жүзінен ерекше бір мейірім шуағын аңғарғандай болдым. Өзімнің кім екенімді айтқан соң қысыла-қымтырыла отырып, келген мақсатымның жай-жапсарынан хабардар етуге тырысып-ақ бақтым. Ағаның сұсы басқан болар, қысылғаннан маңдай терім бұрқ ете қалды. Кезінде аудандық газетте екі жылдай қызмет етсем де, осындай үлкен кісінің алдында болып көрмеген басым толқи отырып, сасқалақтай бастасам керек.

— Студент, – деді аға күлімсіреп. – Әбіржіме, өзіңді еркін ұста. Бастауыңа қарағанда, шаруашылықтан хабарың бар сияқты ғой. Қай ауылдан боласың?

Осылайша, ағамыз толқуымды басқандай болды. Алдымен, Шымкент облысының Киров ауданынан екенімді айтқаным есімде. Осыдан кейін сабама түскендей болдым, сөзімді шама-шарқымша байыппен айтуға тырысып бақтым.

— Айтыңызшы, Өзаға, біздер, Журналистика факультетінің бірінші курс студенттері, тоғыз ай бойы айына 25 сом қосымша стипендия алып, комбайншы мамандығын игердік, бұл жерге, ең болмаса, комбайншыға көмекшілікке жарамасақ несіне келдік... Бізге беретіндері тозығы жеткен ескі комбайн, «өздерің жөндеп алыңдар» дейді. Қамқорлық жасап жатқан ешкімді көрмедік. Жылда ішіп-жеген тамағымызға қарыз болып қайтамыз. Мұндай студенттердің механикаландырылған отрядтарының қажеті бар ма?...

Сөз төркіні осы болды.

Өзағаң телефон құлағына қол салып, Жаңадала аудандық партия комитетінің бірінші хатшысымен қатқылдау сөйлесіп, студенттерге жағдай жасауға пәрмен берді.

— Өзің естідің ғой, – деді Өзағаң қабақ қыртысы жазылмаған күйі. – Жағдайларыңды жасауға уәде берді. Отрядыңа аман-сау жеткейсің, айналайын...

Кештетіп кеңшарға да жеттім-ау. Комиссарым қатты әбіржулі көрінеді. Бүгін түстен бері отряд командирін кеңшар директоры, партком хатшысы, бас агроном қайта-қайта іздеп келген көрінеді. Себебін түсіндірмеді. Жүнісбек болса мені «бір жағдайға ұшырап қалмады ма екен» деп қобалжыпты. Ертеңіне кеңшар директорының кабинетінде партком хатшысы үшеуіміз сөйлесіп отырдық. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан «таяқ» жегендерін жасырған жоқ. Студенттердің барлығын да жергілікті озат комбайншыларға көмекші ретінде тіркейтін болып келістік. Әр комбайншының егін орағы кезінде тапқан табысының жетпіс пайызы көмекшіге тиесілі болатын болды! Солай болды да. Бұл жөнінде кезінде отряд жауынгері болған курстасым, танымал жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Қуандық Түменбаев естелігінде былай деп жазды: «Студент-комбайншылар Торғай даласын дүбірге бөледі. Алтын орақ аяқталған соң әрқайсысы бір-бір дорба ақша алып, маңдай тердің майданынан оралды. Сол дорбамен сарымұрттар мұздай киініп, ЖенПИ-дің алдына шайы орамалмен келді, ата-анасының қорасына тоқты-торым түсірді. Осының бәрінің көзін тапқан шаршау дегенді білмейтін, шашасына шаң жұқтырмайтын Сейдүлла еді...».

Бұл курстастың курстасқа деген ыстық ілтипаты болар. Дегенмен, шынтуайтында, бұл – ұлтының «Өзағасы» атанған, қазақ мәдениетінің дамуы жолында қажымай-талмай қызмет еткен, артына өшпестей мұра қалдырған ұлы тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің студент-жастарға деген шапағатының бір сәттік қана көрінісі болатын.

Жетпісінші жылдардың студенттері, біздер, болашақ журналистер асыл ағаны көзімізбен көріп, мейіріміне бөлендік. Мұндай жүздесуді ұмыту мүмкін емес. Кеңестік кезеңде ұзақ жылдар бойы Қазақстан жастарының жалынды жетекшісі, ұлт мәдениетінің ұйымдастырушысы, көрнекті қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің қанаттастарыма ортақ шарапатын көріп, ізгілігін сезінген жан ретінде менің өзімді бақытты санайтыным да рас.

Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі жарқын да айрықша тұлға болғанын ешкім де теріске шығара алмайды. Өзағамыз Қазақ елі Тәуелсіздігінің қарсаңында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметін атқарған жылдары (1988–1991) ұлттық мәдениеттің дәуірлеуі мен дамуының негізгі бағыттары, ұлт және тіл саясатының, ұлтаралық келісім мен азаматтық түсіністікті нығайтудың принципті қағидаларын талдап-жасаудың басы-қасында жүрді. Сондай-ақ, саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің, Қазақ елі тарихындағы ақтаңдақтарды жоюдың бастамашыларының бірі, қоғам өмірінде жоғары руханият пен адамгершілікті орнықтырудың жақтаушысы бола білді.

Өзағам қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына зор қызмет атқарды. Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтап, қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамын құрды. Сондай-ақ, «Шертер», «Адырна», «Алтынай» тағы басқа фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. Осылайша, өз ұлтын шынайы сүйген Өзағам кеңестік идеологияда қызмет атқара отырып, ұлттық идеологияны алдыңғы орынға шығара білді. Сондықтан болар, қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев: «Ұлттық мәдениетіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өз-ағаның сіңірген еңбегі ерекше» десе, академик-тарихшы Манаш Қозыбаев: «Өзекең өзіндік ізі бар, өзіндік ісі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомдалып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталды» деп ағынан жарылды.

Қазақ елі тәуелсіздігі қарсаңында ұлттық газет-журналдарда ұлт мүддесін көздеген жарияланымдарға кең орын беріліп жатты. Басылымдар әлеуметтік-экономикалық, әдебиет және мәдениет, өнер, ұлттық мәселелер тұрғысындағы ой-пікірлерге жедел де батыл түрде қозғау салып отырды. Мақала авторларының құрамы да әрқилы болды. Осы тұста республика партия басшылығының да уақыт тынысын терең сезіне отырып, ащы шындыққа негізделген өзекті ой-пікірлерді ашық айта бастады.

Айталық, Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы, ұлт мүддесінің белсенді күрескері ретінде танылған Өзбекәлі Жәнібековтің «Елдік, бірлік белгісі» атты көлемді мақаласы сол тұста кім-кімді болмасын бей-жай қалдырмағаны анық («Социалистік Қазақстан», 1990. 12 наурыз).

Автор Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Тіл туралы» заң бойынша жүзеге асырыла бастаған нақтылы шараларға тоқтала келе, ұлттың болмысын, күш-қуаты мен рух-жігерін аңғартатын белгісі – ана тілінің мәселесін жан-жақты сөз етеді.

Мақаланың өн бойында қайраткер-публицистің тіл тағдырына ерекше алаңдайтыны айқын аңғарылып тұрады. «Тіл – құрал дейміз, – деп жазады автор. – Құрал болғанда, ойды жеткізудің ғана емес, тәрбиенің де құралы. Ана тілінде тәрбие алған жеткіншектің есейгенде, өз халқына тән табиғи мінезді бойына сіңіре алмай қалуы мүмкін емес. Тілдің өзіндік ойлау жүйесінің өзі-ақ баланың сана-сезімін қазақы ұғымға бейімдей беретіні белгілі. Осы орайда, ата жолын – асар үмені, ерулікті, сыбағаны, ауылдың алты ауызын, қонақ кәдені, жол-жораны, жеңгелік парызды, келін ізетін, күйеу мізетін, сәлем салуды, басалқыны, көңіл айтуды, тағы басқаларды білген ұл мен қыз осындай ұғымдардың тек атын ғана жаттап алмай, затын да білетіндігіне шек келтіруге болмайды.

Әңгіме отбасына, әулеттік тәрбиеге байланысты болып отыр. Біздің халықтың қанағатшылдығының өзі де көп тұста кежегемізді кейін тартқызып тұратын сияқты....Ал адамдардың арақатынасын алсақ, туған-туысқанға мейірімділік, үлкенді сыйлау, кішіге – зиялылық, уақыт өткен сайын ұлғая түсетін қарттарға деген қамқорлық – халқымыздың ежелгі дәстүрінде болатын. Бұрын қазақта әке-шешесін немесе ата-әжесін қарттар мен мүгедектер орналастырылатын интернаттарға өткізу өте сирек кездесетін. Керек десеңіз, қоғамға жат осындай пиғылға жол бергендер елден кетуге мәжбүр болатын. Ал, қазір интернатқа орналасу үшін кезекке тұратындардың ішінде қазақтар аз емес. Сәбилер үйіне тапсырылып жатқан нәрестелердің де көпшілігі қазақ балалары».

Бұдан әрі автор «Тіл туралы» заңды жүзеге асыруға орай істеліп жатқан шараларға тоқталып, бұл бағыттағы маңызды жұмыстың шын мәнінде босаңси бастағанына қынжылыс білдіреді. Оның астарында мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін денсаулық сақтау, халыққа қызмет көрсету, транспорт пен байланыс, сауда жүйесіне ендіру мәселесіне, республикалық министрліктер мен мекемелердің, облыстық, қалалық, аудандық кеңестердің, қоғам ұйымдары мен кәсіпорындардың мардымсыз, немқұрайды істеріне реніш жатыр. Ал бұл аз болғандай ішкі істер, жергілікті өнеркәсіп министрліктері, телерадио-хабар комитеті, тағы басқа үкімет орындары қазақша іс жүргізуге, қостілділікке байланысты мәселелерді талқыламаған. Қазақ КСР Ғылым академиясынан басқа бірде-бір мекемеде қолма-қол аудару ісі ұйымдастырылмаған. Министрліктердің басым көпшілігінде, кеңестер мен қоғамдық ұйымдарда шешендерді қазақша сөйлеуге дағдыландыруға, азаматтарға шағым тілімен жауап беруге, іс қағаздарын, жарнама материалдарын, нұсқаулар мен ұсыныстарды қазақша аударуға мән берілмей келе жатқаны анықталған.

Билік басындағылардың, басқасы басқа, тіпті қарапайым халық үлкен сенім артып, қошеметтеген депутаттардың басым бөлігінің ең қастерлі қазынамыз – ұлттық тілге деген немқұрайдылығының, селсоқтығының ел тәуелсіздігінің туы биікке көтерілген қазіргі шақта да белең алып тұруы публицист-жазушыларды, мәдениет адамдарын бей-жай қалдырған емес.

Бір сәт шегініс жасап, еске түсірейік. Қазақ тілін мемлекеттік тіл етіп жариялаған қаулы 20-жылдарда да болған. Бірақ, оны ендіруге келгенде, жауапкершілік жетіспеді, заманның ыңғайы мүмкіндік бермеді. Сол жылдары Жүсіпбек Аймауытов секілді көзі ашық азаматтардың орысша оқулықтар мен кейбір еңбектерді қазақшалап, тілімізді жаңа сөздермен, терминдермен байытуға күш салғаны рас. Бұл салада, әсіресе, Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі айрықша болды. Осындай игілікті істер 30-шы жылдарда мүлдем тоқтап қалды да, қазақ тілінде іс жүргізуді былай қойғанда, оқулықтардан басқа жаратылыстануға, техникаға, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, саудасаттыққа байланысты әдебиет мүлдем шықпайтын болды. Сөйтіп, мемлекеттік тілге ауадай қажет бір тармақ – ғылыми және техникалық тіл дамымай қалды. Ал, әдебиет пен өнер, тіл білімі саласында шығарылған азды-көпті еңбектер қазақ қоғамының, оның тілінің жан-жақты дамуына ықпал ете алмады.

Публицист-қайраткер жоғарыдағыдай өзекті мәселелерді алға тарта отырып, «Мәртебе – мақсат емес. Мақсат – тілді дамыту. Мәртебе – сол мақсатқа жетудің құралы. Әйтсе де, қазақ тілінің көсегесі өзінен өзі көгере қалмайтынын әрқайсымыздың түсінгеніміз қажет», – деп мәселені қабырғасынан қояды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, өнер зерттеуші ғалым Өзбекәлі Жәнібеков ұрпақ тәрбиесін жақсартуға, ұлттық мәдениетті дамыту ісіне, халқымыздың дәстүрлі өнерін әлемге танытуға орасан зор үлес қосқан жан. Кеңестік дәуірде ұзақ жылдар бойы комсомол, партия және кеңес қызметтерінде жүріп, ұлт мүддесін бір сәт те естен шығармаған асыл азамат. Өз-ағаңның еліміз тәуелсіздігі жылдарында жазған жазбаларынан жалынды публицистік леп айқын аңғарылып тұрады («Тағдыр тағылымы. Естеліктер» I, II кітап. – Алматы: «Рауан», 1996, – Алматы: «Рауан», 1997).

«Өзекеңнің ауқымға сия бермейтін сан қырлы талантына тәнті боласың, – деп жазады академик інісі Өмірзақ Айтбайұлы. – Соның бәріне қалай үлгерген, шіркін, Алла тағала біраз өмір бергенде, мына түрленбелі заманның қилы-қилы қылығын таратып-талдап берер әлі талай дүние ағынын байқағандай боламыз. «Әттең, дүние-ай!» деуден басқа біздердің қолымыздан не келеді? Тек Өзекеңнің осы жазып кеткен дүниелерін игеріп, тастап кеткен үлгі-өнегесін бойға сіңіре алсақ, соның өзі аруақты азамат алдындағы парызымызды өтегендей етпей ме?!

Оның қазақ халқы үшін, бүкіл Қазақстан үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Бір ғажабы, ол ешқашан жеке басының, отбасының, ағайын-тумасының мүддесін ойлаған емес. Ел, халық, қоғам, ұлт мүддесі үшін жанын салған жан еді. Қазақстанның қай түкпіріне барсаңыз да, Өзбекәлі туралы айтып тауыса алмас әңгіме басталады» (Өзбекәлі Жәнібек және ұлттық тіл, мәдениет// Қазақ елі. 2006, 13 желтоқсан).

Біз де қолымызды кеудемізге қойып тұрып, осынау жүрекжарды ой-пікірлерге қосыламыз.

М А З М Ұ Н Ы

Көшербаев Қырымбек Тарихты тұлғалар жасайды	4
Райымқұлова Ақтоты Елді мәдениетіне қарап таниды	8
Шөкеев Өмірзақ Ұлтымыздың ұйытқысы (Алғысөз).....	10
Тәжібаев Ерсін, Тұлғаға тағзым!	12
Оңғарсынқызы Фариза Әулиедей ұлын елейді ел	14
Әшімов Бәйкен Үлкен азамат	15
Мұртаза Шерхан Ақ жолмен өткен азамат	16
Рудов Алексей Георгиевич Не стало друга	20
Кекілбайұлы Әбіш Өмірлі өнеге	24
Есенәлиев М.И. Ұлтын ұлықтаумен өткен азамат.....	26
Камалиденов Закаш Жастарға көсем болған Өзекең	31
Смайылов Камал Өзіміздің Өзекең еді ғой	36
Сұлтанов Қуаныш Тарлан	39
Тұрысов Қ. Дара тұлға	45
Сағдиев М.Р Торғайда табысқан тұлға	47
Әліұлы Мұхтар Ағаның асыл бейнесі	50
Жолдасбеков Мырзатай Қалың қазақтың Өзбекәлісі	54
Арын Ерлан Қазақтану ғылымының қара нары еді	61
Қайдар Әбдүәлі Тұғыры биік азамат	63
Қозыбаев Манаш Өзбекәлі хақында	67
Қирабайұлы Серік Халық мүддесінің жоқшысы.....	70
Елеукенов Шерияздан Сұлулыққа іңкәрлік	74
Бердібай Рахманқұл Қайраткер мұраты	83
Бельгер Герольд Карлович Шомбал, жеке дара, ірі тұлға.....	87
Тұрсынқұлов Қалаубек Ескерткіш пен бидай хикаясы	89
Айтбайұлы Өмірзақ Ұлты үшін жаны күйген Өзекең	102
Сансызбайұлы Нұрым Еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай	108
Исабеков Дулат Туралықтың туы еді ол	114
Серіққалиұлы Зейнолла Бекзаттық биігінен.....	118
Досжан Дүкенбай Құдай-ау, қайда сол жылдар	121
Сығай Әшірбек Қайранда менің әз ағам, өз ағам	123
Жүрсін Ерман Дидарғайып	128
Жұмабай Әбілмәжин Өлмес іс, өшпес із қалдырған Өзбекәлі Жәнібеков	136
Бибатырова Ғайнекен Рух жебеушісі.....	140
Бопова Дүйсенкүл Жалынды жастар жетекшісі	142
Кабиров Николай Шамсутдинович Көш бастаған Өзбекәлі.....	147
Әжібеков Табанды Өнегелі өмір өзегінің Өзбекәлісі	150
Айдосов Абылай Ғанидың ізін жалғастырушы	151
Рүстемов Мұхаметжан Қазақ елінің Өзбекәлісі	157
Тұяқбаев Қанат Өз аға – өз ағам	161
Алтаев Базарбай Өзегі толы от жалын	170
Қалижан Уәлихан Сардар	178
Қосмамбетов Төлеубек Жақсының аты өлмейді	182
Егеубай Асқар Этнолог Өзбекәлі Жәнібек	185
Бердіғалиева Роза Өзекең сабақтары	190
Алпысұлы Серікбай Торғайды өрге сүйреген Өзекең	191
Хадиша Құсайынқызы Аяулы, сырлы жылдар-ай	197
Әбіл Қонысбай Болсайшы ағалардың бәрі сондай	199
Нығымет Жотаев Рухыңа бас иемін, Өзаға!.....	202
Бақыт Сарбалаұлы Үздік үш тұлға	205

Аманжол Найманбайұлы 21 жылдың бір сәті	207
Бимұрат Бәйімбетұлы Дос көңілі қабаржу	209
Айтбек Мұсаев Кіндігі елге байланған ер	210
Ахметова Раиса Мәңгілік ұстаз	215
Нағашыбай Мұқатов От сезіммен оралдым Отырардан	219
Мұхамбетқасым Шәкенов Ұстаз жайлы сөз	223
Әлімжан Құртаев Зор тұлға	227
Мүслім Дайырбеков Тағылымы мол зор тұлға	229
Сиязбек Мұқашев Рухқа тағзым	234
Көпен Әмірбек Өзағамның жүзімі	238
Қуандық Түменбаев Біртүрлі министр	242
Темірхан Медетбек Өзбекәлі Жәнібеков	243
Бердібек Сапарбаев Қайраткер деп Өзекеңді айт	244
Нұрлан Оразалин Ұлтының ұлы махаббатын арқалаған	244
Зәуреш Есбергенова Естелік	245
Ғарифолла Әнес Естелік	245
Естеліктер М.Шаханов, Н.Оразалин, Жақсының Жақсылығын Айт «Қазақ әдебиеті» газеті	247
Б.Әділова Естелік	249
Жүзбай Р. Естелік	249
Керімбекова Р. Естелік	250
Серікбай Алпысұлы Естелік	251
Бақырғани Қ. Өзағамның өкініші	251
Қали Сәрсенбай Жәнібековтер көп, Жәнібеков жалғыз	254
Жұмағали Бейісұлы Өз-ағаң таныған талант	254
Қыдырбай Арыстанбеков «Бұл Жәнібеков қой...»	257
Әзел Бауыржанқызы Атам жайлы аңызым	259
Тұманбай Молдағалиев Өзбекәлі аға	260
Күләш Ахметова Адалдық	263
Әселхан Қалыбекова Өзбекәлі ағаны жоқтау	264
Есей Жеңісұлы Өзаға тіккен сәукеле	266
Құтым Ордабаев Өзбекәлі – өз шәкіртім	267
Темірхан Рыскелдиев Қазағына қамқор болған Өз-аға!	268
Әмір Мұсақұлов Тағдыр тәрбиелеген кемеңгер тұлға	270
Көлбай Адырбекұлы Адалдық пен тазалықтан жаралған	275
Бердалы Оспан Мәдениеттің иесі мен киесі	282
Жұмағали Өмірбеков, Торғай Өзағанды іздейді	283
Халел Арғынбаев Ел ебелек емес	285
Сейіт Кенжеахметұлы Бұл театрға Өзекең есімі лайық	288
Құлбек Ергөбек Қазақтың намысты ұлы	289
Баян Адырбек Өзбекәлі Жәнібек және қазақ өркениеті	292
Абдулла Жұмашев Өзбекәлі Жәнібеков туралы	329
Мұхтар Қожа Өзбекәлі Жәнібековтың үш хаты	330
Мұрат Тастанбеков Торғайда ізі жатыр Өзағандың	335
Берік Байболов Өмірі өнегелі Өзаға	340
Құлбек Ергөбек Өзбекәлі Жәнібек (Соңғысөз орнына)	342
Сейдулла Садықов Асыл ағаның шарапаты	370